Бақыт МҰСТАФИН



Сарыала күзді сағыну

ББК 76.01
М 86
Мұстафин Б.
Сарыала күзді сағыну.
- Петропавл. 2007 - 512 бет.

ISBN 9965-21-571-5

Құрастырған жазушының
зайыбы **Дәмелі Бүркенқызы Мұстафина.**

Қазақстан Журналистер одағының лауреаты, «Солтүстік Қазақстан» газетінің еліміз тәуелсіздік алған кезеңдегі тұңғыш редакторы, белгілі публицист – жазушы, ұстаз, абзал азамат Бақыт Мүтәллапұлы Мұстафиннің 70 жылдығына арналған бұл жинаққа естеліктер және әр кезде жарық көрген публицистикалық мақалалар мен көркем туындылар енген.

Бәкеңнің басылған шығармаларынан басылмаған шығармалары көп.

Ол адамдардың еселі еңбегін, азаматтық жарқын бейнесін, адамгершілік асыл қасиеттерін, жолдастық, достық қарым-қатынастарын, бүкіл тыныс тіршілігін өз шығармаларына арқау еткен.

Кітап Бақыт Мұстафиннің өмірі мен қызметін, адам-гершілік қасиетін жас ұрпаққа үлгі, тағылым ету мақсатында оқырман қауымға ұсынылады.


ББК 76.01

ISBN 9965-21-571-5

©Осы кітапты шығаруға демеуші болған
Солтүстік Қазақстан облысытық әкімдігі, 2007

Бақыт МҰСТАФИН

САРЫАЛА КҮЗДІ САҒЫНУ



ҒИБРАТТЫ ҒҰМЫР

(алғы сөз)

Жиырмасыншы ғасыр - қазақ журналистикасының көркейіп, кемелденген кезеңі. Өзіндік қолтаңбасы, бет-бағдары әбден айқындалған, үлкен-үлкен үрдіс-мектептері қалыптасқан кез. Республикалық деңгейде ғана емес, аймақтық һәм аймақаралық деңгейде де қанатын кеңінен жайып, өрісін кеңейте түскен тұс.

Кезең көшін Мұхамеджан Сералин, Ахмет Байтұрсынов, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Міржақып Дулатов, Сәкен Сейфуллин, Мұхтар Әуезов, Смағұл Садуақасов, Мағжан Жұмабаев, Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсірепов сияқты ұлт мүддесін ұран еткен біртуар саңлақтар бастағаны кездейсоқ емес. Өйткені қазақ қоғамына өзге елдерден гөрі кенжелеу жеткен журналистика кәсібі - жадағай ақпарат тарату құралы ғана емес, қоғамдық сананы билеу құралы да еді. Мұны жұрттан бұрын, әрине, елдік туын көтерген, халқының бақыты үшін жан аямай күрескен қайраткерлер аңғарды. Аңғарды да, бар ой қуаты мен қалам қарымын қалың көпшілікті ел ісіне жұмылдыруға жұмсады.

Журналистика жанды баурар сылқым, сұлу сөздің сығғыры ғана емес, қоғам мүддесінің қоңырауы, жалқының жүрек дүрсілі мен жалпының жан айқайы екенін ұғу мен ұғындыру - қазақ баспасөзінің бағын ашқан басты фактор екені даусыз. Журналистика тарихында әрқайсысының ерекше орны бар кейінгі толқын өкілдері - Әбіш Кекілбаев, Шерхан Мұртаза,Камал Смайылов, Сапар Байжанов, Балғабек Қыдырбекұлы, Сейдахмет Бердіқұлов, Қалтай Мұхамеджанов, Сарбас Ақтаев, Кәкімжан Қазыбаев, Мұхтар Мағауиндер де соз құдіретін адамзат тағдырының тамыршысы, қоғам өмірінің бедершісі-безбеншісі ел мүддесінің жоқшысы

тұрғысындағы әлеуметтік феномен ретінде танып, танытуымен дараланады.

Осынау ұлы ұстанымды ту етіп дамып келе жатқан қазақ журналистикасы рухани өміріміз дариясындағы алтын арна іспеттес. Ал оның қайнар көзі, бастау бұлақтары - ел-елде, жер-жерде, өңір-өңірлерде.

Қызылжар топырағындағы сондай құнарлы қайнар - «Солтүстік Қазақстан» газеті. Әр алуан атпен 1920 жылдан бері шығып келе жатқан бұл басылым - отандық қадау-қадау қара шаңырақтарының бірі. Сонау ұлы Мағжан Жұмабаевтан бастап, күні кешегі дархан дарын иесі Бақыт Мұстафинге дейінгі газет тізгінін ұстаған қайраткер-қаламгерлердің қай-қайсысы да туған еліне, өз Отанына қалтқысыз қызмет етудің үлгісін көрсетті.

Оқырман назарына ұсынылып отырған жинақтың ерекшелігі де осы кілтпен ашылады. Ол қазақ баспасөзінің қара нарларының бірі, қабырғалы қаламгер, ел ісіне кеудесін қақпай, арқасын тосып табанды еңбек еткен қайраткер-редактор Бақыт Мүтәллапұлы Мұстафиннің өміріне, қызметі мен творчествосына арналған.

Жазушы-журналистің кезінде жұртшылық тарапынан жоғары баға алған төл туындылары мен замандастарының жүрегінен шыққан терең тебіреністі естелік-жазбаларда дәуір мен дарын бейнесі барынша жарқын ашылады. Заңғар замандасты танып-білуге, есімін ел жадында сақтап, ұрпаққа өнеге етуге бағытталған алғашқы қадам оңынан болғанына қуана қол соғу керек. Өйткені мұның өзі айтарлықтай жақсы үлгі. Елдіктің белгісі. Жақсының жақсылығын жарқыратып айтып, әлдебір көрбілтелікке салынып, пенделік бақай есеппен кертартпалық танытпай, керісінше кеңқолтық кісілік көрсету қашан да абыройға абырой қосар қылық қой.

Бақыт Мұстафин – әлеуметтік белсенділігімен де, шығар-

машылық шеберлігімен де, адами болмысымен де өз ортасының оза шапқан жүйрігіндей жайсаң тұлға. Қарапайым калпымен шын асылдың жарқыл-жұрқыл әсіреқызыл амал емес, тереңге тұнған тектілік екендігін таныта алған абзал азамат. Күн айғайламай шығып, таң аттан салмай-ақ ататындығын бар саналы һәм ғибратты ғұмырымен дәлелдеп өткен кісі. Қандай биік қызметте болса да, қандай жоғары наградаларға немесе кәсіби кәделі сыйлықтарға ие болып жатса да қабағын керіп, кеуде қағып көрмеген, қандай жағдайда болсын жұлымырлық пен жетесіздікке, өз пайдасы үшін өзгенің сағын сындырып, несібесіне қол сұғуға бармаған зор парасат иесі. Кісілік келбеті, имандылығы мен инабаты, терең ішкі мәдениеті, үлкен-кішіге бірдей мейірімділігі, өрелі білік-білімі, кіршіксіз рухани тазалығымен жұртшылық жүрегіне жол тапқан аяулы жан. Нағыз зиялы, нағыз интеллигент деп осындай адамдарды айтса керек.

Б. Мұстафин тарихы тоқсан жылға таяп қалған «Солтүстік Қазақстан» газеті эстафетасын жиырма бірінші ғасырға өз қолымен тапсырып, аманаттаған һәм басылымның жаңа ғасырдағы жаңа шежіресінің жаңа парағын өз қолымен ашқан бақытты редактор. Оның үстіне еліміздің солтүстік өңіріндегі тарихы тереңнен бастау алатын бағалы басылымның халқымыздың көп ғасырлар бойғы арманы болған мемлекеттік тәуелсіздігі жарияланғаннан кейінгі тұңғыш редакторы.

Мыңжылдықтар тоғысымен тұспа-тұс келген қоғам өміріндегі таңғажайып өзгерістер, санадағы сілкіністер мен іркілістер кезінде тәуелсіздік талабына сай жаңа газет шығару оңай емес еді, әрине. Жас егемен мемлекетіміздің аяғынан қаз тұрып, берік бой түзеуі бүкіл қоғамнан зор күш-жігер мен төзімтегеурін талап етсе, жаңа тұрпатты басылым жасау үшін журналистер рухани сілкініс, сергек серпін мен шарт сынбас шыдамдылық танытуы қажет болды.

Алғашқы қиындықтар кезеңінде Солтүстік Қазақстан тәрізді қазақы оқырмандар онша көп емес өңірде басылымды, оны шығарып келген ұжымды сақтап қалудың өзі қатты проблемаға айналғаны құпия емес. Газет шығару ісін нарықтық жағдайға бейімдеу, жазу-сызудың мән-мағынасын, тақырыптық бағыт-бағдарын мүлдем бөлек арнаға бұру, оқырмандардың газет сөзіне деген талайдан қалыптасып қалған таптауырын көзқарасына жаңаша жан беру керек еді. Б. Мұстафин бастаған «Солтүстік Қазақстан» газетінің журналистері бұл сыннан мүдірмей өтті. Жаңа сүрлеуге түсті. Жаңа серпілістерге жол ашылды.

Соның бәрінде редактордың басшылық біліктілігі творчестволық тегеурінділігі мен биік адамгершілігі айтарлықтай ықпалды фактор болғандығы даусыз. Творчестволық ұжымға жетекшілік ету әдеттегіден өзгешелеу жұмыс стилін талап етеді. Лауазымның беделімен, орындықтың сұсымен дегенімді жүргізіп, қалағанымды орындатам деу қателестіреді. Әпербақандық алысқа апармайды, жарға соқтырады. Өткеннің бәрін жоққа шығарып, бар тарихты бір өзінен бастауға деген бейшара құмарлық, дарақы даңғазалық пен жымысқы жағымпаздық абырой әпермейді.

Творчество адамдарына құрметпен қарау, өз шығармашылық деңгейіңнің биікте болуы, қанға сіңген қарапайымдылық пен биязылық қана шынайы бедел мен құрметке жеткізеді. Б.Мұстафиннің басшылық біліктілігінің негізінде тап осындай қасиеттер жатыр.

Публицистикалық шеберлігі төрт мәрте Қазақстан Журналистер одағының сыйлығымен аталған Б. Мұстафин көркем прозада да өз қолтаңбасымен танылған талантты қаламгер болатын. Бірнеше жинақ шығарып, Қазақстан Жазушылар одағының мүшелігіне қабылданды. Әсіресе, балалар мен жасөспірімдерге арналған әдеби туындылары кезінде көп-

шілік көңілінен шығып, сыншылар тарапынан жоғары баға алды. Басқа халықтардың тілдеріне аударылды. Республикалық деңгейде аталып, автордың абыройына абырой қосты. Жазушы шығармашылығы жөнінде әр кезде Қазақстанның халық жазушысы Сафуан Шаймерденов, Мағзом Сүндетов, Кәкімбек Салықов, Герольд Бельгер және басқа белгілі қаламгерлер жылы лебіз білдірді.

Осы орайда өңірдегі қолына қалам ұстаған көп дарынның шығармашылық тұсауын кесіп, ақыл-кеңесін аямай қалам қарымдарын дамытуға игі ықпал еткенін айта кеткен жөн. Поэзияға өз қолтаңбасымен, өз дауысымен келген сыршыл ақын Болат Қожахметов, адамның ішкі жандүниесінің алуан-алуан қырларын ашып көрсететін әдемі әңгімелерімен есте қалған жазушы Амандық Әбжанов, творчествосына тың айшықтары мен ауыл ақиқатын өзек еткен жазушы Ермек Қонарбаев пен ақын Тоқтар Зікірин және басқалары бар бұл қатарда.

Жалпы журналист-жазушы Б. Мұстафин - ұзақ жылдар бойы Қызылжар өңіріндегі әдеби-творчестволық процестің, халықтың көркем шығармашылығының дамуына тікелей өзі белсене араласып қана қоймай, ұйымдастырушы ретінде де жемісті әсер еткен тұлға. Оның творчествосы мен қоғамдық белсенді іс-әрекеті Есіл өңірінде қазақ тілінің өрісін кеңейтіп, беделін арттыруға айтарлықтай үлес болып қосылғаны анық.

Б. Мұстафиннің өз өмірінің соңғы жылдарын жоғары оқу орнында ұстаздық етуге арнауы да кездейсоқ емес. Ол бұл іске айырықша ыждаһаттылық танытып, студент жастарға өзінің бүкіл саналы ғұмырының мәніне айналған сүйікті журналистикасының қыр-сыры жайлы қызықты лекциялар оқумен ғана шектелмеді. Түрлі оқу құралдары мен методикалық әдебиеттер шығаруға құлшына кірісті. Тіпті, жаңа бір тыныс ашылғандай, университет аудиториясына асығып тұратын

мінез шығарды. Өмір бойы жинаған білім-тәжірибесінің жас ұрпақтың кәдесіне жаратудың жаңа жолы табылғанына қуанды. Алдындағы қызғалдақтай құлпырған өрімдей жастардың қулық-сұмдықтан мүлдем ада мойылдай мөлдіреген жанарларынан қызығушылық отын көріп қанаттана түсті.

Өкінішке орай, төбеден жай түсіргендей төтеннен келген ажал шіркін жайсаң ағаның көп жоспарларының жүзеге асуына мүмкіндік берген жоқ. Елім деп соққан жүрек ерте тоқтады. Маңайына қашан да мейірім шуағын шашып жүретін ғазиз жүрек өзіне ғана белгілі әлде бір әнтек себеппен сыр берді. Өлшеулі ғұмырдың соңғы сағаты осылайша соқты. Жазмыштан озмыш жоқ.

Қара басының қамын ғана ойламай, елі үшін аянбай тер төккен талант тағдырының бос пендәуи тіршіліктен бір артықшылығы бар. Ол - жүрек соғысы тоқтаған сәтте де, туған халқына артында қалған өміршең өнегесімен қызмет ете беретіндігі.

Б. Мұстафин - сондай өнегелі ғұмыр иесі. Оның өміршең өнегесін ұрпақтар жадында жаңғыртып, елжандылық тәрбие еншісіне айналдыру - артта қалғандар мен келер буындар парызы.

Оқырманға жол тартқан осынау жинақтың маңыздылығы да осы бағыттағы алғашқы ақжолтай қадамдардың бірі екендігімен дараланады. Сонысымен құнды. Әрине, абзал азаматты есте қалдыру мақсатында жасалар игі істер бір мұнымен бітпесе керек. **Өркениет үрдісімен Бақыт Мұстафин тұрған үйдің және ұзақ жылдар еңбек еткен «Солтүстік Қазақстан» газеті ғимаратының қабырғаларына ескерткіш тақта орнату, Қызылжар қаласының көшелерінің біріне, өзі ұстаздық еткен М. Қозыбаев атындағы университеттің Тіл және әдебиет институтына және оқыған мектебіне жазушының есімі берілсе нұр үстіне нұр болар еді. Мұстафин атындағы журналистерге арналған сыйлық пен студенттерге стипендиялар тағайындалып, жыл сайын «Б. Мұс-**

тафин атындағы публицистикалық оқулар» өткізіп тұру қолға алынса да қандай ғажап болар еді. Бұл шаралардың қай-қайсы да өнірде сөз өнерін насихаттап, журналистика мерейін өсіре түсуге игі ықпал ететін тиімді факторларға айналатындығына сөз жоқ.

Осылай боларына кәміл сенеміз. Бүгін болар, бүгін болмаса - ертең болар. Өйткені, білікті баспасөз ұйымдастырушысы - облыстық «Солтүстік Қазақстан» газетінің еліміз тәуелсіздік алған тарихи кезеңдегі тұңғыш редакторы, белгілі публицист-жазушы, қайраткер де абзал азамат Бақыт Мүтәллапұлы Мұстафиннің өнегелі өмірі мен қызметі қандай құрметке де лайық.

Е. ШАЙМЕРДЕНҰЛЫ,
Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Тарихи-мәдени мұра департаментінің директоры, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі.

АБЗАЛ АЗАМАТ

(Бақыт Мұстафинге)

Кішіпейіл адамдар ақылдысы,
Ақылдылар ішінде тартымдысы.
Бақыт інім осындай абзал еді-ау,
Қарапайым, бауырмал, асыл кісі.

Елді аңсап алыстан келгенімде,
Тойдыратын күлкіге ең кемінде.
Көп естідім әңгіме Сәбит жайлы
Аға сыйлап соңымнан ергенінде.

Есінде еді сан қилы айтқандары,
Дана дейтін ағаны дархан жаны.
Әңгімеге әсерлі жүйрік еді,
Тәрбиелі дәстүрге тартқан мәні.

Болып өтті жасынан балажанды,
"Балдырғанға" дос болып дараланды.
Ата-анасы мұғалім болғаннан ба,
Әңгімесін ел жаттап, бағаланды.

Жалғызтауда қатарлас ауылымыз,
Қаламгерлік ұласты дәуіріміз.
Соғыс елді батырса өз мұңына,
Аңсап өтті әкесін бауырымыз.

Айтар сөзді сыр шертсе, кестелетті,
Жазғандарын жан сүйер мөлтек етті.

Ол басқарған "Солтүстік Қазақстан"
Газеттердің ішінде төрге жетті,
Әттең, өзі өмірден ерте кетті.

Күн де сол кезде мезгілсіз күркіреді,
Жан толқытып, жүректі сілкіледі.
Суық хабар келгенде мен селк еттім,
Құлағандай туған жер бір тірегі.

Астана қаласы,
2007 жылғы 25 қазан.

БАҚЫТ АЙТҚАН ӘҢГІМЕ

Сәбит ағa тойында,
Мұстафин Бақыт айтқаны,
Қалыпты өшпей ойымда
Олжа ғой ақыл тапқаны:

– Депутат келді еліне,
Сағынған туған жеріне.
Игібай ертіп апарды,
Сәбеңе бірде мені де.

Қуансақ іштей біз оған,
Ұялам, кейде қызарам.
Демеуші болды-ау, сондайда,
Қасында жүрген Мұз-ағам.

Күн-түн демей, аралап,
Есілді кешті жағалап.
Қарсы алды қала, дала да
Піріндей күтіп, бағалап.

Полковник Хәкім үйінде,
Көрсетті бекем күйін де.
Астауда ақ май ақ жалын,
Ет келді мая үйілме.

Әңгіме кетті тереңге
Көз салдық талай белеңге.
Ет асатты ағамыз,
Ал, тойдық-ау, дегенде.

Аралас еттен әртүрлі,
Асатып жұртты састырды.
Сәбеңнен сонда көріп ем,
"Асату" деген дәстүрді.

Бір ет, бір май қап-қалың,
Бергенін асап ақтадым.
Есімде қалды Сәбеңнің,
Қолынан дәм татқаным.

Қызылжар қаласы,
2000 жылғы 22 қаңтар.

«Жарық дүниеде өмір сүрудің өзі – шексіз бақыт. Нағыз бақыт – еңбектен, қыбырлаудан қалмау, яғни деніңнің саулығы деп білген дұрыс».

Б. Мұстафин.

I бөлім

Әңгімелер, эсселер, этюдтер

ЖОҢЫШҚА ИСІ

Ауылға кіре бере делбені дедектете қағып, атын қанша қамшылай түссе де, Бөкен аулаға кіріп үлгере алмады. Арбасын көк шөпке тепкіте тиеп, қораның қақпасына кептеле кіріп бара жатқанын Сәлім анадайдан шалып қалды. Көше бойлап ақырын аяңдап келе жатыр еді. Беті кеңсе болатын. Енді бері бұрылды. Соны аңдап қалған Бөкеннің бүйірі бүлк ете түсті де, болімше басқарушысының бұл келісінен сескенейін деді. «Елден ала бөтен сенің шалғы сілтеуің қалай?» деп бір кідісе сілкпесін шығарары кәміл. Басқарушысының былтырғы қылығынан жүрегі шайлығып қалса керек. Есіне түссе, төбе құйқасы шымырлайды.

Онда да осындай шөп пісіп қалған қарбалас кез болатын. Кеңшардың пішеншілері ғана шалғынды билеп, басқалар батып тиісе алмай жүрген-ді. Жеке шаруалардың шөп шабуына әлі рұқсат берілген жоқ еді. Қашан да ертерек қимылдап, молырақ қамтып қалуды бармақ басты кәсіп етіп алған дүкенші Бөкен жұрт жапсарбаспалап жүргенде бір қалың қойнаудың тұнба жоңышқасын жосылта шауып, қорасының іргесіне әй-шәйсіз үйіп алған-ды. Басында бәрінің бодауы біткен сияқты болатын. Ауылда бөлімше басқарушысы мен дүкеншіге кім қарсы келсін. Бөкеннің бөтегесі тоғайып, тып-тыныш жүріп жатты. "Қошқарды құдай ұрарда қойшының таяғына сүйкенеді" демекші аяқ астынан әйелі желігіп, Сәлімнің сылқымы Сарамен шайқасып қалғаны ғой. Бір үйдің батасында отырғанда Бөкеннің бетбақтырмасы:

– «Ит жоқта шошқа үрмесін», – деп сайтанның сөзін сөйлеп қойыпты. Осы кезде, сірә, Сара саңқылдап отырса керек. Әлгіні құлағы шалып қалған соң оңдырсын ба?

– Дүкеннің салдырлаған бос шыпысын санап семіре қалған

екенсің. Ит теріңді басыңа қаптайын, – деп орнынан атып тұрып білекті түріп тепсінді. Сол арада қайсысының перісі жеңгенін кім білсін, бірақ ақыры насыр мен тасыр шауып, Бөкеннің жоңышқа маясын жалмап тынды. "Шөп шабуға рұқсатсыз ерте кірістің, мұның заңсыз", - деп Сәлім Бөкеннің шөбін бір кештің арасында трактормен сүйретіп, кеңшардың орамына апарып қойғызды.

Басы осылай ет қызуымен бұрқан-тарқан болып басталған бұл даудың аяғы «қойшы» деп қол сілтеумен тынды. «Бір сөзімді көтере алмадың, білгенің сол ма» деп Бөкеннің жұбайы жіпсіпті алдымен. Сара да қанша сазарсын, дүкеннің сөресіне сығалamайтын күні бар ма. «Шөбін алдырған мен емес. Далада жатқан өкіметтің дүниесін қызғанып нем бар. Жұртпен бірдей ертең-ақ шөбін үйіп алмай ма» депті. Айтқандай-ақ Бөкен қыста шөпсіз қалған жоқ. Күзге қарай баяғы трактор даладан бір маяны өзі әкеліп тастады. Содан кейін көңілдің кірі жуылып, бұлар баяғы қалпымен қалжыңдасып-қаражаса беретін.

«Әй, әйтсе де Сәлімге сенім жоқ. Өз қолымен істегені біреудің сөзімен солай болды деп сілейтіп кететіні бар». Анада әйелдер ұрысқанның ертеңіне Бөкеннің шөбін сүйретіп алды. Директордың бұйрығы осы деді. Ол кезде тіпті директор демалыста еді. Қараңғылау қорада тұрған Бөкеннің ойы да күңгірттеніп, сан-сақ тығырыққа тіреле берді. Жоңышқаның жұпар исі мұрынды қанша қытықтаса, соншa тітіркеніп, өзінен-өзі тіксініп тұр. Сыртта Сәлімнің әрбір адымына дейін аңдып алаңдап мезі.

– Бар, бірдеме қамдашы, өңешінің құртын қайтарайық, – деп алдынан шыққан әйеліне сыбырлап қалды. Бір созден-ақ бар жайды жіті аңғарған жұбайы үйге кіріп кетті.

– Бүгін демалысың екен ғой, – деп Сәлім қораға сөйлене кірді. Ештеме аңғармаған, аңқылдап кірген қалпы. Арбада бояуы шыға тепкіген көкпеңбек жоңышқаға көз де салған жоқ. Көрмеген де сияқты.

– Құдаларға барып қайттың ба? Бізден сәлем айттың ба? – деп Бөкен қипылықтап қайдағы бірдемелерді сұрап жатыр.

– Аман-сау. Барып келдік.

– Үйге кірейік. Осында бір иесін тоскан тағам бар. Шақырса мұндай келмессің. Біздің бәйбіше қаздың салмасын былқылдатып қойыпты. Бөкен жалпақтап, бөлімше басқарушысының ыңғайына қарай жапырылып бәйек болып, үйге қарай беттеді. Сенекте қолдарын шайып, орамалды умаждаған бойы төрге озды.

Буы бұрқыраған ыстық салмаға қасық тиген соң әңгіме ептеп үзіліңкіреп қалып еді, бірер стақан сыңғырлаған соң қайта жалғасып, жайланып жүре берді. Сәлімнің көмейі әбден майланып, "енді көңілді қайтара алмас-ау" деген тұста Бөкен ептеп түпкі есебінің бір ілгешегін ағытып жіберді.

– Осы мына Қарашоқ қойнауы шөпке тұнып тұр екен ғой.

– Үй орнындай жерден бар ғой, бір шөмеле шоңқиып тұр. Кәне мынаны бір алып қояйықшы...

– Ендеше соған неге шалғы тигізіп, белгі соғып қоймайсың? – деп Сәлім тыжырыңқырап отырып бір рюмканы тастап жіберді. Мұрнына нанның бір үзімін тақап иіскеп, көзі жасаурап қалды. – Қолыңды кім қағар дейсің?

– Осы әлі рұқсат берген жоқ қой, ә? Бөкеннің даусы мәймөңкеленіп, іші-бауырына кіріп барады.

– Бергенде де алатындарың осы емес пе? – деп Сәлім маңдайы тершіп терісі кеңейейін деді. Бөкен де соны сезіп, сыр бүкпеуге беттегендей еді.

– Таңның атысы, күннің батысы дүкеннен қолым бір босамайды. Кеше пәсепте далаға да құдыңдар. Енді міне шөпшілерге көмектес дейсіңдер. Соның бәріне салпаңдап жүгіріп жүремін. Енді бізге биыл бір шөпті айғай-шусыз беретін шығарсыңдар? – деп манағыдай емес, Бөкен шегелей сөйлеуге көшті. Сәлімнің тілінен тиек ағытылғанына арқасы кеңіп сала берді.

– Әй, сен өзің де бір қайдағы-жайдағыны ұмытпайды екенсің. Соның дауы даунода біткен жоқ па? – Мен бейшарада не жазық бар? Жоғарыда не айтса, төменде соны тындырып қана отырамыз ғой. Ол жолы ғой тіпті шөбіңді тартып алайын деген ойымда жоқ еді. Директор болмады. Қолда тұрғанда аяған жерім болды ма, өзің айтшы? Сәлімнің екі беті алаулап, әбден бусанып алыпты. Дәл қазір бөлімшенің жартысын сұраса да жығыла салатын түрі бар сияқты.

– Қарашоқтан біреуді тұрғызып алсам? – деп Бөкен бір мая шөптің зарын қағып отыр.

– Қолыңды кім қағады дейсің!

– Өзің үндемесең басқасының аузы жабылмай ма?

– Ала бер.

– Кәне, мына кониәк өзіңе деп атаған мал еді. Алып жіберші.

– Боке, совхозды сенен аяйын ба, ала бер, – деді әлгіні қағып жіберген Сәлім шын сырласуға көшкен қалпын білдіріп. Аузы-басын қағазбен сүртіп тастады да, жақынырақ жылжыды. Буындарына қызулық буы тарай бастағаны білініп қалды. – Мен бар ғой сені сонадайдан көре сала өзіңе бұрылдым. Айтатын сыр бар еді.

– Иә, иә, құлағым сенде, – деп Бөкен де бүкжеңдеп еңкейіп елпілдеп кетті. – Әлгі Сараны алдырмадық-ау.

– Қойшы соны.

– Қойы несі, ағайынды адамдардың ауыздағыны бөліп жегеніне не жетсін. Апасы, әй, Сараны алдыршы, – Бөкен ауыз үйдегі әйеліне көтеріле айғай салды.

– Әуре болма. Бір сөзім бар, – деп Сәлім ырық бермеді. Бірақ бұл сөзге Бөкен де құлақ түре түсіп, демін тартып қалыпты. Әйелін енді қолқаламады.

– Жүр далаға шығайықшы, – деп орнынан самарқау жұлқынып, соқтыға көтерілген Сәлімнің көкірегінде бір түйткіл бар

сияқты. Үй иесі соны білгенше асық. "Тіл ашығын берсін" деп Бөкен Сәлімге тағы бірді тастатып жіберді.

– Екеуі қорада желпініп тұр. Жоңышқаның исі бұрқырап тіпті даланың бір саф самалын әкелгендей болады.

– Бөке, бір сырым.

– Иә.

– Бүгін ертоқымнан сыпырылып тұрмыз. Мына директор оңбаған екен, алдап жүріп енемді ұрды. Соған енді сендер ауданға арыз…

– Бөкен манадан бергі Сәлімнің сынық көңілін енді түсінді де, іле суынып ойланған, таңырқаған кейіппен тұрып қалды.

– Жарайды, ойланайық, – деді самарқау ғана.

– Жарай ма? Бұрынғы сұсты Сәлімнің мына сөзі мүләйім естілді. Сенделе басып орнынан қозғалды. – Сендер бар, ел бар.

– Арыз жазасыңдар ма? – деді әйелі Сәлім ұзап кеткен соң Бөкенге.

– Совхозды аямаған кісіні мен аяп жындымын ба? Шіркін, мына жоңышқаның исін-ай. Кәниәкті неменесіне қылтитып едің? – деп Бөкен дел-сал.

ЖЫЛЫ ЖАҢБЫР

Көктем шұғыласы Айбектің көңіліне де өзгеше бір шапағатты шуақ шашқандай еді. Мереке мезіреті қоңырау соғар сәт тақала түскен сайын орта мектепті былтыр ғана бітірген осы бір жас өндір тым тағатсыз. Кешке жұмыстан келе сала, қырланып-сырланып таза киініп алады да, асын да ішпестен зым-зия зытады. "Бүгін клубта би, кино" дегеннен басқа дерек

қалдырмайды соңында. Оздерінің әлде бір жастар кешіне әзірленіп жүрген ыңғайлары да бар. Ол хабарды бұл үйге жеткізетін кішкентай қарындасы Майра. Кешкі дастархан басында әкесі: "Айбек, тамақ ішпеуші ме еді?", - деп сұрағанда үшінші класта оқитын Майра: "Олар концертке дайындалып жатыр, кеше ағам көршінің қызы Ләйламен биледі" деп білгенін балалық құмарлықпен жеткізуге асығады.

Бүгін де бригаданың дала қосынан іңірлете оралған Айбек үстіндегі қара майға салынып жылтыраған киімдерін шапшаң сыпырды да, жеделқабыл жуынып жатқан-ды.

– Айбек-ау, сені үйде көру қиын болды ғой, тағы да қайда асығып жатырсың? – деген әкесінің даусын естіді ту сыртынан.

– Мерекеге әзірленіп жатырмыз, концерт қоямыз, – деді баласы суық суға рахаттана салқындаған қалпымен.

– Оларың дұрыс екен. Ал мереке күндері де жұмыс істейтінімізді білесің бе?

–Е, мереке емес пе? Жұрттың бәрі сайрандағанда... – Айбек аңырып әкесіне қарады. Тіпті әлгі сөз төбесінен түскендей таңырқай қалыпты.

–Балам-ау, көзің шарасынан шығып кетіпті ғой. Жаңа біліп тұрсың ба? – деп әкесі ештемеден алаңсыз еркін өскен баласының мына мінезіне қызықтай күлімсіреп тұр.

–Біздің мейрам алда әлі. Егісті бітіріп алып тойлайтынымызды жылда көріп жүрсің ғой өзің де. Кешке концертке қатыс, таңертең далаға шығамыз. Оны да ұмытпа. Жер кеуіп барады. Ылғал жабамыз. Жұрттың біразы мерекелеп, демалсын. Ал сен сияқты үш-төрт жас тракторын тоқтатпағаны дұрыс. Еңбекке араласты – ерінбегенің жақсы. Қылтың-сылтыңға күн табылар әлі.

Осымен сөзді келте қайырған Есләмбек үйге қарай беттеп кетті. Әлгі әңгімені құлағы шалып қалған. Бәтес бірдеме демекке оқтала беріп, тыйылып қалды. Оның жүзінде де баласына жаны

ашыған бір мейір сезімі лыпып шыққан еді. Бірақ ерінің айтқанынан қайтпасын талай жылғы жұбайлық өмір жаңылтпай ұқтырған соң үндемеді. Айбектің қасына келіп, біраз қипалақтап тұрды да:

– Мерекеде бір жаққа барушы ма едің? – деді. Басқа сөз аузына түспеді.

– Жастар кеші бар еді...

– Папаң енді көнбейді ғой.

– Жоқ, апа, жұмыстан да, кештен де қалмаймын. Әлі толысып, буылтықтана қоймаған бұлшық еттерін ақ сүлгімен ысқылап денесі сергіп қалған Айбек реңі көңілінен бір кірбеңін қанша құпияласа да жасыра алмаған тәрізді... Алып ұшқан сезімі қапынып қалған тәрізді. Әйтсе сырт көзге сондай қиналған қынжылыс та, өтелмес өкініш те білінбейді. Тек қана ойлана түсіп, толғанады. Әкенің бірбет мінезі балаға да аян. Осы ауылда жиырма жыл бойы бригадир болып, техника тілі көкірегінде сайрап жатталған Есләмбек шаруа десе ішкен асы батпаған бір жан. Ертелі-кеш үй бетін көрмей дала кезіп, сонау алыстағы тракторлардың қарасын көзі шалмаса байыз таппайтын әдет меңдегелі қашан. Әсіресе, осындай көктем демі бусанғанда тым тынымсыз. Алтын дән қара жер құрсағына құндақталғанша аптығып-ақ бітеді. Ондайда қабағының қырысы да жадырап жазыла қоймайтыны бар. Міне биыл көктемгі егіс әлі басталмаса да, мазасызданып жүр. Қыс бойы аспаннан төгіліп жауған қалың қар күрт ерді де, аз күнде даланың қара жоны құрғап, шаңдатып кетті. Аспанның көз жетер киырларынан түте-түте бұлттар көрініп, алысқа маңығанмен жер құшағы әлі алғашқы жаңбырдың тұзын татпай тамсанып жатыр. Бригадир соған шыжалақтайды.

– Апырмай, бұлт емшегі әлі имей тұр ғой, ей, – деп көтерілетін ол орнынан күнде таңертең. Енді, міне бас агрономның нұсқауымен ылғал жабуға да кірісіп кетті. Былтыр инсти-

тутқа оқуға түсе алмаған үлкен ұлы Айбек әкесінің бригадасына келіп трактарға отырған-ды. Бұл мамандықты мектепте меңгеріп шыққан ол ә дегеннен-ақ елпілдеп, еңбекке елігіп жүр. Задында қайратты, шымыр шығандар шырай танытады. Балаға сыншы болып жүрген әке соны ішіне сүйсіне түйген. Анада жас механизаторларға трактор бекітіп бергенде кейбіреулер жаңаға ұмтылып, жанжалға да барып қалған-ды. Сонда Айбек әкесіне қоңқылдамай-ақ тиген тұғырдың құттылығын қалап жүре берген. Көнетоздау «ДТ»-ның асты-үстіне түсіп, қарамайға әбден малшынып, кейде көзі ғана жылтырап қалса да кейімей күлімсіреп жүрген. Қабағы әрқашан ашық-жарқын.

– Жұрттан ұят болады деп балаңды жаңа трактарға жолатпадың ғой. Жарайды. Ал енді сол ескі трактормен озып шықсам жалауды ұялып тағы бермей жүрме?! – деп шәй үстінде көңілді отырған бір сәтінде баласы әкесіне ерке әзіл тастаған.

– Балапаным, өзің сөйтіп ұялтшы, – деп шешесі де ұлын қостай түсті.

– Е, не деп отыр. Жалауды парторг өзі береді ғой. Өзің озып шықшы. Есләмбек сабырлы жүзінде отты ұшқын ойнап серпіле түскен. Баласының алғашқы аяқ алысы осылай қуантты...

–Аспан жүзі қоңырлап тұр. Әлгі бала қайда жүр осы уақытқа дейін. Тамағын да ішкен жоқ, – деп Есләмбек кешкі астан соң төсегіне әдеттегіден бұрынырақ ыңғайланған. Бірақ жарықты өшіріп, жастыққа басы тисе де көпке дейін көз іле алмады. Диқан жүрегі жаңбырға елегізіді.

– Неменеге құс ұйқы болып кеткенсің? Ұйықтамайсың ба? - деп жұбайы күбір ете түсті.

–Әлгі бала ерте тұра алса жарар еді.

– Мерекеде демалса қайтеді?

– Жаймысың, әлден еркінсітсең ертең трактарды теуіп кетер.

Біраз үнсіздіктен соң терезе әйнегіне жаңбыр тамшы-

ларының қат-қат сыртылдағаны естілді. Нөсер исі келгендей үй ішін бір түрлі еркін тыныс кернеп барады. Есләмбек орнынан көтеріліп, тысқа шықты. Шам жаққан жоқ.

Түн құшағы салқын тартып, ескек жел ызғындайды. Көз шырмаған қараңғылық түк көрсетпейді. Қораның ішін сыйпалақтап жүріп қақпаны тауып еді, арғы жақтан дабырласқан дауыс шықты.

– Жаңбыр жауа түссе екен, – дейді жігіт.

– Неге ? – деген нәзік қана қыз сұрағы естілді.

– Егінге жақсы.

– Онда құйсын. Жаңбыр жау-жау, жау-жау…

– Жаңбыр жауса, мерекеде бірге болар едік.

– Күн ашық болса ертең жұмысқа барасыңдар ма?

– Иә.

– Онда жаңбыр, жаңбыр, жау-жау… – Екі дауыс та жарысып қайталайды. Есләмбек баласының даусын таныды да, ұялғанынан есікті де сықырлатпай үйіне жып беріп кіріп кетті. Қақпаның жоғарғы ашық тұсынан ұшқындаған жаңбыр тамшылары бетіне тиіп еді, сол суланған жері дуылдап жанып тұрған сияқты. Сыртта бүкіл өмір бойы аңсаған жылы жаңбыр жанына рахат құйып, нөсерленгендей сүйсініп жатыр. Оның да лүпілдеп соққан жүрегі «жау-жау» дейтін сияқты…

– Папа, тұрмайсың ба? – деген дауыстан селк етіп оянған Есләмбек көзін ашса, күн едәуір көтеріліп қапты. Баласы жүзі нұрланып жымия карайды. «Өзің ұйықтап қалдың ғой» деп ерке наз айтатын сыңайлы.

– Мерекемен құттықтаймын, папа. Жұмысқа барамыз ба? Жер саз, саз…

– Сонда да дала қосына барып қайту керек, – деп Есләмбек орнынан тұра берді. Терезеге қарап Айбек жанары алыстағы бұлттарға қадалып, тағы да жаңбыр шақырып елегізгендей еді. Дикан жүрегі де, әке көкірегі де жаңбырды аңсайды.

МӨЛДІР ШЫҚ

Осындай мерекелі мезетте мына отырған көршілердің бір бас қосып мәре-сәре болып қалатын салты бар. Сыйластық, тату-тәттілік заңының әлібінен айнымайтын асыл әдет болатын бұл. Бірін-бірі қатты қадірлескен қалпымен шақырысуға кезек күтісіп отыратын мейрам сайын. Тіпті кейде көлденең киіп кететін жол-жөні бөлек, осы ғана оңаша түйісетін тосын шақтар да болатын. Соның бірінде аңқылдаған көңілмен, ақтарылған пейілмен, күлкілеріне қуаныш төгіп табысатын дастархан басында. Қазір де сол дуылдасқан, думаны жарасқан өзгеше бір алаңсыз рахатты халде.

Дастархандағы дәм-тұз да өзгеше бөлек. Ауыл шіркін іркілмес жомарттығын жайып-ақ салыпты. Тағам-татымның, ішіп-жемнің түр-түрі, алуан ажарлысы түгел самсап тұр. Анда-санда рюмкалар да сыңғыр-сыңғыр етіп сықылықтап қоятын сияқты. Үлкен мен кішіге, көңіл жақын жандарға жарасқан жылы лепті әңгіме, ерке мінезді жеңіл-жұмсақ әзіл қанат желпітіп, жанған жүздерде әсем шырай ойнатып отеді. Әсіресе, жасы құрбылас, егде тартқан екі анаға арналған сый-құрмет өзіне басқаша. Мақпал, Мейіз апайлар соған мәз. Балалар не айтса да күлімсірей түсіп, құптасып қояды. Артық сөздері де жоқ, өмірдің осы бергеніне шүкіршілік еткен разылық райларын жүздерінен ғана аңғартады.

Бұл арада көрші-қолаңды төрт үйдің үлкендері бас қосқан-ды. Үй иесі Ерсайын қонысы іргелес трактористі Болатты, бухгалтер Сәкенді жұбайларымен, қарсыда тұратын Мақпал апайды шақырған еді. Мейіз шешей де: «Ерсайыным алыс жолдан келді, оның үстіне үлкен мереке бар, мәре-сәре болып бірге отырыңдар», – деген-ді жастарға. Қазір самайларын ақ қылау әбден дендеп алған Мақпал мен Мейіз апайлар ертеден сене болысып кеткен, бір-біріне ыстық жүректі жандар

болатын. Екеуінің де ер азаматтары майдан даласынан оралмай, соңында ұрпағына жетер даңқ-абыройды аманат етіп қыршын қиылды. Солардан қалған бір-бір жалғыз тұяқ осы Ерсайын мен Мақпал шешейдің бұл күнде Алматыда орнығып, ұя салып қалған баласы Жомарт. Екі ана қос қарлығашын айырмай алақанда аялап өсірген. Жомарт шешесінің еңбектен қалмаған қайратты шағында, талпынып ілгері оқуға кетті де, Ерсайын ауру-сырқаулы анасын айналшықтап ауылында қалып қойды. Еңбектің ақ сүтін еміп өскен еті тірі бала ғой, осы ауылда алдымен трактористі, одан кейін бригадир болып, қазір аса зор құрметке бөленіп отырған зейнетті жайы бар. Міне, осы мереке қарсаңында ғана Алматыдан кезекті сапардан оралып отыр. Жолға шығарғанда Мақпал шешей Жомартқа деп сәлем-сауқатын қоса жіберген. Баласы мейманханадан Ерсайынды тауып, онысын алған екен. "Әзірше сау бол, ертеңдер өзім келіп, үйге алып кетермін" дейді де содан қайтып көрінбепті. Мекен-жай бойынша үйіне іздеп барса да Ерсайын жолықтыра алмады.

Екінді кезінде көгілдір "Волга" көршісінің үйінің алдына тоқтай қалып, одан Ерсайынның түсіп жатқанын терезеден көзі шалып қалған Мақпал апай алып-ұшып жетіп келген. Сонда жолаушы жігіт ана жүрегіне дік етер сезім жарықшағын жаба тоқып жіберген.

– Жомартқа жолықтың ба, айналайын? – деді Мақпал шешей.

–Көрдім, апа, сәлемдемеңізді бердім. Бірақ дәл аттанарда менің қолым босамай жолыға алмадым, – деп ол кінә салмағын өзі көтерді.

–Үйінде болдың ба? Әлгі кішкене құлыншақ мектепке де баратын шығар?

–Апа, жиналыстан бір босай алмадық.

– Ә-ә... қарағым-ай. Келемін демей ме екен?

– Білмедім, апа, өзі асығыс екен, мейманханаға келді де кетті.

Ерсайын осы жолы досына өкпелі қайтқан-ды. Бірақ оны-сын ешкімге, тіпті жұбайы Шолпанға да тіс жарып сездірмеген. Аңқаландап құшақ ашып қауышқандай еді. Бірақ құрбысы бір кербез салқындықпен сыр аша қоймады, тіпті анасының ахуалын да жарытып сұраған жоқ.

–Әй, сен Алматының әңгімесімен жұртты жарыта алмадың ғой, – деп жұбайы бүйірінен түртіп қалғанда Ерсайын әлгі бір аз сәттік ойларынан айығып, қонақтарына күлімсірей қарады.

–Апа, деймін, осы балаңыз мен болмасам басын алып жүре алар ма екен. Аузынан сөзі түсіп отырғанын қарашы. Шолпан қайын енесі мен азаматына еркелеген сыңғырлы үнмен сылқ-сылқ етеді. Сол бір күлкісі тіпті айналасын нұрландырып, сондай жарасты көрініп, баршасы қызыға қарап қалыпты.

–Сенсің ғой, жарығым. Екеуің егіздей болмасаңдар отырамыз ба осылай, – деп Мейіз шешей еміріне түседі. Жүзі мейірленіп, келінінің отты пысықтығына, есті өткірлігіне, ибадан аспас еркелігіне іштей сүйсініп отыр. Шолпан манадан бері қонақ күтуден бір шақ тізе бүкпей, лыпып ұшып бәрін өзі тындырып жүр. Ерсайын орнынан көтеріле беріп еді, "Қонақтар сенің әңгімеңді тыңдауға келіп отыр" деп оны да қопаңдатпай басып тастады. Қонақтар да, Мақпал апай да қашанғы әдеттерімен бұларға қызыға да, қызғана да қарайды. Бірақ, көре алмастық қызғанышы емес, сүйсінген көңілдің сезімі болатын.

Мақпал осыдан үш-төрт жыл бұрын Алматыға барып, келінінің қолында үш-төрт ай тұрып қайтқан. "Туған жерге не жетсін, ауа райы жақпайды" деп оралды ол. Содан бері Жомарты да ат ізін салған емес, шешесі жалғыз өзі тұрып жатыр. Кеңшардың, көрші-қолаңның қолқабыс көмегі, зейнетақысы бар, тіпті титтей де тарылып, қабағын кірбең шалып көрген емес. Қашанда сыйлы, қадірлі қалпы. Әйтсе де осындай ортада отырғанда оқшау бір ойлар қамалап, көкірегі толқып, мазасыз сезіммен тығылып қалатын да болып жүр.

–Екі апама Алматыдан әкелгенім мынау, – деп бір мезетте стол басынан тұрып кеткен Ерсайын қағазға оралған екі түйіншекті үлкендерге ұстатты. – Мерекелік сыйлығым болсын. Мына екі шоқ көктем гүлін ұшаққа мінерде жолдастарым тапсырып еді. Оны сіздерге сыйлайын, жастарға өздеріңіз бөліп беріңіздер. Көктем гүлі ғой, көктем исі ғой. Ол қолындағы нарт жанған қос гүл шоғын екі апасына ұсынды. Жұпар исі бұрқырап, ғажап шырын көкіректі керіп жүре бергендей болды. Бәрі де мәз болысып жатыр. Апалары шоқ гүлді бір сабақтан бәріне бөліп бергелі жатыр еді. "Қозғамай-ақ қойыңыздар, осындай ортада тұра берсін, исі жақсы екен" десті қонақ келіндер.

Баршасы мереке мезіретімен дуылдасып жатқанда сырттан осы үйдің үлкен ұлы Марат айқайлап жүгіріп кірді.

–Мақпал апа, сізге! – деп қолына сыртында гүл суреті бар бір открытканы ұстап алыпты. – Жомарт ағамнан, міне, Жомарт ағамнан.

–О, айналайын-ай, рахмет. Кәне, не депті, папаңа берші оқысын, – дейді көзі сулана қалған Мақпал апай.

–Апам манадан көңілсіз отыр еді. Енді қуанатын болдыңыз.

–Бәсе, Жомарт неге үндемей жатыр деп едім.

– Ерсайынды кетерде көре алмаған соң асыққан ғой.

– Қайтсін, шеше шіркін қымбат қой.

–Құттықтап, ұзақ өмір тілепті, біз де қолыңызды қысайық, апа, – деп хатты оқыған Ерсайын бастап бәрі оның қолын қысты.

–Өркендерің өссін, қарақтарым, кәне әкелші үйге апарып қояйын, – деп ол хатты алып қолына ұстағанда мөлтілдеген бір тамшы жас үзіліп гүл суретіне түсіп кетті. Ананың баласына айнымас көңіліндей мөп-мөлдір. Қатты сағыныпты Жомартын.

–Келемін демей ме? Осы сұрақты ек-үш рет қайталап хатты әспеттеп қалтасына салды. Ал хатта "мерекемен құттықтаймын" деген екі-ақ сөз жазылған еді. Мұның өзі төрт жылдан

бері ұлынан алған алғашқы хабар еді. Ана жанары қалайша шыланбасын...Баласы гүлдің өзімен емес, суретімен сыйласа да мәртебесі өседі екен ғой ана шіркіннің. Сол сәлем-суреті үзілмесе екен, – дейді-ау ана.

ҚАЙЫРЛЫ СӘТ

Қос басы мотор үнінен тұнып тұр. Сонау даладан жосылтып келген тракторлар жердің қара топырағын шығара шыр көбелек айналып, шегініп қатар-қатар тізіліп жатыр. Темір тұлпарға таяуда ғана тақымы тиген жас жігіт Нәкен де қара түтінін будақтатып екпіндеген бетімен ентелетіп, маңдайды вагоншаның алдына бір-ақ тіреді. Қызығы әлі басылмай тұр-ау. Кабинадан басын бір қылт еткізіп қарап алды да, газды бәсеңдетіп, жерге дік етіп секіріп түсті. Жымиып келеді. Анадай тұрған бригадир мен екі-үш механизатор да бұған күлімсіреп жүз бұрды.

– Қалай, жігітім?

– Шаршаған жоқсың ба?

– О, не дегеніңіз, үйреніп келемін, – деп Нәкен ашық сөйлеп, аға тұтатын мына ересектер алдында еркелікке жақын мінезбен озін еркін ұстайды.

–Трактороыңды ана қатарға қой. Ауылға қайтамыз, – деді бригадир.

–Жарайды. Нәкен бұрылып көрсеткіш тақтаның қасына келді. – Аға-ау, мынаны толтырмапты ғой. Қыздар көріп жүрсін гым болмаса, жарқыратып неге қоймайды құрғырды.

–Толтырады, толтырады қазір.

–Апырмай, тулап тұрсың-ау.

–Бірінші мамыр шеруінде алшаңдап бір жүрейін дейсің-ау, сабазым, – деп вагоншадан сүкі тілін түйреп, әзілінен адаспайтын Төлеген шыға келді. Көзі күлімдеп, "бір қызығым бар" дегендей жымың-жымың етеді. Нәкен де соны сезіп, жүрегі біртүрлі су ете қалды. Қорқыныш па, қуаныш па әлде? Бұл соққан мана ауылға кеткен, бірденені бүлдірмесе игі еді. "Дарихаға бара келейін бе? Сәлем-сауқатың жоқ па деп көзімді қысып қояйын. Созбақтайтын не бар. Барын не жоғын айтсын. Біз қылтың-сылтыңның адамы емеспіз. Нәкеннің жүрегі тас емес осыншама шыдайтын. Сүйеді екенсің ашық айт, бас бүркейтін баяғы заман емес. Ол сені сүйеді, сөзіңді бермесең бар ғой, бір күні отқа түсіп күйеді. Біреудің обалына қалма деп дігерлеймін" деп кетіп еді. Содан сау оралса? Екеуінің сыр сандығы бір, жасырарлары жоқ. Нәкен анада Дарихаға деген нәзік сезімін де, хат жолдау хикаясын да досынан бүкпеген. Сол хаттың сарғайтып, жауапсыз жоғалған айы әсіресе осы Төлегенге өтіп жүретін. Нәкенді тәлкектеп, оңашада күлкіден аузы босамайды-ақ. Енді міне тағы бір қулығын қылтыңдатып тұр.

– Жүрші бері.

– О, не?

– Билеймісің?

– Ашқан жоқсың ба, ей?

– Өз қолыңмен аш, я қайырлы сәт!

–Екі жас тракторист оқшауырақ шығып, күбір-күбір етісіп, қолдарындағы көк конвертті ашқанша асық болып тұр. Нәкеннің жүрегі лүп-лүп соғады. Төлегеннің көзі хатқа құмарта жанады...

–Апырай, бұл хат та Нәкенге тегін түскен жоқ қой. Әжептәуір хикаясы бар. Дала жұмысы басталып, ылғал жабуға кіріскен алғашқы күндердің бірі еді ол. Қос басы қызылды желекпен безеніп әлеміштеніп қалған. Нәкеннің тракторы сол күні ә де-

геннен зырлап кетіп, кешке жігітіміз көңілді оралды. Сол көңілінің кілтін тағы да бұрай түскендей бір қуаныш қарсы алғаны бар емес пе. Темір тұлпарын қаңтарып вагоншаға қарай беттегенде өзара күлісіп тұрған трактористер дабырлай үндесіп қарсы алды.

– Мына баланың тақымын қағу керек.

– Әлпеті жаман емес.

– Қарындас, шындап келгенде жол осынікі.

– Гүлдің иесі осы.

–Жақсы ырымға жазсын кәне! Отты әзілді өрбіткен жігіттердің ортасында бұралып бір перизат тұр. Қолында қырдың алғашқы қызғалдағы. Шоқ гүлін кімге ұсынарын білмеген тәрізді көкірегіне қарай қыса түседі. Жүзі нұрланып, қымсына қалыпты. Нәкен де таныды. Ауылға жақында келген дәрігер қыз. Бір-екі рет шүйіркелесе сөйлескені де бар. Аты Дариха, сірә, осы бригадаға үгітші болып бекітілген шығар. Мына келісі соны аңғартады. Дала жұмысы басталса-ақ ауылдағы оқығандар осылай бір-екі келіп төбе көрсететіні бар. Жас құрбыны ыңғайсыз жайдан бригадир құтқарды.

–Қарағым, шыны сол. Мына Нәкен өз бетімен бірінші рет трактормен мініп тұр. Алғашқы адымы да жаман емес. Қайырлы сәті болсын, жолы келіп қалды.

–Олай болса сізді еңбек қадамыңызбен құттықтап, табыс тілеймін. Өз қатарыңыздың алды болыңыз, – деп қыз күлімсіреп келіп гүлді Нәкенге ұсынды да, қолын қысып құттықтады. Сүйіктей нәзік саусақтар қара майлы алақанға шоқ салып кеткендей денесі ду ете түсті. Аңырып қалғандай, үнсіз ғана басын изей береді.

–Міне, сөз.

–Айтқаныңыз келсін.

–Енді қиқандап көр, Нәкен, – десіп жігіттер қолпаштап құпаласып әкеткен. Сол күні-ақ үлкені бар, кішісі бар, трактористер

қауымы жас жігітті әзілмен мазалап, бұл қылықты жақсатқа жорысты. Нәкен әншейін "қойыңызшы" деп ұялған болғанмен өз-өзінен жымыңдап, жанарында бір ұшқын жалт-жалт етіп қалады. Сол әзіл айтылса екен деп тілейтіндей болып кетті кейін. Бір күн ұмыт болса, алаңдап қалатынды да шығарды. Бұл шақта қос басына Дариханың да келуі жиі. Бұрынғыдай емес, үйренісіп жақын танысып қалған. Нәкенмен сөзі де еркін. Біртүрлі іш тартатын тәрізді. Бар қылық-қимылы, сөз-назы да Нәкенге қызық көрініп, құмарттырып тұрды ғой. Оның сол бір тілегін ұйқыдан оянса-ақ еске алады. "Қатарыңыздың алды болыңыз" дейді. Қандай жылы сөз. Мұндай тілек кімге айтылады екен?

Бір жолы алғашқы қатты жауында Нәкен ауылға трактормен қайтатын болды. Дариха да осында қос басында еді. Жұрт машинаға отырып жатқанда моторы сөнбей дірілдеп тұрған Нәкеннің тракторы қасына келді.

–Мен сізбен барайыншы?

Кабина ішінде тұкжыңдап жатқан жігіт басын көтергенде түн ұйқысынан төрт бөліп, талай күрсіндірген қызды көрді. Ойхой, дүние-ай! Өз-өзінен күлімсіреп қоя берді.

–Мініңіз. Машина шапшаң емес пе? Соңғы сөз аузынан қалай шыққанын өзі де аңғармады. Әйтеуір айта салғаны ғой. Артынан өкінді. "Машинаны атап нем бар еді" дейді ішінен,

–Машина үстінде жауынға малшынамын ғой.

–Онда отырыңыз. Сізді қыдыртайын.

Екеуі көгі жаңада тебіндеген қырқаға қап-қара болып асығып жатқан жолмен тартып кетті. Трактордың гүрілі ештеме естіртер емес. Нәкен болмашы бір сұрақтар сабақтап еді, онысынан әңгімеге өріс таппады. Тек тәтті қиялға шомылып, қасындағы қызбен ойша сырласып, анда-санда көз қиығын салып қояды. Жүзі бал-бұл жанған сымбатты ару арманы сияқты.

– Сіз әлгі киноны көрдіңіз бе?

– Қандай?

– Әлгі...– деп Нәкен айтарын ұмытқандай дағдарып қалды. Аузына сөз түспеді.

– Ә, бүгін клубта болатын "Май махаббаты" ма?

–Ия, – деді де жігіт осы сөзден сондай сөлекет ұялғандай қып-қызыл болып, бір құпиясы ашылған адамша ыңғайсызданып қалды. Сол сәтте рычагты кере-кере тартып, трактордың олай бір, бұлай бір ойнақтатып алды. Тамағы түйіліп, келесі оқтаған сөзін айта алмай қалды. Қызды клубқа шақырғысы келеді. Бірақ көшеде көзге түсуден қымсынады. Сол еді тартыншақтағаны.

–Сіз барасыз ба? Мен де барамын. Көрейік, – деді қыз ашық даусымен сыңғырлап.

–Барайық...

Сол күні түнде Нәкен тіпті тыншымады. Кинода бұларды Төлеген көріп, анадайдан көлденеңдеп келіп қол алысқан. Олпұлды әңгімелеп тұрып, досына қутыңдаған ыммен қабақ қағып кетіп қалды. Соның бәрі бұл жігіт жүрегінде қордаланып, жылы сезім болып ұйып, Дариха бейнесін көз алдынан әкетпей қойды. Көп ойланды, көп толғанды "Қыз кет әрі емес-ау" дегенге сайды сол ой-толғаныстың бәрі де. "Сүймесе гүл сыйлай ма? Көңілі болмаса машинадан қалып трактордың кабинасына міне ме?" Кино ше? Жігіттер де бірдеме сезетін шығар? Нәкен осылай мың толғап жүріп бір күні дәрігер қыздың қалтасына бар сезімін сызылтып түсірген хатты салып жіберді. Онысын Төлегенге де айткан.

...Міне мынау сол сәлемнің жауабы зады. Нәкен жүрегі лүпілүп.

–Нәкенге берші деп күлімдеп келіп қолыма ұстатты-ау. Өзің ашшы, қайырлы сәт! Төлеген досының жүрегін қытықтайтын тәтті қылықтарды сусыны құрып қайталайды.

–Жауабы жақсы. Көзінен байқадым. Күліп тұр-ау осы. Сен деп тұр, бәс тігемін.

–Бірінші мамырда кеш өткізсек қайтеді өзіміз, – деп қалды Нәкен де хат қолына тигенше тағаты таусылып. Төлегенге қыз көңілінің шүбәсіздігін талай жыр етіп, бірнеше қайтара айтылған. Онашада екеуі Дариханың әрбір адымымен Нәкенге ауған ықылас тауып, сырларын сілтесіп-сілтесіп алатын. Енді міне сол көңілдерін көкке көтеріп, қыздан хат келіп отыр.

–Жігіттер -ау, сыбыр-күбірлерің не? Жүрсеңдерші, – деген бригадирдің жуан даусы естілді.

–Қазір, міне, болды.

–Қалатын шығарсыңдар?

–Жоқ. Ауылға ұшатын шығармыз, – Төлеген тез жауап қатты...

Нәкен кілт бұрылып қолындағы пәрша-пәрша хатты аулаққа лақтырып жіберді. Өңі бұзылып кеткен Төлегеннің де аузы қолбырап біртүрлі ыңғайсыз жаймен жүзі суып, сына қалыпты. "Көңілді кездесудің бәрін де басқаша жоруға бола ма, достар..." депті-ау бәлекет қыз. Осы жолды оқығанда-ақ екі жігіттің от көңілдері жоқ болып жүре берді... Жыртылған жапырақ-жапырақ хат желмен ұшып, кейбір жігіттердің жеңілтек мінезіндей сайға қарай дедектеп бара жатты.

– Жүрсеңдерші, ей, шырақтарым!

Тағы да бригадирдің айғайы. Трактористер машинаға мініп алыпты. Бұларды тосып тұр...

Бұл былтырғы майда болған оқиға еді. Онда Нәкен назаланып мерекені трактордың үстінде өткізген. Моторды күнтүн демей дырылдатып егінжайдан кетпеді. Енді, міне, тағы да Май. Бұлар тағы да қос басында. Екеуі бір-біріне қарап күліседі. Сірә, былтырғы қылықтары естеріне түсетін шығар.

–Өзіңде де бар ғой. Баяғының жігіттерінше жабықтан бұқпалап, хат-матта нең бар еді? Алшаңдап барып. "Бикеш киноға жүріңізші" деп қолтықтап алып кетпейсің бе? – деп Төлеген сықылықтайды.

– Рас-ау, – деп төмен қараған Нәкен міңгірлейді.
– Әлі де кеш емес. Тамырын тағы басшы.
– Қойшы енді. Тамырын қанша басу керек.
– Ойбай-ау, махаббат мәңгілік емес пе. Бәс тігемін сол қыз сені сүймесе.
– Ә...
– Рас айтам.
– Ауылға барайықшы...
– Соныңды айтсайшы, ия қайырлы сәт!



ТҮНГІ ЖОЛАУШЫ

Терезенің қатты тықылынан шошып оянған малшы Тәкен көзін уқалап, орнынан тұрғанда үй іші әлі қара көлеңке еді. Таң алдындағы тәтті ұйқы жылы төсекке бұқтырып, әбден басты-рылып қалыпты. Алғашында "кешіктім-ау" деген ой сап ете қал-ған-ды. Енді бақса таң көбесі әлі сөгіле қоймаған. "Ерте жүрген бұл кім болды" деп күбірлеп терезеге таянды.

–Оу, бұл қай патшағар?

–Мен ғой, Тәке.

–Жалмырзамысың?

–Иә, мен, есік ашыңыз.

–Құдай бірдеме берер. Шыбық басын сындыру керек екен, – деп Тәкен іштен сөйленіп жүріп, тағы да үн көтере тіл қатты. – Әй, әлі ерте емес пе?

–Ашыңыз үйге кірейін.

. –Құдайы құрғыр, мұның да тығыз шаруасы болады екен, – деп Тәкен қабырғаны сипалап жүріп шам жақты да, қара тонын желбегей жамылып есік ашуға беттеді.

–Сәлем бердік, – деп орта жастағы Жалмырза өзінен үлкен адамға самарқау айта салды. Шаруасы басқа екені бесенеден белгілі.

–Аман-саумысың? Сені өзі енді малдан шығармайтын ғой. Ерте тұрыпсың. Жиырма жыл құрық ұстаған мен де бүгін ұйықтай қалыппын, – дейді Тәкен мұртынан күліп. Еңбектес серігінің мына елгезек, ынталы қалпына сүйсінген сыңайы көзінде нұрланып тұр. Бұрын таңертең малға бара жатып жолдан Жалмырзаны зорға оятып әкететін. Енді міне…

–Не жаңалық бар, Тәке?

–Не болушы еді. Бір түнде дүние өзгере қалды деймісің.

–Кім біледі, ауыл арасындағы сыбыр-сыпсың түнді де талғамайды ғой.

–Жоға, Тәке, айнаға түсейін деп ауданға кетіп бара жатырмын. Соны айтайын дегенім ғой.

–Ойбай-ау әлгі кім ауырып қалыпты…

–Енді не істейін, ауру түгіл ажалға да ара тұра алмайсың келіп қалса. – Сөйтті де ол есікті тарс жауып кетіп қалды. Басқа ештеме айтпады. Бірақ ішінде бір құпиясы барын аңғартқандай. Көптен бергі кәнігі малшы Тәкен биыл сұранып болмаған соң көршісі Жалмырзаны қасына серіктікке алған еді. Екеуі де әзірше ала жіп аттасып көрмеген құдайы көрші, дәм-тұзы адал, татутәтті. Тек Жалмырзаның бір жерде байыз таппай, қызмет ауыстырып, бірден-бірге шоқалақтап ұшып қона беруін ұнатпайды Тәкен. Онысын анда-санда ақыл айтқан болып сездіріп те қояды. Дәуірі айналған дүкеншіліктен дін аман құтылған соң көршісінің қанатына ұйлығып, ол малшы таяғын тақымдаған. Содан бері әйтеуір алақаны қолдырап, қары талмаса да, айыр ұстап, алқам-салқам болып жүр. Белі қайыспаса да белсенділігімен бетке түсетін болып барады өзі. Әнеукүні кеңшар басшылары малшылар күнін өткізгендегі белсенділігін көрсеңіз…

...Жеңіл машиналар шашпаның алдына келіп тоқтай қалғанда қолындағы айырды сүйей салып, қарсы жүгірді.

–Ағатайлар, амансыңдар ма? Хош келіпсіздер. Кәне, халжайымызды көріңіздер, – деп елпілдеді де қалды. Бағзы бір баяғыдан бері осы жердегі шаруаны қолымен қондырып, жалғыз өзі тындырып жүргендей еркін сілтеп, шешенсіп сөйледі-ау. Кеңшар директоры оның сөзіне аса мән бермей, малдың ортасында жүрген қапсағай денелі Тәкеңе қарай қозғалды. Қол алысып, хал-жайын сұрап жатыр. Сонда Жалмырза көлденеңдеп:

–Мына малдың бәрін жоғары қоңдылықпен өткіземіз, сенбесеңіз әкел қолыңызды, – деп дік-дік етеді.

–Шөбіміз жетеді, – деді бір кезде малақайды маңдайынан бір көтеріп қойып. Жарамсақтықты жаны қас көретін жігіт білем, директор кекете сұрақ қойды:

–Өзің үйіп қойып па едің?

–Жарма да мол. Оты мен суын да еміп тұр, – дейді Жалмырза сөзден іркілмей. – Бірінші орынды бермейтін шығармыз, кеңшар емес, аудан алдында озық көрінеміз...

Осы жолы кәнігі малшының қосағында жүріп сыйлыққа да ие болып кетті. Оны да қаншама даңғаза шу еткізіп, өзі сұранып жүріп Нәкеңмен бірге өз үйінің төбесіне қызыл жалау тіккізіп қойды. "Осыны қойшы, шырағым, елден ала бөтен біздің үйді көр деген кісіше ұят-тағы" деп қарт малшы ыңғайсызданып, ұялыңқырап еді, "жоқ болмайды, елден ала бөтен болмаса да, елден сирек озаттардың үйінде жалау тұрғанын көрсін" деп бой бермегені.

...Үйден Жалмырза шығып кеткен соң Тәкең уақыттың ертелігіне қарамай киіне бастады. Төсекте жатқан жеңгей де ауматының қиын халін аяныш етіп шыжалақтайды:

–Тағы да жалғыз мықшыңдайсың-ау. Бригадирден көмекші сұра.

–Өзі бір қолды екеу қыла алмай жатқанда кісі қайдан табылады. Жалмырза түстен кейін келіп қалар. Оған дейін амал-

дармын, ертерек барып, – деп Тәкен қорбаңдап киініп, шапанының сыртынан киген шекпенін мата белбеумен шарт буды.

– Келер саған. Осымен неше рет сылтауратып қашқақтап жүр. Сыйлықты сенімен бірдей бөліп алады, ал жұмысқа келгенде сынаптай сырғуын. Мен білсем бар ғой, бұл перміде тілімен орып, қолымен жай қалбаңдайтын шығар.

Осы тұста Нәкен жұбайының мына көрегендігіне таңырқады. Өзі бұрын онша мән бере қоймайтын. Енді аңдаса шынында Жалмырзаның қайрат-қимылынан гөрі мөңіреуі көп.

– Бастықтарға соны неге айтпайсың?

– О несі-ей, "Жаман жанындағысын қарақтайды" дегендей одан не барқадар табамын. Көрші отырып...

Тәкен малшы фермадағы бар шаруасын тындырып, таңертеңгі шайға үйіне келгенде Сәлима жеңгей ерін булыққан ашумен қарсы алды. Өзі үйге жаңа кірсе керек, жалма-жан жиналып киініп жатыр екен.

– Енді ғана перміге жүгірейін деп жатыр едім. Келіп қалдыңау әйтеуір. Сен ғой айырдың алқымына байланып қалғансың, бейшара. Қолыңа келіп тұрған машинадан айырылып қаласың. Жүгірші, кеңсеге. Әлгі жымысқы Жалмырза түнделетіп жай кетпепті. Түнделетіп жортатын әдеті ғой қашанғы. Біздің кеңшарға бір "Москвич" бөлінген екен. Соны біліп қалып ауданға аттаныпты. Ел шулап отыр.

– Аттанса алсын. Бұйырғаны бізге де тиер.

–Тигені несі, кезекте тұрғаныңа табандатқан он жыл болды. Айтып тұрғаның не?

– Біздің алдымыздағылар алсын әуелі. Қайда қашар дейсің? Кезекті ешкім бұза алмайды.

– Бетім-ау, не дейді? Анау қоймашы Қарсақбай кезегіңді құлағына да ілмей "Москвичті" бір түнде түсірген жоқ па? Кеңсеге баршы өзің, басшыларға жолықшы. Осы жолы озат малшыларға береді дейді.

– Е, Жалмырзаның көзі малмен ашылып па екен. Айырды ұстағанына ай толғаны сол. Сөйтіп отырып машинаның құлағына жармасатын жынды дейсің бе? – Тәкең өзінің сөзін қостап тіпті қыңатын емес. Қапсағай бойы қандай мызғымас болса, сөзі де сондай нық қазықты.

– Ендеше қара да тұр... Сен мал деп жүріп ақымақ шал болғаныңды білмей қаласың.

Түс ауа ауыл іші тіпті гулеп кетті. Кеңшар орталығынан келгендер неше сақ сыбыстарды судай сапырады. Айтуларына қарағанда Жалмырза расында да машина бөлінгені туралы хабарды біліп, түнде тартқан екен. Осыны естігенде Тәкеңнің ішкі әлемі мұздай болып жүре берді. Басын шайқады да қойды. "Расында да ақымақ қылып отырғызып кетейін дей ме, мына Жалмырза?!" Кешікпей анық-танықты сөздер де қаз қалпында жетті. Жалмырза кеңшар басшыларын түгел адақтап, "Москвичті" өзіне сатуды өлердегі өтінішіндей етіп қиылған екен. Директордың кабинетінде айғайға да барса керек. "Бұл машина озат малшыға" депті директор. "Мен қандай малшымын, бірінші орында кім тұр?" – деп кеуде соғады ол. "Сенің әлі қолың қолдыраған жоқ" деген екен. "Бар малыңды бағып жүрген мен шығармын, қаудыраған шалда не қауқар бар" деп те қиялап қасарысыпты. Бірақ болмапты: жаңа "Москвичтің" бар қағазы Тәкеңнің атына жазылған екен.

...Сол күні түнде біруақ мезгіл өткен шақта Тәкен үйінің терезесі тағы тықылдады. Бұл жолы да Жалмырза еді. "Мана күндіз кеңседен бұлқан-талқан болып шығып, малға да бармай үйінде жатып алып еді. Енді неге тықылдатып тұр екен?!"

"ТӨРГЕ ШЫҚ, ҰЛЫМ"

Әдеттегідей емес, кешегі тойдан ерте оралған Сәкен бүгін таңертеңнен бері қабағы ашылмай, терезе алдында телмірді де отырды. Көңілі сынық, өңі сұлық. Зайыбы ертемен мектепке қызметіне кеткен, екі жасар ұлы Өмірзақ былдырлап, мойнына асылса да сергімеді, тек маңдайынан құшырланып бір иіскеді де қойды. Ақ қырау самайын сағалап қалған шешесі де ту сыртынан бақылап, тыншымай жүр. "Апырау, біреумен төбелесіп қалды ма? Өмірі тірі шымшыққа таяқ жұмсап көрмеген еді ғой" дейді көкірегінде күдік тулап.

Сәкен үнсіз. Кешегі той дастарханы жадына оралса денесі мұздап, жүрегі суып сала береді. "Әй, осы бір кей жігіттердің кердең қылығы, келеңсіз сөзі-ай. Жас та емес, мас та емес, аузына түскенін орып, оттап жүре береді-ау. Жаманның сау күніндегі шолақ ойы мас болса тілінде тулайдының кері ме әлде?" Неде болса жауына да жасқамайтын суық сөз естіді Сәкен. Көршісінің үйіне тұңғыш перзенттің шілделік тойына шақырылған еді. Жұрт жиылып, алға той табақ келіп, гуіл енді қыза бергенде есіктен сүріне-қабына аттап масаңдау дүкенші Жолдыаяқ кірді. Ауылда дүкеншіні жарты құдай көріп пірімдеп қалатын әумесер әдет бар емес пе? Кейбіреулер құрақ ұшып, қалбалақтап кетті.

–Жәке, төрге шық.

–Кешіккеніңіз не?

–Ойбой, қонақтан қонақ болып шүйгіп жүрміз ғой, – деп былғаланданып ол шешініп жатыр.

–Жоғары, мында отырыңыз.

–Менің орным әне, анау, әй, Сәкен бала, сырыл былай. Мұғалім бұл ауылда иттен көп, ал дүкенші жалғыз...– Өңменден Жолдыаяқ кеуде керіп барады. Пішіні қандай топас болса, сөзі де сон-

дай тасыр. Әлдің-дұлдың. Сәкен орын беруге ыңғайлана беріп еді, қызарып кеткен намысшыл келіншегі сөз сыналап қалды.

–Ағасы, орын жететін ғой...

Осылай тойдың әу басында-ақ шытынап, шаптығып алған Жолдыаяқ ет пен арақты еңсеріп, дендегенде дертіп, өз-өзінен бұзылмасы бар ма? Сөзінің сұғын Сәкенге қадап, әй-түйсіз:

–Сен бар ғой әкеңнің сүйегін тауып ал, шірік. Сосын салғылас менімен, – деп салғаны. Аларған көздерімен адырая қарап, мұқатқан мінезбен тасырайды. Дастархан басы у-шу болып кетті. Сәкен үнсіз түйілген қалпы тұрып жүре берді.

Содан түні бойы көз ілмей, дөңбекшіп шықты. Келіншегі бауырына тығылып, тас қып құшақтап алса да сол бір сойқан сыз жүрегін түршіктіреді де тұрады. Ол не деген пормысы? Қай мұқату? Сәкеннің әкесі майданда қаза болды. Аузынан емшек сүті кеппеген екі жасында айрылып еді сол кісіден. Тіпті түр-түсін де тек суреттен таниды. Әке құшағында құлындай еркелеп, оның еміренген мейірін де аңғара алмай қалды ғой. Ес кіргенде оңашада жүрек түкпіріндегі, сол бір қымбат жанды қатты сағынушы еді. Ер бала есейген сайын әкесін көп іздейді екен. Өзінің тең құрбылары сонау қырқадан шөп шауып оралған әкелерінің алдынан жүгіріп шығып, көк исі бұрқыраған шөбі жұп-жұмсақ арбаларға ырғып мініп алатын. Солармен арсаңдап бірге жүгірген Сәкен қай арбаға мінерін білмей жаутаңдап қалушы еді. Шіркін, үлкендер де бала көңілін сергек сезеді ғой, екеу-үшеуі қатар жамырап, "Өй, мынау Қасымның құлыншағын қара, кәне кел" деп өз баласынан бұрын бұған қол ұсынатын. Сонда бала көкірегіндегі сағыныш бір тулап, алыстан оралмаған әкесінен әлі де үмітін үзбейтін. Шешесінің айтуы бойынша әкесі, соңғы хатты Ленинград блокадасынан жолдапты. Көп ұзамай белгісіз кеткендігі туралы қара қағаз келген. Жолдыаяқтың мезгеп, сөз түйреуі осы ма екен? Осындағы шолақ қол Есет айында-жылында бір қызара бөртіп, қызып алған

шағында үйіне келіп, "Қасымның ошағына сәлем берейін, қанды көйлек жолдас қой" деп Сәкенді құшақтап, біраз хикаялар шертетін. Екеуі бірге болыпты. Оның айтуынша Қасым барлаушы болса керек. Бұл барда Қызыл жұлдыз орденімен наградталыпты. Тек Есет жараланған соң көрісе алмапты. "Ерім еді-ау, асыл азаматым" деп көңілі босап қалған оның көзі жасқа шыланатын. Бертін келгенше әр жерге хаттар жазып, қорғаныс министрлігіне де сұрау салды. Бірақ әкесінің соңғы күндерінсн дерек ала алмады.

Күн өткен сайын жан жарасы шорланып, соғыс қазасы айыға бастайды ғой. Уақыт шебердің ісі сол. Осы кезде ауыл арасында майданда белгісіз кеткендерді жиі сөз ғып, кейбіреулерді "тірі шығар, шетелде жүр ғой" деген де өсектер жел беріп қояды. Әлгі Жолдаяқтың далбасасы соның салқыны. Сәкен соны анық сезеді. Бірақ Қасымның әлі де алыс жолға қарап жүрген адал жары да, әкесін сарғая сағынған ұлы да ондай сандыраққа сенбек емес. "Ер туған жерінде өледі... Қасым елім деген ер болатын..."

Арада бірнеше күн өткенде Жолдыаяқтың әлгі сөзін естіген Есет дүкенге барыпты.

–Кәне, маған бір стақан ақаңды құй, мә үш сом, здашы керегі жоқ. Сен ал, – депті ол.

–Ә, Есеке, тағы келесіз ғой, – деп жылмаңдаған Жолдыаяқ сұрағанын сылқылдата құйып ұстата береді. Ызаға булыққандай Есет әлгіні бір-ақ қағып, аузын жеңімен сүртіп тастапты да:

–Әй, Жолдыаяқ, сенің атың неге бұлай қойылғанын білесің бе? – депті тіке қарап қатқыл үнмен. Анау сасып қалыпты.

–Білмесең айтайын, сен туғанда әкең әскерге алынбай аман қалып, қуанған үй-ішің аяғы жолды болды деп Жолдыаяқ қойған.

–Әкең соғыстан қай жылы оралды?

–Білмеймін.

–Білмесең ол қулық-сұмдықпен соғыстан қалып қойған, шырағым дүкенші мырза. Кешегі майданшының түсі суып, иыққа тақау тұстан кесілген қолының тұқылы қозғалақтап кетіпті. – Ал сен бұдан былай соғыстан келгендерді, майданнан оралмағандарды мазақ қылдың ғой мынау отағасы мұрныңа жабысатын болады. Әлі жассың, осыны ұқ, – деп Есет жұдырығын түйіп қойды. Дүкен ішіндегілер де сөз төркінін ұғып, Есетке риза болысып, іштей томсырайып үнсіз қалды.

–Ие, деймін-ау, әнеугі Сәкен қайнына айтқаның не сөз? – деп қалды келіншектердің бірі. Жолдыаяқ тыңдамағандай шотын сарт-сұрт қағып жатыр...

Сәкен жалпы кітапқа құмар-ды. Қазір әсіресе әскери әдебиетке құштар. Маршалдар мен генералдардың естеліктеріне, Ұлы Жеңіске арналған материалдарды түгел сүзіп шығатын, телевизорлардан берілетін деректі фильмдерді, хабарларды да құр жібермейді. Соның бәрінде әкесін іздеуші еді. Бір жерден жорамал-дерек шығып қала ма деп үміт ұшқынын жоғалтпайтын. Сондай сәттерде анасы да бірге отырып, телевизорға үңілетін.

Экранда әскери киімдегі мосқал адам майдан әңгімесін шертіп отыр. Қандай бір қанды шайқастарды, ауыр кезеңдерді еске алады.

...Көзге түртсе көргісіз қою түн. Өзіміздің батыс шекараға қарай таяп келе жатқан шақ. Жау аянбай арпалысып, табан тіресіп, совет жерінен тұяқ тайдырғысы келмейді. Қорғаныс шебін барынша бекітіп бағады. Соғыс дауылы бір сәтке ішін тартып, тына қалды да, келесі кескілесу жойқыны жақын-ақ екенін аңғартқандай еді. Екі жақ та аңдысып, алыстан арбасып барласып тынып тұр. Міне, біздің барлаушылар да түн жамылып, жау жағының тамырын баспақ болып, аттанып кетті. Зор денелі қазақ жігіті Қызыл Жұлдыз орденін, документтерін тапсырып жатып, ақ қағазға әспеттеп ораған сәбидің суретіне қызыға бір қарап, оны да қосты.

"Тіл" әкелмекке барлаушылар аттанған соң-ақ аспан қақ айырылардай ғаламат шайқас сарыны жер-көкті тітірентіп, алапат зобалаң басталды да кетті. Түн түндігін ракеталар тілгілеп, дұшпан совет жауынгерлерінің селдей қаптар сойқанын сезгендей аласұрады. Бес барлаушының біреуі ғана ертеңіне майдан даласынан шалажансар тауып алынды. Біздің әскерлер құрыштай шебімен лап қойған екпінмен дұшпан қорғанысын қақыратып құйындай жапырып әкетті...

–Сонда аман қалған мен едім, – деді экрандағы әлгі әскери кісі. – Қазақ жігіті екеуміз бір пулемет ұясына тұтқиылдан түсіп, "тіл" алып кері оралғанымызда оқ борасынына тап болдық. Мен оққа ұшқанда жолдасымның қақпақтай жауырынына салып алып, бір шақырымдай сүйрелегенін білемін. Бір тасаға жайғастырып, екінші бір қылтаңнан көрінген тағы бір жаралы жолдасымызға жүгіре жөнелді. Мен жатқан жерге тағы бір снаряд жарылды... Содан бір айдан соң ғана есімді жиып, госпитальда бір жарым жыл жаттым. Өзімді ажалдан алып қалған қанды көйлек жолдасымның тағдыры не болғанын білмеймін. Қаншама іздедім, әлі таба алмай жүрмін. Бүгінгідей Жеңіс күні сол қаһарманды тағы да іздеймін. Аты – Қосын. Одан қалған белгі мына сәбидің суреті... Енді бір сәтте экранда екі жасар сәбидің отырған суреті көрініп, біраз тұрды.

Телевизор алдында қадалып қалған ана айғайлап жіберді:

–Жаным-ау мынау Сәкенімсің ғой. Көзінен жас моншақтап орнынан ұшып тұрды. Не істерін білмей айналшықтап, абдырап қалды. Сәкен көзі жаспен мөлдіреп, шешесіне қарайды...

Осы оқиғадан кейін Сәкен Москвамен байланысып, әке хабарына шарқ ұрып тағы да іздеу салды. Ақыры тапты. Орыс жолдасы Қасымды Қосын деп қате атап жүр екен. Сонау Белоруссиядан Қасым қабырын қамқорлыққа алған мектеп оқушыларынан да хат келіп, ана мен бала алыс сапарға да барып қайтты. Сонау жер шеті қияндағы туысқан халықтың

Қасым қаһармандығын хан көтеріп, бас июі бұларды қатты толқытып, тебірентіп еді.

...Жеңіс күні. Сәкен жұбайын ертіп, Есет үйіне келе жатыр. Қарсы алдынан анадайдан дүкен ашуға беттеген Жолдыаяқ көрініп еді, бұларды байқап бұрылып кетті. Есет те үйінің алдында тұр екен, ол да Жолдыяқтың соңынан айғайлап қол бұлғап еді, асығыспын деп тоқтамады.

–Мерекелеріңізбен құттықтаймыз, аға, – деп екі жас жамырасып Есетке қол ұсынды. Мәз болған ол әлі де дүкеншінің соңынан қарап тұр:

– Көрдің бе, әне, құлағын жымырып қашуын. Кінәлі ол, кінәлі. Оның сағын тағы бір сындырмай тынбаймын. Сен де қаймықпа, қаһарманның баласы да қаһарман. Басыңды көтер, кеудеңді кер, мына дүниеге тайсалмай тура қара. Сенің әкеңнің сүйегі далада емес, туған топырағының торқасында. Белорусь жері де оның туған бесігі. Оның қаны төгілген жерде қырмызы гүл жайнап тұр.

– Әй, балалар, қызынып кетем-ау, ә. Қайтейін, кейбір оғаштықты көрсем қаным қайнап кетеді ғой. Бәрі соғыстан, бәрі соғыстан... Ал неге тұрсыңдар, төрге шық, ұлым. Сенің орның сол...

БӘЙШЕШЕК

Көңіл көзден-ақ ұғысады ғой, шіркін. Және бір асыл қасиеті алдамай, адаспай табысады. Бұл да бір әуелде солай ұшырасып, сырлы сұхбат сезіміне сайып, сәуле сеуіп келе жатқан көңілдің хикаясы еді...

Ауылға астанадан артистер келіпті, кешкісін клубта концерт болмақтығы жайлы хабар баршаға ерте тарады. Үлкен-кіші де

қуаныштыкейіпте. Күн екіндіден асып, еңкейе берген мезеттен бастап-ақ байыз-тыным таппай мәдениет отауын айналшықтап жүрген, әсіресе, жастар жағы. Қызылды-жасылды киініп, мына көктемдей құлпыра түсіп күлісіп, шатты бір шырай шалқытады.

Осы топтың ортасында тұрған Нұрлан да бүгін өзгеше халде. Құрбыларымен бірге әзіл-қалжыңын араластырып дулы ортаға еркін араласқан көңіл түкпірінде екінші бір алаңы бар. Анда-санда елеусіз ғана көз қиығын көше бойына салып қояды. Онысын сезіп қалған кейбір қулар:

–Әй, сен Алтынайға аландап тұрсың ба, келер, – деп әзілмен қағытып, құпиясының күміс пернесін бір сыңғырлатып қояды.

–Қойшы, ей, – дейді әншейін ғана күңк етіп. Бірақ, сол бір есімнің айтылуын ұнатып-ақ қалады. Мына достары Алтынай екеуінің бір-екі рет киноға барғанын көріп сыртынан жорамал да жасап тастаған. Соны Нұрланның өзіне білдіргенде бұл жай қызарақтағаны болмаса әлі өзек салмаған сырды сездіре алмады. Бұлар мектепте бірге оқыған төл түлектер. Қазір бәрі де өмір жолының қалаған соқпағын таңдап, жан-жақта жүр. Біразы осы ауылда механизатор, малшы, енді біреулері институт, техникумдарда оқуда. Осындай демалыс күндері уәделескендей ауыл қотанында қауышып қалатын дәстүрлері бар. Нұрлан да техникум директорынан рұқсат сұрап үйіне бүгін келген еді. Міне осы жастар енді концерт табалдырығында табысып тұр.

Ағылып келіп жатқан жұрт ішке кіріп жатыр. Нұрлан да сол тар есікте тоғысып, толастамайтын лекке көз сүзіп тағатсыз тынышсызданады. Өзінен бір класс кейін оқыған Алтынай фермада сауыншы болатын.

–Ал, біз кеттік, – Нұрланның құрбылары да ішке кіріп кетті.

–Маған екі орын алуды ұмытпаңдар.

Кешікпей алқына басып Алтынай да жетті.

–Уһ, үлгергенім осы болды. Көп күттің бе?

–Оқа емес, ал жүр. Балалар орын қойған шығар.

–Нұрлан қызға жол беріп алдынан өткізіп табалдырық аттады. Орындықтардың бәрі де бос көрінбейді. Түрегеп тұрғандар қаншама. Тек алдыңғы қатарда бес-алты орындық әлі иесін таппай тұр. Оның да бір мәні болды. Қызыл ленталармен коршалып, жақындағандарды ығыстырып әрі жібереді. Оның үстіне кеңшар комсомол ұйымының хатшысы Садық та сол маңды қабағымен-ақ қызғыштай қорып қалыпты. Нұрлан мойын созып жан-жаққа шола қарайды. Әне, тапты. Серіктерінің бірі орнынан көтеріліп, қолын бұлғап шақырып тұр екен.

Достар сырылып, екеуіне орын берісті. Концерт те басталуға жақын еді. Осы тұста анадайда едірейе қарап, біреуді шұқшия іздеп тұрған Садықтың даусы саңқ етті.

–Ойбай-ау, мен таба алмай таусылып тұрсам анда отыр ғой. Алтынай, мында кел. – Қыз естімегендей төмен тұқжыңдағанда Нұрланның қолы да Алтынайдың ып-ыстық алақанын қыса түскен.

Онысы "шынымен кетесің бе, қиясың ба" дегендей болатын. Басқа үні жоқ, тек осы белгісі ғана жүрек лүпілін жеткізгендей.

–Ұялғаны несі, – деп Садық ептеп кеуделейтін мінезімен киіп-жарып келді.

–Жүр, сенің орның анда, әне.

–Сахна осы жерден де жақсы көрінеді. – Бұл – бетінде ыза оты бұрқ еткен Нұрланның даусы еді.

–Қылжақты қойсаңдар қайтеді.

Нұрланның ішкі әлемін алай-дүлей етіп қызғаныш құйыны соғып өтті. Көзіне дейін қызара қалыпты. Бірақ ештеме айта алмады. Достары да дәрменсіз.

–Орынның артық- кемі жоқ қой, – деп еді бірі. Садық оны

тыңдаған да жоқ. Жаңа ғана от сезімнің рахатымен лүпіп отырған Нұрлан енді ыза қыжылымен қайнап Алтынайға ренжіп қалды. "Еріп кете барғаны несі, лəм-лим демеді де. Қарсы сөзі де жоқ". Қатарындағы құрбылары да опынып қалғандай. Бəрі бір сəт үн қатыспай ілгеріге көз қадады. Жұрттың баршасы солай үңіліп-дуласып, орындарынан тұрып та кетті. Ештеме естіп болар емес. Садық Алтынайды қолтықтап алып, əлгі қызыл лента көмкерген орындықтардың біріне отырғызды да, бір шоқ бəйшешек гүлін қолына ұстатты. Күлімсіреп құттықтап жатыр. Алтынай да қуанышты сияқты...

Жігіттік намыс-ай, наркескенсің-ау. Албырт шақта аласұртып, көз тұндырасың да ғой. Нұрлан осы кеште тіпті тағат тауып отыра да алмады. Біреу бұған бұрылып қараса да, артынан мырс еткен күлкі естілсе де табалап тұрғандай жүрегіне сұқ қадалады да кетеді. "Концертке қыз əкелдің, қайда қалдың" деп мазақтағандай болады. "Мен саған бəйшешек бере алмадым..." деп тілдей қағазды достары арқылы ілгері жіберді де, өзі жылысып шығып жөнелді...

Ал, Алтынайдың көңілі тіпті басқаша болатын. Екеуінің арасына көктем сызындай салқындық сынығы түседі деп тіптен ойламаған-ды. Сол күні Садық алдыңғы қатарға алып барып осы кеңшарда жаңа пайда болған дəстүр бойынша "Озаттар орындығына" отырғызды, қолына гүл ұстатып, "Сауыншылар жарысында үздік шықты" деп жариялады. Қыз көңілін ұқса ғой ол шіркін. Алтынай үшін қымбат орын артта болатын. Алтынайдың жүрегінде басқа бір бəйшешек бүр атып келе жатыр еді. Концерттен соң ол қапаланып үйіне көңілі құлазып оралды.

Сол концерт кешіндегі оқиғаның анық-танығын достарынан естіген Нұрлан енді өзінің орынсыз қылығына қатты ұялып іштей опынып жүрді. "Алтынай-ай..." Көңілі қалып қалған аяулы жанды жоғалтып ала ма екен енді...Осы ой орманы шуылдап жүрек сезімін шайқалтатын да сияқты. Мереке күні тіпті

тыншымады. Қызыл ту ұстаған балалар қолоннасы көшені әнмен жаңғыртып, бір айналып өтті. Клуб қызыл нұрмен безеніп, ішкі жасауы жайнап тұр. Музыка естіледі. Жастар дені сол жақта. Нұрлан үйінің терезесінен телміріп көше бойына ұзақ үңіліп отырды да, кешкісін клубқа қарай беттеді. Бүгінгі кешке шақырып еді Алтынайды. "Бәйшешек бере алмады" деп кекетіп кеткені тағы бар. Осындайда адамды ұят қажытады екен. Ойы он сақта. Клубқа беттеп келеді, бірақ аяғы кейін тартатын тәрізді. Сонадайда фермадан қайтқан сауыншы қыздардың сыңғырлаған үні естіледі. Құрбылар қолтықтасып, әсем күлкі төгіп келеді. Бәлкім, Алтынай да солардың ортасында шығар. Бірақ Нұрлан ол бетке қарай алмады. Кешегі өзінің жалған намысынан ұялды. Жедел басып ілгері озып барады.

Алтынай жанары осы жаққа қадалған. Әлгі сәттегі күлкісінен де тыйылып, сап болыпты... Бұл күні екеуі де мерекелік кешке бара алмады.

...Ауылға қарай зулап келе жатқан машина кабинасында жүргізушінің қасындағы Нұрлан далаға қарайды:

–Бәйшешек көрінбейді ғой. Күн салқын-ау, –дейді ол шоферге.

–Ия, салқын. Жылы жаңбыр төгіп өтсе ғой. Сонда құлпырар еді мына өңір. Ертең-ақ әлі...

Нұрлан көңілі ауылға алып ұшады. Мұның көңілінде бір жылы жаңбыр есіп өткені анық-ақ. Былтырғы өкініштің есесін Алтынаймен хат арқылы қайтарып, биылғы мерекеге келе жатқан беті. Жігіт жүрегінде де сезім шуағынан шырадай жанып бір бәйшешек гүл жарып қалған-ды. Ол ғұмырлық солмас нарт гүлнәр болатын.

ОНЫҢ ТӘЖІРИБЕСІ

(Әзіл әңгіме)

–Не жазсам екен, ә? – деп Болат бір күбір етті де, ойланып түйіліп қалды. Қолындағы қаламын қайта-қайта аузына апарып, сабын тістелеп отыр.

–Тәжірибе, тәжірибе, –деп бір сөзді тағы сілкілеп, алдындағы қатынас қағазға үңілді. Бұл – облыстық газеттен келген хат еді. Редакция қызметкерлері агроном Болат Сәкеновтен биылғыдай мол өнімге жеткізген озат тәжірибесін жазып жіберуді өтініпті. Ал Болат сол тәжірибесі құрғырды неден бастарын білмей, дал болып отыр. Қажет-ау деген цифрларын алдына тізіп, салып қойды.

Ойлап-ойлап шақшадай басты шарадай етіп әбден қатырса да тапты-ау әйтеуір:

–Алдымен еңбекті сүй, – деп жазып қойды бір сөйлемін.

Түннің бір ауығы өтіп кеткен. Шам жанып тұр әлі, ұйықтап жатқан балаларының бірі жылап оянды. Әйелінің дауысы бірге шықты.

–Құрғыр, сен әлі отыр ма едің! – деп ол орнынан көтеріле бергенде, Болат тұғжыңдап, қаламын ақ қағазға сырғыта жөнелді. Не жазып жатқанын өзі де білмейді, «ұялған тек тұрмастың» кебімен жанталасып жатыр. Әйелі жақын келіп, қағазына үңілгенде жаны бір ышқынып кетті сабаздың. Алдына қадалды да қалды. Үн жоқ.

–Бетім-ау, басыңа не болған өзі, үш сағат отырсың, үш сөйлемің жоқ. Шырағым-ау, алдымен осы сенде не тәжірибе бар, мына менен неге сұрамайды екен. Газеттің төрт бетін түгел толтырар едім...

Сылқ-сылқ күлген әйелі төсегіне қайта беттеді. Болат намыс

отына күйіп, қызарып қала берді. Қалтасынан блокнотын тағы суырып, цифрларын жоғалтқандай түгендеп жатыр.

Байқаған кісіге шынында әлгі жұбайының "қызық тәжірибесі" де бар еді. Алдымен әліптен бастайық. Техникум бітіріп келген Болат осы ауылға орналасқан соң үйлі-баранды болып, боз отаудың ошағын көтеріп тастаған. Жұрт қатарлы жүріп жатты. Жаз даланы аралайды, қыс көсіліп үйде жатады. Агроном жұмысы осы деп біледі. Тіпті оп-оңай. Кейде әйелі қужалап, "қысқы қаникулың қашан бітеді?" деп күліп қойып жүрді. Осы алдыңғы жылы ғой деймін, жыл аяғы болар, сірә, Болат тыныштыөмірін өзі бұзды аяқ астынан. Шай үстінде отырып, бір жаңалығын айтты.

–Мына көрші кеңшарға агроном Есләмбек сыйлық ақыға 2 мың сом алыпты.

– Ескіше ме? – деді таңырқап.

– Жаңаша.

– Саған бірдеме бар ма?

– Жоқ болып тұр ғой.

– Собалағым-ай, сопиып қалған екенсің, ұйықтағандағы қорылың жаман еді.

–Бұл жерден көшпесе болмайды, жері жаман. Егін шықпайды.

–Ойбой, оңды жерді қайдан ойып берейін, төркінімнен әкелер едім, алыста, – деп әйелі бір кекетіп қойғанда Болаттың қолындағы кесесі қалтырап кетті.

–Міне, неше жыл болды сыйлықтың атын естиміз, затын көргеміз жоқ. Өзі сенің маңдайыңа ондайды жазбаған шығар, мына менің орныма отыршы, білекті түріп өзім шығайын, не пұл болар, не күл болар.

–Енді жері жаман болса не істейсің? – деп Болат кесесін басына төңкеріп, міңгірлеп еді, жұбайы тіпті өршіп кетті.

–Ойбой енді не айтайын, тіпті болмадың ғой, жері жаман

емес, ері жаман ғой, шіркін. Осы үйқыда қалған бірдеңең бар. Таңертең трактористер келіп, дырылдатып сирағыңнан сүйреткенде есікке жетіп бір-ақ оянасың ғой, бейшара. Сонда ойлаушы едім, осының түсі жақсы болған соң қимайтын шығар деп, түсіңді қайтейін, ісіңді қайтейін. Бар бол тек.

Әйелі бая-шая болып біраз тулап алды. Сөзінің бәрі де дұрыс. Болат ләм деп аузын аша алмай, бір кесе шайды қақалып-шашалып зорға бітірді де, далаға шығып кетті. Міне осы күннен бастап агроном жігіттің құлағынан ызың кетпеді. Шай үстінде әйелі "анау қанша сыйлық алыпты, мынау қанша" деп бүкіл ауылды түгендеп шығады. Болат байғұс бар пәледен "білмеймін" деген бүркенішпен құтылады. Тіпті байыздап үйге отыра алмай, ас-суын ішкен соң зыта жөнелетінді шығарды. Әйелі жөн сұрап зорға үлгеретін болды.

–Қайда барасың?

– Тұқым тазалап жатыр еді, соны көремін.

–Сен көргеннен бірдеңе болады дей ме? Үйде отыр онан да. Мен кеңсеге барып жұмыс сұраймын. Мына бес баланы кім асырайды дейсің? Құдай да біледі, үндемейтінге үйіп-төгіп бесеуін бере салуын қарашы.

–Қазір, қазір, – деген Болаттың табаны бір-ақ жалтырайды. Соңынан әйелі сылқ-сылқ күледі. "Осылай жібін ширатып алмаса, болбырап барады". Бұрын ері қанша ұйықтаса да ауыз үйде өз шаруасымен түйтіңдеп жүре беруші еді, енді басқаша әнге басты. Жұлқынып оятады.

–Болат-әй, тұр, тұршы, бол. Су әкелші, дүкенге барып келші. Егінің шықпай кеңшардан бәрі бір абырой алып жатқан жоқсың, рахметті менен есті.

–Түу, кешіктім-ау, неге ерте оятпадың?

–Қайда барасың?

–Зябь жыртып жатыр ғой. Соны көруге.

–Сылтауын қарашы, сылтауын.

–Рас айтамын, келгесін әкелермін, кешігіп барамын. Агроном жігіт аузына су да ұрттамай, асығыс шыға жөнелді. Содан күн ұзаққа әйтеуір бір бас сұғып, нәр шалып кетеді де, ана шаруа, мына шаруамен зыр жүгіреді де жүреді. Әйелі кейде алакөбеден басын көтеріп: "Болат, картоп аршып, шай қойшы, мына бала тұрғызбай жатқаны, түнімен сорып еді, әлі айрылмайды" деп салады. Ондайда Болатымыз ақырын тұрып, картобын аршып, шайын ызылдатып, әйелін оятып кетеді.

–Ал, кеттім. Ұйықтап қалма.

–Қайда? Шай ішпейсің бе?

–Біраздан соң келермін. Трактористерді тұрғызайын.

–Бейшара, биылдыққа зырылдап жүрсің. Сыйлықтан тағы да аппақ болмасаң жарайды ғой. Егінің шығып кетсе, биыл белсенуің күшті, – деп әйелі енді аяушылық білдіре бастады. Болат кештетіп келсе күлімсіреп қарсы алып, бар жақсысын алдына тосып, бәйек болады. "Шаршаған ғой, таңертең мүжігенім де жетер. Дем алсын" деп ондайда өзі ұшып көбелек болады. Болаттың да ішкі есебі өзінде: "Биыл бір көрейін, егін енді шықпаса көшемін" деп қояды іштей. Бар жанын салып-ақ белсенді. Қыс басынан тыным таппай жанталасты. Егінге байланысты бар жұмыстың басында жүрді. Оқыды, үйренді. Әйтеуір түздегі жұрт, үйдегі әйел алдында жер болмайын деп жанұшырды.

Несін айтасың, орақ келгенде Болаттың үні де естілді-ау, шіркін. Бұрын ауданнан келген өкілдер көзіне шұқып кеткенде үндей алмай тұқырып қалатын. Енді еркін сөйлеседі.

–Әр гектардан канша алып жатырсың, агроном жолдас?

–Отыз центнерден.

–Охо!

–Кейін әлі өседі. Қалың егін артта.

–Бәсе, осылай бір сілтеші. Міне енді сенің тәжірибеңді көпке тарату керек, – деп кетіп жүрді ауданнан келгендер.

"Тәжірибе" деген сөз содан басталып, Болат атына арылмай жабысып еді. Соның ақыры міне облыстан бір-ақ шығып отыр. Ол қағазды шимайлап отырып, "Тәжірибе: ұйқыны азайт, еңбекті көбейт, ол үшін..." деп әншейін жаза салды да, өзі мырс етті.

Әйелі әлі ұйықтамапты.

–Боқаш, гектарынан 30 центнерден алғанда саған қанша сыйлықақы келеді:

Жігіт даусы нық шықты:

–Кем қойғанда екі жарым мың.

–Ескіше ме?

–Жоға.

–Андағы мақалаңа да төлей ме?

–Енді.

–Айбекке бір тон болып қалса.

–Шіркін-ай, мол қолсың ғой, – деп күлді де, Болат тәжірибесін жазуға кірісті.

"КЕЛ, БИЛЕЙІК..."

Ауыл клубында осы бір кештің ажары қандай әсем еді. Бәрі жарасып-ақ тұр. Жасау-сәні де бірсыдырғы тәп-тәуір. Жастардың ойын-сауығы дуылдап қызып, думан базарын күпілдетіп барады. Күлкілі жүздер, көңілді жандар. Музыка шалқыған сайын бірге толқып, қалың ырғақ болып тербеле жөнелді. Тек қана бір топ жігіттер есікке таяу шетте ыңғайсыздық қалпымен осы қызыққа іштей құмарлана қадалады. Біртүрлі амалсыз шырмалған тұрыспен қипыжықтап, байыз да таппайды өздері. Бір-бірімен түртіне сөйлесіп, соларынан мәздік тапқандай.

Оттең бұлар би білмеуші еді-ау. Әйтпесе мына нөпірдің ортасында қалқып жүрерліктей көңілдері бар. Әсіресе Аманжолдың халі тым тынышсыз. Тағатсыз-ақ. Жаңағы бір әзірде салтанат үстінде біраз көтеріліп қалғанды. "Таңдаулы трактористіміз Аманжолға бірінші мамыр мерекесі үстінде сыйлық етіп қол сағат ұсынамыз" деп кеңшар директоры даусын мақамдай сөйлеп, көпшілікті бір серпілтіп тастаған. Дүрліге қол соғады. Кең иықты, денелі Аманжол маңғаз басып сахнаға көтерілді. Сол сәттегі қуаныш-мерейін айтсаңызшы бәрінен. Жұртқа қарауға қысылғандай болып, жүз бұрып именшектей берген.

–Жарайсың, жігітім!

–Құтты болсын!

–Шіркін, қай қыздың маңдайы жарылып тұр екен, – десіп әзіл-қалжың құттықтаушылар да араласып кетті.

Екі беті нарттай жанып, күреңіткен қараторы жігіт шалқақ жүрісімен нық басып орнына отырғанша жұрт қол соқты. Қошеметі қандай еді. Әсіресе әлгі бір "қыз" деген сөз жүрегіне шық етіп майдай жағып, қытықтап тұрып алды ғой. Енді, міне, қайрансыз тұрған қалпы. Би басталғанда-ақ қанатын сабалап жағада қалған жаралы құстай шеттеп шыға берді. Мана осы кешке келерде құрдасы Оралмен екеуі құпия сырларын ақтарысып, бір қыздарды іштей қарауылға алып көздеп те келген. Сол бір лапылдаған үгіт қазір алай-дүлей. Оралы түскір қолтығындағы ана бір қыпша белді көбелектей үйіріп, дөңгелетіп жанынан өте шықты. Екі езуі құлаққа шығып кеткен. Көз салар емес бұған тіпті.

Бір сәтте тілеуің бергір музыка да сап болды-ау. Аманжолдың арқасы кеңігендей орнынан қозғалып қойды. Жігіттер мен қыздар қол ұстасқан жұптарымен қабырғаға қатарлап тұрып жатыр. Мұның қасына Орал да келді. Қолтығында әлгі қыз және мына Аманжол ұнататын ақжарқын Дәмеш.

–Аман-ау, не қып тұрсың, той сенікі ғой, – деп Дәмеш бірден жігітті өзімсініп, еркін сөйлесті.

–Би білмей тұсалып тұр ғой, әйтпесе аянатын жері осы ма еді, – деп Орал қалжыңдап қағытып еді, маңдайынан тер бұрқ ете түсіп қипалақтай берді. Кірпіктері қыпылық-қыпылық етеді. Дәл бір би дегенің шыңыраудан алар нәрсе болса, қазір-ақ күмп беретіндей кейіпте еді батырың.

–Ал, ән айтайық ендеше.

–Жолдастар, ән. Кәне, ән салайық, – деп Дәмеш жалт беріп ортаға қарай шығыңқырап баршаны өзіне қосылуға шақырды. Апырмай өзі де бір бүкпесіз, ақжарқын, ашық. Сұлуша ақ сұр жүзі, қиылған қара-қасы – бәрі көріктеніп, құлпырып сала береді осындайда. Жастар тына қалып, ендігі бір демде ән кетті әуелеп.

"Сәулем, сәулем, сәулемсің, – деп қиылып қайырған сәтте Аманжолдың көзі Дәмешке түсіп кетті. Ол да өзін дәл бір осыған арнағандай ойнақы жүзбен қарай қалыпты. Көздер абайсыз ұшырасып, тайсақтап кетті. Осы әнді қыздың өзі қалап арнап айтқандай болып көрінді бұған. Іші жылып сала берді жігітіңнің. Әдемі даусы бар еді, қысылса да қосыла кетті, жүзінде сондай бір жақсы шырай шапағаты нұрланады.

–Өзің әншісің ғой, – деді Дәмеш бір кезде тракторист жігітке.

–Әнді осы айтсын, – деп Орал да көтермелеп өзі бастап:

"Кел билейік, кетпе менің қасымнан" – деп би құшағына ұша жөнелгені ғой.

–Ал, Аман, ренжіме, – деп көз қысты да Дәмешті іліп әкетті. Әлгі бейтаныс қыз екеуі қалды. Аманжол жақындап сыр тарта бастады.

–Атыңыз кім?

–Гүлімай.

–Қаладан келдіңіз бе?

–Иә, – Осылай енді тіл табыса бергенде жігіттердің бірі қырындап келіп:

–Қарындас, – деп иіліп өтініп, алып кеткені. Әттеген-ай, Аманжол өмірінде мұндай өкінбес. Өзінен өзі жасқаншақтап

тағы да тұқжаңдап қалды. Біраздан соң би үзіліп, әнге кезек тиді-ау. Орал мен Дәмеш те қасына келді.

Қызда болса үмітің,

Батылдау бол, жігітім, – деп ерке назбен қабақ қағып қалғандай болды бір кезде қыз. Тіпті өзіне арнап сылқылдатып тұрған сияқты осы бір ойнақы әнді. Аманжолдың ішкі әлемі от болып жалындап тұр. Шіркін-ай, қолды ана қыпша белден орай салып, ыстық құшақта билей жөнелер ме еді. Бәрі жәй көңіл ғой. Әй, Оралы түскір тағы да шыркай жөнелді желкілдетіп.

Кел билейік...

Жұрт тағы да биге ауысты. Әттең Аманжол Дәмешпен тым болмаса дұрыстап сырласа да алмады. Тек ән үнімен сөйлесіп, қыздың өзі сондай бір қылықты наз арнайтын сияқты. Әйтеуір Орал бөгет болып, осы биді қолды-аяққа тигізбей елпілдетіп тұр. Әне, вальске әбден құлай беріліп, ұршықтай үйіріліп зырлап жүр. Мәз-мәйрам. Бейне бір мамыр мейрамы осыларға ғана қанат бергендей тынбастан толқып, бұрала ырғалып қатты әсерлене дөңгелейді. Аманжол соның бәріне тамашалай қарайды. "Түу, мына бидің қорлығын-ай, қыздармен тиісудің де бір себебі екен, қап" деп өкінеді іштей.

–Ал, енді ойын басталады. Кәне, дөңгелене тұрыңдар, – деп жаршы жігіттердің бірі жаландаған еркін мінезбен жұртты ысыра кейін шегіндіріп тәртіптей бастады. Жастар күлкі-сауықтың сәнін көріктендіріп, әзіл-қалжыңын да жалындата түседі. Сондай бір әсем жарасты, тәртіпті тамаша кеш болып көпшілікті қатты сүйсіндіріп еді. Соның желігі болар, бәрі де бір ұсыныс болса лып қолдап, жөнге де тез иіле кетеді. Аманжолдың да жаны кіріп, қапысыз соғар сәтті тұсы осы деп білді. Не болса да бұрын сырттай ғана таныс көрші ауылдан келген қыз Дәмешпен анық сұхбаттасып, ұғысып қалмақ осы кеш.

Жастар "орамал тастау" ойынын бастап кетті де, ән айту кезегі Аманжолға тиді. Мына топқа аса батып үйлесе алмай

би білмегеніне қымсынып тұрған жігіт күлімсіреп ұяңдау жүзбен ортаға шықты. Көп көздер қадала қарайды. Әсіресе Дәмештің жанары бұл жолы мұңая қалыпты. Арғы түкпіріндегі жасқаншақ діріл қыпылықтап үркек сәуле шашады. "Жан сәулемді" шырқап кетті. Не болса да, тікесінен түсіп жүректі үзіп салды. Қыздың манадан бергі мінезіне "қайтарған жауабым, ұқ өзің" деп жар салып тұрғандай болатын. Сондай тебіренген әсерлі үн ғажап шырқатып, көп тыңдаушысын анық тамсантып-ақ тастады.

Жан сәуле, асыл бейнең көз алдымда.

Көргенше нұр жүзіңді төзе алдым ба, – деп шалқытып әкеп Дәмеш жүзіне қарай бұрыла беріп, көз қиығын тастап қалды. Қыз мұның дауысына сүйсініп жанарындағы манағы үркек сәулелер ұшқын ата қалыпты. Соны сезгенде жігіт тіпті шабыттанып кетіп, әннің соңғы қайырымдарын өзі де тебірене төгілтіп барып аяқтады. Ән біткенде сатырлата қол соғылды. Бәрі мақтап, қостап жатыр. Ақырын байқаса Дәмеш те аппақ сүйріктей саусақтарын майыстыра жұқа алақандарын балаша қуана соғып тұр екен. Осы арада Аманжол Қазақстан композиторларына бір сүйсін-ау. Тіл жеткізе алмаған дүниесін әнмен тамылжытып берді.

Бір шақта сыртынан Орал келіп, шынтақ қағып тұр.

–Бәлесің-ау. Мына қызға құлап қалғаннан саумысың?

–Тс. с. с... Үндеме. Орайы келейін деп тұр.

–Құттықтаймын.

–Қарағым, биіңмен миымды шақпақшы. Саябыр тапшы.

–Үйрену керек, балапан. Үйренемін деп етегінен ұстап қалмасайшы.

– Қойшы осы.

– Ал, кәне, би. Кел билейік, кетпе менің қасымнан, – деп сақ-сақ күлген Орал тағы да жұртты биге алып кетті. Аманжол қалып қойды. Не керек, бұл да бір әнім-ақ екен. Әттең би білсе.

Қыздың аш белінен айырылмай "кел, билейік, кетпе" деп тұруға да болады екен...

Кеш шадыман түн аспанына шалқытып біраз уақытқа дейін отын жарқыратып тұрады. Жастар дәл тарасар шақта ертең де осындай түйісуді уәделесіп қалысты. Бұл кеште Дәмешпен сшқандай ынтық әңгіме сабақтай алмаған Аманжол Оралдың үйіне бірге қонып, оған да ұйқы бермей қорбаңдап би үйренумен болды. Өзіне сондай ұнаған әннің ырғағын қайталап "Кел билейік" деп ыңылдап бір басылмайды. Әйтеуір би әлібін таныгандай бір рахаттанып бас қойып еді жастыққа. Таңертең де сергек тұрып. Би ырғағын тағы бір қайталап шықты. Өз-өзімен мәз.

Далаға шыкса клуб алды қызылды-жасылды киінген жастарға толып кетіпті. Күркелі машина тұр. Сірә. көрші ауылдан келген қонақ жастар аттанғалы жатса керек. Ән-күй естіледі. Орал екеуі жалма-жан сонда тартты. Қап. кешігіп қапты-ау. Қонақтар машинаға да орныгып алыпты. Ортасында Дәмеш те отыр. Қоштасу әнін асқақтатады олар. Машинадан түсе қалып. билеп жатқандар да бар.

–Ұйқышылсыз ғой, – Аман. – деп Дәмеш бұрылып тіл катты. Даусы тіпті еркін. Сыралғы адамдардай іш тартып сөйлейді.

–Үлгердік қой. – Аманжол бұдан басқа ештеме айта алмады.

–Ал онда әнмен қоштасайық. Бізге де келіңіздер. Келесі мереке бізде өтсін, – деп тілек айтады қыз.

–Болсын.

Ән жалғасып жатыр бір-біріне. Осы топ сүйетін әуендердің көбі шырқалды. Айырылысар сәт те соғып, машина сигнал берді. Осы тұста Аманжол тағы да "Жан сәулемді" боздатып жібергені бар емес пе үзіліп. Бәрі де елітіп, екпіндете қостады. Басыла беруі мұң екен Дәмеш Аманжолға тура караған қалпы:

Сүйгенім менің қалада... – деп сұңқылдай жөнелгені. Осы шақтағы жігіттің жүрегін айтсаңызшы бәрінен. Өңі құп-қу болып, құр ыржиып қалыпты. Соны сезді білем Дәмеш те мәз

болып күлімсіреп, омырауындағы қызғалдақтарының бір талын ұсынды. Сол сәтте жігіт жүрегі «Кел, билейік» деп боздап қоя бергендей-ау.



ҚЫЗЫЛ ЖАҒА

Ауылдағы карттар қызық қой. Тіпті шөп басы қимылдасақ соның сыбысына дейін біліп отырады. Бастары қосылса-ақ арғы-бергі жақты түгел сүзіп, осы төңіректің бар жаңалығын саусақпен санап шыққандай болысады. Әңгімені гулетіп рахаттанып-ақ қалады-ау. Енді міне Жантас ақсақал кешқұрым есік алдында таяғына сүйеніп айналаға «кім көрінеді» дегендей алаңдап көз салып отыр еді, көршісі Мақан карт үйінің алдына шығып бір сәт қақырынып алды да, бөркін бастыра киіп бері қарай аяңдады.

–Иә, амандық-саулық па, Жәке? – деп ол кәрілікке иіліп қалған денесін сықырлата қозғағандай болып, қасына уһлеп жайғасты.

– Шүкіршілік қой.

– Не естіп, көргенің бар?

Не болушы еді, бәтшағар. Үйден екі аттамаған кісі не біледі. Кешеден бері бір құяң қозғалтпай. Шығып отырғаным осы.

– Әлгі Нұрқанның баласы бізге милиция болып келіпті ғой. Бұрын мына көрші совхозда еді. Бізге ауыстырыпты.

–Бәрекелді. Анада бір көріп едім, сонан қайтып ұшыратқан балам емес. Мінезі қалай еді өзінің?

–Қайдам. Жаман атамайды ғой.

–Е, дұрыс. Осы ауылдың шопырларын бір жүгендеп берсе

екен. Шіркіндер тойдан шыққандай сайтан суға сілейіп алады да, көшеде осы машинаны айдай-ай келіп. Балаларды жазым қыла ма деп қорқамын.

–Иә, келгені дұрыс болды.

–Қай жерге түседі екен?

–Сізге көрші болады-ау деймін зады. Ар жағындағы үй бос тұр ғой. – Осы тұста Жәкеңнің қабағы кірбің етті.

–Е, ендеше етегіңді жауып жүр десейші. Бұл маған құт болмайды.

–Е, неге?

–Ойбай-ау, жем-жарма әкелмей қалай отырасың. Тұзағын бір салса тырп ете алмай құлындап қана жүрерсің. Ана жылы осында милиция болған Қалаубайдың баласын білесің ғой. Кешке қарай астыма бір қап жем басып есік алдына тоқтай қалайын. Бір уақытта сап ете түскені ғой. Сол сол екен пәлеге басымды байладым. Зәһаннан емес пе, арбадағы капты суырып алып өзімді біраз сілкіледі. Ашуы мұндай болар ма. Тіпті жер тепкілейді. Әйтеуір тамағының тесігі бар екен. Сол құртты басын көріп қалдым да, бір шыны тоңқарып жіберіп едім, әлгім иіліп жастық, жайылып төсек болды да қалды. Тұқымын жаңа тапқандай ағалап мойныма асыла ма не керек, зықымды шығарып, бүкіл бетімді жалап бітірген. Қайтейін, құлыным деп мен де арқасынан қағып қоямын. Аржағым қайнап отыр, қайтейін! Сол сол-ақ екен үйден шығуды қойған. Біресе тоңып келдім дейді, біресе үсіп келдім дей ме. Тамағы жыбырласа қыста да қатпайтын суат бардай біздің үйге жүгіретін. Солай болып жүрмесе.

–Қой бұл есті бала көрінеді.

–Ана бишараны мен де бұзаудай-ақ байладым, – деп Жәкең сақалын салалай тарап бір күліп алды. – Таңертең басы ауырып тұрады ғой. Ішкісі келгені бесенеден белгілі. Осы үйді ойқастап алай бір, былай бір өтеді. Ішім сезеді де, "бәрібір ішесің ғой"

деп шақырып аламын. Жетпіс жеті атасынан түсе қалып бергі әкесіне тірелемін. Сонда күле береді. Артынан балалар менімен ұстасады. "Ұят емес пе, көңіліне келер" деп маған ұрсады. Көңілінен білемін ғой. Үйге кіргізіп бір жүз грамм ұстата берсең күлімсіреп, әлгінің бәрін ұмытып кетеді. Тіпті қызара бөртіп алған соң қылжақтап "аға, тағы бір боқташы" дейді ғой сабазың. Сөйтіп бермесіңді тағы да тартқандай ішеді. Бейшара сол ішістен оңбай жүр ғой.

Жантас қария да іштей есепке жүйрік. Қалаубайдың баласын әлгіндей амалмен айлалап, жіңішке жолмен ұсақ ұрлығын жасай беретін. Шырпы-шылан жинаған болып, арбаның түбіне бір-екі қап жем іліктіре келуші еді. Онысы елеусіз кете баратын. Енді міне арықша келген сұңғақ бойлы, атжақты, ақкұба жігіт учаскелік милиционер Нартай қасына қоңсы қонғалы ол тірлігінен де қалды. Орақ болса мынау. Егін бітік шығып, бәрі жанталасып жатыр. Осы қарбаласта азды-көпті бірдеме қамтып қалуға болады. Бірақ дәл иығында отырған қызыл жағадан қаймығады. Нартай келгелі ауызға ілігіп жүр. Оны да күнде естіп жатыр. Әйтеуір әлгі өзінің жыны түсіп жүретін жүргізушілердің сайтанын басып үшкірген екен. Жәкең соған алдымен қуанды. Қазір олар аяғының ұшымен басқандай тәртіп сақтап сызылып тұрады. Осы кезде әр тұстан түні бойы салдырлап жүгіріп тұратын арбалардың да үні сап болған.

–Әй, осы көрші хақысы, тәңір хақысы деген, милиция баладан ұят болды. Ана тоқтыны сойып ерулік берейікші. Өзіміз де ыстық сорпа ішейік, – деді ол бір күні кемпіріне. Сөйтіп, Жәкең көршісінің алдынан өтіп аузын майлап алмақ болды. Бір үйде кемпірі, немересі үшеуі ғана еді. Балалар есейіп, алысқа ұзап, қыр жайлап кеткен. Бірі оқуда, бірі қызметте.

Кешкісін қазан бұлкілдеп, үй ішін жас еттің мұрын жарған жұмсақ исі жұпардай жайлап жүре берді. Жәкең қылтитып

шөлмектерін де дүкеннен өзі әкелді. Жалғыз болмасын, жанында ішкізіп отырар біреу тізелессін деген оймен тағы бір көршісі қырықты алқымдаған қырма сақал Шәйкенді алдырды. О пәлені де суқаны сүймеуші еді. Әттең, мына Нартайға сонау бір зәузатынан шатысы бар деп естіп, амалсыз ілікті.

Қонақтар келіп, жасы үлкен болған соң Шәйке төрге жайғасып алды. Жәкең онысын да іштей ұнатпады.

– Сен бері отырсаңшы. Ана бас қонақ төрлетсін, – деп еді, сызылған сыпайы жігіт Нартай:

–Отағасы, ештеме етпейді. Отыра берсін, – дегені. Анаған да сол керек, мойнын қисайта бұрып қарады да, қозғалақтап пық орынға түсті.

«Аузының салымын» деп қойды іштей қарт.

Сарыала құйқасы сілекей шұбыртқан бас салынып үйеме табақ ет келгенде Шәйке қалтасына қол жүгіртіп, жүзі кере қарыс ақ алмас бәкісін суырып алды.

–Ал, тура, – деді Жәкең сұлық қана ауыз үй жаққа қарап. – Әй, ет салатын табақ әкел.

Ет туралып болған соң етектей газетпен қолын апыл-ғұпыл сүртіп жатқан Шәйке үлкен бір майлы кесекті ұртына тығып жіберген еді. Малжаңдап, көбесіне дейін қаратырнақ саусақтарымен етті олай бір, былай бір ойраңдап араластырған болды.

–Еттен алыңыздар.

–Ал, шырағым, бұйырған дәм, – деді Жәкең Нартайға иек қағып. Тағы бір уысты қарбытып жіберген Шәйкеге еркінсіп тіл қатты:

–Өй, ананы құйсайшы. Мен ішеді дедің бе? Мына балаға сен серік болсын деп шақырдым ғой.

Сылдырлаған стақандарға мөлтілдеп арақ та құйылды. Шәйке мұндайда жүзіктің көзінен өтердей жүйрік шешен болып кететін.

Лыпылдата жөнелді.

–Кәне, дәмді тостырмайық. Ал, Нартай.

–Ал, алып жіберіңіз. Нартайдың мұнысын кішілік ізетіне санаған Шәйке стақанға бір қарап толған тұрғандай болды да, көмекейіне құя салды. Нартай стақанын соғыстырды да, үстелге қайта қойды.

–Шырағым, мұның не? – деді Жәкең жұлып алғандай. Етті уыстап Шәйке де қарады.

–Ішіп жібер, жерге қойма.

–Жоқ, рахмет, мұндаймен әуестігім жоқ еді. Үй иесі аңырап қалды.

–Қой, қой. Мен кетіп қойғанға шегіншектеп отырсың ба? Кәне, кел онда бірге болайық, – деп Шәйке өз стақанын тағы да толтыра бастады. Жәкең күйініп отыр. «Қап, мынаның құдайы берді-ау. Шөпілдетіп толтыруын».

–Кел, соғыстырайық. – Толық стақандар үн шықпай тық-тық етті.

–Алып жіберіңіз, – деген жұмсақ үнге Шәйке шыдамады, тартып жіберді. Етті де уыс-уыс көсіп, езуінен майын ағызып, былапыт жеп отыр. Жәкеңнің іші удай ашыды. «Қаншама ас рәсуа болды-ау. Мұнысын кім білген. Мынаның желі оңынан тұрып, жемсауының қазанатын қарашы».

–Әлгі кәниәк деген ащы қызыл біздің қолға түспейді. Жоқ құрғыр, – деді үй иесі.

–Рахмет, бірін де аузыма алмаймын.

–Әй, сорпа әкел, шайыңды әзірле, асығып отыр, – деді үй иесі іштей Шәйкеге қыжыры қайнап.

–Жалғыз-жарымды адамсыз. Балалар алыста. Шаруаңызға көмектесіп жіберу қиын болмас, айтып тұрыңыз, – деді сөздің бір ретінде Нартай. Осы сөзге Жәкеңнің іші жылып қалған.

Арада аптадай уақыт өткенде Жәкең арбасына қауқитып қу молтақ отын артып орманнан оралып келе жатты. Отынның астында қаз-үйрекке деп егіншілерден сұрап алған бірер қап

жемі бар. Ымырт үйіріліп келеді. Көңілі онша күдікті емес. Көше айналмай әдейі милиционер үйінің алдынан өтіп, өз қақпасының тұтқасына тіреліп тоқтады. Саспайды. Ептеп түсіп, ішке кіріп кетпек болып қақпаны аша бастаған. Бір мезетте Нартай сап ете түсті. Қанша айтса да Жәкең жүрегі суылдап қоя берді. Қаны басына шапшып, зеңіп кеткендей болды. Уһлеуін жиілетті.

–Аға, отыныңызды мен түсіріп, үйіп берейін, – дейді. Үстінде жұмыс киімдері. Міне, маскара! Төбеден ұрғандай. Кеше ғана осы баланың алдында кейбір суықкөл шалдардың қылығын айтып, кінәлап алған еді. Белі түсіп тіпті бүкшеңдеп қалды.

–Құрғырды қойшы, ертең өзім түсіріп алармын.

–Жарық жоқ па? Түсіріп берейін.

–Таста ойбай. Жарық жоқ шығар.

–Ештеңе етпес. Ана есікті ашып тастаймын...

–Жүрші үйге қымыз ішейік.

–Артынан, аға.

–Ә, онда өзің біл, – деді түнеріп қолын бір сілтеп. Айналшықтап тұрып, тағы да даусы дірілдеп үн қатты. – Нартай, шырағым, биені ағытпа. Ананың астында бір-екі қап жем бар. Жолдан тауып алдым. Біреу түсіріп алған болу керек. Соны ана қырманға апарып беру керек.

–Жарайды, жарайды.


Жәкең ләм-мим деместен денесі ауырлап үйге кіріп барады. «Әй, қызыл жаға, сезбейтінің жер астында-ау. Іштен оқып туған ба! Қап та кетті. Кетсін. Сонымен садақа. Аулақ, мұндайға аяғым баспасын».

Таңертең есік алдында жүдеп отырған Жәкең көшенің басына қарай береді. «Өзім совхоздан жем жаздырып, әкеп берейін» деп ақша алып кетіп еді Нартай. Соны тосты. Расы ма? Жай көңіл алдарқату ма?

Міне үйінің алдына машина да тоқтай қалды. Нартай жұқа болса да тарамыс екен. Қаптарды бірінен соң бірін лақтырды.

–Әй, қызыл жаға, қымыз іш. Ішпесең жібермеймін. Әйтпесе мынаны алып кет, – деді Жәкең даусын көтеріп. Үні жарқын. «Әй, қызыл жаға, қызыл жағам-ай, жұрт бекер айтпайды екен ғой» – дей береді.

Сүйсінген белгісі.



«ДӘМЕСІН ҚАРА»

–Құдай бірдеме берер, не қылып ерте келдің? Кәмиланың есіктен кіре берген Батырқұлға бірінші берген сұрағы осы. Күндегідей емес, бүгін көзі күлімдеп еркін ерекше бір жұбайлық жылы жүзбен қарсы алды. Іле самауырын ала жүгіріп, қызмет адамын қамсыз күткеніне қысылғандай да сияқты.

–Ойбай-ау, шай қоюды да ұмытып кетіппін. Кім ойлаған бұлай ерте келеді деп, неғып бүгін басын бұрмады бір жаққа. Шүкіршілік деп құрмалдық беру керек екен...

–Әй, өзің немене менен әбден күдеріңді үзгенбісің? Кешіксем, осы тентіреп жүреді деп ойлайсың ба? Жұмыс тағы...

–Өйт, шіркін-ау, жұмысын қара, немене күн сайын кешке дейін жұмыс бітпейді де, күн сайын сені семірткен соғымдай араққа байлап қоя ма? Ішпей келген күнің бар ма? Кәне, айта қойшы, мына күні деп.

–Бүгін ше, саумын ғой. Батырқұл құр ыржиып әйеліне мағынасыз күлімсірей берді. Кәмиланың соңғы сөзіне дәл жауап айту қиын еді. – Ал онда бір жартының мұрнынан қан шығарып құрмалдық жаса, қазір ораза ғой қабыл болар, сол жартыны ішкен соң қояйын мүлде. – деп ар жағын қалжыңға

бұрып әкетті. Тағы да тісі ақсия ыржыңдап күледі. Ұғымсыз, жұғымсыз күлкі бір.

–Осы неменеге күле бересің? Арақты айтсаң күлкің келіп тұра ма? Қойшы осы, былай бір жөні түзу жүрсейші.

–Ал, қойдым онда, екеуміз күнде кешке киноға барайық, қолтықтасып көшеде жүрейік, культурно болайық, – деп Батыркүл өз сөзінің қадірін өзі кетіріп, жөнсіз ыржалақтайды. Киімін шешіп жатыр. Әйелі шай қамына айналысып кетті. Күнде бұл уақытта кешкілік көлеңке шырмап, көңілсіз болатын үй-іші бір түрлі жаны толғандай жайнап жүре берді. Жас жұбайлардың жарастығы жаңа табылғандай. Кәмила тіпті көңілді. Ыңылдап ән де айтып қояды. Қуанбай қайтсін, мына Батыркүлдың қызметтен көптен бері ерте келгені осы. Үнемі түнделетіп, табанын теріс басып жүргені. Жылап та, жалынып та, жұбатып та көрген. Тіпті түзелмейтін қисықтай құлағына ілмейді. Үйден шығарда ант-су ішіп, қойдым дегенді қырық қайталайды да, кешке көзі қызарып қайтатын. Әйтеуір, бүгін тіпті тамшы арақ аузына алмаған секілді. Соны растап, көңілін тағы бір тыншытқысы келгендей еріне анықтап қарап қойды.

–Немене қарайсың, сенбейсің бе? Жаңа көрдің бе? – деп Батыркүл бағзы бір күлкісін қайта бастайды.

– Жай, әншейін, Батыркүл құр шайдан гөрі пельмен пісірсем қайтеді?

–Өзің біл. Бәрін де жеймін, тас пісірсең де жеймін, тек сен пісірсең болды.

–Қойшы, осы қалжыңың қалмайды.

–Ал, кәне, маған өтек тауып берші, костюм-шалбарымды бір қырлап, сырлап қояйын.

–Қайда бармақшысың тағы да?

–Қайда барады дейсің, жөндеп қояйын да, бүгін мына көрші шақырмай ма?

–Дәмесін қара, шақырса шақырар, шақырмаса қояр, ұят емес пе оған дайындалып. «Асатпай жатып құлдық» деп сен-дағы...

–Е, шақырмайтын немене соншама, мені алабөтен ойып тастар дейсің бе? Бүгінге деп белгілемеп пе еді өздері.

–Иә, бүгінге дайындалып жатыр ғой.

–Онда өтегіңді әкел, мен бір қыздарға қырындайтын болайын, – деп Батырқұл қалжың айтып жұтынып жүр.

–Дәмесін қара, бәсе неғып ерте келді десем осындай есебің бар екен ғой.

–Не есеп дейсің...Көрші отырып шақырған соң бару керек, адам сияқты болып. Өзінің тұңғыш ұлы болса, өзі бірге толса. Бармай көр кәне, ренжімей ме ертең...

–Барарсың-ау, барғанда неңді апарасың. Құр қол бару да ұят емес пе. Бірдеме тауып та әкелмепсің.

–Жә, ештеме етпес, айтармыз «ер мойнында қыл арқан шірімейді» деп. Борыштымыз дерміз. Құдайы көрші емес пе, кешірер.

–Мейлі, өзің барарсың, мен бармаймын, – деп Кәмила қабағы түсіп, жас балаша бұртыңдай қалды. Аузы томпиып, ыдыс-аяқтарды тарсылдатып жиыстырды.

–Қой, Кәке, тойға барарда ши шығарма. Одан да мына жаман ағаңа ақыл қос, – деп Батырқұл езу жимай ыржиып, жұбайын жұбатқан болады. – Масқараның бәле басын көрдің бе, бір ауыз өлең білмейді екенмін, өлең айт деп пәле қылады ғой. Әлі маған ауылдың алты ауызын артып қояр, құдайы көрші деп. Кәне, ана «Қазақ әндерін» тапшы, көйлек даярла... Шалбардың астына төсейтін бірдеме берші. Батырқұл бүгінгі кешке қызу әзірленіп әбігерге түсіп жатыр. Әр әннің басын бір қайырып, көңілдене көтеріп те қояды.

...Бұл шақта көршісі Кемелдің үйі де той жабдығымен жанталасқа түскен. Ағайын-туғандар осында табысып, ассудың басы-қасында жүр. Бәрі де жанашыр бауырлас көңіл

көрсетіп, қызмет пейілін білдіріп-ақ бағады. Бірі су тасыса, бірі қазан көтереді. Әйтеуір, асығыс сапырылыстан көп кісінің қаракеті уақыт өткен сайын соншалық қым-қуыт, жедел болып барады.

–Әй, Кемел, әй, кісілерің шақырылды ма? – деп бір мұртты мосқал адам ашық даусын ала келді.

–Жоқ, қазір, міне, – деп Кемел қолындағы қағазын көрсетті.

–Ойбай-ау, болсаңдаршы, нешеге шақырмақсыңдар?

–Сегізге. Қолына қарындаш алған Кемел қағаздағы тізімді жұбайына оқып тұр.

–Асқар біреу де. Болат екеу де, Үсен үшеу де, Батыркұл төртеу де... – осы тұсқа келгенде Жәмила Кемелді қатты түртіп қалды.

–Қойшы осы Батыркұлды, тағы да шатақ шығарады.

–Ұят емес пе, көрші отырып қалай қалдырамыз.

–«Көрші хақысы» тәңір хақысы деген, тастамаңдар, ұят болар, бірге отырып, – деп мұртты да сөзге араласты.

–Ойбой, Жәке, ол келсе бүлдіреді, сіз білмейсіз ғой, әнеугүні осында қыран-топан қылып берекемізді алған. Қандай ассуымыз ақтарылып, далада қалды емес пе. Барған жерде сөйтіп ыландатады да жүреді. Тағы бүлдірер. Оны шақырмаған ұят болмас, шақырған ұят болар. Қонақтардың құтын қашырар.

–Шақырайық та, ауыз үйде жүрер...

–Жүрер саған, бір грамм ішсе-ақ ұмытылар, төр үйге барамын деп. Қойшы соны, шақырғын келіп бара жатса соңынан оңаша шақырарсың. Бір жыл болды көрші болғанымызға, үйінен дұрыстап дәм де ішіп көргеніміз жоқ.

–Сонда да ұят...

–Ұят десең шақырма, – деп Жәмила қайтпастай кесіп айтты. Қиналса да Кемел келісті. Сөйтіп Батыркұл аты той тізімінен өшірілді.

...Кеш түсіп, көз шырмаған қараңғылық айналаны кою

құшағына алып барады. Батыркұл үйінің көршісіне қараған терезесінен қараңғылықты қақ тілгендей мол сәуле түсіп тұр. Терезенің пердесін түріп қойған екен. Анда-санда арбиған қара көлеңке келіп әйнекке жабысады. Тапжылмай тесіле қарайды аржақтағы адам. Бұл – Батыркұл.

–Кісілер көрінбейді ғой, әлі шақырған жоқ шығар, Кәмила, сен барып бірдемесіне болыссайшы, – дейді әйеліне. Өзі әлі қарап тұр…

ӨСИЕТ

Жасы егде тартып жүрісі мамырлаған орта бойлы толықша әйел сол қолының қарына бір бума газет-журналды орай қысып он қабатты үлкен үйдің шеткі подъезіндегі желмен қалбалақ қағып тұрған жұлым-жұлым есікті зорға ашып ішке кірді. Соңына жетінші класта оқитын қызын ерткен. Кешеден бергі дағдысына бағып қараköлеңке подъезде самбырлап сөйлей жөнелді.

–Апырмай, осы жердің жарығы бір жөнделмей қойды-ау. Жүгірмек келгір балалар шыдатпай қойды. Бәрінен бізге қиын. Міне түк көрінбейді. Біреуінің кәзетін ауыстырып алсаң ғой шошқа дауындай шыңғырып шыға келеді. Бері кел міне тағы да бір көрсетіп шығайын.

Екеуі ұзын қабырғаға мықтап қағылып кең қапталдай етіліп темірден істелген почта жәшіктерінің қатар-қатар тізбесінің басына барып тұрды.

Жұрттың ең көп алатыны екі облыстық газет қой. Қазақ және орыс тіліндегі. Соларды таңбаладым әр жәшікке. Орыс газетін бір таяқшамен, қазақ газетін дөңгелекшемен белгіледім. Таңертең сабаққа бararда осы таңбаларға қарап отырып екі газетті жүгіріп үлестіріп шығасың. Жаңылып кетпе, құлыным. Жаңылсаң шатағын мен көремін. Қазір жұртты білесің ғой. Жағаңнан ала кетеді. Құдай сақтасын, әйтеуір ешкім аямайды. Кеше ана жиырмасыншы пәтердегі шегір көз шал ерінбей-жалықпай осы жәшіктердің жанында менің келуімді аңдып тұрыпты. Бір сағат тостым деп дікіңдей жөнелгені ғой.

–Мама, ол қандай газет алушы еді? – деп қызы жиырмасыншы нөмірлі жәшікті іздей бастады.

–Құрғыр оның кәзеті аптасында бір рет келеді. «Ардагер» деген кәзет. Мәскеуден. Соны мен кешіктіретіндей кеңірдегімнен ала жөнелетін әдеті бар. Әркіммен арсылдасып жатсаң нең қалады. Әйтеуір үндемей құтыламын. Ол шалдың газетін мен саламын. Сенде облыстық газеттер ғой.

–Қазақ газеті былтыр үшеу еді биыл төртеу болыпты ғой, мама, – деп қызы жымиып шешесіне қарады.

–Құлыным-ау, соны мен де күнде санаймын. Қаладағы қазақең көп тұратын үй осы. Жүз жиырма үйдің оны қазақ, соның төртеуі қазақ газетін, алтауы орыс газетін алады. Кейде солармен ұрысып та қаламын. Біздің қазақ шоқынып кетті ғой, айналайын.

Осы кезде подъездің есігі ашылды да кіріп келе жатқан әйелдің сұлбасы көрінді. Тық-тық басып келіп бұлардың қасына тоқтады да, жылы лебізбен амандасты.

– Газеттерімді ала кетейінші, – деді ол.

–Мінекейіңіз, – деді хат тасушы әйел. Биыл «Ленин туын» алады екенсіз. Мен де қуанып қалдым.

–Сіздің қуанғаныңыз қалай? Сол газеттің редакциясында біреуіңіз істей ме? – деп жиырма бесінші пәтердің иесі таңдана түсті.

–Қазақтың көбейгеніне қуанбаймын ба? Былтыр үш кәзет еді, биыл төртеу болды. Содан алғашқыда бір қазақ көшіп келген шығар деп жүргенмін. Байқасам сіздің жәшік қосылыпты.

–Ия біздің бала жазылды. Сол балам ақтарып жатады. Әкесі қолынан тастамаушы еді «Ленин туын». Былтыр ауылдан бір ағасы келіп балама ұрсып кетті. Ол байғұс осы үйге кірген сайын біздің жәшікке қарайды екен. Сіздер ана дөңгелекше белгіні өшіріп тастаған екенсіздер.

– Газетті алмаған соң өшіріп тастаймыз ғой. Қателеспейік деп.

–Сол өшірілген дөңгелекшені көріп ренжігені ғой. Ағамның отын өшірген сияқты болдыңдар-ау. Бұрын ылғи сол жәшіктегі дөңгелекшеге қарап ағам үйде екен ғой деп жоғары қарай жүгіруші едім. Кіріп келгенде қарсы алдымда «Ленин туын» оқып отыратын. Ақшасын мен берейін ағамның отын өшіргендей етіп «Ленин туын» өшірмеңдерші», – деп әлгі қайным кәдуілгідей үйдей өкпесін айтып жыламсырағаны ғой.

–Шіркін-ай, бірге туған туыс қой. Қайтсін. Онікі де жөн сияқты. Жазылғандарыңыз жөн болыпты. Әкенің балаға үнсіз айтқан өсиеті сияқты ғой бұл шіркін. Мен де әуеліде ренжіп жүрдім. Шіркін-ай, жарықтық көзі тірісінде «Ленин туы» қайда деп жүгіріп жүруші еді, «Ленин туы» неге кешікті деп кейде менімен ұстасып қалатын. Әкесінің өсиеті сияқты осы газетті баласы неге алмайды деп ойлаушы едім. Алғандарыңыз жарады.

–Қызық болады екен. Үш-төрт жыл үзілістен кейін жаңа жылда үйімізге «Ленин туы» келіп, әлгі газетті қолына ұстап балам диванда отырғанда жылап жібердім. Дәл әкесі отырғандай...

Екі әйелдің көңілі босап қалды. Жетіншіде оқитын қыз да оларға қызыға қарап тұр...

ӘДЕТ

–Апырай, осы прорабтың қорлығы өтті-ау. Күнде алдайды. Әне-мінемен ала жаздай алдады. Енді міне күн суытып, қыр астында қысың да келіп қалды, – деп Қасен жерге түкіріп үйіне ашулы кірді.

–Таба алмадың ба тағы да? – деп келіншегі жұбайының түтіккен түрінен шаруаның бүгінде бітпейтін қалпын аңғарды

да сөз қосып жіберді. – Өзін алшаңдатпай кәзітке жазшы. Сонда шырылдап жетіп келер өзі. Ана үлкен ағатайым «Ленин туына» жазған екен екі-үш күн өтпей бір тілші жетіп келген жоқ па?

–Проработың сонда үлкен ағатайымның алдында зыр жүгіргені содан ба еді өзі? – Қасен мына ақыл көкейіне қона кеткендей елең етті.

– Үйіңді жөндеймін деп үш жыл алдаған екен…

– Ия, ол ағам да әлектенді біраз…

–Сеніп жазуға қақым бар. Ренжімес саған. Өзінен көрсін. Сен малшысың. Үйге қарауға мұршаң жоқ. Шиттей бала мынау, мен болсам аурумын. Үйімізді жөндеймін деп алдап жүргенін кәзетке жазшы.

– «Ленин туына» ма?

– Енді қайда? Алматы алыс.

– Қазақша ма?

– Қазақша жаз. Ана тіліңді ұмытқан жоқ шығарсың. Қазақша сайрағанда кереметсің ғой.

– Сөйлеу бар да, жазу бар…реті келсе.

–Үлкен ағатайымның орысша Мәскеуге дейін жазғанын ешкім түсінбесе керек. Оның орысшасы қандай екенін өзің білесің ғой. Кейде орысша не сөйлеп отырғанын өзі де түсінбейді. Енді әне қазағымның тілі-ай, қазақ кәзетіне келістіріп жазып едім, оңынан келе кетті деп күпілдеп отырған жоқ па?! Сен де қазақша жаз.

– Келген тілші үлкен ағатайымнан «Ленин туына» жазылдың ба деп сұрапты ғой. Әйтеуір о кісі жазылады екен. Мен не деймін?

– Жазылдым дей сал.

–Тек, ол ұят болар. Қысылғанда қазақ кәзетін іздеп, жайшылықта пысқырып қарамайтын жаман әдет бізде мол ғой. Оны иесін жасырайын. Бұл арасы ұяттау енді.

–Соған да мен кінәлімін бе? Өзің, – деп келіншегі күмілжіп қалтасына қолын жүгіртті. – Биыл жазылшы сол кәзетке.

–Үй жөндеу керек болғанда жазыл дейсің ә? – деп күйеуі сынай қарады.

–Үй жөнделмесе де жазыл. Осы үйден қазақтың исі шығып тұрсын да!

–Бұл сөзің ұнайды маған, – деп Қасен малшы да келісті...

АМАНАТ

Демалыс күні еді. Ғұмыр бойы қалыптасып қалған әдетімен бүгін де ерте тұрған Қайрекең ақсақал алдымен төменге почта жәшігіне қарай жүгірді. Өзі биік үйдің төртінші қабатында тұратын, жасы алпыстан әлдеқашан асып кетсе де әлі тың, жүрісі ширақ, денесі де тығыршықтай қайратты қалпы, шашы қапқара. Соғыс зобалаңын көріп, қан кешіп келгенін омырауындағы орденінен ғана айыра аласыз.

– Кәзет келген шығар, – дейді де шапшаң басып баспалдақтарды тарсылдатып бара жатады.

Бүгін де қазақ тілінде шығатын облыстық газетті төменгі қабаттағы почта жәшігінен ерте әкеліп, төр бөлмедегі креслоға жайғасқан. Газетке асықпай көз жүгіртеді. Қасында ауылдан келген бір қартаң жолдасы отыр.

–Қайреке, сіз осы соңғы кезде мұсылмандыққа ден қойып барасыз ба қалай? Байқап отырмын, қолыңызға алдымен қазақ газетін аласыз. Алғанда ерніңіз жыбыр ете түседі, бисмелла деп бастайсыз ба? – деп жолдасы қуақы әзілмен үй иесін шымшып өткенде Қайрекең қарқылдап күліп жібереді. Жолдасы Қайрекең мінезіндегі өзгерісті дөп басып, жақсылыққа меңзеге-

ніне өзі де қуанып кетті. Бұрын қызмет бабымен шапқылап жүретін мұның аузынан орыс сөздері ғана шығатын. Қазақша білмейтін шығар деп ойлайтын былайғы жұрт. Енді міне пайғамбар жасынан асқан шағында қазақ газеттерін іздеп, қазақша сөйлеп, құран оқылғанда қолын жайып, аузын жыбырлатып қояды.

–Енді қайтеміз, жас келді ғой. Ана тілін ұмытсақ не боламыз. Заманның бір дауылына тап болып, орысшалап та кеткен шығармыз. Оны кешірер ана тілім, ана тілім дегенім ата-анам ғой. Енді міне балалар ана тілін ұмытпаса екен, қазақ екенін ұмытпаса екен деп шыбын жанымыз шығады, – деп Қайрекең жолдасына көкірегіндегі ауыр мұңының лебін жеткізді.

Осы кезде есіктің қоңырауы шылдыр ете түсті.

–Әне, балалар келіп қалды. Немерем келіп қалды. Осындай демалыста немерем атасына келіп сүйгізіп кетеді, – деп Қайрекең орнынан тез тұрып қуанған қалпы есікке жүгірді. Үйге баласы, келіні, кішкене немересі ұбап-шұбап кіріп жатыр. Қайрекең шапшаң, аңғал мінезді кісі. Баласын бірден сұрақтың астына алды.

– Облыстық газетке жазылдың ба?

– Орысшасына жазылдым, – деді баласы таңданып.

– Орысшасында жұмысым жоқ, мен қазақшасын сұраймын.

– Жоқ, әлі жазылғамын жоқ. Жазыламын ғой.

– Жазыламын ғой деген былқ-сылқты білмеймін мен. Бар жазыл да, сосын кір үйге, – деп Қайрекең кесіп айтты.

Әкесінің мінезін білетін баласы күліп:

–Папа, келініңіз ақша бермейді, – деп ерке үн қатты.

–Мә ендеше, – деп Қайрекең қалтасынан ақшаны да суырып беріп, немересіне жабысты. – Ертең жазыл газетке, қазақша облыстық газетке. Мен үйіңе барғанда алдымда жатсын.

–Жарайды, папа. Сенің газетіңе жазыламын, – деп баласы да мәз болып ақшаны қалтасына салды.

–Қазақша облыстық газетті осы үйдегі жанның бәрі сенің

газетің дейді маған. Бәрі орысша шүлдірлейді. Қазақша газетті кемпірім екеуміз ғана қолға аламыз. Былтырдан бері балама да қазақша газетті тоқпақтап алдырып жатырмын. Тоқпақтамаса бола ма?

–Оның дұрыс. Кәзет оқымаса ана тілін біле ме? – деп жолдасы да басын изейді.

Мен өлгенде де осы газетті алдырып тұр деп балама аманат еттім. Қазақша газет үйіне келгенде әкең келгендей көрерсің, әкеңді еске аларсың, әкем айтып отырушы еді деп еске түсірерсің деймін ылғи, – деп Қайрекең ішкі сырын аңқылдап ақтарады.

–Оның жөн екен. Балаң да жарайды. Жазыламын деп жатыр ғой. Жазылмаймын деп едіреңдеп бетіңді қайтарып жатса не дер едің. Қазіргі балаларды көріп жүрміз ғой. Балаң да жарайды.

–Балама әзір ризамын. Мені ренжітпейді. Әкесінің айтқанын орындайды.

–Ондай баладан айналсаң болмай ма?! – деп жолдасы Қайрекеңнің ұрпағына сүйсіне қарады.

АУЫЛ ЭТЮДТЕРІ

Бригадир:

–Малға шөп салдыңдар ма?

Малшы:

–Салдық.

–Жарма бердіңдер ме?

–Тап-таза қызыл бидай екен, көз қимайды, тіпті. Үктіріп берейік деп үйге апардым біразын.

* * *

Тракторист:

–Уһ, бір ай бейнеттеніп бітірдім-ау тракторымды.

Мастерской меңгерушісі:

– Жарайсың!

– Соны ауылға сүйреп әкетейін бір трактор берші.

– Ана жаңа «ДТ»-ны ал да жоғалшы.

* * *

– Кеше біздің үйдің алдында боран деген сойқан болды ғой.

– Е, не? Адасып кеттің бе?

– Адасатын болған соң фермаға келе алмадым. Сен қалай жеттің?

* * *

Күзетші:

– Қасқыр құрыған ба осы?

– Е, не болды?

– Мына көрші үйдің қасқыр жегір қызыл тайыншасы пішенге түсіп түні бойы ұйқы бермеді.

* * *

Малшы:

– Мына қырық тесік қорада қалай қыстаймыз?

Бригадир:

– Өтірікті соқпасаңшы, қырық тесігі қайсы, санасайшы.

– Ал, санайық, міне, отыз бес қой. Аз ба?

– Суайт-ау, сол екі ортада бесеуін қосып жібердің ғой.

* * *

– Биыл қыс совхоздың малын бағайын деп едім.

– Жылда үйде отырушы едіңіз ғой.

Жалғыз сиырдың шөбі азайып барады...

* * *

Малшы үйіне қора жайлап жатып:

–Арам қатқыр! – деп өз сиырын айырмен түйреп алды. Әйелі баж ете түсті:

– Ой, өлтіремісің, өз малыңды?

– Түздегі әдет үйде де...– деп күмілжіді анау.



ЕГІНЖАЙ ЭТЮДТЕРІ

ТҮНГІ ОТТАР

–Осы жерге тоқташы. Ағаңа мына егінді бір көрсетіп алайық, – деді бригадир Мырзан машинаны жүргізіп келе жатқан баласы. Қайыркелдіге. Егін арасын індете қуалаған қара жолмен ақырын ғана баппен зырлап келе жатқан қызыл түсті. «Жигули» дыбыссыз тоқтады.

–Ана Ақбас дөңіне бармадық па, папа. Сол жер керемет еді. – деді Қайыркелді машина есігін ептеп жауып жатып.

–Оған да барамыз, – деді папасы. – Ал, қонағым, мінекей тың төсінің егіні осындай болады. Көруіңізге де, қануыңызға да жетіп жатыр.

Үшеуміз егін ортасына кірдік. Ілгері бойламай шетте тұрмыз. Мынадай керемет егінді жапырып басқымыз келмейді.

– Тамаша екен!

Егіннің бітімі бөлек екені көзге айқын көрініп тұр. Масақтары қызық. Әдеттегідей мысық мұрттары жоқ. Жұп-жұмыр, ұп-ұзын. Қорғасындай салмақты. Ауыр ырғалады.

–Аға, мынау бидайдың жаңа түрі, – деді Қайыркелді бізге өз білгенінше түсіндіріп. Әкесі оны құптап басын изеді.

–«Омбы – 9» деген бидайымыз осы, – деді де Мырзан бір масақты үзіп алып алақанына салып уқалап үгітті. Баласы да соны қайталады. Мен де бір масақты алып, қауызын уатып, дәнін саулатып алақаныма түсірдім. Қайыркелді кішкентай алақанындағы әлгі дәндерді санай бастады.

–Елу алты дән, папа! – деді ол.

–Жақсы, – деді папасы.

Гектарынан отыз бес центнер, – деді Қайыркелді бізге жақындап.

–Рас па? – дедім мен баланың сөзіне нанбағандай Мырзанға қарап.

–Содан асып түспесе кем болмайды.

–Сен қалай білдің, Қайыргелді?

–Есептедім.

–Дәнін бе?

–Дәнін есептедім, қалыңдығын, тазалығын көзбен шамаладым.

– Өзің кереметсің ғой.

– Бұдан да жақсы жер бар, – деді. Қайыркелді жүзіне жылы шырай жүгіріп.

– Ол жерден қаншадан болады сонда?

– Көрейік қазір, – деп Мырзан машинаға қарай ыңғайланды.

Бригадир екеуміз артқы орындыққа жайғастық. Рульден басы ғана көрінетін кішкентай Қайыркелді «Жигулиді» зырылдата жөнелді.

Қайыркелдіге қызыға қараймын. Бір жағынан баланың әбден кәнігі қимыл-қозғалыспен машинаны тізгіндеп меңгеріп алғанына қызыға қараймын, екінші жағынан бір жерде аударып алмаса жарар еді деген күдік те көкірекке кептеледі. Сол ойымды Мырзанға айттым.

–Қайдан білейін, – деп Мырзан қыпыжықтап отырды да өзінің көкейінде жүрген бір ойын ірікпей айтты. – Көше емес қой бірдемеге килігіп қалатын. Далада үйренсін дегенім ғой. Ал ауылдың ішінде рульге өзім отырамын.

– Машинаны жаман жүргізбейтін сияқты. Сонда да қауіпті шығар.

– Әзірге машинаны соғып бүлдірген жері жоқ. Майлап, күту, май құю осының мойнында. Менің қолым тимейді ғой. Қазір анау-мынау ұсақ-түйек жөндеуді үйреніп жүр.

– Үйренгені жақсы, – дедім сыпайылық әдетімен. Қайыркелдінің сүп-сүйкімді момақан жүзі, әкесін үнсіз тыңдап, айтқанын қалтқысыз орындайтын елгезектігі, әр нәрсені білуге құмарлығы – бәрі де ұнады. Сол ойымды жүзімнен танып қалды ма екен, әкесі машина ырғағымен толқи түсіп маған бұрылды.

– Шетелге сапарға барғанымда бір селоның егінін араладық. Сонда бізді он екі жасар бала автобуспен аралатты. Ештемеден қорыққан да жоқ, рульдің үстінде ойнады осы. Соны көріп отырып мен де ойланып қалдым. Даланың кең жазығында бала да осылай жүргізіп, машинаны үйрене берсе ағаттығы жоқ қой деймін. Диқанның баласы емес пе.

– Оныңыз рас.

Қайыркелді әкесіне жалт қарап жымиып қойды. Мырзан да баласының қолқанат болып жүргеніне сондай разы.

–Мінекей өзіңіз көріп отырсыз. Осы Қайыркелді қазір маған таптырмайтын көмекші болып жүр. Ананы әкел, мынаны әкел деп жұмсаймын, соның бәрін қалт еткізбей орындайды. Күніне екі сағаттан артық жұмсаймын, сабағын оқиды. Сабағы да бес. Солай ма, Қайыркелді?

–Солай, папа, – деп баласы да жүзі қуанышпен нұрланып, әкесіне елеусіз ғана көз қырын тастап қойды. Көбірек мақтағанды ыңғайсыз көрген белгісі бұл.

Мырзан көзі сығыраяп түсіп, биылғы орақтың барысында да, баласының оқуына да көңілі толған түрмен күлімсіреп отыр. Машина егін айдынында анда-санда ғана төбесі жалт-жұлт көрініп. Біраз жерді шарлап келіп тоқтай қалды.

–Мынау Ақбас дөңі деп аталатын жер, – деді Мырзан маши-

надан түсіп жатып. Шынында да ғажап егін көз алдымызда толқып тұр. Ұзақ тұрып, қарағың да келеді. Бір-бір масақты үзіп алып: алақанға уқалап, баданадай дәнін тіске басып көріп жатырмыз. Тағы да Қайыркелді бұрын үн қатты.

–Бір масақта 58-60 дән, папа.

–Гектарынан қанша дедім мен.

–40-45 центнер! – деді. Қайыркелді. Даусы нық естіледі. Егін өсіріп әбден үйреніп алған кәнігі дикан сияқты.

–Сіз не дейсіз? – дедім Мырзанға сенбегендей басымды шайқап.

–Солай болады. – Мынау бұл жерде бұрын болмаған егін, – деді бригадир.

– Нағыз керемет сіздің жерде ғой, – деп мен де сүйсіндім.

Енді біз «Жигулиге» отырып комбайндарға қарай тарттық. Жаңағы егін де, мына қасымдағы дикан да, оның баласы Қайыркелді де мені ойландырып тастады. Тың атты ғаламат жердің орасан қуатын енді анық танығандай болып айналама қарай беремін. Ал айналаның бәрі телегей теңіз ырыс.

Егін жинап жүрген комбайндарды тамашалап біраз тұрдық. Бірінің соңынан бірі қаздай тізіліп кетіп барады. Алдыңғысының маңдайшасында қызыл жалауша желбірейді. Қайыркелді солардың бірінің иесі кім екенін тәптештеп айтып берді. Дикандарды қазір тоқтатып әңгімелесуді жөн көрмедік те, кешке смена ауысар кезде келуді ыңғайлы санадық.

Қараңғы түсе түнгі жұмысты көрмек болып тағы да далаға тарттық. Енді рульге Мырзан өзі отырды. Жарты сағатта ораламыз деген соң Қайыркелді де бірге мініп, артқы орындыққа жантая кетті.

Ауылдан шығып манағы күндізгі жолмен жүріп келеміз. Түнгі дала да өз қызығын алға тосады. Жан-жағымыз тастай қараңғы. Тек алыста самсаған оттар жарқырайды.

– Анау қырман ғой, папа? – дейді Қайыркелді.

– Онда бармаймыз, комбайнға тартамыз, балам.

– Ана «Кировец» не қылып жүр. Жанында «Қазақстан» келе жатыр, – деп Қайыркелді оң жақ бүйірден көрінген жарықтарды нұсқайды.

– Олар зябь жыртып жүр.

– Комбайндар әне кетіп барады, – деді Қайыркелді.

– Диқан баласы ғой, комбайндар мен тракторларды түнгі жарығынан да таниды, – дейді Мырзан. Мен де Қайыркелдіге қарадым. Ол түнгі оттардан көз алмайды. Жанары да жана түседі. Самсаған түнгі оттар диқан ерлігін паш еткендей самаладай жарқырайды.

ҰЗАҚ ЖОЛ

(Әңгіме)

Осы өңірге көктем аты келіп-ақ қалғанмен алты ай бойы көк мұз болып сіресе тұтасқан биылғы қатаң қыстың аппақ жонарқасына әлі селкеу түсіре қойған жоқ. Көшелер қалың күртіктердің күнтиер түстік беттері кілегей қабыршықтанып, ызғындаған ызғар сағы әбден-ақ сынғандай болып еді. Енді міне тағы да, қар ұшқындап тұр. Бейне бір ақ көрпенің жұқарған жерін жөргектеп жатқандай. Әйтсе де ақырған аяз зәрі қайтқалы қашан. Аспан аясында да көктем бұлты үдере көшіп, астан-кестен сапырылысып қалған-ды. Ал, бүгіндер айнала дүниені бір бұлыңғырлық буып алған.

Үлкен «ЗИЛ»-ге тай-тай буылған тау-теңіз шөп тиеп ұзақ жолға шыққан екі жолаушының да көңілі қазіргі сәт мына күн қабағынан күдік алып қалған.

-Апырай, күн бұзылайын деп тұр-ау, ә,- деп көзін уқалап бригадир Қален кейістікпен кіржиіп кабина әйнегінен сыртқа сұқтана үңіле түседі.

-Солай болар зады, асфальтта ешteме емес қой, анау өзіміздің сөреге жеткенде сүрінерміз, сірә. Жарықкөзде жетіп үлгерсек жарар еді,- деп шофер Мырзақан да сабырсызданған қалпын аңғартады.

-Жол ұзақ, жол ұзақ, -деп дегбірсіз қалыппен бригадир де бір сөзін қайталай береді.

–Мал не болар екен. Бүгін ғой, біз жетпесек тіске басар түктері жоқ. Алдыңғы машиналар амалдап барса жарар еді. Жарықтық-ай, биылғы қыс ұзын сарының сонарына салды-

ау. Жаз шықсын шіркін, жазға аман шығайық. Осы бар ғой дүние ағып кетсе де шөп шабудан қолды бір босатпаспын-ақ. Мына шөптің қорлығы әбден өтті.

- Қалеке, былтыр да солай деген жоқ па едіңіз, - деп шофер езуінде мысқыл үйіріліп, жымия қарады.

-Ой, түссін, ол былтыр ғой, ал биыл болсын, бәлем. Осы жолы құрғыр шаршатты. Не деген сұмдық, барып-келуі жеті жүз шақырым. – Ол басын шайқап назаланған кейіп көрсетеді. – Үйден безіп түзге қашқан осы болар.

- Не істейсің, амал жоқ, совхоз малын аш қоя алмайсың ғой.

- Не деп отыр, өз малың өрем қапса да, совхоз малын аш қалдыра алмайсың ғой. Өйтсең, ертең-ақ орныңнан алып лақтырар.

Алыс жолға әбден көндігіп, бауырын жазып алғандай машина бір қалыпты қуатты үнмен гүжілдеп іркілмей заулап келеді. Асфальттің теп-тегіс тақта бедері жүк ауырлығын да сездірер емес. Облыстың шығысынан батысына белдеулеп сапар тартқан бұл жолаушылар «Айжарық» совхозының адамдары болатын. Ұзақ қыстың қытымыр назын көтере алмаған совхоз «жуанның созылып, жіңішкенің үзілер» шағына шалдығып иек артып келеді. Шөп таусылып, қыруар мал осылай күнделік сапардың сәттілігіне қарап қалған қалпы бар. Боранды-шашынды елемей, міне бірнеше күн машиналар керуені толас таппай сабылуда. Бір қиырдан бір қияға дамылсыз жемшөп тасуда. Сол шөп тасушы жігіттердің бір тобын мына бригадир Қален басқарып жүр. Жол үстінде жүргеніне жарты айдан асты. Алақан қолдыратып, қар талдырмағанмен шөп берем» деген біреудің қабағын аңдып, аңысына аунап қыпылдаған «басшылық» та жүйкені құртатыны рас. Бір ана, бір мына бөлімшеге сабылтып тәлкектейтінін қайтерсің. Сол бір бейнетті беделсіз жұмыстан қашып құтылғандай болып үйіне қарай беттегеніне разы бригадир Қален. Алмақ болып келіскен шөптің соңғы кіресі

мына өздері әкеле жатқан машина. Ұзақ жолдың ортасындағы бір бел жазар жер - Қызылжар қаласы. Үлкен жүкпен қала көшелерінде бұлталаңдап жүре беру қиын, сонсоң шофер Мырзақан ештемеге алаңдамай тура тартты. Және де күн бұзылып кете ме деген қаупі де қамшылап келе жатса керек. Мол шулы қаланы кесіп өткенде Қалең қипалақтап, орнында отыра алмай терезеден жалтақ-жалтақ қарай берді.

-Күн ашылайын деген бе, көкжиек көрінеді ғой. Ия, солай,- деп бір қойды да, шофердің қатқыл қабағынан тайсақтаңқырап отырып барып: - Әй, осы шек шырылдауға айналды. Тамақтанып алмаймыз ба, асханаға қарай бұрсаң қайтеді? - деді. Шофер де өз шаруасына мығым, күн-түн жортса жоны солығар жан емес, өр қайратты екен. Бригадирінің қипыжықтауын іші сезіп, ақсия күліп, әзілмен жеңіп әкетті:

-Қалеке-ау бір шыныаяқ шайымыз олқы соқса, өгейсіреп қалатынымыз не, тәйірі деген қазір-ақ үйге жетіп қалмаймыз ба?

Мырзақанның мына жұмсарған мінезі бригадирдің көңілін одан сайын кеңіте түсті.

-Әй тоқта. Ана араға бұр. Мен сендердей түн қатып, нәр тістемей үйренді дейсің бе. Ауылдан бір шыққанымыз ғой. Ептеп бой көтеріп, арқа жазып алайық. Қалаға қашанғы келе береді дейсің.

- Қалеке, азынаған мал анау. Бізді тосып отыр ғой.

- Тосса, алдыңғы машиналар жетпей ме? Бірер сағатқа ештене етпес. Осында менің бір құдам бар. Бір соғып кетейін. Көптен қолыма түспей жүр еді. Сол шіркін талай келіп табақ-табақ етімді сыпырып кетті ғой. Тым болмаса соның бірі қайтсын.

- Етке қарап отыратын жай жоқ, Қалеке. Күн болса бұзылайын деп тұр.

- Өй, қой. Бір жөні болар. Енді елге беттедік қой. Ендігі жолды көзді жұмып отырып табамыз.

- Жоқ, болмайды, Қалеке. – Мырзақан да оңай қайысар емес. Қален де тымырайып қалды. Екеуі де үнсіз. Машина қаланың орталық көшелерін кесіп өтіп, ауданға шығар үлкен жолды бетке ұстаған.

- Өзің тоқташы кішкене, жерге түсіп табан тигізіп алайық,- деді бригадир тоң-торыс қалпымен гүжілдей сөйлеп. Машина жол шетіне тоқтады. «Осы шопырларға күн салып қойғанын қарашы, апырай, өз дегендерінен қайтпайды-ау» деп Қален іштей кіжінулі. «Шылым алайын» деп күбірледі де, жақындағы дүкенге қарай аяңдады ...

Қаладан ұзай шығып біраз шырқап алған шақта Қаленнің де көңілі масайрап, екі беті нарт жана бастады. Мана шылыммен бірге екі шөлмекті де қыстырып қойны-қоншын томпайтып оралған- ды. Енді міне мандайы шып-шып терлеп ыңылдап әнге де басып қояды. Сөзіне жел пайда болып бөсіңкіреп те алады.

- Мырзашка, өмір деген ұзақ жол ғой. Сол жолдан өз қызығыңды ала біл... Ертең-ақ картайып, қауға сақал болып отырғанда ғой, әттең деп өкінбейтін бол. Солай ма?

- Солай ғой.

- Әй, күн ашылды- ау деймін.

- Солай зады. Расында да екіндіге еңкейіп қалған шақта күн райы манағыдай емес, жадырап, жазылып келеді.

- Мырзақан, әй. Сен осы неге мәтәсекіл алмай жүрсің? Күшің келеді ғой.

- Оны қайтем, машина бар емес пе?

- Тәйірі өз жүгірмегің болғанға не жетсін. Былтыр, өзің білесің, үш доңғалақтысын алып едім, тіпті рахат. Қайда барсаң да көлігің дайын. Енді соны ...

- Сатайын деп пе едің?

- Жоға. Төрт аяқ қылып жіберсем деймін. - Мырзақан бұл сөздің арғы төркінін де жазбай түсінді. Мотоциклін сатып жібе-

ріп, жеңіл машина алмақ ойда екен. «Апырмай, осы кісілер шаруаның ебін қалай келтіреді. Бір үйде жұмыс істейтін жалғыз өзі. Үйі толы жиһаз, қорасы қаптаған мал, мінгені мотоцикл, арағын да ішіп, ақшаны будақ-будақ ұстайды», - деп ойланып келеді рульге жабысып алған Мырзақан алға қадалған қалпымен.

Бұлар үлкен селоның ортасынан өте беріп, су колонкасының жанына тоқтады. Сол-ақ екен сыпсыңдаған бір-екі әйел айналып-үйіріліп сөзбен орап алды.

- «Байдың асын байғұс қызғанбаса» бізге бір-екі бума шөп тастамас па екен.

- Жолда шашылып та қалады ғой, өлшеп таразысын тартып тұрған кім бар дейсің.

- Шөпті шөлмекпен ұрып алу керек, бикеш, - деді кабинадан түсіп келе жатқан Қален. Мырзақан радиаторға су құйып жатыр еді.

- Онысы да болады,- деп біреуі үйіне бұрыла берді.

- Қалеке оныңыз не?- деп Мырзақан шошып кетіп бір қоңк етті де, әлгі әйелге айғайлады,- Әншейін ойын ғой. Өз малымыз да аңырап тұр. Міне, совхоздың малына кешкі салатын шөп жоқ. Соған асығып барамыз.

- Ой, мұның не?- деді Қален машина орнынан қозғала бере. – Бір-екі бумада не тұр. Онымен совхоздың қаптаған малын қарқ қыла алмайсың. Берген ақшасы қалтаңнан түсіп бара ма?

- Жоқ, Қалеке, ондай ұятқа арым әлі барған емес, өлсем де бармақ емес. -Мырзақан алға тесіле қараған сабырлы қалпымен әр сөзін шегелеп айтты. Сірә, мінезі алған беттен айнымас морт- ау. Басқа тіс жарып ештеме демеді. Қабат- қабат ой құшағында келе жатқаны түйіле түскен кейпінен- ақ белгілі. Бірақ, Қаленнің қаперінде түкте жоқ. Сол баяғы мәсіре жей мәздігінде отыр. Жол шеті жақындап, күн ұясына батар ишарат жасаған мезетте оң қапталдан қарауытып ауыл көрінді.

- Мырзашка, мынау менің нағашыларым,- деп нұсқады. - Сол жақты Қален. – Совхоз жұмысынан үнемі босап жатқаным жоқ. Соға кетсең қайтеді. Мен де өзіңді мотоциклмен бір қыдыртармын жазда. Ел шетіне келдік. Енді жақын ғой. Жүр, бұрыл.

- Қалеке, көңіліңізді қимаймын, бірақ, көп бөгелменіз.

- Не деп отыр. Кіреміз де шығамыз ...

Есік алдына шайқалақтатып шөп артқан машина тоқтай қалғанда қызыл қақпалы үйдің бар жаны терезеге жапырласты.

- Ия, жиен, қайдан жүрсің?- деп үлкендер қауқалақтап құрақ ұшып жатыр. Қорада малдың мөңіреген даусы естіледі. Есіктің ашылып, жабылуы, қыбыр-қыбыр жүріс-тұрыс та көбейіп кетті.

- Асығыспын, алыстан келемін, әлгі шоферді шақыр, - деді Қален бір-екі көк мойын қылтия қалған дастарханға отырып. жатып. – Біз осында отырғанда ана бумалардың бес-алтауын түсіріп ала беріңдер.

Бір-екі стақанды «жол азығы» етіп тастап жіберген соң Қален қызыңқырап, тағы басқа туыстарын іздей бастады.

- Ойбай, кешіктік-ау,- деп кейістікпен күйзеліп, тықыршып Мырзақан отыр. - Мал не болды?

- Мырзашка, саспа. Бәрі реттеледі. Мен өзім ертең нарядты қатырып жазып берем. Мына көршіде бір нағашым бар еді. Келгенімді естісе, ренжиді ғой. Отыра тұр. Дем ал. Елге келдік қой, саспа.

Осылай сылдырлатқан Қален сыдыртып біраз үйді аралап кетті. Түн әбден меңдеп, аспанда жұлдыздар самсаған мезетте ғана ол сенделіп бір баланың жетегінде сүрініп, қабынып келе жатты.

Әй, Мырка, Мыр... – дейді ол тілі күрмелеп, - Мен сені ғой. сені ғой мәтәсекілмен қыдыр... там ...

Бұл шақта бригадир серігінің сергелдеңіне әбден зығыры

қайнап, тоса-тоса шаршаған Мырзақан кетіп те қойған еді. Тоқтаған үйі түсіріп алған бумаларды да ашумен тау-теңіз маяның үстіне бірақ-бірақ лақтырыпты.

- Әй, Мыр ... тоқта, - деп Қален есік алдында әлі тұр.

- Әй, шырағым-ай, мана малға асығып отыр едің ғой, - деп нағашысы да есік алдына шықты. Қален машинасы алысқа ұзап кеткен еді.

КҮМІС ҚОҢЫРАУ

(Очерк)

... Бұл былтырғы жаңа оқу жылының бас кезі болатын.

-Кәне, кешікпеңіздер. Қоңырау соғылғанда-ақ класта болу керектігін білесіздер ғой. – Ол отырған орнынан тұра берді. Қабағында оншама кейістік кілегейі үйіріле қоймағанмен баяу шыққан қоңыр дауысында салмақ бар еді. Қоңырау соғылса да көз алдындағы класс журналын айнала іздеп, бір-екі ұстаз мұғалімдер бөлмесінде әлі тұр. Ауыздары күбір-сыбырдан босамай, құр қолдары ғана журналдар тұратын сөренi сыдырта сипалайды. Сол әңгімелері үзілмеген қалпы екеуі де кластарына беттеді. Осы ортадағы әр адамның мінез-құлқын бес саусағындай қалтқысыз ұғатын мектеп директоры жаңағы бір әзірдегі ойларын растап алғысы келгендей коридорға шығып еді, әлгі екі мұғалім өз кластарының есігі алдында тұтқаны ұстаған қалпы тағы да сөз сабақтасқан. Мағел Басыбаевты көрген соң ғана асығыстық білдіріп, кластарына кіріп кетті.

Екінші қабаттағы мұғалімдер бөлмесіне оралғанда осынау қапсағай денелі, бурыл шашты кісі ой үстінде еді. Жаңағы көріністер көңілінде реніш кеуіште келте кесім болып ұйтқыған

жоқ. Қашанғы сабырлы қалпында. Қайта көптен бергі толғақты ойларына толқын түсіргендей болатын-ды. «Мұның аты енжарлық па, не екен шіркін? Мұғалім деген уақытты өткізе алмай әуре болғаны несі? Әр минут қымбат емес пе? Бұл мәселені педагогикалық Советте арнайы әңгіме етіп, кең отырып ақылдасуы керек шығар». Екеуара оңаша әңгімеде Мағелдің бұл ойын директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Сағди Оспанов та еншілесті.

- Басы қатты болса аяғы тәтті болатын өмірдің заңы бар емес пе, - деп әдеттегі баяу үнімен орнықты сөйлейді маңғаз пішінді Сәкең. Осы коллектив түгелдей тік тұра қадірлеп «Сәке» деп атап кеткен буырыл шашты, қызыл шырайлы, толықша келген бұл кісі де мектеп өмірінің майталманы дерлік жан. Ұстаздық еткеніне отыз жылдан асып, сол еңбегінің сыйындай болып омырауында Октябрь Революциясы ордені жарқырайды.

- Қатты болып қуырып тастау да керек емес шығар. Мұғалімді тәрбиелеу, мұғалімді үйрету біздің міндет қой, - дейді директор кейде бір көкейдегі ойы құйылып кеткенде шегелеп сөйлейтін машығына бағып. Орнынан тұрып, колы да қимылдап қанаттанып алғандай. Творчестволық іске жан-тәнімен құштар мінезбен тұтанып қараторы жүзіне ептеп жұқалтаң қызғылт шырай тараған. - Әрине, Сәке, жаңағыдай нәрселерді мұғалімдердің өзі ұсақ нәрсе көруі мүмкін. Бірақ ол ұсақ мәселе емес. Оқушы бар болмысымен мұғалімге ұқсап бағуға тырысатынын, соның тәрбиесінде екенін ұмытпауымыз керек.

- Әрине, ұсақты әрі ушықтырмау ләзім.

- Сәке, міне әлгі мұғалімдерге елеусіз кемшілігін қытығына тигізбей ғибрат ете жеткізсек деймін.

- Бірақ, ұсақ деп делбелей беріп дерттіріп алмайық. Бұл аса абайлы аңғар.

Мектептің екі басшысы оқу-тәрбие жұмысы, оны жақсарту жолдары, ата-аналармен, ұстаздармен жүргізілетін түрлі тәрбие

әдістері жайлы көп әңгімелесті. Бұл бір іскерлік әңгімесі, көкейдің тереңінен ақтарылған өзекті ойлар тоғысуы болатын. Мектепте ұйымдастырылған интернационалдық достық клубының жұмысы, СССР-дің 50 жылдығына әзірлік жайы да сөз өнеріне түсті.

- Тәжірибе мен білімді тоғыстыру қажет-ақ,- дейді Мағел. Бұл сөздің төркінін Сәкең де жіті жобалады. Соңғы кезде көп жылдық стажына қарап тәжірибелі деп жүрген ұстаздарға қарағанда институт қабырғасынан жаңа келген білімді жастардың жалындап көрінгені байқалады. Директор осыны мегзеп отыр.

- Өзіміз де үлгі болғанымыз жөн.

- Орынды ақыл. Сонда біздің сөзіміз өтеді.

- Ашық сабақтарға қатысып қана қоймай, сондай сабақты өзіміз де өткізіп үйренейік, үйретейік...

Осы әңгімеден кейін біраздан соң Мағел Басыбаев өзі қазақ әдебиетінен ашық сабақ өткізді. Сол сабаққа қатысқан мұғалімдердің бәрі де осы сабақтан шын мәнінде пайдалы өнеге тапқанын бірауыздан мақұлдасты. Оларды, әрине, басшыға деген ілтипаттылық емес, ұстаздық шеберлікке разылық болатын. Мағелдің ұстаздық шеберлігі жайлы талай-талай аудандық, облыстық жиналыстарда аталып, жылы лебіздер білдірген. Педагогикалық оқуларда жүлделі болғаны және бар. Ол жиырма жылдай мектеп басқарып келеді. Бұрын Ленин сегіз жылдығында болса, қазір Жамбыл орта мектебінде директор. Жақсы аты еліне танылған ардақты азамат. Қазақстан мұғалімдерінің съезіне делегат болып қатысты. Адал еңбектің зейнетіндей болып омырауында «Құрмет Белгісі» ордені, «СССР халық ағарту ісінің үздігі» значогы жарқырайды. «Білім мен тәжірибені тоғыстыру керек» деген сөзінде де ол басқаға үлгі. Дәйім іздену, оқу, үйрену сонарында көресіз оны. Басыбаев ұстаздық ете жүріп Қазақтың Абай атындағы педагогикалық институтын сырттан оқып бітірді.

Мектеп шаруасы оңай емес. Әсіресе, жеті жүзден аса бала оқитын, алпысқа жуық мұғалім ұстаздық ететін орта мектепті басқару көп біліктілік қажет етеді. Басыбаев, міне, сол деңгейден көрінген адам. Ол Жамбыл ауданында таңдаулы деп аталған мектеп директорының бірі.

... Міне тағы да сарыала қанат, қоңыр күздің шуақты күні шұғыла шашып тұр. Бұл шақ мектеп маңы, әсіресе, өзгеше бір толқынды қуаныш құшағында іспетті.

- Биылғы оқу жылы ерекше болғалы тұр, достар, - дейді ол мектеп алдында тұрған мына ұстаздар тобына соз арнап. Оның айтпақ ойын баршасы да қалтқысыз ұққан сынды. Жүздерінде салмақты ой тұнып, үлкен жауапкершілікті терең сезінген қалып аңғартады бәрі де.

-«Методист мұғалім», «Аға мұғалім» деген атақтар керек-ақ.

- Бұл сапа үшін күрестің нағыз өзі... - Мағел бастаған топ мектепке кіріп бара жатты.

* * *

«Жақсының жақсылығын айт нұры тасысын» дейді халық. Біз Мағел Басыбаевпен бірнеше күндер сырластық. Сабағына да қатыстық, талай кеңестерде кездестік. Оның, бәрін тәптештеп жату қажет те емес. Ол бізге қоңырау жайлы әңгіме айтты: «Сабаққа шақырған қоңырау шыңғыр ете түскенде кейбір мұғалім, әрине, ондайлар некен саяқ, жүрегі мұздап, ұнжырғасы түсіп класқа зорға беттейді. Ондайлардың өзін де, балаларды да азапқа салмай басқа қызмет тапқаны жөн. Ал шын ұстаз қоңыраудың күміс сыңғырын аңсап, асығып, шабытын қомдап отырады. Баланың бақыты солар. «Ия, жаңа оқу жылы басталғанда Мағел Басыбаев та қоңыраудың күміс сыңғырымен сағынып табысып жүзі нұр, ойнап тұрған шығар. Ол сағынатын ұстаз.

1972 жыл.

НАМЫС

Очерк

-Әй, Төке, тойың бар екен ғой биыл, - деген дауысқа жалт қарап еді, құрдастарының бірі екен.

-Нені айтып тұрсың?

-Е, биыл елуге келмейсің бе? Даңқың асып дүниені дүрілдетіп тұрғанда шалқытып бір шалқар той өткізбейсің бе?

-Ә, ә... - деп ол қызыл шырайлы күрең жүзі бір жарқ етіп күлімсіреді де басқа жауап қатпады.

-Ер жасы елуді аттап алпыс атты ақсақалды ауылға бет бұрсаң. Енді осы көк темірмен алысуды қоятын шығарсың. Бір басыңа бақ-дәулетің жетіп жатыр ғой, Төке. Омырауың толы ордендер. Социалистік Еңбек Ерісің, партияның жиырма бесінші съезінің делегаты болдың...

-Енді мені карттардың қатарына қосайын деп пе едің, ей? Ертерек емес пе?

-Қанша қашқанмен кәріліктен құтылу жоқ, Төке. Тойыңды өткіз дүрілдетіп.

-Бір той болады, оған саспа, досым. Ол тойдың да түтіні алыс емес. Бірақ, көк темірді тулақ етіп, тақымдағы тұлпарымды кемітпе. Міне отыз үш жыл осының жалына жармасып жүрген жоқпын ба? – деп Төлебай Мұстафин құрдасының әзіл аралас назына нық үнмен басу айтты. Әйтсе де өзі ойланып қалды. «Рас-ау, елу жаста жетіп қалыпты ғой. Тойдың реті де бар. Әттең... »

Совхоздың орталық қонысында машина ауласында өзінің аты жазылған жаңа «Нива» комбайнын алып тұрған Төкене «қайырлы болсын» айтқан құттықтау сөздермен бірге әлгіндей намыс тұтатар тілектер де көлденең тосылды. «Иә, сәт!» деп

дала кемесінің тұғырына көтерілген Мұстафин моторға от алдырып, туған селосы Богдановкаға тартып кетті.

- Орақ! - Оның жүрегінде осы сөз ғана лүпілдеп соғып, жаңа бір намыс жалыны тұтанып бара жатқандай болатын. Бейне бір ұлы жорыққа дүбірлетіп жосылтқан дала батырларындай екпіндей жөнелді...

Сол күні орталық қоныстан айдап әкелген комбайнды үйінің қасына қаңтарып қойды да, Төлебай тоқтамастан жүгері плантациясына бармаққа жиналды. Үйінің ауласында екі шетте тұрған екі гараждың оң жақтағы биіктеуінің қақпасын ашып «УАЗ-469» жеңіл машинасын шегіндіріп шығарып жатты. Осы кезде үйден сүйретіле басып белі бүгілген кәрі шешесі Күнбөпе есік алдына шыққан еді. Қашанда жанашыр, бәйек болған қалпы ұлына сөйлеп жатыр

-Құлыным-ау, жаныңды неге күтпейсің. Ана жұмсақ машина тұрған жоқ па, соған мінсейші. Арбиған мына құрғырдың жүрісі қатты, ішіңді түйіп тастайды.

-Апа, жол бұзылса «Москвичпен» жүру қиын.

-Айналайын, өкіметің беріп тұрғанда, бірін мініп, бірін ауыс тырып, алшаңдап жүрсін дегенім ғой. Мына маңдайға біткен бағың – маңдай терің емес пе. Осыдан отыз бес жыл бұрын, есіңде ме, қаршадай күніңде сен лабогрейке мініп, мен кәмбайнға бидай тастап едім ғой. Соны ұмытпа, шырағым. Мына сексендегі шешең де кәмбайнды біледі. Кәмбайнмен қарбаласып жүріп сені жетілдіргем жоқ па. Енді, өзің де елпілдеген бала емессің елудің үстіне келіп қалдың. Жаныңнан қымбат па, мін ана жұмсақ мәшинеңді.

-Оны күн ашықта мінеміз, апа, - деп күлді Төлебай.

-Жарайды, ендеше, - деп шешесі де езу тартып келісті. Төкеңнің ауласында тұрған ең жеңіл машина да үздік еңбек тартулары. «УАЗ»-ды осыдан алты жыл бұрын социалистік жарыста озып шығып, кезектен тыс сатып алған, ал «Москвич-412» былтыр

жүгері плантациясының әр гектарынан 350 центнерден көкше алып, одан соң «Нивасымен» 12 мың центнер астық бастырған жоғары көрсеткіші үшін Москвада Бүкілодақтық халық шаруашылығы жетістіктері көрмесінде сыйлыққа тегін берілген еді. «УАЗ» жеңіл машинасының руліне бекемдене отырған Төкең екі баласы еңбек етіп жатқан жүгері алқабына қарай тартты. Өз шешімін ол балаларына кеше айтқан болатын. «Биыл егін бітік, әр гектардан 25 центнерден өнім беріп жатыр, дән дариясы таситын түрі бар. Жүгеріні жинауды орталап тастадық. Енді қалғанын екеуің жинаңдар, мен ораққа араласамын» деп еді ол балаларына. «Папа, оның дұрыс, ораққа аралас, біз жүгеріні өзіміз-ақ аяқтаймыз» дескен механизатор балалары Есләм да, Дәукен де. Енді міне әкесі өз қолымен өсірген 120 гектар жүгері алқабын тағы бір шолып балаларының еңбегін бақылап келмек.

Жүгері алқабы жасыл орман іспетті жайқалып тұр. Биылғы мол жаңбыр, жылудың аздығы алғашында көкірекке күдік ұялатып еді. Қазір міне жаман емес сияқты. Басында әр гектардан 250 центнерден көкше алынған-ды. Енді қоюланып келеді. 350 центнерге де жетіп қалған тұсы бар. Төлебай машинасын алқаптың басына тоқтатты да балаларын тосты. Екі жүгері комбайны бергі басқа қарай беттеп келеді. Әке балаға сыншы емес пе. Міне екеуінің әр қадамын қатты қадағалап, қалт жібермей тұр. Ал олар да намысшыл. Олар да әкесін дәйім доданың алдында дара көргісі келеді. Комбайндарын тоқтатып әкесінің қасына жете сала жарыса сөйлеп сұрап жатыр.

- Жаңа комбайн қалай екен?
- Жақсы. Жаман емес.
- Міндеттемең қанша?
- Он алты мың дедім.
- Папа, не дейсің?
- Он алты.

- Оны қай уақытта бастырасың. Жұрт әлде қайда озып кетті ғой.

- Қуып жету керек. Міндеттеменің де, тартыстың да мақсаты сол емес пе. Қуып, жет, озып шық, жеңіп ал демей ме жарыстың ұрандары,- деп Төкең саспайды. Ал, балалары дәл бір өздері көш соңында қапы қалатын кісілерше тыпыршиды.

-Кіммен жарысасың?

-Петр Шлейдовец.

-Бірінші бөлімшедегі ме?

-Иә, былтыр да сонымен жарыстым ғой. Былтыр қатар түскенбіз. Жақсы комбайншы.

-Оның комбайны да жаңа ма?

-Жаңа.

-Ол қазір десте бастырып жүр ғой. Бұрын кірісті, озып кетеді ендеше,- дейді Дәукен.

-Онда, папа, комбайныңды баптап, реттей бер, жүгері үшін саспа, өзіміз аяқтаймыз,- деп Есләм үлкендік танытып әкесіне қайрат бере сөйлейді.

-Мына қарашы, жүгеріні екі күндей бұрын сеуіп жіберіппіз көктемде,- деп Төкен балаларына іштей түйген бір сырын шертеді. -17 май күні салқында сепкен ана өңірде гектарынан 250 центнер, ал 20 майдан кейін сепкен мына жерде 350 центнер беріп тұр. Жүгері жарықтық жылуды сүйеді ғой. Бір күн асыққанымызды қарашы.

Ал, бірақ жүгерінің жалпы түсіміне көңілі тоқ. Орта есеппен әр гектардан 270 центнерден көшке айналатын түрі бар. Бұл совхоз бойынша көрсеткіштен әлдеқайда жоғары. Тыңның торқалы тойы атап өтілген биылғы мерекелі жылдың жасыл орағы Төлебай Мұстафин үшін осылай табыспен қортындыланар қалпын танытты.

-Жарайды онда, папа. Жолың болсын оракта!- десті балалары.

* * *

...Аспан аясы бүгін де қорғасындай ауыр қазбауыр бұлттармен құрсауланып, күн көзінің қай тұсқа тармасқанынан белгі болмай тұр. Осымен екінші тәулік комбайндар қаңтарылып, әрқайсысы шұбатылған бір-бір қалың дестені көтере тоқтаған. Кешелер нөсерлеп өткен жаңбыр жер-дүниені жабырқау тартқызып тыныштық құшағында бөктіріп тастапты. Даланы дүрілдеткен у-шудың бәрі де сап болған. Жаңа ғана желкем соқты. Дымқыл сызбен тұнып тұрған ауаның өзі де дір етіп, енді-енді бей-жайлық пердесі серпіле бастағанға ұқсайды.

Комбайншылар дала кемелерінің қасында. Олар да уақытты босқа өткізбей термелерді шаң-шұң тарсылдатып жанталасып жатыр. Үсті-бастары бидайдың шаңы мен дән қауызына бөккен, күз суығында қалың киінген осынау жоталы жандардың қарбаласты қимылы аттаныс сағаты алыс еместігін аңғартқандай еді. Бөлімше партия ұйымының секретары, есепші Сәбит Тұрлин механизаторлар ортасына қарай беттеді. Қолында қызыл жалауша. Тура Төлебай Мұстафинге келіп, басқа жұртты да осында шақырды.

- Кеше жаңбыр болды. Алдыңғы күннің қорытындысы бойынша сіз озып шықтыңыз. Мына жалауша сіздің комбайныңызға қадалады. Бір күнде 900 центнер астық бастырдыңыз. Құттықтаймын, Төке! - деп ол даңқты комбайншының қолын қысты.

-Рахмет, Сәбит! – дейді разы болған Төкең.

-16 мың центнер басқанша қолдан түсірмеңіз.

-Жарысты өзіңіз бастадыңыз. Біз соңыңыздан ереміз.

-Қалыспаймыз! Төке! – десті осы жерде тұрған комбайншылар да. Бұлар Төлебай Мұстафиннің звенолас серіктері болатын. Бәрі де сайдың тасындай ірікті, нағыз серіктікке сенімді азаматтар. Ана Қойбағар Сағындықов Төкеңнің өкшесін басып келе жатқан даңғайыр дикан. Оның омырауында «Құрмет бел-

гісі», екінші және үшінші дәрежелі Еңбек Даңқы ордендері жарқырайды. Биыл 10 мың центнер астық бастыруға серт байлап отыр. Қайырбай Елібаев, Қайырбек Мақыжанов, Павел Гонкиндер де дала кемесіне сеніммен отырған құрыш қолдар. Тек алтыншы комбайндағы жігіттің қауқары әзір беймәлім. Ол «Петропавловскжельстрой» басқармасынан көмекке келген сылақшы Василий Усачев еді. Комбайншылар курсын тәмәмдапты. Өзі ескі «СК-4»-ті жөндеп алып, жігерлі жалынмен дикандар қатарына қосылған. «Қалада маған берілген тапсырма – 7 мың центнер астық бастыру. Осы межеге жете алсам жарар еді. Төлебайдың қасында болғаныма қуаныштымын», дейді ол.

-Биылғы егін ғажап. Осындай ырыстың етегінде алаңсыз отыра да алмайсың. Қып-қызыл бидай жаңбырдың астында жатса ұйқы бола ма, күлкі бола ма? – деп Төкең жаңа досы Усачевке ықыласпен қарайды.

-Жаңбырда да комбайн қасында боламыз ба? – деп Василий Усачев аспан жүзін шолады.

-Енді қалай? Орақ – майдан, біз – солдат. Солдат майданда шепті тастап кетпейді ғой. Осында тосамыз, жүруге мүмкіндік болса тек ілгерілей береміз. Василий мен саған қызық айтайын ба? Қазір тіпті есіме алсам қайран қаламын. Қызық-ау, кеше қандай едік, бүгін қандаймыз. Осы кеше ғана мына арбиған комбайнды әкеміздің арбасындай дедектетіп ауылға тамақ ішуге тасушы едік, немесе жаңбыр жауса шалғыны көтеріп алып шу деп бірақ зытатынбыз. Сонда жанармай ысырап болады, комбайн тарсылдап тозады деп ойламағанбыз-ау. Қазір ғой босқа артық қозғалса тыпылдап тұрамыз. Міне бүгінгі дикан осылай есепшіл болып алды. Бәрін есептеп отырамыз. Мен «қартайғандау» адаммын ғой, ұйқым қашқан. Күніне төрт сағат ұйықтап, жиырма сағат комбайнда боламын.

-Ұйқы қашқанмен, қайрат қашпапты ғой,- деп Василий сүйсінгенін жасырмайды.

-Отыз үш жыл темірдің ортасында жүрген мына қол да темір болып кеткен сияқты. Кейде бетімді жуып жатсам алақаным түрпідей тиіп, шодырайған күстер жұқа тұсты сыдырып кетеді,- деп күледі Төкең.

-Темір қайрат! – Василий таңырқай түседі.

Түске таман комбайндар орындарынан қозғала бастады.

* * *

Бұл күні Төкең жиі-жиі күлімсіреп жүрді. Көкірегінде бір қуаныш толқитын сияқты. Жүрісі де ширақ. Комбайнның баспалдақтарымен жоғарыға тез көтеріліп, тез түседі. Бір нәрсеге асыққан, яки бір нәрсені тағатсыз тосқан мазасыз қалпын сырт көздің аңғаруы қиын емес еді. Бірақ, орақ қарбаласы бәрін ұмыттырды ғой. Бригадада Төкең жүзіндегі бұл өзгерісті ешкім аңдай алмады. Тек осы звеноға бекітілген реттеуші-шебер Көжек Әйкенов бір жайды іші сезіп комбайндар қозғалып кеткенде ауылға жүгірді.

Күн ашық. Диқанның аңсап тосқан нағыз қолайлы сәті. Сарыала алқаптардағы белбеу-белбеу дестелер, құшақ жетпестей қалың. Әрі сатырлап тұрған кебу. «Бүгін Төкең бір рекордқа сілтеген саңлақ сияқты» деп ойласты басқалар.

- Түнде нешеде тоқтап еді?

- Бесте тоқтаған, таңертең сегізде тағы кетті.

- Талмайтын тарлан екен, - дескен қос басындағылар.

Төкең күндегі дағдысымен дүлдүл мінезіне бағып тағы да сілтеп тартты.

Түс ауып бара жатқан мезет еді. Комбайн штурвалінде алдына қадалып отырған Төкең бір сәт ауыл жақтан жосылған жолға көз салғанда іші жылып жүре берді. Бүгін күні бойы тағатсыз тосқан қуаныш енді құшағына аларын жүрегі бірден сезді. Алдыңғы әйнегі, бүкіл тұла бойы күн көзіне шағылысып жарқ-жұрқ еткен «Чайка» өзіне қарай бұрылды. Төлебай да

іркіліп, комбайннан түсті. Бұл келген Қазақстан Компартиясы облыстық комитетінің бірінші секретары Василий Петрович Демиденко еді. Қасында Жамбыл аудандық партия комитетінің бірінші секретары Мәркен Ахметбеков бар.

- Төлебай, сені туған күніңмен құттықтауға келдім. Облыстық партия комитеті мен облыстық советтің атынан шын жүректен құттықтаймын, - деп Василий Петрович Төкеңнің қолын құшырлана қысты. Төкеңнің жанары жалт-жұлт етеді. Күле берді. «Қайда жүрсем де мені ұмытпаған партияға рахмет» деп тұрғандай еді оның бүкіл жан-дүниесі. Толқып кетіпті. Аузына сөз түспей басын изей береді.

-Жиырма мың центнер бастыра аласыз ба? – деп сұрады Василий Петрович.

-Бастырамын! – Төкең осылай бір-ақ сөз айтты. Бүкіл көмейін қуаныш кернеп күлімсірейді тек...

* * *

-Петр Шлейдовец қанша астық бастырды екен?

-Он бір мың бес жүз. Кеше сіз алда едіңіз. Бүгін ол алға түсіп кетті.

-Бәсе тарланым-ай. Былтыр да осылай болып еді. Бірде ол, бірде мен алда жүрдім.

-Енді екеуіңіз қатар түсіп үзеңгі қағыстырасыздар.

-«Жүйріктен жүйрік озар жарысқанда» деп қарап тұрайын дейсің ғой. – Совхоздың Майбалық бөлімшесінің астық алқабына көмекке келіп, шалғы салғанда осылай алдымен өзінің еңбек бәсекелесін сұраған. Айтқандай-ақ екі саңлақ комбайншы бір танапқа түсіп жарыса көсілді. Бұл бір жалғыз совхоз ғана емес, аудан назарын аударған, нағыз шеберлік сыналған сайыс болатын. «Молниялар» күнде шығып тұрады. «Алда – Т. Мұстафин», -«Алда – П. Шлейдовец» деген аршынды тақырыптар күн сайын ауысып, көрсеткіш цифрлары «12 мың. 13 мың... 14

мың... 15 мың» деп өзгере береді. Ендігі белес – міндеттеме межесі -16 мың центнер еді. Бұл нысанаға Төлебай Мұстафин бұрын жетіп облыстық партия комитеті мен облыстық Совет бұл еңбек жеңісіне байланысты оған құттықтау жолдады.

Дала қосының қасына тоқтаған комбайнның кабинасы ашылмай тым-тырыс тұрып қалды. Қап-қараңғы қою түн. Мотор үні өшкен соң айнала төңірек сілтідей тұна түскен еді. Мына комбайн бейне бір шайқас даласынан талып жеткен қырандай қыбырсыз қаңтарылған. Бұл Төкеңнің «Нивасы» еді. Комбайншы көп бөгелген соң қос басындағы ояу жігіттер солай қарай ұмтылысты.

-Төкең көрінбейді ғой.

-Дыбыс жоқ, - десіп баспалдақпен жоғары өрлегенде барып кабина есігі ашылды.

-Құрғыр, аяғымды баса алмай қалыппын. Егін қалың ғой. Бункер он бес минут сайын толады, сабан көп, сабан тастағыштың муфтасын баса-баса тізем шыдамай қалғанын қарашы, - деп ол қоңыр үнмен күбірлеп түсіп келеді. Жерге жеткізбей екі жігіт қолтығынан демеп көтеріп әкетті. «Апырмай, неғылған еңбеккер, дүлдүл ғой» десіп олардың еріндері күбірлейді.

Ертеңіне совхоз басшыларының ұйғарымымен жүгері жинауды аяқтаған баласы Дәукен Төлебайға көмекшілікке жіберілді. Қолқанаты келген соң Төкең тағы қанаттанып қарқынды үдетті-ай кеп. Майбалық, Талпын ауылдарының егінін жинасқан соң Преснов ауданының Айымжан ауылына, одан кейін Жамбыл ауданының Аманкелді ауылына тартты. Тарлан сілтесінен танған жоқ. Диқан намысы қайрат отын лаулата түскені бәрінен де жақсы еді.

Биылғы орақтың сыны сан алуан түрмен алға тосылды. Бірде апталап жаңбыр төпелесе, бірде суық ызғар соқты. Соның ақыры қарлы боранға ұласып еді. Боран екі күн алай-дүлей долданып барып жым-жылас басылғанда қытымыр аяз бетті

шымшылап қыр астындағы қысқы хабарын жеткізген болатын. Осындай суықта Төкеңдер тағы да құрыш қайратпен дала кемесінің тұғырына отырды.

... Дала әп-сәттің арасында ақ көрпеге оранып, жапалақтап қар жауып тұр. Іңір қараңғылығы тез үйіріліп, астықты алқаптың үстінде қою түн қанатын кең жайып үлгерген. Комбайннан түскен Төкең егінжайдың басында тұрған «УАЗ» жеңіл машинасына қарай жөнеліп, еңбектес серіктерін де шақырды.

-Ауылға қайтайық, - деп машинаның руліне отырып жатыр. Жігіттер де машинаға жайғасты. Есіктері сарт-сұрт жабылып, түн төсін тілген қос жарық дір етіп қозғалып кетті.

-Бастырған астығыңыз 20 мың центнерден асты, Төке. Сізді құттықтауға болады, -деді серіктерінің бірі ерекше екпінді үнмен.

-Менен озғандар да бар шығар?

-Жоқ, шығар. Болса біреу-екеу болар. Бірақ, екі орақты бірдей табысты тәмәмдап, жұлдызыңыз жанған сіздің көрсеткішіңіз олардан әлдеқайда биік.

-Кім білсін,-деп мырс етті де Төлебай машинаның әйнек тазалағышын іске қосты. Қар кесек-кесек мақтадай жапалақтап құйылып тұр. - Елуден асқан қарттың қайратын көрсін деп намысқа басқан шығармын. Менікі ел ырысы ысырап болмасын деген дихан намысы ғой. Енді бүгін басым жастыққа тие сала қор ете түсетін шығармын. - Ол бүкіл тісі ақсия күліп, машина ішіндегі достарына шырайлана қарады. Жүзінде нұр тасып тұр еді...

1979 ж.

АЛТЫН АРАЙ

Көк қанатын сермей салып келе жатыр ала таң, көктем құшып, қыс құрсаудан көзін ашып дала паң. Кербез неткен керілгенде керме иық боп көсіліп, қолтықтарын қуалайды құрақ ұшқан сылдыр бұлақ жосылып. Адырлар да арқа тосып аспанына көк тебінін тартыпты, сай-жыралар күр-күр қағып, бар өкпесін толқындарға артыпты. Шуылы мол шамырқанып жатқан шалқып дүние, дуылдайды, думан ашып дархан базар көктемінің күйіне. Аңсатады, тамсантады тамылжыған тамашалы түрімен, қарай беріп, қалт тұрсаң тапжылмай-ақ күнімен, ерінбей сен еміреніп, тебіреніп тұрар ең, қайтып қана жүз аударып, жанарыңды бұрар ең. О, туған жер, мұндай ғажап болармысың, жанжүректі баураған, мына қартың сағынған ба, сағынышын бір өзіңе үзген бе, келіп тұр гой ертеменен көзін алмай түзден де. «Мынау алап бала шақтың құрдасы, анау өңір жігіттіктің жолдасы, ал ана қыр жаңа өмірдің жол басы, осы арада ғұмырының айнасы, бұл өлке ме, бұл өлке талай сырдың қоймасы, соны толғай ойлашы.» - деп тұрғандай Есіл сылқым бұралған, деп тұрғандай тоғайлар да ашылған таң мұнардан.

...Ол тұр мынау сұңғақ бойлы, әлі тіп-тік тұлғасы, ақындарау, сол тұлғаны жырлашы. Күн қағады қолыменен, шығыс нартқа қарайды, қандай әсем шымқай қызыл таң алауы арайлы.

- Нұр самал, алтын арай, армысың!

- Келдің бе, қарт, қуат-күшті бармысың? – Ол өткенді есіне алып тұрғандай, кеудесінде ат дүбірі дүрсіл қағып ұрғандай.

* * *

... Ол да бір бұлқан-талқан көктем өтіп, қараша күз қоныс жайған мезгіл еді. 1919 жылғы октябрьдің 19-нан 20-на қараған түн. Есілдің сол жақ бетінде ойысты отыратын киіз үйлі үркер-

дей қазақ ауылдары беймаза кеш құшағына кіре берген мезет. Жөңкіле қашқан ақтардың жолындағы ауылдарға салар ойраны да мол болатын. Сол себептен де шашыранды ауылдар бір-біріне қарасын болып, түн баласында дабылдасып, хабарласып сақ отыратын.

Әсіресе, бүгін таңертең ақтардың қан сорпа болған бытшыт әскерлері салақтай жосылып өтіп, өзеннің арғы жар қабағындағы Мүсін селосына ат қойып, сонда ұрандасып жатты. Көп нөпірі сол жерге тоғысып, тас-түйін болып бекінгені де белгілі еді.

- Апырмай, мыналардың күні батып бара жатыр екен, жан сауғалап қашуларын.

- Тырағайлап тығылады екен, сүмелектер! – десіп күн кешкі қонағына батып бара жатқан сәтте киіз үйдің алдында бас құраған үлкендер мәз болыса күліп тұрды. Ұзын бойлы, жіңішке жігіт, отыздардан енді асқан ауыл мұғалімі Жақып Мұқанов та осы арада тұр. Әңгімеге елегізіп-ақ құлақ түріп, жас көңіл тағатсыз тықыршитын тәрізді. Мына үлкендер сол кездегі Совет өкіметінің белсендісі – ауыл коммунисі Жақып Қыстаубаев бастаған Алпысбай Сүтемгенов, Хамза Жүнісов сияқты еті тірі азаматтар болатын.

Бір мезетте тыншып бара жатқан түн төсін дүбірлетіп бір жосын қол сау ете түсті. Ауыл адамдары да үрпиісіп, мұздап қалған еді. Секемшіл көңілді сәлемдері серпілтті. Қызылдар екен.

- Амансыңдар ма, ағайын? Бұл қай ауыл? – деді командирі.

- Ақан, Қожам, Мұстапа, Нұралы...

- Бүгін осы жерден ақтар өтті ме?

- Өтті. Қашып өтті.

- Анау Мүсінге жиналып, шоғырланды.

- Мына түнде тартып кетсек, қалай болар екен? – деп сұрау салды да қызылдардың командирі сарбаздарымен өзара ақылдасты.

- Қарағым, қызарып шыққан күнім деп қарсы алдық қой қызылдарды. Ақ иттердің құйрығын бұтына қысқан мына бұралқы түрін көріп, қызылдар келер-ақ деп тосып едік. Келдің. Қуаныш құшағымыз сендерге. Мына тақыр кедей, жалшы-жақыбай, өзіңе сенеді, - деді терең толғап көзіне жас алып ақылгөй үн қатқан қарттардың бірі.

- Дұрыс айтады.

- Төбемізді теңдікке жеткіздіңдер, айналайындар! – дескен үндер бір қауым үлкендер аузынан айтылды. Осылардың қостау үнінің ақырын тосқан әлгі қария сөзін әрі жалғастырды.

- Жауды тоссаң, түн сенің серігің тоқтамаңдар. Мына Есілдің өткелін білетін ер жігіттер осында бар. Сендерді солар бастайды. Жауды есін жиғызбай басыңдар.

- Кім бастайды, қане? – Командир осы араға үйірілген ауыл жігіттеріне қарады.

- Біз бармыз!

- Өзім-ақ апарып өткізейін.

- Аттанамыз.

- Жігіттер, атқа мінер күн туды, - деп жігерлене ұран тастаған ауыл жігіттері ат ойнатып, түн құшағына сүңгіді. Осы топта ақтарға қарсы кекпен құрсанып аттанған ауыл мұғалімі Жақып та бар еді. Жарлы кедейдің баласы бостандық таңы атқанға дейін саудагер қулактардың кірешісі болып күн көрген, ауылға жаңа өмір хабары келгенде өзінің шала сауатымен балаларға қара танытуға кіріскен-ді. Көзі ашылып, көкірегі оянған азамат еді. Жорыққа толқусыз тура қосылды.

Осы түнде қызылдар Есілді кесіп өтіп, олардың үстінен тосын түсіп, тағы да жайратқан. Таң қылаң бергенде қызылдар жауды өкшелеп қуып бара жатты. Жақып Қыстаубаев саңқылдап жігіттеріне үн тастады.

- Азаматтар, құрыштай құрсаныңдар! – деп алға түсіп ағыза жөнелді. Алтын арай ауыл жігіттеріне де қуат бергендей олар

да бірге жосылтқан. Арасында Жақып Мұқанов та бар еді. Алаулаған алтын арайды ол сонда көрген.

* * *

- Ауыл-ауылды қуаныш хабары көктем қарлығашындай қанат қағып аралап жүр. 1927 жылдың жазы. Киіз үйлердің түріп тасталған іргелерінен соққан самал кедейлер үніне өзгеше бір ажар бергендей.

- Қала салатын болыпты.

- Землемерлер жер өлшеп жүр, – дескен үндер қатты шығады.

- Маңдайшасында қызыл жалау желбіреген киіз үйдің маңына халық, әсіресе, үйір. Бұл – Қызыл әскер ауданына қарасты № 6 ауылдық Советтің кеңсесі. Ауылдық Совет председателі Жақып Мұқанов бұл шақта жаңа өмірдің ауылдағы жаршыларының бірі болып белсеніп жүр. 1922 жылы партияның тілектестер тобында болған ол 1925 жылы Ленин партиясының қатарына өтіп, қосшы комитетінің председателі, партия ячейкасының секретары тәрізді қоғамдық қызметтерде де ысылып қалған.

- Көшпелі күнді қойып, үй саламыз. Советтік ауыл орнатамыз, - деп ауылдық Совет председателі Есілдің оң жақ өңірінен жер өлшеушілерге жаңа ауылдың аясын анықтатты. Мойынсерік ұйымдастыруға бас болып, жаңа қоныста жаңа өмір қайнай бастады. Мектеп салынды, жаңа үйлер қатар түзеді. Соның бәрінде осы кісінің еңбегі ерекше еді. Ол сауатсыздықты жою мектебінде мұғалім болып, бел ортасында жүрген. Кейін байларды конфискелеп колхоз құрғанда да білек сыбана кіріскен коммунист болған.

Қаз тұрған алғашқы колхоз өмірі қызық еді. Кедейлер қуанышында шек жоқ. Ал бай құйыршықтарының залалы қаншама болды десеңші. Жеке меншік малды ортаға салу, түсінбеген адамдарды жақсылыққа үндеу, сендіру қаншама қажыр-

қайрат қажет етті. Ауылдық Совет председателі сол қиындықта ауыр жүктің үлкен үлесін көтергені де сөзсіз.

Кеңсе алдындағы үлкен топтың, көңілдері жарқын жандардың бұл күнгі әңгімесі әр саққа сайған таласты болатын. Бәрінің де айтары жаңа ауылдың жаңа өмірге лайық есімін атау еді. Бұрын Қаратал деген жерге қоныстанған жаңа шаңырақты мына заманға келісті атау дұрыс десті бәрі.

-Мәдениет.

-Жаңа тұрмыс.

-Теңдік.

-Жоқ. Ондай ауылдар төңіректе құрылып жатыр ғой. Бұл ауылдың аты Октябрь болсын, - деді коммунистердің бірі.

- Міне дұрыс. Осылай атап осылай жазамыз, - деп ауылдық Совет председателі бұл ұсынысқа бірден қол қойды.

... Жер аяғы кеңіп, көктем шырайы да күле келген шақ. Биыл қыс қатал болып арқадан қысқан аязы да берекені алған боран шашыны да қабат құрсаулап мал-жанға ауыр соққан еді. Қар еріп жер буы бұрқыраған сәтте баршаның жағасы жайлауға кетіп қуанғаны да осыдан. Қайта құралып шаңырақ қарасын қосып келе жатқан колхоз алғаш көктемін қарсы алып егіске қамданғанды.

... Түнде терезе қатты соғылғанда Жақыптың жүрегі бірден су ете түсті. Жамандықты іле сезіп қапысыз танып өкінішпен опынып атып тұрған.

Қап! Үлгермедік-ау! Тұқымға бір зауал келген шығар-ақ – деп ол қараңғыда қармана жүріп терезеге таянды.

- Бұл кім?

- Мен ғой Жақа. Тұрыңыз тұқымды ұрлап әкетіпті! – деп дауыстады арғы жақтан таныс үн.

- Ойбай, құдай-ай! Байқаңдаршы жау көбейіп кетті ғой,- деп жұбайы да үрпие тұрып, қорқынышын жасыра алмайды. Тез киінген ауылдық Совет председателі далаға шыққанда

көктем түні көзге түрткісіз тас қараңғы меңіреу еді. Бетке жаз иісіндей жып-жылы леп соғады. Сыртта басқарма тосып тұр екен. Ол да әлі ештеңеден тәжірибесі жоқ қара қоржын кедей болатын. Әйтеуір еті тірі пысық-ты.

- Жақа кеше кешке өзіміз қараған соң үйге барып жатып қалған едім. Сіздің сөзіңіз есімнен кетпей кірпік іле алмағаным ғой. Түн ортасында тұрып қоймаға барсам құлыбын қиратып тұқымды ағыл-тегіл шашып біразын алып кетіпті,- деп басқарма қапаланып тұр.

- Күзетші қайда екен?

- Иттің баласы, ұйықтап қалыпты.

- Қап!

- Осы түні ауыл белсенділері аяғынан тік тұрып дамыл таппай дабылдасып бүкіл айналаны шолып шығысты. Қаншама дүрліккенмен түн құшағы қарақшы қарасынан із-сілемін аңдатпады.

- Ұрыны таппай тынбаймыз,- десіп ауыл белсенділері де дамыл көрмеді. Ақылдаса келіп ақыры күдікті-ау деген шоқ-шоқты тағы бір қағып шықпақ болып топ-топқа бөлінді. Жақаң қасына бір жігітті алып ұялы деп аталатын қасқыр апанының қордасына аттанып еді. Ол жаңағы меже-меже аталған болжамдардың ең түпкісі.

- Із көрінбейді, таңды тоссақ ұзап кетер де тұқымды құртар.

- Өкшелеп жету керек. Әлі алыс кеткен жоқ. – Салт аттылар түн жайлаған жер төсін дүңк-дүңк ұрып, қараңғылық ішіне сүңгіп жоғалған. Жақаң да, серігі де үнсіз. Міне алдан көз байлаған қап-қара тұңғиық кезікті. Тіпті селкеуі жоқ тұтас ағаш кезеті бар еді. Екі шолғыншы да сескенейін деді. Ат басын тежеп, ақырын аяңға басып, елеңдесіп тың-тыңдады. Әр сыбдырға құлақ түріп сақ келеді.

- Жаңа аттың пысқырғаны естілгендей болды ма? - Жақаңның бұл сұрағына серігі жауап бермей іш тартып, түн тыны-

сына құлақ түреді. Екеуі де аттарын ақырын аяңдатып, орман ішіне іліге берді. Осы сәтте бір түсініксіз үрейлі дауыс естілді де тасыр-тұсыр сойыл-соққылар төпелеп кетті. Аттар үркіп оскырып ағашқа соғып, кейін ытқып арындады. Жақаң да қапысыз емес еді, ағаш бұтақтарын ғана сабалап жауырынын жалап өткен соққыдан сескене қоймай, тақымындағы мылтықты суырып алды. Қараңғыда түс айырып, анық болжап жатқан ешкім жоқ. Тек серігінің үзеңгілес, қағысып жүргенін жақсы біледі. Жау жағы да тосқауылдан түскенмен дәл ұрып өндіре алмады.

- Тоқтат! – деп Жақаң түнді жаңғырта саңқ етіп, мылтығын аспанға көтере басып қалды. Аузынан от жалын бұрқ етіп, мылтық даусы бүкіл түн тыныштығын бір сілкіп өтті.

- Әй, Жақып, жаның өзіңдікі болса, мылтығыңды таста! – деді бір дауыс қатаң үнмен шарт қойып.

- Ә... Сенбісің? Болмас ол.

- Болатыныңа сеніп тұрмын ғой.

- Байлардың күні көшкен. Көп құтырмасаңдаршы. Қане, тұқымды қайтарыңдар! – Сатыр-сұтыр қақтығыс басылып, бұлар қараңғыда сөзбен салғыласты. Енді бірін-бірі көріп тұрған жоқ. Қимылдарын аңдысқандай тыныш тұр.

- Кәменесім, не қылып тұрсың? Жау жүрексің ғой, жақындасайшы. Қараңды өшіріп, қара жерге хош айтқызайын.

- Кедейлердің қара сіңір қолы қадалған жерден қан алатынын білесіңдер ғой. Қане, көп сөйлемей колхоз мүлкін қайтарыңдар! – деді Жақып даусын көтеріп.

- Әкең тауып па еді? – Тосқауылшылар өздерінше мырс-мырс күліп келеке етеді. Жақып үзеңгі қағып қалып серігіне де мылтығыңды ал дегендей болды.

- Ал, өкінбеңдер, ендеше, ауылға қарай бұрыңдар. Әйтпесе атамын! – деп ауылдық Совет председателі кезенген мылтығын тағы да аспандата басып жіберді.

- Байлардың қоқан-лоқысын көргенмін, тартыңдар ауылға.

Ал тағы атамын! – Мылтықтың шүріппесі сыртылдап ашылып жатқаны да естілді. Жақып тағы бір үркітіп алмақ болып мылтығын гүрс еткізді.

... Ұрыларды алдына салып, таң сібірлей ауылға қарай оралып келе жатқан Жақаң мен серігі іштей бір көңілді күйде еді. Қап-қап бидай сықай артылған қос арба сықырлап ілбіп келеді. «Бостандық, теңдік...» - деп күбірлейді ол мынау таң нұрынан оянып келе жатқан далаға көз салып. Осындай қиын-қыстаулы қаншама сәттер өтті десеңізші. Сол күрестердің жеңісі болғаны да бір бақыт екен.

Жылдар керуені үздіксіз жылжып Жақаңды өмірдің талай белестерінен өткізді. Ол қай салада еңбек етсе де Лениндік партия мүшесіне тән адалдықпен, табандылықпен, қарапайымдылықпен бөленіп еді жұртшылдық құрметіне. Партия қайда жіберсе содан табылды, осы бір қатардағы қарт солдат.

* * *

1967 жылдың даңқты күзі еді. Бүкіл ел Октябрдің 50 жылдығын тобы жатқан шақ. Бұл күндер дербес пенсионер қарт коммунист Жақып Мұқанов үшін өзгеше әсерлі болатын. Оған келушілер де, құттықтаушы да көп. Бәрінің де сәлемінде, жылы лебіздерінде өзінше бір ыстық ілтипат, үлкен құрмет болатын.

Ол әдеттегіден ерте тұрып, таңертеңгі мезгілді тамашалайды. Күн көзі жарқын, жер-көкті құлпырма бояумен нұрландырып тұрғандай. Кешегі өзі қазығын қағып, іргесін көтерген Октябрь ауылы қазір үлкен шаруашылық – «Аманкелді» совхозына айналып кеткен.

Жақаң осы бір өз мекенінің бақытты бейнесіне шаттанып, көше-көшені аралап, үйіне қарай беттеп келеді. Жасы сексеннен асып кетсе де жүрісі әлі нық, тек мұрт-қияқтары, самай-шашы аппақ күмістей жылтырайды.

1967 ж.

КЕРЕМЕТ КӨКТЕМ

Жер дегдіп қылтиып қырбықтанып көк те көріне бастады. Шөптің кішкентай көк жапырағын алғаш көргенде Дәурен қуанып кетті.

- Көктем келді, шөп көктепті! - деп алақайлап үйге жүгіріп кірді ол.

-Оны қайдан білдің? – деді әжесі.

- Шөп көктепті. Шөп көктегенде көктем келмей ме?

- Жоқ. Бұл әлі көктемнің хабаршысы. Нағыз көктем найқалып әлі жеткен жоқ, - деді әжесі немересіне табиғат тамашасын түсіндіріп. Дәурен тіпті қызыға түседі.

- Әже, әнеугүні құстар келгенде не дедің? Оны да көктем хабаршысы деп едің ғой?

- Иә, құстар да көктем хабаршысы. Олар да ерте келіп, көктем деген кереметтің жете алмай жолда жүргенін хабарлайды.

-Қалай хабарлайды, әже?

-Құстар аспанда қалықтап ұшып, қанатын кең сермейді. Бұл олардың күн жылынды, көктемге қамданыңдар дегені.

-Ал шөптер ше?

- Жер құрсағы жылынды, келе жатқан көктемді мен де көрейінші деп шөп те көтерілді. Көк шықса көктемнің тіпті жақыны, - деп әжесі Дәуренді тағы да ынтықтырады.

-Сонда керемет көктем қашан келеді? - деп немересі де тағатсызданып сұрақтарды көбейте береді.

- Ол күнді өзім айтамын, - деді әжесі.

Кішкентай Дәурен сол керемет көктем келетін күнді қандай асыға тосты десеңізші. Күнде таңертең тұрып әуелі аспанда қалықтаған құстарға көз салады, түкті кілемдей дүркірей көтеріліп келе жатқан көкмайсаға қызығады, сонсоң әжесіне келеді. Ал әжесі әлі үндемейді. Ол да көктем келетін күнді тынымсыз тосқан тәрізді.

Бір күні Дәурен алақарақтан шошып оянды. Ояна келсе каптаған мотор үні тұтаса гүрілдеп бүкіл көшені көшіргендей еді. Ағаш үйдің өзі дір-дір еткендей болып бүкіл төңірек солқылдайды. Дәурен жалма-жан жүгіріп терезеге ұмтылды. Қараса, расында да ауылдың көшесін қалың гүрілге толтырып тракторлар көші өтіп барады екен. Соңдарында тіркеген сеялкалары, желбіреген қызыл жалаулар да көрінеді. Сонау қырқаға қарайлап қойып жөңкіліп барады. Әжесі де есік алдында кәрі жүзі күлімсіреп, басындағы орамалының ұшымен жасаураған көзін сүртіп тұр екен. Бір шақта бірдемесін ұмытқандай жалт беріп үйге қарай жүгірді. Сүріне-қабына есік ашып, айғайлап келеді.

-Дәурен, құлыным тұр. Керемет көктем келді. Көктем келді!

Әжесінің даусы да бір түрлі қызық естілді. Қуанғаны дауысының дірілінен-ақ танылып тұр.

-Кәне, көктем кәне, әже? – деп немересі де терезенің ернеуінен ұстап айнала үңіледі. Жер қайыстырған тракторлардан, жүздері тотыққан дикандардан басқа ешкім көрінбеді.

-Әне! – әжесі енді Дәуренді далаға шығарып тракторлар керуені көсілген даланы нұсқады.

-Әне, егіншілер дабылы соғылса керемет көктемнің келгені деп біл. Егінші атаң мұртынан күліп, жер жарықтықтың қара қыртыс құндағын дәнге бөлеп жатқан жоқ па?! Керемет көктемнің келгені ғой.

Қуанған Дәурен де көшені шарлап жүгіре жөнелді. Ауыл үсті бүгін шынында да әбігер болып, ел қырға қарай беттеп

барады. Әжесінің немересі тіпті қуана түсіп, қырқаға көз сала береді. Көңілі сол жақта. Керемет көктемнің соңынан қуғысы келетін сияқты.



АЛҒАШҚЫ ҚАДАМ

Әжесі бүгін ерекше алаңдап отыр. Оны кішкентай Аманкелді де сезіп қайта-қайта қасына келе берді. Айналшықтап тұрады да, қайтадан есік алдына шығып кетеді. Кішкене ойнап жүреді де, тағы да есіктен кіріп әжесінің қабағына қарайды. Ол кісі терезеге қарағыштайды.

-Төлеген көрінбей ме? – деп сұрап қояды.

-Жоқ, - дейді де Аманкелді далаға шыға жөнеліп көшелерді біраз шарлап келеді. Қырқаға көз салады, бірақ Төлеген ағасы көрінбейді.

Әжесі мен немересінің бұлай беймаза болуының өзіндік сыры бар еді. Аманкелдінің ағасы Төлеген дәл бүгін тұңғыш рет тракторға мініп далаға кетті. Қыс бойы курста оқып, жақында ғана тракторшының куәлігін алған-ды. Енді міне көктемгі егісте өз алдына темір тұлпарды тізгіндеп, білек сыбанып, азамат болып үзеңгі тартты. Әжесі соған қуанады.

Есік алдынан «Беларусь» дүрілдеп жөнелгенде соңынан біраз қарап тұрды. Аманкелді де көп жерге дейін далбаңдап жүгіріп ілесті.

-Тракторы тоқтап қалған жоқ па? – деп сұрады әжесі кішкене немересі үйге оралғанда.

-Тоқтаған жоқ. Зырылдатып тартты, - дейді Аманкелді қуанып.

-Онда жарады. Алдынан жарылқасын.

- Тоқтаса қайтеді, әже?

-Тоқтамасын де. Тұңғыш рет трактордың рулін ұстап, алғашқы қадамын жасағанда тоқтамасын. Жақсы ырым болсын, айналайын. Бүгіннен бастап тоқтамай тракторы жүріп кетсе ғұмыр бойы солай жүрдек болады. Бәрі алғашқы қадамға байланысты. Алғашқы қадамы нық болса түзу жолға түскені менің құлынымның, - деп әжесі Төлегеннің бірінші рет трактор жүргізіп кеткеніне өзінше мәз болып отырды.

- Әже, мен де тракторшы боламын, тракторға мінген күні бір де тоқтамаймын, - дейді Аманкелді.

- Онда жарадың. Құлыным-ау, ілгері ұмтылған адам далада қалмайды. Ұмтылсаң болды. Тоқтап қалма. Сен тракторға мінген күні бүкіл елді шақырып той жасаймын. Келші, айналайын, маңдайыңнан иіскейін. - Әжесі немересін қасына шақырып, бауырына тартты.

- Неге, әже? Той неге жасайсың?

- Сені ер жетті деп той жасаймын. Тракторға мініп тың жерді таспадай тіліп бара жатсаң – одан артық қандай батырлық керек. Бидай өсірген, нан өсірген адам – ең құдіретті адам. Сен солардың қатарына қосылып үлкен жігіт болсаң неге қуанбайын. Қуанғанымнан той жасаймын. Жұртты шақырамын. «Міне менің Аманкелдімді көріңдер, атасы, әкесі, ағасы тракторшы болып еді, енді бұл да біздің босағаның дәстүрін жалғастырып бара жатыр. Жолыңа гүл бітсін, - деп мақтанамын ғой.

- Атамның тракторы қайда?

- Атаң соғысқа дейін тракторшы болған. Ол соғыста қайтты. Нағыз батыр болды. Түнде шабуылға шыққанда бір өзі он фашисті сұлатыпты.

- Жалғыз өзі ме, әже!

- Бір өзі. Әне сондағы ерлігіне берілген ордені үйде ілулі тұр.

- Оны кім әкелді?

- Бір майор әкеп берді.

- Папамның ордені қандай, әже?

- Папаң да әкесіне тартқан. Ол да осы өңірдегі атақты тракторшы емес пе. Ленин ордені бар.

- Оған енді қандай орден береді?

- Қайдан білейін, айналайын. Батыр атағын беретін шығар. Жұрт солай деп жүр ғой. Мынау кең байтақ даланың батыры болған да жақсы. Сен де батыр болуға ұмтыл.

- Папамның тракторы да алғашқы күні мінгенде тоқтаған жоқ па?

- Тоқтаған жоқ. Ол жиырма бес жыл бойы әлі тоқтамай келеді. Үйдің бетін де көрмейді ғой кейде. Күні-түні трактордa.

- Папам батыр болса Москваға бара ма? - деп Амангелді әжесінің қолтығына кіріп еркелей түсіп сұрақ беруден жалықпайды. Әжесі де жалықпайды, мұндай сұрақтар жүрегіне жылы тиіп жымия түсіп қояды.

- Барады ғой. Қазір де Алматы, Москва деп ұшып жүрген жоқ па.

- Мен де барамын.

- Барасың, құлыным, әлі өскен соң талай барарсың.

Әжесінің бұл сөзі немересін күлімсіретті. Кішкентай көкірегіндегі тәтті арманды қозғап кеткендей болды. Екеуі кешке дейін Төлегеннің жұмыстан оралуын асыға тосты.

Ауыл көшелерінде іңір қараңғылығы үйіріле бастаған кезде есік алдына бригадирдің сары «Жигулиі» келіп тоқтады. Рульде бригадирдің өзі. Қасында Төлеген. Есік алдына шыққан әжесі мен Аманкелді әуелгіде бір түрлі тіксініп қалғандай болды. Тосын хабар әкелді ме, әлде Төлеген бірдемені бүлдірді ме деп қобалжыңқырап еді. Бригадирдің жылы жүзін көрген соң екеуі де машинаға қарай жүрді.

- Апа, сізді құттықтайын деп келдім. Мынау Төлеген немереңіздің алды ғой, - деді машинадан түскен бригадир қолын созып. – Бүгін тұңғыш рет танап тырмалауға шығып еді. Бірінші

күні нормасын асыра орындады. Атасына, әкесіне тартқан екен. Қуана беріңіз. Енді тоқта, бүгінге болар десем болмайды. Өзім алып келдім үйге.

- Күнім-ау, бәсе, атасының кәстөмін бір кигізіп алып едім бүгін.

- Тракторың сөніп қалған жоқ па? – дейді Аманкелді.

- Жоқ. Тоқтағаным жоқ.

- Енді осылай алған бетіңнен айныма. Алғашқы қадамың қайырлы болсын, менің көңілім де тоқ. Ал үйге кіріңдер, - дейді әжесі.

Төлеген әжесінің таңертеңгі қылығын жаңа түсінді. Далаға жүргелі жатқанда мұны шақырып алып атасының шкафта тұрған ескі костюмін ерікке қоймай кигізіп көріп еді.

- Бүгін осыны ки, - деді.

- Үлкен ғой. Қолқылдап жатыр, - деді Төлеген.

- Қайтер дейсің. Кабинада жатсын кимесең.

- Қойшы, әже.

- Үстіңе өлшеп көр де, сосын шешші өзің, - деп болмаған. Сөйткені кәрі адамның жақсыға жорамалдаған ырымы екен ғой. «Атаңның жолын берсін, атаңның қуаты қолдасын» деп күбірлеп жүрген. Төлеген оны жаңа ғана түсінген. Бұлар үйге кіре бергенде әжесі Төлегеннің үстіне уыс-уыс кәмпитті жаудырды-ай келіп. Аманкелдінің ауызына түсе бермейтін кәдуілгі қымбат тәттілер «Маймақ Мишка», «Солтүстіктегі Мишка», «Қаракұм» кәмпиттері әдемі қағаздарымен судырлап жерге топ-топ етті.

- Еңбегіңнен нұр жаусын. Шашуым ғой. Алғашқы қадамы құтты болсын! – деп әжесі сондай мәз-майрам. Аманкелді қуанып кетіп жердегі кәмпиттерді жинап алып біразын Аманкелдінің қалтасына салды. Әжесі де оны ұмытқан жоқ. Бір уысты өзіне арнап қойнына тықты. Аманкелдінің екі қалтасы томпиып қалды.

Бір апта жеуіне жетеді, - деді бригадир күлімсіреп.

- Әже, мынаны қайтемін, - деді бір уақытта Аманкелді. Екі қалтасына сықай толтырған конфеттерді көрсетті.

- Көршілердің балаларына, өз достарыңа үлестір. Олар да дәм татсын. Төлегеннің алғашқы қадамына шашудан, әжем берді деп айтып бер. Балалар да қуансын, - деп әжесі ерекше тапсырды. Аманкелді жүгіріп далаға ыта жөнелді. Қуанышы қойнына сыймайтын сияқты. Бұл қызықты достарына айтуға асыққаны түсінікті еді.

Сол күні түнде де Аманкелді әжесінің төсегінде отырып көпке дейін ұйықтамады. Әңгімесінің басы-аяғы ағасы Төлегеннен аспайды. Сол төңіріктен өрби беретін сұрақтар көп.

- Әже, деймін. Ағам бәрінсн, бәрінен озып шықса жүлде бере ме?

- Береді.

- «Жигули» ме?

- Солай шығар.

- Сонда біз де екі «Жигули» бола ма? Папама біреуін берді ғой.

- Төлегенге де береді.

- Екі машинаны қайтеміз?

- Төлеген өзі мінеді. Озып шықсын де.

- Ол озады, әже. Мектепте жүгіріп жарысқанда бәрінен озған.

- Аузыңа май, айналайын.

- Ол не дегенің, әже? Түсінбедім.

- Баяғыда таршылық заманда нан да, май да болмайтын. Сонда кішкентай ғана май болса, соны балалардың аузына жағатын.

- Жаққанда не болады?

- Аузының дәмін алады, жылауын қояды.

- Мен май жемеймін.

- Сендер майға, нанға да қарамайсыңдар. Мына «Мишка» ғана керек қой. Замандарың солай. Үлкен болып өсе бер, - деп әжесі немересін маңдайынан сипады. Иіскеді. – Тың деген, шіркін береке-құт қой. Бұл жерде трактороршы болу да бақыт. Кімнен кем әне. Аспанға ұшса самолеті жерде жүйткісе машинасы дайын.

Әжесі мен немересі біраз әңгіменің басын қайырды. Екеуі де шаршаған жоқ.



ТАЗАБЕК

Ауылдан қалаға жаңа көшіп келген Қазбек ақсақалдың үйі бүгін көрші-қолаңға толы. Есік қайта-қайта ашылып, жабылып дамыл жоқ.

- Қоныс қайырлы болсын.

- Үйің жақсы екен. Ішінен қуаныш кетпесін, - дескен ақ тілектер де ақтарылып жатыр.

- Төрлетіңдер, жоғары шығыңдар.

- Айтқандарың келсін, - деп үй иесі де бәйек болып келгендерді жоғары шақырады.

Қазбек ақсақалдың осы қаладағы құрдасы Болат та немересі Дәулетті жетектеп келіпті. Дәулет екінші сыныпта оқитын сүйкімді бала. Үсті-басы тап-таза. Киімінде кіршік жоқ. Жүріс-тұрысы да тәртіпті. Монтиған қалпы. Келген кісілердің бәрі де Дәулетке көз тоқтатпай өткен емес.

Келгендердің бәрімен үй иелері қауқылдасып, қуанып жатыр. Шәкәр әжей бәйек болып дастархан жайып, үстіне бар мәзірін жайғастырып, жүгіріп жүр.

- Ал қол жуып, шай ауыз тиіңдер, - деді Қазбек ақсақал. Отырғандар орындарынан көтеріліп, қолдарын шайып, орамалмен сүрте салып, дастархан басына жайғасты.

- Дәулет, айналайын, қолыңды жу, атаңның жанына отырып, сен де шай іш, қонақсың ғой, - деді Шәкәр әже.

Кішкене Дәулет қол жумақ болып барып, ванна бөлмесінен көпке дейін келмеді.

- Әлгі Дәулет не істеп жатыр? - деп атасы Болат та алаңдап ванна жаққа қарай берді. Даусын көтерді. – Дәулет, қайдасың, не істеп жатырсың?

- Сумен ойнап жатқан жоқ па өзі? – деді отырғандардың бірі.

- Ауылдан жаңа келген бала емес қой, қаланың жігіті, бәрін де біледі ғой, - деді бір кісі.

- Әй, Дәулет, қайдасың, қасыма кел, - деді атасы.

Екі білегінің жеңін түріп, екі қолынан су сорғалаған сүйкімді бала ванна есігінен қарады.

- Ата, сабын, - деді ақырын ғана.

- Жә, шая салшы, былғанатындай ештеңе ұстаған жоқ едің ғой. Бұлар жаңа көшіп келіп жатыр. Сабын да қолға түсе қоймаған шығар, Шая сал қолыңды.

- Ата, әжем ырымын жасап шая салма деген.

- Құдай-ай, сен де бір... Ал, бірақ айтқаны дұрыс-ау, - деп атасы орнынан көтерілмек болғанда Шәкәр әжей естіп қалып жан ұшырды.

- Болаттың мына немересі таза екен, жарайсың, сабынды ұмытып кетіпті, әне тұр.

- Ағайындар-ау, мына сүйкімді бала ақылды, қылығымен бізге салмақ салып тұр. Сүйкімді баланың сөзін тыңдамаса болмайды, ақылыңнан айналайын.

Әжеңді тыңдағаның қандай жақсы. Кәне, бәріміз де қолымызды сабынмен қайта жуайық, деп төрде отырған үлкен кісі

күліп орнынан тұрып жатты. – біздің қазақ ет десе, шай десе қолдың суын сілке салып жүгіре жөнеледі. Мына бала сол әдетті қашан қоясыңдар деп тұр ғой. Айналайын, айтқаның орынды-ақ. Біз кәрі кісілер ұмытып кетеміз.

Отырғандар орындарынан дүрліге көтеріліп, күлісіп жатыр.

- Әжесін тыңдағаны қандай жақсы.

- Үлкен жігіт бол.

- Осылай бізді үйретіп қой, - десіп бәрі мәз-майрам болып серпілісіп қалды.

- Бұл шіркінді үйде Дәулет деп атамайды, Тазабек деп мақтайды, - деп атасы да мұртынан күлді.

- Қолы таза баланың жаны да таза, - деп үлкендер баталы сөз бағыштап жатыр, - жарайсың Тазабек!



МЫРЗАБАЙ

Үшінші кластың балалары Алматыдан келген ғалым ағаларының әңгімесін ұйып тыңдап қалыпты. Жиырма шақты бала түгел тым-тырыс. Үн жоқ, мұрындары ғана пысылдайды. Кейбіреулері құлақтары қалқиып, ауыздары аңқиып селт етпейді. Ғалым аға жалғыз сөйлеп отыр. Қасында отырған мұғалім тәтей, Раушан да тіс жармай анда-санда басын изеп, құптап қояды.

- Нарықтың не екенін енді түсіндіңдер ме, балалар? - деп ғалым балалардың жаудыраған жанарларына көз салып, бір шолып өтті.

- Түсіндік, аға.

- Нарықты білеміз.

- Нарық ауылда да бар, - десті оқушылар жарыса үн қатып.

- Нарық немене сонда? – деді ғалым.

- Сауда.

- Сауда жасау, - десті балалар.

- Алдайтын сауда ма, алдамайтын сауда ма?

- Алдамайтын сауда.

- Жарайды онда, балалар, түсініп келесіңдер.

Бір бала қол көтерді.

- Нендей сұрағың бар, айта ғой, - деді мұғалім тәтей.

- Алдамайтын сауда бола ма? – деді бала.

Ғалым аға күлді:

- Болады. Айтайық, өзі ащы, өзі қатты көк алманы, мынау алма тәтті, жұмсақ деп алдап сататындар бола ма?

- Болады. Түсіндім ағай.

- Өскенде еңбек етіңдер, сауда жасаңдар, жанталасып жалықпаңдар. Сонда мына тұрмыс түзеледі, бай боласыңдар. Бай болған жақсы ма? Балалар үндемеді. Жалтақтап біріне бірі қарады.

- Осы ауылда бай бар ма? – деді ғалым аға.

- Балалар ештеме айта алмады. Ойланып қалған. Бір кезде Дәулет қолын көтерді.

- Ия, айта ғой, - деп мұғалім тәтей күлімсіреп қарады.

- Бар, - деді Дәулет қысылып.

- Ол кім?

- Мырзабай.

Балалар да ду күліп жіберді.

- Осы ауылда ма? Неге күлдіңдер, балалар? – деп таңдана қарады ғалым аға.

- Мырзабай осында отыр, ағай,

- Кәне, Мырзабай қайда, орныңнан тұршы.

Алдыңғы партада отырған сары бала орнынан тұрды. Ол да күледі.

- Оқу қалай? – деді ғалым аға қызыға қарап.

- Бәрі бес. Әзір үш, төрт те жоқ, - деп Мырзабай асып-саспай нық жауап берді.

- Бай болатын түрің бар екен. Кілең бес алсаң, ол да байлықтың белгісі. Ол – білім байлығы. Мырзабай деп атыңды кім қойғанын білесің бе?

- Білемін.

- Білсең айтып берші, Мырзабай.

Бала ештемеден жасқанған да жоқ, ұялған да жоқ. Тақылдатып айта бастады.

- Менің атымды әкем қойыпты. Мен туған соң Мырзабай деп құлағыма үш рет айғайлапты. Әкемнің арғы атасы Мырзабай деген бай екен. Оның қолына бұғау салып, Көкаралға айдап жіберген екен, Кеңес үкіметі. Атамның аруағы риза болсын деп менің атымды Мырзабай қойыпты.

- Мырзабай бай қандай кісі болыпты, оны білесің бе?

- Білемін. Ол өзі бай, өзі мырза, жомарт болыпты. Кедейлерге көп көмектесіпті. Өзі мал соңында малшылармен бірге жүріп, бірге тамақ ішіпті.

- Жақсы бай екен онда.

- Жақсы бай болған, ағай.

- Атаңның аруағы қолдасын, Мырзабай, - деп ғалым аға Мырзабайдың ынта-ықыласына ақ тілек арнады.

«Мен білетін Бақыт адамды сүйеді. Оның ішінде балаға деген мейірімі ерекше. Сәби сезімі, бүлдіршін жаны - оның ең «осал» тұсы».

Еслəм Зікібаев

Шығармашылық пен ізгілік - Бақыт Мұстафиннің бүкіл болмысын сипаттайтын егіз ұғым.

Ербол Шаймерденов

Тағдыр оған, Абай айтқандай, ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек сыйлады.

Дүйсенбі Әуелбеков

II бөлім

Публицистикалар, толғаныстар, рецензиялар, аударма, сапарнамалар

ҒҰЛАМА ҒИБРАТ

Жарық дүниемен жарыса жасап жарқырай беретін небір ғаламат даналар бар. Олар халық мақтаныштары, туған топырағының кеше, бүгін, ертең деп аталар неше ықылым дәуіріне дәйім дара танылар тұлғалар, данышпан ақын Абай қазақ көгінің осындай оқшау жұлдызы, кең даланың кемел келбет кеменгері.

Қолына қалам ұстап сөз құдіретін қастерлеген әркім-ақ заңғар Абай мұрасының шуағына шомылып, шапағат, шабыт табады, телегей теңіз Абай асылының айдынынан сусындап, өз бұлағының бастауына қайнар алады. Әсіресе, жас қалам иелері – көк қауырсын қанат талапкерлер үшін ұлы ақын қалдырған терең ойлы, ғұлама ғибраттар, өзгеше нұрлы өнегелер ерен қымбат қазына.

Абай шығармаларына күн сайын үңілген адамға (ондайлар қатары қандай көп десеңізші!) әсте таңдануға болмас, сірә. Өйткені, Абай ғибраты Абай даналығы ғасырды ғасырға жалғап кейінгі ұрпақ толқындарының жадында да жайнаған тамаша ажарымен жаңғырады. Оның асқан зергерлікпен мәрмәрдан текшелегендей тізілтіп түсірген жыр жолдарында хас поэзиялық көркемдік пен ой тереңдігі тел табысып, тетелес тербелуі тамсандырарлық тамаша. «Өлең - сөздің патшасы» деп «тіл өнерінің дертіне» ұшыраған ұлы ақылгөй «өмірдегі қызығың бәрі өлеңмен» боларын мерейлене, тояттана түйеді. Ақындыққа құлай беріліп, «жүрегінің түбіне терең бойлаған» Абай бар сырын, шынын ашық-жарқын ашып салады.

Түзетпек едім заманды,
Өзімді тым-ақ зор тұтып.

Бірақ топастық тоңы туырылған тас түнек талпынған ақын қайратын қанатынан қайырып тастап күңірентті.

Жартасқа бардым,
Күнде айғай салдым.
Одан да шықты жаңғырық,

Абай сөзінен алар ғибрат біз үшін таусылмастай мол. Ол «оқыған білер әр сөзді» деп толғағанда жыр томағасын тартқан талапкердің де топшысын оқу, біліммен бекітуін қалап отыр. Сөз парқын түсінуді, оның қасиетін қатты қастерлеуді берік ұстанады. Бұл ақыл әлі күнге дейін ажарын тоздырмай әрлене, нәрлене түсіп отырғаны да айқын. Араға ғасыр мөлшерімен өлшенер уақыт шыңырауы түссе де Абай шеберлігінің үлгісі бізге бүгін де өнеге.

Бөтен сөзбен былғанса сөз арасы,
Ол - ақынның білімсіз бейшарасы, -

деп өлең жолдарының мінсіз болуына зер салатын ұлы ақын әрқашан қаламын биіктен сермеп, кестесі көз құмартып, көкірек жаулар өрнектер түсіреді. Ол сыртқы сұлулықты сараламай-ақ ішкі байлықтың қорлы да құнарлы болуын мұрат етеді: «Жұртым-ай, шалқақтамай сөзге түсін, ойланшы, сыртын қойып сөздің ішін. Бірақ бұған бағып біз Абай өлеңнің сыртқы құрылысына мән бермеді деп әсте айта алмаймыз. Ол жырларының ішісыртын алтынмен аптап, алтынмен күптеген шын шебер. Сөз зергерлігінің өзі «жаздым үлгі жастарға» боларлық үлкен ғибрат.

«Мақсаты тіл ұстартып, өнер шашпақ» болған Абай жырының асыл қазынасы ұлы орыс әдебиетінің кәусарынан көзейіп жарқырады. Жарқырады деген сөз бұл арада тіпті олқы соғып тұрған тәрізді. Көне ауыз әдебиетінің үлгісі ғана бар поэзия өрнегіне Абай бұрын болмаған бояулар, ғажайып зерлі оюлар қосты. Шығыс классиктерінен, орыс ақындарынан мол сусындаған ұлы қаламгер қазақ сөзін түрлентіп, асыл байлығын ақтара жайнатып берді. Оның әр сөзі өз орнында шегедей қағылып, өзі қаланған қабырғасында қанат бітіп тұрғандай келеді.

Әсіресе, қызыл сөзге жан беріп, кенеулі ойдан адасу тағы Абайға жат.

Жүрегіне сүңгі де, түбін көзде,

Сонан тапқан - шын асыл, тастай көрме дей келіп, Абай не нәрсеге ден қойсаң да мына мұратты мықтап сақтауды ескертеді:

Үш-ақ нәрсе - адамның қасиеті:

Ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек. Абай әлем әдебиетінің биік шынарларымен иық тірестірген асқар. Оның жырлары замана сынынан шаң тимей саф қалпымен ұрпақтан ұрпаққа жете береді.

ХАЛҚЫ СҮЙГЕН ҰЛЫ ЖАЗУШЫ

Қазақ елінің жиырмасыншы ғасырдағы алып тұлғаларының бірі халқы сүйген ұлы жазушы Сәбит Мұқанов десек әсте асырып айтқандық емес. Ғасырдың басында шырылдап дүние есігін ашқан ол ес біліп, есейген шағынан бастап бүкіл өмірін халқына арнады, халқы үшін өмір сүрді, халқының, туған жерінің гүлденіп, көркеюі, басқа жұртпен терезесі тең болуы үшін бар күш-жігерін, онерін, талантын жұмсады.

Сәбит Мұқанов есімі Қазақстан тарихында алтын әріптермен жазылып, қазақ әдебиетінің классигі, ғажап сөз зергері, академик-жазушы, көрнекті қоғам қайраткері ретінде халық мақтанышына айналды. Оның мәңгі өлмес мұралары - романдары, повестері, әңгімелері, пьесалары, поэмалары, өлеңдері, әдеби зерттеулері, сын мақалалары әдебиетіміздің қымбат қазынасы қатарында бүгінде қазақ әдебиетін әлемге танытқан жұлдызды туындылар тобында танылғаны анық.

«Әрі ақын, әрі романшы, әрі драматург және әдебиет тарихының зерттеушісі - Сәбиттің аты қазақ оқушысының мол қауымына өте даңқты, анық қымбат аттың бірі. Оның аты бүкіл одақ оқушысына да мәлім. Қазақ романының тарихында талантты, өнімді жазушы Сәбиттің орны - бірінші орын. Жазба әдебиеттің ең қиын, ең мәдениетті түрі бізде болжап тұрған кезде сол үлгіні ең алғаш бастағандықтан бірінші орынға ие болды» деп данышпан қаламгер Мұхтар Әуезов аса жоғары баға бергені белгілі.

«Сәбитті қазақтың елінен, елді Сәбиттен айыратын саңылау жоқ. Бір өзі бір библиотека кітап жазған, бір өзі бір елдің басынан кешкен бар дәуірін қамтуға құлаш ұрған, әр дәуірдегі елдік, ерлік тіршілігін, ой-өрісін, сезім тереңдігін көрсете алған, теңдесері сирек қалам еңбекшісі, көп ұлтты совет әдебиетінің алдыңғы қатардағы жазушыларының бірі - Сәбит Мұқанов» деп академик-жазушы Ғабит Мүсірепов терең мәнді тұжырым жасап, «оның талантының алуан қырлы құдіретін сүйсіне де сүйіне атап көрсетті. «Бір өзі бір библиотека кітап жазды» деу аса жоғары баға, тек қана теңдесі жоқ таланттарға ғана айтылатын сыбаға. Мұндай жүрек тереңінен шыққан жылы лебіздерді, ақ жарылған ақиқат ойларды Сәбит Мұқанов творчествосына дүние жүзінің әйгілі қаламгерлері де арнады.

«Сәбит Мұқанұлы Мұқанов талантының алдында басымды иемін. Ол аса ірі талант иесі», - деп жазды ұлы орыс жазушысы Леонид Леонов.

Қазіргі заманның әлемді таңдандырған ұлы суреткері Шыңғыс Айтматов: «Сәбит аға ұлттық әдебиеттің негізін салушы буын өкілі. Біз содан үйрендік», - деп қазақ әдебиетінің асқар тауына зор құрметін арнады.

Дүние жүзі таныған ұлылардың өзі бас иіп, ұлылардың өзіне үлгі, ұстаз болған Сәбит Мұқанов - ия, жиырмасыншы ғасырдың қазақ даласында дүниеге келген ғаламат дарыны. Солтүс-

тік Қазақстанның асыл топырағынан жаратылған даңқты перзенті.

Сәбит Мұқанұлы Мұқанов қазіргі Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев ауданындағы Жаманшұбар қыстауында 1900 жылы 26 сәуірде кедейдің отбасында туды. (Кейін колхоздастыру кезінде бүкіл ауылдастары үдере көшіп бүгінгі Жамбыл ауданындағы Сәбит ауылының орнында қоныс көтерді, ұжымшар болып ұйымдасты). Әке-шешесінен ерте айырылған ол жасынан жоқшылықтың, жетімдіктің азабын тартты. Қанша қиындық кешсе де жас Сәбит бақыршы бала бола жүріп те халықтың мұңды жырларын жүрегіне терең бойлатып, көкірегіне сіңіре білді, олардан үлгі алды, үйренді, сөйте жүріп өзі де өлең құдіретінің арбауына түсіп поэзияның сиқырлы әлеміне құлаш ұрғанын аңдамай қалды. Ауыл арасындағы әдетке бағып өлең шығарды, талпынды, айналасына зер салып, өмір сырларына қанықты, оқуға ұмтылды.

1917 жылғы қазан төңкерісі жас Сәбиттің өміріне үлкен өзгеріс әкелді, кедейдің баласы теңдік алып жаңа өмір орнатушылар ортасында жүрді. Оның кеудесінен өлең өзені ағытылып, бұрқыраған жырлар ақтарылды.

Көңілім, мұнша қамықтың,
Әр нәрсені ойға сап.
Әр нәрседен тарықтың,
Осыншама ойда қап?
Қой, сен бүйтіп қамықпа,
Ілгері ұмтыл, талап ет!
Шығуға айдай жарыққа.

Қайраттанып, бол өжет! - деп он жеті жасында Сәбит Мұқанов алғаш жарық көрген «Көңілім» атты өлеңінде өзіне-өзі қайрат беріп, талап тұлпарының жалына жалынды жігермен жармасты.

Дүние аударылып, төңкерілген сонау аласапыран заманда,

әлі оңын да, солын да танып үлгермеген, үлкен өмірге енді алғашқы қадамын басып, қайда барарын білмей аңтарылған тұста сонау дала төсінде жылқышылар ортасында «қар жастанып, мұз төсеніп» өскен бақыршы бозбаланың жүрегінен қан жылап сорғалаған тұңғыш жылымшы жырымен-ақ «Қой, сен бүйтіп қамықпа, Ілгері ұмтыл, талап ет!» деп жас қайратына қамшы басуы, алға ұмтылуы кімді болсын қайран қалдырады. Шоқпытты кедейдің шала сауатты жетімегі жерге қарап жасып тұрған жоқ, кияға көз салып қайрат-жігермен тасып тұр-ау осы өндір өлеңінің өзінде! Табиғаттың өзі туғанда сыйлаған, сүйегіне дарытқан дарын осындай-ақ болар. Тас жарған талант демеске дәтің жоқ қой мұндайда. Қараңғы түнекте қарақұрылықтың қара тасын қақыратып қақ айырып тамырын тереңге тарта түлеген талант осы міне.

Сәбит Мұқанов жап-жас қалпымен қым-қуыт өмір арпалысының тар жол, тайғақ кешулерінен табиғат сыйлаған зеректігімен, алғырлығымен, өжеттігімен тек ілгеріге көз тікті, алға ұмтылды. Оқу іздеді, білім аңсады. Ол арнайы мектепте, институтта оқып жүйелі білім алу жолында орнығып отырып сарылған жан емес. Омбыда мұғалімдер даярлау курсында, Орынборда рабфакта, Мәскеуде әдебиетшілер курсында үзіп-жұлып, тиіп-қашып жүріп білім кәусарынан сусындады. Үзіп-жұлып дейтініміз сол оқуларды Сәбит Мұқанов толық аяқтаған жоқ, түрлі тосын оқиғалар, төтенше жайлар жазушының оқуын үзіп, өмірдің басқа арнасына алып кетті.

Ол өзінің ізденуімен, өзіндік оқумен ілім-білімнің биік шыңына көтерілген, том-том зерттеулерді, ғылыми кітаптарды шығыраудан инемен құдық қазғандай талмай сарыла ізденіп бұрқыратып жазып тастаған ғаламат ғалым, академик дәрежесіне мандайы жарқырап көтерілді. Өмір мектебінің, өмір университетінің шыңдауынан өткен бәйтерек еді.

Қазақ әдебиетінің өсу жолында Сәбит Мұқанов есімі айы-

рықша аталады. Сонау жиырмасыншы жылдардың басында әдебиет майданына білек сыбана араласқан ол өмірінің соңына дейін қаламын қолынан тастамай халқына адал да шексіз сүйіспеншілікпен қызмет етті. Жарты ғасырдан аса тынымсыз еңбек еткен, шалқар шабыты бір сәтке толас таппай үдей түскен тамаша талант, оқырман қауымына айтар асыл ойлары мен үлгі-өнегелері таусылмас ғаламат сөз зергері болды.

Сәбит Мұқановтың әрбір әдеби туындысы қазақ әдебиетінің елеулі оқиғасы болып отырды, оның кітаптары қолдан-қолға түспеді, кітапханаларда кезекке тұрып таласып оқитын қымбат дүниелерге саналды. Сәбит Мұқанов шығармалары кең таралды, баспаларда басылған тиражы жағынан да республикада бірінші орынға шықты. Ұлы Мұхтар Әуезов тереңнен толғап, алысты шолып, алға көз салып көрегендікпен «Сәбит Мұқанов - бірінші орында» деп кездейсоқ айтпаса керек. Сәбит шын мәнінде халықтың сүйікті жазушысына айналды.

Уа, халқым, ақын ұл мені тапқан,
Тағы да артсаң жүкті талай батпан.
Жолында сен беттеген болашақтың,
Жүгіңді жерге қойып, өлмей жатпан.

Жан сырым, халқым, маған сенсең егер,
Борышым шашымнан көп саған берер.
Желкеме шор түсер деп аямай сал,
Мен сенің өгізіңмін өрге жегер, -

деп Сәбең өзінің елу жылдық мерейтойында оқыған «Сырласу» атты өлеңінде туған халқының алдындағы перзенттік парызын терең түсінетінін паш етіп, қуаныштан тулаған жүректің жан сырын ақтарды.

Сәбит Мұқановтың өмірі мен творчествосына көз салсаңыз әрбір шығармасы өз өмірінің ғана емес, қазақ әдебиетінің де бел-белесі болып танылды, қазақ әдебиетінің тарихынан өзінің

лайықты орнын алды. «Сұлушаш», «Ақ аю», «Сөз - советтік армия» атты поэмаларының қайсы болсын өз кезінде қазақ поэзиясын жаңа белеске көтерген, әдеби сын тарапынан да, оқырман жағынан да жоғары бағаға ие болған туындылар.

Жазушының прозалық шығармаларының өзі телегей теңіз. Аттарын атасаңыз-ақ, қаламгер құдіретіне қол соқтырып, аскан таланты алдында бас игізетін толымды туындылар тізіледі. «Теміртас», «Есіл», «Мөлдір махаббат», «Сырдария», «Ботагөз», «Аққан жұлдыз», «Өмір мектебі», «Тыңдағы толқындар» романдары, «Біздің заманның батырлары», «Балуан шолақ» повестері, Қазақ халқының ұлы перзенті Шоқан Уәлиханов туралы «Аққан жұлдыз» тетралогиясының алғашқы екі кітабы жарық көріп, үшінші кітабы бастала беріп, аяқталмай қалды. «Тыңдағы толқындарда» романының алғашқы тараулары журналдар мен газеттерде жарияланып, ол да ойлаған мақсатқа жеткізілмей үзіліп қалды. Осы шығармалардың қайсы болсын баспадан жарық көре сала халықтың іздеп жүріп, сұрау салып зорға табатын кітаптарына айналды. «Мөлдір махаббат» алғашқыда «Адасқандар», ал «Ботагөз» - «Жұмбақ жалау» деген атпен шыққан еді. Бұл романдар қазақ әдебиетінің классикасы қатарына қосылып шетел тілдеріне де аударылды.

КСРО Жазушылар одағының төрағасы, аса көрнекті орыс жазушысы А. Фадеев 1948 жылы Парижде сөйлеген сөзінде С. Мұқановтың «Сырдария» романын кеңестік әдебиеттің көрнекті шығармасы деп атап көрсетті. «Жұмбақ жалау» романы сол кездегі әдеби сында қазақ прозасының асқар биігі деп бағаланса, Ғабит Мүсірепов оны «қазақ романдарының төл басы» деп даралап, ерекше бөліп атады. «Өмір мектебі» трилогиясы қазақ әдебиетінің үздік туындысы ретінде кеңестік дәуірдегі ең мәртебелі Лениндік сыйлыққа ұсынылып, әлемде айырықша танылды.

Туған әдебиеттің олқы тұстарын жіті аңғарып қалам қуатын

сол жаққа бағыттау да Сәбит Мұқанов жазушылығының бір айрықша ерекшелігі болғаны анық. Ол драмалық туындылар да жазды. «Күрес күндерінде», «Гвардия, алға», «Алтын астық», «Сәкен Сейфуллин», «Шоқан Уәлиханов» пьессалары, опера либреттолары кезінде сахнада қойылып, республика театрларында қалың көрерменін тапты, кейбіреулері бүгінге дейін сахнадан түспей келеді.

Әдебиеттану ғылымына Сәбит Мұқанов қосқан үлес те олқы емес. Ол академик атына лайық қайрат-жігерімен, іздену, зерттеу, талдау шеберлігімен, ғылыми жаңалықтар ашуымен, соны пайымдаулар, дәл жорамалдар жасауымен зор белсенділік көрсетті, талай монографияларды, ғылыми еңбектерді дүниеге әкелді. «Қазақтың XVIII-XIX ғасырдағы әдебиетінің тарихынан очерктер», «Жарқын жұлдыздар», «Халық мұрасы», «Қазақ қауымы» атты монографиялары терең зерттеулерімен, ғылыми талдауларымен, аса мол деректерімен, құнды материалдарымен кімді болсын қызықтырады, қайран қалдырады, жазушының кейінгі ұрпақ қамын ойлап, соларға өмірлік қызмет етер мол мұра қалдырғанына разы етеді.

Сәбит Мұқанов қазақ әдебиетінің дамуына, дүниежүзілік деңгейге көтерілуіне өлшеусіз үлес қосқан үздік қаламгер, халқының шексіз сүйіспеншілігіне бөленген теңдессіз талант. Ұлы жазушы Сәбит Мұқанов есімі елінің тарихына мәңгі жазылған, Сәбит Мұқанов өмірі мен шығармашылығы туралы салмақты сөздер мен салиқалы ойлар, ғылыми тұжырымдар мен мәнді түйіндер мектептерге, университет студенттеріне арналған оқулықтарда ең көрнекті жерлерге жазушы суретімен бірге берілген.

Ең бастысы, әңгіменің ең сүбелісі сол - Сәбит Мұқанов халық жүрегінде, оның кітаптары әр үйдің төрінде, миллиондаған оқырман достарының қолында. «Көзінің тірісінде Сәбиттей халқымен біте қайнасқан, халық алақанында Сәбиттей

ардақталған, Сәбиттей көзі тірісінде аңызға айналған ақын-жазушы қазақта болған емес» деп жазды академик-жазушы Зейнолла Қабдолов.

Сәбит Мұқанов өз елінде ғана емес, шет жұртта да миллиондаған оқырманын тапқан бақытты жазушы. Оның шығармалары, академик Тұрсынбек Кәкішевтің айтуына қарағанда, әлем халықтарының 46 тіліне аударылыпты. Кітаптары дәл осылай көп тілге аударылып, жер шарына кең тараған жазушы сирек. Бүкіл халқы «Біздің Сәбең» деп асқақ көтеріп алақанда аялаған даңқты Сәбит Мұқанов таланты сирек кездесетін ұлылар қатарында аталатыны біз үшін үлкен мақтаныш. «Сәбит Мұқанұлы Украина оқырмандарын да баурап алды. Ол халықтарымыздың достығын нығайтуға мол үлес қосқан қаламгер», - деп мақтан етті аса көрнекті украин жазушысы Максим Рыльский. «Сәбит - туысқан қазақ әдебиетінің ұлы батыры», - деп жазды әзербайжан қаламгері Сулейман Рагимов, «Ол Отанымыздың аса талантты жазушыларының бірі», - деді Беларусь Жазушылар одағының төрағасы Петрусь Бровка. Мұндай мерей өсірер, мәртебе биіктетер жылы лебіздер көп. Олар әншейін айтыла салынған марапаттар емес, үлкен мінбелерден съездерде, әдеби жиындарда алқалы топтың алдында зерделі зерттеумен, ғылыми толғаумен тұжырымды түйінделген тоқтамдар, атақты, әйгілі адамдардың дуалы аузынан шыққан парасатты пайымдаулар.

Сәбит Мұқанов өмірі мен шығармашылығына арналған ғылыми зерттеулер, монографиялар, докторлық және кандидаттық диссертациялар, көлемді мақалалар бірнеше том-том кітап болып жарыққа шықты. Бұл зерттеу еңбектерінің, монографиялардың, мақалалардың тізімінің өзі кітапхана, мұражай қызметкерлеріне, ғалымдарға, оқырмандарға көрсеткіш ретінде бір қалың кітап болып басылды. Осының өзі-ақ Сәбит Мұқанов әдеби әлемінің ауқымы шалқар да терең екенін тағы бір айғақтай түседі.

Жазушының артында қалдырған әдеби мұрасы орасан зор. Кітаптарының тиражы бірнеше миллион данадан асатын болар, олар жер шарының түкпір-түкпіріне тарап кетті. Сәбеңнің көзі тірісінде оның шығармаларының 16 томдығы жарық көрді. Баспагерлердің қазіргі есептеуі бойынша Сәбит Мұқанов шығармаларының Академиялық басылымын 50 том етіп шығаруға болады, оны дайын тұр деуге болады, тек қана қажетті қаражатты күтуде. Жазушы шығармалары әлі де сұранымға ие болып, кітап болып басылып шығуда, пьесалары республика театрларының сахналарында қойылуда.

Сәбең нағыз халық жазушысы деп бекер аталмайды. Бұл атақ оған арнайы жарлықпен берілген жоқ, оны халықтың өзі осылай ерекше сүйіспеншілікпен атап кетті. Қалың оқырман оның жаңа шыққан кітабын іле сатып алып, оқып шықса, оқи сала іле хат жазып пікірін білдіріп жатты. Тікелей өзіне жолданған хаттар ағыл-тегіл. Солардың ішінен ойлы сөзі, құнды пікірі барларын сұрыптап алғанның өзінде, егер қаржы тауып жарияласа, 50 том болады екен. Соның бәрінде оқырман сүйіспеншілігі, оқырман жан жүрегінің жылы лебізі жатқан жоқ па?! Мұның өзі жазушы қаламына қанат беретін, қиял-шабытын шалқытатын, әркімнің пешенесіне жазыла бермейтін, тек ұлыларға ғана тынымсыз тартылатын сирек құбылыс, оқырман махаббаты. Әр жазушы арман ететін ерекше сый.

«Маған екеумізге де ортақ ел Солтүстік Қазақстанның әр ауылында Сәбит шығармаларының қалай оқылатыны белгілі. Оларды аңыз бен ерлікке толы Ленинград майданының қатал, қаһарлы қысында жауынгер қазақтардың қолынан да көрдім. Сәбит еңбектері қырық төртінші жылдың көктемінде Нарвадағы блиндаждар мен жеркепелерде оқылды. Жазушы үшін осыдан қымбат, осыдан биік қандай құрмет, қандай сый болмақ», - деп жазды аса көрнекті орыс жазушысы Иван Шухов.

Халық сүйіспеншілігіне бөленген Сәбит Мұқанов халқының

жоқтаушысы, қамқоршысы, қысылғанда қол ұшын берер жанашыры болды, қарапайым оқырмандары қиындық кешсе, біреуден қиянат, зорлық көрсе Сәбитке сыйынды, Сәбиттен көмек сұрады, Сәбитке хат жазды. Сондықтанда болар халық Сәбит Мұқановты бірнеше рет Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің депутаты етіп сайлады. Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Президиумының мүшесі болды. Ұзақ жыл Қазақстан Жазушылар одағын басқарды.

Туған елі, Отаны Сәбит Мұқановтың әдеби және қоғамдық еңбегін жоғары бағалады, ол екі Ленин, екі Еңбек Қызыл Ту, «Құрмет Белгісі» ордендерімен марапатталды, Қазақстан Мемлекеттік сыйлығының лауреаты болды.

Сәбит Мұқанов аты әлемнің төрт бұрышына түгел танылып, даңқы жарық дүниеге кең танылып кетсе де туған жерін, кіндік қаны тамған Жаманшұбарын әсте ұмытқан емес, қасиетті мекеннің киелі бейнесі жүрек түкпірінде жатты әрдайым. «Атамекен Жаманшұбар Мұқанов үшін бүкіл республиканың тіршілік әрекетін көріп отыратын ертегідегі сиқырлы айнадай. Орынборда ма, Қызылордада ма, Москвада немесе Алматыда ма - жазушы қай арада жүрсе де өзінің Жаманшұбарына соғып кетпей тұра алмайды», - дейді жазушы творчествосын зерттеушілердің бірі академик Мұхаметжан Қаратаев.

Ия. Есіл бойына, Жаманшұбар өңіріне бір соқпаса, Қызылжар топырағына табаны тимесе Сәбең көңілі көншімей, қайратжігері олқы соғып тұратындай еді-ау. Әсіресе өмірінің соңғы кезінде Солтүстік Қазақстанға жиі келетін болды. Жерлестері де әйгілі қаламгердің әр сапарын аңсап тосатын. Сол сапарларының бәрінде де өзімнің Сәбит Мұқановты қарсы алушылар, қасына еріп жүрушілер, шығарып салушылар қатарында болғанымды құдай сыйлаған бір бақыт санаймын. Ол кезде «Ленин туы» (қазіргі «Солтүстік Қазақстан») газетінде әдеби қызметкер болып істейтін едім. Сәбең әр сапарында біздің ре-

дакцияға соқпай кетпеуші еді, жаңа шығармасынан үзінді әкеліп, әдейілеп тапсырып кететін. 1926 жылы «Бостандық туы» (қазіргі «Солтүстік Қазақстан») газетінде Сәбең жауапты хатшы болып істегенін жақсы білеміз. Оның біздің редакцияға әрбір келуі ұжым үшін үлкен құрмет, мереке болатын.

Ұлы жазушы, даңқты жерлесіміз Сәбит Мұқановтың алпыс, жетпіс, сексен, тоқсан жылдық мерейтойлары туған жерінде айырықша салтанатпен аталып, халық мерекесіне айналғанын көрдік. Сол тойлардың ең ортасында «Ленин туы» («Солтүстік Қазақстан») газетінің қызметкерлері жүрді. Газетіміздің беттерінде Сәбит Мұқанов өмірі мен шығармаларына, мерейтой салтанатына арналған материалдар кең көлемде берілді. Жазушымен талай сұхбат жүргізіп, творчестволық жоспары, жаңа шығармалары туралы әңгімелесіп, «Ленин туының» беттерінде жарияладым.

- Мен осы редакцияда қызмет істедім. Кешегі «Бостандық туы» -бүгінгі «Ленин туы» мен үшін өте қымбат. Жаңа шығармамның алғашқы бөлімдерін алдымен осы газетке ұсынамын. Бұл - менің өмір бойы қалыптасқан айнымас әдетім, - деді Сәбең соңғы сапарларының бірінде редакциядағы кездесу үстінде. Шынында да солай болды. «Мөлдір махаббат», «Тыңдағы толқындар», «Аққан жұлдыз» романдарының үлкен үзінділері, көптеген жол-сапар очерктері алдымен «Ленин туы» газетінің беттерінде жарық көрді.

Бүкіл өмірі жасампаздық салтанаты жолындағы күреске, туған халқына арнаған творчестволық еңбекке толы ұлы жазушы Сәбит Мұқанов 1973 жылы 18 сәуірде дүниеден өтті. Қалың елі қабырғасы қайысып, жиырмасыншы ғасырдың таңында Таңшолпан жұлдызындай жарқырап, қазақ халқының бағына туған алып тұлғамен көз жасын көлдетіп, көкірегін шерлі етіп қоштасты.

Өлді деуге бола ма, ойлаңдаршы,

Өлмейтұғын артына сөз қалдырған, - деген данышпан Абай ғасырдан-ғасырға ыстық жалыны суымай жететін осы сөздерін Сәбең сынды асылдарға арнаған сияқты.

Ия, Сәбит Мұқанов өлмейтін сөздерімен - том-том әдеби мұраларымен мәңгі жасай бермек. Бүгінгі өмір осыны дәлелдеп отыр.



«ЖАСА, КЕРБЕЗ КЕМЕҢГЕРІМ»

Алғашқы қалам тартысымен-ақ көркемсөздің майталманы боларын бірден танытқан Ғабит Мүсірепов кітаптарына оқырман қауым іздеп жүріп, құмартатын жазушылар қатарына тез көтерілді. Елуінші жылдардың екінші жартысында Алматыда университетте оқып жүргенімізде баспасөз беттерінде оның туындылары жарияланса қалса, яки шығармалары жайлы мақалалар көрінсе қалт жібермей студенттер таласып оқитынбыз. Оқытушыларымызға: «Кездесуге Ғабит Мүсіреповті шақырсаңыздаршы» деп қаншама жалынып қолқаласақ та еститін жауабымыз біреу: «Ол кісінің қолы тимейді. Мәскеуде, шетелде» дейтін.

Әйтеуір бірде сәті түсіп Комсомол көшесіндегі университет ғимаратының кең залына көп кісі жиналып, Ғабит Мүсірепов келетін болды. Сол күнгі қуанышымызда шек жоқ. Зал лық толы. Студенттерден басқа сол маңдағы тұрғын үйлерден де жұрт қаптап кетті. Біздің жанымызда үш-төрт қазақ шалы орнығып, сахна төріне қадалды да отырды. Жазушыдан көз алмайды, әбден елтіп, арбалып, қатып қалған тәрізді өздері.

Ғабең даңқы да дүрілдеп тұрған тұс. Қазақстан Жазушылар

одағының төрағасы, СССР Жазушылар одағының хатшысы, Лениндік сыйлықтар жөніндегі комитет мүшесі. Ұдайы шетелдерде сапарларда. Жазушы орнынан көтеріліп, мінбеге беттегеннен-ақ қалың қауым дуылдата қол соқты. Мәскеуге сапары, Жазушылар одағының жұмысы жайлы әңгіме шертті. Орысша сөйледі, ағып тұр. Өзі қандай сымбатты. Киімдері қыры сынбаған су жаңа, қымбат. Тұрысы кербез, паң. Сонысының өзі оғаш емес, осы ғұламаның бойына ғана жарасымды, жақсы көрінді. Сөздері де салмақты, сұлу, шашылып, төгілмей-ді, сылқым келісім, көркем маржан. Мынадай шаршы топтың жартысынан астамы әдетте орыс тілділер болатын да көп кездесулерде орысша сөйлеген қазақ жазушылары шоқырақтап, батпырақтап, орыстар алдында қазақ тыңдаушыларының сілесін қатырып, еңсесін түсіріп, тұқжыңдатып тастайтын. Ал, Ғабең бабындағы жүйріктей мүдірмей көсілді-ау. Сүйсініп отырмыз. Жазушының бүкіл түр-тұлғасы, қимыл-қозғалысы, сөздері, ойлары, даусы да тыңдаушыларын түгел тамсантты, таңырқатты. Ғабеңмен кездесу аяқталғанда жиналғандар оны сахнадан жібермей қайта-қайта қол шапалақтап, орындарынан қозғалмай отырып алды. Ол кезде дүрлігіп тұра қоймайтын. «Рахмет, рахмет» деп Ғабең де мәре-сәре болып, иіліп-бүгілмей кербез қалпымен қоштасты. Сонда біздің қатарымыздағы шалдар: «Жаса, кербез кеменгерім-ай!» десіп қуанысып, орындарынан зорға көтерілді. Әбден рахатқа батып маужырап қалғандай еді олар...

Әлгі сөзді құлағымыз шалып қалған біз, студенттер, олардың соңынан ұзақ қарап тұрдық. «Жаса, кербез кеменгерім-ай» деп қариялар қаламгерге сүйініп, мерейлері өсіп, көңілдері тасып қайта-қайта күбірлеп бара жатты. Өздерінің ғана емес, қатарларында келе жатқан басқалардың да осындай шуақты сезіммен толқығанын көріп жымың-жымың етіседі...

Ия, «кербез кеменгерім» деген сөз біздің де бойымызда сондай бір жүрек тулатқан ыстық сезім шалқытып, шымыр-

латып өтті. Қандай әдемі сөз еді. Көңілімізге қона кетті. Кербез сұлу, сүйкімді, айналасына сәуле шашқан, әсіресе, Ғабең сынды шынарға айтылғанда жұлдыздай жанып тұратын сөз емес пе?! Ал, кемеңгер - ол ілуде біреуге, миллионның біріне, тым сирек сыйланатын сөз. Ақыл-парасаты асқан, ойы теңіздей телегей данаға даралау үшін ғана қолданылатын қымбат қалау. Ол Ғабеңдей ғұламаға арналса ғана бар асылы жарқырап жайнап тұрары тағы анық. Біз, студенттер, әлгі үлкендердің аузынан шыққан сөзге көптен таба алмай жүрген бір ғажап ғаламатымызға жолыққандай мәз-майрам болып, көкірек сарайымызды нұрға бөлеген шат күйге түстік.

Әдебиет сүйген студенттер жатақхана бөлмесінде жиылып алып түннің түні бойы өзіміз кітаптарын қолдан тастамай оқып, көшеде сыртынан бір көрсек соңынан ұзақ көз салып тапжылмай тұрып қалатын сүйікті жазушылар жайлы талай-талай құлағымыз шалған қызықты әңгімелерді дуылдатушы едік. Сонда кейбіреулер Ғабең жайлы жұрттан жырымдап жинағандарын көпіртіп, «паң», «маңғаз», «кербез», «сөзге сараң» деген желеулерді желдей естіретін. Сонда сүйіктіміздің сымбатына сызат салатын сыбыс салқыны бізді де сүйкеп өтетін. Ойланып, үнсіз қалушы едік. «Рас па, солай ма?» деген күдікті сұрақтар көмейде түйіліп тұратын. Ғабеңмен университеттегі кездесу соның бәрін су сепкендей сейілтіп жіберді. «Жаса, кербез кемеңгерім» деген дана қарттар сөзі көкіректе күмістей сыңғырлап мәңгі орнықты...

Бүгіндері, бүкіл әлем ЮНЕСКО-ның шешімімен Ғабит Махмұтұлы Мүсіреповтің туғанына 100 жыл толуын атап өткелі жатқанда осыдан жарты ғасырдан астам бұрын мақтанышпен айтылған әлгі сөздер маған енді ғаламдық биіктен естілгендей болады. Ғабең дүниеден өткелі де он бес жылдан асып барады. Бұл екі ортада өмір де қаншама өзгерістерге ұшырады десеңізші. Кешегі өзіміз кемелі келген керемет деп күпсітіп

жүрген кеңестік кезеңнің де күмбезі қақырап, шаңырағы ортасына түсті. Былайша айтсақ, дүние төңкеріліп, асты үстіне тоңқарылды. Бір қоғамдық құрылыс өшіріліп екіншісі орнықты. Мұндай аумалы-төкпелі тұста біреулердің аты да өшіріліп, тарихтан сызылып тасталатыны да белгілі. Ал біздің Ғабеңнің есімі жаңаша жарқырады, жаңа қырларымен жайнап, жұлдызы жоғары көтерілді. Кешегі кеңестік тізгін биікке самғатпай, шектеулі межеден асырмай тартпақтаған Ғабең таланты бүгін міне еркіндік алған елінің тәуелсіздік тұғырынан жер-жаһанға айқын танылып отыр.

Осы тұста бүгінгі қазақ сөзінің зергері академик-жазушы Зейнолла Қабдоловтың мына тұжырымдарын әдебиетті қадірлей білетін әркім көкірегі қуанышқа толып қайта-қайта еске алары кәміл: «Ғабит Мүсірепов - ардақты ат! Мүсірепов туралы мың сөзден «Мүсірепов» деген бір сөздің мағынасы әлдеқайда терең, мазмұны әлдеқайда бай. Демек, Мүсіреповті мақтаудың керегі жоқ. Мүсіреповпен мақтану керек!».

Қандай көрегендікпен айтылған сөз десеңізші. Бүгін біз шынында да Ғабит Мүсіреповпен мақтанып отырмыз. «Мүсірепов» деген бір сөздің өзі қазір оның туған жерінде сәт сайын мың қайталанып, ұлы дарынның даңқын аспандата айғақтап, халқының жүрегін тынымсыз толқытады. Қызылжардың көшелерінде бекзада паңдығы жарасып, кімді болсын еріксіз жалт қаратқан кербез кемеңгердің өзі келе жатқандай көрінеді қазір. Оның портреттері көшелерге, ғимараттарға ілінді. Оқу орындарына, мекемелерге, ауруханаларға, мәдениет орындарына кірсеңіз Ғабит Мүсіреповке арналған қабырға газеттерін көресіз. «Міне біз Ғабеңе арнап газет шығардық, бұрыш жасадық» деп сізге сол мекеменің басшысы мақтанышпен масаттанып, жақсыны көрмек үшін таныстырады. «Әлем таныған талант. «Петропавл қаласының құрметті азаматы» атағы 1974 жылы берілген. Біздің жерлесіміз. Осында талай кездесулер өткіздік.

Ондай ұлы адаммен бірге болу, әңгімелесу бір бақыт» деп ол ағынан жарылып, адал сөзін айтары да анық. Кітапханаларда, мектептерде оқырмандар конференциялары, әдеби кештер өткізіліп жатыр. Жазушы мәңгі өлмес мұралары - кітаптары арқылы бүгінгі ұрпақпен күнде сырласады, олармен әрқашан бірге. Туған халқының арманы мен мұратын, ең асыл қасиеттерін асқақ көтеріп көркем шығармаларына асыл арқау еткен кемеңгер қаламгер осылай оқырманның шексіз сүйіспеншілігіне бөленген...

Сол сүйіспеншілік әсіресе жазушының 100 жылдық мерейтойы ЮНЕСКО-ның шешімімен әлемдік деңгейде аталып отырған биылғы жылы ерекше ықылас-пейілмен танылып отыр. Ғабит Махмұтұлы Мүсіреповтің туған жері Солтүстік Қазақстан өңірі бұл сәт айырықша ажармен жарқырап көрінгені де біз үшін үлкен мақтаныш. Жазушының өмірі мен шығармашылық жолының көп кезеңдері осы аймаққа тығыз байланысты. Оның туған жері, Жамбыл ауданындағы Жаңажол ауылы. Өмірінің соңғы кезінде осы ауылға келуді жиілетіп, жерлестеріне көмектесуді өзінің перзенттік парызы санаған.

Ғабит Махмұтұлы Мүсіреповтің шығармашылық жолының бастауы сонау балалық кезінде мектепте оқыған шақтарында қалыптаса бастаған деп ойлауға негіз бар. «Жас бала кезімізде Қазан, Ташкент, Бұхар арқылы тараған «қиссалар» тасқыны басталды. Қараңғы ауыл үшін «Салсай» да қисса, «Қыз Жібек» те қисса. Бірақ, Ботпай «Қыз Жібек», «Қозы Көрпеш», «Көрұғылыны» жаттап алыпты», - дейді Ғабең «Автобиографиялық әңгімесінде». Қостанайдан асып нағашысының ауылына барған бала Ғабит көрші ауылдағы екі класты орысша мектепке оқуға түседі. Он төрт жаста бірінші класта оқиды. Құдай оңдағанда, белгілі ағартушы педагог Бекет Өтетілеуовтың алдынан білім алады. Крылов, Лермонтов, Пушкин шығармаларымен танысады. Кейін Бекет Өтетілеуов оны Пресногорьковская

станицасындағы жоғары бастауыш мектепке оқуға түсіреді. Бұл мектепті жиырма бір жасында бітіріп шығады. Қазақ ауыз әдебиетінің озық үлгілерінен сусындап, орыс классиктерінің тамаша туындыларына ерте көз қанықтырып, өзгеше тың әлемге ой шарықтатқан болашақ жазушы бойында әдебиет құдіретіне ынтыққан сезім, шабыт оянғаны сөзсіз.

Жаңа заманның ағымымен Орынборда рабфакта Сәбит Мұқановпен бірге оқыған Ғабит кейін Омбы ауылшаруашылық институтына барып түседі: «Әдебиетке алабұрту осында басталды» дейді жазушының өзі Омбы күндері жайлы еске алғанда. «Менің кітапқа құмарлығымды, азды-көпті сынай алатынымды аңғарып. Сәбит маған «жазуға кіріс» деп мазалап жүрді» дегені тағы бар. Бұл Орынбор рабфағындағы тұс туралы айтқаны еді. «Сәбеңнің мазалауымен» ой толғатып, шабыт қызуын сезе бастаған шағында «Тулаған толқында» атты тырнақалды туындысын жазып, рабфактың қабырға газетіне шығарыпты. Сол кездегі көргендердің айтуына қарағанда әңгіме шыққан газеттің ұзындығы екі жарым метр болыпты. Бұл шығарма бірден оқырмандар назарын аударып, жас жазушы шымыр талантын жарқырата көрсеткенін паш етті. Алдымен Бейімбет Майлин жылы пікір білдіреді, жазуға талабы нық екенін ашық айтады.

Бейімбеттің бір ауыз сөзі болашақ жазушының дарынына шоқ тастап, талант көзін ашқандай болады. Жас Ғабит әдебиетке батыл бет бұрып, өмірлік асыл мұратын тапқанын сезеді. Ия, алғашқы әңгімесінің өзінен-ақ классикалық биікке көтерілуі кемеңгерлік белгісі деп білуіміз керек. Бұл шығарма қазақ әдебиетіне қаламы жүйрік майталман, сөз қадірін қымбат бағалайтын зергер жазушы өз қолтаңбасын айшықтап еркін басып келгенін бірден танытты.

Міне, осылай қазақ әдебиетінің киелі өрісіне өз соқпағын салған Ғабең алпыс жылға жуық қолынан қаламын түсірмей

қажырлы қайратпен, сарқылмас шабытпен өнімді еңбек етті. Ол әдебиеттің барлық жанрында өз күшін сынап, оқырман талабынан танылған сүйекті туындылар берген аса көрнекті жазушы. Оның жазған әңгімелері «Қос шалқар», «Талпақ танау», «Этнографиялық әңгіме», «Тарландар», «Жеңілген Есрафил» және басқалары көркемдігімен таңырқатқан ғажап туындылар. М. Горькийдің үлгісіне еліктеп ана туралы жазған бір шоғыр әңгімелері қазақ әдебиетінің мөлдір моншақтарындай көңіл жаулап, әрқашан сиқырлы қуатымен баурап, қайта-қайта үңілдірері сөзсіз.

Жүсіпбек Аймауытов, Бейімбет Майлин сынды хас шеберлерден үйрене үзеңгілесіп прозаның шағын жанрында шыңдалған Ғабең ұстаздарынан қалыспай әңгімелер жазып, қазақ әдебиетінің қазынасына қымбат дүниелер қосты. Кенже дамыған қазақ әдебиетінің олқы тұстарын толтыруды, басқа жұрттан қалыспай алға ұмтылуды, туған халқының мерейін өсіруді перзенттік парызы санаған Ғабең қазақ театрының сахнасын көркейтуді ойлап, драматургия саласына ден қойып, «Қыз Жібек», «Қозы Көрпеш-Баян сұлу», «Ақан сері - Ақтоқты», «Аманкелді» сияқты бірнеше пьесалар жазды. Бұл драмалардың алды алпыс соңы елу жылдан аса қазақ театрларының сахнасынан түспей классикалық туындылар санатынан мықтап орын алды. «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» туындысы қазақ драматургиясының ғана емес, бар қазақ әдебиетінің көркем шығарма туғызу жолындағы биік белесінің бірі» - деп ұлы Мұхтар Әуезов берген баға драматургтің асқан шеберлігін көңілге нық қондырады.

Ғабит Мүсіреповтің «Қазақ солдаты», «Оянған өлке», «Жат қолында», «Ұлпан» романдары, «Кездеспей кеткен бір бейне» повесі жазушы қаламының қуаты қаншалықты биік деңгейге көтеріле алатынын дәлелдеген шығармалар. Бұл туындылар бірнеше рет қайта-қайта басылып, бірнеше тілге аударылып шетелдерге тараған, сан ұлттың оқырмандары сүйсіне оқып

жылы лебіздерін білдірген кітаптар қатарында қолдан қолға түспейді.

Жазушы шығармалары отыз төрт тілге аударылыпты. Солардың қайсысына болсын өзге ұлттың білікті сыншылары, жазушылары жоғарыдағыдай жылы лебіз білдірген. Былайша айтқанда Ғ. Мүсірепов шығармалары миллиондаған оқырманын жаңылмай тауып, солардың сүйіспеншілігіне бөленді деген сөз бұл.

Ғабит Мүсірепов сөз зергері, кең құлашты, терең ойлы жазушы ретінде ғана емес, ірі қоғам қайраткері, халқының адал перзенті, сүйікті ұлы тұрғысында да көреген кемеңгер. Оның туған жұртының болашағын, тағдырын, хал-жайын ойлаған, жаны ауырып, жүрегі сыздаған тұстары ел аузында аңызға айналып кетті. Отызыншы жылдардың басында қазақ еліне қырғын әкелген әйгілі аштықтың зобалаңын жоғары жаққа жазуға, жағдайды жеткізуге ешкімнің батылы жетпей бұқпантайлаған мұнарлы шақта хас батырдай қасқайып қаруын - қаламын безеніп Сталинге хат жазған Ғабит Мүсірепов пен оның төрт серігі болатын. «Бесеудің хаты» деген атпен ол батыл қадам тарихтың бетіне мәңгі жазылып, ерлік, халық қамын ойлаған қаһармандық болып бағаланды. «Халық жаулары» деп ақ-адал азаматтарды аңғал сөз айтқаны үшін шынжырлап итжеккенге айдап немесе тіл тартқызбай атып тастап жатқанда, «Сталинге хат» жазу аскан жаужүректің, халқы үшін жан пида стер батырдың ғана батылы жетер өжеттік болатын. Біздің Ғабең, міне, сондай ұлы жүректі ел перзенті еді. Ал өзінің пір тұтатын досы Бейімбет Майлинді партия жиналысында талқылап, «халық жауы» деп қаралап жатқанда, Ғабит Мүсірепов міз бақпай орнынан көтеріліп ашына сөйлеп, «Бейімбет жау болса - мен де халық жауымын» деп қасқайып тұруы ертегінің елесі сияқты көрінуі мүмкін. Бірақ бұл ертегі емес, сонау бір сұмдық тұстағы өмірдің қатыгез шындығы болатын. Біздің Ғабең міне осындай ерлігімен

халқының жадында бүгін аңыз болып мақтанышқа айналды.

Ғабит Мүсірепов тып-тыныш кабинетте қалам ұстап қиял қанатында самғап, тереңнен тұңғиық ойлар толғап, көркемсөз мұхитынан інжу-маржан терген зергер жазушы ғана емес, ол қалың елінің, кең байтақ жерінің бүгіні мен ертеңі туралы тынымсыз тебіреніп, мазасыз күндер мен түндер кешіп, туған халқын жарқын болашақ үшін адал еңбек етуге, адамгершілік асыл қасиеттерді қастерлеуге, жас ұрпақты білімге, іскерлікке, белсенділікке шақырған қоғамдық қайраткер, ұлы ұстаз, көреген кемеңгер. Осынау асыл мұраттар жолында ол биік мәртебелі қызметтер пәрменін пайдаланып, орасан күш-жігер жұмсады. Ғабит Мүсірепов республикалық газеттер мен журналдардың редакторы, Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының бірінші хатшысы, СССР Жазушылар одағының хатшысы, Еуропа мәдениеті қоғамдастығы атқару комитетінің мүшесі және Азия-Африка елдері ынтымақтастығының кеңестік комитетінің мүшесі, СССР Жоғарғы Советінің және Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаты, Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Председателі болды.

Жазушының халқына сіңірген жазушылық және қоғамдық еңбегі жоғары бағаланды. Ғабит Мүсірепов қазақ қаламгерлері арасында бірінші болып Социалистік Еңбек Ерінің Алтын Жұлдызын омырауына тақты, үш Ленин, Октябрь революциясы, Еңбек Қызыл Ту, Халықтар достығы ордендерімен марапатталды. Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Қазақстан Ғылым академиясының академигі болды.

«Үмітпен, күреспен, сеніммен өткізген ұзақ ғұмырымды қорыта қарасам қуанышым да, ренішім де мол екен. Жаңа қазақ мемлекетінің биік туы менің көз алдымда көтерілді. Бүгінде күллі әлем назары ауған іргелі елге айналдық. Бірақ әдебиет пен өнер ұлы болмаған жағдайда ұлт ұлы боп есептелмейтінін ұмытпайықшы. Жан сүйсінтер бірлік жоқ жерде саналы тірлік те жоқ. Кейде мыстың алтынға, қыранның қарғаға телініп жата-

тыны осының кесірі. Үлкен өнердің үлкен, таза мінезі болуға керек. Өзім іргетасын қаласқан қазақтың ата әдебиетінің атынан өтінемін: мені соңғы сапарға шығарып саларда осы ақтық тілегімді еске алыңдаршы.

Қалам ұстауға халым болмағандықтан, хатты Әлжаппар мен Мұхтарға айтып жаздырдым.

Ал, қасиетті елім, жерім, қиыспас дос-жаран, ағайын-туыс, сәулелі жас ұрпақ, хош, хош болыңдар!» деп ақтық демі бітерде Ғабең еліне мәңгі сақталар аманатын айтты. Кемеңгердің соңғы сөзі де халқына арналған. Бүкіл ғұмырын халқының бақыты үшін жұмсаған ұлылардың ғана соңғы сөзі, соңғы деміне дейін осындай ғасырдан-ғасырларға жалғасар ғибратпен лаулап тұрары кімді болсын тебірентпей қоймайды. Ғабеңнің ғажайып сөзі сізді тебірентіп, толқытып қана қоймайды, ойға, іске жетелейді, туған елдің құшағын, туған жердің үстін тек жақсылыққа, қуанышқа, бақытқа бөлеу жолындағы күреске шақырады. Ғабеңнің дана сөзінің, дүлдүл шығармаларының жасампаздығы, міне, осында деп білеміз.

Бүгіндері, мына мерейтой үстінде осыдан алпыс жылдан аса бұрын қарапайым оқырман қарттар мақтанышпен айтқан сөздер тағы да есіме түседі. «Жаса, кербез кемеңгерім» деп еді олар. Сол сөзді бүгін бүкіл Қазақстан айтып тұрғандай естіледі.




Бақыттың әкесі - Мүтәллап, шешесі - Гүлсім.



Балалары Сәуле мен Бейбіт.



Бақыт пен Дәмелі



Бақыт пен Дәмелі, балалары Сәуле мен Бейбіт.



Бақыт ұлы Бейбітпен.



Інілері Жасұлан мен Жеңіс



Бақыт пен Дәмелі баласы Бейбітпен



Қызы Сәулемен



Бақыттың әке-шешесі



Шешесі Гүлсім немерелерімен



Москва. Қызыл алаң



Дәмелі қызы Сәулемен



Есентуки. "Қазақстан" санаторийінде



"Кисловодск" санаторийі



"Алматы" санаторийі. 1990 жыл



"Солтүстік Қазақстан" газетінің 80 жылдығында



Газет редакторы Б. Мұстафин өз ұжымымен



Жазушы
Сәбит Мұқановпен





Демалыс үйінде
Сәбит Мұқановпен бірге



Ғабит Мүсіреповты қарсы алу



Сергеев су қоймасын тамашалау



Жұмыс орнында



Егін алқабында



Преснов ауданы. Сәбит Мұқановтың тойы. 1990 жыл.



Облыс әкімі Д. К. Ахметовпен сұхбат



Облыс әкімі Қ. Нағманов "Солтүстік Қазақстан" облыстық газетінің бас редакторы Б. Мұстафинге II дәрежелі "Достық" орденін тапсыруда



Облыстық драма театры. 2001 жыл 16 желтоқсан.
Жылы лебізді құттықтаулар



Түркістан қаласының 1500 жылдық тойында



Көрнекті ғалым Т. Кәкішевпен облыстық балалар кітапханасында



Ғ. Мүсірепов атындағы балалар кітапханасында



Социалистік Еңбек Ері
Е. Шайкинмен сұхбат



Досы, ақын Есләм Зікібаевпен



Ғ. Мүсірепов
ескерткіші алдында

Жазушы Роллан Сейсенбаев
пен Бақыт Мұстафин





Ақын К. Салықов туған жерінде



Тараз қаласы



Тараз. Солтүстік Қазақстан облысының делегациясы



Жұмыс орнында



СССР Халық артисі Ә. Мәмбетовпен



С. Мұқановтың 100 жылдық тойында





Бәкең
әріптестері
ортасында



Бәкең кластас
достарымен



Демалыс сәті. Есілдің жағасында



Достар бас қосқанда



Тараз қаласында



Жас оқырмандары
ортасында




Нұрғиза әжей шөбересі
Дания және немересі Сәулемен.



Машинисткалар
Ғайни мен Халида
тәтейлер.
1962 жыл



Бәкең жанұясымен



Бақыт пен Дәмелі немерелері
Дәулет, Дәниямен



Жұмыс кабинетінде



Бақыт Мұстафин Қазақстан Жазушылар одағының 1-ші хатшысы
Нұрлан Оразалинмен, С. Мұқановтың зайыбы
Мәриям апай және қызымен бірге.



Облыс әкімі А. Смирновпен баспахана ғимаратын аралау.





Бәкең жанұясымен

Бәкең туғандары ортасында





Бақыт пен Дәмелі



Зайыбы Дәмелімен бірге.

БАТЫР БАЯН

Осыдан қырық жылдай бұрын Қызылжардың жанға сая, жүрекке дауа майдақоңыр жазғы кешінде жасыл бақта сырлы сұхбат шертіп, шалқыған көңілдің шер-мұңын тарқатып бір топ әдебиетшіл қауым гулесіп отырды. Әңгімелері әсем, әсерлі. Көлденеңнен құлақ салған адамның өзі бері бұрылып селтиіп, ыңыс тартып, тынып қалғанын көрер едіңіз. Сол тұста көз қиығымен тыңдарман ықыласын аңғарып қалған арқалы ақын Хамза Абдуллин дауыс мақамын мәнерлей түсіп, жыр маржанын жарқылдатып шаша берді.

Жүрегім, мен зарлымын жаралыға,
Сұм өмір абақты ғой саналыға.
Қызыл тіл, қолым емес, кісендеулі.
Сондықтан жаным күйіп, жанады да.
Қу өмір қызығы жоқ кажытқан соң,
Толғанып қарауым сол баяғыға,
Түйіннің тоқсан түрлі шешуі бар
Әдемі ертегідей баяғыда.
Әдемі өткенді айтып айнымасам,
Сұм өмір күшті уын аяды ма?

Мен де ойды ағытамын қаламыма,
Арқаның көз жіберсем алабына:
Сарыарқа - сары дария, қиыры жоқ
Көз болсын, қандай қыран, талады да.
Ішінде сары дария көз тоқтатар
Кокшетау - Сарыарқаның аралы да.
Кокшеде күні кеше қойдай өрген
Түрлі аң: бөрі, бұғы, маралы да.
Айырылып асау, ерке аңдарынан

Көкшенің тас жүрегі жаралы да!
Арқада жер жетпейді Бурабайға,
Бөленген бұйра сыпсың қарағайға.
Бұлт құшқан мәңгі мең-зең Көкшетауға
Бөлектау: «Ой, бауырым!» - дер анадайда.

Оқжетпес найза қия - қыранға ұя,
Қарасаң жанның шері тарамай ма?
Солардың ортасында Бурабай көл,
Мөп-мөлдір, дөп-дөңгелек ұқсайды Айға,
Бурабай - Арқа аралы, жер еркесі,
Ертеде қоныс болған Абылайға.

Ақын Хамза жыр тұлпарының жалында ойнап, асау арын құшағында асқақтап, аспандап, алысқа қиял сермеп кеткен еді. Бірде зарлы, бірде шерлі, бірде мұңлы пернелерді сыңсытып, кейде солқылдата басып, кейде сызылтып, биіктен төмендеп құлдырап, қоңырлап, жүректі шым-шым шымырлатқан жыр құдіреті қандай еді шіркін.

- «Батыр Баян» ғой.

- Мағжан! Қайран жыр пырағы жарқылдаған! - дескен үндер тамсанып, таңырқап, тамашалап тынды. Таңғажайып аңыз мұнарында қалқып, жүрек сыздап ұлы Мағжанмен бірге Батыр Баянды да көкірек тереңінде ой тұнығымен тербеп едік. Сол тұстың өзінде Мағжан, Баян есімдерін топ ішінде ашық, айта алмадық. Хамза ақын сынды жанкешті қияли қаһармандар ғана Мағжан жырларын жатқа соғудан жасқанбай жүрсе, Батыр Баянды көне тарих шаңынан аршып алар жан табыла қоймаған-ды.

Ия, көне тарихтың өзі там-тұм таңба, яки жаңаша жаңғырық жобасы түрінде тым болмаса қағаз бетіне бірер белгімен де хатталып жетпей отыр. Тек ел аузындағы аңыздар ғана Баян Батырдың болғанын, оның қаһарман ерлігін, қалмақтармен

қырғын шайқаста елін, жерін қорғап толарсақтан қан кешкен толағай тұлғасын бүгінгі ұрпаққа жыр етіп толғайды. Ол ақындар қазынасы алтын сандығының кілті де еліміз еркіндік алған бүгіндері ғана ашылып отыр.

Сонымен Батыр Баян өмірде болған ба? Ол кім? Қай жерде туған? Оның бүгінгі күнге жеткен ұрпақтары бар ма? Бүгінгі ұрпақ, әсіресе жастар жағы мұндай сұрақтардың жауабын іздері жөден орынды. Өйткені үш ғасырға жуық орыс патшасының отарлылдығы, одан қалды қызыл империяның қазақ зиялыларына жасаған қанды қырғыны ел, жер тарихын ұмыттыруға ұрындырды, мәңгүрттікке мұрындық болды. Батырлардың, ақындардың, шешендердің, жыраулардың, билердің, байлардың есімдерін еске алып, ауыз ашуға қорықтық. Міне Батыр Баянның аңызды ерлігі ұмытылып бара жатқаны да осындай сұмдықтың салдары екені де сөзсіз.

Зейнолла Олжабаев ақсақалды көптен бері білуші едім, ұзақ жыл аудандық деңгейде басшы қызметте істеді. Облыстық жиналыстарда жиі көретінбіз. Ол кісінің Батыр Баянның тікелей ұрпағы екенін бұрын біле бермейтінмін. Бұл да міне кеңестік кезеңнің кесірінен дендеген дерт қой. Ол кісі де атам батыр деп айта алмай тұншықты. Енді өкінеміз.

Редакцияға үлкен папка құшақтап келген Зекең шаруасын дөгеп, үстелдің үстіне газет қиындыларын, кітаптарды, журналдардан көшірме парақтарды, хаттарды, суреттерді жайып тастады.

Хамза ағамыз Абдуллиннің тоқсаныншы жылдардың басында бір газетте жазғаны есіме түсті. Онда мынадай жолдар бар еді: «Батыр Баян Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Қаздауысты Қазыбек, Шақшақ Жәнібек, Қарауыл Қанай он сияқты «Ақтабан шұбырындының» алғашқы жылдары есейіп, ер жеткен қырандардан емес, «Ақтабанды» жеріміздің түбегейлі аластайтын ерлердің екінші толқынына жататын.

Демек, Баян жас шағынан ұлы Абылайдың замандасы. Өйткені Батыр Баянның ұрпақтары ер атасының 1710 жыл мен 1715 жылдың арасында туып, 1757 жылдары қалмақтармен болған бір соңғы соғыста қаза тапқанын аңыз қып айтып отырады.

Баян - уақ руынан. Уақ-Шоға, Шәйгөз, Баржақсы, Жапсары, Мұрат дейтін тайпалардан тұрады. Шоға - Баянның арғы атасы. Бірақ осы тайпалар қатарласып, белгілі бір аймақты ғана мекендеп отырған емес. Уақ руының біраз тайпалары Семей, Кереку, Аягөз, Өскемен аймақтарын мекендейді Тіпті уақ тайпаларын Шу өзені төңірегі мен Баянауыл маңынан да, қала берді Ақтөбе төңірегінен де, Қытай мен Монғолиядан да кездестіруге болады. Қалай болған күнде де уақ елінің ескі ата мекені Қостанай мен Қызылжар қалаларының екі аралығындағы Обаған өңірі.

Баяннан - Бұлан, Бұланнан - Мұсабай, Мұсабайдан - Басшығұл (Басшығұл 1842 жылы туған). Басшығұлдың Құлжабай, Жаныбай, Олжабай дейтін үш баласы болды. Құлжабай мен Жаныбай соғыс жылдары қайтыс болды. Олжабай бұдан он жыл бұрын дүние салды. Олжабайдың баласы Зейнолла қазір есен-сау, тірі. Солтүстік Қазақстан облысының Булаев ауданында жауапты қызметте».

Батыр Баянның сол ұрпағы Зекең міне бізге бабасы жайлы әңгіме шертіп отыр:

- Біздің елде: «Баян әкесі Қасаболаттың қолында емес, Қасаболаттың інісі Абылдың қолында тәрбиеленген» деген сөз бар. Ол туралы «Баян Абылдың бауырында өскен. Қара шекпенді Қасаболат шөккен түйеге де өз бетімен міне алмаушы еді. Тегі, күндей күліп, оттай лаулаған Баянды айбарлы да айбынды Абыл батыр тәрбиелеген ғой», - деседі.

Ия, сөйтіп Ескараның Қасаболат, Абыл, Алтыбай атты үш баласынан тараған ұрпақ қазір Булаев ауданында өмір сүреді. Бір кезде Абыл, Жарбол, Аралағаш деген үш үлкен ауыл болған,

үшеуінде де Батыр Баянның ұрпақтары тұрды. Қазақ өлеңдері соңғы 60-70 жыл ішінде Батыр Баянның атын да ататтырмай қойды. Оның себебі, екеу: біріншісі - Баян ұлы Абылайдың ең сүйікті батыры, екіншісі - Мағжан Баянның ұлы тұлғасын өз халқына ересен шеберлікпен сипаттап берді деп Хамза ағамыз ауылға келген сайын айтып отырады.

Соңғы кезде Батыр Баян туралы біраз жазылып жүр. М.Мақатаев атындағы сыйлықтың лауреаты, белгілі айтыскер ақын Ерік Асқаров, халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы облыстық басқармасының төрағасы Қосыл Омаров газеттерде мақалалар жазып, оқырмандарды Батыр Баян жайлы біраз мағлұматтармен қанықтырды.

«Мағжанның көркемдік қуаты аса жоғары, сарыншыл (романтикалық) поэмаларының бірі - «Батыр Баян» XVIII ғасырдағы ел қорғаған батыр, ірі тарихи тұлға, көзі тірісінде-ақ аты аңызға айналған даңқты адамға арналуының көптеген себептері бар. Ақынның әжесі - Баянның немере қызы. Баян ұрпақтары оларға аталас шоға уақтың әлденеше ауылдары Есентаңырық, атығайлармен қоныстас, Есентаңырықтың басты адамы Мағжанның әкесі Бекен (Бекмағанбет) Келтесор болыстығына таласқанда әлді қарсыласы, Баянның шөбересі - Басшығұл болған. Бала Мағжан - Баянның ақылды немересі әділдігімен аты шыққан Байтоқа бидің әңгімесін тыңдап өсиетіне ұйып, батасын алған.

Абылай хан үш жүзден әскер жинап қалмаққа қарсы шешуші шайқасқа Бурабайдың түбінде жиналғанда Батыр Баянды тосып қалған екен.

Жиналған өңшең бөрі Бурабайға,
Алаштың кебесіндей ізгі жайға,
Батырлар бұғаудағы арыстандай
Абылай тұңғиық бір терең ойда.
Бәрі де ел қорғаны - батыр, билер.

Аттанбай тек жатудан таппай пайда:
«Жүрелік жау басынар» деген сөзбен
Салады Қанай биді Абылайға.
Би Қанай: «Бұ қалай? - деп бастағанда,
Абылай сұрайды одан: «Баян қайда?»
«Қанайым, ойың удай, тілің шаян,
Амал не, келген жоқ қой батыр Баян.
Көп жаудың албастысы, ел еркесі,
Баянның батырлығы алашқа аян.
Баянның аруақты құр атынан,
Көп қалмақ болмаушы ма ед қорқақ қоян?
Наркескен, өрттей ескен, қайтпас болат
Баянсыз қанатымды қалай жаям?
Би Қанай! Атанбайды хан Абылай,
Келмесе қанды балақ батыр Баян! - деп Мағжан зерлі сөз, көркем кестемен сомдаған айбынды тұлға, асқақ бейне көз қуантып, көкірекке ұялайды.

- Булаев ауданы Жолдыөзек бойын ертеден мекендеген тұрақты ел. Асанқайғы бабамыздың «мың бітпес, жүз кетпес» деген даналы сөзі осы мекенге арналған, құтты жер. Осы ата қонысымыздан Абылай ханның оң қолы болып жорыққа шыққан Батыр Баянның кіндік қаны тамған асыл топырақ. Қазір осы төңіректе Батыр Баянның мыңнан астам ұрпақтары тұрады, - дейді Зекең. - Баянның ерлігін осыдан 150 жыл аса бұрын қазақтың ұлы перзенті Шоқан Уәлиханов зерттеген, ұлы ақын Мағжан Жұмабаев, бертінде аса көрнекті жазушы Ілияс Есенберлин шығармаларына арқау еткен. Дегенмен зерттеу әлі де жетіспей жатыр. Батыр Баянды жергілікті жерде әлі жете білмегендіктен тіпті оның бүгінгі аталас ұрпақтарының өзі түсінбестік танытады. Еліміз егемендік алып, әлемге танылып, кешегі өткен батырлар, шешендер, жыраулардың есімдері мерейлі тойлар үстінде биік мінбелерден аталып жатыр. Міне

сол тізімнің ішінде Батыр Баянның есімі тым болмаса бірде-бір аталмайтыны өкініштi.

Шоқан Уәлиханов өзінік «XVIII ғасырдағы қазақ батырлары туралы тарихи аңыздар» деген еңбегінде былай деп жазды: «Абылайдан үш жүздің батырларының ішінен көбірек ұнататыныңыз кімдер - деп сұрағанда: Батырларымның ішінен бәсентиіннен шыққан Малайсарыны байлығы, ерлігі және соған тән мінезін ұнатамын, ал ақылына батырлығы сай уақтағы Баян бәрінен де биік тұр».

Мінекей қазақтың үш жүзінің басын біріктірген Абылай хан ұлы дана десек, Батыр Баян оның оң қолы болған. Хан өз аузымен айтып тұр.

Зекең батыр бабасының тарихтан әлі де өз орнын алмағанын, ұмытылып бара жатқанын айтып Қазақстан Республикасы Ұлттық, Ғылым Академиясы тарих институтының директоры академик Манаш Қозыбаевқа хат жолдапты. Бізге академиктің жауабын да көрсетті. Академик жергілікті жерде Батыр Баянның тұлғасын кең танытарлық біраз жұмыстар тындыру қажеттігін санамалап, тізіп тәптештеп беріпті.

- Бәрі өзімізден, өзіміздің қандастарымыздың, туыстарымыздың алауыздығынан, бас бірікпейтіндігінен, - деп өкінеді Зекең. Ол сонау 1994 жылғы бір әңгімені айтып берді.

«Қарағанды» кеңшарына Батыр Баянның есімін беру туралы мәселе сол кезде көтерілген. Шаруашылықтың сол кездегі басшысы марқұм И. И. Миллер бұл ұсынысты қолдаған. Бірақ өзіміздің қазақтар: «Бізде басқа да батырлар болған, Баян батырды білмейміз» деп келіспепті.

Ия, бұл арада мұндай психологияның, пиғылдың, пайымның қалыптасып, сіресіп қалуына елінің еркіндігі, жерінің кеңдігі үшін қасық қаны қалғанша күрескен қазақ батырларын қанішерлер, жаугершілер етіп көрсеткен, сөйтіп ел есінен ұмыттырған қызыл империяның нәлет насихаты кінәлі.

Осыдан біраз жыл бұрын ұлы ақын Мағжан Жұмабаевтың есімін Петропавлдағы педагогика училищесіне және бір көшеге беру жөнінде ұсыныс жасалғанда білместіктің біраз қарсылығына ұшырағаны бар. Ал, қазір Мағжан тарихтан да, Петропавл қаласынан да өз орнын тапқанын көріп отырмыз. Батыр Баян есімі де алтын әріптермен жазылары анық.

Академик Манаш Қозыбаев өз хатында Батыр Баян туралы үлкен әңгіме әуелі төменнен басталуы қажет екенін өте орынды атап көрсеткен. Орайын тауып пайдалана білсек Батыр Баян туралы материалдар біраз бар. Мағжанның бір кезде біраз жұрт жатқа соққан «Батыр Баян» поэмасының өзі ғаламат дүние емес пе? Қазақ батырларының арасынан алғашқы болып Батыр Баян туралы фильм түсірілді.

Облыстық, өлкетану-тарих мұражайына, аудандағы, мектептердегі мұражайларға Батыр Баянды, «біриықтатып» кіргізу керек. «Батыр біриықтап кірсе, арғы жағындағы орынды өзі табады» дейді ғой халқымыз.

Батырларымызды, ақындарымызды, ұлыларымызды басқа жұртқа таныта білуіміз керек. Сонда барып басқа ағайындар әдемі әңгімені әуелі мәре-сәре көңілді дастархан басында бастап, содан соң үлкен жиынның мінбесінен: «Достар-ау, мынадай батырды бұрын білмепппіз ғой, мен енді таныдым, ұқтым, түсіндім. Оның есімін туған жеріне берейік» деп ұсыныс айтары анық. Сонда олар да, біздер де жүрекпен ұғысып қол соғамыз. «Бәріне де уақыт емші» дейді қазақ. Ілгеріде облыс орталығының көшелерінде де Абылайхан, Батыр Баян есімдері пайда боларына сенемін. Батыр туған Булаев ауданы Батыр Баян ауданы болуы да ғажап емес. Ол ұсынысты халық өзі айтады.

АҚЫННЫҢ КӨЗ ЖАСЫ

«Қаламы жүйрік әдебиетші, бірақ өмір жолы өте ауыр Хамза Абдуллин де әуре-сарсаңға түсіп, грузин әдебиетінің ұлы дастаны «Жолбарыс терісін жамылған жігіт» атты көркем аудармасының тағдыры екіталай болып тұрғанда ержүрек Ғабең дау-дамайды шорт үзіп: «Жоқ, бұл өте көркем дәрежеде жасалған тамаша еңбек!» деп айтып қана қоймай, сол ойын шығармаға жазған беташар сөзінде де қайталап, Хамзекеңнің әдебиет әлеміне қайтып оралуына даңғыл жол ашқаны жұртшылыққа жақсы мәлім. Шындығында бұл - қатаң цензура, қасаң идеология талабына мүлдем кереғар әрекет болатын: өйткені Хамза Абдоллаұлы соғыс кезінде немістің тұтқыны болған; оны ат көрсеңіз, атақты «Түркістан» легионының рухани басшыларының бірі атанып, кеңес әскеріне қарсы күрескен адам; оның от қолынан туған өлең, дастандарын жариялауға қауіпсіздік мекемесі тыйым салғаны және бар; бірақ Ғабең соның біріне де әй-шай деген жоқ. Абдуллиннің көп жылғы ақ-адал еңбегін жоғары бағалап, жарыққа шығуына мұрындық болды»...

Белгілі жазушы Медеу Сәрсекенің «Мен білетін ер Ғабең» деген атпен биыл баспадан шыққан эсселер жинағынан осы жолдарды оқып отырып, жазушының біздің Хамза ағамызға арнаған жылы лебізіне, сондай-ақ ізгілікке, мейірімге толы ақ-адал жүректі ұлы Ғабеңнің ғұламалығын тағы бір жарқыратып көрсеткеніне разы болдық.

Біздің жерлесіміз, тамаша ақын Хамза Абдуллин тағдырдың қатыгез тәлкегін көп көріп, қиямет-қиындықты белшеден кешкен адам еді. Германияда тұтқында жүргенде астыртын жұмысы әшкереленіп, атылып кете жаздағанын жыр қылып айтушы еді. Жоғарыда келтірілген үзіндіде Медеу ағамыз да жаңсақтыққа ұрынып қалыпты. Хамзекең «Түркістан» легионының

рухани басшыларының бірі болған жоқ, неміс офицерінің киімін киіп легионерлер арасында «үгіт жүргізіп» тұтқынға түскен бауырларына барынша көмектескен. Ол жөнінде біраз тұтқындардың Хамза туралы жылы сөздері біраз баспасөзде шыққан.

Менің айтайын деп отырғаным Хамза ағамыздың Ғабеңе арнаған алғысы, кемеңгер жазушыға айтқан мың сан алғысы туралы.

Ақын ағамыз туған жеріне келген сайын біздің үйге соғып кетуші еді. Соңғы келгені 1993 жылы - Мағжанның 100 жылдық тойы болатын. Сонда қатты ауырып, Булаев аудандық ауруханасында екі апта жатты да, одан шығып Қызылжарға келген соң облыстық ауруханаға бармай біздің үйде төрт күн қонды. Жетпістің ортасынан ауып кеткен кезі ғой, ауру бір сәт босатқан кезде әңгіме шертеді. Сондағы айтатыны Мағжан Жұмабаев пен Ғабит Мүсірепов.

1980 жылы келгенде үйде кітап сөресінде тұрған «Жолбарыс тонды жаһангез» дастанын көріп қуанып кеткен еді. Сонда: «Айналайындар, сендерге бір белгі қалдырайыншы» деп мына жолдарды әлгі кітаптың бірінші бетіне жазған еді: «Құрметті Дәмелі мен Бақыт! Осы дастанның ішіндегі кейіпкерлердей дана да әділ, жігерлі де өжет болып, үлкен достықпен махаббат шыңына өрлей беріңдер. Хамза Абдулин, Қызылжар. 10 қараша 1980 ж.».

1993 жылы келгенде де «Жолбарыс тонды жаһангезді» тағы да қолына алып: «Қайран Ғабең, менің пайғамбарым да, әулием де, Ғабең» деп ауыр күрсініп алып, Ғабең туралы әңгімесін бастады. - Менің бүкіл ғұмырым осы «Жолбарыс тонды жаһангез» дастанын аударумен өтті, -деді ол. - Сонау солтүстікте айдауда жүргенде де жасырын түрде бір шумақтан аударып, бір тілім қағазға жазып, шиыршықтап-шиыршықтап тонның сыртқы астарының астына тыға беретінмін. Сол еңбегімді жарыққа

шығара алмай, айдаудан келген соң 17 жыл әуре-сарсаңға түстім ғой. Қонаевтың атына бірнеше рет хат жаздым. Одан да ештеме шықпады. Қайда барсам да салқын қабақ, суық жүз. Баспа қабылдап алды да, суырмасына салып сүрлеп тастады. Қозғалмады бір. Ақырында амалсыз Ғабеңе бардым. Маған деген көзқарастың қалың мұздай тоңы өзгені айтасың өзімді шошытады. Жүрегім де мұздай. Түрім де суық шығар, қайдан білейін, әйтеуір қай есікті ашсам да әзірейілді көргендей болады. Бұрын жақын сөйлесіп көрмеген Ғабеңе жүрексініп бардым. Жарықтық сыртымнан біледі ғой, қасына алып отырып, сөзімді мақтаз қалпы селт етпей тыңдап отырды да: «Жарайды, Хамза, жазбаң жараса көмектесейін» деп қолжазбамды алып қалды.

Хабар-ошар болмай, көп күн толғанып жүрдім. «Бір кітапты оқып шығу оңай ма, қолы да тимейтін шығар, жасы да келіп қалды» деп өзімді-өзім жұбатып қоямын.

Бір күні Жазушылар одағына келсем бастықтың қабылдау бөлмесіндегі хатшы қыз мені көріп қалып. «Сізді Ғабит Мүсірепов іздеп жатыр, тез барыңыз» деді. Қуанып кетіп, жүгіре тарттым. Жүрек алып ұшады. Зәре-құтым жоқ. Кітабымды енді Ғабең қайырса баспа есігі, әдебиет әлемі маған жабылғаны ғой деп келемін. Аяғымды әрең басып, үйіне кіріп коридормен жазушының кабинетіне қарай өрлегенімде Ғабең де созыла қозғалып орнынан тұрды. Бұл жақсылық белгісіндей көрінді. Жүрегім шым-шым етті. Қолымды алды да, жүзіме барлай қарады.

- Баспаның директорымен сөйлестім. Кітабыңды менің алғысөзіммен шығарады. Тез апарып бер, - деді де басқа ештеме айтпады.

Далаға шыққан соң шыдамым жетпей бір қалтарысқа тұра қалып Алғысөзге көз жүгірттім. Машинкамен тасқа басылған жазулардың әр тұсынан жылы-жылы сөздер ұшырасады. Ішім жылып, далада қалтимайын дедім де үйге шапшаң тарттым.

Алғысөзді оқып болып «уһ» деп бір күрсінгенде кеудемнен

шемен шер ақтарылғандай болды. Екі көзімнен ыстық жас парлай жөнелді. Ғабең жазған мақтаулар қанымды тасытып, жүрегімді лүпілдетіп жіберді...

Осыны айтты да ақын аға алқынғандай болып біраз үнсіз қалды. «Ендігісін өзің оқы, өзің түсін» дегендей кітапты алдымызға қойып маған қарады. Жолдасым екеуміз Ғабеңнің Алғысөзін бұрын да талай оқып, әрбір көркем тіркестерін, сұлу да ойлы орамдарын қызыға салмақтап, сүйсіне тамсанып қайта-қайта үніліп едік. Ғабит Мүсірепов Шота Руставели дастаны аудармасын шолып шықпай қадала оқып, терең үніле зерделегені аңғарылады. Аудармашының автор зергерлігімен жарыса төгіліп, сөз маржанын ғаламат кестелегеніне сүйсініп, жыр шумақтарынан мөлдіреген мысалдар келтіреді. Алғысөзді жазарда ақын Хамзаның талантына шек келтіріп қырыс қабақ көрсеткендердің кескіні көз алдына келгендей ұлы жазушы соларды сендіре, иландыра, дәлелдер, мысалдар қосарлай отырып аударманың кестелі көркемдігін паш етеді.

«Аудармада да, түпнұсқадағыдай, әр жолдың ішінде ішкі ұйқастар жиі кездесіп отырады:

Мен білемін, сен нұр едің мөлдір сезім арасындай.

Бұл жолдың бәрі де аллитерация мен ассонанстардан тұрады. Ал:

Қыран құстар қырды қоймай

Қырғауыл мен құрларды, - деген жолдан біз аударма авторының консонанттарды тамаша шеберлікпен пайдаланғанын байқаймыз.

Егер:

Мөлдір бұлақ, балғын құрақ,

Басымдағы бақ жұлдызым, - деген жолды алатын болсақ, онда біз бұл жолда Шотаның қолданатын ақындық компоненттерінің бәрі бар екенін анықтаймыз», - деп Ғабең Х. Абдуллиннің аудармасын тәптештей талдайды. Әжептәуір көлемді

ағысөз ақын шығармашылығының бағын ашқандай боларлық қорытындымен түйінделгені ғажап. Ғабең былай депті: «Хамза Абдуллиннің 25 жыл еңбек етіп, қазақ жыр әлеміне тарту еткен, өзі баға жеткісіз дүниесін әдебиетіміздің өміріндегі аса бір үлкен, атап айтарлықтай мәдени табыс деп атаған жөн».

Ғабеңнің осы ержүректікпен Хамзекеңе берген биік бағасы ұлы суреткердің жанашыр ұстаздығының бір үлгісі. Хамза ағамыз Ғабит Мүсіреповтің шарапатын өзі өмірден өткенше мақтанышпен айтып жүруші еді. Амал не, әдеби сын, әдеби қауым академик-жазушының осы ақ-адал жолашар сөзіне селт етпей, тым-тырыс, үн қатпай қалды. Өкінішті болды. «Қайран Ғабең» деп Хамза ағамыздың күрсінуінде осындай мән жатыр екен-ау. Ия, бұл сөзді оның өжет ерлігіне риза болған талай ұрпақ әлі айтар.

Сафуан Шаймерденовтың 70 жасқа толуына

ЫСТЫҚ ЖҮРЕК

Ол да тамылжыған жаздың тамаша күндерінің бірі болатын. Бұдан сегіз-тоғыз жылдай бұрын еді. Көктемгі қарбаластың екпіні сейіліп, ел ішінде арқа кеңіп, мамыражай мезет меңдеген мезгіл. Жер-дүние жап-жасыл, жаңа бұрқырап көтерілген көктің барқыны кеудені кәусар сезімге толтырып тәнті етеді.

Қызылжар құшағына суырылып шығып, таспадай тартылған тас жолмен құстай ұшып зымырап келе жатқан екі «Волга» көс қапталдағы табиғаттың көрікті жасауын дөңгелете үйіріп, замата артқа тастайды да, жарыса сілтеп ілгері самғайды. Сыңсыған орман, ән салған ақ қайыңдар, теп-тегіс тақтадай

алқаптарға өрнектеп, кестеленген көк өскін егін қол бұлғағандай болып кейінде қалып жатыр.

Осы қалпымен ағындаған екі машина Жамбыл ауданының дәл шекарасына жеткенде жолдан бұрылып, ақ қайынды қалың орманның тып-тынық, тып-тыныш жасыл қойнауына тұмсық тіреді. Қаулаған қалың шөптің мұрынды қытықтаған жұпары-ай десеңізші! Машиналардан түскен қымбат қонақтар өзіміздің ағамыз Сафуан Шаймерденов пен Бағдат жеңгеміз, Тахауи Ахтанов пен Мінуара жеңгеміз еді. Аудан басшылары иіліп жастық, жығылып төсек дегендей құрақ ұшып, бар жантәнімен жылы шырай ықыласымен қарсы алып жатыр. Сафекең қаламгер досын туған жер топырағына қонаққа ерте келіпті.

Шыжыған ыстықта терлеп-тепшіп келіп ағаш ішіндегі қоңыр салқында тыныс табу деген өзі бір рахат емес пе. Қонақтар көк шалғынға төселген кілем үстінде отырып, дәм тата бастады. Бәріміз екі жазушының әңгімесіне құлақ түріп, демімізді іштен аламыз. Қабақтары жадырап, қолдарындағы үлкен кеселердегі сары қымызды баппен шайқап, сыздықтатып қана сөз сабақтасады. Екеуі де елге әйгілі қаламгер, екеуі де оқырман сүйіктісі. Дастарқан басында отырғандар екеуіне жүз бұрып, екеуіне ықылас аударған.

- Мына қымыз тамаша екен. Бал сияқты, - деді, бір кезде Сафекең сүйсінген лебізбен. – Бұдан асқан қымыз ішіп көрген жоқпын. Өмірімде бұдан артық қымыз кездестірген жоқ сияқтымын.

Сары қымызды сапырып отырған қызылшырайлы сұлу келіншек күлімсіреп жүзі жайнап кетті. Жазушының жылы сөзі өзін ыңғайсыздандырып, қыбыжықтап қалды.

- Сіздерге әдейі арнап баптады біздің шеберлер, - деді аудан басшыларының бірі.

- Туған жердің түтіні де тәтті демей ме орыстар, туған жері-

ңіздің дәмі ғой, - деді қымызшы келіншек екі беті дуылдаған қалпы.

- Қымыз шынында да ғажап екен. Мақтау үшін айтып отырған жоқпын, бабы солай екен, дәмі солай екен. Рахмет сіздерге. Бұған дейін бұдан артық қымыз кездестірген жоқпын, деп Сафекең тағы бір басын изеп жұртқа көз жүгіртіп өтті.

Қалы кілем үстінде малдас құрып отырған Тахауи ағамыз кәсесіндегі қымызды шайқап отырды да:

- Сафуан, мен бұдан артық қымызды іштім. Ол қымызға қымыз жетпейді. Тіл үйіреді-ау. Әлі күнге дейін ұмытпаппын. Ол қымыз бұдан сәл артықтау. Мына қымыз да жақсы әрине, - деді.

- Қашан, қайда ішіп едіңіз? – деді досы:

- Ана жолы Қарабұтақ ауданында. Ол қымыз керемет, - деп Тәкең басын шайқады.

- Мына қымыздан асып тұрған жоқ шығар. Мынау ол қымыздан артық, Тәке, - деді Сафекең.

- Жоқ, Сафуан, ол қымыз бұдан артық.

- Міне, өзің көрші, бұл қымызға қымыз жетпейді, - деп Сафекең кәсесінен бір ұрттады.

- Қарабұтақтағы қымыз бұдан артық, - деп Тәкең де тамсана түседі.

- Жоқ, Тәке, мына қымыз бал шекер, теңдесі жоқ, - дейді Сафекең.

- Жоқ, Сафуан.

- Жоқ, Тәке. – Соңында екеуі де күліп жіберді. Біз де қосыла күлдік. Қарабұтақ Тахауи Ахтановтың туған жері екен. Қымызшы келіншек жазушылардың жүрек түкпіріндегі пернелерін дәл басыпты. Расында да туған жердің түтіні де тәтті деп тауып айтылған-ау. Сафуан ағамыз саусақтың саласындай самсаған ақ қайыңдарды да, жұпары аңқыған жоңышқа шөпті де, мөлдіреген көлді де әңгіме етіп, осы өңірге алғаш келген жазушы

досына туған жер жырын шерткендей әсер қалдырған бізге. Өзгеше шабыт демі, ыстық жүрек лебі аңғарылған. «Туған топырақ қой қаламына қанат беретін, туған жеріне табаны тигенде түлеп шыға келгенін көрмейсің бе?!» - деп ойладық ішімізден. «Туған жерге арналған ыстық жүрек жазушының қанаты екен ғой», - деп қайран қалды сонда машина жүргізушілердің бірі, әдебиетті құмарта сүйетін жас жігіт.

«Мұндай жерлесті мақтан етуге болады» деп сол сапарда Сафекеңнің маңына үйірілген жұрт жазушының оқырман достарына арнаған әңгімесіне, ықыласына сүйсініп жатты.

Иә, шынында да, Сафуан Шаймерденов мақтан, мерей етуге болатын әйгілі жерлесіміз, республикамызда ғана емес, есімі шет елдерде де кең мәлім майталман қаламгер.

Осыдан қырық жылдай бұрын жас жазушы Сафуан Шаймерденов әдебиеттің алтын босағасын нық қадаммен аттағаны жалпақ жамағаттың есінде болар сірә. Оқырман қауымға мүлде беймәлім жап-жас жігіт тосыннан шабыт тұлпарын төгілте құйғытып, роман белесіне бірден ойнақтап шыға келді. Жұрт әңгіме, повесть сияқты шағын жанрларды айналшықтап, қаламының күшін сынап, әліне қарай қарманып жүрсе, Сафуан ағамыз «Болашаққа жол» атты тұңғыш романымен ә дегеннен-ақ құлашты сілтей сермеп тынысы кең талант есігін ашқанын танытып тастады. Сол кездегі әдеби сын жаңа романға жылы лебіз арнап, қатарға мол үмітті тың күштің қосылғанын бірден атасты.

«Болашаққа жол» романы кезінде оқырман қауым қолдан-қолға түсірмей қадалған шұрайлы шығарма болғанын айтсақ еш қателеспейміз. Студенттер өміріне арналған роман жастар ортасының толғақты проблемаларын қозғап, олардың жүрек сырларын шертті, арман-мақсаттарын алға тосты. Соғыстан кейінгі ауыр кезеңнің жүдеу суреттері, жастардың лапылдаған шынайы сезімі, тебірентпей қоймайды. Өзіміз бұл романды

оқиғаны қайталап оқыдық, пікірталастар ұйымдастырып, қызу-қызу айтыстармен таңдарды атырушы едік. Романның алғашқы басылымында ақырғы бетінде «бірінші бөлімнің соңы» деген жазу тұратын. «Екінші кітап қашан жарық көрер екен?» деген сауал көңілімізде сайрап, жазушымен кездескен сайын осы әңгімені қозғайтынбыз. Кейін роман қайта қаралып, «Инеш» деген атпен жаңадан шыққанда бұл сұрағымызға да жауап алғандай болдық. «Инеш» осы қалпымен-ақ кез-келген туындымен тереземіз тең түсетін толыққанды сом дүниелік. Жазушы екінші кітапты жазбақ болып қаншама толғанғанмен оның қажет болмағанын бүгінгі өмірдің өзі көрсетіп отыр. Роман осы тұтастығымен, осы болмысымен оқырманын эруақыт селсоқ қалдырмайды.

Ұлы суреткер Мұхтар Әуезов жас жазушының алғашқы романын жоғары бағалап, Сафуан Шаймерденовты ілгеріде қазақ әдебиетінің ту ұстаушылары қатарында көретініне сенімі мол екенін айтқан-ды. Мұхаң шіркін қандай көреген еді десеңші.

Сафуан ағамыз сонау 1951 жылы Қарағанды қаласында қызмет істеп жүрген кезінде Ғабит Мүсіреповке хат жазып, бы-лай дейді: «Жас адамның бойында өз күшіне сенбеу деген бір кесел болады ғой. «Болашаққа жол» романының алғашқы тарауларын оқып пікір айтқаныңыздан кейін мен сол бір кеселден арыла бастаған секілдімін. Өз күшіме сене бастағандаймын. Осы сенім маған шабыт әкелді. Кітапқа біржола, алаңсыз кірісіп кеткен жайым бар. «Ғабең мені мақтады» деп мақтанып, дандайсып кету жоқ, әрине. Дандайсу – санасыздықтан, бос жайлықтық, пен саяздықтан туатынын мен жақсы білемін». Бұл жолдарды оқып отырғанда үлкен суреткер Ғабең жас жазушының тырнақалды туындысына жылы лебіз білдіргенін, сонымен бірге Сафуан ағамыздың қамқор ілтипатқа қанаттанып, өзінің арманды ісіне құлшына кіріскенін аңғару қиын емес.

«Болашаққа жол» романы студенттер өмірі, интеллигенция жайлы қазақ әдебиетінде жазылған тұңғыш роман еді. Ол алдымен осы қасиетімен құнды. Сонымен бірге мұнда жазушының дарынды таланты, шынайы шеберлігі, ізденімпаз ұмтылысы айқын белгі берді.

Асыл текті әдебиет шаңырағының алтын босағасын алғашқы роман тәрізді қомақты қазынаны қолтықтап, аршындап аттаған Сафуан Шаймерденов кейін де қазақ әдебиетінің қорына тамаша туындыларды бірінен соң бірін сыйлап қаламы қуатты шебер екенін паш етті. Оның әңгімелері, повестері, пьесалары, аудармалары үзіліссіз жарық көріп, оқырман достарын келісті көркемдігімен қуантып жатты.

Сафекең өзінің бір әңгімесінде повесті сүйікті жанры санайтынын айтқан еді. Жазушы бұл салада да жемісті еңбегімен көзге түскенін атап айтуымыз керек. Сол шағын туындылардың ішінде «Жыл құсы» повесі өзгеше айшықты көрініп, бірнеше тілдерге аударылды, бұрынғы ВЦСПС пен ССРО Жазушылар одағының арнайы сыйлығына ие болды. Ал, кейінгі кезде жазылған «Марғау», «Мәжнүн тал» повестері жан жүректің нәзік пернелерін дәл басып, ғажап сырлар шерткен туындылар болып қалың оқырман сүйіспеншілігіне бөленді.

Сафуан ағамыздың қаламынан туған повестердің айырықша ерекшелігі – көркемдігі, шыншылдығы дер едім. Қайсысын қолға алсаңыз да жеңіл оқылады, алғашқы сөйлемдерден-ақ қаламгер сыйқырлы леппен өзіне тартып еріксіз жетелей жөнеледі. Кібіртіктемейді, еркін көсіледі. Жанға жайлы қоңыр үн, сыршыл лиризм бойға шымырлап дендеп, сөз құдіретіне балқығандай бұл дүниені ұмыта бастайсыз-ау. Міне, мұндай ғаламатты жазушы талантының қуаты деп мерей ете аламыз. «Марғау», «Мәжнүн тал» повестеріндегі кейіпкерлер өзіміздің замандастарымыз, оларды күнде көріп жүргендейміз, бізді олардың жан сезімі, ойлары, іс-әрекеттері толқытады, ойландырады. Жа-

жушының оқырман сезімін баурап алған шеберлігі де осыдан байқалса керек.

Жазушының құдай қалап берген еншісі – тынымсыз еңбек. Бүгінгі Сафекең де әрқашан қалам құрғатпай еңбекпен тыным тапқан жан. Ол әр жанрда да күшін байқап, роман, повестермен қатар әңгімелер, пьесалар жазды, аудармалар жасады. «Дөкей келе жатыр», «Қыр гүлі» пьесалары республика театрларының сахналарында ұзақ жыл үзіліссіз қойылып, көрермендер тарапынан жоғары бағаланды. Сондай-ақ жазушының әдеби аудармалары да құнды қазыналар қатарында. Ол үндінің ұлы жазушысы Рабиндранат Тагордың «Күйреу», «Гәуірмаһан» романдарын, «Алтын сағат» әңгімелер жинағын, Лев Толстойдың әңгімелерін қазақ тілінде сөйлетті, аударма жөнінде сын мақалалар жазып, осы бір қиын саланы жолға қою жөнінде салиқалы пікірлер айтты.

Сафекеңнің соңғы кезде шыққан кітаптарының бірі – «Аға-лар алақаны». Бұл повестерден, әңгімелерден, естеліктерден тұратын жинақ. Кітап жарыққа шыға сала оқырман назарын аударып, ыстық ықыласқа ие болды. Жазушыға осы кітабы үшін Қазақ ССР-нің Мемлекеттік сыйлығы берілді. Мұнда қаламгер өзінің ұзақ жылдар байқаған өмір суреттерінен үзіктерді көз алдымыздан өткізіп, тапқыр тұжырым жасайды, құнарлы ой түйеді, оқырманның көкірегін оятып, сезіміне сәуле түсіреді. «Аталардың алақаны» деген атының өзі қалай әдемі тауып қойылса, ішкі заты да сондай сұлу әрі салмақты.

Сафуан ағамыздың азаматтық тұлғасы да республика жұртшылығына жақсы таныс. Ол туған халқының бақыты үшін жан сала күресе білетін қайраткерлік дәрежеге дейін көтерілген азамат. Үлкен әріппен жазылар нағыз кесек тұлға. Әсіресе, Қазақстан Жазушыларының пленумында республиканың бұрынғы басшысы Г. В. Колбиннің айбынынан қаймықпай қасқая сөйлеген сөзі көпшіліктің есінде қалғаны сөзсіз. «Жел-

тоқсан оқиғалары» деген атпен қазақ елінің тарихында қанды із қалдырған қуғын-сүргін адал көңілді адамдардың көкірегінде ащы запыран-зәр қалдырғанын бәріміз де жақсы білеміз. Тоталитарлық, әміршіл өктем билікке қарсы шыққан, тұңғыш рет сес көрсетіп, айбын танытқан жастарды қанға бояп, қырғынға ұшыратқан Колбиннің қаһары сол тұста кімді болсын ашындырған-ды. Талайлардың ішінде қыжылдап ыза қайнады. Бірақ, ашық үн қатып, әділет сөзін айбын етіп ол тұста ешкім де өжет әрекетке бел буа алмағанын түсінеміз. Міне, осындай ел басына күн туған қысылшаң шақта елдің еңсесі биік зиялылары, тұтқа тұтар тұлғалары бой көрсеткені, қайтпас қайсар қайрат тұғырына көтерілгені қандай куат еді десеңізші. Сафуан ағамыз да сол елім деп еңіреген ерлердің бірі болып мінбеге көтеріліп әміршілдік биігіне білек тосты. Еркіндік аңсағаны үшін соққыға ұшыраған жастардың жазықсыз екенін, оларды қорғау қажет екенін, үкіметтің зорлығы заңсыз екенін, ақын Жұбан Молдағалиевпен бірге бірінші болып айтты, сөйтіп оның азаматтық үні шырқау биікке көтерілді. Жазушының бұл ерлігін халқымыз да қазір қол соғып құп көріп отыр.

Бұл күндері республика жұртшылығы қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі, тамаша сөз зергері Сафуан Шаймерденовтың 70 жасқа толған мерейтойын кең атап өтуде. Республикалық баспасөзде – газет, журналдарда осыған орай көлемді мақалалар, көгілдір экраннан хабарлар берілді. Солардың бәрінде жазушының талантымен, шеберлігімен бірге азаматтық бейнесі биік бағалануда. Жерлесіміздің осындай халық құрметіне бөленген даңқына біз де шын жүректен қуанамыз.

Жақында Петропавл қаласының іргесі қаланғанына 240 жылдық той болып өтті. Сол салтанат үстінде жазушы Сафуан Шаймерденовке «Петропавл қаласының құрметті азаматы» атағы берілгені жөнінде қалалық кеңестің шешімі оқылды. Октябрь алаңына жиналған қалың қауым бұл қуанышты

хабарды қол шапалақтап қарсы алды. Жазушының туған жерін жырлаған суреткерлік еңбегі осылай тағы бір қырынан биік мәртебеге ие болды.

Біз Алматыға телефон шалып Сафуан ағамызды «Петропавл қаласының құрметті азаматы» атағы берілуімен құттықтадық.

- Жерлестерімнің құрметіне мың да бір рахмет. Өте қуаныштымын. Қаланың әдебиет сүйген қалың оқырмандарына менің ағынымды, ыстық сәлемімді жеткізіңдер. Туған жерде кездесуге асығып отырмын, - деді ол.

Иә, Есіл өңірі де өзінің қаламгер перзентін қарсы алуға қызу әрекет жасауда. Сафуан ағамызбен бірге бір топ жазушы еріп келмекші. Олар – Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының орынбасары хатшысы Қалдарбек Найманбаев, белгілі қаламгерлер Кәдірбек Жұмаділов, Есләм Зікібаев, Смағұл Елубаев, «Жас алаш» газетінің бас редакторы Уәлихан Қалижанов.

Жазушының мерейтойын әдебиет мерекесі етіп өткізуге барынша назар аударылып отыр. Қалалық Кеңесте Сафуан Шаймерденовке «Петропавл қаласының құрметті азаматы» атағының дипломын тапсыру рәсімі өткізілмек, одан кейін облыстық әкімшіліктің үлкен залында түстен кейін Алматыдан келген қонақтармен кездесу өткізіледі. Сафуан Шаймерденов және басқа жазушылар оқырмандардың сұрақтарына жауап береді, өз ойларын ортаға салады.

Мерейтойдың ең қызығы жазушының туған жері – Жамбыл ауданындағы Аманкелді ауылында ту көтереді. Онда Сафекенді жерлестері торқалы тойымен құттықтайды.

«Ленин туы» газеті редакциясының шығармашылық ұжымы үшін бұл мерейтойдың қадірі тіпті бөлек деп айту да орынды. Сонау қырқыншы жылдардың ортасында Сафуан ағамыз «Ленин туы» газетінің Преснов, Октябрь аудандарындағы меншікті тілшісі болып екі жыл қызмет істеді. Сол жылдар жазушы қаламын ұштап, талап биігіне самғатқаны да сөзсіз. Сафекең

«Ленин туында» қызмет істеген күндерін де жылы лебізбен еске алады. Кейін жазушылық жолға әбден бет бұрғаннан кейін де редакциямен байланысын үзбей жаңа шығармаларын алдымен біздің газеттің беттерінде жариялап тұрды.

Көркемсөздің тамаша зергері, қымбатты аға, шабыт толқынында әлі де талмай қанат қағып, оқырман достарымызды тың туындылармен қуанта беріңіз демекпіз біз де.



ЖУСАН ИСІ ЖЫРЫНДА

(Ақын Кәкімбек Салықов 60 жаста)

Дәл қазіргідей маусымның маужыраған тамаша бір күнінде Жалғызтаудың қалың жыныс қарағайлы орманында салқын саяда сейіл құрып жүр едік транзистордан ән шалқып қоя берді. Мынадай табиғаттың тылсым тыныштық тұнып тұрған дүм ортасында жан жүректі жаулап әлгі ән тамылжыды да тұрды-ау. Бәріміз таң-тамаша тәнтіміз. Саусақтың саласындай тік шаншылып сыңсыған қарағайлар. Жұпары қандай аңқыған. Таудың тарғыл тасы да мелшиген меңіреу қалпынан селт еткен тәрізді. Бүкіл орманның қойын-қонышын ән кернеп, Жалғызтаудың анау жотасына дейін қалықтап барады.

Жез киік, біздің жаққа қалай келдің?

Жолымды тіке кесіп жанай бердің.

Адамның көздеріндей екі көзің,

Япырмай, дәтім шыдап қалай көрдім, - деп әнші қайырмасын құйқылжытқанда орнымыздан қозғалмай тыныс тартып қалдық.

- Ғажап қой шіркін.

- Мына таудың етегінде тіпті түрленіп естіледі екен.

- Әні де, сөзі де сайма-сай.

- Сөзі керемет. Сөзін жазған өзіміздің Кәкімбек Салықов. – осылай ән мен жыр құдіретіне тәнті болып әсерлі сезімге шамырқанған шағымызда әдебиетші досым Сәркен Құлмагамбетов сөз тізгінін өзі алып, ақын туралы білгенін дәттеп, айырықша мақтанышпен әңгімесін дәлелдей түсті.

- Біздің ауылдан алыс емес, қожым Еңбекте туып-өскен. Жалғызтауда Мұса Асайынов деген әнші, ақын бауыры тұрған. Мұсекең шіркін Кәкімбекті аузынан тастамай отырушы еді. Кәкімбектің кітаптарында да Жалғызтауға, Мұсаға арналған жырлар бар.

- Көкшетау елі біздің жерлесіміз деседі.

- Жезқазған өңірі Кәкімбекті төбесіне көтереді, - десіп жылы лебіздерін қосып жатты қасымыздағы серіктер де.

- Жырлары да жез киіктей сұлу, жез киіктей нәзік, кербез.

Әнекей әнге орала кеткенін көрмейсің бе?! Жүректі тербейді, шымырлап бойға жайылады, - деп Сәркен шалқыған ән толқынымен өзі де бірге ыңылдап теңселіп тұрғандай еді.

Иә, осынау құдіретті ән қалықтай жөнелгенде оның авторы кім екенін екінің бірі біле бермеуі мүмкін, ал сөзін жазған ақын Кәкімбек Салықов екенін ән сүйер қауым жүрегінде жаттап алғаны да рас. Бұл міне, ақын несібесіне тиген үлкен бақыт деп білеміз. Ақын қаламынан туған жырлар биікке қанат қағып, халқының жүрегіне жетіп жатса, ол – қаламгердің шығармашылық қуатының қарымын танытса керек. Бүгіндері біздің ақын ағамыз Кәкімбек Салықов шығармаларын елі сүйсініп оқитын талантты топтың алғы сапында деп нық айта аламыз.

Осыдан отыз жылдан аса бұрын Алматыда оқып жүрген кезімде Кәкімбек ағамызбен кездескенім әлі есімде. Сол тұста Павлодар облыстық атқару комитетінің төрағасы болып жаңа ғана сайланған Хасен Нүркеевтің астанадағы пәтеріне студент

шаруасымен бара қалған едім. Шашын шалқасынан қайырған орта бойлы, толықша бейтаныс жігіт терезенің түбінде сыртқа қарап қалың ойға беріліп тұр екен. Қолында қойын дәптері мен қалам. Күбірлеп бірденелерді қағазға түртіп жатыр. Тұрысы толы толғаныс.

Хасекеңнің інісі сыртынан таныстырды. Мәскеуде түсті металдар институтын бітіріп, Жезқазғанда қызмет істеп жүрген кенші, Қызылжар өңірінің азаматы Кәкімбек Салықов екен. Бұл шаңыраққа күйеу, Хасекеңнің қарындасы Мәриямның жолдасы. Сәулетші Шота Уәлиханов та осы үйге кіріп келді. Ол үлкен астанада Кәкеңмен бірге оқыпты. Танысқаннан кейін жөн сұрап, қай жақтан екенімді анықтады.

- Ә. Бұлақтан болсаң Әбіш Сүлейменовтің ауылынан екенсің ғой. Әбіш деген жігітпен Мәскеуде бірге оқып едік. Ол да Бұлақ ауылынан. Оқуын бітірейін деп тұрғанда қайтыс болды – деді Кәкімбек аға жақынырақ біліскен соң.

- Білемін, - дедім. Әңгіме одан әрі әр жайдан өрбіді де кенет Шота:

- Өлең жазып жүрсің бе? – деді кенші ағамыздың бір құпиясына қол сұққандай қалыппен. Ол кісі күмілжіп қалды. Көкірегіндегі ең бір қымбат сезімнің пернесі басылғандай үнсіз тынды.

- Газет, журналдарға неге жібермейсің? – деді тағы да досы.

- Әлі ертелеу, әлі қалтамда жүре тұрсын, - деді Кәкең.

- Маған жіберші өзің. Редакцияға мен апарып берейін.

- Ертерек, - деді ол салқын ғана. Мен ағаның жүзінен алған бетінен қайтпайтын сабырлы қайратты, тереңде тұнған шабыт жалынын аңғарғандай болдым.

Сол кездесуден кейін газет, журналдардан Кәкімбек Салықовтың есімін іздеп көпке дейін дәмеленумен жүрдім. Арада он жылдан аса барып жарқ ете түсті ғой бір кезде. Әуелі бұлақтың бастауындай болып шым-шымдап көтерілген жыр нөпірі кейін қалың нөсердей бұрқырап төгілгенде қуанғаным-

ай десеңізші. Жерлес ақынның, өзім көрген кенші ағаның поэзия көгіне бұлқынған қанат қағысы ұнады. Алғашқыда республикалық газеттерде бірді-екілі ғана жылт етіп байқалып қалып жүрді. Ал, «Советтік Қарағанды» облыстық газетінің беттерінде тұтас бір өңірлерді, қатарынан бірнеше нөмірлерді алып поэмаларын, топтама өлеңдерін жариялап жатқанын көргенде шынымен мейірленіп қалғаным бар.

Заводтардың
будағы бұлтты көмгенде,
Конвертор көзді
Мыс қайнар әсте сөнген бе.
Кеңгірге келіп,
Бұл кереметтерді көрмесең,
Санама достым,

Сарыарқаны көргенге, - деп ақын туған өңірі Сарыарқаның суретін жаңа қырынан бедерлеп, көне даланың соны да қанық бояуларын кестелеп, паш етті. Өлең өміріне нық қадам басқан кенші ақынның жырлары бірден жұртшылық назарын баурап, талантты қаламгер қатарға қосылғанын бірден аңғартты. Ол шахталарды, кеншілер еңбегін, алып өндіріс орындарын сырттан тамсанып, тамашаламай ішінде жүріп, өмірдің қайнаған ортасында отырып, жан жүрегімен сезініп, ыстығына балқып, жанып, жалындап жазды. Сондықтан да ақынның өлеңдерінде кеншілер өмірі шыншылдықпен, ынталықпен өрнектеледі. Ол шахтерлер әулетінен екенін, кен қопарып жатқанын асқан мақтанышпен жырға қосты. «Кенші жолы», «Қырандар», «Еңлік гүл», «Ұрпақ сыры» сынды поэмаларды бірінен соң бірін жариялап үлгерді.

Өзіне аса талапшыл ақын өлеңді көптен бері жан серігі етіп жүрсе де алғашқы жинағын ұзақ толғаныстан кейін барып «Сыр» деген атпен жетпісінші жылдардың басында шығарды. Жас ақынның тырнақалдысын әдеби сын бірден жылы лебіз-

бен қарсы алып, сәт сапар тілегенін айтуымыз керек. Қазақ поэзиясының көрнекті өкілдерінің өзі Кәкімбек Салықов жырларының айырықша ажарын, кестелі көркемдігін бірауыздан атасты.

Алғашқы жинақ жақсы жолашар болса керек, ақын шабыты құтты тұғырға қонғандай жыр кітаптарын жыл аралатып шығарып жатты. «Нұрлы күндер», «Жұлдызды жылдар тынысы», «Таңдамалылар» сияқты жинақтар Кәкімбек есімін поэзия көгіне зерлі әріптермен орнықтырды. Оның шығармашылығы, шеберлігі, өзіндік бояулары, жаңалықтары жайлы көлемді мақалалар, зерттеулер жазыла бастады. Кәкімбек ағамыз жыр сарбаздарының сапына кештеу келіп қосылғанмен өндіре жазды, қаламын көсілте жазды. Ол оннан аса жыр кітабын қазақ тілінде, екі жинақты: біреуін – Мәскеуде, біреуін – Алматыда орыс тілінде шығарды. Бұл – үлкен еңбектің, тынымсыз ізденістің, қуатты шабыттың белгісі.

Кәкімбек Салықов поэзиясының ең бір арналы тақырыбы туған жерге сүйіспеншілік, туған жердің тамаша табиғаты, туған жердің ғажап еңбеккер адамдары болғаны да қандай ғанибет. Оның жырларынан ерке Есілдің, көк мұнарлы Жалғызтаудың, көне қала Қызылжардың поэтикалық суреттерін тамашалаймыз. Ақын өзі өскен өңірге жыр арнағанда көркем сөздің небір нәрлі інжулерін таба біледі, ыстық махаббатпен төгіле тебіренеді.

О, туған жер!
Торғын тоғай Есілім,
Өзің аштың маған өмір есігін.
Тоса білген майдандағы ардағын,
Анам болған бір ардақты жесірің.

Біздер содан
Есен қалған аманат,

Естімедік олар жайлы жаманат.
Ақ сүтпенен бойға қонған арман бар,
Болып өту өзің сүйген азамат.

Қайда жүрсем,
Есіл сені сағынбай,
Шыдар ма едің сезгіш жүрек жарылмай?
Бір бөлшегін бүтін сақтап қойыпты
Қызылжардың құлан отпес жарындай!

Қайда жүрсем,
Көп үзбеймін арасын,
Жыл мезгілде жылы сәлем аласың.
Сағынышым құс жолындай жалғайды,

Жалғызтау мен Ұлытаудың арасын, - деп ақын туған жерге сағынышын аңқылдап жеткізгенде сүйсінбеске болмайды. Қаншама ұзақ жыл алыста жүрсе де туған жер алтын бесік шіркін бір бүйірде асыл сезім қайнарындай бұлқынып жатқаны қандай жақсы.

Кәкімбек Салықовтың ақын ғана емес, қоғамдық қайраткер екенін де республика жұртшылығы жақсы біледі. Ол Мәскеуден кен инженері дипломын алып келген соң Жезқазған рудниктерінде істеді. Кейін қызмет баспалдағымен жоғарылап Жезқазған қалалық партия комитетінің бірінші хатшысы, Жезқазған облыстық партия комитетінің екінші хатшысы, Мәскеуде СОКП Орталық Комитетінде инспектор, Қарақалпақстан облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы болып істеді. КСРО Жоғарғы Кеңесінің депутаты, Жоғарғы Кеңестің экология жөніндегі комитетінің төрағасы болды. Осы қызметтердің қайсында болсын Кәкімбек ағамыз азаматтық тұлғасымен, парасаттылығымен, іскерлігімен халық құрметіне бөленгенін жақсы білеміз.

Белгілі қоғамдық қайраткер, талантты ақын Кәкімбек

Салықов ағамыз биыл алпыс жасқа толып отыр. Осынау мерейтойға орай ақынның шығармашылық жолы жайлы мақалалар республика баспасөзінде жарияланып жатыр. Біздің газетімізде де бірер материалдар жарық көрді.

Жақында ақын ағамыз бізбен хабарласып, редакцияға бір топ өлеңдерін жолдады, сәті түссе туған жерге келіп қалатынын хабарлады.

Естілмес менің аспаннан жұлдыз алғаным,
Не болмаса,
Ғарышқа жалғыз барғаным.
Аңсаймын тек,
Бір ніскеуге тұратын,
Жырыма сіңіп жусанның исі қалғанын, - деп Кәкең өзінің бір жырында туған жердің жусанын да аңсайтынын айтып еді. Біз бүгін Кәкімбек Салықов жырларынан дала жусанының ғажап исі аңқып, туған жерге деген махаббат шалқып тұратынын мақтанышпен айта аламыз.

Осыдан бірер күн бұрын Мәриям жеңгеймен Қызылжарда кездесіп Кәкең туралы сұрадым.

- Кәкімбектің көп сапарлардан қазір қолы тимей жүр. Аманшылық болса сенбі күні таң ата Минскіден Мәскеу арқылы осында келіп қалар, - деді жеңгеміз. - Туған ауылына бармақпыз.

- Сапарларыңыз құтты болсын, Мәке. Кәкімбек ағаның туған ауылы қай жер? Көкшетаулықтар – Көкшетау облысы дейді, жезқазғандықтар – Жезқазған облысы дейді.

- Оның рас. Көкшетау да, Жезқазған да Кәкімбекті өз перзентіміз дейді. Кәкімбек Көкшетау облысының Казгородок ауылында интернатта оқыған, балалық шағы сонда өтті. Жезқазған облысында бүкіл еңбек жолы өтті десек те болғандай. Балаларымыз сонда туып, сонда өсті, еңбек етті. Ал туған ауылы

осы облыстағы Сергеев ауданындағы Еңбек ауылы. Ағайындары сонда, туған інісі Сапар Жаңажолда бас бухгалтер. Осы жолы сол ағайындарына бармақпыз. Кәкімбектің алпыс жылдығын өткізуге Көкшетау, Жезқазған облыстары да шақырып жатыр.

- Кәкеңнің қазіргі қызметі қандай?

- Республиканың су шаруашылығы министрлігінде Аралды қорғау жөнінде бір бөлім бар, соны басқарады. Әзірше бөлім деп аталады, кейін комитетке ұлғаяды деген сөз бар. Солай болар тегі. Ал өзі сол Аралды қорғау мәселесімен Минскіге, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының бір мекемесіне іссапармен кетті.

- Балалар да әкесінің ізін қуған шығар?

- Қазір өзіміз Мәскеуден Алматыға көшіп келдік. Ұлымыз Ерлан әкесінің үлгісімен кеңші болып Жезқазганда бес жыл қызмет істеп, содан соң аспирантураны аяқтады, қазір Техника ғылымының кандидаты, Мәскеуде қызметте. Қызымыз Майра да әкесінен үлгі алып жазумен айналысты, қазір Мәскеудің «Огонек» журналының қызметкері. Өзіміз Мәскеуден Алматыға көшіп келіп жатырмыз.

- Бәрі қайырлы-құтты болсын, Мәке.

- Рахмет, елге рахмет.

- Кәкеңді «Ленин туы» газетінің оқырмандары атынан торқалы тойымен құттықтаймыз.

«СӘЛЕМ, УА, АУЫЛЫМ!»

Қазақ поэзиясының көгінде соңғы жылдары ақсұңқардай самғап жемісті еңбек етіп жүрген ақиық ақын Кәкімбек Салықовтың есімі елімізде кең мәлім. Оның асыл маржандай төгілген тамаша жырлары шетелдерге де тарап кетті. Өлең кітаптары жыл сайын дерлік шығып жатыр. Осы жылдың басында қаңтарда оның 70 жасқа толған мерейтойы Алматыда дуылдаған думанды дүбірмен аталып өткен болатын. Енді міне Кәкімбек ағамыз туған жеріне, кіндік қаны тамған асыл топырағына келіп отыр.

6 шілде күні ақынның туған ауылы Еңбекте поэзия құдіретін көкке көтерген той туы көтеріліп, Кәкімбек Салықовтың 70 жасқа толуы аталып өтті. Ауыл іргесіндегі қайыңды орманның жасыл нуы жайқалып жарқыраған ғажайып қойнауында киіз үйлер тігіліп сәнді ашық сахна, ұзын-ұзын орындықтар, дүкендер жаймалары орнатылған. Балуандарға боз кілем төселіп, бәйге аттары да тыпыршып тұяқ қыздырған сылаң жүрісте.

Сағат 12-де мерейтой иесі Кәкімбек Салықов зайыбы Мәриям жеңгеймен және қасына ерген сапарлас серіктерімен ашық сахнаға көтеріліп, салтанат қоңырауы соғылып той қызығы басталып кетті.

Мерейтойды облыстық ақпарат және қоғамдық келісім басқармасының бөлім бастығы Ш. Малдыбаев жүргізді.

Бірінші сөз алған облыс әкімінің орынбасары Қ. Е. Есімханов Кәкімбек ағаның кіл келісіммен өрілген кестелі көркем поэзиясы қазақ әдебиетінің мақтанышына айналғанын атап көрсетіп, оның мемлекеттік және қоғамдық қызметі де халық құрметіне лайықты екенін айтты, шын жүректен құттықтады.

Ақынның өмірі мен шығармашылығы туралы сөз сабақтаған Қазақтелерадио компаниясының облыстық филиалының директоры К. Мұсырман жиналғандарға қоғамдық қызметте де, әдебиетте де топ жарып үздік көрінген ірі тұлға ағаның елге сіңірген еңбегін саралап әдемі әңгімелеп берді. Еңбек ауылында туып, орта мектепті медальмен бітірген жасөспірім жігіт Мәскеуден бірақ көрініп, жығылсаң нардан жығыл дегендей алтын және түсті металлдар институын бітіріп шығып, туған елінің тұнған қазыналы өлкесі Жезқазған өңіріне оралады. Еңбек жолын тау-кен инженері болып бастаған жас жігіт Кәкімбек қызмет баспалдағымен жоғарылап, шахта бастығына дейін көтерілiп, кейін Жезқазған қалалық партия комитетінің бірінші хатшысы, облыстық партия комитетінің екінші хатшысы болады. Он жылдай Мәскеуде Кремльде КПСС Орталық Комитетінде қызмет істейді де, одан соң Өзбекстанда Қарақалпақ АССР-інде облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы болып бес жыл істейді. СССР Жоғары Кеңесінің депутаты болып, Жоғарғы Кеңесте экология жөніндегі тұрақты комиссияның торағалығына сайланды. Осынау мансабы биік қызметтердің қайсы болсын азамат мәртебесін шыңға көтерген үкіметтік санаттағы сатылар. Кәкімбек ағамыз міне осы тұғырдың қайсында болсын адал да аса жауаптылықпен еңбек етіп елінің жұлдызды ұлының бірі ретінде жарқырап танылды.

Жасынан жыр бесігінде тербеліп, дүниеге Біржан сал, Ақан сері, Үкілі Ыбырай, Молдахмет Тырбиев сынды ақын, әнші бұлбұлдарды берген киелі топырақта өскен Кәкімбек Салықов қайда жүрсе де қолынан қаламын тастамай жыр толғаудан жаңылмады. Алғашқы өлеңдер жинағын 1970 жылы жарыққа шығарса, қазір олардың қатары көбейіп қалды. Әсіресе соңғы он жылдың олжасы орасан. Жыл сайын дерлік бір кітап шығарды деуге болады. Тағы бір сүйсінерлігі сол - қара-жаяу жабының өрмелеп тізген сүле-сұлық жолдары

емес, нағыз жүйрік қалпымен жарқылдап-төгіліп, жалындап оттай жанған жыр асылдары, тыңдағанда тамыр-тамырды бойлап, жүректің тереңіне бірақ жететін жақұттар, сылдыраған сылқым сырлар, ә дегсең әнге айналып әуелеп аспанға ұшар ғаламаттар. Елуден аса композитор Кәкеңнің 400-дей өлеңіне ән жазып жарыса дуылдап, сырнайлатып, сызылтып жатса - бұл да ақын жырларының асылдығын, таза алтындай тектілігін танытар сыпаттың өзі дейміз.

Мінбеге көтерілген Шал ақын ауданының әкімі В А. Колода Кәкімбек ағаны жетпістің биігіне көтерілген мерекесімен құттықтап, оның есімі аудан мақтанышы екенін айтты.

- Кәкімбек екеуміз Жезқазғанда жиырма бес жыл бірге қызмет істедік. Мәриям жеңгеміз екеуміз оның өлеңдерінің алғашқы сыншысы болушы едік. Ағаның талантына, жырларының асылдығына бас иемін, - деді өз сөзінде той иесінің сапарлас серігі Әшірбек Құнанбаев.

- Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің ректоры О. Б. Әшімов, жерлесіміз, ақын Е. Асқаров сахнаға көтеріліп, ақын ағаларын шын жүректен құттықтады. «Солтүстік Қазақстан» облыстық газетінің тілшісі Ж. Есекеев Молдахмет әндерін орындап, той шашуын арнады.

Ақиық ақынның шашбауын көтеріп, той сапарында соңына ерген серіктері де тектілердің тегінен екен. Сөз кезегі тигенде Кәкең оларды аса бір бауырмал, сүйіспеншілікпен таныстырды.

- Менімен бірге еріп келген Әшірбек Құнанбаев осы арадағы Өскен ауылының азаматы, Ыбырай ұрпағы, Арқалық, Курчатов қалаларының басшысы болған, Амандық Тырбиев – техника ғылымының докторы, жаңа технологиялар институтының директоры Молдахметтің немересі, Иран Ильяшев Жезқазғанда жұмыс істеген, композитор, әнші Біржан сал ұрпағы, Қазақстанның еңбек сіңірген артисі Серік Оспанов

түр-тұрпатымен Ақан серінің өзі емес пе, әнді әуелеткенде жанжүректі балқытады, - деп ақын ағамыз осынау серіктеріне разылық көңілмен алғыс арнады. Содан кейін туған ауылына арнаған жаңа жырларын оқыды.

С. Оспанов, И. Ильяшев және басқа өнерпаздар К. Салықов өлеңдеріне жазылған әндерді орындады.

Салтанат соңында В. А. Колода аудан атынан Кәкімбек ағаға ат мінгізіп, шапан жапты. Мәриям жеңгейге қамзол кигізіп, қолына алтын жүзік салды.

Бұдан кейін Петропавлдан келген «Есіл» халық аспаптары ансамблі концерт қойды.

Кәкімбек Салықовтың мерейтойына арналып балуандар белдесуі, ат жарысы болып өтті. 15 шақырымдық қашықтыққа бәйге жарысында Аққайың ауданындағы Дайындық ауылының «Алматинка» атты жүйрігі бірінші келді. Ол Ғабит Мүсірепов тойында да бас бәйгені жеңіп алған болатын. Шабандозы Қуат Люпов, екінші орында Айыртау ауданындағы Дәуқара ауылының жүйрігі, шабандозы Қ. Кенжетаев, үшінші орында - осы Дәуқара аты, шабандозы А. Омаров. Бірінші орынға жүлдеге тоңазытқыш, екінші орынға - телевизор, үшінші орынға - музыкалық орталық берілді. Балуандар да сыйлықтармен марапатталды.

Кәкімбек ағаның мерейтойы ақын таланты толыса түскенін, әлі де биіктерге самғай беретінін, қалың оқырман жұрты оның жырларына айрықша ықыласты екенін, осыдан біраз бұрынғыға қарағанда елдің қоңы да, көңілі де көтеріліп, еңсе биіктетіп келе жатқанын паш еткендей болды.

АҚҚУҒА ҮН ҚОСҚАНДА

Ақын жүрегі әр уақыт тыншымайды. Ол айналадағы болмысқа сергек сезіммен селт етіп, жіті көз тігеді. Өзін тебіренткен құбылыстың сырт қаласын ғана қызықтамай, табиғатына терең бойлап толқиды, ой шығырын шыңыраудан тартып, әрбір әрекет-қимылдан, сурет-көріністен өзіндік ғибрат қаламдауға ұмтылады. Солардың өнерпаздық өресі неше қилы болса, айтар мінажат-мұраты да сонша алуан сырлы. Бірде мәңгі мөлдір моншақ махаббатты мұңдап не мерейлесе, бірде азаматтық әуенді асқақ аспандатып шабыт үнін шығаннан шаңқылдатады. Әйтеуір ақын заты тоқсан толғау толқынды. Әр толқыны тап-таза тұнығыңды тербеп, көкіректе сырлы сазды сандуғаш болып сайраса, әр толқыны тұла бойда тулап аққан асау сезім болып ойнаса, жан сарайға жарық сәуле ләззат нұрын себеді, аптаптағы сарша тамыз салқыны болып та өбеді. Жыр құдіреті ғажап кой. Аққу болып көңілдің көгінде шырқайды.

Республика топырағында танымал болып қалған қаламгер Қуандық Шаңғытбаевтың жаңа жинағын қолға алғанда ақынға деген осындай ілтифат ықыласта болып едік. Сол үміт алдамапты.

Нұр қағып күннің көзінен,
Жұлдызды жұлқып үздім мен.
Қазақтың гауһар сөзінен

Өленнің зерін ыздым мен. — деп ақынның өзі айтқандай жинақтағы жырлар кең тынысымен, нәрлі бояуымен, салиқалы ойтолғауымен оқушысын разы етеді. Қ. Шаңғытбаев туған әдебиетімізде әр жанрда көрініп, келелі сөз иесі болып қалғанмен осы шаққа дейін өленлерін бір-ақ рет жинақ еткен. Мына кітап екінші тумасы. Бұл әрине сөз қадірін, өлең құдіретін өзгеше

бағалаған ақынның жоғары талғамын, өнерпаздық биік парасатын танытса керек. Ол жинақ шығаруға асықпай, жақсы жырлар жазуды ғана мұрат-мақсат санағанға ұқсайды. Оқушы көңілі қалап, қуаныш етер қымбат қасиет бұл.

Ақын жүрегі тулап соғады. Жинақтың әр бетін ашқанда ыстық толқын теуіп жан-дүниені желпінтер жып-жылы нұрымен баурап алады. Жер иесімен бірге сапарға шығып, не бір сырлы сұхбаттың шәрбатына сусындайсыз. Қ. Шаңғытбаев өлеңдері бірде жалындап оттай лапылдаса, бірде сайын даланың сылқым самалы болып тербейді, көкірек қылының күйлі пернелерін басып сазды әуендермен әлдилейді. Ақын дәйім өмірге ғашық сезіммен, алаулаған махаббатпен өрнектейді өлеңдерін.

Асыл олкем.
Күндей күлген шығыстан,
Асыл елім,
Жан жүректі ұғысқан.
Ата-бабам аңсап өткен бақытым -
Айналайын Қазақстан!

Гүлстан! Ақын туған өлкесін осылай ынтыға құшып, мерейін аспанға асыра мақтан еткені де орынды. Нұр жайнаған жайсаң өңірге осындай көркем кестелі жолдар, шынайы сезім шымырлаған шумақтар ғана лайық.

Жинақтағы жырлар тақырып өрісінің кеңдігімен, ойлы да сырлы сазымен, құлпырма өрнек-бояуымен қызықтырады. Ақынның азаматтық, табиғат, көңіл-күй лирикасы болсын, жол-сапар әсерлерін алсаңыз да лаулаған оттылықты, тұнық тереңдікті, меруерт мөлдірлікті сүйсіне қабылдап, жыр шәрбатына құмарта сусындайсыз, Қазақ совет поэзиясында өзгеше құбылыс болған әйгілі «Реквиемді» оқып отырып талант құдіретіне шынымен бас иеріңіз анық. Ақын азаматтың жан жүрегін жарып шыққан үні тұла бойға тулаған толқын болып тарап

қатты тебірентеді. Терең толғау, «омырауды жасқа бояған» ойшылдық, «оттар» болып жарқыраған оптимистік жалын баурап, оқушы сезімінің күміс қоңырауын қағып сыңғырлатады. Мұндай туындыларды, әрине, қайта-қайта оқып ынтығасыз. «Түркстан» атты жырда да осындай қуатты серпін, әсем нақыш бар. Айналадағы құбылысқа жіті көз салып, сәл нәрседен салиқалы ой түю Қ. Шаңғытбаев поэзиясының сергектігін, құбылысқа жай бақылаушы болып селсоқ салқын қарамай күрескер көзімен қызыға, қуана үңілетін оттылығын танытатын қасиеттердің бірі. «Тұғылдағы тамшы» атты өлеңде ақын мөлдіреген жалғыз тамшыға таңырқай қарап тұрып:

Тегеуірін тегін жатпайды,
Тереңде марғау тұншығып,
Түбінде қаулап қаптайды,

Қуан-ау, сол ғой тіршілік,—деп адамды ойландырар, өз әлемінің ішкі дүниесіне үңілдірер, содан тегеурінді қуат іздетер ойлы шумақ қайырады.

Достар арасында ақын тіпті аңқылдап, ақ жарылып, жаны қалмай құрақ ұшып қуана жырлайды. «Фрунзеге барғанда», «Миртемирге», «Түнгі Небитдаг», «Армысың ағайын» ыстық, көңілдің дос пейілін жеткізген жырлар.

Жортсаң - берем Сарыарқаның даласын
Жұтсаң - берем Алтайдың саф ауасын.
Алатаудың сыйлап абат ғұмырын,
Көкшетаудың қиям шифа-дауасын.
Қазақ іні

Сүйсін өзбек ағасын, - деп қазақтың қонақжай жомарттылығымен өзбек ақыны Миртемирге жарқылдаған риясыз достықпен қол ұсынуы да жарасымды.

Жинақта жақұттай жайнап, тамсандыратын тамаша жырлар біраз баршылық. Ақынның тынысы кең, қай өреден болсын еркін ала біледі, қыл қаламы шебер, қай нақышты болсын

бояуын келістіре көрікті кестелей алады, өлең өлкесіне салған зерлері әсемділігімен көз жаулайды. «Таудағы жайлау», «Құлын», «Даладағы тыныштық», «Қыз әні» оқушысын риза етері анық.

Тау. Шым. Күз.

Төбең - жалпақ жап-жалтыр мұз.

Төмен жақ - көлбеп жатқан жап-жасыл дүз.

Соғады сай-сабаттан сап-салқын сыз.

Жайлауға мәз-мейрамбыз, жап-жарқынбыз.

Тамызда тау ішінде болған қандай,

Ай-һай! - Осындай жайлау суреті еріксіз қайта-қайта үңілдіреді. Ақын қаламы тау ішінің әсем ажарын әсерлі әрлейді. Немесе мына шумақтарға зер салыңызшы.

Өрттей қаулап, нарттай лаулап қыр гүлі,

Май бұрқырап тұрған кезде қырмызы.

Мәрмәр тұяқ, меруерт кекіл, қан күрең

Құлын келді дүниеге бір күні,

Ойнай келді, қунай келді балаша,

Тулай келді тіршілікпен таласа.

Төбелінен сүйіп алғың келетін,

Қолыңды иіскеп, алақаның жаласа. - Бұл жолдардың поэзиялық шынайы көркемдігіне қызығасыз. Жинақта осы райлас шумақтардың мол ұшырауы, әсіресе, оқушыны дән разы етіп, ақынмен ықыласты сырластырады.

Қуандық Шаңғытбаев сөзге зергер, өте талғампаз, өлең техникасының мәдениеті жоғары ақын. Ол өзі шын тебірене түйсінген құбылысты жырлағанда іркілмей еркін сілтейді, не бір кестелі өрнектерді төгіп-төгіп тастайды. Сөздік қоры бай да берекелі, сыңғырлаған сазды үнді дөп басып дәл жеткізуге, тың теңеу, ажарлы бейнелеулер табуға ұста.

Қайда Баян -

Тау гүлінің тал жібектей сағағы?

Қайда Жібек -
Таңда ескен шықтың салқын самалы?
Сансыз сапар шеккенімде,
Сәйгүлікті салдыртып,
Сағынамын
Сандуғаштай сал сұлу қыз Сараны.

- Мұндай шумақтардың сорғалаған сұлу сазын қайталап айтып жату артық болар, сірә. Өзі-ақ тілді үйіріп, тамсантып тұр.

Әркімнің кітап сөресіне сән болар осынау жинақтың ішінен талай-талай жырларды, «Шажа» аңыз-дастанын сүйсіне, ақын өнерпаздығына сүйіне қабылдадық. Қ. Шыңғытбаев біраз жылдардан бергі ақындық толғанысының тумасын оқушы қауымға татымды сый етіп тартқан екен. Ақынның аспандағы аққуға үн қосқан әнін сонау көсілген кең даланың қиырында шалқып тұрып шамырқанып тыңдағандай болдық.

Осындай жүрегімізді жаулап алған абат жырларды оқып отырғанда жинақтан бірен-саран кемсіндік кездесіп қалса, әрине, «әттеген-ай» дейсіз. «Әлия туралы жыр», «Жан ерке» сияқты солғындау дүниеліктер ұшырасып қалады. Сөзге сарапты талғампаз ақынның Қостанайдың алтынды алқабына көз салып тұрып «Егіннің жоқ оғы мен бұғы» деп тіл күрмеуі де бар.

Ақын жүрегін жарып шығып, оқушы қауымның аспанында сұңқылдаған «Аққу әні» тамылжыған тамаша тума екен. Жинақ Қ. Шаңғытбаев шабытының шырқау көтерілген бір биігі.

ҚҰМДАҒЫ МҰНАРАЛАР

Жыр құдіреті ғажап. Жаныңыздың қыл пернелерін дәл тауып басса, көкірегіңізде бұлбұл сайрап, құйқылжып жүре бергендей болады-ау, шіркін! Шаттық табасыз, шарықтайсыз, шалқисыз. Сондай рахат, ләззәт нұрын нарттай жандырған жырларға ғашықтығың басылмайды ғой әсте. Қайталап оқып, қолдан түсірмей, оңаша сырласатын сәттеріңіз мол болады. Біз өмір гүлі ерте үзілген талантты ақын Төлеген Айбергеновтың «Құмдағы мұнаралар» атты жинағына кезіккенде осындай от сезімге бөлендік.

Жинақ төрт бөлімнен құралыпты. «Сағыныш толқындары», «Маңғыстау саздары», «Сыршыл ырғақтар», «Ой ағыстары». Аттарынан-ақ аңғарылғандай, осы топтаулардағы өлеңдердің дені ынтық сырлы, ыстық жырлы тыныс-табиғатымен тамсандырады. «Алысты барам арман қып ауырың болса арт, Өмір» деп серт-беренмен құрсанған ақын қай тақырыпты болса да құлшына жазып, шабыттана шырқайды. Әсіресе, туған жерге, мына ғажайып өмірге деген жүрек лүпілі лапылдап-ақ тұр.

Өр ағыс керек теңізді тентек тербеген,
Бәрін де тастап осылай қарай ағар едім-ау, эттең-ай,

Дария болып жаралған болсам Жерге мен, - деп тебіренс толғайды. Оның жүрегі жалындап, тулап соғады. Аптаптың аңызағынан қаңсып, құрсағы тарылып жатқан жомарт даласына көз салып тұрып, дария болуды армандайды.

Төлеген жырлары асау арынды ағынымен, тереңінен шайқаған толғанысымен, ерке самал сыршылдығымен ерекшеленеді. Оның осы қымбат қасиеттері оқушыны еріксіз баурап алып, әр жолдарына орала соққызып отырады. Ақын ойшыл да сезімтал.

Қажет жерінде қатыгездік пен қаталдық керек десек те,
Адамның заңғар ұлылығын сен сағынышымен есепте.
Онсыз сен тіпті тұлпар да болсаң қосыла алмайсың қатарға.

Әуелі әбден сағынып алмай, шығушы болма сапарға, - дейді ақын «Сағыныш» атты толғауында. Әдемі айтылған сөз. Бірден ойға жетелейді. Сағыныш адамның ең бір алауратқан сезімі ғой, сол сезіммен парасатты өлшеуі орынды да. Сондықтанда бұл жолдар бірден көкейге қона кетіп, тілге жатталып оралады.

Замана, уақыт туралы толғану - әр ақынның азаматтық парызы тәрізді нәрсе. Бұл өзі қай адамның болмасын бірінші ойланатын, айналаға зер сала салмақтайтын тақырыбы. Төлеген де мынау жарқын заманы, жасампаз замандастары, әр сағаты сан жаңалығын жарқыратып жатқан уақыт турасында жыр шығырын шыңыраудан тартып, ең бір мөлдір тұнбаларын ұсынады. «Маңғыстау саздарындағы» өлеңдер осындай сұлу сымбат, қажетті қымбаттар қатарында. «Шевченко мұнай ордасы», «Мұнаралар», «Төстегі жаңғырықтар», «Күйлер», «Революция жалғаса береді» атты сәтті жырлары асқақ шабыттан туған. Ақын айдалада қабырға көтеріп жатқан ақ шаңқан қалаларға тамашалап, таңдана қарап жүргенінде нұрлы шуақ толқытады.

Төбесін тіреп ақ желкен бұлтқа - ақша қар,
Ақ үйлер қырға барады жөңкіп алдынан тілек ақ сапар.
Жырлайды маған қара көк мақпал дариялардың даусымен
Іргетасы әлі қаланбай жатқан көп шаһар.

«Қара көк мақпал дариялар», арманға жетелеп, ертеңгі болашақтың биігіне қарай ағындап жатқан сияқты.Төлеген өзі белсенген дәуір жайлы былай толғанады:

Көзім менің,
Жатырсың жыракты ашып,
Қызыл гүлді барады қыр ап қашып.
Жиырмасыншы ғасыр жүр Маңғыстауда,

Мұнаралар басына шырақ тасып. - Міне, замана тынысын ақын поэзік сезініп, осындай бейнелі суретпен сөйлейді.

Төлеген - тынымсыз шарқ ұрған қызулы ақын. Оның өлеңдерінің отты мінезі ұнайды-ақ. Дәйім лапылдаумен, жалынданумен жан сырын ақтарады. Ол сыбырлап сырласа алмайды, көңілдесіп айқара ашып бар даусымен атойлап асқақ үн тастайды. Жетібай жұмысшыларына арнаған «Төстегі жаңғырықтар» атты жырды оқып қарасаңыз, осы лепті анық аңғарасыз.

Омырауынан ақ шашақ толқын боратқан,
Көгілдір ГЭС боп құямын барлық тораптан.
Ақ сүңгі лайнер қанаттарында отым бар
Төбеңнен заулап баратқан,
Мен қара төспін жасампаз қылып жаратқан! - деп бір түйіп тастайды. Нық түйін бұл. Ал асқақ үнмен жар салғанда Т. Айбергенов даңғаза айғайға әуестенбей, салмақпен, оймен толғанады. Барынша шыншыл, батыл болуға бой ұрады. Өлеңдерінің, адамды алғашқы жолынан-ақ баурап алатыны да осындай жақсы сыпатынан болса керек.

Жинақтағы жырлардың дені жүректің қайнарынан бұрқырап шыққан шымыр сезімді екенін атаған абзал. Төлегеннің шақырған шабыттың шарықтатып жазған өлеңдері небір шебер үйкастарымен тың теңеулерімен, сыны сұлу тіркестерімен ғана өтеді. Ақын еркін ұйқасты ұтқыр пайдаланып ағындаған ойларын тапқырлықпен төкпелеп отырады. Соның бәрі жарасымды үйлесіп жатады - кітаптың соңғы бетін сүйсініп жауып, ең алғашқы парағын қайта ашасыз. Жайнаған жырлар сыйқырлы жолдарына тағы да үңілтеді. Міне, бұл ақын армандаған бақыт екені де рас. Оның жырлары оқушы жүрегінің сырларын шертіп, қолынан түсірмес қымбатына айналғалы отыр. Бұл өлеңдер ақын өмірін әрі жалғастырып, жастай кеткен талантты көпшілік көкейінде сақтауға мүмкіншілік берердей.

ШУАҚТЫ ЖЫРЛАР

Соңғы кезде оқырман көңілін жақсы жырлармен жаулап, өнікті жазып жүрген жерлесіміз ақын Есләм Зікібаевтың жинақтан жинаққа ауысқан сайын өскендік өресін танытып, поэзия айдынында еркін құлаш сермеуге ұмтылғаны қуантады. Жақында «Жалын» баспасынан ақынның жаңа кітабы «Ақ сағым» деген атпен жарық көріп, өлең сүйген қауымның көкірегінде үміт шоғын тағы да маздатып жіберді. Тегеурінді топтың ортасында тізгін тартып, жыр жарысында жалынды отпен көзге шалынып қалған Есләмнің жаңа биіктен үн тастағаны, шеберлік жолында шыңдала түскені разылық сезімге бөлейді.

«Ақ сағымда» бірден бедерлі байқалатын ерекшелік туған жерге, Отанға деген ыстық махаббат, ынтызар сүйіспеншілік екені ақиқат. Ақын кең даласын, астыққа толы алқабын, зеңгір тауларын, зерен көлдерін кереметтей ынтық көңілмен, ықыласты сезіммен тебірене жырлайды.

Айдынды,
Айбынды жер,
Киелім-ау!
Бүлдіргенді,
Жидекті,
Шиелі бау!
Шаңқан күнің үшін де сүйемін-ау,
Даркандығың үшін де сүйемін-ау,
Өнерге екі бірдей ұлын берген,
Алдыңа кеп басымды иемін-ау! -

деп кестеленген жолдар Солтүстік Қазақстан өңіріне арналған. Табиғаты тамылжыған жайсаң жер, шынында да, ақын айтқандай жомарт та қасиетті. Бұл топырақта Сәбит пен Ғабит сынды ғұламалар туған. Ақын осы ұтымды детальды өлеңіне

жарасымды өре білген. «Дарын далам», «Туған елге мадақ жыр», «Қуаныш» тәрізді өлеңдерде туған жердің жайсаң бейнесі шабытты жырланып, шұрайлы шумақтармен алға тосылады. Есләм бұл тұста тұтана тебіреніп, тулай толқып, көңілге қонар келісті ойлар түйеді, көрікті зерлер төгеді. Өлең ырғақтары еркін көсіліп, түйдектеле ағытылғаны да көңілге қонымды. Оның дарқан даласы теңіздей тасыған алтын дәнімен даңқты. Ақынның көп жырларында туған жердің осынау асқақ айбыны, диқан дүлділдердің қаһарман қайрат-жігері паш етіліп, көркем шумақтарға айналған.

Ерім қандай,
Мерейлі, еңселі елі,
Бұлтағы жоқ сөзіне Ел сенеді.
Еңбегінің өтеуі бүгіндерде

Миллиардпен жыл сайын өлшенеді, - деген ақын сөзі жүрекке жылы тиіп, тұла бойда отты жалын тұтатады. Еңбегі миллиардтармен өлшенетін ерлердің алып тұлғасы көз алдыңызға елестеп, мақтанышқа бөленесіз. Есләмнің жаңа жинағындағы көп өлеңдерде осылай тың төсіндегі ерлік еңбек шабыттана жырланады. Ақын өз жауапкершілігін терең ұғынады. Ол осы өлкеде туып-өсті, дәнді даланың түлегі. Сондықтан да оның ақындық парызы әлдеқайда салмақтана түсері сөзсіз. «Мен диқанмын», «Бересім дағы екі есе», «Туған жердің шоқ гүлі», «Есіл тасып келеді» сияқты өлеңдерде осы ойы терең толғаныспен жеткізіледі.

Ақынды ерекше елең еткізіп, шабыт құсын шарықтататын тақырыптардың бірі - Жеңіс жайлы ойлар. Бүкіл адамзатты түршіктіре сілкіндірген Ұлы Отан соғысының дауылы басылғалы қырық жылдай болып қалса да, оның сойқанды жарасы көп жүректерден жойыла қойған жоқ. Ұлы Жеңісті әкелген ерлер, халық қаһармандығы мәңгі жасай бермек. Есләм біраз өлеңдерінде өзінің осы азаматтық үнін көрікті жыр кестелеріне

түсірген. «Жеңіс», «Мәңгілік алау басында», «Дубосеково түбіндегі ой», «Азаптың ең ауыры» атты жырлар кешегі соғыс жылдарының қайғылы суреттерін жүректе жаңғыртады. Әсіресе, соңғы өлеңдегі ақын салған сурет жанарға жас үйіргендей әсер береді. Екі қария адам - шал мен кемпір бір-біріне сүйеу болып, қолдарына таяқ ұстап, Бірлік ауылының шетіндегі жұпыны үйге бара жатады. Бұлар бұрын шаңырағына береке-құт дарыған адамдар еді. Екеуі төрт ұлын майданға аттандырып, енді ұрпақсыз отыр. Ауылда жаңа үйлер салынып, сән түзеліп жатыр. Бірақ бұлар төрт ұлын ұшырған ескі ұясынан ауысқысы келмейді.

Соғыс мәңгі айықпас секілді мұң,
Келеді ойға не түрлі ой, не түрлі ұғым.
Мен білетін азаптың ең ауыры,
Көру екен кәрінің жетімдігін,
Өзім де жетім бала секілдімін, -

деп осы көріністен ақын тағылымды ой түйеді. Жүректі шымырлататын ой бұл. Селсоқ, бей-жай қала алмайсыз. Ақынмен бірге тебіреніп, тұла бойыңызда адамдарды осылай жетім еткен соғысқа қарғыс тұтанады. Жырдың сәттілігі де осы шыншылдығында, сезімге дөп тиген оттылығында деуіміз керек.

Жинақтағы жырлардың бір парасы махаббат, көңіл күйі сезімдеріне арналған. Ал, ақын сол сезімдерін жалаң тербетіп, бірыңғай сүйіну, күйіну ағынымен кетіп қалудан аулақ. Ол осы лапылдаған сәттердің өзінен парасатты ой көруге тырысады, азаматтық мәні бар түйін жасауға ұмтылады. Бұл арада біз Е. Зікібаев талантының толыса түскенін, оның өлең өзені арналы бола бастағанын байқаймыз. Кешегі от сезім. Содан бері өткен уақыт. Бүгінгі табан тіреген бекет. Осындай үш тармақты тұтастырып ой толғаған ақын өмір туралы, оның қымбат қызығы жайлы көңілге нұрлы сәуле түсірер сыр шертеді. «Біздің елде жігіт болды бір қызық», «Артта бәрі», «Мен сені

танымадым», «Жылап тұрмын», «Тағдырмен тілдесу», «Өмірдің заңы солай» тәрізді өлеңдерде ақын қуатын анық танытар көркемдік сыпаттар мол ұшырасады. Е. Зікібаев бұл жырларында өмір құбылыстарына өзіндік тұрғыдан баға беріп, өз жүрегінің жалынына бөленген ұтымды ойлар тұжырымдайды.

«Ақ сағым» жинағындағы көп жырлардың тілге жеңіл үйіріліп, жүрекке жағымды ұғылатын, ойға жетелейтін құнарын атаған орынды. Ақын бейнелі де кестелі, шұрайлы да шуақты шумақтарды мол зерлеуге ден қояды. Үйқастары да орайын тауып, оңынан оралып түскеніне разы болып отырамыз.

Жинақтың осындай сәтті сыпаттарын жылы лебізбен білдіре отырып, ақынның кей тұста ой қайталауға жол беріп алатынын, орынсыз налу нышаны қылаң беретінін атамасқа болмайды. Мәселен, «Содан бері қырық жыл, жолына тор, тұзағын құрып жүр» деген жолдарға илана қою қиын. Немесе, «Сен мен емессің, мен сен емеспін, сондықтан да мен саған тең емеспін» деген шумақ та түсініксіз, буалдыр тұр.

Осындай кейбір аз-маз кемшіліктеріне қарамастан, Е. Зікібаевтың жаңа жинағында шуақты жырлар мол екенін айрықша атау ләзім. Ақын өзінің тағы бір белесіне көтерілген дей аламыз.

1982 ж.

ЕЛ ДЕП СОҚҚАН ЖҮРЕГІ

Қазақ поэзиясының гүлденген бағында сандуғаштай сайрап өз үнін, өз ізін қалдырған белгілі ақын жерлесіміз, - осы өңірдегі қалам ұстаған қауымның аңқылдаған айнымас досы Есләм Зікібаевтың бұл фәниден өткеніне де бір жыл өткен екен. Ұшқыр уақыт-ай десейші, қалай ғана тез зырлап өте шыққан.

Өткен жылы ақынның туған жері - ел деп соққан жүрегі аңсаумен армандаған солтүстіктің суық қабағына сынық түсіп, жер-көкте көлкіп еріген су сарқырап сай-сала гүрілдеп жатқан осындай мезетте сұлу сазды, ерке назды жыр тербеген біздің мақтанышымыз Есләмнің қаламы қолынан түсіп, көкірегінде лапылдап жанған шабыт оты сөнгенін естідік. Жанарымыз жасқа толып, жүзімізде сорғалаған мөлдір шықты шыладық...

Есләм Зікібаев облысымыздың Есіл ауданындағы Өрнек ауылының тумасы болатын. Балалық шағын сонда өткізіп, бастауыштан кейін Жарғайың, Николаевка, Еңбек ауыл-селоларының мектептерінде оқыды. Жарғайың жетіжылдық және Еңбек орта мектептерінде екеуіміз бірге оқыған едік, тек ол бір сынып кейін жүрді. Алматыда университеттің журналистика факультетінде де бір жылды арамызға салып бірге оқыдық. «Ленин туы» (қазіргі «Солтүстік Қазақстан») облыстық газетінің редакциясына өндірістік практикадан өтуге Ермек Құсайынов, Есләм Зікібаев, Сабыр Сауытбаев, Октябрь Әлібеков бәріміз бірге келіп жүрдік.

Білім қуып, қалам ұштап жүрген сол кездің өзінде Есләм ақындыққа талпынған талантымен ерекше көзге түсті. Ойын-тойды, яки мереке-мейрамдарда өлең шумақтарын әзіл-қалжыңның арасында ауызша да төгіп тастайтын. Ойыншыл, әзілқой, аңқылдаған мінезінен танбайтын. Бала кезінен солай болды. Ұсақ-түйекке ренжіп, яки мұңайып, қапаланып қабағы түсіп қалмайтын. Өзіне-өзі қайрат беріп, анау-мынауға қолды бірақ сілтеп жүгіріп жүруші еді.

Редакцияда практикада жүрген кезінде сондағы байырғы қызметкерлерді де, бірге келген бізді де керемет еңбеккорлығымен таң қалдырушы еді. Қандай тапсырма берілсе де столға отыра қалып, ілездің арасында жазып тастайтын. Ал көлемді дүние болса үйге алып кетіп, түнде жазып, таңертең

өнің қамқорлыққа алған қызметкердің қолына береді. Осындай ұқыпырлығымен, шапшаңдығымен, елгезектігімен көзге түсті.

Университетті бітіргеннен кейін ол Алматыда қалып, «Жетісу», «Социалистік Қазақстан» газеттерінде, «Қазақстан әйелдері» журналында, «Жалын» баспасында, Қазақстан Жазушылар одағында, Республикалық баспасөз жөніндегі комитетте қызмет істеді, қайда болса да, беделді, абыройлы танылып, басшылық деңгейге дейін көтерілді.

Ия, оның өмірлік мұраты - поэзия болатын. Қайда қызмет істесе де ол өмірінің бірінші мақсаты етіп маржандай мөлдіретіп жыр жазуды армандайтын, сол жолда сарыла ізденуден, шіркем құдық қазғандай қадалып еңбектенуден жазбайтын, жалықпайтын. Қандай адам болсын кіндік қаны тамған туған жерін алтын бесігі санайтыны, өмір бойы көкірегінің тереңінде қастиеттей сақтайтыны тіршіліктің айнымас қағидасы.

Есләм да сол перзенттік парыз пәлсәпасын ұстанды.

Алғашқы жырларын туған жеріне арнады. Алғашқы өлеңдер жинағын да туған жеріне лайықтап «Ақ қайыңдар» деп атады.

О, туған жер!
Менің байлық - ырысым,
Арманымның шешек атқан гүлісің
Өмірім де бір өзіңе өзектес,
Тіршілігім,
Қуанышым,
Тынысым! - деп Есләм «Ақ қайыңдар» жинағының өзіндік, ағынан жарылып, Есіл бойының тамаша табиғатын, Қызылжардың қасиетті топырағын өмір бойы жырлап өтетінін сергайтқандай болып еді. Ақын ол сертін орындады да. Есләм өзінің төл туындылары бар, аудармалары бар он беске жуық кітап шығарса, соның он екісі кіл өлеңдер, топтама жырлар, балладалар, поэмалар. Соның бәрінің дерлік алтын қазығы

- туған жер. Есілдің жар қабағындағы Тастақ ауылынан (Өрнекті бұрын осылай атаған) бастап Алатау баурайына дейін оның өскен, өрлеген кең байтақ өлкесі, туған жері емес пе?! Жыр пернесін шерткенде туған топырағына сүйіспеншілігі сырлы сазбен, ыстық леппен төгілетін. Ақын кітаптары өзінің тиісті бағасын да алып жатты. Әбділда Тәжібаев, Мұзафар Әлімбаев, Қадыр Мырзалиев сынды үлкен ақындар жылы пікірлер білдіріп, республикалық баспасөзде жариялап жатты. Жазушы ағасы Сафуан Шаймерденовпен еріп елге келіп, көп кездесулер өткізіп жүрді. Орыс тілінде екі жыр кітабы жарық көрді, өлеңдері басқа тілдерге де аударылып шығып жатты. Осының бәрі ақын Есләм Зікібаевтың талантын оқырман ортасына жарқырата танытып кең мәлім етті.

Өмірінің соңғы он жылында Есләм Қызылжар өңіріне келуін жиілетті. Кейде жылына екі рет сапар сәті түсіп жүрді. Ең басты себепші, әрине, Мағжанның әдеби шығармалары толығымен халқымыздың рухани байлығы ретінде танылып, ақталып, аңсап күткен миллиондаған оқырман жүрегіне жол тапқан атаулы той, Мағжанның 100 жылдық, Сәбиттің, Ғабиттің 90 жылдық, одан кейін 100 жылдық, Сафуан ағамыздың 70 жылдық мерейтойлары болды. Есләм сол тойларды өткізуші ұйымдастыру комитетінің күн сайын хабарласып тұратын көмекшісіне, байланысшысына айналды. Маған күндіз редакцияға, кешке үйге телефон соғып, тойға әзірлік жайын ұсақ-түйек мәселесіне дейін сұрап, біліп алатын да, содан соң облыстық мерейтойды ұйымдастыру комитетіне хабарласатын.

«Ұлылардың тойы ұлы болып өтуі керек. Алматыда жазушылар, ғалымдар ықыласы орасан, бәрі де барамыз деп қуанышты. Сыр беріп алмай салтанат, сәнімен өткізейік», - деп алыста жатып жарықтық бәйек болушы еді. Сонда өзі ауырып та жүретін. Тіпті Мағжанның 100 жылдығына аяғын сындырып алып, балдақпен келді. Аяғын гипсімен сүйретіп жүріп

сахнадан өлеңдерін оқыды, ақындар айтысында қазылар алқасының мүшесі болды, тыным таппай мерейтойдың мүлтіксіз өтуіне жан-тәнімен зор үлес қосты.

«Жер жаннаты емес пе, шіркін, көгілдір орман, күміс көлдер самалдың салқынымен толқып тербелгенде - көкіректі кернеген мейманқыған шабыт»,- деп Есләм тойға келген ақын-жазушы достарына көтеріле сөйлеп, күлімдей түсіп, мәз-мәйрам болып мақтанышпен қуана қытықтап көз салатын.

Сәбиттің 100 жылдық мерейтойы ерекше салтанатпен өтіп, халық қуанышына айналғаны белгілі. Оған Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаев қатысып, сөз сөйлеп Сәбит Мұқановтың мерейін аспандата көтергені де ғажап болатын. Міне, осы тойдың тағы бір қуаныштысы сол - біздің әдебиетімізде өзіміздің Есләм ақындар мүшайрасында бас бәйгені жеңіп алғаны. Есекеңнің сондағы қуанышы тіпті шексіз еді.

Ал Ғабит Мүсіреповтің 100 жылдық тойына Есләмнің дайындығы сайма-сай сияқты еді. Мүшайраға қатысу үшін өлеңдер жазылып, оларын поштаға салып жібергенін хабарлап, тойлап жатқандағы жабдықтарының жайын сұрап жатты. Қызылордаға қарай жолға шығар алдында ауруханаға жайғасып, біраз емделіп, қуат жинап алу қамын да айтатын. Кімдер баруға сайланып жүргенін, тіпті оларға қызмет көрсетудің жай жапсарын, оларды тәптештеп: «Елге сыйлы адамдарға сендердің де сый-құрметтеріңе кем болмасын, Мағжанның, Сәбиттің, Ғабиттің елінен олар құшақ жайып қуана барғанда, құшақ жайып қарсы алыңдар, бауырым? Қабырғамды қайыстырмай, құрақ ұшып жүріңдерші бір жолға. Орыс сияқты салқын тұратындарың да бар», деп соңғы жағын әзілге айналдырып күліп жіберетін.

Осылай ұлы ұстазы Ғабеңнің тойын ойлап бәйек болып, мазасы кетіп, төсегінде де тыным таппаған Есекең, әттең шіркін, ойлап арманына жете алмай кетті. Ғабең мерекесіне аз ғана қалғанда өмірі үзіліп, дүниеден өтті. «Өлді деуге бола ма

ойландаршы, өлмейтұғын артына сөз қалдырған» деген дана Абайдың данышпан сөзі осы арада тағы да еске оралады. Есләмнің өзі бұл фәниден өткенімен өлеңдері Ғабең тойының сахнасына шығып саңқылдап тұрды, ақындар мүшайрасының арнайы жүлдесіне ие болып даңқы аспанға көтерілді.

Орыстың әлем таныған данышпен жазушысы Л. Н. Толстой қартайған шағында өлімге дайындалу керек, өлімнен қорқуға болмайды, өлімге дайындалған дұрыс дейді екен. Дана сөз-ау. «Жазмыштан - озмыш жоқ» демей ме біздің халқымыз да. Есекең көп оқыған ұлылардың ұлағатын көкірекке ұялатқан ойшыл ақын емес пе. Алматыға жиналыстарға барғанымда, үйіне кіріп амандығын біліп жүргенімде «жазмыштан - озмыш жоқ» екенін көп айтып, дайындық жасап жатқандай мінез байқататын. Зайыбы Роза жеңгей: «Жаныңды күтіп, өзіңе жұмыс таба бермесейші десем болмайды, өлең жазады да отырады», - деп шағынушы еді. «Кім біледі, қисая кетсем өлеңдері қайда деп іздеп жүрмеңдер, өзім дайындап кетейін», - деп марқұм күліп жауап беретін. Сонда, қаншама зорланып қайрат қылғанмен жанарында өмірді қимайтын мұң кіреукесі шалынып, жүрегіңді шымыр еткізіп, күлкінің сілемі тұңғиыққа шым батып кететін.

Қайтарынан бір жыл бұрын Қызылжарға келгенінде: «Қаншама келіп жүріп, отбасымызбен бірге суретке түспеппіз-ау» деп Есекең суретші шақыртқызды. Сол жолы түскен суретін өлеңдерімен бірге кешіктірмей газетке шығардық.

Соңғы өлеңдерінде өмірдің өтіп бара жатқанын сезгендей мұң, нала, күйрек сезімнің сарыны жиі ұшырайтын. Балаларына, зайыбына, кейінгі толқынға өсиет айту, басым бола тұрса да, еліміздің егемендік алған, тәуелсіздік туын көтерген еңселі тұрпатына қуаныш та шабыт жалынымен жарқылдайтын. Аурумен арпалысып жүрсе де Есләм ойға алған біраз істерін тындырып кетті. Көзі тірісінде таңдамалыларының бір томдығын

шығарды және тағы бір кітабын баспаға тапсырып, ол ақын дүниеден өткен соң кешікпей жарық көрді. Қазір асыл жары Роза қара шаңырағын шайқалтпай түтіні түзу, ошағы маздаған қалпы ұстап отыр. Ұлы Еркін белгілі журналист, мұнай компанияларының бірінде баспасөз хатшысы, қызы Швейцарияда Женевада қызмет істейді, екінші қызы Алматыда өз алдына отау құрған, күйеу баласы да жақсы азамат, ақынның ендігі өмірі кітаптарында жалғасады, ол өзінің жырларымен оқырман достарының жүрегіне жол тауып ұзақ жасай береді.

АУЫЛ ӨМІРІНІҢ ЖЫРШЫСЫ

Алғашқы кезде ауылдағы қызметі алысқа ұзатпай қалаға келе алмай жазғандарын хат арқылы жолдап жүрді. Оның әңгімелері ол тұста "Ленин туы"деп аталған газетіміздің беттерінде кешіктірілмей үнемі жарияланып тұрды. Бірден талантты жазушы боларына кәміл сендік. Газет оқырмандары да, редакция қызметкерлері де оның шығармаларына жылы лебіздер арнап жатты. Ол өзі туған ауылды айрықша сүйетін, сол маңдайдан ұзамады. Ленин орта мектебінде мұғалім болды. Одан кейін совхозда комсомол комитетінің хатшысы, аудандық партия комитетінде нұсқаушы, "Новопокровка" совхозында партия ұйымының хатшысы қызметтерін атқарды.

Алпысыншы жылдардың басында Ленин ауылы творчество адамдарын магниттей тартып тұратын. Мұнда белгілі ақын Ғалым Малдыбаевтың даңқы бәрімізді үйіріп әкететін. Оның айналасына прозашы Ермек Қонарбаев, ақын Жарасбай Нұрқанов, әдебиетші әрі өнерпаз әртіс Жылкелді Мұқанов, көрші

ауылдан халық ақыны Ахметжан Нұртазин топтасып, дуылдасып әңгіме-дүкен құрғанда кімді болсын қызықтыратын, сондай бір көркем кештер өтуші еді. Ермек міне осындай ортада сөз өнерінің керемет құдіретті қасиетіне шомылып, іштей ширығып, шыңдалып, биікке қанат қомдап талпынып толысты.

Ауылдағы қызмет жас жазушыға көп мүмкіншілік жасаған сынды. Ол ауыл өміріне жіті үңіліп, өзінің болашақ кейіпкерлерін зерттеген. Әңгімелерінде осынау алтын бесік саналатын ыстық мекенге деген сүйіспеншілік лебі есіп, ауыл адамдарының тамаша қасиеттерін, аңқылдақ, ақжарқын мінезін, адал көңілін әдемі кестелеп, ерекше айшықты нақыштармен зерлеуге ұмтылды. "Туған жер", "Сақау" деген әңгімелері біздің газетте жарияланғанда редакцияның ілездеме кеңесінде журналистер шын көңілімен сүйсініп, біраз талдап разылық білдіргеніміз әлі күнге есімде.

Бір күні кешкісін біздің үйге келіп, қуанышын айтып, бәріміз мәз болғанымыз бар. "Түнгі от" жинағы "Жазушы" баспасынан басылып шыққан екен. Үйімізбен құттықтасып жатырмыз. Ол кезде Алматыдан кітап шығару алыстағы ауыл адамына қияметтің ең қиыны. Осындай машақатты кешіп жүріп алғашқы жинағын шығарған Ермектің бұл қадамы шынында да жас қаламгер үшін үлкен жеңіс еді.

Сол кездесуде екеуміз көп әңгімелесіп, әрине әдебиет жайлы ойларымызды айтып мәз болыстық. Ермек терең білімді, қай мәселеде болсын өз пікірі қалыптасқан тура сөзді болатын. Біраз дүниелері жинақталып қалғанын, енді соларды баспаға дайындайтынын, эттең шіркін жоғарыда баспада бір қамқоршы, қолдаушының жоқтығын айтып қынжылыс білдіріп, өкініп қойып отырды. Комсомол қызметінде, партия жұмысында біраз ойлар түйіп, өмірдің қыр-сырын терең үңіле зерделегенін аңғардым. Сөз саптасы, ой толғауы ауыл өмірінен көлемді туындыға әзірлік жасап жүрген жайынан белгі берді.

Ауылдағы қызмет, үйдің шаруасы көп уақытын алып, өзі сүйген әдебиетіне еркін құлаш сермеп сүңгіп кетуге мұрша бермесе де Ермек қаламын қаңтармады. Шабытты шақтарда шағын әңгімелерін үзбей жазып тастап, редакцияларға жолдап жатты. Оның жаңа дүниелері республикалық газет-журналдарда жарық көріп, сыншылар тарапынан жылы лебізге де ие болды.

Алғашқы жинақтан кейін әңгімелерін топтастырып "Жол басы", "Тиек" атты тағы екі шағын кітаптарын шығарды.

Совхоз басшыларының бірі болып, қайнаған еңбек ортасында жанталасқан құрыш қол диқан жұртының жан сырын терең үққан, бүкіл болмысын аса жіті зерттеген, содан орасан зор қымбат қазынаға баланар қалам құнарын тапқан жазушы оңашада ой толғап, қиялына қанат қақтырып, шабыт шалқарында шамырқана құлаш сілтеуді аңсаған сияқты. Ермек партия ұйымы хатшысының қызметін де өз өтінішімен тапсырып, "Ленин туы" газетінің Сергеев ауданы бойынша меншікті тілшісі болып ауысты. Жазуға біржола берілуді аңсады да тұрды. Бірақ газет жұмысы жазушы қаламын бір ізден шығармай жаттанды жолға түсіріп жіберетінін біраздан соң барып түсінді де, Белоглинка мектебіне директор болып орнықты. Табиғаты да, адамдары да тамаша, жазушының жан қалауына лайық жақсы мекен еді бұл. Ермектің жазушылық таланты бар қырымен жарқырап, бірқатар туындыларын шабытпен өндіре жазды.

"Соңғы жылдың жүгі", "Қайрақ", "Ең сүйікті кейіпкер" атты үш повесть Ермектің қаламы барынша ұшталып, биіктерге қанат қаққанын қапысыз танытқан еді. Бұл шығармалар оның өзі басынан өткізген хикаяларды көркем кестелерге түсірген іспетті. Бірінші повесте совхоз директоры Нұрсипаттың зейнетке жетер табалдырыққа бір жыл қалған тұстағы бейнесі берілсе, "Қайрақ" повесінің эпиграфы етіп "Парасатты парторг, Совет одағының Батыры Ысқақ Ыбыраевқа ескерткіш" деген сөздер жазыпты. Ысқақ ағамыз ел-жұртына айрықша қадірлі болған,

Ермекке ұстаз сыпатты ғажап адам. Осындай ірі тұлғаның бейнесіне сүйсіне көз сала отырып қаламын жеңіл жорғалатып, іркілмей, кібіртіктемей ықыласпен сілтегені аңғарылады. Үшінші повесте "Ең сүйікті кейіпкер" де жазушының еркін меңгерген тақырыбын қозғап, жүрекке жылы әуенмен сондай тартымды жазылған. Мектеп өмірінің ыстық лебі ескендей болады. Жоғары класс оқушылары "Менің ең сүйікті кейіпкерім" деген тақырыпқа шығарма жазып, мектеп бойынша жарияланған бәйгеге қатыспақ. Жюри төрағасы әдебиет пәнінің мұғалімі Жармағанбет. Оқиға "Тереңсай" совхозында өтеді. Жазушы бұл туындысын өз ауылының өмірінен алып жазғаны көрініп-ақ тұр. Өз басынан өткен, өз жүрегін жалынмен шарпыған оқиғаларды жазу қызғылықты да әрі жеңіл. Ермектің көркем сөзбен салған суреттері сол себептен де жарқын бояулы, айтар ойлары, ұсынар ғибраттары шапағатты.

Жазушының өміріне сондай қолайлы, тып-тыныш, жайлы мекенге орнығып, көңілі жұбаныш тапқанмен енді Ермектің денсаулығы еркін бой жаздырмауға айналды, ыңқыл-сыңқылы көбейіп кетті. Маған жазған хаттарында сол жайын жабыға жеткізуші еді. Күнделікті тіршіліктің, қызмет қарбаласының ағыны зырқыраған қалыбынан адамды бір босатпайтыны бар емес пе? "Ақбалшыққа" (Белоглинка) бір келсейші, Дәмелі, Мәйкен төртеуміз әңгіме-дүкен рахатына батып бір отырайықшы" деп Ерекең талай рет қиылып шақырғаны бар. Әттең деп осы күні өкінесің әрине. Қызметтен қолым босамай бара алмадым. Өкініш орны толмас.

Ермек өте сабырлы, сөзге сараң, жарқылдап көзге түсуді ұнатпайтын, іштей қайратты, нағыз нар мінезді жайсаң еді. Көңілі түскен сәттерінде әзіл-күлкі араластырып әңгімені әсерлі шертетін, күліп-ойнап, шешіліп ақтарылатын мінезі де жарасымды болатын. Жоғары мәдениетті еді, қандай қиналса да, тығырыққа тіреліп де ешкімнің мазасын алғысы келмейтін.

Тіпті ауруының асқынғанын да айтпады, күзде Қызылжар ауруханасына түскенін де дабыраламады. Біреуден хабар айтқан екен, сол кезде "Қайрақ" повесін газетімізде жариялап үлгерген едік соларды жинап алып жеттім. Қуанып қалды.

Соңғы хатын кеш алдым. "Нансаң, осы хатты жазуға Петропавлда жатып, төрт күн күштендім. Диспансерге жатуға келіп едім, врачтар қабылдамады, осы бір ай ішінде мен қатты жүдеп, әлсіреп кеттім. Тамаққа көңілім шаппай қойды. Енді Сергеевкаға барып, соның ауруханасында ем алып, шама жетсе күшею керек. Автобуспен кетуге күн суық әрі менің халім келмеген соң, ертең бір машина тосып жатырмын...

Әттең осы денсаулық мені қатты алаңдатып тұр-ау, Бақыт! Нағыз жазатын кезде аурумен әуреленіп жүрген түрім мынау. Тынайсам Сергеевкадан хат жолдармын. Сәлеммен Ермек. 1.XII.84." Осы соңғы хатты поштамен алғаннан кейін бір күннен соң оның қайтыс болғанын естідік. Қарашаның аяғында қалаға ауруханаға әлі кеткенде барып келген екен. Дәрігерлер еш дәрмен істей алмайтынын туыстарына айтқан. Қайран талант-ай десейші, соңғы деміне дейін артында қалар мұраларын ойлап жатқан.

Ия, талантты жазушы досымыз Ермек Қонарбаевтың өмірі асыл мұраларымен бүгінге жалғасып жатыр. Біз оның кітаптарын қолға алып онымен әрқашан сырласамыз. Жазушының кітаптары оқырман қолынан түспей сырласар досына айналып кетсе бұл да оның бүгінгі күнде қалған бір бақыты.

Кейде талантты адамдарды тірісінде танымай өлген соң ғана өкінішпен еске алатын жаман әдет бар. Бұл ынғайсыз жай қазаққа ғана емес, барлық халыққа тән сарқыншақ. Орыстар да, басқа ұлттар да ұлыларына дейін дүниеден соң өкініп, опынып жоқтап жатады. Ермек те көзі тірісінде бүгіндері оның творчествосына арналып айтылып жатқан жылы лебіздердің нағыз салмақтыларын ести алмай кетті.

Жазушы Ермек Қонарбаевтың есімін елге танытып, әдебиетімізге жас толқынның нық қадам басып, дарын гүлін жайнатып толық аша алмай арманда кеткенін ұлағатты ұстанымымен жеткізген Сафуан Шаймерденов ағамызға мың алғыс айтқанымыз абзал. Ермектің асыл жары Мәйкен жазушы жолдасының басылмай қалған дүниелерін жинап алып Алматы баспаларынан өткізе алмай жүргенде Сафекең көмектесіп асыл текті ағалық қамқор қолымен бар мүмкіндікті жасаған. Сөйтіп, Е. Қонарбаевтың бір томдық шығармалар жинағы "Қас қағым сәт" деген атпен "Жазушы" баспасынан 1988 жылы шықты. Сафекең "Ауыл өмірінің шыншыл жыршысы" деген тақырыппен алғысөз жазып Ермектің шығармаларын әдебиетті сүйген қалың қауымға жас таланттың шымырлап қайнаған шеберлігіне "боз басын иіп" тағзым етіп таныстырды. Бұл алғысөз республикалық газеттерде жарияланды. Ағаның аялы алақанымен Ермек жазушы ретінде жалпақ жамағаттың жүрегіне жол тапты.

Ермектің шаңырағында да оты өшкен жоқ. Мәйкен балаларды жеткіземін, әкесін жоқтатпаймын деп жанталасып жүріп дүниеден өтіп кетті. Қазір шаңырақ иесі жалғыз ұлы Жансерік. Қарындастары Әзкен, Нәзкен, балалары Жанар, Нұрлыгүл, күйеу балалары, немере, жиендері Ерекең есімін есте қалдыру шараларының бәріне белсене қатысып, оның талантын қастерлеп, құрмет тұтады. Біреуіне әке, біреуіне аға, нағашы, ата болған ол өлмес асыл мұраларымен бәріне ақылшы, сырлас болып мәңгілікке олардың ортасында.

ӨНЕГЕСІ КӨП ЕДІ

(Жазушы Б. Н. Петровтың туғанына 80 жыл)

Қызметке кірісіп кеткеніме көп уақыт болған жоқ-ты. «Ленин туы» (қазіргі «Солтүстік Қазақстан») газетінде мәдениет бөлімінде әдеби қызметкер болып істеймін. Бір күні хаттарды газетке жариялауға әзірлеп жұмысқа көміліп отырғанда есік ашылып, орта бойлыдан жоғары, дөңгелек жүзді, көзілдірікті, шашын шалқасынан қайырған келбетті кісі кіріп келіп бәрімізге сәлем берді. Үлкен кабинетте отырған бес-алты адамның бәрімен тіл қатысып, саулық сұрап амандасып, қол алысып жатыр. Редакцияға жиі келетіні, бәрін жақсы білетіні көрініп тұр. Маған қарай бұрылып қолын созды.

- Бақыт мына жігіт шығар, танысып қояйық. Мен Борис Николаевич Петровпын, - деп ол ықыласпен қолымды қысып, сырттай таныстығын білдірді. - Университетті бітіріп келіп, осында қызметке орналасқаныңды редактор Асанов Балтабек Асанович айтқан еді. Құттықтаймын, еңбегің жемісті болсын.

- Рахмет, Борис Николаевич, сізді шығармаларыңыз арқылы жақсы білемін,- дедім мен белгілі жазушының жылы сөзіне разылық білдіріп.

Бүгінде туғанына 80 жыл толып отырған кезінде республикадағы белгілі жазушылардың бірі болған Борис Николаевич Петровпен мен 1959 жылы міне осылай танысқан едім. Ол аса мәдениетті, керемет кішіпейіл, ғаламат еңбекқор, достығы кіршіксіз адам болатын. Мен ол кісінің әңгімелері мен очерктерін республикалық, облыстық баспасөз беттерінен жиі көретінмін. Бірнеше кітаптары да жарық көрген. Алғашқы таныстықтан соң-ақ жиі көрісетін болдық.

Біздің арамызда шығармашылық достық қалыптасты. Сол кезде ол кісінің жаңа әңгімелері мен очерктерін негізінен

мен аударып «Ленин туының» беттерінде жариялап тұрдым.

Борис Николаевич Петров осы біздің облыста туып, өскен. Мамандығы педагог- тарихшы. Еңбек жолы негізінен Петропавл қаласында өткен. Ұлы Отан соғысының басынан аяғына дейін болып, туған жерге оралып, Солтүстік Қазақстан облыстық партия комитетінде лектор болып қызмет істеді. Ол тұста обком деген сөзді естігенде сескеніп тұратын шақ қой. Борис Николаевич облыстық партия комитетінің адамы ретінде редакцияға келгенде алғашында ығысып, орнымыздан қозғалмай қалушы едік. Кейін келе-келе әбден үйренісіп, ол кісі біздің өз адамымыз болып кетті.

Борис Николаевичтен үйренетін өнеге, тағылым көп еді. Әсіресе біз сияқты жастар үшін ол қалам ұстаған адамға қажетті қасиеттердің үлгісін көрсетті. Мен өз басым оның шығармаларын аудару үстінде жазу өнерінің алуан сырларына қанықтым, ал әңгімелерін тыңдай отырып әдебиет теориясының қағидаларын терең ұқтым. Жазушы, журналист үшін ең бірінші қажетті қасиет еңбексүйгіштік, ізденімпаздық, терең зерттеушілік. Борис Николаевич бір очерк жазу үшін айлап еңбектенеді, алдымен кейіпкерімен кездесу үшін жүздеген шақырым жол жүріп оны табады, онымен әңгімелеседі, жай әңгіме емес, зерттеу жасайды, шығарманың әрбір штрих, деталіне, диалогтарына дейін ойластырады. Очеркті аударып отырып мен әруақыт жазушының шеберлігіне таң қаламын, ғаламат еңбек жұмсағанына сүйсінемін. Мәселен, очерк кейіпкері қазақ болса соның өзіне лайықты сөздер табады.

Очерк, немесе әңгіме аударылып болғаннан кейін машинкаға басылып, баспаханаға жіберілерде Борис Николаевич міндетті түрде бір қарап шығуға беруді өтінеді. Үйіне алып кетіп, сүзіп шығады да.

- Менің қазақша сөздерім қалай екен?- дейді ертеңіне редакцияға келгенде.

- Дұрыс. Көп еңбектеніпсіз – деймін.

- Ұлттық колорит аңғарылып тұрса кейіпкер де, оқырман да шығарманы шынайы қабылдайды, - дейді ол.

Әдеби шығарманы аудару қиын екенін жазушы да мүлтіксіз түсінеді әрине. Сөзбе-сөз, жолма-жол аударма әдеби туындының көркемдігін көмескілендіріп, шығармалық қуатын әлсіретіп жіберетіні сөзсіз. Сол себептен де шығарманың көркемдігін сақтау үшін еркін аудармаға баратынымыз белгілі. Борис Николаевич осы жағын құптайтын.

«Ақсуат оттары» повесінен үзінділер аудару үстінде Борис Николаевичпен күнде кездесіп жүрдік. Сонда мен оның қазақ өмірін, қазақ жерінің тарихын зерделеп, зерттеп жүретініне сүйсіндім. Жазушы өзін Қазақстанның патриоты ретінде танытуға ұмтылатын. Өз шығармаларын республикада болып жатқан үлкен өзгерістерді көрсетуге, халықтар достығын жырлауға арнады.

Тың игеру жылдарында жазушы Октябрь (қазіргі Шал ақын), Булаев аудандарында жиі болып, шалқар даланың төсінде орнап жатқан жаңа поселкелер, олардағы жаңа мектептер, мәдениет ошақтары, ең бастысы алтын қолды дикандар туралы шабытқа бөленіп, тебіріне жазды. Ол редакцияға келіп журналистер алдында әр алуан тақырыпта лекция оқитын, әңгімелер өткізетін. Ол өзі әңгіме еткен тақырыпты жетік игеріп, қызықты да дәлелді дәйектер келтіре отырып көсіле толғайтын. Ықыласпен тыңдаушы едік, әр кездесуді асыға тосатынбыз.

Елуінші жылдардың екінші жартысында белгілі қоғам қайраткері, әдебиетші Ілияс Омаров Солтүстік Қазақстан облыстық партия комитетінің хатшысы болып қызмет атқарған. Борис Николаевич өзінің талантымен Ілекеңнің назарына ілегіп, қолдауына ие болды. Сол тұста тікелей Ілияс Омаровтың өтінішімен Қазақстан Жазушылар одағының облысаралық бөлімшесі ашылып, ол Петропавл қаласында орналасты да, оны

Б.Н. Петров басқарды, бөлімше Қостанай, Көкшетау облыстарын қамтыды. Бұл қызметте Борис Николаевичтің ұйымдастырушылық таланты жарқырап көрінді.

Ол кезде әдебиет сүйген қауым облысаралық бөлімшеге жиі жиналатын, жаңа шығармалар талқыланатын, пікірталас болып жататын. Облыстың жас ақын- жазушыларының тырнақалды туындылары орыс және қазақ тілдерінде екі кітапша болып жарық көрді. Оларды шығару жолында қаржы, қағаз іздеп Борис Николаевич қаншама тер төкті десеңізші. Ал кейін әдемі безендірілген кітапты ұстап тұрып жас жазушылар ұстаз қаламгерге алғыс арнағаны да анық.

Бүгінде белгілі жазушы Б.Н. Петровтың артына қалдырған әдеби мұрасы халық игілігіне айналып отыр.

Біз оның шығармаларын бүгінгі ұрпақ қолынан көреміз. Жазушы өз кітаптары арқылы жаңа ұрпаққа ғибратты сырларын шертеді.

АУДАРМА

ҚҰЛЫН

Ымырт үйіріліп, көз байлана фермада движоктан қуат алған электр жарығы самсап қоя берді. Түнгі бақташы Мұса Байғожин жұқалтаң болса да мығым пішінді қария, үстінде шекпен, арқасына жалғыз ауызды мылтығын асып алған. Жазғы шыланда ошақ алдында шөкелеп шайын сораптап отыр. Соңғы жұтымды аузына төңкере салып, іле кекірді де, босаған кесесін үстелге қойды. Қасында жатқан қамшысын қолына алып көтеріле берді.

- Жетер енді, көтерілейік. Рахмет, Марья, - деп ол аспазға алғысын айтып жатыр. – Бір түнге жетерліктей жылытып

тастадың. Таңертең де осындай шай қайнатып қоярсың, тілеуің бергір.

Сиыр сауу мана біткен. Сауыншылар шелектерін, флягаларын жуып-шаюды аяқтап та қалды. Сүт айыратын бөлмеден сепаратордың тұншыққан ызыңы естіліп тұр.

Шашпадан шығарылған сиырлар осы жерде тыныс тапқандай күйіс қайырып ыңыранып жатыр. Құла бие темір кісенін сылдырлатып, іргеде оттап жүр. Бұрын бұл биемен фермаға су тартушы еді, соңғы кезде аяғы ауырлап, жүрісі мандымаған соң оны мазалай да бермейтін. Биенің жайылып жүрген жері табын тақырлап тастаған жер еді. Мұса жануарды аяп кетті, түні бойы мына жерден не тістелейді деп ойлады. Ол биенің кісенін ағытып алып, алақанымен сауырынан қағып:

- Табынға бар, мына жерде аштан қатарсың, - деді.

Содан соң барып өзінің қарагер бестісін ұстап алып, ердің басына орап тастаған ұзын тізгінді ағытты да, үстіне ырғып мінді. Қамшысын үйіріп, айғайға басып, үйездеп жатқан сиырларды тұрғыза бастады. Өткен түндегі сияқты ол табын-ды қырдың шоқ пен қамысты көлдің арасындағы ойпаңға жаюды ойлады. Шөбі шүйгін, тұнып тұрған. Фермадан да алыс емес, бес километрдей ғана. Қарт күзетші мына даланы бес саусағындай білетін, қай жердің оты жақсы екенін, таңертең табыны қай өрісте теңкие тойып оралатынын мүлтіксіз топшылайтын.

Табынның соңына ерген бақташы бірте-бірте фермадан алыстап бара жатты. Самсаған жарық артына қарағанда жайнап тұрған еді, ол да ақырын-ақырын шегініп, бейне бір әлдекім кейін әкетіп бара жатқандай тасаға түсіп, біраздан соң мүлде жоғалды. Ат үстіндегі бақташы көзге түртсе көргісіз қараңғылық құшағында қалды.

Мұса ер үстінде шайқалып кетеді, ызғырық желге жүзін тосып, жан-жағына сүзіле үңіледі. Әдетте табынды түнде екі кісі бағушы еді, ал бүгін Мұсаның серігі ауырып қалып, оны

ауыстыратын кісі табылмады. Сиырларды ферма маңынан ұзатпай үйіре беруге де болатын еді, онда айнала шолғындап әуре болмайсың, аттың тізгінін бос тастап, отқа да жіберіп аласың, бірақ қарт ондай оңай әдісті қаламады. Малды өрісте бағатын уақыт та тарылып барады ғой: бірер аптадан соң - мал жаю да тоқтатылады. Қыс қыр астында. Ауа райының да қабағы бұзылып тұрғанын көрмейсің бе?!

Мұса малақайы басынан түсіп кететіндей шалқайып көкке қарады, қоп-қою қараңғылыққа қарамастан бауыры жер сызған қалың бұлттар иықты басқандай болады. Суық жел бет қаратпайды. «Осы маңда, дәл алыста емес, қар жауған шығар» деп ойлады бақташы. Міне көлдің салқын барқыны бетке соқты. Мұса осы жерді жобалап келе жатыр еді. Табын таң атқанша осында болады.

Қараңғыда алдында бірдеме қараңдағандай болды. Шөп маясы екен. Мұса ығына барып тоқтады. Шекпенінің башлығын түсіріп, қалтасынан насыбайын алды. Айнала тым-тырыс. Табын ақырын ғана жылжиды. Бақташы сәл сыбдырға да құлағын төсеп, малдың шүйгінді бырт-бырт еткізіп бас көтермей оттағанына дейін сезіп тұр. Сиырлар бір орыннан жылжымай қадалып қалыпты. Оты қалың жерді тапқан екен.

Мал ұзағанша тосып тұрды да, Мұса енді орнынан қозғалып жылжи бергенде дәл алдында тұрған жылқыны көрді. Зорька екен, басын төмен түсіріп, сұлық тұр. Қалып қойғаның не? Кәне, жүр, - деп Мұса әбігерленіп, қамшысын сермеп қояды. Бие орнынан әрең қозғалды, жүрісі ауыр, аяғын зорға басады.

Кенет бие ілгері жүре алмай тоқтап, алдыңғы екі аяғын тізелей қырылдап құлай кетті. Бақташы шошынып қалды. Ойбай-ау, мынау құлындайын деп жатыр ма өзі? Кәне, түрегел, фермаға барайық. Бірдеме қып жетейік, - деп бәйек болып, биені тұрғызбақ болды.

Зорьканың шамасы келмеді, аяқтарын бауырына бүгіп

жатып алды, тұмсығын жерге тығып, ыңыранып ауырсынған дыбыс шығарды. Соны аңдып тұрғандай алыстағы ағаш жақтан қасқырдың ұлыған үнін де суық жел үзіп-үзіп жеткізді.

- Ах, сайтанды қарашы. Мылтық ұстағандар қаптап жүр, бірінің де қасқырға шамасы келмейді. Қайтерсің, - деп карт күбірлейді. Ол биені ыңғайлы етіп түзеп жатқызды да, мойынынан қағып, сипап, тілектестігін білдіргендей болып орнынан көтерілді. Атына мінді де табынды бір айналып шықты. Бәрі орнында, шашау шықпаған екен. Зорька кісінің келе жатқанын сезіп, ақырын пысқырды. Биенің артқы аяқтарының жанында шөп үстінде бірдеме жыбырлап жатыр.

Мұса қуанып кетті, кешікпей жеткеніне шүкірлік етеді.

- Аман екен әйтеуір, жарады, - деп ер үстінде тұрып күлімсіреп, жерге түспекке ыңғайланып жатыр.

Шаранасы кеппеген құлын дір-дір етеді. Жұп-жұмсақ жылы ернімен бақташының алақанын түрткілеп, саусағын сорғысы келеді.

- Емшек іздеп тұрсың-ау, ана сүтін ішкісі келеді, - деп Мұса күлді де, бетіне тиген қар ұшқындарынан тыжырынып қалды. Боран басталып келе жатыр еді. Құлынды далада тастап кету қауіпті, фермаға барып келу де алыс Мұса құлынды құшақтап алып, шөп маясына апарып жатқызуды, шекпеннің етегімен үстін жауып, суық желден қорғауды ұйғарды. Зорька құлынды әкетіп бара жатқанда оқыранып, бақташыны иығынан тістелеп, жұлқылады.

- Әй, шіркін, мұның не?! - деп Мұса қолын сілтеді. Мен алып кетеді деп ойладың ба. Жылы жерге апара жатырмын ғой. Ал тістелей берсең - тастап жүре беремін, далада қатып қалсын, қасқыр таласын мейлі.

Оның бұл сөзін түсінген сықты болып бие тістелеуін қойып, оқырына түсіп соңынан ерді. Ал, қар ұшқыны жапалақтап, боран күшейіп кетті.

Мұса маяның іргесінен шөп жұлқылап жерге төседі де, үстіне құлынды жатқызды.

- Сен осы жерде тұр, қозғалма, - деп ол дәл бір өзін түсінетіндей биеге қарап сөйленіп жүр. - Қасқыр келсе кісінеп маған белгі бер. Мен тез келемін. Бақташы жанталасып, боранға сүңгіп табынын іздеп тапты. Қар жапалақтаған боран арасынан қасқырдың ұлыған даусы да естіледі. Мұса иығындағы мылтығын ыңғайлап алып, енді маяға қарай жөнелді.

Құлын астына төсеген шөпті шашып, тұрмақ болып тыпырлап жатыр екен.

- Сен жатсын деп жұмсақ төсеп қойып едім, мұның не? Жатсаң қайтеді, құлыным-ай, - деп қарт бақташы көңілденіп, құлынды демей тұрғызып, енесіне қарай жақындауға көмектесті.

- Ал енді, енеңді еме ғой. Күш керек шығар саған да, аяғың тыпырлап әлі күші жетпей тұр-ау, - дейді.

Құлын енесінің желінің түрткілеп, емшекті таба алмай жатыр. Мұса қызыға қараған қалпы маяға арқасын беріп шалқалап жатты. Жоңышқаның жұпар исі көкіректі сергіткендей болады. Шаршап қалыпты, ұйқы да көзге үйіріледі. Сергу үшін Мұса қалтасынан насыбай шақшасын алды.

Дәл қасынан екі қасқырдың қабаттасып ұлығаны естілді. Бақташы мылтығын алып, гүрс еткізді. Мылтық даусын қатты жел тұншықтырып қараңғылық құшағына алып кетіпті. Қасқырлардың ұлығаны сап тыйылды. Мұса табынды бір айналып шығып, биені бір байқап кетеді. Осылай айнала берді, айнала берді: табыннан - маяға, одан қайта табынға барады.

Оған түн ұзақ көрінді. Таң алдында боран да қалай тұтқиылдан басталса, солай кілт тына қалды. Бірақ, күн суыта түсті. Аспан шайдай ашылып, айдың жүзі аяз қырауына шалынғандай болды. Дала төсі қар ұшқындарынан алақаттанып

қалды. Жапырағынан жалаңаштанған қайыңды орман түнеріп тұр.

Құлын түні бойы бірнеше рет емшек емгісі келіп талпынды. Жел өтінде тоңа бастады. Дірілдеді. Мұса жалмажан үстіндегі шекпенін шешіп, құлынның үстіне жапты да, өзі қысқа күпәйкемен қалды.

- Ештеме етпес, аяғым бар ғой, жүгірермін, тоңбаспын. Ал, сені жылту керек. Ақымағым-ай, шөптің үстінде жатпай, секіріп тұрғысы келеді. Қатып қаласың ғой, - деп карт бақташы өзін-өзі жұбатқанмен суықтан қалтырай бастады, сыртқы киімді шешкен соң бойын жел кеулей берді. Мұса бір орнында тыпырлап, қолын ербеңдетіп, қимылдап жылынып әуреленді. Құлынға қарап тұрып қуанады өзі де, кіп-кішкентай сәби тәрізді, шекпеннің астында көзін жұмып ұйықтап жатыр.

- Жата бер, қозғалма, - дейді Мұса көңілденіп. - Ертең үлкен ат болғанда үстіңе мінгізіп қыдыртарсың. Киімімді берген жақсылығымды ұмытпассың...

Тиісті мезгілде Мұса табынды фермаға айдап әкелді де, құлынды құшақтап көтерген қалпы сауыншылар демалатын бөлмеге кірді. Ақырын ғана сәкіге жатқызып:

- Мінекей, даладан тұлпар тауып алдым. Олжа! - деді.

Әйелдер құлынды қызықтап жақындай түсті. Сауыншылардың бірі қолын созып сыйпалап еді, осы шаққа дейін жылбырап жатқан кішкене жануар кенет тыпырлап түрегеліп, сәкіде тайғанақтап, ақырын ашық есікке ұмтылды. Тұрғандар ес жиып үлгергенше табалдырықтан бір қарғып, аулаға зытты.

Ұшқырын қара, ұшақ, - деп аспаз Марья Толкунова басын шайқап таңыркады. - Ұшқырын-ай, ойнақ салғаны қандай!

Ұшақ емес, - деп оны сауыншы Шура Стрижак түзетті, қысық көздері күлімдейді. - Ракета! Өмірден қалып барамыз, Маша апай.

- Шапқылауын. Ештеме ететін емес, - деп Мұса да мақұл-

дады. Ол ферма меңгерушісі табынға мына биені неге қостың деп реніш білдірер деп ойлаған. Ал ферма меңгерушісі бақташының ол күпті ойын сейілтіп басқа сөз айтты:

- Ақсақал, сіз жақсы олжа тапқан екенсіз. Міне, енді біз оны сізге қосымша еңбекақы есебіне береміз. Ертең өскен соң тамаша ат болады. Қарсылық айтушылар жоқ па?

...Құлын ауылда ойнақ салып, серейген сирақтары арбаңдап, балалар кітабының сыртындағы сурет сияқты секіріп, шұрқырап кісінеп енесін іздеп жүрді.

Орысшадан аударған Б. МҰСТАФИН.

ЕЛІН СҮЙГЕН ЖҮРЕКПЕН

Мақтай Сағдиев 70 жаста

Бүгін Алматыда Мұхтар Әуезов атындағы драма театрында көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Мақтай Рамазанұлы Сағдиевтің 70 жасқа толуына арналған рәсім өткізіледі. Республика жұртшылығының өкілдері еліне еңбегі сіңген, халқы үшін маңдай терін, қайрат жігерін төгіп жүрген тағы бір мереймәртебесі биік перзентіне – Мақтай Рамазанұлы Сағдиевке құрмет көрсетеді. Ұлы ақын Абайдың: «Сүйер ұлың болса, сен сүй, сүйінерге жарар ол» деген дана сөзі осындай ірі тұлғаларға бағышталған мәңгілік қасиетті қоңыраулы жыр жолдары болып көкіректе күмбірлеп тұрады. Жетпістің асқар жотасына енді көтерілген Мақтай Рамазанұлы республиканың өсіп, өркендеу жолына өзіндік үлес қосқан танымалдардың бірі.

Салтанат сәтінде сәл шегініс жасағаны да сірә артық болмас. Сонау қырқыншы жылдардың екінші жартысында Мақтай Рамазанұлының туған жері Солтүстік Қазақстан облысы Есіл

ауданындағы Өндіріс ауылында менің әке-шешем мұғалім болып еңбек еткен еді. Мақаңның әкесі Рамазан ақсақал мен шешесі Рақия апай біздің үймен аралас-құралас туыс болып кетті. Мен Мақаңның інісі Болатпен бала күннен бірге өсіп, бір мектепте оқыдым. Кейін Алматыда университетте оқығанымда Мақаң жоғары партия мектебінде білім алып, ағалы-інідей табысып, ол бізді әруақыт қамқор қанатына тартып жүрді.

Рамазан ақсақал керемет балажан адам еді, ауылдың бүкіл балалары ол кісіні «бапа» дейтін. Бірнеше жыл колхоз басқармасының төрағасы болды. «Әкені көріп ұл өсер» деген халық мақалында да шындық сыры жатқан болар. Әке тәрбиесі, әке ықпалы да жігіттің болашағына бағыт-бағдар бергені әбден анық. Мақаң Петропавл қаласындағы қазақ орта мектебін бітіргеннен соң Семей мұғалімдер институтына оқуға түсті. Тарих пәнінің мұғалімі мамандығын алып шығып, Қарағаш жетіжылдық мектебінде директор, Ленин аудандық партия комитетінде нұсқаушы, кейін Ильич атындағы МТС-те партком хатшысы болды. Ол осы қызметтен Алматы жоғары партия мектебіне оқуға аттанды.

Алматыда оқыған күндерде біз көбіне Мақаңды іздеп барамыз. Қалтасы жұқа студенттердің жайын жақсы түсінетін ол құшақ жая қарсы алады. Қашанда аңқылдаған ақ көңілінен, мейірім төккен жарқын жүзінен, ашық қабағынан бір айнып көрген жоқ. Оны жерлес студенттердің бәрі сыйлайтын, құрмет тұтатын. Менің әкем Бәужан да Мақаңнан екі курс ілгері партия мектебінде оқыды. Мен кейде демалыс күндері олармен бірге боламын. Сонда Мақаңның білім, мәдениет, адамгершілік деңгейінің өз қатарынан көп жоғары тұрғанына, сол асыл қасиетін көп көзіне көрсетуге ұмтылмайтын кішіпейіл, мейілінше қарапайым, жүрекке жақын тамаша мінезіне қызыға қарайтынбыз, өте ұнататынбыз. Ол бірде спорт залында волейбол жарысын жандырып жүрсе, көбіне кітапханада білім мұхитына

шомып кеткен тұңғиық ойлы қалыпта көретін едік. Ол бір оқуға, білімге ұмтылыс орасан шақ еді. Мақаңның философиялық тақырыптарда профессорлармен, докторлармен пікір таластырып, терезесі тең әңгіме шерткенінің талай куәсі болдым.

Қазір құрметті еңбек демалысындағы, бұрын талай жыл аудандарды басқарған Қилаж Мағазов ағамыз сол кезде Мақаңмен бірге жоғары партия мектебінде оқыды. Екеуі анда-санда маған келіп ақыл-кеңесін айтып, жағдайымды біліп туған ағамдай қамқор болып кететін. Сонда әзіл-қалжың араластырып отырғанда Қилаж Мағазұлы: «Мақтай сен Египеттің Президенті Абдель Насер сияқтысың, сен де Президент боласың» деп күлуші еді. Мақаңның басқа қатар құрбылары да осы әзілді қостап, мәз болысатын. Шынында да Мақаңның алып тұлғасында, сымбатты бітімінде сол тұста баспасөз бетінде суреті көп көрінетін Египет Президентіне ұқсастық бар болатын. Біз сияқты інілері де «ылайым, солай болсын» деп ішімізден қуанып қалушы едік. Алматы жоғары партия мектебінде оқи жүре Талғар ауылшаруашылығы техникумының агрономдық бөліміне сырттан оқуға түскен Мақаңның білімге, ізденіске, тынымсыз еңбекке ұмтылысы таңқалдыратын. Қашан барсақ та біз оны том-том кітаптарды ақтарған қалыпта, семинарларда баяндама жасаған қызу таласта көретінбіз. Қайнаған күш-жігері, лапылдаған жалын шарпуы бізге де нұрын төгіп, шапағатын тигізіп тұратын. Оның ғаламат еңбеккорлығы, ғажап ұмтылысы еріншек студенттер бізді қатты ұялтып, жалқаулығымызға қысылып қалатынбыз. «Мақаң сияқты болу керек, Мақаңның болашағы зор» деуші еді сонда бізге жоғары курста оқитын жолдастарымыз.

Бұл сөзді талай адамдардың аузынан естідік. Партия мектебін бітіргеннен кейін Мақтай Рамазанұлы сол кездегі Ленин ауданындағы «Явленский» кеңшарында партком хатшысы болып сайланды. Міне осы қызметте оның нағыз ұйымдас-

тырушылық таланты жарқырап көрінді. 1961 жылдың күзінде орақтың қызған шағында «Ленин туы» газетінде істеп жүрген мен сол шаруашылыққа барған едім. Партком хатшысына бекітілген машина жоқ Мақаң жаяулап-жалпылап, кез келген көлікке қол көтеріп жүр екен. Қашанғы бауырмал қалпымен құшақтап амандасып, екі күн дала қостарын аралатты. Алматыдан таныс қонақжай жеңгеміз Түкешпен, балалармен қауышып біраз әңгімелесіп, разы болып қалдық.

Сол жолы қарт диқанның партком хатшысының атына разылығы әлі күнге жадымнан ұмытылмайды.

– Біздің Мақтай елі үшін жаратылған жан. Әттең шіркін бізден өсіріп алып кетеді-ау. Не істейміз, бағы байланбасын, өссін. Елдің көсегесін көгертетін осындай азаматтар емес пе? – деді ол.

Айтқандай-ақ, осы кеңшардан Мақтай Рамазанұлының қызмет бабындағы өсу баспалдақтары басталды. Ол Сергеев ауданындағы «Афанасьев» кеңшарына директор болып тағайындалды. Іске құлшына кіріскен жас басшы бұрын тұралаған шаруашылықты аз уақыта аяғынан тік тұрғызып дөңгелетіп әкетті. Облыс басшылары экономикасы мен мәдениеті көркейе бастаған «Афанасьев» кеңшарын Қазақстан компартиясы орталық комитетінің бірінші хатшысы Д. А. Қонаевқа көрсетті. Директордың іскерлігі, біліктілігі ұнағаны соншалық Димаш Ахметұлы облыс активінің жиналысында жас директор М. Р. Сағдиевтің еңбегін ерекше атап көрсетті. Ел аузынан естілген осы ырысты лебіз Мақаңның атына айтылған аңыздай әңгімелерді орбітті. Оның ұйымдастырушылық қабілетін ел танып, жоғары бағалады. Мақтай Рамазанұлы Соколов, кейін Жамбыл аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы болып сайланды.

Аудандық деңгейде басқару тізгінін шымыр ұстап, сан салалы шаруа жайын шебер үйіре білген Мақаң 1971-1980 жылдары Торғай облыстық атқару комитеті төрағасының бі-

рінші орынбасары болып істеп, облыстық өрісте де өзін талантты ұйымдастырушы ретінде таныта білді.

Сол тұста біздің өңірге келіп кетіп жүрген торғайлық ақын-жазушылардан ағамыз туралы сұрасақ, қайсы болсын мақтау сөзін шын пейілмен риясыз ақтара жөнеледі. Бірде дүлділ ақын Ғафу Қайырбеков бізді қуана құттықтады. Шабыты тасып, қиялы шарықтап тұрғанда шалқып сөйлейтіні бар емес пе.

– Мақтай менің досым, Сырбай үшеуміз кездескенде мәре-сәре болып қаламыз. Ол елін сүйген жүрекпен жұмыс істейді. Сондай біртуар перзент берген сендерді құттықтаймын, – деп саңқылдады ақын ағамыз. Одан кейін біздің облысқа «Социалистік Қазақстан» газетінің бөлім меңгерушісі, торғайлық ақын марқұм Кеңшілік Мырзабеков Мақаң жайлы елінің ең жылы лебіздерін жеткізген еді. Біздің де көңіліміз өсіп, көкіректе қуаныш оты маздап қалған. Ақын жігіт тіпті оған поэма арнайтынын да айтқан-ды.

Торғай өңірінде он жылға жуық істеген соң Мақтай Рамазанұлы Сағдиев 1980-1983 жылдары Қазақ ССР Балық шаруашылығы министрі, 1983-1985 жылдары Қостанай облыстық атқару комитетінің төрағасы,1985-1989 жылдары Көкшетау облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы болып, аса жауапты қызметтерді абыройлы атқарды.

Өткен жылы қыста Көкшетау қаласында Айдархан Темірбаевтың 70 жасқа толу рәсіміне қатыстым. Ол кісі Мақтай Рамазанұлы обкомды басқарған тұста обкомның жалпы бөлімінің меңгерушісі болып істеген. Оған дейін аудандық газеттің редакторы, аудандық партия комитетінің екінші хатшысы болған беделді, сыйлы адам. Осы салтанатқа Мақаң да келіп, өзінің көптеген қызметтес жолдастарымен жолығып, сырлы сұхбат құрды, қызықты да көрікті кеш өткізді. Сонда мен салмақты жүздерінде ақыл мен парасат тұнған ақ шашты қарт-тардың да, кеше партия жолында, бүгін нарық толқынында іскерлік

көрсетіп жүрген жастардың да Мақаң маңына үйіріліп, досжар көңілден ғана ақтарылар ықылас-ынтамен сондай бір сән-сезімі жарасқан әңгіме сабақтаған сәтінің куәсі болдым.

– Мақтай Рамазанұлы таза жүректі адал, іскер кадрлар құрамын жасақтап тастап еді. Көкшетау қаласының әдемі келбетін жобаға келтіріп келе жатыр еді. Өзі көшелерді аралап, қаланы қалай көркейтудің амалдарын ойластырумен болатын. «Жер шоқтығы Көкшетау» деп бекер айтылмайды ғой. Көкшетау атына сай қала болуы керек, қазақ жерінің інжу-маржаны, алтын алқасы болуы керек дейтін Мақаң. Осы ойларын жүзеге асыруды тынымсыз толғанатын, – дейді Айдархан ағамыз.

Мақтай Рамазанұлы Сағдиев 1989 жылы Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Президиумының Төрағасы болып сайланды. Бұл ел сенімі, халық сенімі болатын. Мақаң енді Мәскеуде Кремльде Қазақстан атынан сөйлейтін биікке көтерілді, әлемдік деңгейден де көріне бастады. Горбачев, Лигачев сынды сол кездің көш басшыларымен қатар отырып пікірсайысына түсіп жатқанын орталық көгілдір экраннан көріп мерейленіп қалатынбыз.

Қазақстан өз алдына отау көтеріп, жас мемлекеттің уығын құрып жатқан шақта да Мақтай Рамазанұлы белсенді шептен табылып, ардагерлерді бастады, ардагерлердің республикалық кеңесінің төрағасы болды. Әлі де сол тұғырда. Оны әркез қайнаған өмір ортасында көреміз, қызулы жиналыстарда, алқалы кеңестерде қарт адамдардың мұңы мен мұқтажын, тілегі мен мүддесін алға тосып, бар дауыспен қорғап, солардың талабын ту етіп көтеріп жатады.

Мақтай Рамазанұлы Сағдиев КСРО Жоғарғы Кеңесіне, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесіне депутат болып сайланды. Ленин, Октябрь Революциясы, үш Еңбек Қызыл Ту ордендерімен, тәуелсіз Қазақстанның «Парасат» орденімен марапатталды.

Өмір жолының асқар биігіне көтерілген Мақтай ағамыз әлі

де тың, халқы үшін бар қайрат, ақыл-парасатын сарқа жұмсауға бекінген бекем шешімде. Көңілі сергек, ой қанаты кең. «Елің үшін еңбек етуден асқан бақыт болмас» деген асыл арман сонау балғын шағында жүректі жаулап нық орныққан еді. Бүгін де сол арман көкірегінде толқып тұрған тәрізді.

1999 жыл.

МАҚТАНЫШ

Жорналшының өмірі ойланумен, толғанумен өткен ғой. Ол да бір рахат, Алланың берген бір сыйы. Өзің қызмет істеп қаламыңды жорғалатқан газеттің бетіне оқырман досың "ия" деп айтар жылт еткен жаңалық, яки бір жол болса да жақсы сөз ұсынғың келіп ұйқың да бұзылатын, күлкің де келмейтін күндер болады. Сондай салтпен ұзақ жыл қалыптасып қалған әдетке бағынып, қызметке ертерек келіп, үстел басына отыра беріп едім телефон шылдыр ете түсті.

– "Солтүстік Қазақстан" газеті ме?

– Ия.

– Сіздерді іздеп жүр едім, қай жердесіздер?

– Кімсіз?

– Осындағы еврей ұлттық-мәдени орталығынанмын. Мекен-жайларыңызды айтсаңыз? Қазір барамын. – Айттым.

– Жақсы. Қазір жетемін. Орныңызда боласыз ғой.

– Ия. – дедім.

– Сіздерді көргім келеді. Жақсы хабар айтқым келеді.

– Тосамын, – дедім де қуанып қалдым. Таң атпай еврейдің іздегеніне қуандым, және де қуанышты хабар жеткізбекші. Жақсы ырымнан басталған таңға қуанасың. "Тәуелсіздікке тәуба"

деймін ішімнен. "Бір кезде дәл осылай таң атпай кім іздеп еді?" дейсің ішіңнен. Енді міне бойында жылы қан жүгіреді.

– Сіздің бауырыңызды көрдім Алматыда, міне әдейі беріп жіберген сәлемдемесін әкелдім, – деп ол кабинеттің есігін ізетпен ақырын ашты да, менің қарсы жүргенімді көріп аңқылдап, қуанышты раймен ақ жарыла үн қатты. Бұл кісіні мен жақсы білемін. Жылу жүйесі ұйымдарында көп жыл басшы қызметте болған. Қазір зейнеткер, еврей ұлттық-мәдени орталығының төрағасы Марк Павлович Виткин. – Мен онымен кездескеніме қуаныштымын. Нағыз аңыз. Ондай адамдармен бір әңгімелесу-дің өзі бір жасағанмен бірдей. Эмиль Айтқожинді білесіз бе?

– Білемін.

– Әкесі Сабыр Айтқожин сіздің газетте редактор болыпты.

– Ия.

– Алматыда бір үлкен жиналыста болған едім, сол кісінің баласы Эмильмен екі күн бірге жүрдік. Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты. Қазақстанның ең басты атомщигі. Ядролық физика зерттеушісі... Мәскеуде оқыған, бұрын Қызылжарда екеуміз бірге оқығанбыз мектепте. Бұрын оның есімі құпия болған шығар, жаңа біліп жатырмыз. Тамаша адам, ғаламат ғалым. Мақтануларыңызға болады.

– Сізге көп рахмет, жақсы хабарыңыз, жақсы лебіңіз үшін, – дедім де, сәлемдеме конвертті ашып ішіндегі кітапшаны, жазылған хатты алдым.

– Эміл екеуміз көптен таныспыз, өкінішке орай, екеуміз жүздескен емеспіз, хат арқылы, телефон арқылы байланысып, жақсы таныстық. Өзім Алматыға барғанда ядролық орталыққа телефон шалып таба алмадым. Біз, редакция ұжымы, Айтқожиндердің әкесін де, баласын да мақтан етеміз.

Марк Павлович екеуміз көп әңгімелестік. Мен оны қалай қуана қарсы алсам, ол да мені ықыласпен тыңдады. Мен ол

кісіге Эмілдің (есімін өзі осылай жазады екен) әкесі туралы әңгімелеген едім.

Өзіміздің газеттің түрлі мерейтойларына байланысты Мәскеу, Алматы, Новосибирск, Омбы қалаларына кісі жіберіп, хат жазып біраз іздену, зерттеу жасаған болатынбыз. Сондай сұрау салулардың бірінде өзіміздің ақын ағамыз Хамза Абдуллин Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым Академиясының қорынан қарап мынадай дерек хабарлады: "Кедей сөзі" газетінің 1920 жылы Омбы қаласында шыққан бірінші және екінші санында редактор қол қоятын бұрышы жыртылыпты, ал үшінші санына Әбілқайыр Досов қол қойған. Ол тұста губерниялық партия комитетінің идеология жөніндегі хатшысы газетке де редакторлық еткен дәстүр болатын. Ал, "Бостандық туы" ("Кедей сөзі") газетіне 1922 жылы сәуір айынан 1925 жылдың наурыз айына дейін Сабыр Айтқожин редактор ретінде қол қойған. Ол біздің газеттің Әбілқайыр Досов пен Мағжан Жұмабаевтан кейінгі үшінші редакторы.

Аумалы-төкпелі заманда қым-қуыт оқиғалар болғаны белгілі. Соңғы кезде Ә. Досов пен М. Жұмабаев редактор болды ма, жоқ па деген дүдамал да айтылып жүр. Біріншісі партиялық басшылық ретімен, кәсіби жорналшы (газет жұмысына саяси басқарушы) болмағандықтан, алғашқы нөмірлерге қол қоюы мүмкін. Ұлттық Ғылым Академиясының корреспондент-мүшесі, көрнекті ғалым-зерттеуші Тұрсынбек Кәкішев ағамыз "Мағжан редактор болды ма?" деп мақала жариялап өз жорамалын айтты. Ал, Сабыр Айтқожиннің үш жыл редакторлық еткені газет тігінділерінде тұр. Сәбит Мұқановтың "Өмір мектебі" трилогиясының үшінші кітабында жазылған.

"Әкеден асып ұл туар" деген халық даналығы осы арада еске түседі. Эміл Сабырұлы нағыз ғалымға тән дәлдікпен, зерттеушілікпен әкесінің бүкіл өмір жолын жылы, айы, күніне дейін көрсетіп, атқарған қызмет сатылары мен баспалдақтарын түрлі

архив деректерімен, құжаттармен, мүлтіксіз дәлелдермен тізбектеп беріпті - қарап отырып қайран қаласың. Біріншіден әкесінің соқтықпалы, соқпақты өмір жолы бас шайқатады, екіншіден, капияда көз жазып қалған әкесінің (онда Әміл бес жаста екен) ізін жарты ғасыр тынымсыз шолып, сансыз мекемелерге сан жоқ хаттар жазған ұлының қайсарлығына бас иесің. Мен көп деректерге көз салып отырып Сабыр Айтқожиннің тұлғасын таныған дай болдым.

Ол 1895 жылы наурызда Көкшетау уезінің Қотыркөл болысында туған екен. Әкесі Айтқожа, шешесі Жәкіш, оның анасы Жамал-Сәкен Сейфуллиннің шешесі. Сабыр Көкшетауда мешіт жанындағы медреседе хат танып, сауат ашқан, 1914 – 1916 жылдары Қызылжарда мұсылман-қырғыз мектебінде оқыған. 1916-1919 жылдары Уфада "Ғалия" медресесінде оқып, онда "Садақ" жорналың шығаруға қатысқан, әдеби дүниелер жазған. Еңбек жолын 1919 жылы мамырда Көкшетау жер басқармасында нұсқаушы болып бастаған Сабыр Айтқожин буырқанған өмір толқынына жас жігермен білек сыбанып белсене араласады. Көкшетау ревкомында, халық ағарту бөлімінде нұсқаушы болады, бірінші Омбы губерниялық кеңестер съезіне, Мәскеуде өткен Бүкілресейлік аз ұлттар съезіне делегат болып қатысады. 1921 жылы қаңтарда Омбыда Сабыр РКП(б)-ның Сібір бюросының нұсқаушысы, одан кейін "Кедей сөзі" газетінің қызметкері, ал 1922 жылы сәуірде редакция Қызылжарға көшіп келгенде осы газеттің жауапты редакторы болады. Сол кезде редакцияда ақын Мәжит Дәулетбаев (кейін "Қызылжар" романын жазған), Хамза Жүсіпбеков (кейін Қазақстан Жазушылар одағының алғашқы төрағасы болған, қызы Ілияс Есенберлинге тұрмысқа шыққан), Сәдуақас Жандосов, Сәлкен Балаубаев қызмет істейді.

Осы қалада тұрып, ұзақ жасап, бертін келе тоқсанға таяп дүниеден өткен Мырзалы Байділдин ақсақал (белгілі журна-

лист Тұрсынбай Кәкімовтың қайын атасы) соңғы бір кездескенімде сол жылдардың естелігінен сыр сабақтап былай деп еді: "Мен "Кедей сөзі" газетінің алғашқы корректоры болдым, редакция 1920 жылдың аяғына қарай Омбыдан Қызылжарға көшті, дүние-мүлкімізді өзіміз тасып, осында әкелдік. Сол тұста редакцияда шіркін қазақтың ығай мен сығайы қызмет істеп еді-ау". Әрине Мырзекең ол тұста көсіліп сөйлей алмады, өйткені ссіне алған адамдардың бәрі "халық жауы" болатын, әлі ақтала қойған жоқ-ты. "Кейін Тұрсынбайға айтамын ғой" деді де жылы жауып қойды. Мен де қолқалай қоймадым, қария қорқақтап тұрды, сөйтіп газетіміздің шежіресі жөніндегі қымбат қазынадан қапияда айырылып қалдым.

"Қазақ әдебиеті" газетінің 1967 жылғы 17 қарашадағы санында Бекмұхамет Серкебаевтың (әйгілі әнші Ермек Серкебаевтың әкесі) "Ардагер азамат" деген шағын естелігі жарияланыпты. Ол кісі жиырмасыншы жылдары біздің газеттің редакциясында қызмет істеген. Сол естеліктен үзінді келтіре кеткен жөн болар: "1924 жылы Петропавл қаласының жастары бір игі іс бастап, пьеса қоймақ болдық. Алайда қолда дайын дүние болмағандықтан пьесаны өздері жазды. Бұл істің басы-қасында болып, жастарға басшылық жасаған кісі сол кездегі "Бостандық туы" газетінің редакторы Сабыр Айтқожин болатын.

Сабырдың тікелей көмегімен ел аузындағы белгілі "Бекет батыр" дастаны пьесаға аударылып, ондағы рөлдерде негізінен мәдениет, газет қызметкерлері ойнады.

Ол кішіпейіл, мәдениетті жан еді, көп бәлсінбей-ақ өзі туып-өскен көркем Көкшенің әндерін, Ақан серінің "Сырымбетін", үкілі Ыбырай әндерін домбыраға қосылып, әсем шырқап берді. Оның әдемі майдақоңыр, ашық дауысы болатын. Жиналған жұрт оның әншілік өнеріне шын көңілден риза болып тарасты.

Ия, Сабыр Айтқожин осындай өнерпаз, жан-жақты білімдар, халық ісіне шын берілген азамат еді".

Бұл жолдарды оқығанда іскер, қайраткер азаматтың тынымсыз ізденіспен ұмтылған тұлғасы көңіліңізге ұялайды. Өзі де жап-жас, небары 29-да, мұндайларды қазір тіпті бала деп жүрміз-ау, сол қалпымен оқудан, үйренуден жалықпай жаңа газеттің оқырмандары жүрегіне жол табуын ойлайды, жастарға жетекші болып сахнаға көтеріледі. Халық тағдырын, болашағын терең толғана тебіренген жан ғана осылай жарқырап жанып, жан-жағына жарық шашып жүретіні хақ. Сабыр әрекетінен, қадам-құлшынысынан осындай қасиетті айқын танимыз.

Сабыр Айтқожин жастығына қарамастан бүкіл республиканың өміріне белсене араласып, мемлекеттік, қоғамдық қызметтерге баспалдақтап өсіп тағайындалады. Ол Көкшетауда, Омбыда, Орынборда, Жамбылда, Шымкентте, Алматыда қызмет істейді. Үнемі өсу, жоғарылау үстінде болады. Оның өмірінде белесті із қалдырған кейбір қызметтерін атап өтейік: біздің Қызылжардан Алматыға ауысып "Тілші" газетіне редакторлыққа тағайындалады, одан кейін Жетісу губерниялық "Қосшы" одағы президиумының төрағасы, Қаратал аудандық атқару комитетінің төрағасы, республика Халық Комиссарлары кеңесінің істер басқарушысы болады. Осы қызметтердің қайсында болсын халқына, еліне берілгендігімен, адалдығымен, өзі шексіз сенген жаңа өмір құрылысына өзгеше өршіл қайратпен кіріскендігімен көзге түседі.

Ол 1937 жылы 2 қазанда Жамбыл қаласында зұлымдық жаламен тұтқындалады. Эміл Сабырұлының жазуы бойынша (әрине бертін КГБ-нің архивын алып қараған ғой) әкесінен екіақ рет жауап алынып, тергеу аяқталады да, ісі сотқа беріледі. Бірінші жауап алуда Сабыр өзіне тағылған айыпты мойындамайды, ал екінші жауап алуда түгел мойындайды. Бұл арада мұндай "мойындаудың" қандай жан азабынан, ұрып-соғудан кейін алынғанын ұғу қиын емес. "1921 жылдан бастап буржуазияшыл-ұлтшыл көзқарасты жақтап, бірнеше жыл бойы кеңес

үкіметіне қарсы күрес жүргізді, 1936 жылы Оңтүстік Қазақстан облысында әрекет жасаған контрреволюциялық буржуазиялшыл-ұлтшыл террористік ұйымның құрамында Қазақстанды КСРО-дан бөліп алып Жапонияның басшылығымен буржуазиялық мемлекет құруды мақсат етті" деген айыппен сотталып "халық жауы" аталып кетті.

Әділет үстемдік құрып, Сабыр Айтқожин 1957 жылы 3 желтоқсанда КСРО Жоғарғы Соты әскери алқасының шешімімен ақталды.

Адам тағдырын ойыншық қылып, адамның басын доп қылып ойнаған қандай қағынған заманды бастан кештік десеңізші. Талайлар жазықсыз шырылдап, тектен-текке атылып кетті-ау шіркін...

Ия, халқы үшін адал еңбек еткен перзенттердің есімдерін енді ешқандай зұлымдық та, жауыздық та өшіре алмайды. Сабыр Айтқожин да сондай жұлдызды тұлғалардың бірі. Олардың аттарын атағанның өзінде аңыз лебі соққандай болады. Мақтаныш етеміз.

Мен редакцияға ерте келген қонақ Марк Павловичке біздің редакцияда Мағжан Жұмабаев, Сәбит Мұқанов сынды ұлылар, Әлжаппар Әбішев, Дикан Әбілев, Ғалым Малдыбаев, Сафуан Шаймерденов тәрізді таланттар қалам тербеп, қалың оқырманын газетіміздің беттерін көркейткен тамаша туындыларымен талай-талай толқытып, тебіренткенін мақтаныш сезіммен жеткіздім. Олардың балаларын – бүгінгі ұрақтарын да айттым. Үлкен ғалым-атомщик Эміл Айтқожин, әлемді әсем әуенімен тербеткен Ермек Серкебаев... дүниежүзінің чемпионы болған Саян Шаймерденов... Тектілер тұқымынан... Олар да мақтаныш...

КЛАССИКТЕРДЕН ҚАЛҒАН ІЗ

Облысымызға аз күндік шығармашылық сапармен белгілі қаламгер, Қазақстан Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, тарихи тақырыптың шебері Дүкенбай Досжан ат басын тіреген еді. Бірнеше аудандарда болып, Ғабит Мүсірепов, Мағжан Жұмабаевтың туған жерлерін аралап Жаңажол, Сартомар ауылдарында болды, оқырман, кітапсүйер қауыммен сыр бөлісті. Оқырмандарға қаламгермен болған сұхбатты ұсынып отырмыз.

- Соңғы кезде баспасөз беттерінен республика тәуелсіздігінің 10 жылдық мерейтойына арнап үлкен тарихи шығарма тәмамдағаныңызды естідік. Сол жаңа кітабыңыз туралы оқырмандарымызға бірер сөз айтсаңыз.

- Жалпы дерек пен дәйек үшін кітап жазылмайды, жазылар кітапқа дерек, дәйек қызмет етеді, сөйтіп шығарманың ажарын ашады, суреттеліп отырған дәуірдің келбетін жасайды. Архив беттерін аудара түссең, арқа, басың шымырлап, төбе шашың тік тұрады. 1918 жылдың қара күзінен Түркістан өлкесін қаратабан сұрапыл аштық жайлапты, сырттан қол ұшын беретін жанашыр болмады, шекараны большевиктер «қытай қорғаны» етіп жапты. Арқа елінің 30 пайызы, шет губернелерде халықтың 70 пайызы ісіп-кеуіп қырылып, түгесілуге айналды. «Сұрауы жоқ жұт» деп осыны айтады. Мына бетпақ пәлекетпен салыстырғанда 1219 жылғы маңғұл шапқыншылығы, 1723 жылғы Жоңғар қалмақтарының жорығы, 1823-43 жылдар аралығында қазақ пен түркіменді қос қанаттан қысқашша қысып жайпап өткен Черняев, Сковолев жорықтары баланың ойыншығы секілді екен, кісінің жаны түршігіп, жүрек қараятын мәліметті Орынбор архивінен тауып, еріксіз жағамды ұстадым. Ғалым Ахмедов «Қилы-қилы жылдар болған» очеркінде: «Ақмешітте көшелерде шіріп, саси бастаған өліктерді жинап, жерлеуге ешкімнің мұршасы жоқ. Даланы құйын һәм құтырған иттер

иемденіп алыпты. Қазақ даласына қатер болып келген аштықты бір де бір шетел біліп жатқан жоқ. Ресей империясы тышқан жорғалап өтпестей шекараны қырағылықпен күзетіп тұр еді.

Бір үзім нан үшін әйелін, я баласын сату, я құлдыққа айырбастау үйреншікті әдетке айналып бара жатыр. Көбіне үй иелері әйелі мен баласын тауға, не тоғайға апарып тастап кетеді, өйткені олардың өлер алдындағы азабын көруден артық тақсірет жоқ», - деп жазыпты.

Тарихшы В.А. Семенюта 17-20 жылдар арасында Түркістан өлкесінде бір миллиондай адам жазықсыз қырылды деп жазыпты, ал Мұстафа Шоқай келтірген мәліметте бір миллион бір жүз он төрт мың кісі аштан опат болды деп көрсетілген. Төтенше комиссар П. А. Ковзев Ленинге жолдаған мәлімдемесінде, жергілікті халықтың жиырма бес пайызы, яғни бір миллион тоғыз жүз мың адам аштан өлді деп жазған.

«Бұл не қылған осал халық екенін түсінбедім, - деп жазады комиссар күнделігіне, - өзен, көлден балық аулап, қырда өріп жүрген тасбақаны теріп жеп, жан сақтаудың орнына, ошағының басында ошарылып отырып, тыраң етіп жан тапсыра береді».

Төтенше өкіл ой зерделемей, көргенін ғана термелеп отыр. Әр халықтың ғасырлар бойы мінезіне, сүйегіне сіңген ғұрпы, ерекшелігі, кәсібі болады, мұны ұлттық «менталитет» дейді, әлгі айтқан ұлттық тиегінен айырылған, есеңгіреп қалған халық бейне қараңғыда бағытсыз кісі іспетті.

Қазақ десе өзімізге тиеді. Әсіре белсенді халықпыз. Аңғарына, астарына үңілмейміз. Желтоқсан қасіретін көбіне империядан көреміз. Ғасырлар шаңы мен архив арасынан аршып алып шыққан тәуелсіздік толғауы «Дала гладиаторлары» атты роман туралы сұрап отырсыз ғой. Осы шығармада желтоқсан оқиғасы мүлде басқа қырынан суреттеледі. Империяның пәрмені өз алдына! Ал, алаңға шыққан жастардың соңына сүркіл салып қана қоймай, кеудесінде шамалы ұлттық намысы бар жасөс-

пірімдерді қойша тізіп, жауаптауға – партия органдарында үстелі үшін әкесін де аямай сатып жіберетін шенеуніктердің жан әлемін, шен-шекпен десе дүниені ұмытатын даңғой қызыл жағалының мінезін ашуға ұмтылдым.

Тоқ етері, «Дала гладиаторлары» кітабына 100-ден аса архив деректерін пайдаланыппын, олардың түгелге жуығы тұңғыш жарияланып отыр.

- Қазіргі кездегі қаламгерлердің, жазумен күн көріп жүрген әріптестердің жағдайы туралы қандай ойыңыз бар?

- Бұрын қалтасында мүшелік кітапшасы бар кісілердің баршасы ақын, жазушы саналатын. Жазушылар одағына мүше болғанның екі-үш жылда бір кітабы шығып тұрсын деген жоғарыдан тәртіп берілетін. Нарық заманында айтары бар адам ғана жазушы. іздеп жүріп оқылатын кітап қана жарық көруге құқылы. Рынок сенің классикпін деп суырмандағы хат-хабар, көкір-шүкіріңді қайта басқызып, шәниіп жатқаныңды қаламайды, сақал сатудың, ақсақалдықтың заманы өтіп барады. Джунгли заңы секілді нағыз қаны сорғалаған таза кәсіби әдебиет - өз ортасынан ойы шала, әлжуаз, өнімсіз кісілерді әрдайым тәрк етіп, аластап отырады. Кәсіби әдебиеттің талабы: өмірін сарп еткен қажыр, ал критерийі: еңбекқорлық, яғни артық айтып кем түскеніңді дер уағында сезіне білу, сөздің суреті, дүниені символ, метафора арқылы қабылдау, өзіңнің өзгеден ерекшелігіңді білу болмақ.

Өзіңнің өзгешелігіңді түйсінуді биология тінінде харизм дейді. Жақсы мағынасындағы өзімшілдік, өзгешелік кісіге ауадай қажет деп ойлаймын.

Мәселені екінші жағынан қарастыралық. Осы күні шығып жатқан кітап көп, естеліктер, эссеистика, жалаңаш құмарлықты әріптеген дүниелер көз сүрінтеді. Кітапқұмар байғұс басым, бірнешеуін оқып шығамын да үш сауалға килігемін: әлгі кітапты автор не үшін жазған? не үшін басып шығарған? есіл уақы-

тымды кор қылып не үшін оқыдым? Осы күні әдебиетіміз ауыр халде, ауру үстінде. Бетінен өңі тайып, әлдәрмені азайып, төсек тартып, барып-келіп жатқан ауруға келеді. Өстіп жатып өліп кетуі де мүмкін. Өйткені, прозамыз көркемдік ізденіс көкжиегінен көз жазып қалды, барды барша журналистика тілімен бадырайтып айта салу бел алып барады, ал поэзия басынан аяғына дейін гөй-гөй, я өзі түңіледі, я өзгені түңілдіреді. Тақырып аясы айтақырға айналып жұтаң тартты. Хабарлама, баяндаманы жинап алып «роман», «хикаят» деп басқызуға әдеттеніп алдық. Мұнымен өзімізді һәм оқырманды алдап жүрміз. Образ, метафора, ой ағыны, тіл бояуы болмаған тұста әдебиет дімкесті кісідей қан-сөлінен айырылып өлуге бет алады.

Қит етсек шет елдерді мақтаймыз, тамсанамыз. Үңіліп қарасақ артықшылығы шамалы, артықшылығы - ақылмен іс істеуінде ғана, қалғаны есепқойлығы болар. Осы экономикалық дағдарыста, жұмыссызы мен туберкулез ауруы есепсіз ұлғайған елде омір сүріп, тағдыр жасауға болады. Бұрындары білдірмей болса да партиялық цензураға айласын асырып бірдеме айтқан автор мықты саналатын. Қазір цензура жоқ, нені жазсаң да өтеді. Өкінішке орай цензурамен бірге көркемдік те жоғалды. Жасыратын не бар, маңайымызды торлаған мемлекеттік қамқорлық, қайырымдылық болатын. Енді келіп бауыры суық мейірімсіз мүлдеге тәуелдіміз.

Өнер адамы үшін уақыт айыпкерге ұқсайтын. Уақытқа прокурор болуға болмайды. Тағдыр - бейнетаспа секілді, біз қандай болсақ - уақыт соның сұлба-суретін шығарушы. Енді келіп бағдарымыздан айырылып, уақытымыздан жаңылдық па: бүгінгі күнмен өмір сүруге үйрене алмай келеміз. Бүгінгі оқырманға қандай рухани азық қажет, соны тауып беруге тиіспіз. Нарық капиталы - перпетуум мобиле секілді үздіксіз қозғалыс, әлгіде айтқан гөй-гөй, жігерсіздік, я болмаса өзін көпірте мақтап ерекше тұту - текке айналған тегершік секілді.

Рынок жағдайында жұртты жігерге, күрескерлікке үндейтін дінді таза әдебиет өмірлі. Мұндай әдебиетті жазбаса отыра алмайтын, жазғанына соншалық қадалып ақы-пұл сұрамайтын рухы мықты авторлар ғана жасайды. Бұл бір. Екінші: оқырманның ой қиялына, наным-сеніміне қызмет қылатын қалтқысыз әдебиет қажет, яғни автор - ізгіл оқырманын өзі ізден тауып шүйіркелесетін, шендесетін заман туды. Үшінші: мемлекет жүйесінен, я жеке тұлғалар тарапынан тапсырыс бойынша шығарма жазып дағдыланған ләзім. Сұраныс ұсынысты тудызады. Келешекте тапсырыстық естелік, ғұмырнама, жылнама, шежіре секілді өзге реңк, бояулы роман, эсселер дүниеге келеді деп ойлаймын.

- Солтүстік Қазақстан облысы классик жазушылардың туған, өскен мекені. Сізді осы елмен байланыстырып жүрген қандай жағдай деп сауал қойғым келеді.

Солтүстік Қазақстанда Мағжан, Сәбит, Габит туып, өскен, бұл кісілер біздің рухани мектебіміз. Үйренетін, тәлім алатын жәйттер әлі де мол деп ойлаймын. Оларға ғаламат дарын дарытқан, талант көзін ашқан топырақ қандай, табиғат қандай, адамдар қандай. Ұлыларды кешегі іздерінен де тануға болады. Бәрін білгім келеді. Осы өңірге тартып тұратын себеп сол.

Маған қауіпсіздік комитетінің архиві әлі күнге қан сасып тұрғандай сезі... ... Оқып көрелік. № 3881 тергеу ісі. Қалың папкі, сарғайған, шеті жыртылған қағаз, 5-ші том, 386 парақты хаттаманың 70-ші бетіне көз салыңыз. Жұмабаевқа қатысты 1936 жылғы 10 ақпандағы тергеушінің хаттамасы осы. «Сұрақ: Ленинградта тұрған кезіңізде кімдермен байланыс жасадыңыз?» «Жауап: Ленинградта көп тұрғаным жоқ. Елден әйелімді шақырып алдым. Досым, әрі поклоннигім Әлкей Марғұланов есімді жігіт жиі келіп тұрады. Өйтседе ол жігіт көп ұзамай ауырып, ауруханаға түсті. Содан байланысымыз үзіліп қалды». Хош делік. Кейінше ішкі істер наркомының айлакер тергеушісі

ақын аузынан шыққан кісілердің салақұлаш тізімін жасап: «Қайсысы қай жерде жүр?» - деп әлгі тізімді қайыра әкеліп алдына тартады. Сонда ақын Әлкей Марғұлановтың тұсына өз қолымен «өлді» деп белгі соғыпты. Бұл не сонда? НКВД құрығынан қалай бұлқынса да құтылмасын білген Мағжанның соңынан ілесіп көк құрақтай жетіліп келе жатқан інісін жау көзінен тасалағысы келгені, бәлкім. Сол өлдіге санап белгі соққан зерек жас көктей орудан әзер-мәзер құтылып, қазақ ғылымының корифейі болғанына бәріміз куәміз. 1967 жылы қазан айында ұрынып жүріп жазу шаруасымен сол кездегі К. Маркс көшесінің бойында тұрған Әлкей ағаның үйіне баруға тура келді. «Мағжан ақынды білесіз бе?» - деппін. Қырылдап сөйлейтін, үріккен үкіге ұқсас кісі еді Әлекең. Сұқ саусағын ерніне көлденең басып, маңайына көз салып: «Тыс-с-с, бала, ол туралы айтушы болма! Қолжазбаңды ал да жөніңе тай», - дегені әлі есімде. Жалғыз Әлкей аға емес, сол кездегі қазақ оқығандары алаш көсемдерін ауызға алуға қорқып, жалтаң көз болып, сыбырлай сөйлесуге дағдыланып алды. Аузы-басымыз жыбырлап, әркімнің қабағын аңдып, бас бағып жүру әдеті, сірә, сол зұлмат заманнан жұққан мінез.

Өлдіге, құрыдыға санап жүрген елдік, ерлік рухымыз Ұлы Отан соғысы жылдарында, «Отан» деген сөзден қыр астынан күн күркірегендей қайыра дүркірегені ғажайып енді. Қазаққа сор болып жабысқан көлеңкеге қараңыз. Гастеллоны, Егоровты дүние жүзі біледі, ал солардың ерлігін әлдеқашан бұрын жасаған Бақторазды, Рахымжанды өзіміз әзер білеміз. Коммунистік партияның дүрілдеп тұрған 60-70 жылдары көлемінде естідік, білдік: райкомның бюросында жіберген кемшіліктері үшін парт-билеттен айырылған базбір наркасқа жігіттер үйіне келіп, өзін-өзі оққа байлады, өзіне-өзі қол салды, қыршынынан қиылды. Бұл қазақ заманға ілескіш пе, әлде заманның зор жүгіне иығын төсеп төтеп бергіш пе?...Екі жағдайдың да желкеніне жармасып.

бірде сүрініп, бірде жығылып, жер бетінен жойылып кетпей ілдебайлап келе жатқанына қайраным бар. «Әркімді заман сүйремек, заманды қай жан билемек? Заманға жаман күйлемек, замана оны илемек» деген ұстаз сөзі осындайда ойға оралады. Қазақ қай дәуірде де заманға күйлеп, еркінсіген халық емес. Жоғарыда шолып өткен қай-қай құбыжық дәуір бойында ыстық қаны бар нағыз ұлтжандыны қамырдай илеп, иге салған терідей етсе дағы болмыс-бейнесінен айыра алмапты. Тарихтың өткелі, ылдиы мен өрі кезек алмасқан нешеме кезеңінде ұлтымыз жатжұрттықтардың аузымен: номад болып та көрді, түземдік, жабайы да саналды, мәңгүрт, кезқаман деп те сыналды.

Ұстаз сөзін авторлық контекстен бөліп алып құдайдың күтты күні «қазақтың қазақтан өзге жауы жоқ» дегенді қақсап айтып мұқатып, жасытып, жер қылды; ел болып көгермейсің дегенге келтірді. Тағдырға ерегіскендей ұлттық рухымызды жоғалтып алмай, тарих сахнасынан шығып қалмай, терімізді тамшылатып әлі күнге тырмысып келеміз.

XX ғасырды артқа тастап,тау басына шыққандай болдық. Әркімнің жүрек басында өзіне лайық, ісіне, тіршілігіне сай иман таразысы бар. Алғы күндерге үміт жалғау, бабалар рухын жоғалтып алмау; кеше қандай едік, бүгін қандаймыз деп, салыстыра келіп ұлтымыздың көзі көміліп қалған кәусар бұлақтай тың күштерін ояту, көзін ашу – қаламгерлік парызымыз. Рас, көкіректе көп уайым бар. Уайымсыз адам сайтанға айналады. Дарынды адамдардың уайымы, мұңы кезеңі келгенде көп-көп шедеврлер туғызған.

- Редакцияға әдейі кіріп, сәлем бергеніңізге ризалық білдіремін. Әңгімеңізге рахмет, Дүке.

Мағжан, Сәбит сынды алыптар қызмет істеп, редактор болған қара шаңырақ емес пе?! Олардың қаламдарының іздері жатқан жоқ па осы газеттің жетпіс-сексен жыл бұрынғы беттерінде Қара шаңыраққа бас сұғып, сәлем беру қаламгерлік парызымыз.

- Осыдан қырық жылдан аса бұрын студент кезіңізде Алматыдан хат жолдап амандық білдіріп тұрушы едіңіз, енді міне қазақ әдебиетінің белді тұлғасы деңгейіне көтеріліп, елімізге ғана емес, шет жұртқа да кітаптарыңыз кең тарап жатқан даңқ биігінде де алыстағы редакцияны ұмытпағаныңызға разымыз.

- Сіздерге көп-көп оқырман, творчестволық табыс тілектестігімізді білдіремін.

Жақында ғана Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаевтың қабылдауында болып, шабытқа боленіп, қанаттанып, жаңа ойлар, жоспарлар толқынына құлаш ұрған жазушы біздің облысты таңдаған екен. Еңбекқорлығы аңызға пара пар. Негізгі қызметі Қазақстан Республикасының Ұлттық банкінде. Қолы босаған сәтте романдарға отырады. Біздің редакцияға Ұлттық банктің Солтүстік Қазақстан облыстық филиалының директоры Жомарт Қажырахымовты ертіп келіпті. Тым асығыс. Сапар үстінде. Аудандарға аттанып кетті тағы да.

- Шабыт құсы биікке самғасын, Дүке! - дедік біз.

БАҚЫТТЫ КҮН

Бүгін түнде ешкім де көз ілмеген шығар сірә. Ұмытылмас күндерді бастан кешіп отырмыз. Тарих шіркінінің үш бірдей парағын аударып тастап, жаңа жылдың, жаңа жүзжылдықтың, жаңа мыңжылдықтың алғашқы таңын қарсы алдық.

Армысың жаңа жыл, армысың жаңа ғасыр, армысың жаңа мыңжылдық!- деп қуана қол соғып, көңіл шаттығын шалқытып, бір-бірімізге ең жақсы тілектерімізді айтып, бір-бірімізді

құшақтап құттықтап жатырмыз. Үшеуі де жас даусы жер-жаһанды жаңғыртып жаңа туған, әлем шежіресіне жаңа ғана алғашқы қадамын жасап, жаңа ғана өз сағатының кілтін ағытып, жүрегін соқтырған ғаламаттар.

Бұл бір ғажап бақытты күн. Жылды - жылға, ғасырды - ғасырға, мыңжылдықты - мыңжылдыққа жалғастырып, тарихи мезетке куә болып тұрмыз. Мұндай уақыт сыйлаған бақыт адамдардың пешенесіне сирек жазылатыны белгілі. Бұл - бір ғасырда, бір мыңжылдықта бірақ рет қолыңды қысатын, кеудеңе қауышып көкіректі толқытып, жүректі жылытатын айырықша нұрлы бақыт.

Жасыл шыршаның түбінде тұрып ой тереңіне шомасың. Осынау нұрлы бақыттың сырын ұққың келіп, басыңда толқыған талай ойларды жүректен өткізесің. Өткен жолды шолып, алдағы күндерге көз тігесің.

Өткен мыңжылдықтың біз үшін ең қымбат сыбағасы - кең даланың кеудесінде көсіле көшіп, шашырап-шашылып жүрген ұлтымыз ұйысып, жұрт қатарлы қара шаңырақ көтеріп, өз мемлекетінің іргесін қалады. Өткен ғасырдың ең қымбат сыйы - ғасырлар бойы аңсаған бостандық, еркіндік, тәуелсіздік туын тігіп, өз алдына егемен ел болып, бүкіл әлемге Қазақстан Республикасы деген атпен танылды. Біздің жас мемлекетімізді жер жүзі мойындап, көк байрағымыз Жер планетасының түкпір-түкпірінде желбіреді.

Жаңа ғасырды, жаңа мыңжылдықты біз мүлде жаңа сыпатта, жаңа болмыс-бейнемен қарсы алып отырмыз. Қазақстан Республикасы атты жас мемлекет алдағы ғасырлар айдынына өз тұлғасын тік танытып, іркілмей-именбей, жасқанбай, жасымай еркін шықты. Бұрынғыдай бағыну, бодалу, иілу, и болу, жалпақтау, салпақтау сынды бұғаулы бытық-былықтың бірі жоқ. Ондайлардан адаландық, тазаландық. Ендігі тұлғасы ардай ақпақ, армандай асыл.

«Ұзақ жылдар бойы халықтың бойындағы қуат дамуға емес, өлместің күнін кешуге жұмсалып жатты. Біз жаңа жүзжылдықтың табалдырығына қилы-қилы мұраны арқалап жеттік, сонымен бірге ұлттық тарихта бізге дейін ешқандай ұрпақтың қолына тимеген мүмкіндікті де ала келдік. Қияметті де қияпатты соңғы оңжылдықта бұған дейінгі жүздеген ұрпақтардың қолы жетпегенге жеткіздік: тәуелсіз мемлекет құра алдық. Бізді енді ешқандай тарих желі жер бетінен жойып жібермейтіндігінің кепілі міне осы», - деді Ел Президенті Қазақстан халқына жаңажылдық Жолдауында.

Иә, бұған дейін жүздеген ұрпақ армандап келген күнге бүтін біз жетіп отырмыз. Бүгін біз бақыттымыз. Өз тағдырымыздың тізгінін өз қолымызға алдық, өз туымызды өзіміз биік көтердік. Біз шекарамызды өзіміз бекемдеп жатырмыз, жас мемлекет үшін қажеттінің бәрін де өзіміз, өз қолымызбен істеп, өзіміз тағандап, тындырудамыз. Нағыз бақыт міне осы деп білемін.

Бүгіндері бақыт деген сөзді анықтап айтқысы келмей, тайсақтап, жасқанып, жалтақтап тұратындар да бар. «Бақыттысың ба»? деп сұрасаңыз іркіліп қалады, қасындағылардың қабағына қарайды. Күмілжиді. Қыбыжықтайды. Қайталап сұрағанда барып: «Мынадай заманда бақыт туралы айтуға ауыз бармайды» дер еді. Ойланып қаласыз. «Бақытты қарынның бір күндік тоқтығымен өлшеуге бола ма?» деп сұрағыңыз келеді. Бірақ іркіліп қаласыз. «Өтпелі кезең. Адамның сана-сезімі де сан сабатта» деп қана кеудеңде толқыған ойларды сабасына түсіресің.

Бір сәт соңғы бес-алты жыл бедеріндегі өзгерістерге көз жіберейікші: Республика көлемін шарламай өз өңірімізді шолайықшы. КСРО-ның шаңырағы ортасына түскен соң экономикалық байланыстар үзіліп, завод, фабрикалар тоқтап қаңтарылды да қалды. Жаппай жылу да, жарық та сөне бастады. Жұмыссыз қалды жұрт. Аштық, жалаңаштық үрейі туды.

Бүгін міне соның бәрі бірте-бірте кейін шегініп, экономи-

каның бойына жылымшы қан жүгіріп, халықтың тұрмысына да шырай шыланғанын байқап отырмыз.

Еліміздің терістік тұтқалы тұсында тұрған Петропавлдың маңдайына сор болып біткен қорғаныс заводтары, тас болып қатқандай мелшиіп міз бақпай қимылсыз қалған еді. Қару-жарақ шығару тоқтатылған. Ат шаптырымдай алып цехтар қыбырсыз қалған. Олардың да тот шала бастаған қақпалары сықыр-сықыр ашылып жатыр. Қару-жарақтың орнына мұнай, электр, ауыл шаруашылығы кәсіпорындары үшін құрал- жабдықтар шығару қолға алынды. Облыс өнеркәсібі осы уақытқа дейін тек төмендеу бағытында болса, енді ол құлдырау тоқтатылып, ілгеріге басу тетіктері қолға алынды.

Ауыл шаруашылығы саласындағы былтырғы табыстар үміттің үлкейте түседі. Былтырға дейін егістік көлемі жыл сайын қысқарып, бос қалған жер көбейіп барады, енді егіннен күдер үзе бер дегендей сарыуайым сарын кең даланы кеулеп кеткендей болғаны рас. Шырылдаған шегірткенің шатағы да жер жарғандай естілді. Ресейдің көршілес облыстарындағы құрғақшылық қырсығы бізге де қырындап жалын шарпып тұрды. Абырой болғанда дихандарымыз бұл киындықтарға шеберлігін, қайратжігерін қарсы қоя білді. Соның нәтижесінде облысымызда былтыр рекордты өнім - 4 миллион 250 мың тонна алтын дән жиналды. Егіншіліктегі ілгерілеу мал шаруашылығына да өзінің оң ықпалын тигізе бастады. Былтыр облыста мал басының кемуі де тоқтатылды. Енді мал шаруашылығын дамыту жағы ойластырылып жатыр. Ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеу, ұқсату мәселесі күн тәртібіне табандылықпен қойылып отыр. Өзімізде өндірілген астық, ет, сүт шикізат ретінде емес, ұқсатылып, өңделіп, ұн, макарон, шұжық, консерві, май болып сатылса пайдасы да мол боларын халық түсініп, ұғып келеді.

Біздің еліміздің ең қымбат байлығы - ұлттар арасындағы келісім, татулық, достық деп ежелден айтылып жүр. Бұл

қастерлі қазына алдымен қандастарымыздың қонақжай, дархан, бауырмал, ақжүрек қасиеттерінен нәр алса, екінші жағынан әр ұлттың өкілдерінен құралған ағайындарымыздың да туысқа тән адалдығы, сүйіспеншілігі оны бекіте түседі. Ия, тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында ұлтаралық дүрдараздық отын үрлеп, дүрілдетпек болғандар да табылған. Бүтін шүкірлік етуге болады, біздің бірге өскен бауырларымыз - орыстар, украиндар, белорустар, татарлар, немістер және басқалары ондай әпербакандықты қолдамады, арандатушылыққа тойтарыс беруде ынтымақ танытты. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев халықтар ынтымағын, келісімін, татулығын әрқашан қамқорлықпен қолдап отыр.

Президентіміздің жаңажылдық Жолдауындағы мына жолдарды толқымай оқу қиын: «Жаңа ғасыр келіп қалды. Мен бұл ғасыр Қазақстанның тарихындағы ең ғажап ғасыр болады деп сенемін. Бұл ғасыр біздің тарихымызға жасампаз іске толы, бейбіт өткен ғасыр болып енеді деп сенемін».

Біздің де көкірегіміз сенімге, үмітке толы. Қош келдің, Жаңа жыл, Жаңа ғасыр, Жаңа мыңжылдық. Мың жылда бір келер күнді көргенімізге бақыттымыз.

ҚАНАТЫ ҚАЛЫҢ, ҚАМЫҚПА!

Біз оқырман тілегін ескеріп апталық телебағдарлама жариялайтын нөмірді көптен қалыптасқан дәстүрді бұзып, сенбіде емес жұмада шығаратын болып келіскенбіз. Бір үйге орналасқан қазақ және орыс тілдеріндегі екі облыстық газеттің соңғы жылдары осындай ыңғайға көшкені көпшілікке қолайлы болып

шықты. Өйткені сенбі күні көп жерде байланыс бөлімшелері, хат тасушылар дұрыс жұмыс істемейді де, газеттер түрлі себептер сылтау болып, оқырман қолына жетпей қалады.

Міне, осы жұма күні таңертең редакцияның алдында жолыққан досым бірінші қабаттың фойесінде кішкене терезеге тізіліп кезекке тұрған қалың лекті көріп маған таңырқай қарады:

- Мынауың не?

Үндемедім. Жүзімді мұң шарпып өткен шығар-ақ. Даусым шықпай жөткірініп қалдым.

- Жанталасып ненің кезегіне тұр таң атпай? - Ол сұрағын тағы қайталады. Өз үні менің жаныма батып тұрғанын ол, әрине, білмейді. Кезектегілердің дені орыс, арасында «тікбақай», «жырықетек» қазақтар да тұр. Мені танитын олар көздерін тайдырып, жүзін, бұрып әкетеді. Мен де қарамауға тырысамын. Досымды ертіп жоғарыға, кабинетке қарай көтерілгенде, үшінші қабатта тағы да сығылысқан қалың кезек коридордан сыртқа шығып тұрды.

- Базарың мұнда ғой. Кезекке таласып жатыр. Не нәрсе бұл? - дейді досым. Мен тағы да тым-тырыспын. Ол таңырқайды. Менің кейісті қабағымды танып, ол да енді тынып қалған. Кабинетке келгенше тіл қатыспадық.

- Хал қалай? Газет қалай? - дейді мен үстелге, ол - орындыққа қарама-қарсы орнығып, әңгімеге ыңғайланған сәтте.

- Таралымы қанша?

- Төрт мың.

- Былтыр бір өзің алты мыңға барып қалған едің ғой. Екі облыс қосылғанда кішірейгенің қалай?

Екеуміз енді облыстық қазақ газетінің бүгінгі халі, ертеңгі үміті үлесінде сырласып, біраз жерге барып қалдық. Ол мені сыпыра қолдаған жоқ. Бас шұлғып отырғанмен, өз пікірін ірікпеді, ашық айтты, қазақ газеттерін қалт жібермей оқитынын айқын аңғартты.

Мен досыма бірінші және үшінші қабаттардағы кезектің мәнін түсіндірдім. Бірінші қабаттағы кішкене терезеде орыс газетін редакциядан жеңілдікпен жаздырып алушылар және телебағдарлама жарияланған жұма күнгі нөмірді бөлшек саудамен таратушылар кезекте тұр. Облыстық орыс газеті жай күні 25 мың, ал жұма күні 50 мың данамен тарайды. Бұл газеттің 25 мың данасын кемпір-шалдар, балалар көшеде жүгіріп жүріп сатады, өз қалталарына да күнкөрістік нәпақа түсіреді. Редакцияға да ақша табады.

Ал үшінші қабатта шұбалған кезек облыстық, орыс газетінің жарнама, хабарландыру бөліміне ақша төлеуге таласып тұрғандар. Таңертеңнен кешке дейін бір толастамайды. Ақша құйылып жатыр.

Досым мұңымды, қабағымдағы кірбіңді енді түсінгендей болды. Қазақ газетінің қанаты қырқылып тұр-ау. Өйткені қызыл империяның тепкісімен қазақ тілі табанға түсіп тапталды, қазақ тілі қолданыстан шығуға айналды. Соның салдарынан қазақ тіліндегі газеттерді ешкім оқымайтын болды. Тәуелсіздік туы көтерілгенде ғана қазақ тілінің, қазақ газеттерінің бойына қан жүгіре бастады, жүзіне шырай кіре бастады. Жаңа басталды, бірақ әлі қуаты тола қойған жоқ. Енді-енді...

Баспасөзге жазылу басталғанда бізге қазір қатты-қатты қаңқу сөздер қабырғаны қақырата айтылып жатады. «Газеттерің нашар, оқитын ештемс жоқ», «Жарнама-хабарландырулардан түктеме жарияламайсыңдар. Мен итімді сатайын деп едім, хабарландыруды тегін беріңдерші», «Караван» сияқты болсаңдар ғой», - осындай сойылдай сөздермен де сықпыртып салады. Бұған шамданып, шамырқану әбестік болар еді. Ойланып қаласың. «Телебағдарламаны орысша жариялағандарыңыз үшін сіздің газетке жазылмаймын», - дейді біреуі. «Телебағдарламаны орысша жарияласаңыздар ғана сіздің газетке жазыламын», - дейді екіншісі. «Орыс газетіне берген жарнаманы қазақ газетіне

бергізе алмайсыңдар ма, үкіметке айтпайсыңдар ма, үндемейсіңдер, үкіметтің күші қайда?» - дейді үшіншісі. Иә, бұл талаптардың да дәні бары рас.

Қазақ газетін қайтсек жетілдіреміз, қиын түйінді проблемаларды қалай шешеміз? Бұл сұрақ бізді күндіз күлкіден, түнде ұйқыдан айырды десек те артық болмас. Өйткені біздің өміріміз, тірлігіміз осы түйінге тіреліп тұрған жоқ па?! «Жарнамаларды мемлекеттік тілдегі газетке міндетті түрде беру қажет» деген шешім қабылдау жөнінде облыстық мәслихатқа ұсыныс жасадық. «Кәсіпорындарды, ұйымдарды, азаматтарды қосарланған шығынға батыруға болмайды», - деді депутаттар. Парламенттің өзіміздің облыстан сайланған депутатымен мүшкіл жайымыз туралы сырласып: «Жарнама туралы» Заңда «Жарнама міндетті түрде мемлекеттік тілде берілсін» деген сөйлем қосуға болмай ма?» - деп сұрадық. «Адам құқығына қол сұғуға болмайды, жарнаманы қай тілде берсе де өз еркі», - деді ол. Халықаралық деңгейдегі дәлелді сөздің қисыны тағы да еріксіз тосылдырды.

Расында да, адам құқығына қол сұғу, «біздің газетке жарнама бер» деп еріксіз күштеу, ұлттық намыстың қызба сезімін іркіп, салқындағанда барып ұқтық, оғаштау ғой шіркін. Не нәрсені болсын, соның ішінде оқырман ықыласын ақылмен, парасатпен, махаббатпен жаулай алғанға не жетсін. Газет беттеріндегі материалдар бәрі бірдей кіл сүбелі, салмақты, сұлу, сымбатты, ойлы, толғақты болмай-ақ қойсын (әрине, олай болуы қиын да ғой), әйтеуір селсоқ қалдырмай назар аудартып, елең еткізіп газеттің атын ататқызып, газетті іздеттіріп жатса, жергілікті журналистер мұратының өлшемі осы төңіректен табылуы тиіс. «Біздің нысанамыз - осы» деп қолға қалам алдық. «Солтүстік Қазақстан» газетінде жарияланыпты», «Солтүстік Қазақстан» газетін тауып әкелші» дескен үндер естілсе, біз үшін бұдан артық марапат, мадақ жоқ екені де айдай анық.

Телебағдарлама төңірегіндегі мәселеге келейік. Біз өз газетімізде осыдан үш-төрт жыл бұрын қазақ тілінде телебағдарламаны бердік, оны телетайп аппараты арқылы Алматыдан алып тұрдық. Біріншіден, Алматыдан хабарлар алдымен орыс тілінде беріледі де, қазақ тіліндегісі кешігіп түседі. Яғни газеттің шығуын кешіктіреді, баспаханаға айып төлейміз, оқырманның қолына газет кешігіп тиеді. Ең үлкен қолайсыздық - осы. Екіншіден, қазақ тілі мемлекеттік мәртебеге көтерілді, енді бәріміз қазақша сөйлейміз деген дақпыртпен дуылдап қалған қазағымыз: «Телебағдарламаны орысша беріңіздер, балаларымыз қазақша түсінбейді, әйтпесе газетті алмаймыз», - деп дау сала бастады. Өзімізше зерттеу жүргізіп, сұрау салсақ - оқырмандардың 80 процентке жуығы телебағдарламаны орыс тілінде беруді қалайды екен. Иә, орыс тілі дендеген солтүстік өңірде қазақтардың (әсіресе, жастар жағы) 80 процентке жуығы ана тілінде шала сөйлейді немесе түсінбейді деген дерек дәл келіп отыр осы мысалдан-ақ. Амалсыздан көпшіліктің ырқына бағынуға тура келді.

Нарықтың талабы да, тәртібі де қатал. Тағы да телебағдарлама турасындағы оқыс оқиға бізге осы қағиданы қапысыз ұқтырды, миымызға шегедей қадалтты, толғантты, тыншытпай ойландырды. Былтырғы жылдың басында облыс орталығында өз экранын жақын төңірекке көрсететін «Ишим-ТВ» студиясы бізге апта сайын өз бағдарламасын жариялап тұруды ұсынды. Тегін. Ақысы үшін - орыс тілінде бес-алты шағын жарнама жариялап тұруды талап етті. Бақсақ: олар бұрынғы ұяласы - орыс газетімен баға жөнінде келісе алмай ренжіскен де, ерегіспен бізге бұрылып кетіпті. Келістік. Міне, қызықты қараңыз: былтырғы бірінші жартыжылдықта «Солтүстік Қазақстан» газетінің тиражы екі есе өсіп, Петропавл қаласының көшелерінде «Солтүстік Қазақстан» газетін орыстар таратып жүрді. «Жарнама - сауданың қозғаушы күші» деген осы екен. Телебағдарлама да жарнама емес пе?! Қайран қаласың. Құдай-ау, сонда ең

қызық мақала, ең қызық әңгіме, ең қызық фельетон жарнама болғаны ма? Халқымыздың мәдениет деңгейі мәңгүрттікке маңып бара жатыр деген топшылауларға осындай мысалдар озек болатын да шығар. Ал кей-кейде алқа қотан отырғандарға немесе көшеде күңкілдескен көп кеңестерге кездесе қалсаң да, ең қызық әңгіме жарнама, пайда жайы боларын көріп, нарықтың нығыз нығары иектеп жатқан заман ағымына бас шайқайсың. Бас шайқап тұра беру де қиын, іске, әрекетке ұмтылу қажет. Біз осы ақылы қызмет көрсету қамына жұмылдық, газет бетіне ашық құттықтаулар, еске алулар, түрлі хабарландырулар тамтұмдап жариялана бастады. Орыс газеттеріндегідей төрт бетті түгел алмайды, дегенмен ақша тамшылайды. «Өз күніңді өзің көр» деген дырау қамшы арқаңды осқылап ақша табудың алуан амалын айлалауға мәжбүр етеді қалам иелерін.

«Өз күніңді өзің көр». Күрмеуі күрделі қиын проблема. Әсіресе қазақ газеттерін қыл кеңірдектен қысып тұрған тығырық бұл. Осы шырғалаңнан шығудың жолы бар ма? Ойлап көрейікші. Бұрын талай тілге тиек болған дәйектерді дәлелге келтіруге болады: газет шығаруға қажетті нәрсенің бәрі шетелдерден алынады, түгел қымбат. Баспахана, пошта қызметтері де бағаларын аспандатып тұр. Соның салдарынан біздің газеттің әр данасының өзіндік құны 18 теңге болды. Осы есепті дөңгелетіп көрсек, «Солтүстік Қазақстан» газетіне бір жылға жазылудың нақты бағасы 2718 теңгеге жетеді. Мұндай қымбат газетті алуға қазір біздің оқырманның қалтасы жұқа. Сондықтан да біз өзіміздің негізгі тірегіміз - оқырман досымыздың бүгінгі мүшкіл халін ескеріп газетіміздің бөлшек саудадағы (көшеде сатқандағы) бір данасын 5 теңге, ал жылдың жазылымын 960 теңге етіп өзімізді өзіміз алдын-ала құлама жарға итеріп отырмыз. Қауіпті де қатерлі қадам ғой, әрине. Әзірге бізді облыстық Әкімият қолдап, құрылтайшының міндетімен демеп, жылына 4 миллион теңге дотация беріп жатыр. Онысына рахмет айтамыз. Ал нарық

реформасы тереңдеген сайын бұл демеудің демі де таусыла берері сөзсіз. Сонда қалай болады, не күн көресің? Бұл сұрақ дәл бір айбалтадай қыл мойынға төніп тұрғаны да шындық.

Қаңқу сөз көп. «Қазақ газеті нашар, ештеме жазбайды, қазақ мектебі нашар, терең білім бермейді, өз ағайындарымыз емес пе», «қазақ радиосын бұрап қалсаң, айғайлаған ән мен дыңғырлаған домбырадан басқа дым жоқ», «қазақ, теледидары термені төпелеп, домбыраны сабалап жатқаны». Бүйте берсек, теріс айналып тыжырына берсек, бара-бара «қазақ, қазақ» деген сөзге де тіксініп қалып жүрмейміз бе түбінде? Осы бір таңданарлық құбылыстың сыры неде? Бұл арада ғалымдар, әдебиетшілер, жазушылар, психология ілімінің білгірлері, әрі-беріден соң дәрігерлер жан-жақты зерттеу, ұқтыру сөздерін, пікірлерін айтса жақсы болар еді. Біздің солтүстік өңірдегі қандастарымыз жетпіс жылдан аса орыс сөзіне сіңіп кетті, олар орысша сөйлейді, орысша ойлайды, тіпті салт-дәстүрлері де, іс-қимылы да орысшаға ыңғайланып кеткенін көріп жүрміз. Мәселен, атқа теріс міне береді, шошқаны аллаәкпарын бірақ келтіріп бауыздайды да, майын шылқылдатып базарда сата береді. Осындай адамдарға «қазақ тілі» деп айтып көрші, «своим қазақ тили ты мне надоел» деп итеріп жіберуге жақындайды. Сондықтан мұндай дойырлықпен айқаса кету абырой әпере қоймайды. Төзімділікпен, ұқтырумен ғана жеңе аламыз. Ұзақ уақыт қажет, тездетеміз десек арандап қалуымыз да ғажап емес.

Қазақ газетін жайпап жамандай беру де жараса ма екен. Мен өзім «Солтүстік Қазақстан» газетінің оқырманы аз, оған жазылушы, оны алушы жоқ деп айта алмаймын. Осы таяуда бір жас жігіт кабинетке ентіге жүгіріп кірді.

- Сізді шақырады, - деді іс-міс жоқ.
- Кім?
- Бір кемпір. Төменде отыр.
- Ертіп әкелмейсің бе?

- Жүре алмайды. Отыр.

- Жақының ба?

- Жоқ. Танымаймын.

-Қасынан өтіп бара жатыр едім, редакторды шақыршы деді. Үлкен кісінің өтінішін орындағаным ғой.

- Ендеше рахмет, саған, - деп мән-жайды түсініңкіремей төменге түстім. Жетпістен әлдеқашан асқан Кәмалия Сейітахметова деген апай үнлеп отыр екен. «Жеткенім осы. Аяқты зорға басамын, көтеріле алмадым, кешу ет, құлағым естімейді. «Солтүстік Қазақстан» газетіне бір айға болса да жаздырыңдаршы, зейнетақыдан қалған аз-мұз ақша мынау. Елу жыл жолдас, сырлас болған газетім еді. Қазір үйде жалғыз қалдым. Осы газетті тосып отырамын», - дейді ентігіп. Мұндай газет қадірлегіш, газет сүйгіш адамдар көп. Ауылдардан келген хаттарды оқысаңыз: «Ауылда электр жарығы жоқ, теледидар, радио үндемейді, телефон жоқ, осы «Солтүстік Қазақстан» газетін тосып отырамыз. Пошта да дұрыс істемей жүр. Ана кезде поштаға жай жүргенше жалақы алсын» - деп балалы ойелдерді қоя салған, енді екі аяқты бір басуға ерінеді. Қазір газет таратуды да ұмытты. Осы мәселені жолға қойсаңдаршы», - деген жан айқайы ащы дауыспен жетіп жатады.

Үлкен проблема. Нағыз өзекті өртеген проблема. Облыстық пошта тасымалы басқармасы газетті оқырманға жеткізу жөнінде редакциямен шарт жасасты. Ал енді сол шарттағы міндеттемесін орындай алмай отыр. «Бензин жоқ, автокөлік жетіспейді» деген тәрізді желеулерді көп көлденең тосады. Жақында бұл мәселемен де айналысып, облыстық пошта тасымалы басқармасының басшылары жағдайды түзету жөнінде уәде беріп отыр.

Нарық талабымен айтсақ, біздің газетке сұраным жетерлік. Тек жұртты ақша жағы қинайды. Қарапайым есепке жүгінейікші. Қазір екі облыс қосылып отыр. Бір кезде «Көкшетау» га-

зеті 16 мың, «Солтүстік Қазақстан» газеті 10 мың данамен тараған екен. Бұрынғы екі облыстағы қазақтар саны барлығы 350 мың төңірегінде. Сонда қазіргі «Солтүстік Қазақстан» газетінің таралымы 25 мың данаға жетіп қалатындай мүмкіндік бар.

- Газетті сұраушылар көп. Газеттің алысқа ұшар қанаты - оқырман болса, қамықпа, ертең-ақ қабағың жарқырап күліп отырар күнің алыс емес, - деді досым. Оқырман достардың да оң тілеуі осы шығар. Ылайым солай болуға жазсын.

Халыққа ең жақын газет, ең қалаулы газет - облыстық газет деп түсіну керек. Өйткені жергілікті жұрт алдымен айналасындағы, өзі тұратын аймақтағы жаңалықтарды білгісі келеді. Хабарландыру, құттықтау бергісі келсе де, қолы тез жететіні және бергені тез жарық көретіні де облыстық газет. Деректер де осыны дәлелдейді. Мысалы, біздің облыста республикалық газеттердің қайсысы болсын мықтағанда бір мың дананың арғы-бергі жағында таралады, ал облыстық газеттің олардан бірнеше есе көп оқырманы бар. Қазақ ауылдарында негізінен «Солтүстік Қазақстан» газетін алдырады. Сондықтан да жергілікті баспасөзді дамыту әркімді ойландыруы тиіс. Жоғарыда қозғалған проблемаларды жергілікті жерлерде бірте-бірте шешуге болады. Оған уақыт, қажыр-қайрат, ынта-ықылас қажет. Ал нағыз күрделі проблемаларды шешуге жоғарыдан көмекке үміттіміз. Қазақ газеттеріне жарнамалар берілмейді, бұл тіпті тастай қатып қалған мәселе сияқты. Мәңгілік деп ұқсаң да болады. «Жарнама - нарықтың негізгі тұтқасы, қозғаушы күші» деп жар саламыз. Сонда орыс тілінде ғана жарияланатын көп жарнаманы қазақ жұрты көрмей, естімей, олардан мақұрым. қараңғы қала ма? Осы мүлде масқара құбылыс неге ешкімнің басын ауыртпайды? Мемлекеттік тілді нағыз кемсітушілік осы емес пе? Бір дастарханның басында отырамыз да, жіліктің майлы басы, қазы-қарта анаған тиеді де, мүжілген сүйек-саяқ (аудармалар сияқты) бізге қалады. Осы дұрыс па? Осыны

ойлауға бас, біліктілік, мәдениет, әдеп, өре жетпей ме? Ойлапайықшы. Ұрыспай-таласпай, ренжіспей-қаржаспай, күліп-ойнап келісіп отырып оңтайлы жолын табу керек.

Республиканың әлемдік деңгейдегі беделі өсіп келеді, таныла бастады. Түрлі халықаралық ұйымдар, қорлар елімізге үміт-пен қарап, көмек қолын бере бастады. Менің ойымша, осы көмектен қазақ баспасөзі сырт қалып бара жатқан сияқты. Сол қорлардан түскен қаржылардың бір бөлігін аз тарайтын облыстық, аудандық газеттерге жазылу үшін бөлген дұрыс шығар. Қалтасы жұқа адамдарға осылай көмектесу керек. Халықаралық қорлар өткізетін семинарлардың бірнешеуін облыстық, қазақ газеттерінің журналистеріне арнаса құба-құп. Сонда жергілікті қазақ журналистері әлемдік тәжірибенің нәріне қанығып, қалам қуаты толығар еді.

Менің бұл ойларым қазақ газеттерінің ертеңін толғаған тынымсыз жүректен туындаған нысаналар ғой. Жалғыз мен емес-ау, қалам ұстаған достарымның бәрі де дәл осындай мазасыз толқыныста.



ӨМІР АЙНАСЫ

Республикамыздағы байырғы газеттердің бірі – «Солтүстік Қазақстанның» алғашқы санының жарық көргеніне 75 жыл толып отыр. Бұл оқиға – қалам ұстаған журналистер, ауыл-село тілшілері, газеттің бүкіл жанашыр достары үшін үлкен мереке, облыстың мәдени өмірінде атаулы сәт екені де анық. Бүгіндері хатпен, телефонмен редакцияға жетіп жатқан жылы лебіздер, құттықтау сөздері облыстағы жалғыз қазақ газетіне арналған халық ықыласын, оқырман ілтифатын айқын

танытары сөзсіз. Халық өзінің сүйікті газетін облыс өмірінің айнасы ретінде жоғары бағалайды, өзінің айнымас досы, сырласы, ақылшысы деп біледі.

Газетіміздің алғашқы саны 1920 жылы Омбы қаласында «Кедей сөзі» деген атпен жарыққа шықты. Үш-төрт айдан соң газет редакциясы Петропавл қаласына көшіріліп, осында тұрақты өрісін тапты. Содан бері заман ағымына қарай оның аты да бірнеше рет өзгеріп «Бостандық туы», «Кеңес ауылы», «Ленин туы» болып жаңарып отырды. Ол ресми түрде партиялық органның туын көтеріп, саяси мақсатты көздегенмен де өзінің беттерінде халықтың ой-мүддесін, халықтың үнін айқын бейнелей білді, облыс өмірінің шын мәнісіндегі айнасына айналды.

Бүгінгі көзқарастың, бүгінгі сана-сезімнің биігінен ой толғап, газет өткен жолға көз салсақ бұрынғы айтылып жүрген тұжырымдардан басқаша байламдар айтылуы ғажап емес. Еліміз жүріп өткен соқтықпалы соқпақты кезеңдер оның беттерінде өз белгілерін қалдырғаны мәлім. Қателіктер, жаңсақ пікірлер болғаны да рас. Қалай десекте газет өзінің беттерінде негізінен халықтың хаттарын жариялады, халықтың мұң-мұқтажын жоқтаған қамқоршысы болып, әр шаңыраққа, әр оқырманға шындық сөзін жеткізді.

Жақсы өмірге, жайсаң заманға ұмтылу, бостандықты, еркіндікті аңсау адамзаттың ежелгі арманы. Осы арман жолында халқымыз қандай қиын асуларды кешіп келеді десеңізші. Қанқұйлы шайқастар дауылы біздің өңірді де аударып, төңкеріп өтіп, жақсы мен жаманның жігін ажырата алмас күндер де кешті. Жақсылыққа, жарқын жағалауға жетеміз деп жүріп өткеннің, өткеннен қалған белгінің бәріне тамырын қырқып балта сілтегеніміз де өкініште. Ол өкінішті бүгін ғана терең сезініп у жалағандай боламыз. Жаңа өмірге сол ұмтылыстың өзі қазақ даласын дүр сілкіндіргені айқын. Қарапайым адамдар, қатардағы жандар қайраттанса, еңбек етсе, ұмтылса, білім-ілім жолы-

на түссе алғы сапқа шығатынын түсінді, көкірегі оянып, оңсолына ой көзін қадайтын сатыға көтерілді. Міне адамдардың осы өсу, серпілу тұсында облыстық газеттің де айтарлықтай маңызды роль атқарғанын айту қажет. Әсіресе, сауатсыздыққа қарсы күрес кезінде біздің газетіміз үлкеннің де, кішінің де қолынан түспейтін оқу құралы іспетті болғаны анық. Қарақұрым киіз үйдің ішінде «Кедей сөзін» ежіктеп оқып, тіл сындырып у-шу болып мәре-сәре тапқан қазақ жалшы-жақыбайларының үмітке ұмтылысына Сәбит Мұқанов өз әңгімелерінде айтып отырушы еді. Газет халықты ілім-білімге, озық үлгілерден үйренуге, бірлікке, тірлікке – жаңа өмір сүруге шақырды. Бұрын ана тілінде газет көрмеген қазақ үшін облыстық баспасөздің ықпалы, әсері, өмір танытушылық құдіреті өлшеусіз болғаны шындық. Жиырмасыншы жылдары Ақмола губерниялық партия комитеті мен губерниялық атқару комитетінің органы болған «Кедей сөзі» Петропавл, Көкшетау, Ақмола, Атбасар, Омбы уездеріне тарады. Осы аймақты ойша шамалап байқағанның өзінде газет сөзі қаншама жұрттың жүрегіне жеткенін аңғару қиын емес. Бүгінгі мөлшермен айтсақ, Солтүстік Қазақстан, Көкшетау, Ақмола, Қарағанды, Жезқазған, Қостанай, Павлодар, Торғай, Омбы облыстарының көп жерін қамтыды.

Ақмола губерниясының орталығы Петропавл қаласы болып, кейін құрылған облыстар бізден отау болып бөлініп енші алып шығып жатты. 1932 жылдан 1936 жылға дейін Ақмола губерниясының біраз жері Қарағанды облысы деп аталып, оның орталығы – Петропавл, оның газеті «Ленин туы» болды. Осы фактілердің сырына тереңірек үңілсек – біздің газетіміз сол бір қиын шақта республиканың солтүстік өңіріне шындық сөзін жеткізген бірден-бір баспасөз органы деп бүгін мақтанышпен айта аламыз. Біздің редакцияда бір кезде қызмет істеген қаламгерлердің санына көз салыңызшы. Бәрін тізбектемей – кейбіреуін ғана айтайын: Мағжан Жұмабаев, Сәбит

Мұқанов, Хамза Жүсіпбеков, Диқан Әбілев, Елжас Бекенов, Жиенғали Тілепбергенов, Әлжаппар Әбішев, Жақан Сыздықов, Ғалым Малдыбаев; Сафуан Шаймерденов, Хамза Абдуллин... Бұл есімдер қазақ әдебиетінің көркіне айналғанын көркемсөз құдіретін түсінетін әрбір оқырман жақсы біледі. Осының өзінен-ақ газет бергісі облыс, арғысы республика көлемінде қаншалықты игі істерге ұйтқы болғанын сезіне аламыз.

Еліміздегі елеулі оқиғалардың бәрі де газет беттерінде өз көрінісін тауып, оқырман назарына жетіп жатты. Ұлы Отан соғысы жылдарындағы қиын шақта алыстағы ауыл адамдары «Ленин туының» әрбір санын сағына тосып, қолына тисе басына жастап қойып қайта-қайта оқып жүрді. Соғыстан кейінгі халық шаруашылығын қалпына келтіру, қалалардың, ауыл-селолардың бой түзей көркеюі, тың игеру сияқты бүкіл халық болып қолға алған ауқымды істер газет беттерінде үзбей жазылып, толғағы таусылмайтын түбегейлі тақырыптарға айналды.

Ия, газет өткен белестердің бәрін атап шығу мүмкін емес. Кешегі 37-ші жылдың қара дауылы да, соғыс өртінің жалыны да редакция шаңырағын шалмай кеткен жоқ. Бір сәттің арасында газет редакторы Сейілбек Үсенов, оның орынбасары Шайдолла Молдабеков, жауапты хатшы Абдолла Сәдуақасов халық жауы деп ұсталып, үшеуі бір аптаның ішінде атылып кетті. Журналистер Зүбәйір Әйіпов, Қайыр Қабдошев, Сұлтан Дәуітов майдан даласынан оралмады. Мерекe үстінде олардың аруағына да тағзым етеміз.

Газеттің 75 жылдық ұзақ жолында редакцияда журналистердің бірнеше ұрпағы қызмет істеді. Олардың тізімі бүгінгі нөмірде жарияланып отыр. Олардың адал еңбегіне, талантына, іскерлігіне арналған құрметіміз ешқашан суымақ, ортаймақ емес. Біз бүгін солар салған жолды әрі жалғап, солардың бастаған жақсы ісін ілгері дамытып отырмыз деп білеміз.

«Заман өзгерді, енді газеттің де сыпаты өзгеретін шығар,

газеттің болашағы қандай болмақ?» деген тәрізді сұрақ біздің алдымызға соңғы кезде жиі қойылып жүр. Әрине бұл сұрақтың қойылуы да орынды. Өйткені біздің оқырман достарымыз газет тағдырына алаңдай бастады. Нарық сабазың қазақ газеттерін қыл кеңірдектен сығып бара жатқанын бәріңіз де көріп отырсыздар. Той үстінде күйініштен туындаған проблемаларды айтпаса да болар еді, бірақ біз оқырмандар түйткілін жанашырлық, камқорлық белгісі деп түсініп өз ойымызды білдіре кеткенді жөн көрдік. Шындықтан қашып құтыла алмайсың. Қаржының тапшылығы, қағаздың жоқтығы бізге көп қиындық келтіріп, газет тиражы төмендеп қалғаны рас. Мұның өзі күнкөріс күрмеле бастады деген сөз. Өтпелі кезеңнің өз ерекшеліктері бар. Осылай боларын сезгенбіз. Енді шыдау, төзу керек. Қазақ мемлекеті нығайған сайын, қазақ тілінің өрісі кеңейген сайын қазақ газеттерінің де жағдайы түзеліп, мәртебесі өсеріне сенім зор. Жетпіс жылдан аса төбеден түйгіштеп төмендетіліп келген қазақ газетін бірер жылда ұшпаққа көтере қою қиын екенін түсінеміз де төзімділік торысының тізгінін тарта түсеміз. Өйтпесе бола ма?!

Осыдан үш-төрт жыл бұрын газетіміздің тиражы он мыңды төңіректеп қалып, облыстағы қазақтардың санына шаққанда республика бойынша жоғары көрсеткішке жетіп қалып еді. «Облыстағы жалғыз қазақ газеті - әрбір қазақ отбасының төрінде тұрсын» деген ұранымыз да жүзеге аса бастаған. Өтпелі кезең қиындығы түзелген тұста сол қарқынымыз қайта арнасын алар деп үміттенеміз.

Қазір газет аптасына бір кездегідей бес рет емес, үш рет шығатын болып облыстық мәслихат шешімімен бекітілді. Енді бұрынғыдай емес, шығармашылық және техникалық қызметкерлер саны да едәуір қысқартылып, шағындалды. Осы аз құрамның да газетті сапалы, мазмұнды көрікті шығаруға қуат-күші жеткілікті. Шығармашылық құрамдағы қызметкерлердің бәрі де

жоғары білімді, көбі мол тәжірибе жинақтаған жандар. Олардың есімдерін оқырмандары газет бетінен іздеп отыратын болды. Болат Қожахметов, Мереке Тұралин, Зарап Құсайынов, Әскер Әбілқайыров, Мұрат Нұрмұқанов, Зейнолла Әкімжанов, Жоламан Шаханов, Өмір Есқалиев, Шашубай Малдыбаев, Құрман Рамазанов, Қошан Қалиев, Амантай Арықбаев, Тоқтар Зікірин, Жексенбай Өстеміров, Еркебұлан Нұржанов сынды журналистер ойлы мақалаларымен, проблемалық толғауларымен, әңгімелерімен, өлеңдерімен, фоторепортаждарымен, сұхбаттарымен облыс жұртшылығына таныльған қаламгерлер. Бүгінде газетіміз нарық теңізінде желкен көтеріп, қиындықтың қара дауылына қарсы қасқая жүзіп бара жатса – мұның өзі шығармашылық топтың күш-жігерінің, еңбек-қайратының желісі деуіміз керек. Олар әлі де оқырман достарының ойынан табылып, газет бетінде жақсы дүниеліктерімен қуанта берері де анық.

Мерейтой үстінде талай жылдар бойы редакциямен байланысын үзбей хаттар жазып, хабарласып тұратын жұмысшы, ауыл-село тілшілерінің есімдерін де атаған ләзім. Жұмаш Сейітбеков, Мұрат Ережепбаев, Жақила Жолмұқанов, Әли Кенжетаев, Әбжатай Сұраганов, Мырзатай Баймақанов, Жүніс Ізбасов, Қырғыз Мұсабаев, Сәркен Құлмағанбетов, Қойшыбай Шәниев, Қазиқан Бегалин, Сағынай Аяпбергенов, Есім Мырзақаев, Мүкіжан Оразымбетов, Мағаз Нұртазин, Ұмсын Мусина және басқа көптеген тілшілеріміз алды қырық жылдан соңы жиырма жылдан бері үзбей редакциямен байланысып, хаттар жазып тұрады, баспасөз тарату кезінде газетімізге жазылуды ұйымдастыруға белсене араласады. Осынау қаламының желі бар елгезек жандарға мың да бір алғысымыз арналады.

Өтпелі кезең газет өміріне таңбасын түсірмей қоймайды әрине, қаржы, қағаз тапшылығынан шығу мерзімі бұзылуы мүмкін, ол уақытша нәрсе емес пе. Ал келешекте оның тиражы өсіп, көп оқырманын табарына сенім зор. Әрбір қазақ от-

басында қазақ газеті төрде тұруы тиіс қой. Ой-санада осындай ұғым орныққанда, жүректе осындай сезім сәуле шашқанда ғана қазақ газеті жарқырап көріне алады.



ДУМАНДЫ ДАСТАРХАН

Алпысыншы жылдардың басы болатын, әрине өткен ғасыр ғой. "Ленин туы" газетінің редакциясына жорналшылардың жаңа толқыны келіп дуылдап жатқан кез. Абай Қазиев, Мырзағали Серғалиев, Клара Шәкірова Алматыда университеттің журналистика бөлімін бітіріп үшеуі бірдей келді. Олардың алдында Айтжан Бәделханов, Самат Рахымберлин, Дүйсенбі Әуелбеков, Ожан Қалиев, Кенжебек Есімов жоғары оқу орындарынан үш-төрт жыл бұрынырақ келіп, қаламдары ұшталып қалғандар. Соңдарын ала университеттен мен, бір жылдан соң Сабыр Сауытбаев редакция қызметкерлері қатарына қосылдық.

Редакцияда жастар басым. Газет ол кезде аптасына бес рет шықса да жұмыс ырғағы бұзылмай бабымен жүріп жатады. Жарыса жазамыз. Шабытты шақ еді бір.

Бос уақыт шахматпен, ән-күймен, әдемі әңгіме-дүкенмен дуылдап өтеді. Бір-біріміздің үйімізге шақыру тоспай сау етіп кіріп баратын қазағымның кең пейіл, есігі ашық, дастарханы жиылмайтын кезі.

Бір күні сенбіде қызметтен шығып бара жатқанымызда Әбекең (Абайды көбі осылай атайтын):

– Қолдарың бос болса біздің үйден шай ішіп кетіңіздер,- деді күлімсіреп.

– Қазір ме?-деді Дүкең жұлып алғандай.

– Шай қазір-ақ қайнамай ма! - Әбекең даусы нық.

– Бәсе, әйтпесе Әбекең боласың ба! - Дүкең де тұтанып кетті.

Қарашаның іші, бір топ болып, күліп-ойнап Әбең үйіне қарай ет комбинатын беттеп автобуспен тарттық. Жұбайларымыз да қосылды. Шіркін, көңілі көлдей қазағым-ай, үйде дастарханды жайып тастайтын жеңгеміз бар ма, жоқ па, дастарханның мәзірі қалай, ол жағы қаперге де алынбайтын дарақы тұсымыз. Әбекең айтты, бір қора болып ілестік.

Үшінші қабаттағы үш бөлмелі кең үйге кіріп келгенде Ұлжан жеңгеміз бізді тосып отырғандай күлімсіреп қарсы алдымыздан шықты "Төрлетіңіздер, шешініңіздер" деп жатыр.

Үй иелері де, біз де қысылып-қымтырылып жатқан жоқпыз. Жайланып, жайғастық та, шахмат ойнадық, домбыра тартып, ыңылдап ән салдық. Арасында әзіл-қалжың аралас әңгіме өрбітеміз. Сондай бір жанымызға жаққан көңілді отырыс еді. Әйелдер жағы жеңгемізбен шүйіркелесіп, ас бөлмесін ілездің арасында жас еттің исімен бұрқыратып жіберді.

Ол кезде редакцияда өтетін лездемелер қызық болатын. Өткір сын да айтылып жататын. Кейде оның соңы осындай кештерде де жалғасып кетеді. Әбекең үйінде де фельетонды редакциядағы күндізгі талқылауымыз қайта жалғасып дуылдап қалдық. Ас бөлмеден келген Әбекең айғайды салды:

– Қазір ет келеді. Кәне қол жуыңдар. - Дуылдаған дауыстар сап бола қалды да, жұрт қол жуғышқа беттеді.

– Таң атқанша керілдестіріп, тамақ бермей қатыру керек еді,- десіп келіншектер күлісе түседі.

– Мен сендерге таң атқанша өлең айтқызамын, жібермеймін,-деп үй иесі маңдайына түсе беретін ұзын шашын қайта-қайта қайырып кеңкілдеп күледі.

Дастарханға буы бұрқырап бір табақ ет те келді, шынылар мен қырлы стақандар сылдыр-сылдыр етеді. Ет туралып, қау-

жаңдап алғаннан кейін "алып қояйық" деп екі-үш рет тамақ жібітіп алдық. Отырғандар көңілденіп, өзара әңгіме де өрбіді. Әйелдер күбір-сыбыр, еркектер жағы ду-ду. "Аш қарынға майлы ас барған соң жұбанып" жүзіміз қызара бөрткен тұста Үлжан жеңгеміз жұрт сәл саябыр тапқан тұсты тосты да қонақтар назары өзіне ауғанда әсем даусымен сызылтып "Қыз Жібек" операсынан Жібектің ариясын әуелете жөнелді. Бәріміз тына қалдық. Тұла бойды балқытқандай әсерлі. Риза болып жатырмыз.

Жібектің ариясы аяқтала бергенде балалар бөлмесінен даусын аспандата құйқылжытып Абай ағамыз шыға келді. Әлгі бір кезде орнынан тұрып кеткен, басына елтірі бөрік, иығына плащ жамылыпты, шырқатқаны Төлегеннің ариясы.

Отырғандар қол шапалақтап жіберді. Бәріміз мәз-мейрам-быз. Дүйсенбінің де делебесі қозып, қозғалақтай бастады. Дүйсенбі мен Мырзағали кез келген музыкалық аспапта ойнай жөнелетін. Қалима жеңгеміз (Дүкеңнің жұбайы) режиссерлік өнерге жақын. Клара, Дәмелінің дауыстары әжептәуір. Міне олар да мынадай қызықтың беталысына елегізіп, қосыла кеткілері келіп, қас-қабақтары, жүздері сазды ырғақ іздегендей ыңғайлана түсті.

Табақтағы ет те, айнала стақандар да жайына қалды. Төлегеннің ариясы махаббат лебімен төгіліп баяулап қайырылғанда ас бөлмеден Дүйсенбі одырандап шыға келіп Қодардың ариясын дөң айбатпен дүңкілдетті.

– Е, бәсе!

– Міне керемет.

– Осыдан артық не керек! – десіп дуылдата қол соғамыз қуанып. Дүкеңнің қолында қылыш құсатып ұстаған оқтау. Әбекеңнің бес баласы да біздің ортамызда сық-сық күліп мәз. Қалима да орнында қозғалақтап ақырын қасындағыларға сыбырлайды: "Хорға қосылыңдар. Операдан хор".

Дүкең арияны аяқтап ас бөлмеге бұрыла жөнелгенде

әйелдер мен еркектер Халиманың қолы көтерілуі мұң екен, хорға қосылды.

Операның кішкене ғана үзіндісі дастархан басында осылай бір жарқ етіп аяқталғанда бәріміз керемет мәз болысып, қуанып, мәре-сәре дуылдастық.

Біраздан соң осы сәтті тағы қайталап, түзетулер енгізіп рахаттанып күлісіп, іште тұнған өнерге таңырқап қайран қалысып жалықпай әңгімелестік.

Қуанышымыз шексіз, жүрек лүпіл қағады, тап-таза көңіл, аппақ пейіл, аңқылдаған ашық дауыс... Іркілткен, күмілжіткен титтей де түйткіл жоқ... Қандай ғажап еді. Осы кешті біз көпке дейін ұмытпай сағына еске алып жүрдік. Әбекең үйіндегі сол кеш-ай... Көлдей көңілі-ай - қаламды желдіргендей жебеу қуат емес пе еді...

Мен Әбекеңмен университетте журналистика бөлімінде одан екі курс төмен оқыдым. "Ленин туында" бірге қызмет істедік. Хат, одан кейін өнеркәсіп бөлімдерін басқарды. 1963 жылы сәуір айында Н. С Хрущевтің (бүкіл жорналшылар осылай дейтін) зорлығымен Қазақстанның солтүстігіндегі бес облыстың қазақ газеттері таратылып, бытырап-бытырап кеттік те, Әбекең Преснов ауданындағы Жамбыл орта мектебіне директор, мен мұғалім болып қызметке барып, бірер жыл бірге істедік. 1965 жылы "Ленин туы" қайта ашылғанда қайта жиналдық.

Әбекең өмірінің соңына дейін "Ленин туында" қызмет істеп, осы газеттің көркеюіне, көп тарауына көп үлес қосқан талантты жорналшылардың бірі еді. Қаланың өнеркәсіп орындарынан проблемалық материалдар, очерктер жазды. Хат бөлімін басқарғанда аудандарды жаяу-жалпылап аралап, газетті тарату-мен, ауыл-село тілшілерін газетке тартумен айналысты. Ақын еді. Газет-журналдарда, жинақтарда өлеңдері шығып тұрды.

Редакция кәсіподақ комитетінің төрағасы болып қоғамдық жұмысты да Әбекең ықыласпен, тиянақты атқарды. Редакция-

да жаңа жыл шыршасын құрып, өзі Аяз ата болып, ән салып балаларға сыйлық үлестіріп, қызық-думан дуын шалқытудан шаршамайтын.

Кешегі "Ленин туы", ("Солтүстік Қазақстан") газеттерінің беттерінде жорналшы Абай Қазиевтің де сайраған шығармашылық іздері жатыр.

Әбекеңнің шаңырағының оты сөнген жоқ. Үлжан жеңгеміз кенже қызымен сонда. Қызы Ғалия халық емшісі, қолының шипасымен көпке танылған білікті жан, ұлы Жеңіс Астана қаласында кәсіпкер, екінші қызы Әлия заңгер, Петропавлда өз фирмасын құрған. Бәрі бір-бір отау иесі. Әбекең ағасы Қайырбек те көп жыл ұстаз болған "Ленин туына" жанашыр жан еді. Қазір оның баласы Қуат ауылдағы ірі кәсіпкер, басқа балалары да бір-бір үйдің иесі. Елге сыйлы азаматтар.

САПАРНАМА

АБАЙ ЕЛІНДЕ

(қойын дәптерінен)

АБАЙ ТОЙЫНА баратын біздің облыстың делегациясы «Икарус» автобусымен бір күн жүріп Павлодарда түнеді де, таңертең Семейге бет түзеді. Павлодардан суырылып шыққанда-ақ Абай елінде басталып жатқан ұлы тойдың лебі жеткендей болды. Жолшыбай ағылған машина. Бәрінің де беті - Абай елі. Ал қарсы ұшырасқан көлік шамалы. Жұрттың бәрі той қызығына асығып, алып-ұшып, бірімен бірі жарыса зулап бара жатқан сыңайлы. Біздің делегацияның құрамында он адам: облыс әкімі В. К. Гартман, облыс әкімінің орынбасары М. Қ. Қанафина, Тимирязев ауданының әкімі М. В. Трошихин.

облыстық телерадиокомпаниясының төрағасы М. М. Қанғожин, М. Жұмабаев атындағы кеңшардың директоры О. Ш. Сағындықов, облыстық «Қазақ тілі» қоғамының төрағасы Қ. Ә. Омаров, «Дослук» татар-башқұрт қоғамының өкілі С. Ғайсин, Сергеев аудандық мәдениет үйінің көркемдік жетекшісі Г. И. Белова, Солтүстік Қазақстан университетінің ректоры А. М. Малыгин және осы жолдардың авторы болды.

Ұлан асыр той болған соң өнерлі ақын, жыршылар, бишілер, термешілер, сазгерлер қосшылыққа бірге еретін қазекемнің салты бар емес пе. Біздің топта облысқа әйгілі таланттар Айгүл Мұхамеджанова, Дәстен Баймұқанов, Асқар және Шәкизада Байбатжановтар, Жамбыл ауданындағы «Мерей» ансамблі болды.

Үш күнге созылған тойдың бүге-шүгесіне дейін тәптіштеп, тізбелеп жатудың қажеті бола қоймас. Оны республика теледидары басынан аяғына дейін көрсетті. Оқырман достарымызбен өз әсерімді бөліскен, өз «ауылымыздың» айналасында өткен оқиғаларды әңгімелескен дұрыс шығар деп ойладым.

Ұлы Абайдың туғанына 150 жыл толу тойына әзірлік осыдан бес жыл бұрын Үкіметтің арнаулы қаулысымен қолға алынған болатын.

Абай өлеңдерінің жүректе от тұтатып, ой қозғар шұғылалы шумақтары орыс және қазақ тілдерінде жазылған.

Жүрегіңнің түбіне терең бойла,
Мен бір жұмбақ адаммын оны да ойла.
Соқтықпалы, соқпақсыз жерде остім,
Мыңмен жалғыз алыстым кінә қойма! - осы шумақ жазылған үлкен тақтаның алдында ойға шомып үнсіз іркілген қалың топты талай көрдік.

Ішім толған у мен өрт,
Сыртым дүрдей,

Мен келмеске кетермін түк өндірмей.
Өлең шіркін - өсекші жұртқа жаяр

- Абай жарықтықтың әр сөзі алтын емес пе?! Қайран данышпаным-ай, -дескен жүрек жарды лебіздер қалың лектің ішінен үзілмей естіледі, ақ көңілден ақ жүрекпен айтылады.

Тойдың бірінші күні Семей қаласында өтті. Түс кезінде Абай мұражайы кешенін салтанатты ашу рәсімі болды. Оған Президент Нұрсұлтан Назарбаев қатысып көк лентаны қиды. Мұражай кешені жаңадан салыныпты, қасында қарағайдан қиылып салынған мешіт пен медресе тұр. Абай жас шағында осында оқыған қалпы сақталған. Мұражай кешенінің еңсесі биік, іші кең, түгел ақ мәрмәр тас төселген, оның үсті түгел кілем. Экспонаттардың жүйелі жүктелуі, залдарға бөлінуі, жалпы мұражайдың көркемделуі, безендірілуі Абайдың жастық шағынан, өсу, толысу кезеңдерінен, ол өскен ортаның болмысынан, қайшылықтарынан көп деректер, мағлұматтар береді, ақын шығармашылығының кезеңдерінен, биіктеу баспалдақтарынан танымақ дәйектемелерді көз алдымыздан өткізеді.

Абай мұражайынан шыққан көпшілік осы қаладағы екінші елеулі мәдени ескерткіш - орыстың ұлы жазушысы Федор Михайлович Достоевскийдің мұражайына қарай ағылып бара жатты. Бір қалада екі данышпанға екі мұражайдың арналуы да жарасып тұрған ынтымақ тәрізді көрінеді. «Федор Михайлович Достоевскийдің Семейдегі мұражайы ұлы жазушының Мәскеу мен Санкт-Петербурттегі мұражайларынан жақсы», - деді бізге мұражай қызметкерлері. Оларға бұл пікірді мәскеуліктер мен санкт-петербургтіктер айтқан екен. Бұл фактінің өзі де жүрек жылытады. Біздің еліміздегі халықтардың татулығын, өзара сенімін айғақтайтын бір өмір шындығы осы екені сөзсіз. Абай мұражайында да, Достоевский мұражайында да орыс, қазақ және басқа ұлттардың аруағына тағзым етіп, разы пейілмен рахатқа бөленіп жүрді.

Кешке қарай облыстық драма театрында Абай мерекесіне арналған салтанатты жиналыс болып, оған Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаев, ЮНЕСКО-ның бас директоры Федерико Майор, Татарстанның Президенті М. Шәймиев қатысты.

Түнде Ертіс өзенінің жағасындағы арнаулы алаңда Мәскеуден, Ташкенттен, Алматыдан және басқа қалалардан келген өнер жұлдыздары үлкен концерт берді, Абай жырлаған «Желсіз түнгі жарық ай» аясында фейерверк оттары шашырады. Семей таңы атқанша мақпал түнді Абай әндері тербетіп тұрды.

Тойдың екінші, үшінші күндері Абайдың туған жеріне - Абай ауданына ауысты. Аудан орталығы Қарауыл ауылы Семейден 180 километрден аса жерде орналасыпты. Асфальт жол тартылып, тәртіпке келтірілген екен. Павлодардан Семейге дейін жолдың қос қапталы екпе тоғаймен, қайыңды, қарағайлы шоқтармен өрнектеліп, кең жазықтың тақтасы онша көз талдыра қойған жоқ еді. Қалаға жақындаған сайын құмдақ қырқалар жасыл қарағайға сыңсып жұпар аңқыта жайнап сала берген-ді. Енді міне Семейдің құшағынан шыққан соң-ақ іркіс-тіркіс жалғасып, бірін-бірі баспалап созыла беретін қырат-төбешіктер жалаңаш төстерін күнге қақтап, қатал қабақты шытқыл шырай танытады. Төбешік-таулардың етегі көкорай шалғын, жапжасыл болған нұрымен жанар жаулайды. Бейне бір көктемнің мол жаңбыры мен шақырайған ыстығынан соң көк дүркірей көтеріліп, қалы кілемдей құлпырады. «Биылғы Абай жылында Сырымды тоқтатайын айта бермей, - деген жолдардың салмағы, сыры қаншама десеңізші. Ірі әріптермен көк матаға әспеттеп жазылып, көшеге керіле тартылған ақынның осындай сөздері кімді болсын еріксіз кідіртеді екен. Көшеде ағылған қалың нөпірдің қайсы болсын жүректе жаттап тебірене оқып тұрғанын байқадық.

«Абайды жаңаша оқу керек, жаңаша зерттеу керек» деп

айтысып жүр ғой қазір ғалымдар да, жазушылар да. Бұл пікір дұрыс та шығар. Өйткені қоғамдық көзқарастың ықпалы кімді болсын өз иіріміне түсірмей қоймайды. Бұрынғы «социалистік реализмнің» тоқпағы Абай туындыларын да өз қалыбына салып, төпелеп жібергенін бүгін біліп отырмыз. Енді міне «Абайды жаңаша оқу» осы тойдан басталған сынды. Бір сәт осы құбылысқа ой тоқтатып зер салып қарайықшы. Дәл бүгінгідей «Абайды оқу» ешқашан мұншама орасан өрісті, кең құлашты болып көрген емес. Зырқыраған заман екпініне таң қаласың. Абайдың суреті мен өлеңдері көшелерде, үйлердің сыртында, ішінде, жас жігіттер мен қыздардың арқасы мен кеуделерінде (киімдерге дейін басылыпты), қолға ұстайтын пакеттерде, дастархан үстінде (ыдыс-аяқтарда), ұшақпен аспаннан тасталған парақшаларда, сауда жаймалары мен сөрелерінде... Жарнаманың, насихаттың құдіреті осы емес пе, Абай рухы төңіректі түгел жайлап тынысыңызға дейін кеулеп кеткен тәрізді. Мұндай жағдайда отырғанда да, тұрғанда да Абай жырларын күбірлеп жаттап, әр сөзінің салмағын саралайсыз, таңырқайсыз, тамсанасыз, құдіретті жырларды жаңаша оқып толғайсыз.

ОСЫ ТОЙ үстінде біз Абайдың данышпан ойшылдығы, Ұлы ақындығы әлемдік деңгейге көтерілгенін жан жүрегімізбен сезіндік, өреміз көтеріліп, мақтанышқа бөлендік. Абай тойы қазақ халқының мерейін бір көтеріп, әлемге танытқаны да рас-ау. Осы мерекеге арнайы сапар арнап шетелдерден қаншама қонақтар келді десеңізші. Астанамыз Алматыдан басталған салтанатқа Ресейден, АҚШ-тан, Англиядан, Германиядан, Түркиядан және көптеген таяу шетелдерден мемлекет қайраткерлері, көрнекті әдебиетшілер, ЮНЕСКО-ның бас директоры Федерико Майор келді. Осының өзі-ақ Абай мұрасын дүниежүзілік деңгейде жаңаша танудың айқын көрінісі деп Қазақстан Республиканың Президенті Нұрсұлтан Назарбаев Алматыдағы салтанатта Абай туралы жасаған баяндамасында былай деп

атап көрсетті: «Абайдың аты жаңаша асқақтап, халқымыздың мәртебе-мерейі жаңа биікке келеді. Бір кезде абзал ақынымыздың асыл мұрасының таптық идеология табанында тапталып қалмай, жаңа ұрпақтармен бірге жасайтын мәңгілік құбылысқа айналғанына қуандық. Сосын оның қадір-қасиетінің өз аумағымызбен шектеліп қалмай, іргелес халықтар мен елдерге де кеңінен танымал бола бастағанына масаттанып марқайдық. Ал бұл жолғы сүйінішіміздің жөні тіптен бөлек. Ол үшін бір-бірімізді қуана құттықтап, бір-бірімізден шүйліге сүйінші сұрасақ та ешқандай ерсілігі болмас еді».

Президенттің осы сөзі Семейдегі тойдың да алтын арқауына айналды десек артық айтқандық емес.

- Той құтты болсын.

- Шіркін-ай, төбеміз көкке жеткендей болды-ау, біздің өңірге бір жақсылық келді, жаңбыр толас таппай тұр. Жылда бұл уақытта осы өңір шөбі құрап, қара тақыр болып қалушы еді, биыл міне алланың берген несібесі емес пе жеріміз көкпеңбек», - десіп абайлықтар шын жүрегімен қуанысады.

Той өтетін орын - Киіз үйлер қалашығы Қарауылдан бес километрдей жерде. Жөңкілген машиналар ағыны сол жерде тоғысып жатыр. Құжынаған халық, қаптаған машина. Ақшаңқан киіз үйлер қатаң тәртіппен түп-түзу көше-көше болып тігіліпті, ұзындығы 3,5 километр, периметрі 8 километр, барлығы 1500-дей киіз үй ірге көтерген. Әр облыс, Семейдің әрбір ауданы, мекемелері өз ауылдарын орнатқан. Солардың ішінде ең комақтысы Семей және Жезқазған облыстарының киіз үй ауылдары. Жезқазғандықтар жер шалғайлығына қарамастан 60 үй тігіп, мыңға тарта адам келіпті. Ал біздің облыстан Мағжан Жұмабаев, Сәбит Мұқанов, Ильич атындағы, «Бұлақ» кеңшарлары киіз үйлерін сәндеп көркейтіп бір ауылдың әсем ажарын танытты.

Екінші күннің басты оқиғасы - ақынның Жидебай қыстауында Абай мен Шәкәрім кесенесінің ашылуы болды. Қа-

рауылдан 26 километрдей жердегі бұл қыстауда орнатылған кесененің екі ақынға арналған екі биік мұнарасы әппақ болып аспанға тік шаншылып алыстан көрінеді. Отыз километрдей жердегі Киіз үйлер қалашығынан көзге айқын шалынып тұрды. Күндізгі сағат бірде тойға жиналған қара-құрым халық осы кесененің төңірегіне тоғысты. Жұрт кесененің іргесіндегі зиратта жатқан Зере, Ұлжан, Құдайберді бейіттеріне тағзым етіп, садақа тастап, құран оқып жатты. Абай мен Шәкәрім кесенесі ақ мәрмәр таспен көмкеріліп аса сымбатты етіп салынған екен.

Кесененің ашылу рәсімінде Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев сөз сөйлеп, «Зерде кітабына» қол қойды.

АБАЙ ТОЙЫ халқымыздың қонақжай, жомарт, ақкөңіл қасиеттерін анық танытқан үлкен мерекеге айналды. Абай мен Шәкәрім кесенесі ашылғаннан кейін түсте ұлы ақын аруағына бағышталып әр киіз үй де ас берілді, құран оқылды.

Той қызығы үш күнді толық толтырды деп айтуға болады. Қалашықтағы әр ауылдың қатарында құрылған ашық сахнада түні бойы таң атқанша Абай әндері әуелеп, Абай сүйген халық күйлері шалқып жатты.

Ақындар айтысы, ат жарысы, теңге алу, қыз қуу – қандай тойдың болсын сәні, салтанаты, нағыз дүбірлі думаны, күпілдеген қызығы той әрқашан. Ал, Абай тойында мұндай тамашалар ең жоғары дәрежеде ұйымдастырылды. Тойдың басты сахнасы таудың етегінде орнатылған екен. Таудың бүкіл бөктері көрермендер залына айналып кетті. Жұрт бірінен бірі асып, жоғарыға құстай қонақтап жатты.

Алдында қолымызға тиген бағдарламаға қарап: «Ақындар айтысына екі-ақ сағат беріліпті ғой», - деп көңіліміз қоңылтақсып қалып еді. Расында да айтыс бір кеште бітпей екінші күнге ауысты. Сөз семсерін суырып, сахнадағы сайыста өлең маржанын төгілткен ақындар арасынан алматылық жас жігіт Мұха-

меджан Тазабеков суырылып үздік көрініп бірінші орынды жеңіп алды. Екінші орында шымкенттік Әселхан Қалыбекова. Екеуіне де машина мінгізілді.

Ат жарысы халқымыздың ежелгі думаны емес пе. Жиырма километрлік жарысқа 130 сәйгүлік тізгін жұлқып, шаңға көміле шапқылап тартып еді. Қызылордадан келген тұлпар ешкімге дес берместен қара үзіп алда келді. Екінші орынды Қостанай, үшінші орынды Алматы облыстарының шабандоздары. Қырық километрлік қашықтыққа жарысқа 136 ат қосылған болатын. Олардың арасында бірінші орынды жамбылдық, екінші орынды алматылық, үшінші орында көкшетаулық шабандоз иеленді. «Түйе балуан» атағын алу үшін боз кілем үстінде өткен белдесулерде самбо күресінен Азия чемпионы, республиканың он дүркін чемпионы Самат Рамазанов қарсыластарының бәрінің жауырынын жерге тигізіп, жеңіс тұғырына көтерілді.

Жарыстардың қайсында болмасын бірінші орын алғандарға машина мінгізілді, ал одан кейінгі жүлделерге сүбелі сыйлықтар тапсырылды. Абай тойының жүлделері де есте каларлықтай қомақты, сүйекті болғаны жұртшылықты сүйсінтті. «Абай тойы, данышпан тойы осылай болуы керек қой», - десіп жатты халық.

«Осындай ағыл-тегіл дүниеге қаражат қайдан келді?» деген сұрақ кейбіреулердің көкейінде кептеліп тұрғанын, тек той үстінде тіл күрмеліп, үш шықпайтынын да аңғаруға болатын. Ия, бұл сұрақтың да сырына үңілген әбестік емес. Нарық заманында шығынның арғы тегі есепшотқа түсіп, таспен қағылып отырса әділдікке көз жетіп, көңіл орығады. Осы мерейтойға байланысты құрылыстарды салуға үкімет 200 миллион теңге бөліпті. Семейлік кәсіпкерлер тойдың мәдени шараларына ғана арнап 100 миллион теңге ақша аударған. Ал, республиканың басқа облыстарының тойға көмегі 30 миллион теңге екен.

КИІЗ ҮЙЛЕРДЕ жайылған дастархан басындағы әңгімелүкен, сыр-сұхбат, ойын-сауық та мәдениетті, өнегелі, үлгілі болғаны бәріміздің жүрегімізде ұмытылмас әсер қалдырды. Онда да Абай сөздері айтылды. Абай әндері шырқалды. Біздің орыс, неміс, татар және басқа ұлт өкілдерінен достарымыздың Абай тойына аса зор жауапкершілікпен қарап, оған үлкен әзірлікпен келгенін аңғардық. Бұл да бізге, халқымызға көрсетілген құрметтің, ілтипаттың белгісі деп түсіндік. Тимирязев ауданының әкімі М. В. Трошихин «Абай» эпопеясын, Абай өлеңдерін аса ыждаһатпен оқыған екен. Роман кейіпкерлерін, ақын жырларынан үзінділерді мүлтіксіз соғады. Академик А. М. Малыгин Абай қарасөздерінің пәлсәпасын тереңдете түсіндірсе, сазгер С. Ғайсин Абай әндерін шабытпен шырқатады.

Біздің дастарханда қонақ болған меймандар да өзгеше бір жылы жүзді, ізгі ниетті қымбат жандар еді. Екеуі жапон жігіті: Алматыда Жапония елшілігінің қызметкері Хироки Сакай және ғалым Томохико Уяма, ал бесеуі Түркиядан, Германиядан, Австриядан келген, ағайынды қазақтар: үлкені алпыс үш жастағы Кәбира апай, ал бұлардың басшысы Арыстан – Кәбираның қайынағасының баласы, Өмірхан, Қызырхан, Қалман – Кәбираның балалары. Кәбира Түркияда, Арыстан Германияда, Темірхан мен Қызырхан Австрияда, Қалман екі жылдан бері Алматыда тұрады.

- Біздің атамекеніміз Шығыс Қазақстан облысы, Зайсан өңірі, аталарымыз осы ғасырдың басында заман зобалаңымен Қытай жеріне ауып кеткен екен, - деп бастады әңгімесін Арыстан. – Атамыз Қытайда гоминданшыларға қарсы күреске қатысып, ақыры Қытай түрмесінде қаза тапты. Одан кейін гоминданшылар біздің тұқымымызды қуғынға ұшыратып, Тибет арқылы Үндістанға, одан Түркияға ауып кетуімізге мәжбүр етті. Өзім 1966 жылдан бері Берлинде тұрып, халықаралық почта байланысында қызмет істеймін. Бес балам бар, тұрмыс

жаман емес. Алпысқа таяп зейнет жасына жеткен соң туған жерге оралуды ойлап отырмын. Алматы облысы Қаскелең ауданы, Райымбек ауылынан үй сатып алдым. Тоқалым, одан қызым бар. Бәйбішем мен балаларым Германияда тұра бермекші. Мына туыстарымды Абай тойына шақырып осында алып келдім. Бұлар да қуанышты.

- Абай тойы тамаша екен, елді, жерді көрдік, қуанып отырмыз, - дейді Кәбира апай. - Өзім Стамбулда тұрамын. Бес балам бар, бәрі өсіп ер жетіп, өз беттерімен кетті. Қолымда кенже балам мен келінім қалды. Үш қабатты үйіміз бар. Бірінші қабаты шеберхана. Түріктерден иленген тері сатып алып, балалардың дубленка тонын тігеміз де, оларды Германияда сатамыз. Оларды алушылар көп. Күніне 5-6 тон тігеміз. Тұрмысымыз жақсы, қазақтың әдет-ғұрпы бізде сақталған. Құда түсіреміз, ілу береміз, кит кигіземіз, той өткіземіз, балаларды сүндетке отырғызамыз. Балаларымыздың үлкенінен кішісіне дейін намаз оқиды, ораза ұстайды. Ішімдікті бірі де аузына алмайды. Жалпы түрік елінде ішімдікке әуес емес, бірлі-жарым шектен шыққандардың өзі жұрттан жасырып ішеді. Сіздерде таңертең де, түсте де, кешке де іше береді екен. Дамыл жоқ. Бізге тіпті ерсі, жат көрінеді. Темірхан мен Өмірхан Венада тұрады, екеуі де таксист болып істейді. Екеуі де жеке-жеке үш бөлмелі пәтерді майлап тұрады. Майлап дегенім жалдап тұрады дегенім ғой. Бізде солай атайды. Қызметтеріне риза, екеуі де Венадан кеткісі келмейді, тыныш, жұмысыңды адал істесең сыйлайды құрметтейді деседі.

Әрине, туған елді сағынамыз. Соңғы екі жылдан бері балалар жүріп-тұрып Қазақстанға келіп жүр.

Дастархан басындағы қызғылықты әңгіме, әнге кезек беріп, біз қонақтардан лебіз білдіруді өтіндік. Темірхан қоңыр үнмен баяулатып, мұңды ән сызылтты.

Қара құрай сыбызғы кесіп алдым,

Сағынғанда елімді есіме алдым.
Керме айдай сағындым, сәулем, сені ойлай,
Ауылың алыс кеткенде, ей, беу, қарағым,
Қара көзге жас келіп жылай бердім,
Үш ұйықтасам ойымда бар ма менің,
Қайран елге қосылып келем деген.

Ән аяқталған соң Темірхан әңгіме өрбітті.

- Бізде көбіне шешелеріміз ән салады, - деді ол. – Олар елін, жерін еске алып, сағыныш әнін зарлатады, жылайды. Біз оларға: «Ән салып, жылай бермендер, сай-сүйекті сырқыратасыңдар, - деп көбіне ән салдырмаймыз. Балалардың қазақ әндерін білетіндері осыдан. Соңғы кезде Қазақстанға келіп таспаға қазақ әндерін жазып алып жүрміз. Үйреніп келеміз.

- Қазақ ағайындарымыздың қилы тағдырынан әңгіме сабақтап, біраз жайды қаныққанның арасында жапон жігіттерімен де сұхбаттасып, сыр тарттық. Жапондықтар қашан да жұртты таңырқататын халық емес пе. Әңгімелесіп отырғанда таңғы сағат төрт кезі болатын.

- Осы қонақтар шаршаған шығар? – дедім мен Мүкеңе (Мүтәллап Қанғожинге) қарап. Сонда кірпіктері жабысып, көзі жұмылып кетіп отырған жап-жас жапон жігіті Томохико Уяма тап-таза қазақ тілінде:

- Шаршап та отырғаным рас, - деп бізді төбемізден салып қалғандай таңырқатты. Шіркін, осының бәрі еңбекқорлықтың үлгісі ғой. Жапондық ғалым жігіт орыс, қазақ тілін жақсы біледі, ал оның серігі орыс тілінде жақсы, қазақ тілінде ептеп сөйлейді екен. Томохико қазақ зиялылары (Міржақып Дулатов, Сәкен Сейфуллин және т. б.) өмірін зерттеп жүрген көрінеді. Абай тойы оларға да жақсы әсер еткенін білдік.

- Абай тойы адамдарды таныстырады, жақындастырады, достастықтың, тыныштықтың орнығуына жағдай жасайды. Данышпан ақылман, ұлы ақын Абайдың жырлары, ғибратты

сөздері әлем халықтарының асыл қазынасы, - деді бізге академик А. М. Малыгин.

- Ақын мерекесіне қатысқан қалың көптің аузынан да осындай лебіздерді жиі естідік.

- Мұхтар тойына келіңіздер, - десті бізге семейліктер қоштасарда. Ия, екі жылдан кейін заманымыздың заңғар суреткері Мұхтар Әуезовтың туғанына 100 жыл толуы ЮНЕСКО арқылы аталып өтпекші. Ол да әлем назарын өзіне аударатын той болмақ. «Той тойға ұлассын» деп біз де Абай елінің азаматтарына ақ тілек арнадық.

Петропавл-Семей-Петропавл.

ТҮРКІСТАН ТАҢЫ

1. АҢЫЗ БЕН АРМАН ЖЕТКЕН ҒАСЫРЛАРДАН

Тәуелсіздік қандай қасиетті сөз еді десеңізші. Оның қадір-қасиетін енді-енді еркін сезініп, терең түсініп келе жатқан сияқтымыз. Осынау ұлы ұғымның тұзын тым татымсыз етіп, бір кезде жеңілдетіп жіберген екенбіз. Тәуелсіздік, бостандық, еркіндік... Ойыңа оралғанда-ақ осынау жүректі жарып жіберердей толқытатын, тебірентетін арманды асыл сөздерді қызыл империяның тұсында қызыл таптауырын тақырлап алғанымызды жаңада аңғара бастаған сыңайлымыз.

Түркістан қаласының 1500 жылдық салтанатына барып қайтқан сапарда біз егемен ел, тәуелсіз мемлекет туын көтерген біздің алтын бесігіміз - Қазақстан шын мәнінде өзі салған сара жолмен заманның асқар биігіне бағдар түзегенін жан жүрегімізбен сезіндік. ЮНЕСКО шеңберінде әлемдік деңгейде өткізілген мерейтой біздің қазақ елі жаңа ғасырда жаңа қадам

жасағанын төрткүл дүниеге тағы бір паш етті. Ол өзінің руханият астанасын айқындап, адам жанының имандылығы, тазалығы, мейірімділігі бар байлықтың басы саналатынын, осы жолды да нық ұстанатынын аяндады.

Астана қаласынан поезға отырып, Түркістанға бет түзегенде бір вагонда Қостанай, Ақмола, Солтүстік Қазақстан облыстарының делегациялары бірге жайғасты. Біздің облыстың ресми делегациясын облыс әкімі Қажымұрат Ыбырайұлы Нағманов бастаған. Құрамында Айыртау ауданының әкімі Армия Әбілқайырұлы Әбілқайыров, облыстық соттың төрағасы Бекет Тұрғараұлы Тұрғараев, облыстық мәдениет департаменті бастығының орынбасары Амангелді Қанайұлы Балмұқанов және мен бармын.

Түркістан тойы адамдардың көңіл-күйін көркейтіп, жан дүниесіне шұғылалы нұр төккендей еді. Делегация мүшелерінің қайсы болсын жақын танысып, жарқын сөйлесіп жатыр. Бірбіріне ықыласты, ілтифатты, жүздері ашық, үндері көтеріңкі. Түркістан туралы сан ғасырлардан жеткен аңыздар мен арандарды білгендерінше сыр етісіп шертеді. Қожа Ахмет Яссауи кім, ол туралы аңыздар қандай?

Соңғы кезде Түркістанның 1500 жылдығына байланысты көне тарихтың біраз парақтары ақтарылып, кеңестік дәуірде ұмытыла бастаған сырлар қайта жаңғыртылды. Қожа Ахмет Яссауидің есімі де көмескіге айнала бастаса, міне қайта халқына оралып, жерлестерінің жүрегіне жол тапты. Ол осы біздің ғасырдың 1093 жылдары осы күнгі Оңтүстік Қазақстан облысы Сайрам жерінде дүниеге келген. Әкесі Ибрагим, шешесі Қарашаш. Осындағы көне қала Испиджабта балалық, жастық шағын өткізген. Жасынан білім іздеп, оқу жолына түскен. Кейін өлеңдер («Хикматтар») жазып, терең ойларымен, ғаламат ғибраттарымен даңқы шыққан. Ахмет 63 жасқа келгенде жердің астына түсіп, соңғы он жыл қылуетте өмір сүріп, жазған жырларын жер бетіне жолдаған.

Қожа Ахмет Яссауидің басына кесенені Ақсақ Темір салдырыпты. Содан бері міне бірнеше ғасыр бойы адамдар Яссауидің басына келіп, табынатын болған. Айтылатын аңыздар көп. Солардың қайсысында болсын адамдардың асыл армандары, жақсылыққа, бақытқа, адалдыққа, ізгілікке ұмтылған талпыныстары алтын арқау болып өріледі. Бұл туралы баспасөзде, кітаптарда көп жазылды, сондықтан шағын жазбада қайталап жатпадым.

Жүректі толқытып, жанды жадыратқан жақсы әңгіме-дүкен Сарыарқаның самалындай желпіп, көкіректі көрікті ойларға, ыстық сезімдерге толтырған еді. Аңыздардан соң бүгінгі өмір жайлы әңгімелер өрілді.

- Мынау Қажымұрат Ыбырайұлы Нағманов менің інім, Ленинградта оқыды. Үлкен қызметтер атқарды, қазір де сол биігінде. Абыройы жақсы. Қайда болса да ағасын ұмытпайды, -деп әңгіменің тиегін Қазақстан халық жазушысы, Қазақстан Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Сәкен Жүнісов бастады.

- Қажеке, қашан кездессек те уақыт жетпей жатушы еді, енді міне поезд үстінде жолықтырып, Құдайдың өзі кең уақыт сыйлады. Кең отырып, бір шер тарқатып әңгімені көсілтейікші.

Сәкең ағамыз да Түркістан тойына бара жатыр екен. Әр облыстың өкілдері кезегі тигенде көпшіліктің көңілін дөп басар әңгіме өрбітіп келеді де, аяғын әнге жалғастырады. Кейде ол әнге отырғандардың бәрі қосылып кетеді.

- Сәке, Ақан серіні көп зерттеп, ғаламат роман жазған адамсыз. Ақан серінің «Шырмауық» әнін шырқап жіберіңізші. Мен сол әнді 1994 жылы тауып, баспасөзде жариялатуға себепші болып едім, -деп өтініш айтты Қажымұрат Ыбырайұлы. Сәкең ағамыз іркілмейтін сері көңіл салдың өзі емес пе, Ақан серінің әнін тамаша сазбен орындап берді. Одан кейін орыс, қазақ, итальян әндері де шырқалды. Сегіз қырлы, бір сырлы сері ағамыз тыңдаушы достарын тәнті етіп, ләззатты рахат сыйлады.

- Мына інім Қажекең өзі өлең де, ән де шығарады, енді мен оған кезек берейін, - деп ол облыс әкіміне қарады. Қажекең орнынан көтеріліп, баласы оқу бітіргенде арнап шығарған әнін нәшіне келтіре әдемі орындап берді. Әншілік өнері ешкімнен кем түспейтіні аңғарылады. Сүйкімді үні биік ноталарға еркін көтеріледі, тынысы кең.

Белоруссия мемлекетінің Қазақстандағы елшісі Лариса Владимировна да Түркістан тойына бара жатыр екен, осы вагонда бірге болып, қызық-думанның ортасында отырып, ол да өз кезегінде ән шырқады, бұрынғы одақтас республикалар өз алдына отау көтеріп, жеке-жеке мемлекет болып кеткенімен, халықтар достығының тамыры тереңге кеткенін, ол ешқашан үзілмейтінін тебірене айтты.

Астаналық зейнеткер Мағауия Есмағамбетованың есімі бүгінгі ұрпаққа бейтаныс болуы мүмкін. Ал аға ұрпақ осыдан 20-30 жыл бұрын ол кісіні жақсы білетін. Сапарластары «Мария Васильевна» деп атап кеткен Есмағамбетова сонау алпысыншы жылдардың басында Тың өлкелік атқару комитеті төрағасының орынбасары, одан кейін Целиноград облыстық партия комитетінің хатшысы болды. Республикаға белгілі қоғам қайраткері.

Ал оның қасында отырған қостанайлық кәсіпкер Жәзиттің даңқы да осал емес. Жақында Астанада өткен кәсіпкерлер кездесуінде Н. Назарбаев оны «Қазақстан капиталисі» деп мақтанышпен айтқан екен. Ол Қостанайдың түбінде «Дарабатыр» фирмасын ұйымдастырып, онда Австралиядан әкелген түйе-құстарды өсіреді екен. Жекеменшігінде самолеті бар, ойы терең, сөзі нық, кең құлашты, іргесі мығым шаруа адамы.

Отырғандар Мағауия апамыз бен Жәзит кәсіпкердің әңгімесін ықыласпен тыңдады. Осы арада астаналық шахматшы, жасөсірімдер арасындағы әлем чемпионы Дәрмен Сәдуақасовпен де таныстық.

- Әлемде ең күшті шахматшы кім? - деп сұрадым.

- Карпов, - деді ол.

- Жоспарың қандай?

- Түркістанға таңертең түссек, тойдың басында боламын да, кешке сол жерден Түркияға жарысқа аттанып кетемін, - деді ол. Бәріміз оған жеңіс тіледік...

-Бұрынғы Талдықорған облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы Бименде Сәдуақасовтың немересі. Текті жерден шыққан, түбінде бұл әлем чемпионы болады, - деді білетіндердің бірі.

- Қазір де әлем чемпионы емес пе?

- Үлкендер арасында да болады дегенім ғой.

- Ылайым солай болсын, - десіп жатырмыз.

«Әкім бол, халқыңа жақын бол» деп жұрт бекер айтпайды ғой. Әкімдердің бәрі ұшақпен аттанып, аспандап жатқанда сіз бізбен бірге вагонда, халық ортасында келе жатырсыз. Әңгімелесіп, елтіп, рахаттанып қалдық. Түркістан тойының бір шапағаты осы болар. Ал енді ән шырқап жіберіңіз, Қажеке, - деп Сәкен ағамыз көңілді үн қатып, наз айтады. Қажекең бастап, Сәкең қостап бәріміз қосылып қазақ, орыс, белорус әндерін әуелетіп келеміз. Сарыарқаның сары белін қақ айырып заулаған жүрдек поезд Түркістанға алып ұшады...

2. ҚАЛА ҚОҢЫРАУЫ - МАҒЖАН ЖЫРЛАРЫ

Біз Түркістан қаласының теміржол вокзалына тоқтағанда әлі қараңғы, таң сәулесі енді ғана сызат салып себез бере бастаған болатын. Бізді қамқорлыққа алған Отырар ауданының өкілдері құшақтап қарсы алып, гүл шоқтарын ұсынып жатыр. Жергілікті ақын домбырасын безілдетіп жыр шашуын арнады. Үкілі бөрік, оюлы камзол, желбіреуікті көйлекпен жарқылдап, шашақты шолпысы сылдырлаған сымбатты қыздар ұсынған нан-тұздан дәм-татып, әзілі әдемі әңгімеге көмілдік те кеттік.

Тал бойын таранып құлпырып кетіпті Түркістан. Түндігі ашылмаған түн Түркістан тамашасын тіпті түрлендіре түскендей. Айнала самала жарық. Түрлі-түсті от ұшқындары жарқ-жұрқ етіп самсайды. Дәл бір сәулет-сәні, салтанаты жарасқан жасаулы той ортасына түскендей әсердеміз. Вокзалдың әйнектеріне дейін жалт-жұлт етіп жарқырап, жайнап тұр. Дәл есіктің алдында келетін қонақтарды тосып су жаңа шетелдік «МАН» автобустарының он шақтысы тізілген. Жылы жүзді, жымия күлген қарсы алушы қыздар мен жігіттердің жұмсақ үні, ықыласты ілтифаты қандай десеңізші. Әр көкірекке нұрлы сәуле түсірген осынау көріністің өзі киелі топырақтың қасиеті бойды билеп бара жатқанын аңғартқандай еді. Түркістан таңы қандай ғажап. «Коне қаланың қалың шежіресінде тамаша таң шығар бұл» деп ойладық.

Түркістан тойының салтанаты біз түскен күні басталатын еді. Іле уақыт тығыздығымен асығып орналасатын жерге аттанып кеттік.

Кеңестік дәуірде ежелгі шежіресі ұмытыла бастап небары аудан орталығы дәрежесінде жұпыны жүдеу күн кешкен Түркістан 1500 жылдық мерекесі қолға алынған соңғы жылдары қайта жаңғырып, құлпырып түлегені көрініп тұр. Көшелері, алаңдары, ғимараттары, тұрғын үйлері түгел әспетті қолмен әрлі де әшекейлі әсемдік тауып тотыдайын таранып, түрлене түсіпті. Тіпті тұтас алаңдар, көшелердің бір бөліктері мәрмәр таспен текшеленіп, көбесі көрінбей көмкеріліпті. Ғажап. Жанар жаулайды. Таңдай қақтырады. Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі Бердібек Сапарбаев Түркістанды түлетуге 2 млрд. теңгеден аса қаржы жұмсалғанын, бүкіл еліміз, Түркия мемлекеті көмектескенін айтты. «Парыз» қорына ғана 180 млн. теңгеден аса ақша түскен. Көркейту, көгалдандыру, кемелге келтіру жұмыстарына қала халқы жаппай жұмыла көтеріліп, күні-түні кіріскен, дамыл таппаған. Қайда қарасаңыз да орасан еңбек,

қалың қайрат тындырған іздер сайрап, көңіл толтырып жарқырап жатыр.

Түркістан - екі дүние есігі ғой,

Түркістан - ер түріктің бесігі ғой.

Тамаша Түркістандай жерде туған,

Түріктің тәңір берген несібі ғой, -деген ұлы Мағжан жырлары мерейтой күндері бейне бір қаланың күміс қоңырауындай сыңғырлап көк жүзінде күмбір қаққан тәрізді болатын. Маржандай мөлдір өлең өрімдері Түркістан ауасында асқақ әуенге айналып тербелгендей еді. Осынау бір шумақтың өзі қала ұраны іспетті мәрмәр тасқа ойылып жазылып, көшеге көрнекті жерге қойылған. Осы шумақ әркімнің аузында мың сан қайталанып, көшелерді кернеп кетеді. Біздің қасымызда Мағжан бірге еріп жүргендей әсерге бөлендік.

Мерейтойға арналған ақындар мүшәйрасында бас бәйге Мағжан Жұмабаевка берілгенін кейін естідік. Ал, сол той үстінде асыл текті толқынды жырларымен Түркістанды әлемнің аспанына көтерген Мағжандай данаға осы қалада бір белгінің реті келіп-ақ тұр-ау деп ойлаған едік. Біз ғана емес, бүкіл әмпәния халық осылай толқыған екен-ау. Мүшәйраның әділ қазылары бас бәйгенің ақшасын Түркістан қаласында қазақтың ұлы ақыны Мағжан Жұмабаевқа ескерткіш орнатуға бағыттапты. Ия, халық қалауынан шыққан шешім осындай болар сірә. Дұрыс-ақ шіркін. Яссауи кесенесін тамашалағанда Абылай ханның басына қойылған мәрмәр тақтада да Мағжан жырлары ойылып жазылғанын көрдік. Қазақ хандарының, батырларының, әйгілі бабаларымыздың сүйектері жерленген Яссауи кесенесінің ішінде де ұлы ақын жырлары мәңгі шырақтай жанып тұрғаны толқытады. Көне тарихтың шаңын қағып кешегі даналардың ерлігін бүгінгі ұрпаққа ұран етіп дабылдатқан өлмес өлең өрнектері тамсандырады.

Солтүстік Қазақстан облысының делегациясын қарсы алған

Отырар ауданының үлкен шаңырағы - еңсесі биік, қанаты кең киіз үйінде аудан әкімі Зәуірбек Салықбай, оның бірінші орынбасары Есен Әнетбеков, Шәуілдір, Талапты, Қожатоғай ауылдарының әкімдері Рахматулла Түлекеев, Мейірбек Жақыпов, Қуаныш Алпысбаевтармен әңгімелесіп, біраз жайға қанықтық. Біз тойға ала келген сыйымызды - жергілікті суретшінің полотносын, Сәбит Мұқановтың столға қоятын бюстін тапсырдық. Олар біздің облыстың мәдениет департаментіне Яссауи кесенесі салынған үлкен сурет сыйлады.

Қажымұрат Ыбырайұлы Нағманов Солтүстік Қазақстан облысынан сәлем жеткізді.

- Түркістан тойы дүниежүзілік деңгейде өткізіліп жатқанына қуанамыз. Қазақ елінің даңқы енді шартарапқа тарайды, - деді ол. - Біз тойды қызықтау үшін ғана келген жоқпыз, біз бірі - оңтүстік, екіншісі - солтүстік қиыр шетте жатқан екі аймақтың арасында тығыз байланыс орнатуға келдік. Алдымен кешіктірмей Солтүстік Қазақстан облысының осындағы, одан кейін Оңтүстік Қазақстан облысының біздегі мәдени күндерін өткізуіміз керек. Сол үшін мен делегация құрамына мәдениет департаменті бастығының орынбасары мен облыстық газеттің редакторын енгіздім.

Түркістанды әлем танысын, туристер ағылсын, ол үшін әуелі өзімізден бастауымыз керек. Яссауи кесенесі киелі құдіретімен өзіне тартып тұрары сөзсіз. Ал біздің облыс та қара тақыр емес. Мағжан, Сәбит, Ғабит сынды ұлылардың отаны. Айыртау ауданының әкімі бірге келді. Шоқан Уәлихановтың атамекені осы ауданда, табиғаты қандай ғажап. Ал, Бекет Тұрғараев біздің байланысымызды нықтай түсетініне сенемін. Ол облысқа келе сала атақты Тоқсан бидің басына ескерткіш тас орнатуға, ас беруге бастамашы болды. Жергілікті тұрғындар оған разы.

- Мен Қажекеңмен бірге Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің депутаты болып, төрт жыл әріптес болған едім, - деді Зәуірбек

Салықбай. - Еңбегін жақсы білеміз. Жезқазғанда жылу жүйелері қатып қалған қыста қандай ерен қайратпен бәрін қалпына келтіргенін естідік. Халық оны әлі аңыздай әңгіме етеді. Қызылжар өңіріндегі қазіргі еңбегін Президентіміз үлгі-өнеге етті бәрімізге. Сіздерге сүйсінеміз.

Әңгіме арасында бізді осы өңірдің әнші, бишілері, жыршылары, ақындары құттықтады. Осындағы халықаралық университеттің студенті, Сидней Олимпиадасының алтын жүлдегері Бекзат Сәттарханов сәлем берді.

Іскерліктің көрсеткен басын айқын,
Қиындықтан қайтпайтын, жасымайтын.
Келіпті Қызылжардан Қажымұрат
Астықпен бар қазақты асырайтын.
Ниет те, тірлігіміз бір, халайық,
Той тойлайық, жырлайық, ырғалайық,
Бабаның аруағына басын иіп,

Келіпті Бекет інім Тұрғараев, - деп ақын Бекаман Сұлтаев жырмен құттықтағанда отырғандар дуылдата қол соқты.

3. АЛАШ ДАҢҚЫ ДАБЫЛДАТТЫ ДҮНИЕНІ

Салтанаттың нағыз көркі, биік шыңы Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаев пен Түркия Республикасының Президенті Ахмет Неждет Сезердің қатысуы болды. Олар Яссауи кесенесіне кіріп көрді, Түркия осында салатын мешіттің алғашқы іргетасын қалады, содан кейін алаңға жиналған халықпен сәлемдесті, Н. Назарбаев сөз сөйледі.

Түстен кейін Қ. А. Яссауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің акт залында Түркістан қаласының 1500 жылдың мерейтойына арналған «Қазақстан және түркі әлемі тарихы мен рухани дүниесіндегі Түркістан және Қ. А. Яссауи» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция ашылды.

Конференцияны ұйымдастыру комитетінің төрағасы, ҚР Білім және ғылым министрі Қ. Е. Көшербаев ашты.

Қазақстан Республикасының Президенті, ҚР Ұлттық Ғылым Академиясының Академигі Н. Ә. Назарбаев баяндама жасады.

Конференцияда Түркия Республикасының Президенті Ахмет Неждет Сезер, ЮНЕСКО-ның Бас директорының орынбасары Дуду Диеа (Гвинея), Қырғызстан Премьер-министрі А. Мұраталиев және Әзербайжан, Татарстан өкілдері, Франциядан, Түркиядан, Өзбекстаннан келген ғалымдар сөйледі.

Конференция мінбесіне көтерілгендердің бәрі де Түркістанның 1500 жылдық мерейтойы әлемдегі үлкен оқиға екенін, ол адал ниетті адамдар назарын аударып отырғанын, бұл мереке халықты имандылыққа, мейірімділікке, бірлікке, татулыққа, тыныштыққа шақыратынын бірауыздан атап көрсетті. Біз жасалған баяндамалардың, сөйленген сөздердің мазмұнын айтып жатпадық, олар жайлы ақпарат құралдарында көп жазылды, айтылды.

«Түркістан тойы халқымызды дүр сілкінтті, көне қаланы мынадай мұнтаздай етіп, жайнатып, жарқыратып қою үшін қаншама күш-жігер жұмсалды десеңізші. Соның бәрін орнына келтіріп, діттеген деңгейге жеткізу үшін қыңқ етіп сыр білдірмеген, аянбаған халқымнан айналайын. Осы тойға қазақ жұртының қаймағы, таңдаулы өкілдері, әйгілі ғалымдар, жазушылар, қоғам қайраткерлері, атақты бизнесмендер жиналғанын қараңызшы. Дүние жүзінің түкпір-түкпірінен небір даналар, дүлдүлдер келді ғой. Солардың қайсы болсын қазақ халқын айқын таныды, мынадай мерейтой жасаған мәрттігіне сүйсінді», - деді Сәкен Жүнісов ағамыз той туралы ой толғағанда.

«Түркістан - әрбір әсемдік өзінің негізін Хақтың сұлулығынан алатындығын, ғашықтық пен махаббаттың бастауы әдемілікті сүюден келетінін, ал махаббат адамның басқа бір

адамды сүю екендігін айтып, адамның көңілін илахи нұр көрініс беретін орын деп бағалаған Ахмет Яссауидің тұрағы!», - дейді түрік профессоры, доктор М. Кемал Атаки.

Түркістан тойы барлық жағынан мұқият ойластырылып, жоғары деңгейде өткізілді. Халқымыздың жақсы салт-дәстүрлері, ойын-сауық, ат спорты жарыстары үлгілі-өнегелі ұйымдастырылды. Шалқыған той дастарханында, қызық-думанында ішімдік атаулының тамшысы көрінбеді. Соның өзі қандай кастерлі еді. Ду-думанның шырайына шаң да шалынбай шалқар шалқып, жан-дүниеңізге нұр төгіп толқығаны тебірентті.

Осы тойдың өзі жаңа ғасырға жарқын ажар, салтанат сәнімен еркін қадам басқан Түркістанның жаңа өміріндегі жарқыраған таңы іспетті көрінді.

Петропавл-Түркістан-Петропавл.

ТАРАЗ ЖҰЛДЫЗЫ

Жақында өткен Тараз қаласының 2000 жылдық тойы бүкіл әлемді қазақ елінің тарихына таңдана үңілдіргені айдан анық. Тәуелсіз Қазақстан - жас мемлекет, жаңа ғана көк байрағын тік көтеріп, қанатын енді қағып күнес биікке ұмтылған қыран сынды самғауы елең еткізгені де күмәнсіз. Жас дейміз-ау, ал ел тарихы екі мың жылды толтырып, ықылым заманның көз жетпес, ой ғана шолар қиырынан елес беріп, сарғайған сырларын енді-енді там-тұмдап шығара бастаған тәрізді. Екі мың жылдық өмір жолы бар елдің егемендік алып, тәуелсіздік теңдігін алғанына он-ақ жыл. «Ойлағанда осыларды, ой, Алла-ай, орнымнан тұра алмаймын, омырау жасқа боялмай», - деп ұлы ақын Қуандық Шаңғытбаев тебіренгендей әркім-ақ жан жүрегінен жылы қан төгілгендей толғанады.

Ойға шомады, елінің тарихындағы осыншама қазына қаншама ғасырлар бойы шапқыншылық, қанды шайқас, тайталас, жеңіс пен жеңіліс, жүз жылдық соғыс, езгілік, отаршылдық топырағына көміліп, енді ғана тәуелсіздік таңының нұрынан шапағат алып жатқанына көз қадайды, қуанады, мақтанады. Төбесі көкке жеткендей көкірегінде бүгінгі жұлдызы жанған Тараз жыры әсем толқын ойнатқандай болады.

Тараз тойы еліміздің тереңде жатқан тарихын паш етіп, жұртымызды әлемнің түкпір-түкпіріне танытты. ЮНЕСКО-ның шешімімен әлемдік деңгейде аталып отырған бұл мәртебелі мерекеге келген қонақтардың қатары қалың. Египет, Иран, Франция, Үндістан, Қытай, Бельгия, Италия, АҚШ, Әзірбайжан, Ресей, Өзбекстан және Қырғызстан ғалымдары, республиканың барлық облыстарынан делегациялар, Алматыдан, Астанадан мемлекет және қоғам қайраткерлері, жазушылар, ғалымдар, өнер шеберлері келген. Шетелдік журналистердің өзі 150-ден асады. Дүниежүзі жұртшылығының Тараз тарихына ықыласы мен назарын осыдан-ақ байқауға болады.

Аңызы көп, асылы одан асқан көне Тараздың бүгінгі бейнесі таң нұрына шалынған арудай кербез де керемет, көрікті де келісті, жарқырап, жайнап, жарасып тұр. Біздің облыстан барған делегацияны облыс әкімінің орынбасары Қуат Есімханов басқарған болатын. Құрамында облыстық ақсақалдар алқасының төрағасы Жақсылық Ысқақов, облыстық сот төрағасы Бекет Тұрғараев, Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің ректоры Оңдасын Әшімов және осы жолдардың авторы бар. Той болатын күні, 26 қыркүйекте таңертең қаланың орталық алаңы халыққа лықа толды. Орталық алаң қалалық әкімдіктің алдында екен. Бұрынғы Ленин ескерткішінің орнына осы тойға орайластырылып Бәйдібек бабаның ат үстіндегі айбынды ескерткіші орнатылған. Осының өзі-ақ еліміздің тәуелсіздік тұғырына шыққан бейнесінен белгі бергендей болатын. Бәйдібек баба халқымыздың өткен тарихындағы ірі тұлғалардың

бірі. Ол туралы осы той қарсаңында республикалық ақпарат құралдарында көп деректер, аңыз, әпсәналар берілгенін білеміз.

Орталық алаңға жетелейтін Төле би даңғылының қос қапталында халқымыздың сонау әл-Фарабиден бүгінге дейінгі данышпан ғұламаларының, ұлы тұлғаларының батырларының, хандарының, билерінің түрлі-түсті көрікті портреттері тізіліпті, нағыз көрнекті жерлерге, көзге бірден түсетін биіктерге көрікті етіліп ілініпті. Абылай хан, Әбілқайыр хан, Абай, Шоқан, Жамбыл, Қаныш, Мұхтар, Бауыржан Момышұлы...

Көшенің екі бетіне тартылып ұлылардың бірлікке, татулыққа, асыл мұраттарға үндеген дана сөздері үлкен әріптермен ұрандай асқақ көтеріліп, орыс және қазақ тілдерінде жазылыпты. Дені мемлекеттік тілде.

Сағат тілі 11-ді соққанда орталық алаңда салтанатты жиын басталды. Облыс әкімі Серік Үмбетов Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевқа осы ұлы мерекені өткізуге қамқорлық жасағаны үшін алғыс айтты. Президент Бәйдібек баба ескерткішінің шымылдығын түсіріп, сәулет өнерінің тамаша туындысы бар сән-сымбатымен жарқырап көрініп, қаланың келісті келбетіне тағы бір жақұтты зер қосқандай көз қуантты.

Мінбеге көтерілген Президент жиналғандарды Тараз тойымен құттықтап, көне шаһардың шежірелі өткеніне шолу жасап, тарихымыздың терең жатқанын, осынау екімыңжылдықтың мәні мен маңызы зор екенін, мұндай тарихи мереке біздің болашағымыз үшін, бүгінгі жас ұрпақ үшін үлкен тағылым, тәрбие, ұлағат болатынын саралап берді.

Тараздың тойы - қара ормандай халқымыздың ежелден бергі ұзақ тарихындағы ұлан-асыр қуанышы, текті Тараз - біздің халқымыздың өткені мен бүгінін жалғап тұрған асыл арқау, мәңгіліктің алтын өрмегі, деп бастады өз сөзін Президент.

Кезінде осы өлкеге келген сырткөз саяхатшылар мен жыл-

намашылардың айтуынша, ежелгі Тараз - ертеден әмбеге аян қала. Тани білген кісіге, Тараз тұрған Талас алқабы тұнып тұрған тарих.

Сол кездегі көшпенді дүниенің ең ірі мемлекеті - Ұлы Хұн империясы еді. Қытай шежірелерінің айтуынша Талас бойындағы алғашқы қаланы Хұн шәниюлерінің соңғыларының бірі – Шөже біздің дәуірімізге дейінгі 40-ы жылдың шамасында салдырыпты. Оны араға үш-төрт жыл түспей жатып, қытайдың қалың қолы талқандап кетіпті.

Хұн бекінісі талқандалғанмен арадағы сауда жолының тармағы жойылмапты. Көшпенді дүниенің сол жолдан айырылғысы келмеген тайталасы тыйылмапты. Сол тайталас Тараздың талай өшкен отын талай рет қайта жағыпты. Ол VI ғасырдан бастап, батыс пен шығыс саяхатшыларының аузына жиі ілігеді. VII ғасырдан бастап Ұлы Жібек жолы бойындағы ең ірі сауда қалаларының біріне айналады.

Мұның бәрі, әрине, Тараздың саудадағы ғана емес, саясаттағы ықпалын да арттыра түсті. Оған 508 жылы Византия елшісі Земархтың Естеми ханмен келіссөзі Таразда жүргізілгенін айтсақ та жеткілікті. Ал түргештер мемлекеті тұсында әуелі кіші астана, артынан басты астанаға айналғаны мәлім. Тараз бұл мәртебесін одан кейінгі самани, қарахан, қидан, оғыз, қыпшақ, хорезм үстемдігі тұсында да сақтай алған.

Олай болуы заңды еді. Тараз - қай заманда да геосаяси маңызын жоғалтпайтын аса мәнді стратегиялық қонысқа жайғасқан қала. Сондықтан да, бұл ежелгі қаланы әлемдік діндердің барлығы да өздерінің шарықтау кезеңдеріндегі үлкен тірегі еткен. Мұнда зороастризм, христиан, манихей, будда діндерінің ірі орталықтары болған. VI ғасырдан бастап оған батыстан арабтар, шығыстан қытайлар мықтап көз тіккен.

Бұл текетірестің түйіні де Тараздың түбінде шешілді. 751

жылы Тараз маңындағы Атлах түбіндегі шайқас арабтар мен қарлұқтардың пайдасына шықты.

Бұл қат-қабат оқиғалар Тараздың гүлденуіне себепші болмаса, кедергі келтірген жоқ. Сол кезең мен олардан кейінгі Қарахан дәуірін бұл өлкенің үлкен рухани шарықтау кезеңі деп атаған жөн сияқты. Өткені, Әбу Нәсір әл-Фараби, Жүсіп Баласағұни, Махмуд Қашғари сол кезеңде шықты. Сол кезден бастап Тараз исламның ірі орталығына айналды.

X - XIII ғасырларда Тараз түркі дүниесінің аса ірі саяси, экономикалық және мәдени орталығы болып табылды. Маңайындағы Хамдкент, Төменгі Барсхан, Жиқыл, Алаққент, Дех Нуджикент, Құлан, Мерке, Аспара, Баласағұн, Барохан қалаларымен жалғасып жатты.

Оның мәдениетінің шарықтап өскені сонша, сол кезде пайдаланылған су құбыры табылып отыр. Жоғары сапалы қыш, шыны, фарфор бұйымдарын шығарды. Қала төңірегінде алтын, мыс кеніштері өркендеді.

Осынша құлпырған Тараздың түбіне де өз тұсындағы геосаяси гегемонизм жетті. Оның мұншама шарықтауын батыстағы Хорезм мен шығыстағы бой көтеріп келе жатқан монғол мемлекеті бірдей жақтырмады.

Сол өшпенділік оның түбіне жетіп тынды. Ол сол күйреуден соң қайтадан еңсе көтере алмады.

Тек Қоқан билігі кезінде ғана қайтадан қорған тұрғызылып, жаңа бекіністе айналған тәрізді.

Одан беріде ол да Ресей отаршылдығының қамытын киді. Кешегі кеңестік кезең тұсында ежелгі қаланың едәуір өскені рас. Алайда жаңа отаршылдық та ескі отаршылдық сияқты шет аймақтардың байлығы мен игілігін тонаушылық қағидасынан шыға алмады. Тараз да, ол тұрған аймақ та мейілінше дамып кете алмай, саяси, экономикалық, экологиялық шетқақпайлық көрді.

Дегенмен, біз бұл жерге талайғы Тараздың талайсыз

тағдырына кінәлілерді жауаптауға жиналып тұрған жоқпыз. Өткен - өреуіл, қалған - салауат...

Біздің өзімізді өзіміз танып, ежелгі заманнан дәуірлей дамып келе жатқан өркенді өркениеттің нағыз мұрагерлері екенімізді түйсінуіміз үшін де бізге Тараз қажет еді.

Арғы-бергімізді қапысыз сарапқа салатын таразы керек еді. Құдайға шүкір, ондай таразымыз бар. Тараз - шын мәнінде де, біздің тарихымыздың таразысы, ғажайып айнасы, бұлтартпас айғағы екені анық. Біз көшіп-қонып жүре берген, ырзығын малдан ғана айырған халық емеспіз, өзіндік төл тума суреткерлік пен құрылысшылық дәстүрі бар, сайын далада сан алуан қала тұрғызған, егін егіп, бақ өсірген, сан тарам мәдениеттер мен өркениеттердің тоғысқан торабында өмір сүріп, үлкен өнеге көрген өсімтал елміз...

Халықтың рухын аласартпай, жанын жасытпай, жадыратып тұратын, тіршілігіне мән беріп, нәр беріп тұратын нысаналарын, пір тұтатын біртуар тұлғаларын тарих төріне қайтарғанымыз абзал.

Талайғы Тараздың шытырманы, шырғаланы көп шежіресіне Президент жасаған қысқаша шолу ғасырлар бойы атын ошірмей, іргесін шайқалтпай бүгінгі күнге аман жеткен, енді міне тәуелсіз елдің абат бақты, сән-сәулеті жарасқан шұғылалы шаһарына [illegible]анын көз алдымызға елестетті.

Президенттің әр сөзі көкірекке терең бойлап, тұла бойға ғажап рухтың лебін есті, еліміздің тарихына деген мақтаныш сезіміне бөледі Бір кезде бұратана болып, боданға бүгілген бейшаралық болмыста болсақ, бүгіндері тұлғамыз тіктеліп, тарихымыз бұрын біреулер кемсітіп, қорлап қыжыртқандай тайыз, тақыр емес, тереңде, көне дәуірлерден тамыр тартатынын көкірекке құйып тұлғаланып, нұрланып қалдық. Тараз тойының бойға қуат құйған ең асыл тағылымы осы болса керек. 2000 жыл дегеніңіз орасан заңғар емес пе?! Ойлаудың өзі ғала-

мат. Әлемдегі ең көнелердің көнесі деген сөз емес пе бұл! Тараз тарихы осылай мақтанышқа бөлейді. Ұлы даланың төсіне ұлы қалалар да салған екенбіз-ау.

Президент өз сөзінде көне қаланы осы салтанатқа сәндеп сайлап, жақсы әзірлікпен әкелу үшін Үкімет тарапынан 2 миллиард теңгедей қаржы бөлінгенін айтты. Басқа да тараулардан - түрлі көмек, демеулерден құйылған қаражат та біршама болса керек. Тараз тойына қала перзенттері барын аямағанға ұқсайды. Осынау көптен көмектеген күш-жігер қала көркін құлпыртып жіберген. Екі мың жылдық тарихы бар қаланың көшелері кең, асфальт жолдары тақтайдай теп-тегіс, айнала жасыл желек нуы, абат бақ, алуан түсті гүлдер кілемдей өрнектеліп жанар жаулайды. Мезгіл қоңыр күзге жетсе де шайдай ашық аспаннан қадалған күн көзі шекені қыздырып отыз градус ыстықты төгіп тұр. Табиғаттың өзі осы ортаға, осы қалың жиынды қалаға бар мейірін арнағандай әсер аласыз.

Президент Н. Ә. Назарбаев, Парламент Сенатының төрағасы О. Ә. Әбдікәрімов қалада жаңадан салынған және қалпына келтірілген құрылыстарды аралап көрді. Облыстық өлкетану музейінде, теміржол вокзалында, Жастар сарайында, Орталық Азия сәулет өнерінің інжу-маржанына айналған ортағасырлық ескерткіштерді - Айша бибі, Бабажы хатун, Қарахан, Дауытбек-Шоминсур кесенелері мен Қали Жүністің моншасы ғимараттарын аралап көрді.

Осы ескерткіштерді той қонақтары облыстардың делегациялары, солардың ішінде біз де аралап көріп, тиісті жерлерде садақасын беріп, құран оқытып, тағзым етіп отырдық, көне жәдігерлерді алақанмен аялап сипап, бабалар рухына бас идік.

* * *

Тараз тойының бағдарламасы да кең ойластырылып, аукымды да алуан тақырыпта жасалған екен. Оларда осы

өңірдің кешегісімен бүгінгісін салыстыра отырып ой қорыту. Үлгі-өнеге ұсыну, тағылым-тәрбие ұқтыру алтын арқауға айналыпты. Салтанаты жарасқан, шырайы шұғылалы шаралардың қайсын алсаңыз да Тараз тарихын асқақтатып, Тараз даңқын биікке көтеріп мақтанып еткен ыстық сезімді аңғару қиын емес.

Орталық стадионда кешкі сағат тоғызда басталып түннің бір уағына дейін созылған театрландырылған қойылым көрермен көпшіліктің көкірегінде ұлттық рухты отты жалынмен шарпыған тамаша әсерге толы болып, қойылу шеберлігімен разы етті. Қойылымның режиссері Алматының М. Әуезов атындағы Академиялық драма театрының бас режиссері және көркемдік жағын басқарушы Есмұқан Обаев екен. Ерте дәуірдегі көшпелілер өмірі көз алдымыздан өтті. Тараз жеріне көз алартқан шапқыншылар жорығы: қытайлар, арабтар, жоңғарлар бірінен соң бірі ұлан даланы ұранды жорық, қанды қырғын-шырғалаңмен шулатып қалың елді ойрандап қан қақсатқаны елес береді Ата-бабаларымыздың атқа қонып атой салып, елін қорғаған жаужүрек батырлығы да лайықты детальдармен бейнеленген.

Көк кілемдей құлпырып тұрған футбол алаңының, оны айналып өтетін жарыс жолының әр сүйемі дерлік режиссер ойына бағынып өз рольдерін ойнағаны таңдандырады. Осынша үлкен аумақта бос тұрған бір метр жер қалдырмапты. Стадионның трибуналарына дейін пайдаланылған. Бәрі режиссер ойының ырқына бағынып, сәт сайын құбылып, ойнап, билеп, тербеліп тұрады. Трибунаның бір қанатында «Тараз - 2002» деген сөз көрермендердің қимылымен біресе жарқ етіп жазылады да, біресе жоғалады. Ұзақтығы бір сағат 20 минутқа созылған қойылымға шамамен он мыңдай өнерпаз, спортшы қатысқан екен. Солардың бәрінің киімі де басқа сән-салтанаты да көз сүріндіргендей ғаламат. Стадионда бір бос орын жоқ,

түгел лық толы Айналасы тағы солай қалың қаумалаған қауым.

Театрландырылған қойылымды Алматыдан, Астанадан келген өнер шеберлерінің, халық таланттарының гала-концерті жалғастырды Ол да ешкімді бей-жай қалдырмаған, қоңыр күздің жып-жылы мақпал түнінде жан жүректі отты сезім толқынымен тулатқан тамаша сәті болды.

Облыстық драма театрында «Таразым - тарихым» деген тақырыпта айтыс ақындарының бәсекесі мен жазба ақындарының республикалық мүшайрасы өтті. Бұл маңда да тыңдарман қарасы аса мол. Ду-думан көпке дейін созылды. Ақындар айтысында Жамбыл облысы, Талас ауданынан келген ақын Шырынбек Қойлыбаев бас жүлдені жеңіп алып, «Жигули» автомобилін еншіледі. Ал, мүшәйрада да алпыстан асқан ақындар арасынан Рафаэль Ниязбек пен Маралтай Райымбекұлы дара шығып, бірінші орынды бөлісті. Екеуіне де ақшалай сыйлық берілді.

«Баласағұн» орталық концерт залындағы жиын осы тойдың ең бір алтын діңгекті қазығы болды десек асырып айтқандық болмас. Ол - «Тараз: мың жылдықтар және өркениеттер сұхбаты» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция еді. Конференцияда Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрі Шәмша Беркімбаева баяндама жасап, оған еліміздің жетекші оқу орындары мен алыс және жақын шет елдердің атақты тарихшылары, археологтар, шығыстанушылар қатысты. Египет, Иран, Франция, Үндістан, Қытай, АҚШ, Бельгия, Италия, Ресей және басқа елдерден келген көне тарихтың білгір ғұламалары, дүниежүзі тарихшыларының алғы шептегі ірі тұлғалары Тараз тарихына аса ықыласты мән беріп пайымды пікірлерін айтты. Осының өзі-ақ Тараз жұлдызын биіктете түскені баршаға аян. Осы орайда іштен шыққан шұбар жылан демекші өзіміздің ішіміздегі кейбір «тәуелсіз газет» деп өзін-өзі мәртебелейтін мәнсіз баспасөзсымақтардың Тараз тойын

кемсіткісі, келемеждегісі келетіндей әрекеттері күлкі келтіреді. Бүкіл әлем мойындап, маңызын мәртебелеп отырған осынау тереңнен қозғалған тарихқа күмәнді көзқарас білдіргісі келетіндері де бейшаралықтың бір көрінісі болса керек. Әйтеуір сөз саптау емеуріндерінен еліміздің әр қадамынан бір ілік, кемшілік, яки келеңсіздік көлеңкесін іздегісі келетіндері бар. «Елдің жағдайы әлі мәз емес. Мұндай дабыралы думан-тойдың қажеті қазір бар ма еді, халықтың тұрмысын түзеп алып барып»... дегенсіп, біздің бүгінгі тыныштығымызға, қоғамдағы тұрақтылыққа ши жүгірткісі келетін жымысқыларын былайғы жұрт аңғармай ма екен деп ойлайсыз.

Біздің елімізді жүдеу, жадау етіп көрсетіп, мүсіркегіш қалыппен көз салатын «тәуелсіз баспасөз» Тараздың көшелерін кернеген, алаңдарын шадыман күйге толтырған халық қуанышының негізі, қайнар көзі бүгінгі өмірдің кешегіден көш ілгері алға кеткен оң сипатты өзгерістерінде, жақсылық нышандарында екеніне тіпті де назар аударmайтыны таң қалдырады әрине. Осы орайда біз өзіміздің ескі досымыз, университетта бірге оқыған, біздің облыстағы тойлардың біразында болған әріптесіміз - Жамбыл облыстық «Ақ жол» газеті бас редакторының орынбасары, жазушы Бақтияр Әбілдаұлынан сөз тартып, облыстың әлеуметтік-экономикалық жайы және мәдениеті туралы сұрадық. Бәкең Тараз тарихын зерттеушілердің бірі. Айша бибі өмірі мен қызметін зерттеп, облыс әкімінің демеуімен Үндістанға барып, Дели мұрағаттарын ақтарған, ол туралы пьеса жазған, ол дүниесі театрларда қойылып жүрген белгілі қаламгер.

- Сұрауларыңыз өте орынды. Заман өзгерді. Қиындықтар да көп болды. Ендігі жағдай қандай, қалай деп сұраудың ешқандай оғаштығы жоқ. Жағдайымыз тұралап жатса той жасамаймыз ғой. Мұны әркім түсінуі тиіс, - деп ол бізге көп жайды аңғартар деректерді айтып берді.

Биыл облыс ауыл шаруашылығы саласында жақсы нәти-

желерге қол жеткізген. 335,6 мың гектар егіннің әр гектарынан 19,7 центнерден өнім алынып, 661,3 мың тонна астық жиналған. Соңғы он бес жылдағы ең жоғары көрсеткіш бұл. Той тартуы, халық ниетіне арналған Алланың несібесі емес пе бұл байлық. Ал кей аудандардың көрсеткіштері тіпті жоғары. Жуалы ауданы әр гектардан – 23, меркеліктер - 21,1, қордайлықтар - 20 центнерден астық бастырған. Бір кезде жөнсіз жанталасып жекешелендірудің лаңына ұшырап мұнда да мал басы жел ұшырғандай табын-табынымен тып-типыл болған екен. Сол құлдыраған жағдай енді түзелуге бет алыпты. 1999 жылы 300 мыңнан астам қой болса, бүгінде ол 1 млн 540 мыңға, ірі қара 138 мыңнан - 211800 мыңға, жылқы 47 мыңнан - 62 мың 400-ге, түйе 2500-ден - 3500-ге, құс 700 мыңнан - 1 млн 300 мыңға жетіпті.

Өнеркәсіптің де өшкен оты жанып, оскен өркені көріне бастапты. Кезінде тұралап қалған химия өнімдері кәсіпорындары бұрынғы ырғағын тауып, қайтадан жұмыс істеп тұр. Тараздағы металл конструкциялары зауыты, құрылыс конструкциялары зауыты, «Жамбылгипс» зауыты, «Коммунмаш» кәсіпорны, Мойынқұм ауданындағы «Ақбақай» алтын және күміс өндіру комбинаты, Шу қаласындағы «Тепловоз жөндеу зауыты» және басқалары қазір еңбек қарқынын күннен-күнге арттыра түсуде. Өткен сегіз айда өнеркәсіп орындары 24 млрд 634 млн. теңгенің өнімін шығарған, яғни өткен жылдық сәйкес кезеңімен салыстырғанда 115,5 пайызға артық. Ал тау-кен кәсіпорындарында бұл көрсеткіш - 38 пайызға, химия саласында - 51,9 пайызға өскен.

Біздің облыстың делегациясын қарсы алған Байзақ ауданының «Жібек жолы» деп маңдайшасына жазылған ақ отауында әңгімелесіп отырғанымызда аудан әкімі Әбдіңұр Әсілбеков, оның орынбасарлары Бекқали Торғаев, Әзімхан Қилыбаев, Нұрғали Үкібаев, Буырыл, Көктал ауылдық округ-

терінің әкімдері Балтабай Бүрлібаев, Ерік Әліқұлов жылы лебіз-ді жайларды мол айтты.

Кеңестік кезеңде біздің осы Тараздың аты нешеме өзгерді десеңізші, - дейді аудан әкімі. - Әулиеата еді, одан Мирзоян, Жамбыл болды. Тараз тарихи атын алғаны өте дұрыс. Біздің аудан бұрын Свердлов деп аталатын. Байзақ батыр бабамыз-дың атын алдық. Тәуелсіздіктің біраз шапағатын көріп жатыр-мыз. Тек соның бәрі жақсылыққа бастасын. Аудан халқының 60 пайызы бұрын орыс, неміс, түрік, азербайжан еді, қазақ 40 пайыз болатын. Қазір 70 пайызы қазақтар. Тарихи отандарына көшіп кеткен орыстардың, немістердің орнына Ауғанстаннан, Пәкістаннан, Өзбекстаннан, Қарақалпақстаннан өз ағайында-рымыз келіп жатыр. Бәрін қуана қарсы алып, қолдан келген көмек-қамқорлықты жасап, орныктырдық.

Ауданның халқы 70 мың адам. Соңғы екі жылдан бері жағдай түзелуге бет алды. Аудан орталығы Сарыкемер ауылы. Оның 17 мың халқы бар. Бұрынғысынша көп ұлттың өкілдері бір ұяның түлектеріндей тату-тәтті өмір кешуде. Президентіміз айтқандай біздің басты байлығымыз татулық пен қоғамдық келісім екені де рас.

Біздің делегацияның басшысы Қуат Есімханұлы да Қы-зылжар өңірінің бүгінгі жайы туралы әңгіме сабақтап жатыр. Егіннің шығымы биыл да олқы еместігі, орақ барысы, өнеркәсіп орындарының тұрақты жұмыс ырғағы, халықтың тұрмыс-ахуалы жылдан-жылға жақсара түсуге бет алғаны айтылды.

- Сонау тоқсаныншы жылдардың басында екі облыс өзара байланыс келісімін жасаған. Екі облыс үлкен құрамда мәде-ни делегациялар алмасып, осында сіздің облыстан халық таланттары, артистер келіп жарты айдай концерт қойып, қызықты кештер өткізген, біздің делегация да сіздің жерде болды, - деді аудан әкімі. - Мүмкін экономикалық байланысты жолға қоярмыз.

Осындай нақтылы шаруа жайлы да әңгімелер өрбіп, дастархан басында қонақжай қалыптың лебі шалқыды. Дастархан үсті дәм-тағамның алуан түріне, жеміс-жидекке, шырын-сусындарға, шұбат, қымызға толып тұр.

- Қымбатты қонақтар, дәм алып отырыңыздар. Тараз тойын ерекше етіп, ұлттық өрнек, салт-дәстүрмен өткізіп жатырмыз. Облыс әкімі Серік Үмбетов мереке алдында той дастарханында арақ-шарап, тіпті сыраға дейін болмасын деп ұсыныс жасаған еді. «Өте дұрыс» деп оны ақсақалдар қолдады. Сонымен бұл тойда ащы су ауызға алынбайды. - деп аудан әкімі Әбдіңұр Әбділдайұлы кешірім сұрағандай күлімсіреп бізге қарайды.

- Өте дұрыс

- Бұл бір жақсы бастама екен.

Қайырлы болсын, ұзағынан сүйіндірсін - десіп жатырмыз. Бұл дәстүрді біз ғана емес, тойға қатысқан баршаның құптағанын естідік. Той күндері қала көшелерінде, дүкендерде ішімдік сатылмапты. Бұл бір - халықтың тілеуінен, көңілінен шыққан игі шара еді

Біз отырған «Жібек жолы» отауы Бауыржан Момышұлы атындағы атшабардың (ипподром) іргесінде еді. Кигіз үйлер қалашығы осы жерде қанат жайған. Үш жүзден астам аппақ үйлер сәнді тәртіппен көше-көше ретімен тізілген. Бір мезет ат спорты жарысын қызықтауға атшабарға бардық. Әртүрлі қашықтыққа сәйгүліктер жарысып, жүлделерін алып жатты. Тіпті Башқұртстаннан, Түркіменстаннан, Тәжікстаннан келген аттар да болды.

Ең соңында бүкіл көрермен көпшілікті орнынан тік тұрғызып, ду-думанға бөлеген көкпар сайысы болды. Біздің жақта дәстүрге енбей жүрген бұл жарыс шынында қызғылықты екен.

Ия, Тараз тойы тамаша өтті. Адам көңіліне сәулелі нұр толтырып, жақсылықты, жарқын ойларға жетелейтін сәттері көп. Бұрынғы тойлардан асып түсетін, рухыңызды көтеріп, сергітіп тастайтын жайлар бар. Әсіресе, халқымызға талай

жылдар қасірет болып қабаттасып дастарханды билеп алған ішімдіктің ысырылуы - ең үлкен келісті кесім.

Тойдың көркі көңіл толтырады. Қаланың орталығынан бастап, шетіне дейін көркейтілген, безендірілген. Қаланың кіре беріс қақпалары, көше бойларындағы панно, плакаттар көшелердің дәл ортасына тартылған кермедегі даналық сөздері мазмұнға бай, тағылымы терең. Бояулары қанық, суреттері ашық. Әсері, айтары мол.

Тараз тойына арналып он шақты кітап шығарылыпты. Солардың ішінде ең көлемдісі – «Тараз – 2002» атты кітап. Ол Н. Ә. Назарбаевтың «Тараз халқымыздың рухани байлығының алтын діңгегі» деген сөзімен ашылып, онда көптеген құнды ғылыми материалдар топталыпты. Әбіш Кекілбайұлының «Талайғы Тараз», Бақтияр Әбілдаұлының «Талас, Айша бибі, Қарахан», Көсемәлі Сәттібайұлының «Тараздан тәбәрік», Амантай Айзахметовтың «Путешествие в глубь веков», К. Рыспаевтың «Древний Тараз», Шәмші Қалдаяқов әндерінің толық жинағы (ол Таразда 18 жыл тұрыпты) сияқты кітаптар, Айман Досымбаеваның «Мерке - Жетісу түркілерінің киелі жері» атты альбомы (ағылшын, орыс, қазақ тілдерінде) коркем безендіріліп, қымбат қағазға басылып, жоғары сапамен шығарылған екен. Кімге болсын ұялмай ұсынуға болатын қымбат дүниеліктер еді бұлар. Тойдың ең бір құнды, аса бағалы ескерткіштері осылар деп білдік біз. Талай тойды көріп жүріп мұндай мырзалықты кездестірген жоқ едік, қуанып қалдық.

Жаңа заманның тағы бір белгілері осы тойға бөлінген қаржының қай жерге, қай нысанға жұмсалғаны да баспасөзде дәл цифрлармен дәттеліп жазылыпты, ол нысандардың әдемі қалыпқа келтіріліп, көркейтілген суреттері басылыпты. Осыдан-ақ дарақылық, даңғазалық, аста-төк шашылу таралғылары тартылып келе жатқаны аңғарылады. Шақырылған қонақтар саны да ықшам, олардың шашбауын көтерушілер қатары да

қысқарған. Осындай оң сыпаттар көңілге әбден қонған еді.

Тағы бір сүйсінген жайымызды айта кеткен орынды шығар. Ол бүгінгі жастарға, нарық толқынында талпынған үмітті жастарға үлгі, өнеге болар деп ойлаймын. Бізді «жаңа қазақтардың» бірі (қазір мықты кәсіпкерлерді мақтанышпен осылай атап жүр ғой) үйіне қонаққа шақырды. Арап Нүрәлиев Жамбылдағы белгілі кәсіпкер екен, жасы алпысқа келіп қалса да әлі мығым. Бізге оның қонақжай аңқылдаған көңілі, ашық ақжарқындығы, бүкпесіз турашылдығы, іскерлік қайраты, ақылға, ойға толы әр қадамы, не істесе де жаңылмай тап басып, білікпен тындыратын қарымдылығы ұнады. Осы асыл қасиеттерін сөзінен, ісінен, тұрмысынан, жан сарайынан, зайыбы Күләштің, балаларының жүздерінен, қонақтарды қабылдау ықыласынан ұқтық.

Өзім жастай жетім қалдым. Әкем аудандық атқару комитетінің төрағасы болған адам. Соғысқа кетіп, оралмады. Анам екеуміз еңбекпен күн көрдік, еңбекпен жетілдім, - дейді. Аракең. Жиырма жыл көкөніс базасының директоры, он жыл мұнай өнімдері базасының директоры болдым. Құдайға шүкір, балалар жетілді. Жекешелендіру басталғанда Жамбыл шарап заводын сатып алдым, одан кейін Алматы түбіндегі Түрген шарап заводының біраз үлесін сатып алдым. Тағы басқа шаруалармен ептеп-септеп жүріп жатырмыз. Халыққа да, қала шаруасына да көмектесіп тұрамын.

Біз бұл шаңырақтан тәуелсіздік алған еліміздің жаңа бір жақсы нұсқаларын көргендей болдық. Ауланың құрылысы, онда әр нысандардың рет-ретімен үйлесімді орналастырылуы жарасым тапқан, тұрмысқа қолайлы, жайлы. Екі қабатты тұрғын үйдің сән-сәулеті сұлу, сырт бейнесінің өзі кавказ курорттарындағы ғимараттарды еске түсіреді. Іші кең де жарық, оңтүстік өңірдің жылы ауа райына лайықты етіліп терезелері де, бөлмелері де ауқымды пішілген. Жиһаздары да, жасауы да жарасым тапқан.

Ал, ауланың құрылымы да сәулет өнерінің зерімен кескінделген. Ашық бассейн, фонтан, гүлзар, жайқалған жасыл желек, одан әрі үлкен ауланың қос қабатты үйге қарсы бетінде тағы да ғимараттар: бар жабдық-жасауымен кең көсілген көрікті бильярд залы, балалар, үлкендер үшін аумақты спорт залы, ғажап сауна тіркескен. Буы шыжылдаған моншасы, машиналар гаражы және бөлек тап-тұйнақтай. Қайсына көз тоқтатсаңыз да бүгінгі тұрмысқа лайықты, қажетті, күнделікті колданыс нәрселері. Шаруаның қыбын келтіре білетін іскер адам қол жеткізе алатындай керек-жарақтар сияқты. «Тәулік бойы ұйықтамаған кездерім болды, еңбектен жалықпадым, рахат алдым, балаларым да солай» - деген үй иесінің сөзіне имандай иланасыз, қайратына құрмет арнайсыз.

Бұл шаңырақтың дастарханы да әсерлі әңгіме дүкеніне, әнкүй жәрмеңкесіне айналды. Ауылдың алты ауызын шыркаған үй иелері бізге бұрылады. Арқаның асқақ әндерін де әуелеттік. Басшымыз Қуат Есімханұлы қазақтың қара сөзінің дүлдүлі болған небір майталман шешендердің маржандай асылдарын нақышына келтіріп төгіп-төгіп жібергенде тыңдаушыларын тәнті етті. Енді бір кезекте қолына домбыра алып Біржан, Ақан, Естай әндерін шырқатып мәжілістің мерейін келтіріп, құлпыртып-ақ жіберді.

«Жаңа қазақ» Арекеңнің шаңырағында өткен осынау ұмытылмас көркем кеш Тараз тойының бір гауһар тасты маржанындай көңіл көгінде ұзақ жарқырап ұмытылмасы да анық.

Тараз тойы осылай жақсы өнерлерімен бізді сүйсінтті.

ПИСАТЕЛЬ, ОТКРЫВАЮШИЙ МИРЫ

Академик-писатель Габит Мусрепов писал: «Труды, вышедшие из-под пера Сабита Муканова, - это своеобразная энциклопедия! Правая рука Сабита по белой бумаге прошла миллионы километров пути. Если бы написанные Сабитом на бумаге слова расположить в сплошную линию и измерить ее длину, то невольно удивишься, сколько миллионов строк на бумаге оставила его рука. Но каких строк! В каждом слове – сгусток мысли и мудрости».

«Времени подвластно все», - гласит казахская мудрость. Действительно, быстротечное время каждому определяет свое место в этой жизни.

Но есть личности, которые переживают свое время. Наш Сабит Муканович Муканов, 105-летие со дня рождения которого отмечается в эти дни, относится к ним. Он был одним из основоположников современной казахской культуры, академиком национальной Академии наук.

Его столетний юбилей, отмеченный пять лет назад под эгидой ЮНЕСКО, показал, что творческое наследие С. Муканова вошло в золотой фонд казахской литературы, его книги, переведенные на 46 языков, стали достоянием мирового читателя.

На том торжестве, где присутствовали многие известные люди, Президент Республики Казахстан Н. А. Назарбаев о творчестве Сабита Муканова сказал так: «Редко какой писатель при жизни был так широко известен и любим всей страной, как Сабит Муканов. Чем объяснить такую популярность? По-моему, его писательская, творческая платформа неотделима от его человеческой, гражданской личности, он всем открыт и доступен. У нашего Саке нет разночтений и в словах, и в делах, нет хитрости и непонятности и в поступках, и в действиях. В

любых ситуациях, даже и тогда, когда заблуждался и когда был на вершине славы, он был одинаково понятен своему народу и был вместе со своим народом».

Эта оценка, данная главой государства творчеству С. Муканова, явилась полным выражением исторической справедливости. Он был родом из гущи народа, и все его творчество посвящено служению народу. Родился С. Муканов 26 апреля 1900 года в местечке Жаманшубар Петропавловского уезда Аккусакской волости (ныне Северо-Казахстанская область, Жамбылский района, аул Дос) в семье батрака-скотовода. Семи лет лишился отца, через год умерла мать. Двадцать пять лет тому назад, когда наша область готовилась отмечать 80-летие со дня его рождения, я по заданию редакции побывал в родном ауле Сабита и попросил его двоюродного брата Шакена Мустафина рассказать о детских и юношеских годах писателя.

- Сабит был человеком особого склада, - вспоминал Шакен-ага. - Скромным, простым, близким народу. Когда приезжал в родной аул, он заходил в каждый дом, как родственник, у каждого спрашивал о здоровье, о детях, хозяйстве. Мы удивлялись его памяти, он называл и старых, и малых по имени. Каждый его приезд в аул для нас был большим праздником.

Сабит старше меня на 5 лет. Наши отцы Мукан и Мустафа - родные братья. Наши убогие юрты ставились всегда рядом, и дети росли как бы в одной семье. Отцы были пастухами бая Альти. Когда Сабит остался круглым сиротой, он перешел к нам и воспитывался у нас, мы росли вместе.

Мой отец мог читать по-арабски, однажды, съездив в Троицк, он привез с собой муллу-татарина, и тот старался учить нас грамоте. Сабит с детства любил слушать стихи, которые старики читали наизусть, и быстро записывал, повторял.

Летом мы с ним пасли байские табуны лошадей и неотлучно находились в степи. Моя мать любила и воспитывала Сабита

как своего сына, а его мать перед смертью просила меня за ним присмотреть.

- Перед Богом клянись, что выполнишь мою просьбу, - говорила она. Когда брат уехал в Петропавловск учиться, он забрал меня с собой. «Учись, без учебы пропадешь», - так каждый день наставлял он меня. И в Оренбург я поехал с ним. Ой, какой он был добрый, родной, надежный. А когда он уже в тридцатые годы учился в Ленинграде, в институте красной профессуры, уговорил поехать с собой мою мать, сказав: «Вы нас воспитали, теперь немного отдохните, посмотрите Ленинград, свет увидите». Она там жила больше чем полгода. До смерти благодарила его. Таким был мой брат Сабит. Никогда не забывал нас».

Таким помнят его не только родственники и земляки. Он был истинным народным писателем, много бывал среди своих читателей, беседовал с людьми.

Судьба мне подарила счастье знать этого человека, встречаться с ним на его родине, в его родном Петропавловске и сопровождать в поездках. В 1960 году он со своими знаменитыми земляками Габитом Мусреповым и Иваном Шуховым приехал отметить свой 60-летний юбилей. С ним было много известных писателей и артистов.

На встрече с журналистами в редакции газеты «Ленин туы» (ныне «Солтүстік Қазақстан») писатель вспоминал двадцатые годы, когда он работал в Петропавловске.

С 1919 года С. Муканов активно участвовал в общественной жизни, служил в отряде частей особого назначения, работал инструктором Петропавловского горкома партии. В 1922-1926 годах учился в Оренбурге на рабфаке. Совсем в молодом возрасте - в 25 лет - Сабит, уже накопив значительные знания и навыки, становится редактором областных газет и журналов республики, а в 1926-1927 - ответственным секретарем нашей газеты «Бостандық туы» (позже «Ленин туы»). Писать стихи

С. Муканов стал с пятнадцати лет. Но полнокровная литературная деятельность началась с 1920 года. По подсчетам литературоведов, он написал немало лирических стихов, тринадцать поэм, три рассказа, одну повесть, два романа, один в стихах, а другой в прозе, десятки критических статей, организовал и выпустил два литературных сборника, один альманах. За 10 лет. Среди них первый сборник его поэзии, который вышел в 1926 году.

Это время является периодом творческого становления поэта. Вчерашний юноша-пастух уверенно шел по тернистому пути поэзии. Естественно, его первые поэтические произведения страдали прямолинейностью, отличались классовым подходом, что было характерно тогда для общества. Из тринадцати поэм наиболее яркой стала «Сулушаш». В 1928 году она вышла отдельной книгой и у многотысячных читателей пользовалась особой популярностью. Литературная критика включила ее в золотой фонд казахской поэзии.

К числу произведений этого периода относится и первый роман писателя «Заблудившиеся». Он над ним работал в течение 1927-1928 годов. В конце 1928 роман был отдан в печать. Но ограниченность полиграфической базы в Казахстане в тот период не позволила опубликовать его вовремя, и роман увидел свет лишь в начале 1931 года. В 1935 переиздается. В том же году на русском языке он вышел в Москве под названием «Сын бая». Учитывая многочисленные пожелания читателей и критиков, указавших на некоторые недостатки, автор через двадцать лет возвратился к этому произведению (оно вышло под другим названием - «Светлая любовь»), которое и сегодня популярно среди молодежи.

В один из приездов в Петропавловск писатель отвечал на вопросы журналистов о его творческой лаборатории. Мы с интересом слушали, и вопросы сыпались со всех сторон. «Я

пишу одновременно несколько произведений, - говорил он. - Если начинаю писать роман, то работаю, не отрываясь, пока не заканчиваю целую главу, потом даю себе отдых, обдумываю следующую и во время такого перерыва даю волю поэзии, пишу стихи или литературную статью или делаю наброски новой драмы». Возник вопрос: «Сколько томов было бы, если выпустить ваши произведения полностью?» - «Пятьдесят, - ответил он. - Издательство «Жазушы» выпустило 16 томов моих избранных произведений. На остальные нет бумаги».

Вот так плодотворно работал наш Саке. Исследователи творчества поражаются его работоспособности и отмечают, что он одновременно писал и публиковал несколько произведений. Его вторым крупным прозаическим произведением был роман «Ботагоз». К сбору материалов для него он приступил еще в 1923 году и потратил на это в общей сложности пятнадцать лет. Писал четыре года, книга увидела свет под названием «Загадочное знамя» («Ботагоз»).

Появление романа «Ботагоз» стало значительным событием в казахской литературе. Он сыграл большую роль в развитии казахской прозы, став одним из первых художественно законченных крупных прозаических произведений.

Отличительной чертой С. Муканова была, конечно, его способность создавать шедевры во всех жанрах литературы. Из-под пера писателя рождались новые романы, стихи, баллады, поэмы, пьесы, очерки, научные труды. Большинство из них вошли в ряд классических произведений, стали любимыми книгами читателей, удостоены различных премий. Так Госпремией КазССР им. Абая он отмечен за трилогию «Школа жизни», премией АНКазССР им. Ш. Уалиханова - за научный труд «Жарқын жұлдыздар» («Лучезарные звезды») о жизни и творчестве Ш. Уалиханова и А. Кунанбаева.

Академик-писатель всегда был примером трудолюбия, неиссякаемой творческой энергии.

Сабит Муканов внес большой вклад в укрепление писательской организации, около десяти лет возглавлял Союз писателей Казахстана, был одним из зачинателей литературоведческой науки в республике, принимал активное участие в создании многотомной истории казахской литературы. Он - автор свыше пятисот статей, монографий.

Большие заслуги писателя в развитии казахской литературы высоко оценены государством. С. Муканов награжден двумя орденами Ленина, двумя - Трудового Красного Знамени и орденом «Знак Почета». Он был членом советского комитета защиты мира, неоднократно избирался депутатом Верховного Совета Казахской ССР.

Вот уже более тридцати лет нет его с нами. Но его богатое литературное наследие с нами. Мы, читая его книги, делимся думами с ним, как будто слышим его знакомый голос. Ему присвоено звание «Почетный гражданин города Петропавловска». Бюст С. Муканова установлен возле областной библиотеки. Одна из улиц города названа именем Сабита Муканова. Каждый год проходящие в день рождения писателя Мукановские чтения в библиотеках, учебных заведениях, публикации в газетах, телепередачи напоминают нам о духовной силе творчества выдающегося таланта.

ПОСТИЖЕНИЕ ВЫСОТЫ

Жарким летом 1960 года в нашем городе произошло значительное событие, но в то время как бы оставшееся в тени. Однако через много лет оно приобрело историческую значимость в литературной жизни не только области, но и всей республики. В Петропавловск в дружеской компании приехали сразу три знаменитости: Сабит Муканов, Габит Мусрепов и Иван Шухов. Я называю эту поездку исторической, потому что ни раньше, ни потом они вместе не бывали в родных краях. Радовало и то обстоятельство, что все они были нашими земляками, родились почти в одном районе. С этими корифеями приехали и другие писатели, артисты, чтобы отпраздновать юбилей Сабита Муканова, его 60-летие.

Когда мы, журналисты областной газеты «Ленин туы», занимались подготовкой литературной страницы, посвященной этому событию, кто-то предложил поместить дружеский шарж по типу «Трех богатырей» Васнецова. Художник Иван Лукин с фантазией изобразил трех корифеев на конях среди целинной нивы, в богатырских доспехах. Редактор Балтабек Асанов похвалил его и сказал ставшие пророческими слова:

- Три богатыря, три писателя - гордость нашего края. Я не знаю, но мне кажется, мы больше не встретим таких самородков из одного корня одной земли. В будущем их именами будут называться улицы, площади, они навеки впишутся в историю, а потомки о них сложат песни.

В редакции все три писателя, увидев этот дружеский шарж, приятно удивились. А мы, молодые журналисты, из беседы с ними познали много полезного, пополнили свой багаж знаний.

Габит Мусрепов запомнился всем как человек высокой культуры. Да и внешне он подавал пример другим: черный

строгий костюм, блестящие черные же туфли, круглая турецкая тюбетейка.

Габит-ага был немногословен, угадывались в этой немногословности любовь к конкретному, умение уходить от общих фраз, от пустословия. Он оживлялся, когда речь заходила о героях его любимых книг. В такие моменты он надолго задерживался, расспрашивал и о других делах, о городской жизни.

После той памятной встречи Габит Мусрепов долго не бывал в родных местах. Его голос можно было услышать с трибун международных съездов, конференций на всех континентах. Мы, рядовые почитатели его таланта, не успевали следить за его поездками, о которых сообщалось в печати. Гордились, что у нашего земляка действительно орлиный полет, что он председательствует на Всесоюзном съезде писателей, а в Италии, Франции, Японии и других странах спорит со знаменитостями, вносит свои предложения о насущных проблемах всемирной литературы, о войне и мире, о дружбе и согласии между народами. И, конечно же, в душе мы сожалели о ненаписанных в связи с этим книгах, о которых рассказывал нам писатель. Бурная общественная деятельность уводила Габита Мусрепова от его любимого писательского стола.

Об этом же он говорил позже, в один из приездов в Петропавловск, в беседе с журналистами на квартире тогдашнего редактора областной газеты «Ленинское знамя» Риммы Васильевны Сергеевой. Габита-ага сопровождал известный поэт Гафур Канрбеков, бывший верным спутником Мусрепова в его поездках, выпустивший потом сборник путевых очерков с материалами о его творчестве.

Римма Васильевна была талантливым журналистом, большим знатоком литературы и мастерски вела встречу с Габитом Мусреповым. Учитывая, что у большинства русских литераторов знаний о творчестве писателя немного, она часто

предоставляла слово его спутнику. Сам Мусрепов о себе не говорил, больше слушал.

Из удивительно поэтического рассказа Гафура Канрбекова вырисовывался возвышенный романтический образ писателя. Да, Габит Мусрепов прожил долгую, яркую жизнь, полную творческой радости, полученной от безграничной преданности своему труду, трагического драматизма времени сталинских репрессий, которые не обошли стороной и его семью. В 1980 году вышел в свет трехтомник избранных произведений писателя, в предисловии к нему, в частности, говорится: «Он родился в день праздника Наурыз, два года после начала века. Грамоту познал от муллы аула, который учил ребят читать и писать по арабскому алфавиту». Но к настоящему роднику знаний будущий писатель приобщился, когда поступил в Пресногорьковскую начальную школу. Здесь он познакомился с произведениями Пушкина, Лермонтова, Крылова и с помощью учительницы русского языка и литературы Сильвы Михайловны, предсказавшей ему писательское будущее, открыл у себя любовь к сочинительству.

Первый рассказ Г. Мусрепова «В бушующих волнах» появился в стенной газете, когда он учился на рабфаке в Оренбурге, тогдашней столице Казахстана, и сразу же привлек внимание известного тогда писателя Беимбета Майлина, ответственного секретаря республиканской газеты. Майлин безошибочно заметил дарование юноши и пригласил работать переводчиком в редакцию. Так Габит уверенно вошел в большую литературу. А до того он успел поработать и волостным военкомом, заместителем начальника милиции, накопил богатый жизненный опыт, что помогло ему в будущей творческой деятельности.

Позже Г. Мусрепов поступает в Омский сельскохозяйственный институт, о чем он впоследствии пишет: «Работа в

сельском хозяйстве, как и военно-милицейская деятельность, не стали содержанием моей жизни. Меня по-прежнему привлекала нетронутая белизна листа бумаги, она заставляла заново переживать события, участником которых я был».

Когда мы говорим о Габите Мусрепове, то часто говорим – «первый», «первопроходец». И действительно, в становление казахской литературы он внес огромный вклад, во многих жанрах был первым и блистательно справился с этой задачей. Когда он взялся за перо, такие корифеи как Сабит Муканов, Беимбет Майлин, Мухтар Ауэзов уже были широко известны читателю. Однако прекрасное знание русской и зарубежной классики, а главное – большой талант, позволили Габиту Махмудовичу взять успешный старт и подняться до высот классика казахской литературы. Мусреповский почерк выделялся сочным колоритом богатого казахского языка. В своих рассказах и повестях он сумел затронуть самые сокровенные струны души человека, пробудить у него неиссякаемую любовь к родной земле, к своему народу, к его истории. Его произведения отличались поэтичностью, легким юмором, глубоким сарказмом и иронией, читались увлекательно, с интересом.

Романы Г. Мусрепова «Пробужденный край», «Солдат из Казахстана», «Улпан - ее имя», драмы «Қыз Жибек», «Кансерэ-Актокты», «Амангельды» и другие, рассказы о матери вошли в золотой фонд казахской литературы. Они переиздавались много раз. На сцене Академического театра драмы имени Ауэзова не раз ставился спектакль «Қыз Жибек». В общей сложности он шел более тысячи раз.

Литературное наследие писателя огромно и многообразно. Из-под его пера вышли несколько книг рассказов, романов, повестей, критических статей, либретто опер, киносценариев. Если к этому добавить еще и кипучую общественную деятельность, то перед нами встанет во весь размах личность классика

казахской литературы. Габит Мусрепов был редактором республиканских газет и журналов, первым секретарем правления Союза писателей, членом исполкома общества европейской культуры и членом советского комитета содружества стран Азии и Африки, депутатом Верховного Совета СССР и Казахской ССР, председателем Верховного Совета Казахской ССР.

Литературные заслуги Габита Мусрепова отмечены высокими государственными наградами. Ему было присвоено звание Героя Социалистического Труда, он награжден тремя орденами Ленина, орденами Октябрьской революции, Трудового Красного Знамени, Дружбы народов.

Ему присуждалась Государственная премия Казахстана, он избирался академиком АН Казахстана. Все эти высокие награды и звания свидетельствуют о плодотворной литературной и общественной деятельности и ярком таланте писателя, чье имя золотыми буквами вписано в историю страны.

О его честности и преданности делу, о твердости характера ходили легенды. В 1937 году, когда буквально над всей интеллигенцией сгустились черные тучи и каждый в ужасе ежеминутно ждал ареста, то и дело проходили бурные разоблачительные собрания, на которых клеймились «враги народа».

На одном из таких собраний в Союзе писателей Казахстана «разоблачали» как шпиона японских империалистов Беимбета Майлина. Выступающих было много. И вот встал Габит Мусрепов: «Если Майлин - враг народа, тогда и меня считайте врагом народа». Это заявление Мусрепова не спасло Майлина от расстрела, но навсегда осталось в памяти людей. В те дни с подобным заявлением мог выступить только человек твердой воли, не боящийся пострадать за правду. Таким и был Габит-ага.

В трудные минуты страшнее предательство друга. Мусрепов пережил такое. Однажды после партийного собрания, на котором решено было исключить его из партии и освободить

от высокой должности, а ему оставалось только ждать ареста, позвонил домой его старый друг и попросил: когда он освободит квартиру, то ключи пусть отдаст ему, поскольку он первый на очереди.

В начале тридцатых годов страшный джут охватил всю республику. Не хватало продовольствия, люди голодали, умирали от истощения. Особенно отразился джут на казахском народе. Целые аулы вымирали, покойники неделями лежали под открытым небом, хоронить их было некому. Это до глубины души возмущало и волновало писателя Мусрепова, и он взялся за перо, вместе со своими четырьмя собратьями по творчеству написал письмо Сталину, рассказав о массовой гибели людей, прося помощи. Под названием «Письмо пяти» оно было обнародовано лишь в наши дни. Тогда же на подобное открытое разоблачение вредительства руководителей осмелился бы не каждый.

В последние годы жизни Габит-ага зачастил в родные края. Несколько раз побывал в Петропавловске, посетил заводы, фабрики, познакомился с новостройками, беседовал с рабочими, инженерами. В один из приездов ему было присвоено звание «Почетный гражданин города Петропавловска».

В народе говорят: «Скромность украшает человека».

Такая скромность была присуща Габиту Мусрепову. Он всегда старался не выпячивать свою писательскую известность, не хотел помпы во время празднования 50,60,70 и 80-летия со дня рождения. Только после его смерти земляки провели празднование 90-летия писателя.

Здесь невольно вспоминаются слова редактора Балтабека Асанова, приведенные выше. Действительно, три богатыря, изображенные в дружеском шарже, после ухода из мирской жизни вернулись к нам в названиях улиц, памятниках, в народных песнях. Однако в душе остается некоторая горечь: в нашем городе, на родине писателя нет ни улицы, ни площади,

которая носила бы имя Габита Мусрепова. Когда праздновалась его 90-летие, на торжествах обещали: будет улица имени писателя. Прошло пять лет. К сожалению, обещание осталось обещанием. Сегодня, когда отмечается 95-летие со дня рождения Габита Мусрепова (а родился он в день Наурыза), почитатели таланта писателя верят, что уж теперь будет сдержано слово. Недопетая песня о трех богатырях литературы будет звучать в полной гармонии: есть улица имени Ивана Шухова, улица имени Сабита Муканова. Недостает одного аккорда.



«...СЛЫШУ ГОЛОС ЗОЛОТОЙ ДОМБРЫ БИРЖАНА»

Эти слова звучат в либретто к опере Мукана Тулебаева «Биржан и Сара», увековечившей имя народного певца, поэта, акына Биржана.

Биржан родился в 1831 году в Енбекшильдерском районе Кокчетавской области, в ауле Кожагул. Умер в 1894 году. Раннее детство он провел у своего дяди Кожагула, отсюда и его фамилия. С юношеских лет увлекался пением, и скоро сильный, красивый голос и блестящий импровизаторский дар сделали его желанным гостем в каждом ауле, в каждой юрте.

Слава о юном поэте разнеслась по всему Казахстану, что и определило его жизненный дальнейший путь. Биржан происходил из зажиточной семьи, но, вопреки настояниям родственников заняться «делом», избрал для себя беспокойную и изменчивую судьбу профессионального певца. Известно, что летом 1865 года в Кокчетав приезжал омский генерал-губернатор. Приезд знатного гостя, естественно, привлек массу народа.

Со всех концов громадного Кокчетавского уезда стекался различный люд:поэты, музыканты, борцы, наездники и просто любопытствующие. На этом празднике Биржану пришлось испить чашу горечи и унижения. Полный негодования, Биржан высказывает гневный протест и жгучую ненависть к чванливым и корыстолюбивым правителям в песне «Жанбота»:

Жанботу - волостного родил карпык,
Жанбота к чинам и власти привык.
Друг его Азнабай средь белого дня
Посылал отнять домбру у меня.
Я - акын. Я не отдал домбры моей,
Хоть пытался ее вырвать злодей...
Жанбота! Где ты видел такой закон,
Чтоб свободного бить кто-то посмел?...

Песни Биржана отражают несгибаемость его духа, его протест и борьбу против бесправия и насилия. Его стихи - это не отвлеченные образы и лирические раздумья, а непосредственный отклик на конкретные события, выраженный в поэтической форме.

Странствуя по просторам казахской степи, он побывал во всех ее уголках, везде находя источники поэтического вдохновения. Как-то, заехав в аул бая Ак-тентека и увидев его дочь Ажар, певец посвятил ей лирическую песню «Тентек». Так же родилась другая - «Жаймашуак». А встреча с девушкой Айтбай вызвала к жизни одну из лучших его песен. «Айтбай» наиболее полно раскрывает вдохновенно-поэтический характер певца, это музыкальная характеристика возвышенных чувств к девушке и в то же время своеобразное обобщение любви к родному краю. В ее звучании ощущается бесконечность степи, исполненной красоты и поэзии.

В зрелом возрасте повстречался акын с известной в Семиречье певицей и поэтессой Сарой. Их поэтическое и песенное

состязание состоялось, по предположению А. К. Жубанова, в местечке Ешки-Ульмес. Дошедшая до нас поэма «Айтыс Биржана и Сары», по преданию, создана самой Сарой. Сейчас трудно судить, как проходил этот айтыс, какие пелись песни, но из дошедшего описания следует, что Сара подчеркивала великолепное вокальное мастерство Биржана, его блестящий дар импровизатора. Это состязание еще больше укрепило славу певца.

Социальная, гражданская тема получает свое яркое выражение в песне «Биржан-сал». Пылкая поэтическая натура Биржана, нашедшая выражение в его творчестве, слилась с понятием «сал», что означает «избранник народа».

Биржан я, Кожагула сын.
На свете никому не делал зла,
Спины не гнул, не клянчил и не льстил,
Что поэту восхваленье и хула?! -
поется в песне.

В ней певец поднялся до понимания своей общественной роли. Углублению гражданских мотивов немало способствовала встреча акына с Абаем Кунанбаевым, состоявшаяся, вероятнее всего, во второй половине 80-х годов 19 века. Знакомство с великим поэтом, просветителем положительно повлияло на творчество Биржана. Песня «Биржан-сал акын» носит печать влияния абаевской песенной лирики, поскольку в ней поется о человеческом достоинстве поэта, его гражданском долге и печальной участи бедняка.

Для джигита бедность - злая западня,
Жить он не захочет, потеряв коня.
Ну а если друга нечем угостить,
От стыда умрет он, не прожив и дня.

Восхищенный абаевской поэзией, певец сочиняет песни на его стихи. Биржан встречался и со многими выдающимися деятелями народного искусства, участвовал в айтысах.

Последние годы его жизни были омрачены тяжелыми испытаниями: вместе со старостью пришла бедность, над которой сам певец горько иронизировал, а с бедностью - недуги и одиночество. Если нужду и старость он переносил стойко, даже с иронией, то одиночество и непонимание были для него слишком тяжелы. Глухая стена недоброжелательства вызвала с его стороны отчужденность и замкнутость. В песнях последних лет акын стремится выразить тоску по безвозвратно ушедшим молодости и славе. Последние три года он провел в своей юрте и умер в тяжелейших муках в 1894 году. Перед кончиной Биржан сочинил песни «Асыл-Ахык» и «Темиртас», обращенные к детям.

Свободолюбивый образ великого певца получил свое воплощение в опере Мукана Тулебаева «Биржан и Сара». Благодаря опере Тулебаева, драматическая судьба акына Биржана Кожагулова, наполненная борьбой со злом, пороком, несправедливостью, живет в памяти народа.

СЕКРЕТ ПРИТЯЖЕНИЯ

Иманбаев: «Я избрал тяжкий путь литературного труженика и возврата назад не вижу».

Вроде бы неуместно сейчас говорить о чьем-либо юбилее. Потому что время такое: не до жиру – быть бы живу.

Подобного рода голоса слышались, когда мы, североказахстанцы, отмечали дни рождения своих знаменитых земляков – писателей Сабита Муканова, Габита Мусрепова, Магжана Жумабаева и других. Но при этом забывают давно известную и всеми вроде бы усвоенную истину, что не хлебом единым жив человек.

Да, жить стало неимоверно трудно. Никто с этим не спорит. Но вместе с тем, надо ли впадать всем в отчаяние или уныние? Мы не можем отнимать у народа право на оптимизм, веру в благополучный выход из тупикового состояния, в котором оказалась наша жизнь. Именно вера и надежда на лучшее руководят всеми нами, когда мы с благодарностью и любовью вспоминаем свою историю, достойных людей, труд и талант которых прославляли родную землю. Вот почему, несмотря на все трудности, мы готовимся к празднованию юбилея еще одного нашего выдающегося земляка – Ивана Петровича Шухова.

А ныне общественность области отмечает 70-летие Зейнель-Габи Иманбаева, писателя самобытного, творчество которого всецело связано с землей, где он родился и жил, - Северным Казахстаном.

Зейнель-Габи родился в 1924 году в ауыле Ортакколь нынешнего Сергеевского района. Жизнь уготовила ему нелегкие испытания. Еще с малых лет он заболел тяжелой болезнью, которая не позволила будущему писателю нормально, вместе со всеми сверстниками учиться в школе. Он так и не смог закончить десятилетку.

Но жестокая болезнь не помешала Зейнелю-Габи проявить твердый характер: прикованный к постели мальчик, а затем и юноша с обостренным чувством любил жизнь, упорно тянулся к знаниям, занимаясь самообразованием. Так в степной глуши постепенно, шаг за шагом, зрел и мужал самобытный талант. Неразлучными и верными друзьями его стали книги.

Первый рассказ З. Иманбаева «Крылатая жизнь» был напечатан в конце 50-х годов в журнале «Жұлдыз». Так начался путь в серьезную литературу. Публикация первого же произведения молодого сочинителя в столь авторитетном издании окрылила его, придав большей уверенности в силах.

Вскоре очерки, рассказы и зарисовки З. Иманбаева стали все чаще появляться в областных, республиканских газетах и журналах.

Вполне закономерно, что не всякое творчество сопрягается с успехом . Бывают неудачи, и даже крупные. Не избежал этого Зейнель-Габи. Интересную беседу с ним, состоявшуюся в пору становления писателя, приводит Аскар Лекеров, который впоследствии был редактором многих книг нашего земляка. «У меня почти нет школьного образования,- признавался Иманбаев, - но этот мой недостаток компенсировался за счет страстной любви к литературе. Здесь я далек от мысли, будто все написанное мною – это шедевр, что меня недооценивают. Наличие изъяна в моем творчестве – явление вполне естественное. Вот почему я не обижался на критические замечания, проявлял терпение, как говорится, держал удар и извлекал нужные уроки. Я избрал тяжкий путь литературного труженика и возврата назад не вижу». Эта своего рода исповедь говорит о многом. Да, именно благодаря неустанной работе над собой, преодолению трудностей, связнных и с болезнью, и житейскими неурядицами, пришел в литературу достойный уважения и почитания писатель.

Первый сборник рассказов Зейнель-Габи Иманбаева под названием «Бастома» («Начало») вышел отдельной книгой в 1959 году. В том же году я после окончания университета начал работать в редакции газеты «Ленин туы». Вскоре в областной библиотеке прошла читательская конференция по книге писателя, где мне довелось выступить с небольшим обзорным докладом. С того дня началось мое знакомство с Зейнель-Габи, переросшее затем в дружбу.

Зейнель-Габи был ярким выразителем дум и чаяний простых людей аула, ибо сам он рос и мужал в их среде. Окружавшая писателя действительность была тем неисчерпаемым

источником, откуда доставал он богатейший материал для своего творчества. Вот почему рассказы и повести Иманбаева притягивали к себе читателей, вот почему герои, живущие в его произведениях, кажутся нам знакомыми, а детали быта, характеры, психология людей – исключительно достоверными.

Ни одно, даже незначительное, событие в жизни аула не проходило мимо внимания писателя. Он умел находить малозаметные детали в хитросплетениях аульной жизни, в серых и скучных, на первый взгляд, бытовых буднях, а затем мастерски воплощать их в своих произведениях. В повестях и рассказах Зейнель-Габи Иманбаева правдиво и точно отображены людские пороки и достоинства, их яростное столкновение в разные периоды истории аула – от советизации, ликбеза и коллективизации до целинной эпопеи и наших дней.


Нас поражало исключительное трудолюбие Иманбаева. Мы в редакции регулярно получали от него новые рассказы и зарисовки, почта доставляла также и объемистые тетради, исписанные знакомым убористым почерком. В последних содержались более крупные вещи.

Нередко наезжал в редакцию и сам писатель, который каждый раз делился с нами планами на будущее. Последние годы жизни он готовил к изданию двухтомник избранных произведений. Мечтал писатель увидеть часть своих рассказов и в переводе на русский язык. Но судьба распорядилась иначе.

После смерти Зейнель-Габи за дело взялись его дети. Они привели в порядок богатое литературное наследие отца, многое из неопубликованного доставили в издательство.

Зейнель-Габи, думается, прожил счастливую жизнь. Его друг и жена Камеш сумела стать опорой в самые трудные периоды писательской жизни своего мужа. Дети Иманбаева – а их десять – еще при жизни отца встали на ноги, образовав собственные семьи.

И вот сегодня североказахстанцы, отмечая 70-летний юбилей Зейнель-Габи Иманбаева, преклоняют головы перед его талантом и памятью.



РЕДКАЯ ЛЮБОВЬ

Узнав по телефону, что репетиция самодеятельных артистов к литературному вечеру начнется в семь вечера в Доме культуры, он с нетерпением ждал окончания рабочего дня. Парадный вход Дома культуры был закрыт, и он направился вокруг здания к черному входу.

-Репетиция проходит в самой крайней комнате, просили никого не пропускать. Кто вам нужен? - вахтерша с удивлением смотрела на подполковника в военной форме.

-Режиссер.

-Характер у него... смотрите, чтобы он не накричал на вас.

-На меня будет кричать? Я же не артист.

-Ему все равно.

Усмехнувшись, подполковник направился к указанной дальней комнате. Слышны были громкие голоса репетирующих. Он, тихо открыв дверь, сунулся головой и подставил правое ухо, забыв снять фуражку. Вдруг услышал крик:

-Выгоните его, вон - в милицейской фуражке. Магжан только что вышел из тюрьмы, а она опять за ним.

Взрыв громкого хохота. Подполковник, сняв фуражку, широко открыл дверь и зашел в комнату с видом извиняющегося за самовольный вход человека, с улыбкой направился к режиссеру. Увидев офицерские погоны, режиссер, смутившись от

своей нетактичной шутки, тоже с улыбкой повернулся к нему.

-Извините. Торопимся, опаздываем с постановкой. Хотим композицию создать по поэзии Магжана.

-Я специально приехал посмотреть репетицию и кое-чему поучиться.

-Пожалуйста. Вы будете нам помогать или нужна наша помощь?

-И то, и другое.

Режиссер на самом деле оказался добрым человеком, и в его голосе уже звучали дружеские нотки: «Наблюдайте, помогайте. Мы примем только полезные советы. На философию нет времени. Ребята, давайте снова».

Режиссер повернулся к самодеятельным артистам и, попросив начинать сценку, приподнятую руку резко опустил. Играющий роль поэта молодой артист вдруг растерялся и не смог начать. Поняв его состояние, подполковник мягким звучным голосом, кивая в такт головой, стал читать наизусть магжановские стихи. И артист нашел силы войти в образ поэта. После окончания репетиции все с восторгом окружили подполковника. Режиссер сказал:

-Интересно. Без запинки, с любовью, наизусть читаете стихи Магжана.

-Я один из безмерно любящих его стихи. Слышал краем уха, что вы готовите сценку, и вот помчался к вам.

Чувствовалось, он рад энтузиазму молодых талантов.

Замечательно. Милицейский чин со слезами на глазах наизусть читает стихи поэта-арестанта. Вот тебе драма жизни!

-Редкая любовь! - с изумлением произнес режиссер, когда, проводив офицера, вернулся к своим артистам.

С тех пор прошло много времени, и я начал забывать о рассказанном мне случае. Накануне юбилея - 110-летия Магжана - мне позвонил один из тех артистов, которые пытались

поставить яркую сцену по тюремным стихам замечательного акына. «Вы не знаете того подполковника, где он сейчас?» - спросил он. «Не знаю», - ответил я. После этого звонка я мучительно стал думать: «Наизусть читает поэмы Магжана Жумабаева «Батыр Баян», «Кобыз Койлыбая», многие другие стихи. Почти целую книгу наизусть. Работает в органах. Подполковник... Для рядового читателя это редкая любовь к поэзии. Поэты наизусть читают свои стихи, слышал об этом. Но никогда не слышал, чтобы рядовой читатель наизусть читал целую книгу стихов поэта».

Однажды ко мне в редакцию зашел давний знакомый Серикбай Жукенбаев. Заметно было, что он хотел сообщить о чем-то важном. Сел в кресло, но не торопился говорить. Затем начал:

- Я недавно съездил в аул. Там за дастарханом по просьбе гостей я на домбре спел поэму «Батыр Баян» Магжана Жумабаева.

- Целую поэму.

- Да.

- Значит, ты тот самый подполковник, о котором ходит легенда, что он хорошо знает поэзию Магжана, да? - спрашиваю я.

-Возможно, - улыбнулся он.

-Да, редкая любовь. Замечательно! Расскажи, пожалуйста, как ты выучил наизусть столько!

-Я в первом классе учился в ауле на казахском языке. Потом то в русской, то в казахской школе учился. А после восьмилетки поступил в Петропавловское музучилище на класс домбры. На первом курсе - я один, на втором - никого, на третьем - 3 студента. И, наконец, из-за отсутствия студентов закрыли казахское отделение. Третьекурсников отправили в Чимкентское культурно-просветительное училище, а меня - в педучилище. С третьего курса меня призвали в армию. Когда после службы вернулся, казахского отделения в педучилище тоже не было.

Учился на русском языке. В городе жил у двоюродного брата, известного журналиста, шахматиста Дюсена Аульбекова. И он пробудил во мне любовь к поэзии Магжана. С интересом часами я читал его стихи и поэмы. В конце концов уже начал наизусть читать, впоследствии в сопровожденин домбры исполнял.

-На сценах выступал?

-Около 20 лет выступал на сценах области вместе с известным музыкантом-домбристом Серикпаем Кусаиновым и сольно исполнял произведения народных композиторов. 37 лет работал в органах милиции (затем полиции), сейчас на пенсии. В одно время искал режиссера, чтобы получить артистическую подготовку для выхода на сцену со стихами Магжана. Но не получилось. Хочу донести до слушателей глубокий лиризм, трогающую душу жгучую нежность магжановской поэзии.

-Сколько времени вам надо, чтобы под домбру спеть поэму «Батыр Баян»?

-Два часа.

После его ухода я подумал: «Человек с редкой любовью к поэзии хочет, чтобы его чтение стихов Магжана со сцены перед публикой получилось тоже редкой красоты, достойной имени поэта».

ПОЗОВИ ДРУЗЕЙ

Дед Акылбека с раннего утра готовил грядки для посадки огурцов. Возился с лопатой, рыхлил почву. А когда все было готово для посадки, решил позвать на помощь внука.

-Акылбек?-зайдя в дом, позвал аксакал, - надо посадить огурцы, помоги мне, что-то поясница разболелась, не могу наклониться. Позови кого-нибудь из своих друзей и сделай доброе дело.

- Кого позвать, ата?

- Тебе, внучок, виднее.

Акылбек вышел за ворота в глубоком раздумье. К кому из ребят направиться, у кого просить помощи? Друзей как будто много, а выбора остановить не на ком. Сакен, Серикбай, Болат, Еркен, - перечислял он про себя имена своих товарищей и, наконец, направился к дому, где жил его сверстник Боранбай.

- Пойдем к нам, - предложил Акылбек.

- Играть?- радостно отозвался товарищ.

- Да нет, надо помочь деду посадить огурцы.

- Нет, не могу,- сошла улыбка с лица Боранбая,- Еркен звал меня покататься на велике, а потом сыграть в футбол. Лучше ты приходи к нам. Соберется много ребят.

Предложение Боранбая было заманчивым. Но если принять его – как быть с поручением деда? Нет уж, лучше пойти к Есену. Может быть, он согласится помочь?

Но когда Акылбек подошел к зеленым воротам большого коричневого дома, он вспомнил, что вчера обидел Есена, и повернул обратно.

- Почему один вернулся? – спросил дед.

- Нет ребят.- тихо вымолвил Акылбек.

- Никого нет?

- Никого.

- И куда же они делись?

- Ушли за аул на велике кататься.

- Досжана сын Есен же дома был.

- Он не придет.

- А Боранбай! Часто же ходил сюда.

- И он не придет.

- Может быть, ты поругался с ними, и потому они не приходят?

Акылбек промолчал. Дед же очень огорчился, что внук не смог привести ни одного друга, и покачал головой:

- Огурцы никуда не денутся. Мы их и вдвоем посадим. Но оставаться без друзей нельзя: завтра ты станешь джигитом, сядешь на коня и никого не найдется, кто бы тебе подал камчу. Нехорошо.

Акылбек сел рядом с дедом на длинную самодельную скамейку перед воротами, оба замолчали.

Вдруг мальчик оживился и повернулся к деду:

- Купи мне велик, а?

- Что это такое?

- Велосипед.

- Так и сказал бы. Что дальше?

- Тогда и друзей у меня много будет.

- Да-а-а. Раз они сами не пришли, ты их на велосипеде привезешь что ли?

- Если бы у меня был велик, то все ребята собрались бы здесь. Купи, дед!

- Ай-ай, дружок. Велосипед купить можно, а вот друзей...

- Ребята сами придут.

- Они придут за велосипедом, а не за тобой. Если же ты плохой друг, то такими же будут по отношению к тебе друзья.

- Огурцы сами будем садить? – спросил, помолчав, Акылбек.

- А кто же? Если будем ждать велосипеда да еще твоих друзей, то и весна пройдет.

Аксакал, кряхтя, поднялся, постоял в раздумье и снова обратился к внуку:

- Может быть, ты плохо учишься, и потому все тебя сторонятся?

Акылбек не дал вразумительного ответа. И устремил свой взор в ту сторону.

- Говори правду. Двойки есть у тебя? – настаивал дед.

- Только одна, - пробормотал внук, опустив голову.

- То-то и оно. Теперь понятно, почему у тебя нет друзей. Кому понравится слабенький джигит, у кого и силы воли нет.

- Есть у меня она, дед, - сказал Акылбек уже со слезами в глазах.

- А почему тогда плачешь?

- Не надо мне велика.

- Раздумал? Из-за этого плачешь что ли?

- Нет, из-за того, что ты назвал меня слабеньким...

- Ну, раз, голубчик, ты так переживаешь, - усмехнулся в седые усы аксакал, - значит, вырастешь настоящим джигитом. Значит, будут у тебя друзья.

- Правда, ата? – вымолвил сквозь слезы Акылбек и предложил:

- Давай я один буду сажать огурцы.

НАСТОЯЩИЙ ТУЛПАР

Местный егерь Сайран распряг старую кобылу на краю большой поляны. Сюда, к прибрежным тугаям и пойменным лугам, он приезжал на покос в одно и то же благодатное время года, когда к середине лета все Приишимье полыхало буйным разнотравьем. День стоял тихий, безветренный.

Жеребенок, пока ехали из аула, был на привязи. А теперь, получив свободу и как бы обрадовавшись открытому раздолью, скакал по поляне. Маленький, рыжий, со звездочкой на лбу, он был очень милым и красивым.

-Ну, как картинка? Нравится тебе? - спросил егерь у маленького Акылбека. - Видел таких у себя в столице?

-Нет, - признался мальчик.

-Красавчик ведь. Да?

Мальчик, поглощенный зрелищем, не расслышал вопроса.

А жеребенок несся по широкой поляне, делая большие круги. Казалось, нисколько не уставал этот рыжий чертенок. Но нет, вот он остановился, как вкопанный. Однако тут же пустился вскачь. Потом, перейдя на шаг, подошел к Акылбеку, ткнулся в него своей смешной мордочкой и опять, резко отскочив в сторону, поднял хвост и умчался прочь. А вот, словно вспомнив что-то, подскакал к матери и потянулся к соскам.

Акылбек был в восторге. Ему все здесь интересно. Он приехал сюда, к дяде, вместе с отцом в гости. Осенью должен идти в первый класс, и родители решили отвезти малыша погостить к дяде перед столь важным событием в его жизни.

Утром дядя Сайран объявил, что поедет на берег Ишима накосить травы. Акылбек с отцом пожелал поехать вместе, им хотелось посмотреть на реку.

Дядя Сайран достал косу. Раз, другой провел по ней брус-

ком, поплевал на ладони и, размеренно ступая в такт звенящей косе, начал косить.

- Ата, почему он на ладони поплевал? - спросил Акылбек.

- А чтобы сила была.

- А жеребенок такую траву есть будет? Ведь она теперь порубленная.

- Во-первых, не порубленная, а скошенная. С аппетитом слопает ее твой рыжик. Он, конечно, неженка и будет выбирать сочную и самую нежную травку.

- Я понял, ата. Буду для него собирать такую травку, - и Акылбек побежал догонять дядю.

Вечером, за дастарханом, Сайран рассказывал всем, как Акылбек играл с рыжим сосунком.

- Они очень подружились, - заметил он. Затем неожиданно спросил племянника:

- Нравится тебе рыжик?

- Очень, - сказал Акылбек.

- Тогда он твой. Таков обычай. Дядя тебе его дарит.

Егерь привлек к себе племянника и поцеловал. Акылбек не знал, что ответить. Потом, неловко потянувшись, сам поцеловал дядю. Послышались смешки.

- Это за что ты целуешь дядю? Небось, за дорогой подарок?

- Смотри, какой молодец, малый, а понимает...

Вспышка мальчишеской нежности позабавила всех. Смеялись долго. Это смутило Акылбека. Ему казалось: что-то он напутал. Собравшись с духом, шепнул:

- Почему, ата, все смеются?

- Все в порядке, сынок.

- А сколько стоит жеребенок?

- Э, мой мальчик, твой вопрос неуместен. Эдак дядю можно обидеть.

- А почему?

- Так не продает же он.

- Нехорошо, сынок, говорить об этом.

- А что я ему взамен дам? Нельзя же брать просто так.

- Перестань, - построже сказал отец. - Когда вырастешь, тогда и отблагодаришь.

- А как это делается?

- Пройдут годы, дядя состарится, станет слабым. Ты уже будешь настоящим джигитом и подашь ему руку помощи. Тут Сайран не выдержал, подозвал племянника:

- Ну-ка, мальчик мой, иди ко мне.

Вот сюда, на колени садись, - погладил он племянника по голове. - Эким дикарем-то выпестовали тебя! Надо же... О чем ты там шептался, а? Я ведь все слышал. Ты вот что, прежде всего, запомни, дружок: шептаться при дяде нехорошо. Или ты боишься меня, а?

- Нет, - еще больше смутился мальчик.

- Раз так, всегда говори громко, будь смелым. Понял? И еще! Разве я денег просил у тебя за жеребенка?

- Нет, - пробормотал Акылбек и тут же хотел было соскочить с дядиных колен, но тот не отпустил.

- Так вот, - нарочито строго сказал дядя, - денег твоих мне не надо. Рыжий жеребенок - подарок мой. Отныне ты его хозяин. Пусть пока будет вместе с матерью. Ему еще много молока надо, чтобы стать сильным и красивым. Через два года приедешь и заберешь его насовсем. Там уже как знаешь. Но, чур, одно условие у меня есть. Как? По рукам?

- По рукам! - теперь уже чуть смелее отозвался мальчик.

- Тогда вот что: ты будешь обязан чаще приезжать к нам. Пойдет? - улыбнулся дядя. - Ну хорошо, вижу, что согласен. А все же надо бы кличку дать твоему рыжику. А ну-ка, поломай голову!

Тут все разом загудели:

- Вот повезло Акылбеку-то!

- Поздравляем, хороший подарок, - неслось отовсюду.

В тот вечер допоздна не отходил Акылбек от своего рыжика. Холил, ласкал, подкармливал его свежим сеном, а сосунок смело брал его с рук мальчика теплыми шершавыми губами, Акылбек, конечно, ломал голову, но никак не мог найти подходящей клички для своего любимчика.

Задачу неожиданно легко решил сам дядя.

-По всем приметам, да и желанию твоему, быть ему Метеором, - сказал он. - И масть, как огонь, рыжая, и звездочка на лбу. Метеор и есть. Настоящий тулпар. Первые призы возьмет на скачках!

Утром следующего дня гости должны были уезжать. Накануне Акылбек не мог заснуть. Перед его глазами в калейдоскопической пестроте мелькали события пережитого дня: вот вихрем несется по поляне рыжик, его Метеор, добродушно и хитро улыбается дядя Сайран... Потом ему показалось, что он летит на своем тулпаре куда-то ввысь. Но это уже был сон.

БЕЛОЕ ПОЛОТЕНЦЕ

После вчерашней победы боксер Айдар пребывал в боевом настроении, чувствовал уверенность в своих силах и, когда по микрофону услышал громкий голос диктора, назвавшего его фамилию, танцующей походкой направился к рингу – небольшой квадратной площадке для боя, огороженной с четырех сторон натянутыми крепкими канатами. Краешком глаза, взглянув в зал, увидел много молодежи. Его сверстники

сразу узнали в нем вчерашнего победителя. Зрители дружно аплодировали.

А в углу ринга его ждал тренер Ермек. Наклонившись к своему ученику, начал нашептынать на ухо напутственные слова: «Не волнуйся, держись, ты крепкий орешек. Для тебя такая встреча полезна, учись у сильных. Ты же с ним уже встречался два раза, кажется. Так ведь?»

- Да, вы же знаете, - удивился Айдар вопросу. – Первый раз он победил, а вот во второй раз я оказался сильнее. И на этот раз победы своей не упущу.

- Не говори гоп, пока не перепрыгнешь,- возразил Ермек-ага, - надеюсь, слышал такую присказку? Ну да ладно. Когда будешь вести бой – сильно не кипятись. Действуй осторожно.

Ударил гонг. Два молодых боксера вышли из своих углов и на середине ринга скрестили перчатки, вернувшись на свои места и приняв боевую стойку, бросились в атаку.

Соперник Айдара Ерлан, кандидат в мастера спорта, слыл одним из сильнейших боксеров области, участвовал во многих соревнованиях. Был старше соперника на два года, учился в 11-м, а Айдар - в 9-м классе. Поединок свел их на сей раз в республиканском зональном соревновании в Петропавловске, где собрались молодые боксеры из северных областей республики и приграничных областей России. Ерлан, чемпион Акмолинской области прошлого года, в нынешнем областном первенстве не участвовал, уехав на более престижные соревнования в Алматы. И в его отсутствие чемпионом стал Айдар. Как радовался тогда тренер Ермек-ага этой победе! А сегодня в его голосе Айдар тонким чутьем уловил нотки неуверенности в его напутствии. А может, это только показалось?

Ермек - ага внимательно следил за действиями обоих боксеров, особенно за каждым движением своего подопечного. Чувствовалось, что переживает за него. Со стороны интересно

смотрятся его подсказки, рисуемые в воздухе руками и иногда кивком головы. Тогда маленькие зрители, пацаны, дружно смеются, привлекая внимание судьей. В этих случаях Ермек-ага мгновенно каменеет и, как ни в чем не бывало, смотрит на ринг. Рефери, не заподозрив ничего подозрительного, спокойно продолжает судейство. Пока острых моментов нет. Идет разведка боем.

В первом раунде боксеры двигались по рингу очень расчетливо. Зная силу друг друга, проявляли осторожность. Зрители, видя такую тактику соперников, то и дело восклицали: «Не усните!», «Не будьте зайцами-трусишками». Эти возгласы подействовали на самолюбие боксеров, которые начали более энергично обмениваться ударами. Зная, что скоро конец раунда, стремились заработать как можно больше очков. Оба старались захватить инициативу и загнать соперника в угол, и, казалось, первый раунд так и закончится без преимущества кого-либо из них, как вдруг Айдар, на какое-то мгновение уловив замешательство соперника, нанес точный удар правой. Ерлан покачнулся.

Нокдаун! Судья открыл счет: раз, два, три.

Взорвалась тишина: «Молодец, Айдар, так держать!». Но Ерлан быстро принял стойку, и бой продолжался, пока гонг не возвестил об окончании раунда.

Зал оживился. Молодые болельщики повели шумный спор. Многие делали ставки на победу Айдара.

«Еще один такой удар - и кандидат в мастера вряд ли поднимется», - уверенно доказывали знатоки бокса. Иначе среагировал на успех Айдара его тренер. Когда его подопечный во время перерыва расслабленно опустился на канаты, Ермек-ага назидательно сказал:

- Все сильные боксеры, как правило, в первом раунде ведут разведку, а куда ты торопишься?

- Как куда? Надо очки зарабатывать.

- Зря торопишься. Он совсем свежий. А у тебя может еще на два раунда не хватить сил. Ты подумал об этом? Имей в виду, Ерлан-парень крепкий. Теперь переходи на другую тактику. Во втором раунде продолжай вести разведывательные маневры, сохрани силы на решающий третий раунд.

- Да, - Айдар хотел что-то возразить в ответ, но неожиданно увидел, как к ним спешит помощник главного тренера команды с сотовым телефоном в правой руке, который он передал наставнику Айдара: «Вас просит позвонить главный».

Когда Ермек-ага набрал номер, то услышал повелительный голос руководителя команды: «Исполняй то, что тебе было сказано».

Прозвучал гонг. Начался второй раунд. Айдар двигался легко, поддержка болельщиков прибавляла ему сил. А его наставник, которого звонок главного расстроил, следил за боем машинально. Еще во время комплектования сборной команды возникли у него трения с главным тренером. Когда Ермек показал ему список сборной команды, он, пробежав его глазами, указал: «Вместо Айдара впиши Ерлана». Ермек хотел было возразить. Главный сразу уточнил: «Если не понимаешь, скажу конкретно: нечего базар устраивать, кто поедет в составе сборной. Отец Ерлана – крупный бизнесмен - выделил тысячу долларов и автобус, отправляя нас на республиканское соревнование. К тому же сын – кандидат в мастера, не бездельник. Отца же его мы должны благодарить. Понял? Точка. Если не понял, вместо тебя поедет понимающий тренер». Ермек думал теперь об одном: как выйти из данной ситуации. Уже половина второго раунда прошла, а преимущество было у Айдара, но Ерлан словно прочитал мысли наставника своего неуступчивого соперника и сумел - таки зажать Айдара в угол. Воспользовавшись этой неразберихой, Ермек-ага с болью в сердце выбросил белое полотенце на ринг, признавая поражение Айдара.

Весь зал зашумел, зрители встали с мест: «Несправедливо, зачем остановили? Надо продолжать бой».

Айдар бросился к своему тренеру:

- Ага! Почему бросили белое полотенце?

- Ты проиграл, - едва вымолвил тот, не глядя Айдару в глаза.

- Как проиграл? Почему вы...

- Вечером...

- Не надо... мне и так все ясно, - махнув рукой, сказал Айдар и покинул зал под неумолкающий шум сочувствующих ему зрителей.

... Вечером участники соревнований отправились домой. Ермек-ага, присев рядом с Айдаром, погрузился в тяжелые думы.

Хотел было сказать своему воспитаннику:

«Я думал о твоем здоровье. Ерлан - закаленный спортсмен. Мог нанести тебе тяжелую травму. Я решил поберечь тебя. У тебя ведь все еще впереди. Поэтому я сделал тактический ход, действуя, прежде всего, в интересах команды».

Но вместо этого только глубоко вздохнул и подумал о том, что еще не раз столкнется в спорте с жестокими законами рынка.

Только как уберечь от них юные души, не окрепшие еще на суровых ветрах жизни?

ПОСЛЕ ЛИВНЯ

Мальчикам было хорошо...

Они ехали по проселочной дороге. По обеим ее сторонам монолитной стеной стояла зреющая пшеница. Иногда мальчикам представлялось, что это вовсе и не пшеница, а высокие, крутые берега, и они плывут по реке. И телега, доверху наполненная свежим сеном, вовсе не телега, а настоящий катер...

Но вот Тортубель, гнедой мерин со звездочкой на лбу, еле передвигал ноги и упорно не хотел вписываться в эту сказочную картину. Обычно легкий возок сегодня был тяжеловат для него. Накануне два дня кряду шел ливень, и дорогу размыло. Попадались на ней и такие места, где арба уходила в грязное месиво по самую ступицу…

Тортобелем правил Серик. Все лето, во время каникул, он помогал отцу. А работал отец километрах в десяти от аула. Там был полевой стан бригады. В такие вот ненастные дни механизаторы возвращались в аул, а для Серика с гнедым наступали обычные будни, надо было возить обед для отца, остававшегося за сторожа. С Сериком сегодня впервые ехал его дружок, однокашник Куаныш. Побывав на стане механизаторов, мальчишки сейчас возвращались домой.

Перед тем их ласково и в то же время строго напутствовал отец:

- Смотрите, айналайын, кругом хлеба. С дороги не сворачивайте.

- Скажи, Серик, сколько хлеба, думаешь, можно собрать вот с этих полей, - спросил Куаныш, сделавшись вдруг серьезным, и выжидающе, словно строгий учитель на уроке, уставился на своего дружка.

- А это надо посмотреть,- ответил ему в тон Серик и поднялся во весь свой мальчишеский рост. Затем, вытянув шею и приложив козырьком к надбровью ладонь, явно подражая взрослым, а может, и самому агроному, Серик медленно обвел взглядом всю округу. Промолчал. А сказал всего одно слово:

- Чисто!..

- Да, чисто, без единого сорняка. И густо, стеной стоит, - поддакнул Куаныш. – Но все же, сколько?

- Не знаю, - признался Серик.

Но Куаныш не унимался:

- А вот если идти и идти, выйдем ли к самому краю хлебных полей?

- Выйдем.

- За сколько дней?

- Да хоть сегодня.

- Ври. А минкесерские посевы? Куда ты их денешь? Они же впритирку к нашим полям.

- Ну, если ты так будешь считать, то никакого края не увидишь.

- А ты попытайся. Умом пораскинь. Так есть край?

- Нет.

- А я говорю – есть!

- Давай, давай… покажи-ка мне его…

- И покажу... Если вот так идти да идти, не останавливаясь, то упремся в горы…

- Какие еще горы?

- Алатау! Что, съел? То-то…

- Хвастай еще… Географию, брат, надо знать. А то - Алатау… Нашел, чем меня удивить!

- А что? Чем не гора?

- Ты что, других гор не знаешь? Где Кокшетау?

- Карагандинские сопки? Что им так и места не нашлось в твоих извилинах, – съязвил Серик и победоносно улыбнулся, заметив на лице друга досадливую гримасу.

Увлекшиеся спором, мальчики не заметили догонявший их грузовик. Отчаянно крутя задними колесами и натужно ревя мотором, машина медленно приближалась к телеге.

- Надо свернуть, - сказал Куаныш, с опаской глядя на машину.

- Свернуть? Куда? – обернулся Серик, лишь слегка шевельнув вожжами.

Машина подъехала вплотную и начала сигналить.

- Ну, сверни же! - взмолился Куаныш.

- Куда же сворачивать? Не видишь, что ли? Вот выедем, где попросторнее будет, там и сверну, - твердо сказал Серик.

Шофер, видимо, догадался, о чем перепираются мальчики и, высунув голову из кабины, делал им какие-то знаки.

Серик остановил Тортубеля.

- Вот и молодцы! – одобрительно улыбнулся подошедший водитель. Вижу, не то что машине, даже грозному танку не уступите дорогу. Небось, из династии хлеборобов, а? Ага, так и думал. Чьего рода-племени будете, джигиты? Как зовут ваших родителей?

- Сакеном.

- А твоего отца?

- Болатом.

- То-то… Я знаю их. Настоящие пахари.

- Вот это поле, - Серик запнулся.

- Ну, говори.., смелее, парень.

- …Это поле засеял мой отец.

- Гордиться надо таким отцом, джигит, а не стесняться, - сказал водитель, ласково оглядывая ребят. Потом вдруг спохватился:

- Вот что, орлы, давайте сделаем так. Немножко проедем, а там, я вижу, есть место, где можно будет маленькую перестановочку сделать. Эту вашу колымагу в одну лошадиную силу мы с вами тремя человеческими силами слегка поднимем за задок и отставим в сторону. При этом ни одного колосочка не заденем,… пойдет?

- Пойдет, - дружно ответили мальчишки.

- Коли пойдет, за дело, друзья!..

Когда телега была, наконец, переставлена, и грузовик с великой осторожностью смог проехать вперед и остановился, Серик неожиданно обратился к водителю с вопросом:

- Скажите, ага, будет ли конец этим полям, если идти и идти вдоль, не останавливаясь?

Понял ли шофер, что мальчик спрашивает о чем-то своем, сокровенном, или нет, но, во всяком случае, смеяться не стал. Он посмотрел туда, куда глазами показывал Серик, и вполне серьезно ответил:

- Да, конца и края, кажется, не будет. Может, где-то ближе к Карагандинскому мелкосопочнику и оборвется. Но дальше? Дальше, до самых предгорий Заилийского Алатау, опять пойдут тучные хлеба…

- Они, выходит, больше океана, не правда ли, ага?

- Океан, не океан, а около того, что я скажу вам? Чтобы добраться до самого конца, скажем, на машине, - водитель слегка задумался, - пожалуй, понадобится дня два, если ехать, не делая остановок.

- А если на лошадях?

- Ну, тогда, считай, дней так десять… не меньше.

- Эй, опять машина, - встревожился Куаныш. Но Серик был спокоен.

- Пусть себе едет…

- Какой нетерпеливый дяденька, - кивнул Куаныш в сторону машины. Когда та подъехала вплотную, Куаныш не выдержал и крикнул на ухо Серику:

- Да ну его, давай свернем…

- Ни за что!

Водителю, наверное, не понравилось упрямство мальчишек, и он, чуть поотстав, дал разгон и стал обгонять их. Колеса грузовика бешено крутились, подминая тугие колосья.

- А-а-ай!,– взвизгнул Серик и, встав на телеге, начал махать руками. Но водитель даже голову не повернул.

Мальчики остановили Тортубеля. В свежей, глубоко изрытой колее лежали, смешавшись с землей, грязные колосья.

- Ты номер его заметил?

- Нет, - ответил Куаныш. – Грязь же…

- Смотри, он, кажется, к нам в аул сворачивает.

- Ага, давай садись, поехали быстрей.

И мальчики погнали лошадь. Но гнедому было тяжело. А когда он, наконец-то, довез юных седоков до аула, тот грузовик уже стоял у конторы. Спешить-то мальчики спешили, а вот когда оказались рядом с грузовиком, не знали, что делать. Они растерянно смотрели друг на друга и молчали.

- Кому-то надо сообщить, - наконец, промолвил Куаныш.

- Может, мугалиму нашему, учителю, - неуверенно сказал Серик.

В дверях конторы появился тот водитель.

- Не дороги у вас - ужас,- говорил он кому-то выходившему вместе с ним.

- А вот хлеба... Просто замечательные. Глаз радуют...

- Ух, ты... Знаток или начальник какой-то, - не успел подумать Серик, как тот, заметив неподвижно сидящих на телеге мальчиков, крикнул:

- Эй, а ну-ка, идите сюда.

Серик и Куаныш подошли.

- Что вы тут делаете? Вам что правила дорожного движения – не закон? Разве в школе не учат вас? Почему дорогу не уступили? Что за упрямство? За уши драть вас надо за это...

- Да некуда же было... Хлеб.., - выдавил из себя Серик.

- Ишь ты, что мне прикажешь делать? Давить что ли я должен был вас, а? Такие маленькие, а упрямцы хоть куда... Раз машина едет, дорогу дать ты обязан, - все строже наставлял «знаток».

- Что тут происходит? – спросил вышедший из конторы директор совхоза. Что, проштрафились, ребята? Небось, хлеба затоптали? Нехорошо, нехорошо, детки. Что скажет, если узнает, мугалим ваш? Погоди, ты, кажется, Сакена сын?

- Да, - еле слышно прошептал Серик.

- Вот-вот!.. какой знатный комбайнер твой отец!

- И я им говорю, уму-разуму вот учу, - вставил «знаток».

Первым не выдержал напряжения Куаныш. Слезы заволокли ему глаза и крупными каплями быстро-быстро потекли по лицу.

- Ой-бой, бала, это не дело, а ну, успокойся, – директор, чуть нагнувшись, похлопал мальчиков по спинам.

- Вы же без пяти минут, можно сказать, джигиты. Разве можно слабость свою показывать?..

Куаныш протер глаза.

- Вот и хорошо, - сказал, директор. – А теперь расскажите мне все по-честному. Почему вас ругает этот агай?

Мальчики рассказали.

- Вот оно что. А вы молодцы, детки. Спасибо вам. А с этим, - директор гневно глянул на водителя, - мы поговорим потом.

Мальчики повернули домой. Когда немного отъехали, Серик спросил:

- Ты зачем заплакал?

Куаныш пожал плечами: может, он вовсе и не плакал?

Встретившись озорными глазами, друзья улыбнулись. Мальчикам было хорошо…

«Білім - тек көп оқу, кітаптан бас көтермеу емес. Білім - оқығанды, оған қоса өмірде көргенді көңілге тоқу, содан қорытынды түю, ғибрат алу, сол оқығанды жарқыратып сыртқа шығару деп білемін».

Б. Мұстафин.

«Бақыт Мұстафин - нәзік сезімнің иесі».

А. Әбжанов.

III бөлім

Белгілі журналист-жазушы Бақыт МҰСТАФИН 60 жаста

ЖАЗУШЫ БАҚЫТ МҰСТАФИНГЕ

Құрметті Бақыт Мүтәллапұлы! Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының секретариаты, қаламдас достарыңыз Сізді 60 жасқа толған мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтайды.

Сіз де өзіңізбен құрбы қаламгерлер секілді соғыс өртіне шарпылған балалық шақтың ауыр күндерін басыңыздан өткерген, жетімдік зардаптарын арқалап өскен ұрпақтың өкілісіз. Сондықтан да болар қаламыңыздан туған деректі шығармалар болсын, көркем туындылар болсын балалардың сол бір кездегі өмірінің шындығын әсерлі жеткізумен бағалы. Әсіресе, «Тәтті сәбіз», «Жоңышқа иісі», «Досыңды шақыр» секілді әңгіме-повестер енген кітаптарыңыз жас оқырмандарыңыздың жүрегіне жол тапқан туындылардан тұрады. Өзіміздің «Балдырған», Ресейдің «Костер» секілді балғындарға арналған журналдарында басылған әңгімелеріңіз әдебиетшілердің назарын аударғанын да білеміз.

Сіз кешегі тың эпопеясы аталған кезеңнің шындығы мен сұмдығын жақсы білетін, соны шығармаңызда барынша жанжақты суреттеп жүрген қаламгерсіз. Сол кездегі қажырлы еңбегімен танылған адамдардың образдарын жасап, жер тағдырын толғаған «Жайнаған жер», «Дихан жолы», «Далам - дәулет ордасы» аталатын туындыларыңыз өмір шындығын тебіреніспен толғауы арқылы оқырман есінде сақталмақ. Жергілікті халық саны аздау облыста тұрып, ана тілінің мәртебесін өсіруге аянбай күш салып, абыройлы жұмыстар атқарып келесіз.

Қадірлі Бақыт Мүтәллапұлы, шығармашылық табыстарыңыздың молая беруіне, деніңізге саулық, отбасыңызға амандық тілейміз.

Қазақстан Жазушылар одағы
басқармасының секретариаты

ҚУАНЫШЫҢА ОРТАҚПЫН

Әркімнің туған жері - Мұса шаһары. Алыста жүрсек те алдыңда өсіп, артыңда келе жатқан жас жеткіншектеріңе үмітпен қарайтының да содан. Газет жұмысының қауырт тіршілігінен уақыт тауып, ел тірлігін, жер тынысын сезініп, тоқтаусыз жазып жүретін інілерімнің бары қуантады мені. Солардың бірі «Солтүстік Қазақстан» газетінің редакторы, майталман журналист, балалар жанын жүрегімен ұғып жазатын қаламгер Бақыт Мұстафин.

Әлі күнге аңқылдаған баладай көрінетін ол да ата жасына келіпті. Бұл да той. Қалай қуанбассың. Алпыс азаматқа жүк емес. Қалам қуатың мұқалмасын. Қуанышыңның ортасында деп ұқ, Бақыт бауырым!

Сафуан ШАЙМЕРДЕНОВ,
Қазақстанның халық жазушысы, Қазақстан
Мемлекеттік сыйлығының лауреаты.

ЖАЗА БЕР, ҚАЛАМДАС ДОС

Мен Бақытты көптен бері білемін. Алматыда елуінші жылдардың ішінде қатар оқыдық. Кейін жас журналистің «Ленин туында» жазған очерк, эсселерін сүйсіне оқып жүрдім. Балаларға арнап жазған тартымды әңгімелері қатты қызықтыратын. Өзім алпысқа толып елге барғанда бірге жүріп етене танысып, сырластық. Кішіпейіл, елгезек, адалдығы мені тәнті етті.

Енді ол да алпыстың асқарына шығып отыр. Қарапайым азаматтың, адал достың қуанышы - бізге де қуаныш. Жасай бер, жаза бер, қаламдас дос!

Герольд БЕЛЬГЕР,
Жазушы, Қазақстан Республикасы
Президентінің Бейбітшілік пен рухани
татулық сыйлығының лауреаты.

ЖЕДЕЛХАТ

Құрметті Бақыт Мүтәллапұлы!

Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының секретариаты Сізді 60 жасқа толған мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтайды.

Қазақтың кәсіпкер жорналшысы ретінде есіміңіз республика көлеміне кеңінен мәшһүр болса, Сіздің жазушылық жолыңызда да өзіндік қолтаңбаңыз анық байқалады. Сіздің шығармаларыңыз оқырман қауымның рухани қазынасына айналғаны өзіңіз жүріп өткен 60 жыл өміріңіздің жарқын белгісі емес пе. Қалам иесіне 60 жас - кемел шақ. Шабыт шуағына шомылып, шығармашылық өнеріңіздің шалқитын сәті туды. Еңбегіңіздің еселі болуына тілектеспіз.

Нұрлан ОРАЗАЛИН,
Қазақстан Жазушылар одағының бірінші хатшысы.

ШАБЫТЫҢ ШАЛҚИ БЕРСІН, АЗАМАТ ДОС!

«Біз Бақыт екеуміз елуінші жылдардың басында солтүстік қиыр өңірінде жатқан Жарғайың аулында бірге оқыдық.

Сол қанаттас-қаламдас серік Бақыт алпысқа келді дегенге, бар деректі ұстап көріп тұрсақ та, көңіл сене бермейтіндей. Әлі күнге баладай, азаматтай арлы, аяулы дос қалпы. Жиырма жылдай облыс газетін басқарып келе жатса да, қағылез, қарапайым қалыпты.

От та болғым келмейді,
Жылуым бар,

Жылуым бар, керек пе, жылыңыңдар!-деп Мұқағали айтқандай, әр досқа, бәлкім, дұшпанына да жан жылуын ұсынып, қос өкпесін қолына алып жүгіретін Бақыттар көп болса, қандай БАҚЫТ!

Еслəм Зікібаев,
ақын.

ЖАЗУШЫ, ЖУРНАЛИСТ, ЖАЙСАҢ АЗАМАТ

Бақыт Мұстафин туралы ойлағанда осы бір ұғымдар алдымен тілге оралады. Жеке-жеке алғандағы салмақтары зор сөздер қосылып қатар түзегенде атақты ағаның абыройының қаншалықты мол, өмірдегі ізінің қаншалықты айшықты екендігін тіпті жарқын сезіндіре түссе керек.

Халқына, өзінің туған жеріне сіңірген еңбегі ерекше азамат әлдебіреулердей бойын бұлдап, аспанға қарап адасқан емес. Қашанда ізгі қалпында. Абай атамыз айтатындай «ақырын жүріп, анық басқан» тірлігімен көптің көңілінен шығып, адамгершіліктің асыл үлгісін танытудан танған емес.

Бәкеңнің шығармашылығы да – табиғи. Тереңнен бұлқынып шығып, саф таза сақылығымен жанды баурайды. Жазушы ретінде, журналист ретінде де өз қолтаңбасы бар. Ұзақ жылдар бойы басшылықта жүріп ұйымдастыру істерінің басқаға мойын бұрғызбас қауырт қапталына қайырылмай іліксе де, жүрек қалауы – шығармашылығын ұмытқан емес. Менің білуімше шығармашылық пен ізгілік – Бақыт Мұстафиннің бүкіл болмысын сипаттайтын егіз ұғым.

Алпыс жас – алыс қыр емес, азаматтық болмыс айқын танылар асқар шың. Бүгін сол биікке көтерілген Бақыт ағамызға мен еліміздің құрметіне бөленіп, ұзақ жасай беріңіз деп тілек айтамыз.

Ербол ШАЙМЕРДЕНОВ,
Қазақстан Республикасы Ақпарат және рухани келісім министрлігінің Тілдерді дамыту департаментінің директоры, Қазақстан Журналистер одағының хатшысы.

ҚАЛАМГЕР ТУРАЛЫ СӨЗ

Үш-ақ нәрсе адамның қасиеті:
Ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек.
Абай.

Бақыт Мұстафиннің алпысқа толуына байланысты бір-екі ауыз сөз айтпақ ниетпен қолыма қалам алған сәттен-ақ менің ойыма бірден, еркімнен тыс сап ете түскен бір нәрсе оның туған жылы мен туған айы еді. Бақытты дүниеге келтірген 1937 жыл еске түскенде, ел ішіне сұрапыл ылаң салған саяси қуғын сүргіннің ең бір оршіп тұрған кезі, ешбір жазықсыз атылып кеткен, айдауда жүріп ит қорлыққа душар болған бейкүнә жандардың қасіреті көз алдыңа келіп, жүрегіңнің дір ете қалатыны түсінікті ғой. Бақыттың туған жылы осылай болса, оның туған айы – жел-токсан да белгілі оқиғаларды еске салып тұр емес пе. Ғажап дегізерлік мына бір дөп келіске қараңыз: Бақыт – өзінің қырық тоғыз мүшелін ұлттық намысымызды оятқан қазақ жастарының сол 1986 жылғы наразылық қозғалысы басталардан бірнеше күн ғана бұрын атап өткен екен.

Осынау екі бірдей дөп келіске «кінәлі» Бақыт емес қой. Әрине, бұлар оның ырқынан, қалауынан тыс, кездейсоқ болған нәрселер. Мүмкін, тағдырдың жазуы солай болған шығар? Олай деуге тағы да негіз жоқ.

Қазақтың ескілікті бір наным-сенімі бойынша, тағдырдың әуел бастағы жазуымен ашаршылық жылы туған бала аска тоймайды, жаугершілік заманда туған баланың діні қатты болады және т.с.с. Егер осындай үлгімен пішкен болсақ, кан кақсаткан отыз жетінші жылы дүние есігін ашқан Бақыт та

қатыгез, мейірімсіз, қысқасы, адам сүйер қылығы жоқ әлдекім болуға тиіс еді ғой. Жоқ, құдай оңдағанда, тағдырдың жазуы бұған мүлдем керісінше болып шықты. Тағдыр оған, Абай айтқандай, ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек сыйлады.

ШАПАҒАТТЫ БАСТАУЛАР

Мен Бақытты 1959 жылы «Ленин туы» (қазіргі «Солтүстік Қазақстан») газетіне Қазақ мемлекеттік университетін бітіріп келген кезінен бастап білемін. Содан бері оның қаламынан туған дүниелердің барлығымен дерлік таныспын.

Ол шүу дегенде қатардағы әдеби қызметкерліктен бастады. Сол кездегі штат кестесі бойынша «әдеби қызметкер» деп құр қобырайтқаны болмаса, бұл лауазымды иеленгендер өз арамызда редакцияның нағыз «қара өгіздері» деп аталатын. Жас қаламгер үшін бұл жұмыс үлкен мектеп сияқты.

Ол кезде газет аптасына бес рет шығады. Сондықтан да редакция ұжымы машинка басушы қыз-келіншектерден, корректорлар мен олардың көмекшілерінен бастап редактордың өзіне шейін күнде әбігер, асығыс болып, жанталасып жатады. Осындай титыққа тиер қарбаластың жуан ортасында әдеби қызметкер - редакцияның «қара өгізі» жүреді. Алыс-жақын демей, көбіне жаяулап-жалпылап, оңтайы келгенде көлігі барларға мінгесіп дегендей, аудан - аудан аралап, материал жинап әкелу, оны оқырман талғамына сай келетіндей етіп жазып шығу, ауылдық тілшілерден келген хаттарды қорыту, авторларға міндетті түрде жауап хат жазу, орыс тілдегі материалдары қазақшалау, газеттің кезекті нөмірін шығаруға қатысу және басқа да бірсыпыра іс - бәрі де «қара өгіздің» міндеті.

Университеттің берген теориялық білімі өз алдына, әлгіндей мектептен өтпеген жаннан жақсы журналист шығуы неғайбыл. Бақыт ондай мектептен өтті.

Ол «Ленин туы» 1963 жылы көктемде жабылып қалғанға дейін, одан соң Целиноград (қазіргі Ақмола) қаласында шығып тұрған «Тың өлкесі» газетінің редакциясында әдеби қызметкер болып істейді.

Өзіміздің облыстық газетке басылып шыққан туындыларын оқығаннан-ақ Бақыттан көп-көп үміт күткен едім. Менен он жастай кішілігі бар осынау биязы, кеудемсоқтығы жоқ, кішіпейіл, қыз мінезді жігіттің ең алдымен тіл байлығы мен жазу мәнерінің әдемілігі менің көзіме бірден шалынған болатын.

Осы күнге шейін менің өз түсінуімше, журналистің (әрине, сөз зергерлері деп танылатын жазушылардың да) ең бірінші, ең күшті қаруы тіл. Мың жерден сен жан-жақты, әрі терең білім алған адам бол, егер сол білгеніңді оқырман жүрегіне жол табатындай шұрайлы да түсінікті тілмен жазып бере алмасаң, өзіңді-өзің дәріпсіткенің болмаса, басқа ешбір жан сені жақсы қаламгерлер қатарына жатқыза алмаса керек.

Журналист Бақыт Мұстафин құдайға шүкір, мұндай бейшаралықтан ада. Мен әу бастан-ақ жас қаламгердің сөз саптаудағы шеберлігіне, ана тіліміздің сұлулығын тани біліп, бүкіл байлығын еркін меңгеріп қалғанына қатты қызығып қарайтынмын. Оның қаламына жел біткізген осынау байлық пен сұлулық дүниесіне сүңгуі тегіннен-тегін емес-ау, мұның әуелде шапағатты бастау алған жерлері, қайнарлары, сусындатқан кәусар бұлақтары бар ғой, әрі-беріден соң осының өзі-ақ оны журналист мамандығын таңдап алуына бірден-бір себепкер болған шығар-ау деген жорамал көңіліме орала беретін.

Ақыры жорамалым дұрысқа шықты.

Бірде екеуара әңгіме-дүкен құрып отырғанымызда, ол былай деді:

- 1964 - 1951 жылдары әке-шешем мұғалім болып, Ленин (қазіргі Есіл) ауданындағы Өндіріс деген ауылда тұрдық. Сонда әкемнің қарындасы Нағима бізбен бірге болды. Ол орта

мектепті бітірген. Біздің үйде Сәбит Мұқановтың жұлым-жұлым болып жыртылған, өзі латын әріптерімен басылған «Жұмбақ жалау» романы болатын. Сол кітапты Нағима апама қайта-қайта оқытып, өзім тыңдап отыратынмын. Әдебиетке құмарлық сол кезде басталды-ау деп ойлаймын.

Байқайсыз ба, зиялы ортаның шапағаты деп осындайды айтсақ керек. Әйтпесе тоғыз - он жасар қаршадай ғана бала латынша қара тани білмесе де (қазақ жазуы 1940 жылдан бастап кириллицаға көшті ғой), апайы арқылы үлкен жазушының көркем туындысына соншама ынтықпас еді-ау.

Бақыттың айтуынша, кейіндер Жарғайың жетіжылдық мектебінде қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен Жаудин Қабдөш, одан соң Еңбек орта мектебінде есімі бүкіл республикамызға мәшһүр болған Мәриям Мырзатаева сабақ беріп, болашақ қаламгердің әдебиетке деген құштарлығын одан сайын күшейтіпті.

Жә, бұған дау жоқ, солай болуы әбден заңды, бірақ мектепте оқып жүрген кезінде әдебиетті жақсы көрген баланың бәрі бірдей журналист мамандығын таңдап алмаған ғой. Олардың арасында физик, математик, геолог, металлург, дәрігер, агроном не зоотехник болып шыққандар аз ба? Мүмкін, Бақыттың қалауына басқа бір нәрсе түрткі болған шығар?

Бақыт екеуміздің арамызда болған сол әңгіме-дүкен үстінде мен өзімше тағы бір долбар айтқанмын. Ол мынау еді.

Бақыттың туған ауылы Еңбекпен іргелес Өрнек деген ауыл бар. Бір ғажабы, осы жерден облыс пен республикаға танымал болған бір топ журналист шықты. Оларға жол салып берген кісі Шалабаев Кенжеболат марқұм еді. Кенжекең Ұлы Отан соғысынан оралған соң «Ленин туы» газетінің редакциясында қызмет істеді, одан кейін Алматыға ауысып, онда бірқатар жауапты қызметтерде болған. Мен осынау байсалды парасат иесін Қазақстан Компартиясының Орталық Комитетінде баспасөз секторының меңгерушісі болып тұрған кезінен білуші едім. Біз

Солтүстік Қазақстан облысының бұқаралық ақпарат құралдарында жұмыс істеген жастар, Кенжекеңді сол бір ірі партия қызметінде жүргенінде және кейін 70-ші жылдары (бұл біздің есейіп қалған шағымыз болатын) республикалық телерадиокомитеттің төрағасы болып тұрған кезінде, бұл ғана емес, әрине, басқа уақыттарда, әрқашан асқар таудай пана тұтып, ағалық ақыл сөздерін қалт жібермей орындауға ұмтылатынбыз.

Міне, осы Кенжеболат ағамыздың жолын қуып, журналист болып шыққан Өрнек ауылының азаматтары аз емес. Бұл сапта мен ең алдымен Тұрсынбай Кәкімовті атаған болар едім. Одан соң Әміржан Мәутенбаев, Ермек Құсайынов...

Үшеуі де қазір бұл дүниеде жоқ. Бүгінде көзі тірілерден Ергали Әбілмәжінов, Әміржанның інісі Әзіқан, белгілі ақын Есләм Зікібаев, «Солтүстік Қазақстан» газеті бас редакторының бірінші орынбасары Болат Қожахметов бар. Бұлардың қатарына Қазақ радиосының дикторы Бүркіт Бекмағанбетов пен оның қарындасы, Облыстық телерадиокомпанияның қызметкері Гүлнәр Бекенованы да қосуға болады.

Шынында да, бір ауылдан айналасы отыз-қырық жылдың ішінде түйдек-түйдегімен он журналистің шығуы ғажап, керемет қайран қалдырарлық және өмірде кездесе бермейтін құбылыс қой. Мен бұған қалжың ретінде «Өрнек синдромы» деген айдар тақтым да, осының «салқыны» тиіп кеткен жоқ па екен деп Бақыттың бетіне тура қарадым.

Жоқ, бұл жолы менің долбарым қате болып шықты.

-Әлі күнге есімде, - деді Бақыт, - мен он жасар кезімнің өзінде-ақ «Ленин туы» газетін басынан аяғына дейін оқып, әр нөмірін асыға тосып отыратынмын. 1951 жылғы 5 тамызда осы газетте алғашқы хабарым шықты. Журналист болуға ұмтылдырған «Ленин туы» деп білемін. Өлең, әңгіме жолдай бастадым. Жауап хаттар алып тұрдым.

Міне, көрдіңіз бе, мамандық таңдау деген Бақытқа ешқандай

да проблема болмаған екен-ау. Еліктеу жоқ. Жалпы ағынға еру, немесе жел айдаған жөнмен жүре беру жоқ. Сонау балғын бала кезінен-ақ журналист болуды армандап, Абайша айтқанда, талаптың тұлпарын ерттеп мінген. Өз қалауы, өз таңдауы іштегі өскінісін қайрай түсіп, нысаналы бағытынан айнытпаған.

Жүрегің қалаған мамандықты игеру үшін, әрине, оқу керек. Білім жинау керек. 1954 жылы Еңбек орта мектебін бітірісімен Бақыт Мұстафин Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетіне түсті. Студенттік өмірі жайлы ол былайша баяндап берген еді:

- Біз оқыған тұста университетте теорияға көп орын беретін. Философия, экономика, тарих, дүние жүзі және орыс әдебиеті, қазақ әдебиеті мен тілі, психология, логикаға дейін оқытылатын. Фотосуретке түсіруді, машина жүргізуді, арап әліпбиін үйретті. Бір жағынан, жақсы: жан-жақты білім аласың, ал екінші жағынан – тым көп, ауыр, үлгере алмайсың...

Бақыттың «Ленин туына» келген беттегі жазғандарын оқып отырғанымда мен оның сөз саптауында Мұхтар Әуезовтің әсері бар ғой деп ойлаушы едім. Оным дұрысқа шықты. Мұқаң болашақ журналистер мен филология факультетінің студенттеріне қазақ фольклорынан лекция оқыпты. Бұл өз алдына, сонымен қатар ең күшті ықпал басқа еді.

- Қазақ тілінің құдіретіне, көркемдігіне тәнті еткен Мұқаңның ғаламат тағылымы, әсері деп ойлаймын, - дейді Бақыт бұл жайында. – «Абай жолы» романын бірнеше рет оқып, әр сойлеміне қызығып, ой жіберіп отыратынбыз.

КЕМЕЛДІК КЕЛБЕТТЕРІ

Журналист білімдар адам болуға тиіс. Бұл өзі бесенеден белгілі шарт. Тілің сенің мың жерден шұрайлы, әдемі болсын, егер жазғаныңда ой болмаса, немесе ойларың үстірт кетіп жатса, - онда оқырман көңілінен шыға алмайсың, ол сені құр әшейін бос сөзге әуес адам деп ұғады.

Бақыт ондай емес. Оның туындыларында түр мен мазмұн қашан да болсын бірегей, бірін-бірі толықтырып, бірімен-бірі астасып, жұғысып, қиюласып келеді де оқырманын еліктіріп, өзіне тартып отырады. Мұның бәрі – білімділіктен туындайтын дүниелер.

Университет берген теориялық білімнің деңгейі жоғары болса болған да шығар. Бұған күмән келтіріп жатудың қажеттігі жоқ бұл арада. Рас, сол жоғары деңгейде берілген білімнен болашақтағы өмірде кәдеге жаратарлықтай жеткілікті нәр алуға да қабілет керек. Оқу бар да, оқығанды көңілге тоқу бар дегендей. Бірақ, осылай деуін дей келіп, бұл жерде тағы бір ақиқатты да айта кеткен орынды болар.

Сен оқуға, одан нәр алуға қаншама қабілетті бол - бәрібір университет сені иі қанған, толысып жеткен маман етіп шығара алмайды. Диплом деген түк емес, ол тек сенің бес жыл оқығаныңды куәландыратын қатырғы қағаз ғана. Сені жетілдіретін, кем-кетік жерлеріңді бүтіндеп, жібіңді ширата түсетін керемет -өмірдің өзі, өмір бойы жиған тәжірибе.

Бұл айтылғандардың Бақытқа толықтай қатысы бар. Ол өзінің бойына туа біткен алғырлығы, ұғымталдығы мен сезімталдығының арқасында университеттің оқу бағдарламасы көлемінде жан-жақты білім алды. Бірақ соны ғана місе тұтып, қанағат қылған жоқ. Газетте қызмет істей бастаған алғашқы қадамдарынан-ақ тынымсыз ізденістер жолына түсті.

Жас журналист Бақыт Мұстафин жарқ етіп көзге түсер жақсы мақала, очерк, суреттемелер жазу үшін өмірді терең білу қажет екенін бірдей түсінген еді. Сондықтан ол ең алдымен өзі қызмет істеп жүрген жерлердің экономикалық және мәдени тұрмыс тірлігіне барынша қанық болуға ұмтылды. Сол үшін де қаламгер жігіт, тағы да Абай сөзімен айтсақ, жастықтың оты жас жүректе жалындап жанып тұрған шағында табан тоздыруға ерінбей-жалықпай Есіл өңірін түгелге жуық шарлап шықты, көп-көп

адамдармен танысты. Қарапайым ғана газет қызметкері ретінде, бірте-бірте өзінің ой өрісін кеңейте берген. Өмірдің өзінен үйреніп білгенімен табиғи талант одақтаса келіп, оны кемелдік сатысына көтеріп шығарған еді. Бір кездегі сары ауыз сәбидей секілденген балаң қаламгер енді көргені көп, ауызы уәлы, сөзіне құлақ түргізерлік кексе журналист атанды. Қалың оқырман қауым оның жорға қаламынан туған дүниелерді сүйсініп, тамсана тұшынып оқитын болды.

Кемел ой өзіне тән, өзіне лайық ажарымен, келісті келбетімен танылады деген екен бір данышпан. Сол айтқандай, Бақыттың кемелдігін танытатын келісті келбеттер жеткілікті. Мен бұл арада оның жазғандарын айтып отырмын.

Көрікті ойдың өңін қашырмай қағаз бетіне түсіре білуі арқылы қалың жұртшылыққа танымал болған журналистің жоғары жақта билік тізгінін ұстап отырған күштілердің көзіне түспеуі мүмкін емес еді. Үш жылдай үзілістен соң 1966 жылдың 1 қаңтарынан бастап «Ленин туы» бұрынғысынша шығуын жалғастырған кезде Бақыт мәдениет бөлімінің меңгерушісі болып бекітілді. Уақыт өте келе ол редакцияның жауапты хатшысы, редактордың бірінші орынбасары болды.

Сөз орайы келіп тұрған соң айта кетейін. Бақыт сол кездің өзінде қызмет баспалдағымен жоғары өрмелеуін мансап деп санаған жоқ. Санамағаны былай тұрсын, ол бұған ұмтылған да емес. Қызмет ұсынды – қабылдады, «бол» деді – болды. Бары сол ғана.

Жалпы, мансап қууды қажет етпейтін кәсіптер болады. Соның бірі – журналистика. Журналистің, мәселен, газет қызметкерінің ең биік «мансабы» - оның жарияланымдары, есімін көпке танытқан туындылары. Тәжірибеден көріп жүргеніміздей, кайсы бір газеттің редакторын немесе оның орынбасарларын оқырман қауым білмейді, өйткені бұлар газет шығаратын үйдің төрінде отырғаны болмаса, жұрттың есінде қаларлықтай ештеңе жазбайды. Ал, бұған керісінше, қалың жұртшылыққа белгілі,

әйгілі болып кеткен қаламгерлер бар, бұларды оқырман қауым редакциядағы лауазымы арқылы емес, ең алдымен қаламынан шыққан туындылары арқылы таниды, соған қарап бағалайды.

Бір жақсы жері, «Солтүстік Қазақстан» газетінің қазіргі бас редакторы өзі басқарып отырған шығармашылық ұжымға әскер тәртібінің жүрмейтіндігін жақсы біледі, ол ешқашан да генерал шені бар адамша шірену, маңғазсу дегенге бір табан да жақын келген емес. Қайта, қажет болған жерінде, баяғы «редакцияның қара өгізі» кезіндегіше газеттің ұсақ-түйек жұмыстарына шейін тындырып жүре беретіні бар. Сырт көзге көрінбейтін осы тектес істерінің өзі-ақ оның бітім-тұлғасында бастықтығынан гөрі журналистігі басым тұрғанын аңғартса керек. Сондықтан ол, шабысынан жаңылмайтын тұлпар секілді, қоғам өмірінде туындап жататын әр алуан мәселелерді әрқашан назарында ұстап, өзін көбірек толғандырған тақырыптарда қалам тербеп отырады. Өйтпесе кәсіпқой журналист бола ма!

Бұл жерде Бақыттың кәсіпкойлығы оның есімін облыс шеңберінен асырып, бүкіл республикамызға танымал еткенін де айта кеткеніміз орынды болатын шығар. Ол төрт мәрте Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының лауреаты болған. Оның очерктері «Жайнаған жер», «Диқан жолы» және «Далам – дәулет ордасы» деген атпен бөлек-бөлек кітап болып шықты. Кеңес Одағының Батыры Жәлел Қизатов, Социалистік Еңбек Ері Құрманғали Сұрағанов туралы жазып шығарған кітаптары және де бар. Балаларға арналған көркем әңгімелері «Тәтті сәбіз» деген атпен жарық көрді. Сондай-ақ жекелеген очерктері мен әңгімелері отызға жуық ұжымдық жинақтарда жарияланған.

Бақыттың балаларға арналған туындылары республикалық «Балдырған» журналында үзбей жарияланып келеді. Ол осы журналдың конкурстарында бірнеше мәрте бәйге алып, лауреат атанды.

Балалар жазушысы ретінде Бақыт Мұстафин орыс оқырмандарына да танымал екенін айта кету керек. Оның бірсыпыра әңгімелері Санкт-Петербургте шығатын «Костер», Ақмоланың «Нива» журналдарында, орыс газеттерінде жарияланды.

Бақыттың журналист ретінде кемелденуі оның бала кезіндегі құмарлығын қайта оятып, көркем әдебиет деп аталатын сұлулық дүниесінің есігін ашып кіруіне алғы шарт сияқты болған еді. Біздің қазақ әдебиетінің көптеген көрнекті өкілдері (Бейімбет, Ілияс, Сәбит, Ғабит және т. б.) осы жолдан өтті ғой. Ендеше Бақыттың да жазушылыққа бой ұруында белгілі заңдылық бар деуге болады. Қазіргі уақытта ол Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, осы одақтың облыстық бөлімшесінің төрағасы.

«ТЫНЫМСЫЗ ЖҮРЕКТЕН ТУЫНДАҒАН...»

Әрине, жазушы атану мерей. Бірақ, басқа шаруаның бәрін де былай ысырып қойып, тек қана бірыңғай көркем шығарма жазумен отыру оңай емес. Әсіресе қазіргі жағдайда.

Жақында мен Бақыттан сыр тартпақ болып: - Ертеңдер зейнеткерлікке шыққанда журналистікті тастап, біржола таза әдебиетпен ғана шұғылданатын ойың бар ма? – деп сұраған едім. Сонда ол ең әуелі қазақ журналистикасының қазіргі хал–ахуалы мен болашағы туралы айта келіп, былай деген: - Қазақ баспасөзінің қиын жағдайларға тап болып отырғанын өзің де білесің. Қазақ әдебиеті де одан асып кеткен жоқ, тіпті төмендеу де шығар. Өйткені газетке ептеп болса да жазылады, ал қазақ кітабын біздің облыста ешкім алмайды да ғой. Зейнетке шыққан соң әдебиеттің ауылына аяқ басу да қиын болар. Өйткені нарық заңы қатал. Қалтаңда ақшаң болса ғана әдебиет ауылына бара аласың. Қазір бір кітапты Алматыдан шығару үшін 400-500

мың теңге керек, соны түгел өз қалтаңнан салуға тиіс боласың. Әрине, түртініп жазумен айналысуды, қаламмен күн көруді тоқтатпайтын шығармыз.

Өмірдің осы күнгі ащы шындығы ғой Бақыттың бұл айтып отырғандары. Тіпті заманның түзу тұрған кезінің өзінде жазушылықты тек қосалқы іс санап, өзінің негізгі кәсібінен айнымаған Бақыт бүгін де, ертең де жүріп келе жатқан жолынан ауытқымайтындығын сездіртеді.

Бақыт жай ғана журналист емес. Ол Қазақстанның солтүстік өңірінде шығып жатқан облыстық дәрежедегі бірден-бір қазақ газетінің бас редакторы. Сондықтан да ол өзі қол қойып жүрген басылымның ғана емес, бүкіл қазақ баспасөзінің, қазақ журналистикасының да тағдырын ойлайды. Өйткені «Солтүстік Қазақстан» газетінің басына елден ала бөтен күн туып отырған жоқ, басқа облыстардың барлығында да қазақ газеттерінің халжағдайы осындай.

Ең алдымен бұлардың таралымы күрт азайып кетті. Осыған байланысты бұрын аптасына бес рет шығып келген газеттер енді екі-ақ рет шығатын күйге душар болды.

Жақында «Солтүстік Қазақстан» газетінде «Баспасөз және нарық» айдарының астында жарияланған «Қанаты қалың, камықпа» деген мақаласында Бақыт қазақ газеттерінің ертеңі жайында, оның өз сөздерімен айтқанда, «тынымсыз жүректен туындаған» нысаналы ойларын ортаға салған болатын. Онда бәрімізді де қатты алаңдатып, толғандырып отырған проблемаларды тудырған себептер, бертіндер жол-жөнекей көрініс тауып жатқан кикілжіңдер мен түсініспеушіліктер, басқа да бірқатар көңіл жүдетер жәйттер туралы барынша жеткілікті баяндалған екен. Сондықтан мен оларды қайталағанды жөн көрмей, Бақыттың екеуара әңгімеде айтқан басқа бір пікірлерін оқырман назарына ұсынбақпын.

- Қазақ журналистикасы орыс журналистикасынан бірер

саты төменірек деген сөз соңғы кезде көп айтылып жүр. Бұл пікірге мен де қосыламын, - деді ол. – Қазақ журналистері сырттай тамашалауға, бос сөзділікке құмар. Мұны мен білімнің тайыздығы, өренің төмендігі деп білемін. Білім тайыз болған соң салиқалы ой айта алмайды, терең үңіліп, қопара қозғап жаза алмайды. Бұрын бұл әдет қалың бұлттай болатын. Қазір әйтеуір сейіле бастады.

Осы ойларын дамыта және менің тағы бір лек сауалдарыма жауап қайыра келіп, Бақыт былай деді:

- Қазақ журналистикасы қоғамдық ой-пікірді дүрілдетіп қозғай алмай келеді. Әрине, оның ең басты себебі сол - қазақ тілінің мемлекеттік деңгейде қадірі жоқ, қазақ газетін ел басқарған адамдар оқымайды, олар қазақ газетіне мұрынды шүйіре қарайды. Қазақ журналистикасының қасіреті осы. Қазақ газеттері бұрқырап шығып жатыр, бірақ оқитын адам аз.

Ең үлкен қасірет - қазақ тілінің қоғамда қолданылмауы, қазақ газеттерінің рухани қажеттілікке айналмауы. Орыс тілділер орыс газеттерін қанша қымбат болса да Ресейден алдырып оқиды, ал біздің қазақ оқырмандары тым самарқау, селсоқ. Өмірге құштарлық, белсенділік аз.

Парасат биігіне көтерілген белді де беделді журналистеріміздің бірі айтқан бұл сөздер сүйектен өткендей болып, қаншама жерден жанымызға ауыр тисе де, бізді ашындырмауға, түңілдірмеуге тиіс. Сырқаттың себебі анықталса, оның емін табу да оңай дейді ғой. Бұл да сол сияқты.

Қазақ баспасөзінің бүгінгі болмысы нендей себептерге байланысты мұншалықты күйзеліске ұшырап отырғанын түсінсек, енді оның ертеңгісіне жақсы үмітпен қараған дұрыс шығар. Бақыттың айтуынша, Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстан халықтарына арнаған Жолдауындағы нысаналы кезең - 2030 жыл басқалармен бірге «Солтүстік Қазақстан» газетінің да айы оңынан, жұлдызы солынан жарқырап туатын кезі болуға тиіс. Мей-

лі, бұл өзі тұтас бір ұрпақ ауысатын алыс болашақтың ісі екен, болса бола берсін, тек сол бір айтулы белеске жетсек болғаны.

Әрине, оқырмансыз газет жоқ. Заман түзеле келе, «Солтүстік Қазақстанның» да оқырмандары, жанашырлары көбейер, қазақ тілінің қолданылу аясы кеңейер деп сенейік.

АЗАМАТ АЖАРЫ

Бақыттың мүшелтойына байланысты оның журналистігі мен жазушылығы жайында бірер сөз айтпаққа ниеттеніп жүргенімде, Некрасовтың баршаға белгілі «Ақын болу шарт емес, азамат болу - міндетің» деген сөзі есіме түсіп, мен жазбаша түрде той иесіне сауалнама ұсынған едім және қойылған сұрақтарға оның да жазбаша түрде жауап қайыруын өтінген болатынмын. Алпыс деген асулы белеске шыққан адамның жалпы кісілік тұлғасын, азамат ретіндегі ажарын аша түсуге септігі тиер деген оймен сол сұрақ-жауаптардан үзінді келтіргенді жөн көріп отырмын.

Сұрақ: Адамдардың мінезінен өзіңді өте сүйіндіретіні не, күйіндіретіні не?

Жауап: Адалдық, шыншылдық сүйсіндіреді. Өтірік, өсек, жағымпаздық күйіндіреді.

Сұрақ: Қазақта «Ұлық болсаң – кішік бол» деген сөз бар. Сонымен қатар «Қостың кішісі болғанша иттің күшігі болайын» деп те айтады. Бұларға не дер едің?

Жауап: Кішіпейіл болғанға не жетсін.

Сұрақ: Оптимист және пессимист деген ұғымдар бар. Сен солардың қайсысына жатасың?

Жауап: Оптимист болған жақсы. Оптимист адамдар өмірді көркейтеді, қасындағы жандарды жігерлендіреді. Пессимистің жанында жүру де ыңғайсыз.

Сұрақ: Өмірде өкпешіл жандар аз емес. Біреулер болмашы нәрсеге өкпелеп, тіпті ең жақын ағайын-туыстарын, дос-

жарандарын көрмей кетеді. Бұған өзің қалай қарайсың?

Жауап: Мен ешкімге өкпелемеймін. Адам алдымен өзін шамалап. Бағалап үйренуі керек. Сонан соң барып басқаға қара да өкпеле, өкпе айт. Өкпешіл болу жақсы қасиет емес.

Сұрақ: Досың көп пе, қасың көп пе бұл дүниеде?

Жауап: Дос көп, әрине. Анау менің қасым, дұшпаным деп ешкімге ен салған жоқпын өмірімде. Біреумен ұстасып, қаржасып жүру - жат қылық. «Қасың көп болса - өзің де сау сиырдың боғы емес шығарсың, өзің де көк соққан кияңқы шығарсың» деймін ішімнен. Біреумен пікір таласы, келіспеушілік болып қалса, ол - қасың емес, қарсыңда тұрған әріптесің деп білу керек. Пікір таласы, түсініспей қақтығысып қалу адамның ойын аршиды, көкірегіңді тазартады, ішіңде запыран болған құсық ойлар сыртқа ақтарылып ада боласың, сауығасың. Тек кек сақтамау керек. Кекшіл адам – оңған адам емес.

Сұрақ: Ұлы Абай: «Атымды адам қойған соң қайтіп надан болайын, халқым надан болған соң қайда барып оңайын», - деп күңіреніп өтіп еді. Абай тұсындағы надандық халқымыздың жаппай сауатсыздығына байланысты болып еді. Осы күні қара танымайтын қазақ жоқ. Көбінің орта, тіпті жоғары білімі бар. Сөйте тұра надандығымыз әлі де қалмай келеді. Сонда деймін, бұрынғы (Абай заманындағы) надандық пен қазіргі надандықтың арасында айырмашылық бар ма? Болса, оның көріністері қандай?

Жауап: Абай деңгейінде пәлсәпә соға алмаймыз. Ол артықтау болар. «Аяз, әліңді біл, құмырысқа, белініңді біл» деген дана нақылға әр уақыт ден қойып отырамын. Надандықтың түп тамыры – білімсіздік қой. Білім - тек көп оқу, кітаптан бас котермеу емес. Білім - оқығанды, оған қоса өмірде көргенді көңілге тоқу, содан қорытынды түю, ғибрат алу, сол оқығанды жарқыратып сыртқа шығару деп білемін. Бұрынғы надандықтың соңында дым білмес қараңғылық, көр соқырлық, ұрда-

жық дойырлық жүруші еді, қазіргі надандықтың соңында қара ниет қылмыс, сұмдықтар, жан түршігерлік мерездер ере жүреді. Әсіресе жұрттың Батыстың жылтырағына надандықпен еліктеуі қара батпаққа батырады- ау...

Сұрақ: Мәдениетті кісі деп кімді айтамыз?

Жауап: Горький: «Культура - чувство меры», - деген екен. Осы сөз маған ұнайды. Қай ортада болсаң да өз орныңды, өзің айтар сөзіңді біл деп тұрған жоқ па! Бетімен ыржалақтай берме дейді ғой. Осыны түсінсек, шіркін.

Сұрақ: Сенің ең сүйікті жазушыларың? Сүйіп оқыған және оқып жүрген кітаптарың?

Жауап: Сүйікті жазушыларым: Тургенев, Чехов, Айтматов, Әуезов. Қазір Шоқан Уәлихановтың таңдамалыларын қайта ақтарып жүрмін. «Абай жолын», Абай өлеңдерін, қара сөздерін жиі-жиі қарап, ақтарып қоямын. Қуат береді, серпілтеді.

Сұрақ: Жылдың қай мезгілін ұнатасың?

Жауап: Жыл мезгілін таңдайтын заман ба, жүгірумен күн өтті ғой. Мезгіл таңдап, күй таңдап жын ұрып па біз сияқты пақырды.

Сұрақ: Ас-астың ішінде ең бір сүйсініп жейтіндерің?

Жауап: Ас таңдайтын заман қайда, аузымызға не тисе соны жей береміз. Тек тіс жараса болды дейміз.

Сұрақ: Осы күнгі қазақ жастарының мінез-құлқы, жүріс-тұрысы, талап-талпыныстары жайында не ойлайсың?

Жауап: Кейбір бизнесмен жастардың ұмтылысы, қайратжігері, жан таласқан жүгірісі ұнайды. Бос сөзге, бос отырысқа уақыты жоқ. Бұрылмайды. Сонысы ұнайды. Ал жастардың дені ой жағынан тайыз. Арақ, шылым, ойын-сауық десе делебесі қоза жөнелетіні жаман. Нағыз пәле бұл! Жаның ауыратыны сол – жастар еріншек, жалқау, жатып ішер масыл болып барады.

Сұрақ: «Бақыт» деген не? Өзіңнің бұл туралы түсінігіңе есімім сәйкес келеді деп ойлайсың ба?

Жауап: «Бақыт» деген сөзді өз есіміне байланыстыру қисынға келе қоймас. «Бақыт» деген ұғым әркімді ойландырады. «Бақыттымын ба?», «Бақытсызбын ба?» деп әркім өзіне-өзі сауал қоюы, ой жіберуі - заңды нәрсе. «Бақыттымын, құдайға шүкір, асылық қылмайын» деп әр адам тірлігіне тәуба еткені дұрыс шығар деп білемін. Жарық дүниеде өмір сүрудің өзі - шексіз бақыт. «Бақытсызбын» деп айтуға ешкімнің аузы бармауы тиіс, «бақытсызбын» деп адам өзіне-өзі үкім айтпағаны дұрыс деп ойлаймын. «Бақытсызбын» деп адам бір нәрседен түңілгенде, біреуге ашынғанда ғана айтып қалады, бірақ өмірлік қағидасына айналдырмайды. «Бақытсызбын» деудің өзі - жасықтығыңды, жігерсіздігіңді, ынжықтығыңды, жалқаулығыңды және өз бойыңдағы басқа да жаман қасиеттерді мойындау деген сөз. Нағыз бақыт - еңбектен, қыбырлаудан қалмау, яғни деніңнің саулығы деп білген дұрыс.

* * *

Осылайша екеуара жазбаша түрде сұхбаттасудан келтірілген үзінді Бақыт Мұстафиннің кісілік қасиеттерін барлық қырсырларымен қоса түгелдей ашып береді деуден мен аулақпын. Өйткені әр адам дара жаратылғандықтан оның тұла бойы сыр болады, ішкі жан сарайы, ішкі дүниесінің кейбір қалтарыс-бұлтарыстары, өзі ашып көрсетпесе, басқаларға құпия, жұмбақ болып қала бермек. Менің сауалнамамның мақсаты да Бақыттың ішкі дүниесіне сәуле түсіре үңілу, сол арқылы сұхбаттасымды жұртпен сырластырып, оның өзі туралы азды-көпті қосымша мағлұмат беру болған еді. Бұл мақсаттың қаншалықты деңгейде орындалғандығына оқырман қауым өзіндік баға берер деген ойдамын.

Сонымен, айтылар сөз айтылды. Бірақ таусылған жоқ. Өйткені бүгін кемел жасқа толып отырған айнымас дос, кішіпейілдігімен, қарапайымдылығымен, жібектей есілген биязы, сыпайы мінезімен көпке жаққан, ел-жұртына аса қадірлі абзал

азамат, парасатты ой толғауларымен, салиқалы да көркем сөз бедерлеуімен беделі артқан мәдениетті журналист әрі жазушы Бақыт Мұстафиннің толық қанды шығармашылық қызметі тоқтау көрмейтін, сарқылуды білмейтін тау суындай тасқынды ағынынан жаңылған да, жаңылар да емес. Оның берері, жемісті жылдары әлі алда, әлі де көп. Ендеше ол туралы болашақта, кезі келгенде әлі де көп-көп жылы лебіздер білдірілетіндігіне еш күмән жоқ.

Дүйсенбі ӘУЕЛБЕКОВ,
журналист.

БАҚЫТТАР КӨП БОЛСА

Атам қазақ "қамшы сабындай,, ғана деп қушитып айтатын қысқа ғұмырдағы тірлігінің ең бір тәтті шағы – балалық. Қандай да қиын кезеңде өтті деген өмірінің де сол бір тұстарын ойға алсаң, нелер оралмайды ойға. Ашқұрсақ, шалаұйқы, шаршау күндері мен түндерінің, жеген таяғың мен алданыш-аяныштардың өзі қымбаттай. Қысқа күнде қырық төбелесіп, қырық табысып-татуласқан бала достарың қайда. Іздейсің. Көбі жоқ. Азайған сайын бағасы артып, асылдана түскен сол достардың қалғаны алтынның сынығындай ой-сананда жайнап жарқырай көрінетіндей.

Алпыстан асқан шағымызда дос та, қас та аз болды десең, аярлық шығар. Жылдар жылжыған сайын еленіп-екшеліп, екеуі де азая береді екен. Уақыт көмбесіне жоғалып, екеуі де сирек тартады-ау сірә.

Әрине, бұл да бір пенделік пәлсапа ғой, әйтпесе екеуін салғастырып, эссе жазайын деген ниеттен аулақпын. Сөз достар жайында, ой да достар айналасында ғой. Мал алып, мал бер-

мәсе де жан алып, жан берердей берекелі достарды айтам.

Біз Бақыт екеуміз елуінші жылдардың басында Солтүстік Қазақстанның қиыр түкпірінде жатқан Жарғайың ауылында оқыдық. Әкесі ел тізгінін ұстайды дейтін азаматтардың бірі. Сол кезде парторг болу керек. Анасы - ұстаз. Ерке-шолжаңдау. Жас сұрасып жатқан жан емеспіз, бірақ менен бір класс жоғары оқиды. Соғыс салқыны басқа құрбыларындай емес, оны айналып өткендей әсер беретін...

Бәрін кейін білдім. Бәрін де кейін ұқтым. Сөйтсек, оның да өз әкесі Мүтәллапты майдан алапаты мерт қылған екен ғой. Сарғайған сағыныш, іштегі мұң балалықтың, баландықтың қызық-қызуымен көміліп жатады екен ғой. Оның үстіне ана бар, өгейлігін өмір-бақида сездірмей кеткен екінші әке. Сырт қараған адамға іштегі сызат көріне ме, қызығатынбыз. Бүкіл мектептегі үздік оқушы. Жиналыстарда бәрімізге міне деп көрсететін үлгі.

Алтын медальмен марапатталған Еңбек орта мектебінде де сол. Жетікластық "Жарғайыңды,, бітірген соң, бірер жыл кейін мен де сонда оқығам. Алматыда, университетте, журналистикада оқып жүр дегенде тағы қызығатынбыз. Қысқасы өмір өзінің ұзына бойында екеумізді бір ізбен ілгерілеткендей. Облыстық «*Ленин туы*» газетінде де тәжірибеден қатар өтіп жүрдік. Оқудың төртінші сатысындағы ол көлдей-көлдей очерктер жазады. Бөлім меңгеріп жүрген Әли Мұсаханов марқұм да, лездемелерде редактордың өзі Болатбек Асанов та журналистикаға келетін жас леп, жақсы леп деп практикаға алғаш келген біздерге "Ұлым, саған айтам, қызым, сен тыңда", - деген ернінің емеурінінен танытады.

Мен осының бәрін еске алғанда, тіршілігімізді сан тарау жолдарын тоғыстырған тағдырыма тәубе айтам.

Туған жерді жақсы көрмейтін туған жерді төбесіне көтеріп, биік мәртебесін биіктете берсем деп тебіренбейтін жан иесі жоқ. Сол табиғаты қатал, бірақ жомарт жерді бәрімізден гөрі көп

аралап, көп көріп, жанымен жырлап, табан аудармай сол өлкенің тамыршысындай болып жүрген Бақытқа қызығам да. Солтүстік Қазақстанда ол білмейтін үлкенді-кішілі пенде жоқ десем, асырып айтқандық емес:

Алғашқы кітабы - "Жайнаған жердің" жарыққа шыққанына да ширек ғасырдай уақыт өтіпті. Сол кездің өзінде Қазақстан Журналистер одағының сыйлығын жеті мәрте иеленген Бақыт Мұстафин тың өңірін түлеткен, туған жерді маңдай терімен суарған жерлестерін аспандата, асқақтата көтереді. Қасаңдықтан, жаттанды жабылықтан аулақ сөз қадірін, тіл мәйегін тұшына сезінетіні сүйсіндіреді әркез.

«Мынау сол Жаманшұбар, бір кезде қаратабан кедейдің көз жасының зар-наласының куәсі болған жер. Ауыр қайғыдан қара топырағы да қайысқандай, көз жасынан кенері толысқандай болған бел бұл... Мөп-мөлдір көгілдір аспан нілдей тұнып тамылжып қалыпты. Бар алап шаңқай түстің ыстық мейірімінен балқып тұрғандай еді».

Міне, осы секілді қанық бояулы суреттер туған өлкенің, байлыққа тұнған өмірлі өңірдің ажарын айшықтандырып, айбындандыра түседі. Денесін күнге күйдірген, жер емшегін маңдай терімен идірген айтулы атпал азаматтары да Бақыттың бейнелеуінде ертегінің ерен елдеріндей еңселеніп, тұлғаланып көрінеді. Сондай бір шығармасы әйгілі диқан, Социалистік Еңбек Ері Құрманғали Сұрағановтың өмір өзегінен өрбіген, өрен тірлігін, ерен еңбегін елге паш етуге арнаған.

«... Даладан оралып келе жатқан Құрмангали орақ жайын қатты ойлайды. Жұмсақ жүріспен жолдың ойлы-қырлы жерінде ырғалып қана өтіп, жеңіл сырғыған «Москвичтің» қос жарығы қараңғылық омырауын олай бір, былай бір тілгілеп, ауылды бетке алып тартып барады. Алдан ағараңдап үйлер де көрінді...»

Ол өмір бойы тың өңірінен табан аудармай сол жерде келе жатқандықтан да басқа әріптестерінен тың тынысын жақсырақ

сәйкестіндей. Аз уақыт «Лениншіл жас» газетінің меншікті тілшісі болып істегенін ескермесек, қырық жылға тарта ғұмырының бәрі дерлік облыстық «Ленин туының» табалдырығында өтіпті. Төменнен төріне дейін көтерілген бүгінгі айтулы аға журналистің, жазушының шығармашылық өмірі көп жаска өнеге.

Мен білетін Бақыт адамды сүйеді. Оның ішінде балаға деген мейірімі ерекше. Сәби сезімі, бүлдіршін жаны- оның ең «осал» тұсы. «Тәтті сәбізді» оқыған жан осыған айқын көз жеткізеді. Әдеби баспаларда ұзақ жыл балаларға арнайы кітаптар шығарумен ғұмыр кешкен көрнекті қаламгер Қастек Баянбаевтың Бақытты іздеп-сұрап жүретіні де содан-ау деп ойлаймын. Әдетте күлді-бадам дүниесін көрінген тесікке тықпалап, есік күрғатпай қағып жүретін беймаза жазғыштардан безердей болатын баспагерлердің кей әріптесін іздеп, сұрап жатуы – сирек құбылыс. Жинақтағы жиырма әңгіменің әрқайсында оң теріс, шәлкем-шалыс қылықтарымен қызықтыратын балалық әрекет, балалық ғұмыр бар. Екінің бірі байқай бермейтін осынау ерекшеліктер жазушының жіті көңіл-көзіне ғана түсуі – міне бұл таңқырлық.

«Үлкеннің мыңына бергенше, баланың біріне бер», - деп жататын балалар даналығы да сол жеткіншектер үшін қалам ұштап, ой тербеп жүрген әріптестеріме тура арналғандай.

Өкінішке орай, жетпісінші жылдарда қалам қызығына қызына кіріскен Бақыт күн сайын тамұқ отында жанғандай газеттегі қызмет пен тұрмыс-тіршіліктегі тынымсыз күйбеңнен аз көрінердей. Лайым, өтпелі өкініш болғай.

Міне, сол дос, сол қанаттас, қаламдас серік алпысқа келді дегенге бар деректерді қолмен ұстап, көзбен көріп тұрсақ та, көңіл шіркін сене бермейтіндей. Әлі күнге баладай бейкүнә, азаматтай арлы, аяулы дос қалпы. Жиырма бес жылдай облыс үшін екінші, одан кейін бірінші басшы ретінде қазағы аз қиын оңірде қалын оқырманға жеткізіп келе жатса да, қағілез

қарапайым қалпы. Тіпті күні бүгінге дейін «бала болғысы келіп» тұратын тәрізді.

"От та болғым келмейді,
Жылуым бар,
Жылуым бар.

Керек пе жылыныңдар!" - деп ақын айтқандай әр досқа, бәлкім дұшпанына да жан жылуын ұсынып, кос өкпесін қолына алып жүгіріп жүретін Бақыттар көп болса, қандай БАҚЫТ! Біздің ағайындардың орысы түгіл, татары көп Қызылжар барса, ат басын тірейтіні де осы Бақыт.

Жылуың азаймасын, шабытың шалқи берсін Азамат дос!

Еслəм ЗІКІБАЕВ,
ақын.

ӨЛЕҢДЕЙ ӨРІЛГЕН СӨЗДЕРІ

Елуінші жылдардың аяқ шеніне қарай облыстық, кейін Республикалық баспасөз беттерінде жазғандары жасындай жарқылдаған жаңа есім пайда болды. Оқырмандардың айырықша ықыластарын аударғаны - оның мөлдірете, төгіле, тебірене жазатындығы, қара сөздерінің өлеңдей өрілетіндігі, сөйлемдерінің кедір-бұдыры жоқ құйма болып келетіндігі. Адамдардың қилы тағдырлары хақында сыр шерткен очерктер мен суреттемелер, уытты фельетондар мен памфлеттер, публицистикалық толғаулар мақалалар, одан қала берді әдеби сырлар мен зерттеулер, әңгімелер авторының жиырмадан жаңа асқан уыздай жас жігіт екенін сол кездегі көпшілік жұршылық біле қойған жоқ-ты.

Міне осылайша журналистика әлемінде бар даусымен жар салып, лапылдай енген, қазақ баспасөзінің тарландарының бірі, Солтүстік Қазақстан облыстық «Солтүстік Қазақстан» газетінің редакторы Бақыт Мүтәллапұлы Мұстафин бүгіндері алпыс

деген ауылға ат басын тіреп отыр. Әрине, бұл уақыт өлшемін мойындамасқа да болмас, дегенмен де Бәкеңнің ой ағысы, қалам салысы әлі екпінді, әлі жүйрік.

Жасынан сөз өнерін қуған ол өткен өмір кезеңдерінде бойына біткен табиғи қабілет дарынын дамыту, шыңдау жолында көп еңбектенді. Тұғыры мықтының – тұлғасы да сымбатты. Сол тұғырдың іргетасы оның шәкірттік шағында қаланса керек. Ол дәріс алған қазіргі Есіл ауданындағы Еңбек орта мектебінде қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі, республикаға белгілі педагог Мәриям Мырзатаева өз оқушысының әдебиетке әуестігін танып, үлкен өмірде оны серік етуіне себепші болыпты. Жалпы Бәкең өз ұстаздарын дәйім ерекше ықыласпен еске алып отырады. Мектепті бітіргеннен кейін Алматыда Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетінде оқып, ұлы Мұхтар Әуезов сияқты заңғар жазушыдан, Бейсенбай Кенжебаев, Белгібай Шалабаев, Мәулен Балақаев және басқа да үлкен ғалымдардан дәріс алған күндер – бір дәуір ме дерсің. Бақыт Мұстафиннің өмір жолына үңіле қарасаңыз мынадай бір ерекше жайға кезігесіз. Ғажабы сол, Бәкең қырық жылға жуық журналистік қызметінің тура 35 жылын бүгіндері өзі басқарып отырған «Солтүстік Қазақстан» газетіне арнапты. Ол осында қатардағы әдеби қызметкерден бастап, редакторға дейінгі баспалдақтардан өткен. Рас, алпысыншы жылдары Солтүстік облыстардағы қазақ газеттері жабылған кездерде амалсыздан мектепте, республикалық «Ленинші жас» және «Тың өлкесі» газеттерінде жұмыс істегені бар. Зейнетінен бейнеті көп газет жұмысын журналистикаға бар жан-тәнімен берілгендер ғана істей алады. Редакцияның қара қазанында қайнап, пісіп, жетілу шыдамдылықты, жігерлілікті талап етсе керек. Міне осындай сындардан өткен Бәкең шебер журналист қана емес, газет, редакция жұмысын ұйымдастыра білетін, оның проблемаларын шеше алатын іскер басшы ретінде көрініп отыр.

Республикамыздағы байырғы басылымдардың қатарына

жататын, бұрын «Кедей сөзі», «Кеңес ауылы», «Бостандық туы», «Ленин туы», деген атпен шығып келген қазіргі «Солтүстік Қазақстан» газетінің асыл дәстүрін жалғастыру редакторға жүктелетіні анық. Бір кездері көздері ашық қазақ зиялыларын топтастырған бұл басылымға Мағжан Жұмабаев, Сәбит Мұқанов сынды ұлы тұлғалар жетекшілік еткені мәлім. Бұл киелі ұядан бүгіндері есімдері қалың оқырманға жақсы таныс Мәжит Дәулетбаевтан бастап Ербол Шаймерденовке дейінгі аралықта қаншама ақын-жазушылар, мәдениет, қоғам қайраткерлері өсіп шықты десеңізші. «Атан аунаған жерінде түк қалады» демекші, кеңес дәуірінде Қызылжар өнірінде қаншама ауылдар жойылып, көптеген қазақ мектептері жабылып қалса да, сөз өнеріне қабілетті өскіндер шықпай қойған жоқ. Міне Бәкең қазір соларды айналасына топтастырып, газетті уақыт рухына сай шығарып келеді.

Негізінен Бақыт Мұстафин өзінің шығармашылық жолында қос тізгінді қатар ұстаған қаламгер. Сөзіміздің басында айтқанымыздай, небір кестелі тілімен, орамды ойымен көзге түскен очеркист, публицист. Ол сонымен бірге әдебиеттің қысқа жанры әңгіменің шебері, жазушы. Оның әр жылдары шыққан очерктер, әңгімелер жинақтарының қай-қайсысын алсаңыз да көркемдігімен ерекшеленіп тұрады. Бәкең жаңа сөз тіркестерін табу, архаизмге айналып бара жатқан ұғымдарды түрлендіру жолында көп іздеиеді, көп оқиды. Содан да болар оның шығармалары бал шырындай өзіне тартып баурап алады. Мысалға академик жазушы Сәбит Мұқановтың балалық шағы өткен Жаманшұбар өңірі туралы жазған атақты «Жайнаған жер» атты очеркін алайықшы. Ішкі толғаныстарға құрылған бұл дүниелікті тебіренбей оқу мүмкін емес. Аталмыш очерк кезінде облыстық, одан соң республикалық газеттерде жарияланды. Сол жылдары осы шығармасы үшін Бәкеңе Қазақстан Журналистер одағының сыйлығы берілді. Бұдан кейін де қаламгердің басқа да жазған деректі әңгімелері елеусіз қалған жоқ. Ал

барлығы ол республика Журналистер ұйымының төрт мәрте лауреаты атанған. Осы кезең ішінде оның очерк, публицистикалық толғаулары отыздан астам жинаққа еніп, астана баспаларынан төрт кітап жарық көрді.

Бәкең өзі осы өлкенің түлегі болғандықтан да Қызылжар оңірінен шыққан атақты адамдардың тастай көркем галереясын жасады деуге әбден хақымыз бар. Оның шығармаларына еңбек майталмандарының, дәрігерлер мен мұғалімдердің және басқа да мамандық иелерінің өмір жолдары, қилы тағдырлары арқау болды. Олардың ішінде Кеңес Одағының Батыры Жәлел Қизатов, Еңбек Ері Құрманғали Сұраганов туралы жазған туындылары жеке кітап болып шықты. Ол сондай-ақ белгілі бір объектілер бойынша ғана емес, сонымен бірге облыс өңіріндегі әрбір құбылысты қалт жібермей, проблемаларды көрсетуге көп еңбектеніп жүр.

Бақыт Мұстафиннің майталман очеркист-публицист екендігі туралы кезінде республикалық басылымдарда әлденеше рет атап айтылды. Көп жылдар бойы очерк жанрын зерттеген белгілі сыншы ғалым Төлеубай Ыдырысов 1969 жылы жарық корген «Очерк туралы ойлар» еңбегінде Бәкең туындыларының көркемдік дәрежесін жоғары бағалай келіп, оны республикамыздың таңдаулы очеркистер қатарына қосады. Қазір де ол сол тұғырда тұр. Оған еліміздің егемендігін баянды ету жолында ұлттық дәстүрімізді өркендету, туған тілімізді дамыту, ауылдың қазіргі бейнесі туралы жазған дүниеліктері айғақ бола алды.

Асылында Бақыт Мұстафин нәзік сезімінің иесі. Өмір құбылыстарын өз ой түсінігінен өткізіп, кейіпкерлердің кейпіне қарай сөз өрілту - сезімталдықтың белгісі. Мұны айтып отырған себебіміз, Бәкеңнің көптеген көркем туындылары кішкентай оқырмандарға арналған. Әдетте, бала жүрегі таза, пәк келеді. Ал олардың шығармалары сан жылдар бойында сол балғын жүректерді тербетуде. Республикалық «Балдырған» журналын-

да жарияланған әңгімелері талай жас саналарға ізгілік отын сеуіп, игілікті істерге жол нұсқағаны хақ. Шын мәнінде балалар тақырыбына жазу, олардың іс-әрекетін беру, сөздерімен сөйлеу оңай шаруа емес. Біз айтар едік, қиынның қиыны деп. Бәкең болса өзін әлі жас достарының ортасында жүргендей сезінеді. Тынымсыз еңбектің нәтижесі болуы керек, балалар журналы жариялаған конкурстарда төрт дүркін жеңімпаз атаныпты. Ең бір сүйіншісі, «Алғашқы қадам» әңгімесі орысшаға аударылып, 1982 жылы Ленинградта шығып тұратын жасөспірімдердің одақтық «Костер» журналының бірінші бәйгесін иеленеді. Сондай ақ «Жалын» баспасынан балаларға арналған әңгімелері «Тәтті сәбіз» деген атпен жеке кітап болып шықты.

Газеттің қат-қабат жұмысын, оған қоса түрлі қоғамдық қызметтерді атқара жүріп, ара-арасында уақыт тауып, шығармашылықпен айналысу күрделі іс-ақ . Өйткені Бәкең Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, жергілікті журналистер ұйымы басшыларының бірі, тіпті облыстық әкімшіліктің өкілі ретінде жүктелер міндет, орындауға тиіс шаралар басынан асып жатыр. Бірақ ол солардың бірінен қашып, тапсырмаларды жерде қалдырған емес. Талай әдеби-мәдени жиындар ауыртпалығы өз мойнына алған күндері де аз болған жоқ. Әрқашан да өзін қарапайым ұстап, әдептілігімен, жібек мінезімен Қызылжар, Көкше өңірлерінің сыйлы азаматы болып отырған Бақыт Мұстафин қазір де шабыт желкенін кең шалқар айдынға бұрған сәтте.

Ол сонымен бірге «Егемен Қазақстан» газетінің байырғы белсенді авторларының бірі. Сондықтан да оның аға басылымға ықыласы да айрықша.

- Жасыратын не бар,- дейді мерейтой иесі,- жергілікті газеттер «Егемен Қазақстанға» еліктеп, содан үйреніп жүр. Оның еш әбестігі жоқ қой деп ойлаймын. Қазір баспасөзге қойылар талап та жоғары болып отыр. Елімізде нарық қатынастарына орнықтыруға барынша көмектесуге, проблемаларды жан-

жақты ашып көрсетуге күш салып келеміз. Әрдайым оқырмандар көңілінен шығып, солардың биік талғамынан көрініп отырсақ одан артық қуаныш жоқ. Әдетте, алпыс жас кемел шақтың өлшемі болып табылады. Өз өмірінің айтулы бір көмбесіне шыққан Бәкеңе белестен-белеске көтеріле беруіне, шығармашылық жолының жемісті, денсаулығының мықты болуына біз де тілектестігімізді білдіреміз.

Амандық ӘБЖАН,
журналист.

КЕМЕЛ ШАҚ

Маған бүгін сонау елуінші жылдардың аяғы еріксіз еске түсіп отыр. Сол кездегі «Ленин туы» газеті жас мамандарға сусап отырғанда Алматыдан үш жігіт ҚазГУ-дің журналистика бөлімін бітіріп келе қалды. Оларды бас редакторымыз Балтабек Асанов жылы ілтипатпен қарсы алды. Алғашқы пікір алысудан кейін-ақ бөлімдерге әдеби қызметкер етіп жіберді. Орта бойлы, аққұба, иманжүзді балаң жігіт мәдениет бөліміне келді. Бұл – Бақыт Мұстафин еді.

«Әу» деген аяқ алысынан-ақ тілінің құнарымен, жұмыс өнімділігімен көзге түсті. Очерк, әңгіме, фельетон, мақала дегендерің қатар түйдектеліп, газет бетінде бұрқырап шығып жатты. Бақыт бірден бөлім жұмысын қиналмай өрге сүйреп жүре берді.

Япыр-ай, содан бері де 40 жыл өтті-ау! «Қырық жылда – қыр жаңа» дегендей, осы уақыт ішінде құбылмалы қаншама заман өтті.

Егемен ел болуға да жеттік. Әр уақытта үлкенге – іні, кішіге – аға, кішіпейіл, аққөңіл Бақытініміз де, міне, 60 деген асуға көтеріліп қалыпты. Алпысың құтты, ұзағынан болсын!

Ожан ҚАЛИ.

60 ҚҰТТЫ БОЛСЫН, БӘКЕ!

Ұтқыр әңгімелерімен, өткір фельетондарымен, ондаған очерктерімен, мыңдаған мақалаларымен облысымыздың өмірбаянын қырық жылдан бері жазып келе жатқан журналист-жазушы Бақыт Мұстафиннің өзінің өмірбаянын жақсы өлеңдей жаттап алатын күн бүгін. Жүздеген көзбен оның өзіне талмай қарайтын, жүздеген құлақпен оның сөзіне қанбай тыңдайтын күн бүгін. Өйткені бұл - қаламынан бал тамған шығармашылық адамының асқақ тойы. Облысымызға ғана емес, республикамызға танымал мұндай адамға қандай құрмет көрсетсең де көп емес.

Баба қазақтың тарихы қандай болса, бала қазақ – Бақыт ағамыздың тарихы да сондай: жұқа ғана. Ал зер салыңыздар: туған жері – Бай Еңбек. Әліппені сонда ашты. Бастауыштың қалғанын Өндіріс мектебінде бітірді. Одан кейін Жарғайында оқыды. Жалпыға бірдей білімнің соңғы сатысына туған жерінде көтерілді: Еңбек орта мектебін бітіріп шықты.

Болашақ жазушының жазуға машығы мектеп қабырғасында жүрген кездің өзінде байқалды: жазған мақалаларын «Ленин туы» газетіне жолдайтын. Екіншіден, марқұм Мәриям Мырзатаева тамсандырып оқытқан қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінен оның алдына түскен бала болмады.

Міне, осындай оза туған жасөспірімнің ҚазГУ-дың журналистика факультетін қалауы әбден қисынды еді. Оны бітіргеннен кейін «Ленин туына» келді. Аты өшкен Хрущевтің тұсында жабылып қалған үш жылдың ішінде «Лениншіл жас» пен «Тың өлкесінде» еңбек еткені болмаса, соның өзінде де 35 жыл бойы туған газетінде табан аудармастан келе жатыр. Бұл кісі «Ленин туының» барлық баспалдақтарынан өтті: әдеби қызметкер, бөлім меңгерушісі, жауапты хатшы, редактордың орынбасары, бас редактор.

Күн сайын шығатын газетте жұмыс істейтін журналистің жазушы болуы қиын. Бақыт ағамыздың романист емес, очеркист болғанында, міне, осындай гәп бар. Соның өзінде оның сегіз бірдей кітапты шығаруы кішігірім ерлікке пара-пар.

Журналист-жазушының алғашқы кітабы «Жәлел Қизатов» деп аталды. Келесі 1976 жылы «Жайнаған жер» деген очерктер жинағы жарық көрді. 1977 жылы «Құрманғали Сұрағанов» деген кітабы шықты. 1972 жылы «Адам көркі – еңбек» деген кітабы Сәруар Байсаринаның атынан оқырмандар қолына тиді. 1979 жылы Шаяхмет Жолаушин туралы 95 беттік «Диқан жолы» деген кітабын көрдік. «Тәтті сәбіз» деген балаларға арналған әңгімелер жинағы да сол жылдың төлі. 1985 жылы «Далам – дәулет ордасы» деген очерктер жинағы басылып шықты. Биыл болса той иесінің «Досыңды шақыр» деген таңдамалысы баршамызды бір қуантып тастады.

Бақыт Мұстафин тамаша очерктерімен Қазақстан Журналистер одағының сыйлығын төрт рет алды. Төрт дүркін лауреат атанған мұндай журналист республикада бірен-саран ғана.

Бақыт Мұстафин балалар жазушысы ретінде де танымал. Оның әңгімелері «Балдырған» журналының байқауларында тағы да төрт рет жүлдегер атанды.

Алпысың құтты болсын, тәлімгерім,
Тойыңа тоғысыпты қалың елің.
Өмірің өнеге ғой бәрімізге
Мен соның бір үзігін мәлімдедім.

Болат ҚОЖАХМЕТОВ

ҚАЛАМЫ ЖҮЙРІК МАЙТАЛМАН - БАҚЫТ МҰСТАФИННІҢ МЕРЕЙТОЙЫ АТАП ӨТІЛДІ

Өзі басқарып отырған газетіміздің өткен санында Мұстафин Бақыт ағамыздың туғанына 60 жыл толуына байланысты берілген жарияланымдарда бас редакторымыздың тал бойындағы тамаша қасиеттері аз айтылған жоқ. Солардың ішінде мақала сайын, өлең сайын қайта-қайта айтылғаны – той иесінің кішіпейілділігі.

Болмысына біткен осы қасиеті мерейтой қарсаңында да анық аңғарылды. Ырықсыз топырлатып көп кісіні шақырып, тойды кең сарайда өткізуді ол құптай қоймады. Ол өзі қырық жылдай қарекеттеніп келе жатқан «Солтүстік Қазақстан» газетінің редакциясынан басқаға бұрылмады. Соған қарамастан облысымыз бен қаламыздың әкімдері В. К. Гартман мен П. Ф. Ходеев мерейтой иесін бірінші болып құттықтады.

Мерекелік салтанатты редакция қызметкері Ш. Малдыбаев жүргізді. Бірінші болып облыс әкімі аппаратының басшысы – облыс әкімінің орынбасары А. В. Ржавский сөз алды. Ол қызу құттықтап, облыс әкімінің Құрмет грамотасын тапсырды. Одан кейін қала әкімінің орынбасары В. В. Шишацкая мен қалалық мәслихаттың хатшысы Н. Н. Кушталова құттықтады. Облыстық телерадиокомпаниясының төрағасы М. М. Қанғожин, облыстық «Северный Казахстан» газетінің бас редакторы И. И. Моор, «Полиграфия» өндірістік бірлестігінің бас директоры В. А. Дурдин сияқты әріптестері лебіздерін білдірді.

Есіл ауданындағы Еңбек ауылының басшысы Қ. Қожасов туған ауыл тұрғындарының атынан той иесіне ат мінгізді. Сергеев ауданы әкімінің орынбасары Н. С. Сарин кілем сыйлады. Нақты гимназия мен №1 спортқа бейімденген мектеп-интернатының директорлары Ж. М. Ғалиев пен Ж. С. Тасеменов те нақ осындай сый көрсетті.

Сондай-ақ мерейтой иесін облыстық валюта-қаржы бақылау

басқармасының бастығы С. Р. Райымбеков, Киров атындағы заводтың директоры Б. М. Вассербаум құттықтап, сый-сияпат көрсетті. Қаламыздағы қазақ мектептерінің директорлары Ә. Ы. Ахметова мен Ж. У. Тәжин, облыстық мәслихаттың қызметкері В. Роговой, мәдениет қызметкерлері кәсіподағының төрайымы Г. И. Кучерявая және «Егемен Қазақстан» газетінің облысымыздағы тілшісі А. Әбжанов құттықтады. Баспасөзді бақылау жөніндегі облыстық инспекцияның бастығы К. К. Күйеубаевтың лебізі де әсерлі естілді. Облыстық ішкі істер басқармасының өкілі де құттықтады. Сол сияқты Есіл аудандық мәслихатының хатшысы Б. Шериязданов, облыстық «Қазақ тілі» қоғамының атынан С. Барқытов, газеттің қарт оқырмандарының атынан Ж. Сейітбеков лебіздерін білдіріп, сыйлықтарын ұсынып жатты.

Басшысының тойында ұжымының мүшелері де қарап қалған жоқ. Бас редактордың бірінші орынбасары Б. Қожахметов редакцияның құттықтауын оқып беріп, той иесінің арқасына шапан жапты. Ұжымның кәсіподақ ұйымының төрағасы Қ. Қалиев тілегін арнады.

Салтанат соңында той иесі – Бақыт Мүтәллапұлы Мұстафин жиналғандардың бас-басына шын жүректен алғысын арнады.

Қалам иесінің тамшыдан құралып, теңізге айналатын көп жылғы еңбегінің осылайша жоғары бағаланғанына бәріміз де бірге қуандық.

* * *

Мерейтой иесіне Қазақстан Жазушылар одағы құттықтауын жолдады. Ал жекелеген ұжымдар мен адамдардан көптеген жеделхаттар келіп түсті.

«Қазақ әдебиеті» газетінде, «Ақиқат», «Сарыарқа», «Нива» журналдарының соңғы сандарында және қалалық, аудандық газеттерде журналист-жазушы Б. М. Мұстафиннің өмірі мен шығармашылығы туралы материалдар жарық көрді.

Б. ҚОЖАХМЕТОВ,
«Солтүстік Қазақстан» газеті
бас редакторының бірінші орынбасары.

АТ ТА БОЛАР, ШАПАН ДА...

Бақыт!
Дегендей –
«Сен де он бесте, мен де он бесте...»
Балалығың түседі көргенде еске.
Жарғайында –
Есілдің жағасында
жүрген күндер –
кетті ғой ол келмеске.
Түседі еске Өрнектен, Өндірістен
жаяу-жалпы бірталай жол жүріскен.
Әкең бар, анаң да бар,
мұңсыз-қамсыз.
Сені өзімнен артықтау көрдім іштен.
Мектепке шұбырғанда әр күні өріп,
Киімің беретіндей сәнді көрік.

Мен бесінші класта,
сен – алтыда,
Жүруші едің бәрінің алды болып.
Көз алдымда,
Бірін де ұмытпағам.
Қайдан білем ішіңді құлыптаған?
Өз әкеңнің майданнан келмегенін
айтқан жоқсың талай жыл жүріп маған.
Құлығың бар, күлкің бар аз-еттеме,
Көктем кетті,
біздерден жаз өтті әне!
Өзіңді байлап бердің Дәмеліге,
Дәл сондай,
Ойлап көрдім, газетке де!

Бірде аңдап сөз айтамыз,
бірде аңдамай,
Оң жағыңнан күн туып, күлгенде арай,
Сенің жомарт жаныңды, жүрегіңді
елден бұрын Дәмелі білген қалай?!

Өзің сынды айнала жанды ақ көріп,
Көлгірсіп сөйлемейсің алдап келіп.
Сөз сиқын кетесің кейде ұмытып,
Өзіңді «Қызылжарға» жалдап беріп.
Құлық, сұмдық...
Өмірде ондай да көп,
Онайлықпен бақ-дәулет орнай ма кеп.
Іздейсің ізгілікпен қыз қылықты,
Басқалар мансап қуып болмай ма әлек?!

Сен үшін қашан да жат тартыс, егес,
Алпысың – бір жалт еткен алпыс елес.
Даналық, даралықтың басы деп ұқ.
Жұрт айта беретіндей тал түс емес!

Жалғасқан жақсылыққа жаз ғұмырың,
Жаз ғұмырың,
БАҚЫТҚА мәз ғұмырың.
Тоқсандарға келгенше толқи тұрсын
Миуалы бәйтеректей азды күнің.

Дей алмас –
«Сүт бетінде кілегеймін!»
Жүзге бас тіліп барып тіремеймін.
Дос болсаң да көңіліңе алма, бауырым,
Жүзді мен өзіме де тілемеймін.

Білмеймін жүздің кімге не берерін,
Бақыт деп көтереді елеп елің.
Қызығын көріп қалған ғұмырында.
Азамат болғанын көр немеренің.

Менің мынау өмірден білерім бар,
Өзіңе өзім деген жүрегім бар.
Ат та болар,
Шапан да...
Бәрі болар,
Көңілімді ұсынған Күндей көріп,
Бәріне балап осы ТІЛЕГІМДІ ал!!!

Еслəм ЗІКІБАЕВ,
ақын.

ҚАЛАМЫҢ МҰҚАЛМАСЫН

Адамға ақыл – серік, сана – қорған,
Кезінде бұл Бақыт та бала болған.
Оқуды тоқуымен егіз туып,
Бүгінде ел сыйлайтын дана болған.

Жұп-жуас, әсем көрік, басым білік,
Өмірге, сұлулыққа ғашық жігіт.
Сүйкімді елі сүйер сөз саптаған,
Баспасөз есіктерін ашып жүріп.

Аралап туған жердің қыр-адырын,
Білген де, ардақтаған тіл қадірін.
Елі үшін еңіреген ардагерді
Мақтаған, алған тағы сынға бірін.

Өмірді зерттей жүріп анықтаған,
Жақсы мен жаманды да парықтаған.
Сүріңіп бара жатқан сөз болса егер,
Қолтықтап жіберуден жалықпаған.

Жолында нар көтерген жүк қалмаған,
Қаламы қанша жазса да мұқалмаған.
Жарқ етіп шықса жақсы әңгімесі,
Оқырман болған емес сұқтанбаған.

Ертеңін бүгінімен салыстырған,
Көңілмен көк дөненін жарыстырған.
Көңілі озып шығып өз халқының
Арманын жақындатқан алыс тұрған.

Құрбыдан өзі теңдес дара туған,
Сүйсінген даласына, дала – бұған.
Шын дарын, ақ махаббат елге деген,
Туғызған сегіз кітап қаламынан.

Шыдаған жазушылық азабына,
Алпысқа келсе де, әлі жазады да.
Жасаған адамға жоқ қиянаты,
Мың өліп, мың тірілген қазағына.

Басқарған газетіне, - саналы кім? –
Жазылды, облысқа тарады мың...
Сыйлайды ол бөбектерге тәтті әңгіме,
Сағынып бал-дәуренін – балалығын.

Тойында томсырайып сөз қалмасын,
Дәмелі жарың, қыз бен ұл қолдасын.
Айтылған алпысында осы тілек:
Қаламың жүзге дейін мұқалмасын!

Сәркен БАРҚЫТОВ.

ҚҰЛАГЕР

Не сыр бар көңілінде,
О, Қаламгер,
Болғанда еңсең биік, заманаң да өр.
Артыңда айыз қанар жолың жатыр
Айтарлық ел сүйсініп, «Жараған!» дер.

Кескіндеп асқақ ойдан
Қыран мүсін.
Қайран-ай!
Қаламгер боп туармысың?!
Еңбегің – ел-жұртыңның игілігі,
Ендеше, елден болсын шын алғысың.

Артыңда көз тойынар
Шашу қалып,
Алпысың алып шықты асуға анық.
Қаламның қайраты ғой, қайран аға,
Қадамды ширататын басуға нық.

Кейбіреу тақсадағы
Сонда да мін,
Ерекше екпінді ғой сол қадамың.
Мен бүгін шын ақындық пейілменен
Ақиық шабытыңа таң қаламын.

Ұласқан күні-түнге,
Түні-таңға,
Білген жұрт сол ауырды ұмытар ма?
Бір асу бір асудан биік тұрса –
Жетелер қаламгерді үміті алға.

Бейнетті жан болар ма
бұл ғаламда,
Шындық деп жанын салған шырғаланға.
Жүректе сыр қалмайтын жырлағанда
Қаншама тағдыр жатыр сыр-қаламда.

Айтпасаң жетім болып
Қалар шының,
Өзге үшін күнін кешіп сонаршының.
Өмірдің өзі ғана ұғатындай
Қырық жыл серік болған қалам сырын.

Бөлініп талай жанға
Жан-шуағың,
Қырық жыл тұлпарыңды қамшыладың.
Жағам деп жақсылықтың шамшырағын,
Ойламай күш-қуаттың таусыларын.

Қаншама қаламгердің
Арасында,
Тап өзің ірісің де, дарасың да.
Қаншама бәйге алып Алашында
Тап бүгін топты жарып барасың да.

Пендені мінезің жоқ
Шошындырған,
Бойында қылығың жоқ тосын қылған.
Топ жарып, көшті бастап жүрсеңдағы
Танытпай мақтаншылық төсіңді ұрған.

«Озам!» деп шапсадағы
Өлерменің,
Тәңірдің жұқтырмадың ол ермегін.

Таныған «Түсі игіден түңіле ме» -
Ендеше, Бәке, саған келер ме мін?

Танумен ғибратты
Біз бүгінгі,
Ардақтап келеміз ғой ізгі үніңді.
Кетпейтін сыңарезу мінезіңмен
Тең тартып жүргеніңе тізгініңді.

Сол қалып, сол мінезің
Ұнап елге,
Кашан да абыройың тұрар өрде.
Бәйгенің басын бермес қасиетпен
Ұқсайсың құламайтын Құлагерге.

Асады абыройға
Бөленгендер,
Шаң қауып қалар ерні кебергендер.
Алдында ақиқаттың бас исе егер –
Қолыңа су құя алмас өлермендер.

Бойыңды биязылық
Сән қылғандай,
Биязы қалай жүрер бал-бұл жанбай?
Алпыста ақсақал боп тұрсаңдағы,
Жүрегің – жылы шуақ балдырғандай.

Тұлғаңа жарасқан соң
Даналығың,
Біледі соны сайын дала бүгін.
Жүзіңе жарастырып заман үнін,
Жүректе – жылы мейір балалығың.

Адамды жұрт сүймеген
Таниды кім,
Ал сені өзі көрер әр үй бүгін.
Алпысқа ассаңдағы, қайран аға,
Мәңгілік жасай берсін Сәбилігің!

Зейнолла ӘКІМЖАНОВ.



БАҚЫТ ДОСЫМА

Сен солдаттың ұлысың,
Басын қырыққан соғыстың.
Титтей жүрек құрышын,
Қарыған мұзы со қыстың.

Ызғарлы еді тіршілік,
Бұлт тұмшаған тау, қырды.
Ызалы едің, құлшынып,
Омырауын жырттың тағдырдың.

Солай жеттің, жақтың да
Шаңырақ отын әкенің.
Ақ сәулесін бақтың да,
Алла сағаң әкелді.

Ел көгінде шоқтанып,
Жанды жайнап жұлдызың.
Өзіңменен мақтанып,
Сүйген жарың, ұл-қызың.

Қару етіп қаламды,
Сүйеу етіп, шаршасаң -

Оймен тербеп даланды,
Жаздың кітап қанша сан.

Қаламыңнан төгілттің,
Сөз мәйегін, маржанын.
Қуанышқа кенелттің,
Жолдыөзектің бар жанын.

Тойларың көп тегінде...
Орындалсын бар үміт.
Жаңа Ғасыр көгінде,
Атың тұрсын жазылып!

Мүтәллап
14. 12. 99 ж.

БАҚЫТ МҮТӘЛЛАПҰЛЫНА

Алпыстың келдің, аға, ортасына,
Төрлетіп, кеменгерлік ордасына.
Атыңа лайық асыл азаматсың,
Білгенге конған бақыт зор, басыңа.
Өмірге қарап ғашық көзіменен,
Сыр шерттің сұлу, жүрек сөзіменен.
«Солтүстік Қазақстан» көгереді,
Көгерсе, тек қана бір өзіңменен!
Жегенің газет қамы, елдің қамы,
Таппадым саған әсте тең тұлғаны!
Бой жағынан биіктеу бәз біреулер
Білмейді -ау ой жағынан кем тұрғанын!?
Жолыңды жалғастырып ізгі, нұрлы,

Жайнатып жаздай құлпырт күз күніңді!
Алпыс бес, Сізге, аға, асу емес,
Босатпа жетпіске де тізгініңді!

Кәрібай МҰСЫРМАН.
10 желтоқсан 2002 жыл.



АҚ ТІЛЕК

Келеміз бұрынғылар салған ізбен,
Ағамызға ақ тілек болсын бізден.
Ассалаумағалейкум, дегеннен соң,
Айтайын сол тілекті өлең сөзбен.

Ақын ба той-думанды бастамаған,
Жақсылар ақын жолын жасқамаған.
Кеудеңнен көгала үйрек ұшыршы бір,
Домбырам жас күнімнен тастамаған.

Қызылжар қырдағы елдің ата-жұрты,
Қашаннан қадірлеген қазақ ұлты.
Ұрпақтың ұрпағына мирас болып,
Қаймағы бұзылмаған салтпен ғұрпы.

Той жасап жатыр екен қайнаған ел,
Үкілеп домбырасын сайлаған ел.
Тұлпары Сегіз сері өрге шауып,
Өнерді қанжығаға байлаған ел.

Мен бүгін домбырамды қолға аламын.
Өленді түптен тартып толғанамын.

Орынбай, Біржан, Ақан, Ыбырайдың,
Қозғайын көкірегіме қонған әнін.

Есілдің Мағжанын мақтап өскем,
Жырауын, Молдахметтей жақтап өскем.
Ахметжан, Игібай мен Ғалымдардың,
Жырларын жастайымнан жаттап өскем.

Беу, Бақыт, осынау елдің асқары едің,
Іздерін жақсылардың басқан едің.
Қашаннан қамқор болып қызылжарлық,
Қауымын қалам ұстар бастап едің.

О, Бәке, осынау жолды қалап едің.
Әріптес – достарыңа алаң едің.
Сен жазушы атанып, танылғанда,
Мен мына ақын түгіл бала едім.

Сынығы алтындардың асыл ағам,
Қалайша мақтан тұтпай басыла алам.
Елу жыл қалам ұстап еңбек еткен
Бұл күнде кейінгіге анық бағаң.

Құтты болсын Дәмелі бүгін Сізге,
Ағамды салып келген үлкен ізге.
Алпысқа жігіттей ғып алып шыққан,
Мың алғыс айтамыз біз жеңгемізге.

Ағайын өсе берсін көңілдерің,
Көбейсін Бақыттайын ірілерің
Қасында аман жүрсін мен сияқты
Алпысқа аяқ басқан інілерің.

Жұмабай ЕСЕКЕЕВ.

1997 жыл.

ТӘЛІМГЕРІМ

Біз келеміз қатар салған қос ізбен,
Ақылың да ортақ болды: оқы, ізден!
Мен – шәкіртің жиырма бірден жаңа асқан,
Сен, ұстазым, сонда тура отызда ең.

Жақсы көріп, еліктедім саған мен,
Сөз - мұхиттан маржан сүзген қаламмен.
Жазғаның да, сызғаның да гибрат,
Кіргізуші ең әр сөйлемге әманда өң.

Терезеден тысқа бірер қарап ап,
Кететін ой кең дүниені аралап.
Ұстазыма ұқсап бақтым мен-дағы, -
Көз алдымнан өтіп бар ел, бар алап...

Бара-бара еліктедім өзіңе,
Қалжыңымен қиыр түсер сөзіңе.
Жолықтырған тағдырыма ризамын, -
Отыздағы ең бір ойшыл кезіңе.

Әлі есімде үстіндегі пальтосы.
Жылы ұядай қолына екі қалтасы.
Келер жылы мен де сондай пальто алдым.
Еліктеудің ерсі емес салты осы.

Жаман әдет, оған үйір қылмадың.
Бас иетін қасиетің бұл мәлім.
Ең алғашқы шәкіртіңмен - менімен
Стақанды бір де соқтырмадың.

Содан бері өте шықты отыз жыл.
Үзілген жоқ қатар салған қос із бұл.
Сол алғашқы шәкіртіңнің тілегі:
Тағы отыз жыл жасаңызшы о, Сіз бір!

Болат ҚОЖАХМЕТОВ.
Қызылжар қаласы. 1997 ж.



ӨРЛЕЙ БЕР ШЫҢҒА ӨМІРДЕ

Ту тігіп өнер төріне,
Еңбегің сіңіп еліңе.
Бәке, сіз, шығып отырсыз,
Алпыстың бүгін өріне.
Алпысты асқар дегенде,
Теңеу де керек тереңге
Алдырмайтын алыпсыз –
Шығармашылық Кемелде.
Қарымды қалам,
Шеберлік,
Сізге бір қонған өнер, құт.
Қырық жыл қалам бұзғандай,
Журналист болу – ен ерлік.
Жаныңыз нұрлы шуақты,
Нәр алған ойдан қуатты.
Балалар үшін жазасыз,
Сәби кез серік сияқты.
Жыр тілек осы -
Жалған жоқ,
Әлі де сізде арман көп,
Топ жарып алда келесіз,
Талмайтын тұлпар – тарлан боп.

Бұлт конбай, Бәке, көгіңде,
Өрлей бер шыңға өмірде.
Жаза бер жүйрік жазушы,
Алпыстың асқар өрінде.

Тоқтар ЗІКІРИН.

ҚҰРМЕТТІ БӘКЕ, ТУҒАН КҮНІҢІЗБЕН!

Айтар болсақ тура сөзді дәріпсіз,
Қарапайым, елден шыққан алыпсың.
Арман жолда шығып талай белеске,
Алпыс беске жетіп бүгін қалыпсыз!

Үлгі тұтып, тәлім алар, біз ұғар,
Жолыңызда жазушылық ізі бар.
Тілші болып, хатшы болып, редактор,
Қайсарлықты таныттыңыз қызығар.

Арман жолда алған Бәке өрің көп,
Жемісі оның газетіңізде көрінбек.
Жазушылар одағына мүше боп,
Тер төктіңіз қазағым деп, елім деп.

Жүрегіңізді қызық, шаттық тулатып,
Ұзақ ғұмыр тұрсын алда тіл қатып.
Шалқар шабыт бойыңызды билеген,
Орындалған арман осы – шын Бақыт!

«Солтүстік Қазақстан» облыстық
газеті редакция ұжымы
10. 12. 2002 ж.
Қызылжар қаласы.

Менің пайымдауымша өз мәніндегі толыққанды очерктердің «Ленин туында» көріне бастауы Бақыт Мұстафиннің есімімен тығыз байланысты. Жас журналистің жақсы желіге, оралымды ойларға, тұшымды тілге, кестелі суреттерге көмкерілген шығармашылық дүниелері очерк жанрының газет бетіндегі көкірегін ашты. Бақыттың сол кездегі және одан кейінгі жазылған очерктерінің талай рет Қазақстан Журналистер одағының сыйлығына ие болуы, бірқатар кітаптарының арқауына айналғаны тегіннен-тегін емес шығар.

Сабыр Сауытбаев.

IV бөлім

ЕСТЕЛІКТЕР

РАХАТТА БОЛСЫН БІР ЖАНЫҢ

Ел көгінде шоқтанып,
Жанды жайнап жұлдызың.
Өзіңменен мақтанып,
Сүйген жарың, ұл, қызың.

Қару етіп қаламды,
Сүйеу етіп, шаршасаң-
Оймен тербеп даланды,
Жаздың кітап қанша сен.

Қаламыңнан төгілттің,
Сөз мәйегін, маржанын,
Қуанышқа кенелттің,
Жолдыөзектің бар жанын.

Қасиеті өнердің,
Кітабыңды оқырмыз,
Қуатты, ұшқыр сөзіңді,
Көңілге медет тоқырмыз.

Жұмақтың есігі ашылып,
Жолдас болсын иманың.
Алланың нұры шашылып,
Рахатта болсын бір жаның.

М. ҚАНҒОЖИН.

ДОСТЫҚҚА БЕРІК ЕДІҢ

Қадірлі Бақыт! Сені марқұм деп айтуға аузым бармайды. Бүкіл өмірде аспай-таспай, толқып-төгілмей, бір қалыппен ғана журналист Бақыт болып өттің. Ақырғы сәтке дейін қолыңнан қаламың түспепті, әуелде жаратылғанда солай ұйғарылған шығар.

Болашақ журналистерді қалам ұстауға үйретіп, өзіңнің шексіз мол тәжірибеңмен сусындатуға ұмтылдың. Бірқатарының аты жөнін баспасөзден, телеэкраннан көріп, қуандық. Сол қуанышыңа біз де ортақ едік.

Достыққа берік, сыйластыққа адал азамат едің. Сенің нәзік жаныңды түсіндік пе, түсінбедік пе? Ауырсаң да білдірген жоқсың. Ұят деген сезімнен аттамадың. Қош, қадірлі жолдас, қаламдас әрі әріптес ағамыз! Иманың жолдас болсын!

Зарқын ТАЙШЫБАЙ.

АЯҚТЫ ҚАТАР БАСҚЫЗҒАН

Ай-жылдар алыстап кетпек-пе?! Сенгім келмейді-ақ. Журналистік жол табыстырған тағдырлас едік. Ой-арманымыз, мұрат-мақсатымыз ортақтасып жатқан.

Сөз зергерлігіне оқырмандарың сенді. Ойлы очерктерің, мазмұнды мақалаларың мен көркем сөздерің ылғи жұртты жақсылыққа бастады. Халқың, қаламдастарың, жүрген орта қадірледі. Осының бәріне қуанып мейірленіп жататынбыз.

Қос қанатымның бірі қиылып түскендей сезімде жүргенімді сезіпсең-ау, Бақыт бауырым! Бүгін өзіңді кимастықпен соңғы сапарға шығарып салып жатқанда қыз мінез кескін-келбетіңді, болмыс-бітіміңді көз алдымызға елестетіп, адами асқақ қасиет-

теріңе бас иеміз. Артыңда қалған барша біздер сенің өмірлік пәлсапаңды кітаптарыңнан іздейміз, содан табамыз. Бұған да тәубе! Туған топырағыңда іздерің, оқырмандар жүрегінде салмақты да салиқалы сөздерің қалды.

Сабыр САУЫТБАЕВ,
Жезқазған облыстық «Сарыарқа»
газетінің бұрынғы редакторы.

ЕСКЕ АЛУ-ЖОҚТАУ

(Бақыт Мұстафиннің 40 күніне арнау)
Манап Қабдөшқызы

Сенсіз 40 таң атты,
Сенсіз 40 күн батты.
Әлі де талай таң атар,
Өмірдің заңы тым қатты.

Жары қалды аңырап,
Шайқалып кетті шаңырақ.
Мезгілсіз солып бір гүлі,
Жұтаң тартты атырап.

Тұтқиылдан құрық салып,
Ортамыздан ойып алып.
Тоқтатты ажал бір ғұмырды,
Дем таусылды, сөнді жарық.

Көңілге тағдыр қарамайды,
Төге салды қара қайғы.

Қимасыңды қиып алып,
Жүректерді жаралайды.
Жаны нәзік, парасатты,
Қыз мінезді, шапағатты.
Халқына әрі берері көп,
Жоғалттық сондай азаматты.

Қаламы кенет қалды тоқтап,
Жазары әлі көп еді топтап.
Жалғасын үзіп көп ойлардың,
Өкіндірді өмір-соқпақ.

Жүзі жылы, көңілі жаздай,
Сабадан шықпай, асып-таспай.
Сабырлықты серік еткен,
Журналист еді Бақыт сондай.

Журналистер - сақшыдай ғой,
Өмір кілтін ашатын.
Ізгілік, еңбек, ақыл, ой.
Білім нұрын шашатын.

Хош бол асыл азамат!
Жер-ана қамқор бола гөр.
Ауыр топырақ жеңіл болып,
Жұмсақ болсын қара жер!

Мақшарда атсын ақ таңың,
Қысқасын білдік жалғанның.
Тыныш ұйықтап жат Бақыт,
Саулығын тілеп қалғанның!

15. 10. 06 ж.

ТУҒАН ІНІМДЕЙ ЕДІ

Бақыт Мүтәллапұлы біздің ауылдан шыққан бірінші қаламгер азамат еді. Жетпіске таяу өмір сүрген Бақыт, өз өмірінде біреуге сен демей, жұрттың бәрін үлкенін аға, кішісін іні деп сыйлап, қолынан келген көмегін аямайтын азамат еді.

Бақытты кішкентай бала кезінен білетін едім, әкесі Мүтәллап біздің ауылдағы орталау мектепке, жолдасы Гүлсім жеңгей екеуі, қолдарында екі жас балалары бар, соғыстың қарсаңында келген еді. Ол уақытта елде мұғалімдерге деген арнайы үйлер болмайтынды, ауылдың отбасы азғантай үйлерге орналастырылатын. Ол кісілер менің әжем үйіне келіп орналасты, артынан бөлек үйге көшкен болатын.

1941 жылы Ұлы Отан соғысы басталғаннан кейін Мүтәллап ағай әскерге алынарда, әжеме келіп апай балаларымды келініңізбен сіздің қолыңызға тапсырамын, аман келсем өз қолыңыздан алам, сіздің қолыңызда болса балаларым кемшілік көрмес деп қалдырып кеткен еді. 1943 жылы Мүтәллап ағай қайтыс болды деген Қара қағаз келді.

1944 жылы соғыста ауыр жараланғаннан кейін біздің немере ағамыз Ахметов Баужан ауылға келіп, мектепте физкультурадан беретін мұғалім болып орналасты. Ағайдың даусы өте жақсы болатын, ол кісі "Қыз Жібек" операсынан Төлегеннің ариясын орындағанда, Қанабек Байсейітовтен кем түспеуші еді. Соғыс біткеннен кейін ағай Бақыттың шешесі Гүлсім тәтеймен көңіл қосып отау құрды. Бақыт пен Бағышты өзінің туған балаларындай тәрбиелеп өсірді.

Бақыт Еңбек он жылдық мектебін үздік бағамен бітірді, Алматының Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетіне түсіп ойдағыдай бітіргеннен кейін, өзінің еңбек жолын "Ленин туы" газетінен бастап өмірінің ақырғы уақытына дейін осында журналист болды.

Бақыт өзімнің туған інімдей болып, өмірден өткенге дейін аға деп сыйлауынан жаңылған жоқ. Университетті бітіріп Бақыт "Ленин туында" мен обком комсомолда хатшы болып қызмет атқарып жүргенде екеуміз менің нағашым Ахметжан Ақанұлының үйінде тұрдық. Біз үйленгенен кейін, жеке отау құрып басқа үйге көшкенде Бақыт бізбен бірге кетіп, қашан Дәмелімен отау құрғанға дейін бізбен бірге тұрды.

Бақыт өте талантты қаламгер болатын. Біз кешкі астан кейін, теледидар көріп отырғанда, ол бөлек бөлмеде өзінің жұмыстарын жазып сағат 2-3-ке дейін отыратын еді. Кейде түнде жазған очерктерін таңертең бізге Гуля екеумізге оқып беріп, біздің ойымызды сұрайтын еді. Егер ұнамаған жері болса айтыңдар, оны дұрыстап түзейін деп келісе кетуші еді. Біз комсомолдан кейін ауданға кеткенде, анда-санда ауданға келіп, кеңшарларға барып ондағы зиялы адамдармен кездесіп, олармен сұхбаттасып, жұмыс жағдайларындағы жетістіктерге қалай жеткенін жақсылап тыңдап алып, өзінің жол дәптеріне жазып алып келешектегі очерктері мен әңгімелеріне қолданатын.

Облыстың түкпір-түкпірін аралаған уақытында, кездескен елдің зиялы адамдары жөнінде жазған әңгімелері ол кісілерге ғана емес, өзіне де жасаған өшпес ескерткіш еді. Жылдар өтер, келешектегі жеткіншектер Бәкең жазған облыс зиялылары жөніндегі очерктер арқылы XX ғасырда біздің өңірді гүлдендіру үшін істеген еңбектері арқылы тарихты білер, өздеріне керекті ұлағатты мәселелерді пайдаланар.

Мен білетін Бақыт мінезі орнықты, жұмысына тиянақты және қандай жұмыс болмасын асықпай, көргендерін, естігендерін ақылға салып, тұжырымдағаннан кейін ғана қағаз бетіне түсіретін.

Аудандарға барғанда ондағы ұрда жық басшылармен әңгімелескенде олардың сабасына түсуін тосып, өзінің сұхбатын, керекті ақпараттарды асықпай жинап алып өзінше топшылайтын.

"Ленин туына" келгенде, онда істейтін ағаларының көмегін, ақылын көкейіне алып жүрді. Өзіне ұстаз болған Тұрсынбай Кәкімов, Дүйсенбі Әуелбеков, Уәп Рақымжановтарды қатты сыйлап, әр уақыт еске алып отырушы еді.

Бәкең өзінің кішіпейілділігімен, еңбекқорлығымен істеген жұмыстарына ешқашан даурығып, мақтанбайтын. Өзі айналасындағы адамдарға қолдан келген жақсылығын аямайтын, ал редакцияға жаңа келген жас журналистерге ұстаз болып, өмірде кездесетін қиындықтарды қалай жеңу жолдарын асықпай үйрететін.

Бақаңның жұрттан бөлек айрықша мінезі, оның кішіпейілділігі қазақша айтқанда "бетегеден биік жусаннан аласа", қарапайымдылығы, ол өзі белгілі журналиспін деп көзге түсе бермейтін және мінбелерге шығып алып жұртқа дәріс айтуды ұнатпайтындығы болатын.

Қаншама балаларға арнап әңгімелер жазса да, мен бірдеңе бітірдім, белгілі болдым деп дабырамайтын. Әрбір жазушы өзінің жазғандарын аяғын жерге тигізбей мақтанатын болса, Бақаң үндемейтін, өзінің газетіне де өзі туралы ештеңе жазбайтын еді.

Жақсылық ЫСҚАҚОВ.

ЖҮЙРІКТЕ ДЕ ЖҮЙРІК БАР

Бақыт Мұстафин туралы естелік жазыңыз дегенде, ойланып қалдым. Шынын айтсам жүрексіндім. Рас, естелік жазу бір жағынан онша қиын да емес, оның өмір жолы көз алдымызда өтті, өзімнің туған інімдей болып кетті. Бірақ, екінші бір ой Бақыт Мүтәллапұлы шығарманың адамы ғой, оның очерк, әңгімелеріне, журналистік шеберлігіне баға беруге өрең жете ме? –

деген ой сумаңдайды. Дегенмен, абзал азамат, белгілі жазушы Бәкең туралы бар білгенімді жазуға кірістім. Біздің қазақтардың бір осал жеріміз бірге жүрген жора-жолдастарымызды, замандастарымызды, тірі кезінде бағалай алмаймыз. Бір ақынның:

Жақсылар жақсымын деп айта алмайды,
Жамандар жақсымын деп айқайлайды.
Жүрген соң бауырынды күнде көріп,
Таулардың биіктігі байқалмайды – дейді.

Бақыттың қаламы ұшқыр, ойы терең жазушы, журналист болуы кездейсоқ емес. Әдебиетке құштарлығы ұшқан ұяда, алтын бесігі мектеп қабырғасында басталған көрінеді. Рас, Бәкең балалықтың бал дәуренін көре алмады. Ол туған отызыншы жылдар, әсіресе қазақ халқына екінші «ақтабан шұбырынды, алқа көл сұлама» болды. 1932-1934 жж.аштық пен жұт қосарлана келіп оған ұжымдастыру қосылып халқымызды қынадай қырды. Одан ес жия бергенде сталиннің зұлымдығынан зардап шеккен жұртта барар жер, басар тау қалдырмады, жан жаққа үдере көшті. «Жұт жеті ағайынды» деген рас екен, 1941-1945 жылдары, Отан соғысына қатысқан қандастарымыз шейіт болды. Солардың ішінде Бақыттың әкесі де бар еді.

«Жетімдік ерте есейтеді» – дейді халық. Бақыт та ерте есейді. Мектеп қабырғасынан бастап кім болуды ойлай бастады. Жазушы болуды армандады. Оған түрткі болған, өзінің айтуы бойынша, үйлерінде жұлым-жұлым болып жыртылған С. Мұқановтың «Жұмбақ жалау» деген кітабы болыпты. Сол шығарманы (латын әрпімен жазылған) оныншы класты бітірген апасына қыс бойы оқытты. Әдебиетке құмартуының бір себебі осы болса керек. Екіншіден, жазушы-журналист болсам деген талабы да, өзінің сөзімен айтсақ, «он жасында», мектепте ояна бастаған. «Әлі есімде» – деп жазыпты Бақыт, Әуелбеков Дүйсенбіге берген сұхбатында – «Мен 10 жасар кезімнің өзіндеақ, «Ленин туы» газетін басынан аяғына дейін оқып, әр нөмірін

асыға тосып отыратынмын. 1951 жылдың 5 тамызында осы газетте алғашқы хабарым шықты. Журналист болуға ұмтылдырған «Ленин туы» деп білемін. Өлең, әңгіме жолдай бастадым, жауап хаттар алып тұрдым. 1954 жылы орта мектепті тамамдағаннан соң Бәкеңнің ҚМУ-дың журналистер факультетіне түсуі кездейсоқ емес.

Бақытты бүкіл республикаға белгілі жазушы ретінде танытқан оның очерктері мен әңгімелері. Ол үнемі іздену үстінде болды. Көп оқыды, үзбей жазды. Сол студент кезінен бастап жазу мәнерінің шеберлігін меңгере бастады. Ол қаламынан сорғалаған көркем сөз тізбегін қуалаған жоқ. Абай атамыздың «тілге жеңіл жүрекке жылы тиіп, теп-тегіс жұмыр келсін айналасы» деген өлеңге қойған талабын өз шығармаларына арқау етті. Сонымен Бәкеңнің мақсаты ой тереңдігі, мазмұн байлығы. Оқырман қауымның Бақыт шығармаларын қуып жүріп оқитын бір себебі бар. Ол жұмыс адамын, ауыл тынысын жазды. Бақыт кейіпкерлері ішінде Кеңестер Одағының батыры Жәлел Қизатов, Социалистік еңбек ерлері Төлебай Мұстафин, Құрманғали Сұрағанов, тігінші Сәруар Байсарина, ұстаз республикаға еңбегі сіңген мұғалім Мәриям Мырзатаева, мектеп директоры Магел Басыбаев, кеңшар директорлары Амантай Құдабаев, Қайырбай Сәдуақасов, кәсіпкерлер Әсия, Жоламан Ғаббасовтар болды.

Республика жұртшылығына Бәкең жазушы ретінде белгілі. Оның әңгімелері баспа бетінен түспейтін. Жазушының негізгі тақырыбы, мұнда да ел жағдайы, ауыл тұрмысы, еңбек адамы. Әңгімелерінің көркемдік жағы мазмұны, мағыналығы мен қатар өрбіп отырды.

Бақытты жазушы деп атасақ, балалар әдебиеті – деген сөз тіркесін қоспай айта алмайсың. Оның сүйіп жазатын тақырыбы балалардың өмірі, бөбектердің бал тілі, аңғал мінезі, жарасымды еркелігі жақсы көрмесіне қоймайды. Әрине, балалар үшін жазу қиын. Балалар әдебиетінің ойдағыдай дамымай келе жатқа-

нының сыры да осында. Оқырмандармен кездескенде мүйізі қарағайдай жазушылардың өзі сынды мойындап, балаларға шығарма жазуға уәде береді де, кейін орындай алмай жатады. Себеп белгілі – балалар үшін жазу оңай емес. Бақыт бұл тақырыпты үзбей жазып тұрды. Кейінгі жылдарға дейін әңгімелерді көп жазды, дені бүлдіршіндерге арналды. Біразы кітап болып басылып шықты. Бақыт жазған шығармаларын балалардың «Балдырған» журналына жіберіп, бастырып тұрды. Жорнал ұйымдастырған конкурстарға қатысты. Төрт рет «Балдырғанның» жүлдесін жеңіп алды. Бақыт он шақты очерктер мен әңгімелер жинағын шығарып кетті, әлі де жарық көрмегендері бір кітапқа жүк боларлық.

Б. Мұстафин орыс оқырмандарына кеңінен таныс. Оның әңгіме, очерктері проблемалы мәселелер көтерген мақалалары үнемі орыс тіліндегі басылымдарда жарық көріп жатты. Санкт-Петербурттің «Костер», Астананың «Нива» журналының ол белсенді авторларының бірі болды. Өмір жолында, қызмет бабында айтарлықтай кедергілер болған жоқ.

Қатардағы журналист болса да, редактор болса да бір мінез «ұжымның бастығы болдым» –деп қызметкерлерге алая қарап, зеки сөйлеп айғайға басқан жоқ. Бұрынғы, сабырлы, орнықты мінез, кішіпейілдік, парасаттылық, мәдениеттілік қасиеттері орнында. Жоғары басшы мекемелерге барса да өзгеріссіз, біреуге жалтақтап қарап, жалбақтап жабыса кетпейді. Жолдастыққа адал, кек сақтамайды, сертке берік жан болатын. Кейбіреулер жұмыстан оралғанда тау қопарып келгендей ызғар шашып, қаһарын төгіп үй ішін қуыра кіреді. Бақыт қайда, кім болып істесе де бір қалыптан айнымайтын қыз мінезді жан еді. Кейбіреулер қатардағы қызметкер болса жолдастарына кішіпейіл адам болып көрінеді де қызметі өссе кісі танығысыз өзгеріп шыға келеді. Бақыт ондай адамдардың қатарында жоқ. Бір адамның бойына үйіп-төгіп адамға бар қасиеттерді бере салған құдай

ісіне таңданудан басқа шараң жоқ. Үлкендер айтатын «жүйрікте де жүйрік бар қазанатын айт, жігітте де жігіт бар азаматын айт» деген – Бақыт нағыз асыл азамат еді!

Қосыл ОМАРОВ,
зейнеткер.

ҚИЫННАН ҚИЫСТЫРҒАН ЖУРНАЛИСТ

Әуелде жас қартаймақ, туған өлмек,
Тағдыр жоқ өткен өмір, қайта келмек.
Басқан із, көрген қызық, артта қалмақ,
Бір құдайдан басқаның бәрі өзгермек – деп данышпан Абай айтқандай,

Бақыт Мұстафин 69 жасқа толмастан, ауырмастан бұл дүниеден өтіп кете барды. Бұл естелік кітап есімі облыс халқына жақсы танымал, абзал азамат Бақыт Мүтәллапұлы туралы жазылған.

Бақыт Мұстафин Есіл (бұрынғы Ленин) ауданына қарасты Еңбек ауылында туған еді. Еңбек орта мектебін 1954 жылы алтын медальмен тәмамдайды. Сол жылы Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетіне оқуға түсіп, 1958 жылы бітіріп шығады. 1959 жылдан 1962 жылға дейін Солтүстік Қазақстан облыстық «Ленин туы» газетінде әдеби қызметкер болып жұмыс істейді. 1962 жылдан бастап 1964 жылға дейін республикалық «Лениншіл жас» газетінің Тың өлкесі бойынша меншікті тілшісі болып қызмет атқарады.

1964 жылдан бастап облыстың «Ленин туы» газетінің қайтадан шығуына байланысты, осы газеттің бөлім меңгерушісі болып тағайындалады. 1977 жылдан бастап «Ленин туы» газетінің жауапты хатшылық қызметіне жоғарылатылды.

1980 жылдан бастап осы газет редакторының бірінші орынбасары болып, ал 1988 жылдан 2003 жылға дейін «Солтүстік Қазақстан» газетінің редакторы болып қызмет атқарды.

Бақыт 1961 жылы Дәмелі Бүркенқызымен шаңырақ құрып, 45 жыл тату-тәтті, жақсы өмір өткізді. Екі бала өсіріп, тәрбиеледі. Қызы Сәуле Қарағанды медицина институтын бітіріп, Петропавлда бірінші қалалық ауруханада дәрігер болып қызмет істейді. Ұлы Бейбіт Петропавл педагогика институтын бітірген. мемлекеттік қызметкер. Екі немерелері бар.

Жақсының аты өлмейді.

Ғалымның хаты өлмейді – дегендей, Бақыттың бойында қазақтың абзал азаматтарына лайық көп қасиеттері бар еді. Бақыт «Ленин туын» 33 жыл басқарып көп адамдарға газет қызметіне үйренуге аянбай көмек жасаған адам.

Бақыт кімге болса да қолынан келген көмегін аямайтын. Мен, ата-тегім туралы «Өмір жолы» және Ауылым менің Жекекөл» атты екі кітап жазып шығардым. Осы кітаптардағы материалдарды Бақыт оқып шығып, көптеген ақыл-кеңестерін беріп, толықтырулар мен өзгерістер жасады. Кейбір материалдарды қайыра жазуға тура келді.

Кітаптың редакторлық қызметін басқарып, алғы сөзін өзі жазып берді. Ол өзі қызметті жан-тәнімен беріле атқарып, қарамағындағы қызметкерлерге үлгі көрсете отырып, олардан да солай қызмет атқаруды талап ететін.

Бақыт өзіне тапсырған қызметті мүлтіксіз жауапты атқара жүріп, бірнеше кітаптар жазып шығарды.

Бақыт Мұстафиннің есімі облыс халқына таныс. Сондықтан да оның шығарған кітаптарын, республикалық, облыстық газет журналдарына жазған мақалаларын сүйіспеншілікпен оқитын болды. Ол 30 жылдан аса балаларға арналған әңгімелер жазып жүрді. Бақыттың әңгімелері республикалық «Балдырған» журналының конкурсында бірнеше рет жүлделерге ие болды.

талай жинақтарда басылды. Ел құрметіне бөленген, еліне жантәнімен көп еңбек сіңіргені бәрімізге белгілі еді.

Бақыттың кітаптарын оқығанда оның оқырман қауымға, туған жерге, Қазақстанға, оның тамаша табиғатына – кең даласына, асқар тауларына, шалқар көлдеріне, нулы ормандарына сүйіспеншілік, туған елге – ата-анаға, ағайын-туғандарға, достарға шексіз махаббат – адам бойындағы асыл қасиеттер – кіршіксіз адалдық, қайсарлық, батырлық, әділдік, еңбек сүйгіштік және басқа өмірдегі қымбатты қасиеттер айтылады.

Бақыт Мұстафин өзінің үлгілі қызметі үшін «Достық» орденімен, бірнеше медальдармен және республикалық, облыстық Құрмет грамоталарымен марапатталды. Қазақстан Жазушылар одағының, Журналистер одағының мүшесі болды.

Бақыт Мұстафиннің өмір жолы, адал қызметі, адамгершілік қасиеті, кіршіксіз достығы кейінгі ұрпаққа үлгі боларлықтай.

Мәжкен ҒАББАСОВ,
Ұлы Отан соғысының ардагері,
Қазақстанға ерекше еңбегі сіңген зейнеткер,
Москвадағы Жеңіс Парадына қатысушы.

ЗАМЕЧАТЕЛЬНЫЙ ЧЕЛОВЕК

Я Бахыта Мустафина знал как одного из грамотных интеллигентных людей нашего Приишимья. Кроме того, он был интеллектуалом, хотя никогда не стремился этого показать. Я много слышал отзывов и мнений о нем, как о скромном, отзывчивом, всегда готовом помочь нуждающимся в помощи людям, честном человеке, от таких уважаемых в нашем городе и области товарищей, моих хороших друзей, как У. Рахимжанов

- бывший редактор газеты «Ленин туы»; К. Шакенов – видный ученый, бывший ректор нашего университета; У. Гайсин – наш земляк, партийный работник; С. Утинов – профессор СКГУ; Т. Аяганов – бывший руководитель района, областной организации; Т. Каскеев, Ш. Кабдунасов, Т. Шортанов – уважаемые аксакалы, ветераны войны и труда с большим жизненным опытом. Быть знакомым, общаться с такими людьми и заслужить их высокую оценку, думаю, многого стоит.

Бахыт заслужил уважение у тех, с кем общался, не только своими человеческими качествами, но и как журналист - профессионал, и как писатель. Канаш Шакенович высоко оценил его как писателя, не раз говорил, что он хороший стилист, консультировался и советовался с ним, ибо сам писал книги и рассказы, которые печатались на страницах наших областных газет. Бахыт, как писатель, вел большую работу по воспитанию, росту молодых дарований - членов местного литературного объединения.

Газету «Ленин туы» (сейчас «Солтүстік Қазақстан») я читаю регулярно из номера в номер вот уже 60 лет, начиная с 1947 года, когда вернулся из армии и стал студентом Петропавловского учительского института. За это время нашу газету возглавляли редакторы: Г. Мухаметжанов, Б. Асанов, К. Мендыгожин, У. Рахимжанов -, которые оставили большой след в общественной жизни нашей области. Бахыт Мустафин, став редактором после вышеназванных корифеев журналистики, благодаря своему умению работать с людьми, хорошо знающий дело, сумел сплотить коллектив. Редакция не только сохранила, но и приумножила лучшие традиции и методы, заложенные предшественниками, освещая на страницах газеты жизнь трудовых коллективов, события культуры, судьбы людей области.

«Ленин туы» регулярно рассказывала о трудовых успехах коллективов совхозов и колхозов, строительстве жилья и

производственных объектов, о хороших начинаниях молодежи, о Героях Социалистического Труда, проводила анализ работы отдельных отраслей экономики. Нередко появлялись обзоры и самого Бахыта, как журналиста, в колонке редактора, очерки о жизни целого района, рассказы о передовиках производства, о культурной жизни сельской молодежи, особенно – казахской. Все его выступления отличались высоким мастерством журналиста.

Бахыт, как член областного комитета партии и как депутат областного Совета депутатов, всегда участвовал в заседаниях бюро обкома партии и облисполкома. Мне приходилось слушать его выступления на этих заседаниях по отдельным вопросам. Его речи были краткими, объективными и конструктивными, хорошо раскрывали суть проблемы, причины недостатков и ошибок. В заключение всегда давал конкретные предложения по улучшению положения и устранению недостатков. Руководство обкома партии и облисполкома высоко ценили работу редакции газеты. Бахыт пользовался заслуженным авторитетом.

Б. Мустафин был большим патриотом, тяжело переживал трудности, возникшие в связи с распадом Союза, болел за судьбу народа Казахстана. В последнее время он особое внимание уделял причинам сокращения числа казахских школ, был озабочен судьбой казахского языка. У нас с ним часто были задушевные беседы. В них он все искал пути исправления допущенных ошибок, возрождения казахского языка как государственного, чтобы он соответствовал своему статусу. По этим проблемам он выступал на заседаниях «круглого стола», совещаниях и семинарах, а также в печати.

Бахыта знаю как хорошего семьянина, любящего супруга, заботливого отца. У него замечательная спутница жизни – Дамиля, чудесные дети. Все получили блестящее образование, специальность, нашли свою дорогу в жизни. У него было много

хороших и верных друзей. В коллективе, который он возглавлял, Бахыт пользовался большим уважением и любовью.

Нам приходилось встречаться семьями и получать огромное удовольствие от кулинарного мастерства уважаемой хозяйки – Дамили, безграничного гостеприимства и радушия хозяина, уюта и душевного тепла их семьи.

Вся наша семья: супруга Ирина Жазитовна, дети – тяжело пережили уход из жизни такого замечательного человека. Пусть земля ему будет пухом. Семье желаю благополучия и чтобы больше не было таких тяжелых утрат.

Хасым ДЖУНУСОВ,
ветеран войны и труда, персональный пенсионер республиканского значения.
Петропавловск, август 2007 г.

АЗАМАТТЫҚ БОРЫШ

Дүниеден өткен азамат туралы естелік жазу өте қиын жұмыс. Ал Бақыт туралы жазудың қиындығы сол, ол дүниеден ерте кеткендігі. Ол зейнеткерлікке жаңа ғана жетіп, әдебиетші, жазушы ретінде қанатын кең жайып үлгере алмады-ау деп ойлаймын. Шығарған кітаптары, аз да емес. Бірақ, зейнеткерлік ғұмыры өте қысқа болды. Сол себепті бізге, оқырмандарына жазамын деп ойланған дүниелерін жазып үлгере алмай кетті-ау. Қазалық осы қасіреті адамның өкінішін арттыратыны белгілі жәйт.

Бақытпен ең алғаш рет алпысыншы жылдардың бас кезінде Пресновкада кездесіп, сонда таныстым. Мен облыстық оқу бөліміндегі қызметімнен ауысып, Алматыға аспирантураға түсуге жиналып жүргенмін. Бақыт студенттік демалысқа келіп жатқан кезі екен. Содан кейін Алматыдан оқуын бітіріп келгеннен ғана кездестік.

Ал қызмет бабында кездесуліміз Бақыт газеттің ("Ленин туының" кейін "Солтүстік Қазақстан") редакторы болған кезде үзіліс тапқан жоқ. Газет шығарудың қиын жұмыс екенін жұртшылық біле бермейді.

Менің ойымша газет шығарушының негізгі қиындығы оқушы қауымның талап-тілегіне сай мақалаларды үздіксіз беріп отыру. Осы негізгі міндетті бас редактор Бақыт ойдағыдай орындап отырды деп ойлаймын. Сол себепті Бақыт өз орнында көп жыл отырды. Интеллигент болған қазақ азаматтарын (әсіресе журналистерді) басқару дегеннің өзі оңай шаруа емес екенін білеміз. Соған қарамастан біздің облыстық газетіміз Бақыт басқарған тұста үлкен ұйымшылдықпен жұмыс атқарғанын тұрақты оқырман ретінде білеміз. Бұл мақалада газет жұмысын пайымдаудың реті жоқ. Менің айтайын деп отырғаным Бақыттың ұжымға жетекшілік ете білген басқарушы болғандығы. Оған себеп Бақыттың өте білікті әдебиетшілік қабілеті мен сабырлы да ұстамды мінезі болды. Бұл оның бойына біткен, ешбір дипломмен берілмейтін адами қасиет еді. Қызмет бабында аралас болған азаматтар осы пікірді қолдайды ғой деп ойлаймын.

Бас редактор ретінде Бақыт тұрақты түрде ел тарихын насихаттауға көңіл бөліп отырды. Тоқсаныншы жылдары ел тәуелсіз болғанымен оны тарихи деректермен қамтамасыз етіп отырудың мүмкіндігі жоқтың қасы еді. Қазақ тарихын мектептерде жүргізуге оқулықтар болмады. Осы жағдайда облыстық газет марқұм Мәлік Мұқановтың мұрындық болуымен қазақ тарихынан бірнеше үлкен мақалалар жариялануының үлкен маңызы болды. Іс жүзінде бұл жойылып кеткен тарихымызды жаңғыртуға жол салды. Өте қажет болған жағдайда редактор үйге телефон шалып, жеке тақырыптар бойынша мақала жазуды сұрайтын. Бір мысал келтірейін. Бірде Бақыт үйге телефон шалып, облыс тарихына байланысты "Мегаполис" газетінде жарияланған арандатушы рухтағы жазылған мақалаларға жауап ретінде мақала жазуды сұрады.

Кешіктірмей материалды жазып бердім де, ол газетке жарияланды. Ол материалдың қысқаша айтсақ мазмұны төмендегідей. Біздің қаланың екі тұрғыны (орыс ағайындар, аты-жөнін жазбай-ақ қояйын) біздің қаланың тұрған жерін Ресейдің Тобыл губерниясына қарайтын жер еді, Петропавл да орыс қаласы еді деп сандырақтаған еді. Бұл жалған хабар ешбір дерекпен бекітілмеген, отаршылардың ойларынан шығарған арандатушылық ескі саясаттың туындысы еді. Содан (мақаладан) кейін арамзалардың аузына құм құйылды ғой деп ойлаймын, өйткені қарсы дау айтқан ешкім болмады. Бұл бір мысал ғана.

Жалпы редактордың қазақтың ұлттық тарихқа байланысты, салт-дәстүрге байланысты материалдарды газетте тұрақты түрде жариялап отырғаны көпшілікке мәлім. Сонымен қатар Бақыттың жазушылық өнерінің бір қырын атап өткеніміз ләзім. Бұл жөнінде тереңдете жазу артық болмас еді. Бірақ оған қалам тартып отырған адамның мүмкіндігі сай емес. Өйткені, мен әдеби сыншы емеспін. Сол себепті жазып отырғаным да әдеби сын емес, сауатты адамның өзіндік пікірі ғана. Ол пікір мынада. Бақытініміз қаламы жаттыққан жазушылар қатарынан өзінің орнын алды, бірнеше кітаптардың авторы ретінде белгілі болды. Ол жазушылар қатарынан заңды орнын алды.

Бақыт жазушы ретінде өзінің бір ерекшелігін де көрсетіп үлгерді деп ойлаймын. Ол қандай ерекшелік? Ол ерекшелік – балалар әдебиетіне өте шеберлігі еді. Оның балаларға арнап жазғандары өте тартымды болушы еді. Егер арнаулы шұғылданса Бақыт өте үлкен, шебер балалар жазушысы болары күмәнсіз еді. Бірақ оған уақыт, ғұмыр жетпей қалды.

Бірақ, ондай өкініш айтсақ та, өзінің азаматтық борышын Бақыт толық орындады: адал қызмет атқарды, артында жақсы атын, жанұясын қалдырып кетті.

Қабдөш ҚАЛИЕВ,
тарих ғылымдарының кандидаты.

СТЕПНАЯ ЗВЕЗДОЧКА

У поэта Николая Рубцова, чья завораживающая лирика проникает в самое сердце, есть строки:

«Звезда полей! В минуты потрясений
Я вспоминал, как тихо за холмом
Она горит над золотом осенним,
Она горит над зимним серебром,
Звезда полей горит, не угасая,
Для всех тревожных жителей земли,
Своим лучом приветливым касаясь
Всех городов, поднявшихся вдали...»

И мне видится: иду ли я поздно вечером по улице или смотрю в полуночное небо из окна своей квартиры, как тихо и приветливо мигает дальняя серебряная звездочка из того неведомого мира, в который так неожиданно ушел от нас наш друг Бахыт. И словно стесняясь того, что ушел без предупреждения, не попрощавшись, с огромной недосягаемой высоты просит простить нас всех за это. Почему вдруг небесная серебринка навеяла такое чувство? Да потому, наверное, что Бахыт остался в моей памяти подобно этой звездочке с ровным негасимым светом души, с чуть застенчивой улыбкой на лице, искренней радостью, когда встречал друзей-товарищей своих, общался с ними.

В последний раз во время нашей встречи Бахыт Муталлапович, поздоровавшись, долго держал двумя руками мою руку, словно прощался со мной. Но в тот момент я не мог и предположить, что это наша последняя встреча. Он никогда не жаловался, в отличие от многих из нас, на свое здоровье. Если и болел, проявлял терпение, какому можно было только позавидовать. Жил полноценной творческой жизнью, учил

молодежь азам журналистики в университете, а на все вопросы по поводу самочувствия после перенесенной операции неизменно отвечал: «Хорошо». Огромная терпеливость при испытании любой боли, в том числе и душевной, высочайшая скромность, полнейшее отсутствие всякой кичливости, глубочайшее уважение к собеседнику были главными чертами его характера. Любые обиды, сомнения, неудачи он переживал глубоко в себе, и это никак не отражалось на редакционном коллективе, который он возглавлял в течение многих лет в качестве редактора областной газеты «Ленин туы», а затем «Солтустик Казахстан».

Став руководителем редакционного коллектива, у нас с Бахытом сложились добрые равноправные отношения - ведь в литературе и журналистике твое лицо определяет творчество, а не восхождение по административной лестнице. Бахыт Муталлапович, несомненно, помимо творческой одаренности, еще имел талант руководителя: оставив отдел культуры, занял пост ответственного секретаря газеты, затем - заместителя редактора, редактора.

Бахыт Муталлапович не изменился по отношению к своим друзьям, а что касается наших - они были очень теплыми. Мы оба да еще Муталлап Кангожин каждый в разное время были приняты в Союз писателей СССР, и творчество нас очень сближало, отметая разницу в званиях и регалиях. В 70-80-ые годы в Союзе писателей Казахстана, первым секретарем которого был выдающийся поэт Олжас Сулейменов, часто проводились семинары для молодых авторов, пленумы, выездные заседания. Наша писательская троица неизменно приглашалась на них, мы держались всегда вместе, поддерживали как земляки друг друга.

Разумеется, без шуток, добродушного посмеивания друг над другом не обходилось.

Отправляясь в творческую командировку в Алма-Ату, я, как правило, прихватывал дефицитную в ту пору, но припасенную мной специально для этого случая пачку цейлонского или индийского чая. Остановившись в гостинице «Алма-Ата» или «Казахстан», куда нас чаще всего селили, встав рано, заваривал его и, заправив его купленными накануне сливками, громко командовал: «А ну за дастархан! Чай готов!»

И, разливая в пиалы крепкий душистый напиток, вопрошал: «Кто из нас здесь кунак?

Выходит - каждый из вас!

Раз угощаю вас таким чаем. А вот еще впридачу к нему баурсаки». После шуток-прибауток у нас повышалось настроение. Бахыт, как всегда, застенчиво улыбался, а Муталлап отшучивался: «Вроде бы и в ауле не жил, а наши обычаи хорошо знаешь!»

Так мы юморили, острили и в добром расположении духа отправлялись на свои литературные посиделки. Что и говорить, незабываемыми и романтичными были те годы.

Мы считали своим долгом широко представлять литературное творчество на страницах газет, передач радио и телевидения.

Бахыт Мустафин отводил целые полосы для этой цели. Нередко впервые именно на страницах областной газеты «Ленин туы», а затем «Солтустик Казахстан» появлялись произведения наших выдающихся земляков-классиков Сабита Муканова, Габита Мусрепова, Сафуана Шаймерденова, а когда было реабилитировано имя Магжана Жумабаева, достойно представлены его жизнь и творчество. Именно у выдающихся художников слова, постоянно общаясь с ними, набирался мастерства сам Бахыт Муталлапович. Мне довелось переводить по подстрочникам блестящего знатока казахского и русского языка Дюсена Аульбекова детские рассказы моего друга и

коллеги. Откровенно говоря, я был просто поражен, насколько он тонко и проникновенно заглядывает в души аульных мальчишек, как хорошо и вдумчиво знает детскую психологию. «Откуда у него такое глубинное постижение детской души?» - постоянно задумывался я, готовя переводы его рассказов на русский язык.

Казалось бы, у таких, как Бахыт Мустафин, который и мухи не обидит, нет и не может быть недоброжелателей. Но увы!

Но, увы! Во все времена - и в столице, и в провинции, где совсем иные измерения, - на каждого Моцарта всегда найдется свой Сальери.

У нас почему-то нередко остается правилом: не успеет человек оставить служебное кресло, как полетят в его огород камешки, которые могут больно ударить и ранить душу. Особенно больно это тем, кто не готов отмести от себя ложь, несправедливость со стороны еще вчера «преданных друзей» и переживает это в глубине своей души.

Но уж поверьте: даже сорвавшиеся с цепи злые ветры не вольны сорвать пусть маленькую и скромно звенящую звездочку над безлюдной степью, и никакая хмурая тучка не сможет отбросить ее в тень.

Она горела и будет гореть, как та самая звезда полей в замечательном рубцовском стихотворении, своим лучом приветливо касаясь всех нас, оставшихся вдали.

Владимир ШЕСТЕРИКОВ.

ТАЛАНТ ИЕСІ

Сонау елуінші жылдардың соңғы кезі болатын. Сол кездегі "Ленин туы" редакциясына Алматының журналистика факультетінен бір топ жас жігіттер келе қалды. Бұлар университеттен газетке тәжірибеден өтуге келгендер екен. Ол кезде газетте жеті бөлім болатын. Бөлімдерге бөліп-бөліп жібергендер бірден іске кірісіп те кетті. Бұрын газет шығаруға күш жетпей мұрыннан шаншылып жататын редакция жұмысы жанданып жүре берді.

Газет аптасына бес рет шығатындықтан күнделікті жазғандарды типография дегенің жалмай жұтып жататын. Мына жастар келгеннен кейін бұрынғылардың жауырын арқалары босайын деді. Кемшілік осал соғып жатқан тұстары да болды. Бөлім меңгерушілері олардың жұмыстарын қып-қызыл ала түзетуге қарамастан бұрқыратады-ай келіп, кек алу деген жоқ. Кемшілікке кеңшілік жасайтын редакция жоқ. Қанша айтқанмен жастар ғой, берілмейді, тырмыса талпына түседі. Өзара жарысқа түскендей қалам сілтей қарымды беталыстарын байқатқысы келеді.

Сол кездегі тәжірибелі редактор Балтабек Асанов оларды жиі-жиі командировкаға жіберіп адамдармен араласуын қадағалайды. Лездемелерге әркім өздеріне лайықты бағаларын да алып жатады. Айналасы бір-екі айдың ішінде кімнің кім екенін алғашқы қадамдарынан да байқатып тастады. Сол бір "тай жарыстың" алдыңғы сапында келгендердің бірі – Бақыт Мұстафин еді.

Орта бойлы, аққұба жұқа өңді арықша келген уылжыған жап-жас жігіт, биязы да кішіпейіл мінезімен бәрімізге ұнап қалды. Әсіресе, редакторымыз оның тәжірибе жұмысын жоғары бағалап, оқуды аяқтағаннан кейін осы редакцияға келуіне жолдама-

ны да салтанатты жағдайда қолына табыстады. Осылай әу дегеннен тай-тай жарыста талантын танытқан Бақыт еді бұл.

Келесі жылдың күзінде редакция ұжымын Мырзағали Сеңгалиев, Клара Шәкірова, Сабыр Сауытбаев, Берік Ақбаров және Бақыт Мұстафиндер толықтыра түсті. Жастар өзінше бір жарасымды жаңаша жөн-жосықты тың леп ала келді. Бақыттың бұрынғы жол жоралғысы ескеріліп, басты бөлімнің бірінен саналатын мәдениет, әдебиет бөліміне аға әдеби қызметкер етіп алынды. Бұл тұста бөлім меңгерушісі қаламы қарымды саналатын айтыскер ақын Тұрсынбай Кәкімов болатын. Осы тұста Бақыт қарапайым хабардан бастап суреттеме, очерктер, публицистика мен әңгімелерді өндірте жазды. Сын мақалалар, фельетондарға қалам сілтеді. Кинорецензиялар мен кітап рецензияларды жіліктей талдап, сол кездегі оқушылардың талап-талғамынан шығып жатты.

Жастың аты жас қой. Бойдақ жігіттер қолдары босаса-ақ кино-театрларға кетіп жан-жаққа көз сала бастады. Ақыры алыстан іздегенін Бақыт редакциядан кездестіріп Дәмелі сияқты сұлу қызға бірден ғашық болып қалған да осы Бақыт еді. Дәмелі ол кезде редакцияға жаңа да келген машинистка мамандығын тез меңгеріп алған болатын. Көп ұзамай үйлену тойы болып, соңғы келген жастар тобының ішінен бірінші болып жайлы пәтерге ие болған да осы Бақыт еді.

Бірде жоқ жерден мынандай бір оқиға болды. Бұрын ешуақытта болмаған, газеттің бір нөмірін еркін тақырып бойынша шығарайық деген ұсыныс түсті. Мұны ұжым болып түгел қолдады. Бұған шамамыз келгенше біріміз қалмай қатысатын болдық. Мұнда барлық жанрлардың жарысын бәйге жолына шығару көзделді. Көп ұзамай бұл нөмір де жарық көрді. Лездемеде қызу да тартысты талдау басталды. Шыққан материалдар бүркеншік атпен берілген болатын. Осы жарыста қарапайым ғана тақырыппен берілген "Етікші" деген суреттеме

бірінші орынға ие болды. "Азамат ана тіліңнен арланба" деген публицистика екінші, "Ықпал" атты әңгіме үшінші орынға ие болды. Бүркеншік аттардың кілтін ашқанда "Етікшіні» Бақыт жазыпты. Екінші орынды Дүйсенбі Әуелбеков, "Ықпал" әңгіммемен мен үшінші жүлдеге ие болдым.

Алпыс бірінші жылдың басынан бастап қазақ редакциясының басына қара бұлт үйірілді. Ашықтан ашық жоғарыдан жала жабылды. Жаланың ең ауыры газетті оқитын қазақ жоқ, газет толығымен мемлекет дотациясында, қып-қызыл шығын келтіріп отыр деп салды. Редакторымыз дереу дабыл көтеріп газет данасын он мыңға жеткіземіз деп уәде берді. Редакция қызметкерлері түгел дерлік облыс аудандарына, көрші облыстардағы қазағы көп жерлерге газет таратуға аттанды. Мен Омбы облысындағы Назыбай ауданындағы ауылдарды аралап, екі мыңдай газет таратып оралдым. Сол жылы "Ленин туы" газеті алты мыңнан он алты мың данаға бірақ көтерілді. Алайда бұл әрекетімізден де түк шықпады. Аузынан от жалын атып тұрған қызыл империя қолынан келгенді қоншынан басып, Қазақстанның солтүстігіндегі төрт облыстық қазақ газеттерін жауып тынды. Біздегі жас қызметкерлерді Ақмолада ашылған "Тың өлкесі" газетіне аударды. Бақыт солармен бірге тыңның шаңырағын көтерісуге кетті. Қалғандары басқа облыстарға таратылды. Сөйтіп өлкемізде ашықтан ашық орыстандыру науқаны басталды. Н. Хрущевтің орнынан кетуімен бұл келеңсіздік жойылып облыстарда жабылып қалған редакциялар қайтадан ашылды.

Арада үш жыл өткеннен кейін "Ленин туы" қайтадан ашылып редакторлыққа Алматыдан Құрмантай Меңдіғожин деген азамат келді. Әлбетте қирату оңай да, түзетуден асқан қиыншылық жоқ. Ол үшін маман адамдар керек болды. Міне, тәжірибелі Құрмантай ағай қирап шашылып кеткен дүниені бір-бірлеп құрастырды. Ақмоладағылар қайтып оралды. Бақыт мәдениет, әдебиет бөлімінің меңгерушісіне жоғарылатылды. Жөн білетін

жандар жиналып құлаған шаңырақты көтеріп уығын қадасты. Көзі қарақты қариялар, ақындар, жергілікті ғалымдар мен мамандар ат салысты. Облыста қазақ көшін бастайтын жалғыз қара шаңырақ сырқатынан жаңа ғана айығып бас көтерген көненің көзі сияқты еді.

Бұл тұста Бақыт інімізоблыс мәдениетінің өрлеу мен озгерістерін көрсетумен жас таланттарға тәлім боларлық газет бетінде кеңінен арна ашты. Баспасөздің барлық жанрлары газет бетінде көрініс берді. Бақыттың қолға алған негізгі тақырыбы балалар дүниесі мен әлеуметтік саладағы өмір қағидаларына толы заңдылықтарын проза тілімен шоқтығын шығара, майын тамыза өзгелерден өзгеше өзінше жырлады. Содан бергі уақыттарда қара сөздің қаймағынан оқырман көпшілікке бал татырудың көш басшысы болды десем, бұл артық айтылды деген адам қазір де, сірә, табыла қоймас.

Бақыт Мұстафин қазіргі "Солтүстік Қазақстан" бұрынғы "Ленин туы" облыстық газетте сегіз жыл редактордың орынбасары, он бес жыл бас редакторы қызметін үзбей атқарды. Осы газеттің өмір тарихында Бақыттан ұзақ басшылық жасаған адам болмапты. Еріксіз Ақмолаға ауыстырған екі жылды есептемегенде "Солтүстік Қазақстан" газетінде ұзын-ырғасы қырық бес жыл қызмет істепті. Редакцияның күн сайын қазаны оттан түспей қайнап жататын қауырт жұмыстарына қарамай, ішкі, сыртқы жұмыстарын тынымсыз атқара жүріп, сегіз кітап жазып, республика оқушыларына ұсынды. Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі болды. Республикалық шығармашылық жарыста екі дүркін бас жүлдеге ие болды. Көп жылғы еңбегі үкімет тарапынан жоғары бағаланып, орденмен және сегіз медальмен наградталды.

Тумысынан қарапайым, биязы жігіт мінезге де бай болатын. Жастар арасында болғанда Абайдың "Ақырын жүріп аңдап бас, адам болам десеңіз" деген ұлағатты оның аузынан талай

естіп едім. Өзім көріп білгеннен бері Бақыттың қай кезде де бір қалыпты маңғаз бейнесін, қай ортада болмасын сабырлықты сақтай білетіндігімен жоғарыдағы айтқандай мейірлі мінезімен дәлелдей жүруші еді. Бір орында тапжылмай осынша жыл қызмет істей жүріп, "әй сен былайсың деп дауыс көтере асылық жасағанын, әй, қайдам, көрген жан жоқ шығар деп ойлаймын. Әруақыт үлкенге ілтипаттықпен қарап, кішіге қамқорлығымен танылып жүргенін көруші едік. Барынша кішіпейіл, иман жүзді дейтіндердің өзі осындай-ақ болар!

Журналист-жазушы деген жұрттың қай күнде де қолы бос болмайды. Қолы бос болса ойы бос болмайды. Тәңірден алақан жайып қалап алған хикмет болғаннан кейін де солай болатын шығар деп ойлаймын. Пешенесіне біткен жалғыз қаламын сүйреңдете өмір бойы қару етіп, мұқалса қайтпас қайсарлығына жанып алып, одан әрі желдірте шабытына шаң жуытпай шаба беретін бір бейкүнә бейнеткорлар ғой бұлар.

Бабамыз Қожаберген жырау айтқандай, заман бір сылаңдаған қызыл түлкі, қанша қуса да жеткізбейді. Ал қызыл түлкінің айласына құрық бойламайтыны және бар. Жете бергенде жалт беріп озі түсті қызыл тастың ығына жасырына қояды. Тауып алса тағы қуады, әккі қу тағы адастырып кетеді. Сондықтан болар адамға уақыт шіркін оны ұстаудың сан-түрлі амалдарын үйреткен. Түлкі тіміски іздеп жүретін жерлерге тұзақ құруды үйренген. Оны сезіп қалған қу түлкі айласын асырып тағы айналып өтіп кетеді. Адам оны ұстаудың айласын тағы ойлап бас қатырады. Ол үшін түлкіге түсетін бүркітті айлап баптап өсірген. Мұның машақаты көп екенін біліп, адам қалтарыста аңдып тұрып қапылыста түлкіні атып алу сияқты қатыгез амалын да ойластырған.

Ал сол бір сылаңдай қашқан "түлкіні" қолындағы шолтаңдаған қаламыңмен атып алып көр! Қалай атып "қу түлкіні" қалай соғар екенсің?!

Бұл өмір дегенің ащы ғой дейді біреулер. Енді біреулер, өмір дегенің қызық қой, оның астын қызыл қарындашпен сызып кой деп бөседі. Кім не десе де заман шіркін тудырған "қызыл түлкіні" соғып алуды қызыққа балаған адам баласы ащы өмірдің алда дайындап қойған ащы уынан айла тауып айналып өте алмайтыны хақ.

Сол сылаңдаған "қызыл түлкіні" қуып келе жатып жылдың жұлдызында Бақыттың қолындағы қаламы кенеттен сусып түсіп кетті. Ал "қу түлкі" қуғыншыны алдап соғып одан әрі көз ұшында құлдырап кете барды.

Ожан ҚАЛИ.

ЧЕЛОВЕК, УМЕВШИЙ ДРУЖИТЬ

Памятная встреча с Бахытом Мустафиным, определившая нашу дружбу на последующие полвека, произошла ещё в студенчестве. 10 декабря 1957 года Бахыт пригласил в свой «номер» сокурсников и нас, земляков-североказахстанцев, на пирушку по поводу 20-летия. В ту пору он осваивал программу третьего курса отделения журналистики Казахстанского госуниверситета, а я учился на втором. Среди гостей были студенты начальных и старших курсов нашего филологического факультета, молодые преподаватели.

Стол юбилейного тойбастара не отличался изысканностью блюд, но редкостный для тощего студенческого кошелька бесбармак «юбиляр» умудрился-таки организовать. Пристрастия к увеселительным напиткам молодежь той поры не имела. Смаковали конский деликатес, вдоволь пили настоящий казахский чай с баурсаками, слушали домбру и пели хорошие молодежные песни каждый на своем языке. Когда очередь дошла

до меня, Бахыт неожиданно предложил исполнить новую песню «Жан сәулем», которая только появилась в эфире и словно была предназначена для моего лирического тенора. Это была проникновенная песня-исповедь молодого человека любимой девушке. Я ее помню до седых волос.

Для студентов-земляков мои способности к вокалу и языку моей родины не были новостью, а на новых знакомых это произвело впечатление. Откуда, мол, взялся этот «соловей», где научился казахскому говору? После дружеских аплодисментов Бахыт пояснил гостям, что его земляк – выходец из североказахстанского села Полудина (здесь в 1852 году, одновременно с Петропавловской, была заложена крепость), центра исторически далекой Полуденной волости, которой управлял в конце 19 века Бекен Жумабаев – отец отторженного от народа Магжана. Казахским языком в русскоязычном селе на уровне житейского общения по разумной необходимости владели практически все от мала до велика, независимо от национальной принадлежности. В нашу мальчишечью пору мы, малыши и подростки, запросто общались на языке друзей.

Тогда мы еще не знали, не ведали, что через десятилетия имя Магжана Жумабаева, многострадального сына казахского народа и любимого отпрыска демократичного правителя сельской территории, зазвучит в полную силу духовных достоинств мирового поэта и по решению ЮНЕСКО в 1993 году будет отмечаться столетний юбилей во многих уголках Земли, а в первую очередь на его североказахстанской родине в ауле Сарытомар.

... Людей объединяют их жизненные принципы. Злые липнут к злым, добрых тянет к добрым, справедливым, нравственно цельным. Уж не знаю, во всем ли я соответствую этим качествам, но Бакытжан (как я его называл) был действительно душа-человек, счастливый (бақыт-означает счастье)

дружбой с друзьями и дарящий радость общения с родственными душами...

Я всегда был рад встрече с ним для простого ли житейского разговора о том, о сем, или творческого обсуждения интересной статьи, рассказа, чьей-то публикации или его собственного литературного сборника. Мы не успевали его поздравлять то с выходом очередной книжки очерков, рассказов или опубликованных в литературных журналах, то с присвоением лауреатской премии Союза журналистов, то с победой в конкурсе рассказов детского журнала «Балдырган».

Первые мустафинские рассказы появились в печати еще в пору его студенческой юности и были с одобрением встречены литературной критикой и читателями. По чистому восприятию мира, нежному, доброму складу души Бахыт был и состоялся как «детский» писатель. Он рассказывал о детях и детям, о людях и окружающем мире с такой искренней влюбленностью и правдой, на которую способна только ангельская душа ребенка, еще не знающая черных сторон жизни.

Его не смущало звание «детский писатель», потому что он помнил слова одного из достойных литераторов нашего времени: «для детей нужно писать так же, как и для взрослых, но еще лучше». А это значит без тени фальши, назойливого морализаторства, языком, свойственным детскому образному мышлению. Вот таким у Бахыта и получались рассказы «Спасибо полю», «Сладкая морковь», «Светлый путь» и все другие, которые с завидной последовательностью появились на языке оригинала и в переводах в периодической печати, журналах, сборниках.

Можно сказать, что писателем Мустафин стал раньше, чем профессиональным журналистом, получив диплом в 1959-м. В тот год, будучи на практике в областной газете после третьего курса, я поздравил Бахыта с началом трудовой деятельности в

качестве рядового литсотрудника и пообещал при благоприятном стечении обстоятельств выпросить направление на работу в боевой редакционный коллектив, который помогал мне в то лето укреплять журналистские крылья.

Свое «обещание» удалось исполнить только в 1962 году, когда редактор того времени Иван Раздорский «выдрал» меня из аппарата обкома комсомола, убедив партийное руководство в том, что редакции позарез нужен дипломированный журналист со знанием молодежной тематики, которому можно поручить подготовку специальной страницы областной газеты. Это было время разгара целинной романтики, полетов первых космонавтов, время всесоюзных десантов студенческих строительных отрядов, комплексной механизации животноводческих ферм, видового и духовного обновления сел и городов. И всюду впереди молодежь, инициативная, трудолюбивая, неунывающая, словом, было о чем писать.

Случалось, мы отправлялись с Бахытом в командировки вдвоем. С редакционным транспортом было всегда туго. Добирались, как придется, рейсовым автобусом, «автостопом», на тряской крестьянской арбе или пешочком, если не было никакой «оказии». Бахыт весело воспринимал эти вынужденные турпоходы, во время которых мы могли вдоволь наговориться на всевозможные темы, откровенно, в полный голос (у степей «ушей» нет) обсуждая хрущевскую аграрную политику, делясь впечатлениями от предыдущих встреч и намечая вопросы к предстоящим.

Иногда Бахыт неожиданно останавливался, ложился там, где ему заблагорассудится. Ну, думаю, устал, пусть передохнет, да и я заодно. Но спустя минуту-другую, мой напарник приподнимался, усаживался, скрестя ноги, клал на колено маленький блокнот, вместо знакомого мне корреспондентского, и кое-что быстро записывал. Потом пружинисто вставал, и

мы продолжали отмерять версты к намеченному селению или бригаде.

Работа в прессе требует каждодневного «удоя». Я всегда откровенно удивлялся, поздравляя Бахыта с новой публикацией художественного творения, как он умудряется находить время для «побочного» творчества при его каждодневной занятости в должностях, которые выпали на его долю за эти десятилетия: от литсотрудника, заведующего отделом и ответ. секретаря до заместителя редактора, а затем и первого руководителя творческого коллектива. «Труба зовет, - отшучивался Бахыт. - Сам что ли не знаешь, что начавший писать по велению сердца не может, не должен остановиться. Как сказал поэт: «Не позволяй душе лениться»...

Только любимая супруга Дамиля, с которой Бахыт преодолел 45 верст семейного похода, да незаметно подросшие и возмужавшие детишки Сауле и Бейбит знают, с каким упоением отдавался их родной человек творческому труду. Писал большей частью по ночам, если не было необходимости в надомной работе над редакционными материалами. Далеко за полночь, а то и до рассвета в квартире «на седьмом небе» многоэтажки на улице Сутюшева светилось окно - единственное окно, за которым «колдовал» кому-то близкий по душе, а кому-то и неведомый писатель Бахыт Мустафин. Даже накануне того злополучного дня, когда перестало биться сердце дорогого нам всем человека, несмотря на недомогание, он увлеченно над чем-то работал, желая подарить людям рожденные его умом и сердцем мысли, которые помогали бы преодолевать житейские невзгоды, жить в мире и дружбе, как завещано Небом.

Мустафин был одним из тех журналистов, которые глубоко знают литературу и искусство. В студенческую пору мы, выходцы из сельской глубинки, приобщились к культурной

жизни столицы. Выкраивали из стипендин на концерты уже начавших блистать молодых «звезд» Ермека Серкебаева, Бибигуль Тулегеновой, хаживали в оперный и драматические театры, даже однажды участвовали в массовке фильма Алмаатинской киностудии.

В студенческие годы мы не пропустили ни одной встречи с деятелями литературы, проходившей в стенах университета и Союзе писателей. Посчастливилось слушать и общаться с М. Ауэзовым. Обычно в громадном конференц-зале нашей альма-матер, где не однажды появлялся Мухтар Омарханович, негде было яблоку упасть. Писатель-академик, закончивший в середине пятидесятых работу над романом-эпопеей «Путь Абая», подолгу общался с молодежью, рассказывая о многолетнем постижении творческого и человеческого феномена родоначальника письменной казахской литературы, «лепке» его образа в своем документально-художественном произведении. После «лекции», спустившись в зал, он подолгу общался с теми, кто с жадностью ловил каждое слово мэтра.

Я никогда не говорил Бахыту, чтобы не смущать своего предельно стеснительного друга, что его облик ассоциировался у меня с образом великого творца. В любой, самой трудной ситуации, которых немало выпало на его долгий журналистский век, Мустафин никогда не терял присутствия духа, не срывался, был корректен, отличался той великой духовной культурой, которая, как говорят казахи, құдай берген – богом данная ...

Даже родные, близкие люди не всегда знали, что творилось в его душе, когда ему наносили обиду. А такое случалось. Тяжелее всего он перенес отторжение от любимой газеты, которой были отданы силы, здоровье, знания. На подступах к пенсионному возрасту Мустафин, что называется, добровольно сдал редакторский пост молодой смене.

Успокоение и радость быть востребованным принесло ему предложение руководства местного университета стать преподавателем творческих дисциплин на отделении казахской журналистики. Забегая вперед, скажу, что в нынешнем году впервые в аудиторию университета войдет студенткой Дана Мустафина – любимая внучка Бахыта Муталлаповича, одобрявшего школьные опыты начинающей журналистки и преподносившего ей внепрограммные творческие уроки. Как бы порадовался Бахыт окончательному выбору внучкой профессии, которой он посвятил жизнь!

Однажды я видел Мустафина в студенческой аудитории в плотном кольце молодых людей. Теперь уже его, истинного профессора от прессы и художественной литературы, они «терзали» вопросами с такой же настойчивостью, как он когда-то выспрашивал своего кумира Мухтара Ауэзова.

... Сегодня нет с нами золотого душой человека Бахыта Муталлаповича Мустафина. Ничего не поделаешь. Как говорили древние латины: vita brenus – art lonqa (жизнь коротка – искусство вечно). В минуты раздумий о бренности жизни невольно приходят на память правдивые, проникновенные строки поэта-песенника: «Мы теряли друзей боевых. Ну, а тем, кому выпало жить, нужно помнить о них и дружить». Да, дорогие, дружить нужно так, как умел это делать Бахыт.

За свою плодотворную подвижническую жизнь Мустафин был удостоен единственной высокой государственной награды. Но сколько величия и символики в этом знаке признания, именуемом орденом «Достық» («Дружба»), которым Мустафина наградило свободное Отечество. Дружба, как и одноименный орден – нетленны.

Виктор ВИХЛЯЕВ,
журналист.

ИНТЕЛЛИГЕНТ ИЗ АУЛА «ЕНБЕК»

Не могу похвастаться близкими отношениями с Бахытом Муталлаповичем Мустафиным, но несколько лет общения с ним дают право отдать должное этому талантливому и доброму человеку. Каждая встреча с ним всегда была светлой. Бахыта выделяли скромность, совестливость, врожденная интеллигентность.

Помню, как в трудое для всех время, в том числе и для редакции газеты «Ленин туы», которой руководил Бахыт, он как собственный невозвращенный долг воспринимал невозможность выплачивать гонорар общественным корреспондентам. Это был редактор без насупленных бровей и грозного начальственного голоса. Умел находить подход, учить, убеждать журналистов.

Однако при всей внешней покладистости он был тверд в своей гражданской позиции. Запомнилось его резкое неприятие рассуждений одного журналиста о том, что, дескать, зря мы победили фашистскую Германию, жили бы в достатке, как немцы, пиво баварское попивали. В непростое время первых шагов суверенного Казахстана Бахыт Муталлапович, и как редактор, и как журналист, многое делал для утверждения в области общественного согласия, преодоления страстей вокруг языковой проблемы. Он любил свой край, его людей. Очерки о земляках – замечательная часть его творческого наследия.

Много сил отдал он, работая в коллективах, которые готовили издание «Золотая книга Целины» и юбилейный сборник «Североказахстанцы в годы Великой Отечественной войны». Об искренности, доброте говорят его детские рассказы. Ведь этот читатель не приемлет фальши. Бахыт был мужественным человеком. Тяжело больной, он никогда не подавал виду о

неравной борьбе с недугом. На излете жизни он щедро делился опытом со студентами журфака СКГУ. Есть надежда, что его воспитанники проникнутся лучшими журналистскими и человеческими качествами Бахыта Муталлаповича.

Виктор САМОЙЛЕНКО.



ЧЕЛОВЕК ДОБРОГО И БОЛЬШОГО СЕРДЦА

Я знакома с Бахытом Муталлаповичем с 1960 года. Впервые его увидела в доме Ж. Искакова.

Они нас с Галымжаном Нургалиевичем пригласили в гости. Тогда мой муж работал зам. зав. отделом обкома партии по идеологии, Жаксылык Габдоллинович работал секретарем обкома комсомола.

И так я увидела очень интересного, даже красивого, молодого человека, небольшого роста, его представили нам как братишку Ж. Искакова.

Когда сели за стол и стали разговаривать, то все заметили, что молодой человек очень эрудирован, хорошо говорил на казахском языке.

Позднее выяснилось, что он закончил вуз в Алматы, работает в казахской редакции. Сразу стало понятно, что это очень грамотный, хорошо подготовленный специалист.

Потом наша связь на долгие годы были прервана. Я уходила в декрет, сидела с маленькими детьми. Позднее деловые, рабочие связи возобновились. Я стала работать зам. председателя горисполкома, а затем около 14 лет 1-ым секретарем Кировского райкома партии. Он многие годы был секретарем пар-

тийной организации газеты «Ленин туы». Мы часто встречались на совещаниях, он уже тогда работал зам. редактора и вместо редактора был на совещаниях.

Вспоминаются очень трудные годы для газеты. Старшее поколение сотрудников, наверное, помнят, что газета была на грани закрытия.

В эти годы Б. Мустафин как секретарь партийной организации многое сделал. Он всех нас постоянно мобилизовывал на помощь газете в период подписки. А помощь наша заключалось в том, что мы собирали руководителей, секретарей партийных, комсомольских организаций, профсоюзных комитетов, чтобы они вели разъяснительную работу.

Многие, особенно молодежь, мотивировали отказ от подписки тем, что они не умеют читать и не понимают, о чем читают.

Поэтому уже в те годы для казахов, которые не умели говорить и читать на казахском языке, рекомендовали организовывать кружки по изучению казахского языка. И мы из года в год добивались, чтобы подписчиков становилось больше и газете не грозило закрытие. Такая разъяснительная работа проводилось каждый год перед подпиской, и в ней главную роль играл Бахыт Мустафин. Как секретарь партийной организации и зам. редактора он вел разъяснительную работу, говорил о перспективе газеты, просил писать и давать свои предложения по улучшению содержания газеты.

Я лично очень благодарна Бахыту Мустафину, потому что он подробно, хорошо освещал работу молодых, вновь созданных Кировского и Куйбышевского районов, тогда очень сильно было соперничество, соревнование между районами. Район несколько раз завоевывал знамена ЦК Компартии Казахстана, Совмина. Тогда обо мне, как о первом секретаре, писал Бахыт Мустафин в журнале «Қазақстан әйелдері» и других газетах и журналах.

Очень высоко ценил его Галымжан Нургалиевич. Его часто просили написать в газету о тех или других событиях в области, городе, институте. Я сама не могла обходиться без этой газеты, узнавала о замечательных людях, делах прошлого и настоящего.

И еще хочу сказать слово благодарности Бахыту Мустафину. На мое семидесятилетие он вместе с инициативной группой моих коллег и друзей сделали приятный подарок, издав небольшую брошюру «Жизнь прожита не зря».

Так вот, когда на очередной день рождения собрались друзья-коллеги, я показала эту книгу. Честно говоря, я была рада.

Друзья, посмотрев, шутя сказали: «На Ваш юбилей мы подарим такую же книжку о Вас». Пошутили и все забыли. Но нет, верные своему слову, друзья вспомнили. В это время я жила у дочери в Караганде, мне позвонили и попросили альбом, который тоже был издан на 60-летие, назвали этот альбом «Память сердца». И все, в основном, выступления на 60-летие, все поздравления были помещены в этот альбом. Почему я так подробно об этом пишу? Этой брошюры не было бы, если бы не Бахыт Мустафин. По моей просьбе отредактировал, эта брошюра вышла по его редакторством. Спасибо, это память о тебе.

А еще он поместил статью обо мне в своей книге «Таза көңіл», одной из немногих женщин среди уважаемых аксакалов.

Пусть земля тебе будет пухом. И если есть на том свете рай – ты обязательно будешь там, потому что у тебя такое большое и доброе сердце, что оно вместило все.

Мы помним твою нежную улыбку, никогда не видели тебя суровым, никогда ты никому ни в чем не отказывал. Поэтому-то, наверное, сердце твое от большой нагрузки и не выдержало.

Оразбике САКТАГАНОВА.

ОЛ КӨҢІЛІ ТАЗА ЖАЗУШЫ ЕДІ

Өлді деуге сыя ма, ойлаңдаршы,
Өлмейтұғын артына соз қалдырған?
Абай

Мен белгілі журналист, жазушы Бақыт Мұстафиннің «Ленин туы» газетінде шығып тұрған мақалалары мен очерктерін сонау 60-шы жылдары Сергеев ауданындағы Городецк орта мектебінің директоры болып істеп жүрген кезде-ақ оқитынмын. Оның туындылары маған нақтылығымен және көркем тілімен ұнайтын. Бақыттың өзімен алғаш рет 1972 жылы жазда таныстым. Бұл кезде мен Қызылжар қаласына облыстық оқу бөлімі меңгерушісінің орынбасары болып қызметке ауысқан болатынмын. Сол кездесіп танысканда-ақ мен оның кішіпейілдігін, қарапайымдылығын ұнатып қалдым. Ол кезде Бақыт газеттің әдебиет бөлімін басқарады екен. Ол маған оқу-ағарту, мектептер жұмыстары жайлы мақала жазып тұруды ұсынды. Мен бұрында газетке әртүрлі тақырыпта мақала жазып тұратынмын. Енді облыс мектептерінің, оқу бөлімдерінің жұмыстары жайлы жазатын болдым. Ол мақалалар газет бетінде жарияланып отырды.

Сол жылдан бастап біз бір-бірімізбен жиі кездесіп, ой бөлісіп, әңгімелесіп жүрдік. Бақыт өте талантты журналист әрі жазушы еді. Оның әсіресе балалар мен жасөспірімдерге арнаған мақалалары, очерктері, әңгімелері аса қызғылықты болатын. Оның талай мақалалары мен әңгімелері балаларға арналған «Балдырған» журналында және Мәскеуде шығатын орыс тіліндегі журналдарда шығып тұрды. «Балдырған» журналы мен Қазақстан Жазушылар одағы жариялаған әдеби шығармашылық конкурстарда оның шығармалары бірнеше мәрте жүлделі орынға ие болды. Көптеген әңгімелері бірнеше жеке кітап болып Алматы баспаларынан шығып жарық көрді. Ол

кітаптарды мектеп оқушылары зор қызығушылықпен оқитын. Олардағы шығармалар жас ұрпақты адалдыққа, достыққа, еңбексүйгіштікке, отансүйгіштікке тәрбиелеуде таптырмайтын көмекші құрал болғандықтан бұл кітаптарды оқытушылар мен тәрбиешілер жиі пайдаланатын. Меніңше, бұл кітаптар қазір де өз құндылығын жойған жоқ. Оларды қазір де мектептер мен балабақшаларда пайдалану қажет. Әттең ол кітаптар бұл кезде азайып қалды. Көптеген мектептерде олар жоқ. Сондықтан оларды жинап, көп данамен қайта бастырып шығарған жөн болар еді. Олардың ата-аналарға да пайдасын тигізері сөзсіз.

Бақыт Мұстафин, әрине, тек қана балаларға арналған шығармалармен шектеліп қалған жоқ. Ол облыс аумағында болып жатқан күнделікті көкейтесті мәселелер жайында көптеген публицистикалық мақалалар жазды. Бақыт облыс көлемінен басқа аймақтарда да болып, олардан алған әсерлерін газет бетінде жариялап отырды. Бұған оның Алматыда, Мәскеуде, Свердлов, Тұмен, Омбы облыстарында, Түркістан қаласында болған сапарлары туралы жазған очерктері дәлел.

Бақыт Мұстафиннің атақты жерлес жазушыларымыз Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсірепов, Иван Шухов, Сафуан Шаймерденов, Ғалым Малдыбаевтармен кездескендері туралы бірсыпыра қызықты очерктер жариялағаны белгілі. Сонымен қатар ол облысымыздың белгілі айтыскер ақындары Игібай Әлібаев, Ахметжан Нұртазин, Уахит Темірбеков, Темірғали Хасенов, Кеңес Тынымбаев туралы және одан бергі Кәкімбек Салықов, Есләм Зікібаев, Жарасбай Нұрқанов, Ербол Шаймерденовтер туралы да мақалалар жазды.

Өңіріміздің мақтанышы Шал ақын, Қожаберген жырау, Сегіз серілер де оның қаламынан тыс қалған жоқ. Халқымыздың ұлы ақыны Мағжан Жұмабаев ақталғаннан кейін оның өмірі мен шығармашылығын зерттеп бірнеше мақала жазды. Әсіресе, Мағжанның 100 жылдық мерейтойы қарсаңында 1993 жылдың

маусым айының ортасында «Ленин туы» газетінің екі санында жарияланған «Мағжанның келіні» атты көлемді мақаласы өзінің деректілігімен жұрт көңілінен шықты.

Бақыт Мұстафин газет редакциясында 40 жылдан астам уақыт, оның ішінде 14 жыл бас редактор болып істегеннен кейін 2003 жылдың желтоқсан айында құрметті зейнеткерлікке шықты. Бірақ ол өзінің шығармашылық жұмысын тоқтатқан жоқ. Өзі қызмет атқарған «Солтүстік Қазақстанға» және орыс тілінде шығатын «Северный Казахстанға» мақалаларын жариялап тұрды. Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің Тіл және әдебиет институтындағы журналистік бөлімшенің студенттеріне дәріс оқып жергілікті журналистер дайындауға ат салысты. Өмірінің соңғы кезінде әр жылдары жазылып газет, журналдарда жарияланған таңдаулы очерктерін жинап, кейбіреуін қайта қарап толықтырып 2005 жылы «Таза көңіл» атты кітап етіп шығарды. Осы кітабының бір данасын типографиядан шыға салысымен маған сыйлаған еді. Оған былай деп қысқаша жазыпты: «Құрметті Қайреке! Ізгі тілекпен ескерткішке ұсынамын. Бақыт. 16 қыркүйек 2005 жыл. Қызылжар».

Осы кітаптың алғы сөзін де автор «Таза көңіл» деп атапты. Онда осы кітабы туралы былай депті:

«Еліміз егемендік алғаннан бері осы уақытқа дейін қаржы көмегімен демеп жіберер жанашырлар тапшылығынан жазғандарымды кітап етіп жарыққа шығара алмай шерменде болып жүріп, енді ғана очерктер жинағымды әзірлеп қойған едім. Мұндағы дүниеліктердің бәрі осы өңірдің тұлғалары туралы, олар кешегі аудан, кеңшар басшылары, әйгілі дикандар, бригадирлер, мұғалімдер, арасында бүгіннің нарық қағидасын жетік меңгерген қаһармандар бар. Қайсысының болсын: елін, жерін ойлаған асыл қасиеттері бүгінгі ұрпаққа үлгі-өнеге болсын деп ұсындым. Кешегі кеңестік кезеңде осы өңірдің бетке ұстары, айбын етері болған ерендерді бүгінгі күннің терең білімі мен ғаламат

техникасын мүлтіксіз меңгерген өрендерді көкіректің тұнығынан ескен таза көңілмен әңгіме етіп шерттім».

Бақыттың жазғандары ылғи заманның, өмірдің ағымына сәйкес келіп отырды. Ол аталған «Таза көңіл» кітабының алғы сөзінде бүгінгі жас ұрпақ туралы былай деп атап айтыпты:

«Жас толқын тастүлектер де бүгін нарық тетігінің зырқыраған доңғалағын ұршықтай үйіріп, білімімен, өнерімен, ізденісімен жедел меңгеріп, әлемдік деңгей, әлемдік стандарт биіктеріне құлаш сермеп талпынып жатыр. Бүгінгі өмір жасампаздық жемістерімен, жас жұлдыздарымен жайнап көрінері де кәміл. Ел-жұрттың көкірегіндегі үміті нық, көңілі таза. Ал таза көңілден тек жақсылық, бақыт нұры төгіледі». Міне, осылай ол кітаптың алғы сөзін оптимистік түрде аяқтайды. Осында өзі айтқандай, оның өзінің де «көңілі таза» еді. Оның ол таза көңілінен әлде де «тек жақсылық, бақыт нұры төгіліп» тұрғандай көрінеді маған. Ол бүгіндері арамызда жоқ болса да, оның артында қалған тамаша шығармалары өлмейді, олар қалың оқырмандарының көкейінде жүреді. Сондықтан ұлы Абайдың: «Өлді деуге сыя ма, ойландаршы, өлмейтұғын артына сөз қалдырған?» - деген даналық сөзі Бәкеңе де арналғандай дейміз.

Қайролла МҰҚАНОВ.

СЛОВО ЗЕМЛЯКА

Бахыт Муталлапович Мустафин – известный в области и республике журналист и писатель. Жизненный путь нашего земляка украшен благородным трудом на благо культуры и просвещения. Четырнадцать лет Б.Мустафин возглавлял редакционный комитет казахской областной газеты «Ленин туы» («Солтүстік Қазақстан»), публиковался в казахстанских

и всесоюзных журналах, выпустил шесть книг рассказов и очерков.

Значительная часть творческого наследия Б.Мустафина посвящена и адресована детям нашей страны. Ещё в начале XX века писателем и мыслителем М. Горьким были сформулированы цели детского воспитания: насыщение маленького человека знаниями о мире и о нем самом, формирование характера и воли, развитие способностей. Классик литературы выдвинул тезис: «Охрана детей – охрана культуры». И недаром на протяжении столетий писатели, творческие люди, вне зависимости от национальной принадлежности, всё лучшее от своего душевного жара и таланта отдавали детям – новому поколению, жителям будущего.

Над проблемами педагогики и нравственного воспитания трудились Л.Н.Толстой, К.Д.Ушинский, Абай Кунанбаев, И.Алтынсарин… Среди рекомендаций, высказанных детским писателям, особенно выделяются следующие: высокая художественность детской книги в сочетании с простотой и точностью, образностью языка; раскрытие характера героя через его поступки; народность; легкость и непосредственность повествования; концентрация на внутренней жизни ребёнка, формировании его личности под благотворным влиянием окружающих людей и обстоятельств. Чувствуется, что Б. Мустафин творчески, интуитивно сумел постичь непростую тайну воспитания.

Дети в его рассказах – живые, любознательные первооткрыватели мира, очаровывающие непосредственностью восприятия, искренностью первозданной веры в Добро. Б.Мустафин намеренно берёт бытовые, жизненные ситуации, в которых ярче всего проявляются особенности детской психологии. Например, герой рассказа «Поездка», мальчик по имени Саян, побывал в Москве и Ташкенте. Все называют Саяна

счастливцем, и только Самат по-детски отчаянно, до слез завидует однокласснику. Отец Самата обещает в следующий раз отправить его вместе с Саяном: ведь они друзья. И зависть уходит, Самат радостно улыбается сквозь слезы: «Правда? Тогда и я буду счастливым». Этот светлый финал, счастливое разрешение казалось бы маленького конфликта – свидетельство мастерства писателя, проникшего в заветы классиков педагогики.

Теме дружбы, ответственности за неё, уважения к людям посвящены многие детские рассказы Б.Мустафина. В рассказе «Акылбек» мальчику нужна помощь, чтобы посадить на дедушкиной грядке огурцы. Кого же попросить? Может быть, Есена? Но ведь Акылбек сам только вчера отказался помочь другу из-за телевизионной передачи. И между дедушкой и внуком происходит серьёзный разговор о том, что такое дружба, как важно для настоящего джигита умение заводить друзей и пользоваться уважением в народе. Если в предыдущем рассказе сомнения помогает разрешить отец героя, то здесь это вооруженный вековой мудростью аксакал. Доказательством того, что Акылбек понял суть своей ошибки, становится его решение самому справиться с работой, сделать доброе дело.

Рассказы Б.Мустафина – неоднократного лауреата премий республиканского детского журнала «Балдырган» – учат добру, честности перед людьми и ответственности. Замечательно, что истоки писательской этики кроются в народной традиции, народном зорком взгляде на мир, отсюда и несомненная художественная ценность, высокое воспитательное значение произведений Б.Мустафина. Кажущаяся простота рассказов – простота подлинной мудрости и человеколюбия.

Однако гуманизм и гражданственность присущи не только детским рассказам Б.Мустафина. В № 59 газеты «Солтустик Казакстан» от 21 мая 1997 г. была опубликована его статья под

названием «Уничтожено «шпионское гнездо». В год памяти и согласия Б.Мустафин рассказывает о жестоких потерях, понесенных редакцией газеты в мрачные годы репрессий. Автор приводит выдержки из показаний свидетелей и протоколов. Из-за случайных ошибок корректоров были расстреляны честные, мужественные люди: Сеилбек Усенов, Шайдулла Молдабеков, Абдулла Садвокасов. Публикация проникнута скорбью, и сама по себе она – документ, представленный на суд общественности.

Об искренности, публицистичности произведений нашего земляка писал Олжас Сулейменов, поздравляя его с юбилеем. Совсем немного не дожил до своего 70-летия Бахыт Муталлапович Мустафин. Сейчас мы с благодарностью, с глубоким уважением перечитываем оставленные им книги – Слово нашего талантливого земляка.

С.С. АГИБАЕВА,
кандидат философских наук
СКГУ им. М. Козыбаева.

АЛДЫҢҒЫ ТОЛҚЫН АҒАЛАР...

Ұлы данышпан Абай "Алдыңғы толқын ағалар, кейінгі толқын інілер" деп айтқандай қолына қалам ұстап, журналист сияқты қиындығы мен қызығы мол кәсіптің иелері арасында бір отбасының немесе ағайындардың ғана емес, дүйім елдің ардақтысына айналған, өмір жолы, игілікті істері кейінгі ұрпаққа үлгі-өнеге боларлық азаматтар арамызда болған және бола береді.

Мұндай абзал азаматтар бүгіндері тоқсан жылға таяу тарихы бар өңіріміздегі бірден-бір мемлекеттік тілдегі басылым,

қазақ баспасөзіндегі қарашаңырақтың бірі – "Солтүстік Қазақстан" газетінде бір төбе десек артық айтқандық бола қоймас. Өткен ғасырдың сонау аласапыран жиырмасыншы жылдары "Кедей сөзі" деген атаумен алғашқы саны жарық көрген газетімізде қазақтың ақиық ақыны Мағжан Жұмабаевтан, жерлес академик-жазушы Сәбит Мұқановтан бастап халқымыздың небір аяулы азаматтарының қолтаңбасы қалған. Солардың ішінде есімі облысымызға ғана емес, еліміздің бірқатар өңіріне мәлім жазушы-журналист Бақыт Мұстафиннің алатын өз орны бар.

Менің Бәкеңмен сырттай таныстығым өткен ғасырдың алпысыншы жылдары басталды. Ол кезде мен мойнына алқызыл галстук тақкан Ленин (қазіргі Есіл) ауданындағы Бұлақ орта мектебінің пионер оқушысымын. Сыныпта белсенді әрі озат оқушы болғандықтан пионер ұйымын басқару маған тапсырылған болатын. Бала көңілдің әр нәрсеге әуес болатын әлмисақтан белгілі ғой, науқан кезінде мерзімді газет-журналдарға жазылуға белсене қатысатынбыз. Онда әр отбасы облыстық "Ленин туы", аудандық "Ишим", балалардың "Қазақстан пионері" газеттерінен бастап онға жуық басылымдарды үйлеріне жаздырып алдыратын. Біз де өзіміздің жиған тиын-тебенімізді қосып, үйдегілерді үгіттеп көптеп жазылуға тырысатынбыз.

Әлі есімде, почта таситын Сапура апайымыз күн сайын сабақ арасындағы үзілісте мектепке сомкесін сықия толтырып әкеліп, газет-журналдарды тарататын. Өйткені үй-үйді аралап жүргенше мектепке келіп, газет-журналдарды тарату анағұрлым жеңіл ғой. Мұғалімдер де, оқушылар да жапатармағай өздерінің газет-журналдарын бір жерден алатын.

Алтыншы сыныпта оқып жүргенде қолыма қалам алып, мектеп өмірі хақында республикалық "Қазақстан пионері" газетіне мақала жаза бастадым. Марқұм әкем Ғазез (ол орта мектепте тарих пәнінен сабақ беретін) менің бұл ұмтылысыма әрқашан қолдау көрсетіп отырды. Ол газеттерді үзбей оқып

отыруға, онда жарық көрген мақалаларды зейін қоя зерделеуге үйретті.

– Облыстық "Ленин туы" газетінде жұмыс істейтін Бақыт Мұстафин деген тілші біздің жерлесіміз болады. Өте жақсы жазады. Содан үйренуге болады, – деп әкем бірде ақыл-кеңес берді.

Онсыз да қолға тиген газет-журналдардағы мақалаларды қалт жібермейтін басым Бәкеңнің жерлес екенін білгеннен кейін оның мақалаларын газеттен қиып алып та жүрдім. Сөйтіп Бәкең менің өміріме алғаш рет сырттай ұстаз ретінде кірді деп ойлаймын.

Бұлақ орта мектебінде қазақ тілі мен әдебиетінен дәріс беретін жездем Сәркен Құлмағамбетов те менің жазуға епті бейімім бар екенін байқаған соң қажет жерінде көмектесіп жүрді. Ол Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетіне түсіп, кейін отбасы жағдайына байланысты оның филология факультетін сырттай оқып бітірген. Марқұм жездем де газет-журналдарға мақала жазып тұратын, кейін атақты Үкілі Ыбырайдың өмірі мен шығармашылығын зерттей жүріп "Қайран, Гәкку!?.." атты кітап жазды.

Бәкеңмен мен алғаш рет жездем Сәркен мен нағашы апам Күлбаршынның үйінде кездестім. Біздің ауылға күзгі орақ науқаны кезінде іссапарға келген Бәкең ол кездері орда бұзар отыздың маңындағы жігіт. Орта бойлы, ашық жүзді, қағылез денелі Бәкең мектеп оқушысы менімен тең адамдай сөйлесіп, өзінің біраз ақыл-кеңестерін айтты. Мақала жазудың ерекшеліктерін, факті жинаудың жолдарын түсіндірді. Кез келген мақаланың "Не? Қайда? Қашан?" деген сауалдарға жауап беру қажеттігін ескертті. Бәкеңмен сол алғашқы кездесуден кейін "журналист боламын" деген арман бойыма берік орнады.

Алайда өмірдің өз заңы бар екен. Орта мектепті үздік бітірген соң журналист боламын деген оймен Алматы кала-

сына сапар шеккен едім. Астананың таулы климаты денсаулығыма жақпағандықтан Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетіне тапсырған құжаттарымды қабылдау емтиханы басталмастан қайтып алып, туған ауылыма оралдым. Сол жылы Петропавл педагогика институты физика-математика факультетінің студенті атандым. Студент жылдарымда да, кейіннен Ақтас сегізжылдық мектебінде физика пәнінен сабақ бергенде де, Мәскеу аудандық партия комитетінде қызмет істегенде де редакциямен байланысымды үзген жоқпын. Редакциядағы Бәкеңмен, осы жылдар ішінде жақсы танысып үлгерген ағаларыммен жиі кездесіп тұрдым.

Осыдан ширек ғасыр бұрын, ягни 1982 жылы Кеңес армиясы қатарындағы әскери борышымды өтегеннен кейін бала кезімдегі арманымды жүзеге асырып, облыстық "Ленин туы" газетіне әдеби қызметкер болып орналастым. Содан жиырма жылдай Бәкеңмен бірге әріптес ретінде жұмыс істеп, оны жазушы-журналист, жаны адал азамат ретінде жақсы танидым.

Бәкең газет ісінің ыстығы мен суығына төзіп, қарымды қаламымен оқырман қауымның сүйіктісіне айналған қаламгерлердің бірі бола білді. Ол редакцияда қатардағы тілшіден бас редакторға дейінгі өсу жолымен өтті. Оның барлық шығармашылық жолы оқырмандардың көз алдында өтті десек артық айтқандық бола қоймас. Мені Бәкеңнің еңбексүйгіштігі таң қалдырушы еді. Кезекті іссапардан яки жиналыстан үйіне қашан кешігіп келсе де таңертең соның материалдарын маржандай тізілген ұсақ әріптермен жазып әкеліп, машинкаға басуға тапсыратын. Кей күндері тіпті өзі газеттің бір-екі бетін толтырып та жіберетін.

Бәкеңнің тағы бір қыры – жазушылық қасиеті еді. Күйбең тіршілігі көп газет шығару ісіне қарамастан ол шығармашылықпен айналысуды әсте естен шығарған жоқ. Және де ол екінің бірі қалам тербемейтін балалар әдебиетін өміріне серік етті. Сырт

қараған көзге оңай көрінуі ықтимал балаларға арналған туынды жазу үшін ең алдымен олардың жан-дүниесін түсіне білу қажет. Әрқашан адалдықты, кішіпейілдікті, өз ісіне беріл-гендікті өміріне ту етіп ұстаған Бәкең кішкентай оқырмандар үшін тер төге білді. Жазушы-журналистің балдырғандарға арнап жазған оншақты кітабы соның айқын айғағы. Ал оның облысы-мызға, елімізге танымал тұлғалар, қарапайым жұмысшыдан бас-тап ірі басшыға дейін қалам тербеген туындылары егемен елі-міздің, өніріміздің тарихына қосылған үлес деп бағалауымыз қажет.

Бақыт Мұстафин өмірінің соңғы жылдары академик М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінде болашақ журналистерге дәріс берді. Қолынан қаламы түспеген күйде кенеттен мәңгілік сапарға аттанды. Оның есімі өніріміздегі бірнеше ұрпақ журналистердің есінде ұстаз, жазушы-журналист, ең бастысы жаны жайсаң азамат ретінде сақталары сөзсіз.

Зарап ҚҰСАЙЫНОВ,
«Қызылжар нұры» газетінің редакторы.

ЖАНЫ ЖАЙСАҢ ЖАН

Жақсылар «жақсымын» деп айта алмайды.
Жамандар «жақсымын» деп айқайлайды.
Жүрген соң ағаларды күнде көріп,
Таулардың биіктігі байқалмайды.

Бақыт Мұстафин публицист, жазушы, қоғам қайраткері, көпшілікке сүйікімді, жан-жүрегі адал, тынымсыз еңбек еткен азамат еді.

Бақыт ағаны мен М. Қозыбаев атындағы СҚМУ-дың жур-

налистика бөліміне оқытушы болып келгеннен бері жақынырақ тани түстім. Таныған сайын таңдана түскенім де рас. Өйткені, ағай мінезге өте бай, қарапайым, өте кішіпейіл еді. Кез-келген уақытта өз жағдайымен санаспастан көмекке келетін қайырымды жан ретінде таныдым. Тұла бойынан жоғары мәдениеттіліктің, биік адамгершіліктің белгісі үнемі сезіліп тұратын. Екі сөйлеп, жалпақтау ол кісінің табиғатына жат еді. Сирек кездесетін зиялылардың қатарында болды десек қателеспейміз.

Біздер үшін, қазақ филологиясы қафедрасының оқытушылары мен студенттері үшін Бақыт ағаның орны бөлек еді. Осы күндері мағынасы терең, мәні қымбат ақыл-кеңестері мен әңгімелерін сағынып жүрген жайымыз бар. Қызмет бабымен күнде араласып жүрген Бақыт ағаның оқу ісіне деген үлкен жауапкершілігі, іскерлігі мен тиянақтылығы бәрімізге үлгі болатын. Студенттерге де ол кісінің жан-жақты білімі, ойының ұшқырлығы, қаламының жүйріктігі үлгі-өнеге болды және де олар тәжірибелі ұстаздан білім алғандарын мақтан етеді.

Бақыт Мұстафиннің жеке басының асыл қасиеттері оның талантты публицист, шешен тілді жазушы болып қалыптасуына өз әсерін тигізбей қойған жоқ.

Мерзімді баспасөзде қалам қарымын көрсетіп, публицистика жанрларын түрлендіріп, оның көркемдік деңгейін көтере түскен қаламгер. Солтүстік Қазақстан өңірінің облыстық газетінің үздіксіз жарыққа шығып отыруына, тоқырау жылдары тоқтап қалмауына бар күш-жігерін жұмсаған. Ұзақ жылдар бойы облыстық газеттің бас редакторы болып қызмет істегені де көпшілікке аян. Сондықтан баспасөз тарихында айшықты қолтаңбасын қалдырған қаламгердің еңбектері - бүгінгі жас қаламгерлер үшін сабақ аларлық шеберлік мектебі. Бақыт аға өмір бойы халыққа қызмет етіп келді. Себебі, Ахмет Байтұрсыновтың сөзімен айтар болсақ: «газет - халықтың көзі, құлағы һәм тілі. Адамға көз, құлақ, тіл қандай керек болса, халыққа

газет сондай керек». Олай болса Бақыт Мұстафин де жұртқа қалтқысыз еңбек етті, газет арқылы халықтың сөзін сөйлеп, пайдасын қорғап қызмет қылды.

Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Бақыт Мұстафиннің «Адам көркі еңбек», «Досыңды шақыр», «Тәтті сәбіз», «Жайнаған жер», «Диқан жолы» деген сияқты еңбектері жарыққа шығып, оқырмандарының ыстық ілтипатына ие болды. Бүгінгі күннің өзінде балаларға арналған көркем әңгімелердің аз екендігін байқап, өзекті тақырыпқа қалам сілтеген өзіндік сөз өрнегі бар әдебиетші. Бұған қоса, очерк, эсселер мен естеліктер жазудың да ерекше шебері еді. Бұл бағыттағы «Таза көңіл» атты тағылымды кітабы өмірінің соңғы жылдары жарық көріп, оқырмандарының қолына тиген болатын. Өңіріміздің адал да еңбеккор азаматтары жайлы сыр шерткен көлемді туындылар жазуы Бақыт ағаның таза көңілін бір танытса, екіншіден, халық құрметтеген жандарды оның да қадірлейтіндігін, оның үстіне, сол ардақты азаматтарды жастарға үлгі етіп ұсынудағы ақ ниетін байқатады.

Бақыт Мұстафиннің журналистік қызметін, публицистикалық шығармашылығын зерттеу, ғылыми тұрғыда сараптап, талдау келешек ұрпақтың міндеті.

Зымырап күндер, жылжып жылдар өтер. Бірақ қанша уақыт өтсе де, Бақыт ағайдың жарқын бейнесі жүрегімізде мәңгі сақталады. Сол үшін де, біз, институт оқытушылары мен студенттер ұжымы, Бақыт аға рухына бас иіп, тағзым етеміз!

Жанар ТАЛАСПАЕВА,
Тіл және әдебиет институтының директоры,
филология ғылымдарының
кандидаты, доцент.

БІЗДІҢ БАҚЫТ АҒАЙ

Өткен жылдың қыркүйек айы болатын. Көкшетаудағы туысқандарымыздың ұлы үйленіп, тойында болдық.

Келген қонақтардың кейбіреулерімен танысып, енді біреулерін танып, жақындап сәлем бердім. Жасы алпыстан асқан, орта бойлы, салқын жүзді ер адамды мен ғана емес, көпшілігі танып жатыр. Ол – Көкшетаудағы журналист ағамыз Сайлау Көшкенов еді.

- Қай елден боласың? - деп сұрады. Мен туған елімді айтып, одан келген жерімді айтқанда.

- Е, Қызылжар елінен келген екенсің ғой?

Бақыт Мұстафинді білесің бе? – деді.

- Ол біздің ағайымыз ғой! – деп қуана жауап бердім.

Мүмкін, Бақыт ағайды білгеніме ме, әлде Бақыт ағайды біліп, сұрап жатқанына ма? Неліктен екенін білмедім. Онымен қоймай, Бақыт ағайдың университетте студенттерге дәріс оқып жүргенін, бірге жұмыс істеп жатқанымды айтып, мақтанып та қойдым. Сайлау ағай Бақыт ағайды көптен білетінін айтып, әріптес ретінде: Ағайларың көп біледі, сұрай беріңдер, – деп кеңес те беріп қойды. Солай Бақыт ағаймен бірге болған кездерін әңгімелеп, «Бақытқа менен сәлем айт», - деп сәлем жолдаған еді.

Окінішке орай, әріптес «сәлемі» иесіне жетпей, кешігіп қалды.

Жылда өткізілетін «Тілдер фестивалі» апталығы бұл жолы да ұйымдастырылып, әр түрлі шараларда Бақыт ағаймен күнде кездесіп отырдық. Жұма күні апталықтың соңғы күні еді. №354 дәрісханада оқытушылар мен студенттер жайғасып отырған. Апталыққа белсенді қатысқан студенттер мен топтар марапатталды. Содан соң Бақыт ағайға сөз берілді. Тақтаның алдына жайлап басып, сөзін бастаған жылы жүзді адамның келбеті әлі көз алдымызда. Бұл ағайымызбен өткізген соңғы «Тілдер

апталығы» еді. Сол күнікафедрамыздың оқытушысына:

- Гүлфайраз, мына берген қағаздарыңды әкелдім. Екінші бетінде телефон нөмірлері бар екен. Керек болған шығар деп, әкелгенше асықтым, рахмет - деп, 4-5 қағазды беріп жатқанын да байқап қалдым.

Иә, араға бір күнді салып Көкшетаудан келсек, Бақыт ағайымыз о дүниелік болып кете барған екен. Міне, биылғы оқу жылы да басталып кетті. Университетіміздің 70 жылдығына дайындық қызу жүріп жатыр. «Тілдер фестивалі» апталығы жылдағыдай ұйымдастырылып, студенттер білімдері мен өнерлерін көрсетіп, қуантуда. Бір ғана өкініштісі – туған тіліміздің мәртебесі жайлы өктем-өктем ой айтатын Бақыт ағайдың дауысын бұл жолы ести алмадық. Бірақ, «Еленген естен кетпес» демекші, оқытушылар да, студенттер де Бақыт ағайды ұмытпай, еске алдық. Өйткені Бақыт ағай біз үшін ұстаз және, ең бастысы, адамгершілікті биік ұстаған дархан жүректі, сыйлы да қадірлі азамат болып қалмақ.

Ж. Т. ҚАДЫРОВ,
қазақ филологиясы кафедрасының меңгерушісі,
филология ғылымдарының
кандидаты, доцент.

ЖАРҚЫН БЕЙНЕСІ ЖАДЫМЫЗДА

Өзің жақсы көріп сыйласқан адамның артынан естелік жазу деген мен үшін қиын нәрсе. Оның үстіне ол адамың шығармашылық жағынан әріптес, әрі қызметтес болса. Кеше ғана бұл дүниеден өтіп, енді естелік кейіпкері болуға айналған Бақыт досымыздың күлімсіреген бейнесі, жәудіреген бота көздері дәл қазір көз алдыма келіп тұр. Жасы біраз үлкен болса да, құр-

быдай сырласып, мұң бөлісетін мұндай азаматты көп жасайтын шығар деп ойлаушы едім. Мінезі жақсы, жақсы болғанда, кәдімгі екінің бірінің басына бұйырмайтын, тіпті ер азаматқа сирек қонатын сынық та, сыпайы мінезді жігіт еді ғой. Бәлкім біреулер Бақыттың ерекше мінезін жаратылғаннан жасық туған деп ойлауы да мүмкін. Жоқ, Бақыттың мінезі тәрбиемен келген, өмірден өз орнын тартыс-таласпен емес, шынайы еңбекпен, талантпен ғана табатын өнерлі, сол өнері өзінің болмысын айқындаған тәртіпті азаматтың тәлімді өнегесі десе болғандай. Адам баласына тіке қарамай-ақ, жасы кішіге деген ізетін, үлкенге сыйластығын тауыспай өмірден өзіне лайық үлес еншіледі. Әлдекімдердей бастықпын деп бақырмай, әкімшілік билігім бар деп әкіреңдемей, әркімді өз құдайына тапсырып, арына жүгіндіріп көп жыл жұмыс істеді. «Жұмыс істеді» деген сөзді журналист қауымға қолдансаңыз, оның ішінде Бақыт сияқты, қызметін қазып атқаратын кәсібіне адал азаматтың еңбек жолы журналистиканың жан жейтін сан қырлы, әр салалы қиын да қызықты ұзақ сапар еді. Сол сапардан сыр бермей өтті, әуелден өзі қалап алған кәсібін жалған дүниенің ұсақ-түйек тірлігіне айырбастамай, нағыз қалам қайраткері ретінде қары талмай, ой қуаты ортаймай өтті.

«Солтүстік Қазақстан» газетінің 85 жылғы тарихында уақыты жағынан ұзақ, көлемі жағынан құшаққа симайтын үлкен еңбек жасаған бірден-бір қара жұмыскері, шабытты шығармашылық тұлғасы, редакция жұмысын ұйымдастырушысы Бақыт Мұстафин еді, бұған аруақтар да, қазіргі көзі тірілері де таласа алмайды. Табан аудармай, бір орында қырық бес жыл журналист болу - әркімнің қолынан келе бермейді. Бүкіл өмірін арнаған қара шаңырақтың абыройына кір келтірмей, жыл сайын, ай сайын, күн сайын өсіп, өзін өзі камшылап, қайратын жаныш, денсаулығын сарқып беріп, дүниеден өтті.

Зейнеткерлікке шыққаннан кейін сол редакциясында кіші-

гірім қызмет атқарып, қаламдас іні-қарындастарының ортасында жүре бергісі келгені рас еді. «Үйде отыра алмаймын ғой, біздің кәсіп сондай, газеттің бояуын иіскемесек басымыз ауыратын пендеміз ғой», деп сырын айтатын. Оның үстіне әр қайсысын өзі жөргектен көтеріп, аузын үріп, аяғын сыпырған, әліп танытып, қолына қалам ұстатқан жасы кіші әріптестеріне сенген еді. Ақсақал ретінде ұжымға көрік болып, ақылшы болып отырғанда қандай жарасатын еді. Әрбір еңбек ардагерінің арманы ғой...

Бірақ, олай болмады. Сыр білдірмей жүрсе де, сыртынан сездік, «өзі болған» жігіттері өзектен тепкендей етті, кәдімгідей шеттетіп, қағажу көрсетті. Күндердің күнінде маған, кабинетке келді. Әзілдеспек болдым. Бірақ Бақыттың қабағы сынық. Сөз арасында: «Иә, редакциядамын. Бір бұрышқа отырғызып қойды. Телефоным да жоқ. Аударма, хат қорыту сияқты шұқыма, мазасыз бірдеңелерді берді», деді баяу ғана. Әдетте кез келген жанға шағына бермейтін, басындағы ауыртпалықты айта бермейтін әріптес досымыздың қазіргі жағдайы мәз емес-ау, деген ой келді де: «Осында, кафедраға келіп оқытушы бол. Сағат табылады. Әрі жас шәкірттермен араласып, өзің де жасарып кетесің. Редакцияны қайтесің, қажыдың ғой», дедім. Мен бірден осылай айта қояды деп ойламаған болуы керек. Және өзі сұрамай тұрып, алдын орап ұсыныс бергенімді тосын көріп қалды. Жымия, күле сөйлеп: «Менен қандай оқытушы шығады. Және кім жұмысқа алады, шал болдық қой», деп рахметін айтты.

Мен қоймадым. Көп жылғы тәжірибесі, қарымды қалам қайраты, көргені-білгені көп мұндай маман болашақ журналистер дайындайтын университет үшін шынында ат басындай алтын дерлік олжа еді. Тыңдады, көнді.

Университет ұстазы болған соң, әдістемелік, нұсқаулық оқу-құралдарын, көмекші құралдар жазуы керек. Осыған байланысты Бақытқа газет жанрлары туралы, оның әліппесі хабар

жанрлары туралы жазуды тапсырдым. Қуана кірісті. Екі-үш күннен кейін-ақ жазғандарын әкеліп көрсете бастады...

Жалпы қазақ журналистерінің аға буынының жөні бір басқа, олар аз болды да, бірін-бірі қиырдан таныды. Ал, орта буын да сондай еді. Тізе қосып бірге жұмыс істемесек те мен Бақыт Мұстафин деген журналисті бұрыннан білетін едім. 2000 жылдың күзінде Қызылжар жеріне табаным тигеннен кейін, ертеңіндеақ қазақ газетінің редакциясына бардым. Журналистерге сәлем бердім. Сөйтсем, менің түсімді танитын Болат, атымды естіген Тоқтар бар екен, ал, Бақыт сырттай жақсы білетін болып шықты. Сол күннен бастап, қазақтың тілінің, салты мен санасының ордасы, қазақ тілінде әңгімелесетін қызметкерлері бар жалғыз мекеме «Солтүстік Қазақстан» газетінің редакциясымен байланысымыз нығайды.

Қазақ айтады: «Тірісінде сыйласпай, өлгеннен соң жыласқанның көзі шықсын». Тәубә, тірімізде сыйластық, көзі жоқ болса да, жарқын бейнесі жадымызда. Еске алып жүретін шәкірттері бар. Ол да бір арман екен. Екінің бірінің қолы жете бермейтін игілік екен.

Зарқын ТАЙШЫБАЙ,
СҚМУ профессоры, Қазақстан Республикасы
білім беру ісінің құрметті қызметкері.

ЖАҚСЫ АДАМ - ТӘҢІРДІҢ НҰРЫ

Кеше ғана жадырап, жанымыздың жүрек төңірегінде ізгілік нұрын шашып, сыршыл асыл мінезімен жарқылдап жүрген ағамыз Бақыт Мүтәллапұлы туралы бүгін міне, естелік жазуға тура келіп отыр. Жарық дүниеден өткеніне де бір жыл болды. Марқұмның жарқын бейнесі санадан, жүректен, көңілден кетер емес.

Мен ол кісімен қалай таныстым. Журналистикадағы тырнақалды үш-төрт мақалам «Солтүстік Қазақстан» газетінде жарық көрді. Тағы бірде мақаламды әкеп тастайын деп Өмір Есқалиға телефон шалдым.

- Хал қалай? Асығыс едім жиналысқа кетіп барамын, қашан, қай уақытта редакцияға келе аласың? Мен сені бас редактормен таныстырайын деп едім, - деді.

Ол кезде редакция Қазақстан Конституциясы көшесіндегі төрт қабатты ғимаратта орналасқан. Алғашқыда мен ол кісіні редактор деп ойлаған жоқпын. Редакцияның есігін ашып мені өткізіп, соңымнан баспалдақпен баяу көтеріліп оң жақ есікке кірді. Мен жылдам басып сол жақтағы Өмір Есқалидің бөлмесіне кірдім. Ол кісі (онда компьютер жоқ) машинкасын тоқылдатып мақаласын теріп отыр. Есіктен біреу кіргенін сезіп, бұрылды.

- Тыныс сенбісің? Қазір мен Бәкең келді ме, біліп келейін деп шығып кетті. Тез оралды. Жүр, деп мені бас редакторға ертіп келді. Кабинетіне жүрексініп кіріп едім оным бекер екен. Ағаның алды кең болып шықты. Биязы, жібек мінезді жайдары кісі екен жылы қабылдады.

Өмір аға кірген бойда: мына бала ғой мен айтып жүрген. Тәрбиелеп жіберсе, жақсы журналист шығады. Мақалаларын оқып баспаға әзірлеп беріп жүрмін. Қалам-қарымы жаман емес,- деді де ал, өздеріңіз сөйлесе беріңіздер, мен номірге материал дайындап жатырмын деп, дереу шығып кетті.

Мақаланың ой-тұйқы жерлерін, кесіп-пішіп өңдеп жатса да, Өмекең тарыдай нәрсені таудай етіп мақтап, әсірелеп қоюшы еді. Әйтпесе, тауды төңкеріп тастаған ештеңеміз жоқ. «Журналист творчестволың адамы. Мәңгі ойда жүру керек» дейді. Өзі орайы келген тақырыпты сұхбаттасатын адамның аты-жөнін, телефонын, мекен-жайын қолынан білегіне дейін жазып алады да, кабинетіне келгеннен кейін қолын бұрап теріп жазып отырады.

Бақыт ағай екеуміз біраз әңгімелестік. Қайдан, неге келгенімді сұрастырды. Мақаламды оқып, Өмірге сені осында алып кел таныстыр деген едім. Өзің сияқты жастардың мақала жазып жүрганына қуанамыз,- деді. Менің биыл журналистика мамандығы бойынша оқу бітіретінімді естігенде ол кісі күлді: «Мен сені мектеп оқушысы екен десем...». Оқу бітіргеннен кейін бізге кел. Бақыт ағамен алғашқы таныстық міне, осылай болды.

Ол кісімен редакцияда екі жыл қызметтес болдым. Ол кісіні мен «редактор ағай» дейтінмін. Ол кезде редакцияның творчестволық құрамын толықтыру оңай іс емес еді. Бақыт Мүтәлапұлы «Солтүстік Қазақстан» газетінде 15 жыл редактор болған екен. Бұл газет шежіресіндегі бір ірі кезең. Себебі газет кеңестік кезеңнен егемен елдің тәуелсіз басылымы болып дара да даңғыл жолға түсті. Бұл уақытты басылымның үлкен өсу-өрлеу жолы деуге болады.

Бірде Қазақстан Конституциясы көшесінде кездесіп қалдық. Қалыңыз қалай ағай? деп, күлімсіреп амандасып едім, ол кісі маған ондай ниет қыла қойған жоқ.

- Мен редакциядан кеттім.

- Неге..?

Біраз үндемей, тұнжырап тұрды да: «Күшік асырап ит еттім, ол өзімді қапты» дегенді білесің бе? –деді, ақырын ғана тағы не айтар дегендей жүзіне қарайладым. Үндемей өз жолымен кете берді. Жаңа басшылар тарапынан кеткен нақ осы бір өрескел қателік Бәкеңнің сәби жүрегін тілгілеп қақ айырып түскен еді. Әділдік іздеген әрекеті сәтсіздікке ұшырады.

Бәкеңнің мазасызданған көнілі біршама жайланғандай болып, қызметтік парыз-міндетіне кірісті. Әлдекімге күптенгендей бірақ, онысын тынымсыз жұмыспен ұмытқысы келгендей жүрегін. Кафедрада маған әзілдеп «мен саған үйретуші едім, енді сен маған үйретететін болдың» деп оқу бағдарламасының жасалу жоспары, мақсат-міндеттері туралы сұрайтын.

Әредік әзілдеп ағайға «соңғы пар ғой қайтарып жібермейсіз бе? Сізді ешкім тексермейді» дейтінбіз, ондайда биязы мінезді Бәкең сабырлы үнмен:

- Қой, ұят қой.

- Ой, кімнен ұят, ешкім білмейді деймін.

- Мен үлкен адаммын сендер жассыңдар, бәрі жарасады дейді. Сендерге дегені Ерлан Тоқшылық екеумізді меңзегені. Шәкірт тәрбиелеу жолында ағаның аянып қалмағаны әмбеге аян. Ол кісі бауырмал, әйтсе де әлдекімдердей рушылдық, жершілдік «ауруы» дегенді білмейтін. Сабырлы да текті адам. Келбетінен мейірім төгіліп тұратын. Тұлға, интеллект, ақыл парасат иесі, сондай-ақ болар.

Мен ол кісімен әңгіме барысында очерк жанрының тілдік, стильдік ерекшеліктері сондай-ақ, тарихта аты қалған туған жердің тұлғалары туралы сұрасам, шешіле сөйлейтін. «Біздің Қызылжар талай дарынды дүниеге әкелген қасиетті жер. Әттең, кезінде ғылыми-мәдени орта қалыптаса қоймағаннан кейін көптеген ғалымдарымыз Алматыға кетіп қалды». Бақыт Мүтәллапұлы облысымызда болып жатқан оқиғаларға үн қатып, қоғамдағы әлеуметтік жағдайларға байланысты салиқалы да білікті ой-пікірін ортаға салып отыратын.

Бәкеңнің журналистер үшін, мен үшін орны бөлек. Кеменгер ойдың слшісі, көркем сөздің хас шебері еді. Бақыт Мүтәллапұлы азаматтық, адамгершілік, жақсылық жасауға құштарлық, сабырлылық, биязы қарапайым асыл мінезімен ерекшеленіп тұратын. Журналистерге қамқорлығы, қажет кезінде көмегін беруі, әсіресе, жастарға бағыт-бағдар, жол көрсетіп қамқорлық жасауы ана сүтімен дарып, ата қанымен сіңген асыл қасиеттерінің бірі еді. Бақыт Мүтәллапұлының баспасөз тарихынан болашақта өзінің орнын табары даусыз. Жаны жайсаң, көңілі дархан, жарқыраған нұрлы жүзі бойына құйып қойған мүсіндей еді. Тіл қуаты жүйрік, ой-өрісі шексіз.

Таңертеңгі мезгіл еді. Бақыт Мүтәллапұлының дүниеден өтіпті деп естідік. Журналисті жерлейтін сәттің соңғы сағаты. Бақыт Мүтәллапұлының табытының басында соңғы рет қош айтыстым.

Биыл Бақыт Мұстафиннің туғанына 70 жыл толмақ. Соған байланысты өзі қызмет еткен қазақ филологиясы кафедрасының ұжымы және болашақ журналистердің ұйымдастырумен желтоқсан айында «Бақыт Мұстафин – көсемсөз шебері» деген тақырыпта әдеби-танымдық сазды кеш өткізуді жоспарлап отырмыз.

Бәкеңнің өмірі небәрі 69 жылмен шектелсе де, кейінгі ғұмыры туған халқымен мәңгі бірге жасамақ. Бәкең ғұмыры – қазақ зиялыларының ғұмыры. Жүйткіп жыл артынан жыл өтер, уақыт керуені тоқтаусыз ілгері аса берер. Бәкеңнің ардақты есімі болса, талай-талай ұрпақтың жадында сақталар да жатталар.

Бұл басылым Бақыт Мүтәллапұлының есімін біздің жүрегімізде ұрпақ есінде мәңгі сақтауға қызмет етеді.

Тыныс АХМЕТЖАНОВА,
М. Қозыбаев атындағы СҚМУ аға оқытушы, журналистика магистрі.

МОЛ МҰРА ҚАЛДЫРҒАН

Бақыт Мүтәллапұлы Мұстафинмен танысқалы қырық жылдан асты. Ол менен бірер жас кіші болса да құрдастай қалжыңдасып, сыйласып өстік. Әр сөзінде, әр аяқ басысында байсалдылық, әр еркекке біте бермейтін әдептілік байқалатын бойынан. Облыстық «Ленин туы» газетінің бөлім меңгерушісі, жауапты хатшысы, редакторының орынбасары, бас редакторы қызметтерін атқарып жүргенде жиі-жиі араласып, кейде каби-

нетінде де кездесетінбіз, оның ақыл-кеңесін тыңдайтынбыз, соңында бірлі-жарымды мақалаларымызды қолына беріп тапсыратынбыз. Сәлемі де, қарсы алуы да, пейілі де басқа шенеуніктерге ұқсамайтын, асқан ізгі мәдениеттіліктің нышаны байқалып тұратын. Дауыс шығарып, қатты сөйлемейтін, тіпті тосыннан келген адам оны облыстық газеттің бас редакторы немесе асқан журналист, шебер жазушы екенін бірден аңғара да қоймайтын, өйткені ол кішіпейіл, өте қарапайым адам еді.

Бәкеңнің шығармашылығына тоқталсақ, бұл жағынан оның атқарған ісі ұлан-ғайыр. Сонау алпысыншы жылдардан бері газет-журнал беттерінде жарияланған мақалаларын кезінде оқып отырдық, мақалалардың санында есеп жоқ. Солардың әрқайсысы өте салмақты, маңызды, тартымды болатын. Ал, саяси мақалалардың өзі әдемі әдеби тілмен жазылатын, кейде олардың бірқатары қызықты әңгіме, очерк түрінде берілетін. Сайып келгенде, оның мақалаларын қызыға да, құмарта оқитын едік. Әттең, сол газет-журналдарда жарияланған жақсы дүниелерді жұрттың бәрі бірдей оқи бермейді. Газет бетінде жарияланған мақалалар көбіне сол кезеңнің саяси ахуалына байланысты, қоғамдық ағымның сұранысына бағынышты болып келетін. Дегенмен сол кездегі журналистердің еңбегі өз құндылығын еш жойған жоқ, ол тарих болып сақталып қалды. Бәкеңнің Отан соғысының батырлары, еңбек ерлері, ауыл өмірі, қоғам қайраткерлері жөнінде жазғандары бірнеше кітап болып шықты.

Бақыт Мұстафиннің шығармашылық жолы, қалай бастау алғандығы да бізге белгілі. Алғашында балаларға арналған әңгімелері республикалық «Балдырған» журналына басылып тұрды. Сол аталып отырған журналдың жарыстарына қатысып, бірнеше дүркін жүлделерге ие болып отырды. Кейін одақтық «Костер» журналында да орыс тілінде әңгімесі жарияланған болатын. Одан әрі оның еңбектері бірнеше жинақтарда басылды. Ал, жетпісінші жылдардың орта кезінен былай алдағы

аталған кітаптары шыға бастаған еді. Солардың төртеуінс автор өз қолтаңбасын жазып, маған сыйлап кетіпті. Оның соңғысы «Таза көңіл» атты кітабы, үш жүзден артық беті бар форматы да, көлемі де ауқымды басылым болатын. Бұл Бәкеңнің көзі тірісінде шығарған соңғы кітабы.

Жалпы жарық көрген он кітабына қысқаша ғана шолу жасай кетуге болады. Оның алғашқы шыққан «Жайнаған жер» атты очерктер жинағында сонау тың игеру кезіндегі дала ерлерінің тынымсыз еңбегін, тұрмыс тынысын, қиын-қыстау кезеңдерін шеберлікпен сипаттайды. Газет қызметкері ретінде Бақыт Мұстафин партияның нұсқауымен жүріп, партияның үндеуіне үн қосты, партияның саясатын қолдады. Басқаша болуы мүмкін де емес еді. Саясат, ақпарат, бәрі де бір арнаға тоғысқан заман болатын. Бәкеңнің басқа журналистерден өзіндік ерекшелігі бар. Сол кездегі тұрмыс-тіршілікті, қарапайым адамдардың жан аямас адал еңбегін, құрғақ идеямен әсерлемей, кәдімгі жабайы да, әдеби тілмен жазып халыққа жеткізіп отырды. Жазғандарының желісі облыс кеңшарларындағы еңбекшілердің жылдық, бесжылдық көрсеткіштері: мал басы, егін өнімдері т. б. жайында болатын, инженерлер мен агрономдар, бригадирлер мен механизаторлар, сауыншылар мен малшылар жайында сыр шертеді.

Коммунистік идеямен қаруланған қаламгер нарықтық заманды да, егемендікті де көріп кетті. Көріп қана қойған жоқ, ол жаңа заманға тез икемділікпен, түсініктікпен қарап, жаңаша жазып та кетті. Жаңа адамдар, іскер кәсіпкерлер, шаруа қожалықтары жайында қалам тартты. Кеңес дәуірінде қызмет атқарған, аудан, облыс басқарған азаматтардың жаңа заманға икемделу жайын сөз етті.

Бақыт Мұстафиннің шығармашылығын айта келе біз оның творчестволық жолы жан-жақты екенін байқаймыз. Әр салада жазылған еңбектерінде әртүрлі мамандықтың иелері кездесіп отырады: механизатор, сауыншы, бригадир, агроном, инженер,

ұстаз, дәрігер т. с. с. Осы еңбектерінің ішінде балаларға арналған шығармалары бір төбе. Балаларға арнап кітап жазғандар облысымызда көп емес. Менің білуімше Зейнел-Ғаби Иманбаев пен Манап Ысқақовадан басқа қалам тартқан адамдар болмаған сияқты. Бала жөнінде жазып, баланың көңілін табу деген қиынның қиыны. Сондықтан балалар әдебиетін қозғауға кезкелген адам бара бермейді. Ал, Бәкеңнің бұған батылы барды, отыз жылдай үзбей балалар жөнінде жазып тұрды. 1997 жылы шыққан соңғы «Досынды шақыр» деген кітабында көркем тілмен, келісті оймен, қысқа да нұсқа мазмұнды 45 әңгіме жазған екен балаларға арнап. Жас оқырмандар бұдан отан, туған жер, достық, мәдениеттілік т. б. тәрбиелік маңызы бар дүниелерді таба алады. Осы дүниелерді жас бүлдіршіндердің кәдесіне жаратса әбден дұрыс болар еді. Яғни бала бақшалардың жоғары тобына, мектептің бастауыш сыныптарына пайдаланылса осы әңгімелер деген пікір ғой.

Қорыта айтқанда Бақыт Мұстафиннің артында мол мұра қалды, ол әдеби шығармалары. Оның есімі елде мәңгі сақталуға тиіс.

Ғалым ҚАДІРӘЛІҰЛЫ,
Қазақстан Журналистер
одағының мүшесі.

ҚИМАСЫМ ЕДІ

Алғаш рет мен Бақыт Мұстафинді 1976 жылы шілде айының жиырмаларында кездестірдім. Ғабит бастаған бір топ ағайын оқыс бір жағдаймен Қызылжарда жиналысып, әрі Қостанайға жүрмекші едік. Бұрынғы мейманхананың алдына бізді шығарып салуға біраз қызылжарлықтар келді. Солардың ішінде Бақыт та болды. Шамасы сол жылдары ол облыстық газетті басқаратын.

Өйткені одан бұрынғы жылдары Ғабит елге келгенде сол заманның дәстүрі бойынша Жазушылар одағының басшысын және Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутатын әуелі обкомның 1-ші хатшысы қабылдап, сонан соң қонақты облыстық газеттің бас редакторы ертіп жүретін.

Міне сол кезден бері Бақыт Мұстафиннің келісімді жарағылған шағын ғана шымыр дене бітімі, шырақты дөңгелек қара көздері және ақылдылықтың белгісіндей ашық кең маңдайлы бет жүзі менің жадымда...

Оқу іздеп, әр жерде қызмет істеп, туған ауылымнан 1947 жылы тамызда кеткен мен 2001 жылдың тамызында Қызылжарға оралдым. Оған негізгі себеп – 2002 жылы өтпекші Ғабит Мүсіреповтың 100 жылдық мерейтойы. Ғабит әкеміз толық өмірбаянын жазбаған кісі. Сондықтан мерейтой алдында жазушы туралы бірдеңе жазғысы келгендерге керек болар деген мақсатпен, Ғабеңнің шыққан тегі, жеті атасы, оқыған мектептері, алғашқы әңгімелері туралы, 1928 жылы Қазақ Мемлекеттік баспаханаңың бас редакторы қызметіне көтерілгенге дейінгі және тұңғыш повесі «Тулаған толқында» жарыққа шығып, жазушылық атағы елге таныла бастаған уақытқа дейінгі өмірбаянын толығырақ жаздым да, тәптіштеуін әдебиет танушылар мен сыншылардың еншісіне қалдырып, 30-шы жылдардағы, одан кейінгі қызметтерін, атақ наградаларын хронологиялық ретпен қысқаша атап қана өттім. Менің бұл еңбегімді Бақыт інім, облыстық газеттің 2002 жылғы ақпан айындағы 4 нөмірінде толық бастыртты. Оған «Ғабең – ел мақтанышы» деген ат қойды. Еңбегімнің еш жерін өңдеген де жоқ, ештеңе қосқан да жоқ. Бұл, міне, авторға деген сенім мен құрмет қой...

Осындай жақынырақ танысқан кездегі аңдаған Бақыт Мұстафиннің бір екі-үш адами мінез ерекшеліктерімен естелігімді аяқтамақшымын.

Алдымен, оның өзі таңдаған мамандығына патриоттығы.

Оған дәлел – қаншама қиыншылықтарға шыдап, 40 жылдан аса облыстық газеттің қызмет сатысының барлық баспалдақтарынан өтіп қызмет етуі.

Екінші – Бақыт жершілдік, рушылдық дегеннен шет болды. Оның орнына кадрларды іскерлігі мен дарындылығына қарап таңдайтын.

Үшіншіден – менменшілдігі жоқ, кішіпейіл азамат еді.

Төртінші – ересен еңбекқор еді. Облыстық газетте істей жүріп, жазушылықпен айналысқан, 8 кітабы жарық көрді, бес рет Қазақстан Журналистер одағының лауреаты атанды.

Екпін МАХМҰТОВ,
зейнеткер.

КӨҢІЛДЕН КЕТПЕЙДІ

Бұл өмірде көзден кетсе де, көңілден кетпейтін, әр сөзі, істеген ісі, қылығы жадында жатталып, жаныңа өшпес, із қалдыратын бір адамдар болады. Жүзінен имандылық пен инабаттылық лебі әрдайым есіп отыратындай, бауырмалдық, меймандостық, кішіпейілдік секілді асыл қасиеттерін сақтаған жайдары адам болатын. Оның тынысы кең, өресі биік-тін.

Міне, осындай ой-сезімді қозғауға себепші болып отырған азаматымыздың бірі – Бақыт Мұстафин, педагог, журналист, жазушы. Оның азаматтық тұлғасы, кәсіби білімі, ұлтжанды болмысы, сонымен бірге сегіз қырлы бір сырлы дейтіндей жазушылық өнері жалаң тізбелеудің аясына әсте сыймайды. Өйткені, атақ-абыройдың оңайлықпен келмейтіні, ол үшін маңдай терді мың төгуге қоса, қабілеті, дарыны, көрегендік пен көшелілік сияқты табиғаттың сыйындай адамдық сананың да қажет екені аян.

Бақыт Мұстафин өніріміздің белгілі қаламгері, ары, жаны

тава, адалдығы әр ісінен, әр қадамынан есіп тұратын азамат еді. Бәкеңнің дүниеден өткеніне жыл өтті. Тіршіліктің тұрақсызы-ай десейші. Бәрі де бір күні кеше сияқты еді. Жаныңа жақын, ерекше ілтипатпен қадір тұтатын, адами қасиеттері көз алдымнан кетпей көлденеңдеп тұрған сияқты болады да тұрады. Ел-жұртының құрметіне бөленген, мақтан етер бірегей азаматты еске алып, жүрек түбіндегі ең асыл сөздер мен сезімдерді қағазға түсіріп, есте сақталған жәйттерді ой елегінен өткізіп, азғантай болса да естелік жазуға тура келіп тұр.

Қамшының сабындай қысқа ғұмырды ізгіліктен айнымай, алқынбай, сабырлы қалпынан аумай, өмірде өз соқпағын салған, бүгіндері көзі тірі болғанда жетпіс деген асқардың өзіне жақындаған сәтте, бұл фәни жалғаннан ерте озған арда азаматты еске алмай, аруағына тағзым етпей, езілген еңсені қалай гана көтерерсің...

Жақсыларды ардақтау, жақсы адамға қарап бой түзеу, кісілік қалыптастыру – дәстүрлі қазақ қоғамында орныққан қасиет болған. "Жақсыменен өткізген жалғыз сәтің, өтіп кеткен жаманның өміріндей" деп келетін қара өлең жолдары шыркалғанда, әлеуметті "Рас-ау!" дегізіп, бір желпінтіп тастайтын. Қазақтың қария сөздерінде адам – өмірдің ең басты тұлғасы ретінде, ал адам санасы – тарихтың қозғаушы күші ретінде дәріптеледі. Әрбір адамның өнегелі ісі сөз болғанда, ең алдымен, сол адам белгілі бір әлеуметтік ортаның өкілі ретінде, ел-жұрттың бір бөлшегі ретінде айғақталады. Сондықтан да қазақтың шежірелік зердесінде ел-жұрттың тарихы жеке адамнан тыс қарастырылмайды, керісінше ел-жұрт тарихы адам әулетінің өмірбаяны тұрғысында баяндалады. Бәкеңнің жеке басының қасиеті елдік мүддемен ұштасып жататын. Біздің қоғамда ондай азаматты ардақтайды және азамат атану дәстүрлі қазақ қоғамында кімкімге де ең мәртебелі атақ абырой болып есептеледі емес пе. Мұндай тамаша үрдіс Бәкеңнің бойында өзімшілдікті емес,

ұжымшылдықты түбегейлі дарытқан, оның елшіл-отаншыл сезімін ұштастырған. Қазақ халқының болмысына сіңген бұл қасиет батыстық өзімшілдіктен де, шығыстық әулетшілдіктен де оқшау. Әрі-беріден соң, небір замана зобалаңында қазақ халқының рухын жасытпаған, еңсесін түсіртпеген, төлтума қасиеттерін сейілтпеген себептердің ең зоры да осы сияқты ұжымшыл сезімдерінің беріктігінен, адам санасын ортақ игілігіндей бағалай білгендігінен болу керек.

Әрине, өмір бір орында тұрмайды. Уақыт жүрдек. Адамзат әулетінің өмір салты бір үлгіленуге бет бұрып барады. Бәкең ең алдымен адам бойындағы биік парасат пен адамгершілікті құндайтын еді. Ұлт мәдениетін насихаттауға, сол арқылы жастардың рухани жан дүниесін байытуға жанын салатын. Жақын жүрген адамдар оның жолының тазалығына, сезімінің сұлулығына, талғамының биіктігіне тәнті болатын. Ол осылай ұжымындағы өз шәкірттерімен жас ұрпақты жеке басының қасиеттері, өмірінің үлгісі арқылы тәрбиеледі. Бәкең көп іс тындырса да менменсіп, көсемсіп, кеуде соқпайтын, «бетегеден биік, жусаннан аласа», бірқалыпты мінезімен қалыпты жүріс-тұрысынан бір айнымайтын азамат еді. Ол көптің көзіне түсе де бермеді. Қарапайымдылығымен бір кісідей қатарда жүрді. Көп тыңдап, аз сөйлеп, өзінің қорытынды ойын бір-ақ айтатын. Іске мығым Бәкеңнің жан дүниесін білмекке суыртпақтап сыр тартқанда ғана барып, кеудесі сырға толы қойма, қоғамның дамуына қоспақ үлесі мен желісті атқарған еңбегінің тым қомақты да мәуелі екеніне қазіргі уақытта көз жеткіздім.

Шыным сол, замандас ретінде Бақыт Мүтәллапұлын көп жылдан бері қанша жақсы білемін десем де, білгенімнен білетінім аз болып шықты. Сөзге ұста, әлеуметке – адал, еңбекке – ынтық, өмірге құштар болған Бәкең ғұмыр бойы кісіге қол ұшын беруді парыз санаған жаны жайсаң тірі болса жетпіс деген өмірдің – шеңберіне бір адым болса да жақындар еді. Үлкен-кішіні

өзімен тең ұстап, біреуді қорламай, біреуді жорта мақтамайтын, жайдарылығы мен бекзаттығын қатар ұстайтын мәдениеті жоғары болатын. Ол жақсының бәрін жақынындай көретін, әділет үшін иіле білетін, өзінің ұнатпайтын адамының бойынан бір жақсылық көрсе, жариялап жүретін мінездері қандай еді.

Бақыт жаны жайсаң, білгір, адам, таза адам еді. Түзде де, үйінде де осы қалпынан таймайтын. Отбасында да Бәкең өте қадірлі болатын. Аяулы жары Дәмелі екеуі екі бала өсіріп, жеткізді. Олар өмірден өз жолдарын тапты.

Бәкең еліне – сыйлы алдыңғы буын ағаларға – қайырымды іні, кейінгі буын, інілерге – қамқор аға ретінде мәлім, қауымға – сыпайы, білгір, кішіпейіл адам еді, бірақ ерте дүние салды. Шырылдап дүние есігін ашқаннан кейін мандайына жазылған Алланың ісі шығар. Оған ешкім ара тұра алмайды.

Демек, гәп кез келген тұлпар басты пенденің қанша жасағанында емес, оның табиғат берген талантын мақсаткерлік еңбекпен толықтырып ел-жұртына адал еңбек етуінде болса керек.

Арабтың XI ғасырдағы ұлы ақынының бірі әл-Марни:

Тойдым, біттім өмірге,
Енді үйіме оралам...
Меймандыққа кеткен деп,
Күтіп отыр Жер-анам, – деген екен.

Осыған сайсаң, екінші өмірдің бары рас сияқты. Біз бұл өмірде қонақпыз.

Рүстем УӘЙІСОВ.

АСЫЛ АЗАМАТ

Азаматтардың барлығы дүниеге Бақыттай болып келсе, бұл өмір сәнді де мәнді де болар еді. Терең ойлы, алтын мінезді, бірқалыпты, ілтифат пен іздеттің көзі, адамгершіліктің барлық қыр-сыры бір өзіне сыйып тұрған тұлға Бақыттай-ақ болар. Қазақтың қыз мінезді дейтіні Бақыт туралы айтылған шығар.

Ғұмырымыздың қақ жартысын жақсы сыйласқан сырымыз бір жолдас, кейінгі кезде бөле болып табысқан Бәкеңнің мен үшін, әрине, орны бөлек. Сонау алпысыншы жылдары бұрынғы «Ленин туы» газетінің беттерінде Бақыт Мұстафиннің мақалалары, әңгіме, очерктері көркем сөзімен, терең ойымен, өткір пікірлерімен, ұтымды сюжеттерімен адамды баурап алатынын байқадым. Оның, әсіресе, жерлестеріміз қарапайым еңбек адамдары туралы жазған шығармалары тартымды болатын.

Сол кезден сырттай мықты журналист деп құрметтеп, келесі газет беттеріндегі туындысын асыға күтуші едім. Кезінде журналист болуды армандаған мен үшін Бақыттың сөз шеберлігі, ұтымды ойлары үлгі болатын. Сондықтан онымен, осындай мықты журналистпен кездесіп, танысып, достасып кеткенімді өзіме зор мәртебе көретінмін.

Өзі көп жылдар басқарған газет беттерінде менің мақалаларым, өлеңдерім жиі басылып тұрғанына Бәкеңнің өзі түрткі болатын. Екі бірдей өлеңдер жинағымның жарық көруіне жазушы ретінде көп қолдау көрсетті. Әр өлеңге талдау жасап, ақыл-кеңесін айтып, екі кітаптың да редакторы рөлінде мейірімді көтергеніне күні бүгінге дейін ризамын.

«Бөке, екінші кітапты қарап шығып, сенің шеберлігіңнің шыңдалып қалғанын, ілгерілегеніңді байқадым» дегені, сөзсіз қанат бітіріп еді. Кәсіби ақын болмасам да Жазушылар одағы-

ның мүшесі Бәкеңдей майталман қаламгердің жылы лебізіне марқайып қалдым.

Айта кеткен жөн болар, кейбір газет басшысымақтары бізден тәй-тәй басқан шығармашыларды тұқырту, тұншықтыру сияқты жексұрындық қылық танытатындарына не дерсің.

Бәкеңнің алдынан, шекпеңнен шықтым дейтін, бүгін қаламы төселген журналистер қатары көп-ақ. Өзінен де өзгеге көбірек болсын, өзгенің мерейін көтеруді артық көретін Бәкеңе ұқсас мейірбанды, лархан жанды адамдар өкінішке орай, азырақ-ау арамызда.

Бәкеңнің қаламынан шыққан туындылар бір сандық десек артық емес шығар. Міне, алдымызда соңғы жарық көрген Бәкеңнің «Таза көңілі». Кітаптың мұқабасы өзінің жан-дүниесін бейнелеп тұрғандай. Әсем аспан, сұлу күзгі қайың, түсті кілемдей дала жан жылуын көз алдыңа алып келіп тұр.

«Құрметті Болат! Туыстық ақ көңілдің ескерткіші болсын. Бақыт. 9 қыркүйек 2005 жыл» деп арнап тапсырған кітабы баға жетпес зор сыйлық.

Өңіріміздің қадірлі абзал азаматтары туралы жазғандары кейінгі ұрпаққа өнеге үлгі іспеттес. Еліміздің экономикасына, әлеуметтік өміріне еселі еңбегімен қомақты үлес қосқан абзал ағалардың асыл есімдерін ел есінде қалдырған Бәкең, бүгін өмірден озып, артында өшпес із қалдырды. Сан қилы тақырыпқа жазылған шығармалары өміршеңдігі тозбаған, мән-мағынасы кемімеген әңгіме, очерктері жарық көре алмай жатқаны өкінішті.

Бақыт Мұстафиндей біртуар жазушының құнды мұрасы – жазған еңбектері халқының кәдесіне айналғаны жөн. Бұл – әрбірден соң, қоғамның моральдық, рухани борышы.

Бәкең бақилыққа өткен сәтте қайғырып отырып мына жолдарды жазып едім:

Бөлем, досым, қаламдасым, сыйласым.
Ардақтым ең, асылым ең, қимасым.
Адами сан қасиетті мұншама,
Шағын ғана тұл бойыңа жиғасың.

Әлем түгел сыйушы еді ішіңе,
Таңданушы ем ақыл-ойың күшіне,
Гауһар тастай әрбір сөздің асылы,
Үйірілетін қаламыңның үшіне.

Бірегей ең, көркем сөздің зергері,
Өрнектеген ойларың сом, зерделі.
Жазғаныңнан жазарың көп еді ғой,
Кең даламдай парасаттың шеңбері.

Қош бол баурым, бақилыққа қиям ба,
Кеше жазған кеппей қалды-ау сияң да.
Сақталады ер есімің еліңде,
Алыс-жақын қырың менен қияң да.

Торка болсын өзің жатқан қара жер,
Қош бол, қош бол, адал, абзал, дара ер!
Жүрегімнен мәңгі орын алдың сен,
Елдің нағыз азаматы, қаламгер!

Болат САҒЫНДЫҚОВ.

ҚАЙРАН ДҮНИЕ

Мектеп қабырғасында жүргеннен бастап, ауылдан хабар-ошар жаза бастаған басым Қызылжарға келіп, токарьлық мамандықты игере жүріп, облыстық газет редакциясына соғатынным бар еді. Есігін қағатыным Әли Мұсаханов пен Бақыт Мұстафиннің бөлмесі. Жазғандарымды мұқият қарап, ақылкеңестерін аямай, жылы лебіздерін білдірген сайын қанаттана түсетінмін. Өкінішке орай, Теріскей өңірдегі бес облыстың қазақ газеттері жабылып қалып, ендігі үмітіміз «Тың өлкесі» үнпарағына ауды.

«Үмітсіз шайтан» деген ғой, соған қарамастан ҚазМУ-дың журфагіне сырттай оқуға түсіп, бірінші курсты тәмамдаған соң әскер қатарына кете бардым. Араға үш жыл салып оралсам газетіміз қайта ашылыпты. Алайда, оған орналасудың бірден сәті түспеді. Учаскелік инспектор, «Қайқарметтің» цех бастығы қызметтерін атқарып барып, «қой, таңдаған мамандығымды жалғалатайын» деген оймен редакцияға келгенімде басшылар сынақ мерзімін белгілеп, Бәкеңнің қарамағына жіберді. Ауылдан келген хабарларды іске жаратып, арасында әдеби шығармалар жазып, енді ғана іске төселе бастағанда бас редактордың орынбасары Рәшит Бәдірленов марқұм өз қарамағына тартып алып кетті.

Бірақ Бәкең екеуміздің болмеміз ауысқан жоқ. Кейін ол жауапты хатшылыққа тағайындалып, өзгелерден істі талап ету қажет болғанда ол жағына көмекші болар деді ме, маған қолқа салды. Мен бөлім меңгерушілігіне кеткенге дейін тағы бірге жұмыс атқардық. Кейін жоғары партия мектебін тәмамдап, қазақ баспасөзінің қара шаңырағының тілшісі атанғанда да бір үйде көрші болуға да тура келді. Дәм-тұзымыз жарасып, кәдімгі ағалы-інілідей қатынасымыз үзілген жоқ.

Арада біраз жылдар өтіп, мен Павлодар облысына ауысты-

рылғанда елге қатынаған сайын өз басым алдымен Бәкеңе барып сәлем беруден жаңылған емеспін. Қалтама сала келетін кейбір дүниелерімді ұсынам. Бас редактор ретінде онымды өзі қарап шығып, «елде жүр» дегендей бірер сөз қосып, газетке жариялап тастайтын. Кейбір жабдықтарда бірге отырып, жылы лебіздерін білдірген сайын мен төбем көкке жеткендей күй кешетінімді несін жасырайын. Оның үстіне жарық көрген кітаптарына қолтаңба жасап, ұсынғанда оған творчестволық табыс тілейтінмін.

Елде соңғы рет болып, әдеттегідей Бәкеңмен шүйіркелесіп, көзкөргендер жайлы сыр тартқанымда «ананың сыркаты бар, мынаның жағдайы онша емес» дегеннен аспап еді. Ал өзі жайлы еш сыр білдірген жоқ та. Кешікпей інім телефон шалып, суыт хабарды жеткізгенде бет сипаудан басқа амалым қалмады. Тағдырға не шара? Көз алдымда оскен Сәулесі мен Бейбіті, оларға ғұмыр тіледім. Жан жары Дәмеліге көңіл айтып, қолдан келгенімді жасадым. Ал Бәкең көзіме бүгінгідей елестеп, «Азамат еді ғой» деп күбірлейтін болдым.

Қайран жарық дүние-ай десейші!

Байтұяқ ЖАНЫМБЕТ,
журналист.

ЖОМАРТ ЖҮРЕКТІ ЖАН ЕДІ

(қаз қалпында)

1997 жылдың мамыры. Бұл бүкіл Көкшетау өңірі, соның ішінде қазақ журналистикасының қара шаңырағы – облыстық «Көкшетау» газеті ұжымының «қара жамылған» күні еді. Өйдейтініміз, сонау қаһарлы соғыс жылдары 1944 жылы құрылған Көкшетау облысының тарқатылып, бұрынғы аумақтық шекарасымен түгелдей көршілес Солтүстік Қазақстан облысы-

мен қосылғандығы туралы Президент Жарлығы шықты да, ой тоқалдан туған томарбас күйін кешкендей халде қалдық.

Отыз жылдай осы редакцияның отымен кіріп, күлімен шықтық дегендей, жақсылығын да, қиыншылығын да бастан өткізген біз алғашқы бетте «алдағы күніміз не болар екен?» деп ішін мәнісінде әуре-сарсаңға түстік. Мұның алдында кейбір әріптестеріміз «облыстық газеті жабылса мейлі, бәріміз бірдей Петропавлға қоныс аударамайық ғой, өйтіп-бүйтіп қалалық газет шығаруды қолға алайық, сонда зейнеткерлерді айтпағанда, қалғанымызға жұмыс табылар» деп өзі де күпті жүрегімізді тіпті жаралай түскендей еді.

Сөйтіп жүргенде «Көкшетау аумағы бойынша облыстық «Солтүстік Қазақстан» газетінің редакциясы тілшілер қосынын күрмақшы екен, соған кім жұмыс істеуге тілек білдіреді» деген хабар жетті біздерге. Алдында отыз жылдай редакцияның «қара жұмысшысы» болып, таңның атысынан күннің батысына дейін оны-мұны күйбең шаруасынан әбден, зәрезат болған өзім бұрынғы редакторымыз Мәтен Бижановқа барып: «Мүмкіндігі болса, мені тілшілікке алдырыңыз» деп қолқа салдым. Ол қарсылық білдірген жоқ. «Тағы кімің бар, тағы бір адам керек» деді қайта.

–Дәуренбекке айтып көрейін, бізден жастау ғой. Андамында іссапарға да шығып тұруға қолайлы.

Осылай деп уағдаласып жүргенімізде, ойда-жоқта Мәкең, Мәтен ағамыз 58 жасында пенсияға кететін болды да, орнына Төлеген Қажыбай коррпункт бастығы болып шыға келді. Дәуренбегіміз ашылмақшы қалалық газет редакторының орынбасарлығына тайды да, үшінші боп тілшілер қосынына Жұмабай Есекеев кірді.

Көп кешікпей Петропавлдан жаңа редакторымыз да келді. Аты-жөні – Бақыт Мүтәллапұлы Мұстафин екен. Бұған дейін ол кісінің жазғандарын республикалық «Балдырған», «Қазақстан пионері» басылымдарынан оқып, сырттай білетін мен

енді онымен жақынырақ таныса түстім. Өзгелердей кеудемсоқтау, өркөкіректеу біреу емес, орта бойлы қағылездеу келген, қарапайым адам екен. Бізбен отырған орнымызда жылы амандасып:

– Енді редакцияның осы екінші қабатынан үш кабинет жалға алып (қожайыны «Көкшетау-Полиграфиядағылар» болып калған) үшеуің сонда отыра беріңдер. Әзірше телефон байланысы жоқ. Сондықтан хат-хабарды поштамен, не Петропавлға қатынаған біреулерден жіберіп тұрарсыңдар, – деді әу басқы әңгімесінде. Қарамақтарыңа бұрынғы ескі-құсқы мебельдеріңді, ескі «Волга» автомашинасын, екі машинканы, үшеуіңе үш сейфті қалдырамыз, – деді тағы да.

Сонымен қош айтыстық. Артынан-ақ «Солтүстік Қазақстан» газетінің беттерінде Көкшетау жақтан біздің алғашқы материалдарымыз жарық көре бастады. Тіпті нөмір сайын құрғатпай беріп тұрды.

Кейінірек Петропавлға әдейілеп шақыртумен барып, ондағы қыз-жігіттермен де таныстық. Тіпті Баспасөз мерекесі күндерінде ерке Есілдің жағасында демалып, суына шомылып, әріптес жігіттермен тіпті жақындаса түстік. Содан бірер уақыт өткенде Бөкеңнің, редакторымыздың 60 жылдық мерейтойына да үшеуміз бірдей қатыстық. Үшеумізге де кезек сөз беріп, үшеумізді де сондағы ағайындардың мақтағандары (жазған материалдарымыз үшін!) әлі есімде.

Бәз біреулердей, Бәкең бізді еш қыспайтын.

–Айына әрқайсың екі-үш материалдан беріп тұрсаңдар жетеді, – дейтін келген сайын. Әттең қолдың қысқалығы, тиражымыз аз, жалақыларың мардымсыз, әйтеуір уақытылы алып тұрасыңдар. Телефон да орната алмай қойдық. Машина да ескі. Жөндеу керек. Бәрі өз қалталарыңа түседі. Бензиніне дейін өздерің іздейсіңдер. Шыдаңдар, мүмкін жағдайымыз түзелер, - деп қоятын ара-арасында.

Сол түзелетін заманға біз жете алмадық. Көкшетау тағы да аласапыран күйге түсіп, Ақмола облысының орталығы болып қалды да, біз тағы жұмыссыздың күйін кешуге айналдық. Сонда аруағынан айналып кетейін. Бәкең марқұм:

–Төлеген «Арқа ажарына» ауысты ғой, Жұмабай болса бірекі жылда пенсияға кетеді, ал Сайлау, сен әлі жастаусың, болашағың алда ғой, Тайынша ауданы бойынша меншікті тілші болып қала бер, - деп ағалық ақылын айтқаны күні бүгінгідей көз алдымда.

Сайлау КӨШКЕНҰЛЫ,
Көкшетау қалалық «Көкшетау» газетінің
бөлім меңгерушісі, сатирик, Қазақстан
Журналистер одағының мүшесі.

АДАЛДЫҚТЫ ТУ ЕТТІ

Бақыт Мұстафин тумысынан аса дарынды азамат еді. Өз ісінің білгірі, іскер, ұлты үшін еңбек еткен дара тұлғаның республика өмірінде алатын орнының айрықша екенін көрсетсе керек. Ол өзінің басшылық қызметтерінде әділдікті, адалдықты ту етті. Республикаға белгілі журналист, жазушы тарихтың тереңінен сыр шерткен адал азамат еді. Өмір тек алыптардан, тұғыры биік тұлғалардан тұрмаса керек. Адам өмірі уақытпен үнемдеген істерімен ұзарады емес пе?

Мен Бәкеңмен танысқалы, жарты ғасыр болған екен. Тайқұлындай тебісіп, кездесіп, келісіп, әзілдесіп, сырласып, сырымызды ашып, мұңдасып жүздесіп дегендей жиі-жиі өзара пікірлесіп жүретінбіз. Мені көрсе ең алдымен сұрайтыны қарындасым Роза (менің зайыбым, оған нағашы қарындас, екеуі де Мә-

дениет ауылының адамдары) болатын. Мен елден, жергілікті жерден шағын мақалалар жазып тұратынмын. Бақыт әуелде "Ленин туында", содан "Тың өлкесі" газетінде істегенде де хат жазып хабарымды үзбедім. Елге оралып "Ленин туына" қызметке орналасып, содан соң редактор болғанда менің жеке басым қатты қуандым. Осындай өмірді жақсы білетін, жан-жақты білімдар азаматтың редакторлық жауапты қызмет атқаруы мені өте қуантты.

Адал азамат, жоғары білімді, биік мақсатты, өте жоғары парасатты еді. Қайсы бір қызметкер сияқты кеудесімен көк тіреп, табанымен жер тіреп, тәкаппарсынып тұрмайтын. Бәкең керісінше кішіпейіл, кісі сыйластығы күшті, адамға жақын асыл азамат еді. Кісілермен сөйлескеннің өзінде де дауыс көтермейтін, қыз мінезді сыпайы еді.

Бақыттың табиғатында адал, адамдармен қарым-қатынаста әдепті де сыпайы, моральдық тұрғысы биік журналист еді, жеке басының мәдениеті, білімділігі, ізденімпаздығы, моральдық бейнесі барлық жағынан сай болуы, көпке үлгілі жан еді. Бәкеңнің бірнеше кітаптары бар. Сондықтан Бақыт жазушы деген өте ардақты атқа ие болды. Бәкеңнің жазғандарын халық сүйіп оқыды, өзін де халық сүйетін. Бәкеңнің бірнеше жыл қатарынан бас редактор болып істеуі, көп дүниені түсіндіреді: шығармашылық, журналистік, ұйымдастырушылық дарыны мен қабілеті сан қырлы: ол – газет жанрларының барлық түрін толық меңгерген қаламгер еді. Оның қаламынан туған суреттеме, корреспонденция, мақала, рецензия, очерк жанрында жалындаған туындылар әрдайым жұртшылықтың жүрегін баулайтын. Оның ерекше жазушылық стилі, сыршылдығы, кестелі тілі, әдебиетті өте жақсы меңгергендігі таң қалдыратын. Тілге деген шеберлігі, тереңнен жазған шығармаларын халық сүйсініп оқитын. Әсіресе Бәкеңнің облыстың түкпір-түкпір ауылдарын аралап, ауыл-селоларынан еңбек адамдарын,

түлеген өңіріміздің атақты ерлері, ауыл-село өмірінің әлеуметтік проблемалары туралы жазған очерктері мен проблемалық мақалаларын оқырмандар жылы қабылдайтын-ды.

Бақыт жалғыз жазушылықпен ғана айналысқан адам емес, ол облыс баспасөзін ұйымдастыруға, жас журналистердің бірнеше легін тәрбиелеп, қалыптастыруға айтарлықтай үлес қосқан тәлімгер, еңбек ардагері. Талапкер дарын иелеріне сондай жанашыр, жас қанат жазушыларына қамқор болумен болды.

Сол кездері біздің облысымызға танымал, атақты ақын-жазушылар өте жиі келетін. Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсірепов, Сафуан Шәймерденов, Есләм Зікібаев, бұлар жерлес жазушы-ақындар, бәрі баршасы Бәкеңді айналып өтпейтін, себебі облысымыздағы қазақ тіліндегі жалғыз газет болатын. Жоғарыда айтылған: ақын-жазушыларымыздың мерейтойлары осы газетте жарық көретінді. Біздер ойлайтынбыз: осы кісілер тек Бәкең үшін ғана келетін сияқтыда. Олардың шығармалары, сүбелі туындылары мерзімді баспа бетінде жиі жарияланатын.

Жерлес ақындарымыз: Ғалым Малдыбаев, Ахметжан Нұртазин, Кәкімбек Салықовтар туралы жазғандары өзіне тән бір төбе. Жоғарыда Бәкеңнің жанашырлығы туралы айтқанда, өзі ғана жазып қоймай, жазамын деушілерге де жанашыр болатын. Мысалы, Қанаш Шәкеновтің "Ауыл кеші" кітабына тікелей көмек берген де Бақыт еді.

Бақытпен соңғы кездесуім 6 тамыз 2005 жыл болды, журналист Нұрсайын Шәріп екеумізді "Өмір туралы, өзің туралы" тақырыбына тікелей теле хабар арқылы сұхбат беруге шақырды. Бардық, сөйледік, жас жағынан мен Бәкеңнен алты ай үлкендігім бар, бірақ сен елімізге танымал журналист, жазушысың, саған жол берем! – деп, ол бірінші болып сөз алып, еліміздің өркениетті өрістеріне, өндірістеріне жан-жақты сипат бере жақсы сөйледі.

Бақыт үлкенге іні, кішіге аға бола білетін, ақкөңіл, ақжарқын азамат еді.

Қимас дос, асыл жолдас, бүгіндері арамызда жүр деп ойлаймыз!

Қырғыз МҰСАБАЕВ,
зейнеткер.

ЖАН ЖОЛДАС

Мен Бақытты 1951 жылдан бері білемін. Сол жылы менің бала кезімнен дос болып кеткен Баяхмет Майғарин екеумізді Петропавлдағы Калинин атындағы № 2 орта мектебінен "сендердің әке-шешелерің бар, өз аудандарыңа барып оқисыңдар" – деп интернаттан шығарып жіберді. Сөйтіп біз 9-сыныпқа Ленин ауданындағы Еңбек орта мектебінде оқуымызды жалғастыруға тура келді. Калинин мектебінде сол кездегі директоры облысымызға белгілі азамат Мәжікен Ғаббасов болатын. Ол кісі бізді сол мектепке қалдыруға қанша тырысқанымен, комиссия мүшелері қасарысып болмады.

Еңбек мектебі де сол кездегі атақты мектептің бірі болатын. Мектеп директоры Кенжеғали Тілегенов кейін техника ғылымының докторы, қазақтан алғашқы шыққан кибернетик ғалым болды. Еңбек мектебіне келгеннен соң бізді қоғам жұмысына жұмылдырды. Баяхмет Майғарин мектеп комсомол ұйымының хатшысы болып сайланды. Ол сол мектепті алтын медальға бітіріп, ҚазГУ-дың физика-математика факультетін бітірді. Кейін академик, Қазақстан Ғылым академиясының президенті болған Өмірзақ Сұлтанғазин екеуі университетті қызыл дипломмен тәмамдап ғылым кандидаттығын, докторлық атақтарын қорғады. Екеуі де дүниеден ерте өтті. Мені оқушылар комитетінің

төрағасы етіп сайлады. Сонда менің орынбасарым болып Бақыт сайланды. Ол өзінің биязы мінезімен жұрттың назарын өзіне аударатын. Менің 2 жыл үлкендігіме, бір класс жоғары оқуыма қарамай бір-бірімізге бауыр басып кеттік.

Қайда жүрсек те, қандай қызмет атқарсақ та бір-біріміздің балалық қатысымыз үзілмей келгеніне 57 жыл болды. Кейін отбасымыз аралас-құралас болып кеттік.

Мен мектепті 1953 жылы бітіріп, Қарағандының педагогикалық институтына бардым. Ол кезде біздің ауыл колхоз болатын, онда ақша бермейтін, мал сатып ақша тапқанша 2-3 күн кешігіп Қарағандыға барсам кеш қалдың деп документімді қабылдамады. Бір-екі айдай оқуға түскен кластастарымның жанында, ұрланып жатақханада тұрдым. Аздап сурет салатын өнерім бар еді, өндіріс орындарына жалданып қабырға газеттерін, ұрандар жазып, ақша тауып күн көрдім. Елге қайтпаған себебім, колхоздың құлдық өмірін бастан кешіріп үлгерген едім. Студенттердің жатақханасында маған түпкілікті орын болмады. Күн демей, түн демей қуып шығарып жіберді. 18-ге толмасам да шахтаға түсіп жұмыс істедім. Ол кезде №19 шахтаның директоры Қаз. ССР Жоғарғы Кеңесінің депутаты Нұртақанов деген кісіге барып, жайымды айтып едім, ол кісі түсініп, мені жұмысқа орналастырды. Сонымен бір қыс шахтада жұмыс істеп, келесі жылы емтиханды ойдағыдай тапсырып, Қарағанды педагогикалық институтына түстім. Алматыда оқитын жолдастармен хат алысып тұрдым. Алматының жоғары оқу орнына түсу, біз үшін тек арман ғана болатын.

Бірінші курсты бітіріп каникулда жүр едік, каникул бітпей "тез жетіңдер" – деген жедел хат алдық. "Бұл не боп қалды?" – деп әбігерге түсіп Қарағандыға келсек, біздің факультетті жауып, ҚазГУ-ге ауыстырыпты.

Біздің қуанышымызда шек болмады. Алматыда, оның ішінде ҚазГУ-де оқимыз деген үш ұйықтасақ түсімізге кірмейтін жаг-

дай еді. Дереу ҚазГУ-дің журналистика факультетіндегі Бақытқа телеграмма соқтым. Ақыры біз 50 студент жолға шықтық. 25 студент орыс бөлімі, 25 студент қазақ бөліміне. Таң сәріде Алатаудың қарлы шыңы да көрінді. Бәріміз анталап вагон терезесінен қарап Алматының әсем табиғатына таңдана қараймыз.

Бір кезде I-Алматыға да жеттік, поездың тоқтағаны сол еді апыл-тұпыл біреулер топырлап вагонға кіріп жатыр. Сөйтсек жерлес студенттер екен. Ең алдында өзіміздің Бақыт, құшақтасып, шұрқырасып жатырмыз. Ақыры II-Алматыға да жеттік. Трамвайға мініп, жатақханаға келдік. Шаң-тозаң, түтіні бұрқыраған Қарағандыдан келген біздерге Алматы жұмақ төріндей болып көрінді, жасыл баққа кіргендей сезінеміз өзімізді.

ҚазГУ-дің тарих факультетінде қазақ бөлімі жоқ екен. Лекцияның бәрі орыс тілінде жүреді. Студенттердің көбі қазақ ауылының балалары, қазақ мектептерін бітіріп келгендіктен, орысша оқу қиынға соқты. Орысша баяндама жасау қиынға соқты. Бір студент орысша "источники сырья" деген сөзді "ірімшіктердің қайнар көзі" деп тәржімелепті. Оның үстіне Қарағандыдан ауысып барғандардың біразына жатақхана берілмеді. Бірде жатақханаға әңгіме өткізуге Серік Жақыпбеков, біздің куратор келді. Ол кісіге сұрақтарды жаудыртып жатырмыз. Республикадағы жалғыз университет ҚазГУ-де бірде-бір қазақ факультеті, не бөлімше жоқ? Қазақ бөлімдері бола тұрып, лекциялар неге орыс тілінде оқылады? Тағы басқа сұрақтар қойылды. Әңгіме соңында 4-5 студентті алып қалып жеке әңгіме өткіздік. Онда қазақ мұғалімдерінің жететінін, репрессиядан құтылып келіп Е. Бекмақановтың бос отырғанын жасырмай шындықты жайып салдық. Н. Хрущевтың саясатындағы жылымық кезеңді пайдаланып қалу керектігін айтты. Бұл мәселе бұрын да көтерілген болуы керек, бірақ орыс ағайындар талай сылтаулар айтып аяқсыз қалдырған көрінеді. Шынында да, бұл

Конституцияны тікелей бұрмалау болып табылады. Бұл деген тілден, тарихымыздан айыру деген сөз. Ақыры тікелей Н. Хрущевке хат жазуға келістік. Оны 4-5 дана қылып, бір данасын тікелей Хрущевке, екіншісін Д. Қонаевқа, үшіншісін ЦК комсомолға, төртіншісін Білім министрлігіне, бесіншісін "Правда" газетіне. Бірақ осының барлығын мейілінше құпия сақтау керектігін ескеретін болдық. Енді осы арыздың тексін даярлау керек болды. Ақыры хаттың тексін Бақыт пен Мақсат Әубәкіров екеуі жазуға келісті.

Бір күн отырып қазақша тексін жазып бітіріп, ол кездегі жас мұғалімдер, Хабиев, Нүрпейісов, Қайыргелдин, Жақыпбековтермен оқып, аздап талқылап қабылдадық. Сонда мұғалімдер Бақыттың мағынасы жағынан өте көркем екендігін атап көрсетті. Енді текстті орыс тіліне аударуды қажет етілді. Оны Қайыргелдин өз мойнына алды. Қандай жағдай болмасын жас мұғалімдерді атамауға уәде бердік. Өйткені әлі де КГБ-нің қаһарынан халық қорқатын.

Ақыры 30-40 студент қолдарымызды қойып хаттарды жібердік. Шамасы бір айдан соң Н. Хрущевтен "Удовлетворить просьбу қарагандинцев Н. С. Хрущев" – деген бұрыштама қойылған хат келді. Біздің қуанышымызда шек жоқ. Бұл жағдай қазақ жастарының ұлттық сана-сезіміне қозғау салғандай әсер етті. Факультетте тіпті университетте дүрбелең басталды. Тіпті жоғары оқу орындарын да қамтыды. Ол кезде Алматыда оншақты жоғары оқу орындары болатын. Олар қазақ бөлімдерін ашуды талап ете бастады.

Біздің факультетте 20 жылдай қызмет атқарған Горячева деген азаматшаны қарсылық көрсеткені үшін жұмысынан шығарып жіберді. Оның орнына тарих ғылымының кандидаты, жазушы, "Алтын сақа" пьесасының авторы Мұсатай Ақынжанов тағайындалды. Мектепте оқып жүргенде Қазақстанның еңбек сіңірген мұғалімі, қазақ тілі мен әдебиетінің білгірі Е.

Зікібаевқа әдебиетші болып қалыптасуына көп әсерін тигізді. Мектеп жасынан біздерді басылымдарға мақала жазуды үйретті. Бақыт мектепте жүріп өзінің бірінші пьесасын жазды, оны мектеп сахнасында қойды. Бір кітабының алғы сөзін халық жазушысы Әкім Тарази жазған. Ол кісі Бақытты орталық басылымдарының біріне ауыстырғысы келетіні жөніндегі әңгіменің ішінде мен болған едім. Бірақ Бақыт 40 жылдан астам өз туған өлкесіне қызмет атқарды. Тіпті газет жабылып қалғанда да еш жаққа бармады, осы газетте жай әдеби қызметшіліктен сатылап өсіп, соңғы 15 жылда бас редакторлыққа дейін өсті. Талай мемлекеттік марапаттауларға ие болды. Жеті кітаптың авторы, талай шығармашылық конкурстарда жүлделерге ие болды. Қазақстан Журналистер мен Жазушылар одақтарының мүшесі болды.

Бақыт кімге болсын қолынан келген жақсылығын аямайтын. Бірде Бақыттың кабинетіне бара қалсам, бір қария әжей шай ішіп отыр екен. Күн ыстық еді. Әжей аздап шөлін қандырғаннан кейін Бақытқа жайын айта бастады. Қалаға пенсиясын даулап Айыртау ауданынан келген екен. Қолма-қол тиісті орынға телефон шалып, әжейдің жайын түсіндіріп көмектесуін сұрады.

Содан шоферін шақырып алып қарияны апарып жұмысын бітіргенше тосып, ол кісіні жақындарының үйіне апарып тастауын өтінді. Ал өзі ол кісіні танымайтын болып шықты. Қазіргі қызметкерлердің көбі ондай жақсылық жасай бермейді ғой.

Студент кезінде Бақыт жақсы фотограф болды. Студент дегендер ұйымшыл және жомарт халық қой. Мейрамдарды студент-жерлестер туған күндерді бірге өткізетін едік. Біздің облыстың студенттері өте ұйымшыл болатын. Үйлену тойларын, баскосуларды пәтер жалдап өткізетін едік. 150-200 адам сыятын Калинин мен К. Маркс көшелерінің қиылысындағы үлкен ағаш үйде өткізетінбіз. Кейін байқасақ, ол кезінде А. Байтұрсынов тұрған үй екен. Кейін ол үйде Байтұрсынов музейі ашылыпты. Сол бөлмелерін Бақыт үнемі суретке түсіретін.

1959 жылы сол үйде үйлену тойымыз өтті. Студенттер мені үй қылып шығарды. Тойды Баяхмет Майғарин, Болат Ақмағанбетов және Бақыт үшеуі бастан-аяқ ұйымдастырып, жоғары дәрежеде өткізді. Сол тойға шақыру билеттерін даярлап таратқан да Бақыт. Екеуміздің фотомызды үлкейтіп, портрет жасатты. Сол портрет әлі де үйіміздің төрінде ілулі тұр. Өле-өлгенше Бақыттан қалған ескерткіш ретінде сақталады.

Сөз соңында айтарым, асыл досымның жатқан жері жайлы, топырағы торқа, алды жарық болып, жұмақтан жайлы орын бұйырсын. Артында қалған жан ұясына амандық берсін. Өзі көре алмаған қызықтарды зайыбы Дәмелі көрсін, балалары Сәуле мен Бейбіт, немерелеріне зор денсаулық, береке, байлық тілеймін, немере-шөберелері көбейіп, ұрпағы өсе берсін деймін.

Қазыбек ОМАРҰЛЫ,
Шекер ҚАНАФИЯҚЫЗЫ

ЖАРҚЫН БЕЙНЕ

Мен Алматы қаласында ҚазГУ-дің заң факультетінде 1962 жылы оқып жүргенде Бақыт Мүтәллапұлының қарындасы Бағышқа үйленген кезден бастап біздің туыстық қарым-қатынас Солтүстік Қазақстанда жалғасты.

Сол кездегі алпысыншы жылдардың басында бастаған Бақыт есімі облыс, республика көлемінде таныла бастаған жас журналист еді.

Бақыт ақыл-парасатының молдығынан өзгелерден биік болып тұратын. Жоғары білімдігі мен өзін-өзі игеруге қабілеттілігі оны басқалардан көп биіктетіп көрсететін. Сыйлы ақ-

сақалдар, қатарластары, қызметтестері және жалпы таныс жұртшылық оған құрметпен қарайтын.

Атақты жазушы Сәбит Мұқанов Солтүстік Қазақстан облысына келгенде әдейі редакцияға келіп Бақыттың айтуынша ел аралағанда ертіп алып кетуші еді. Сәбеңнің айтқан қызық әңгімелерінен бізге айтып отыратын.

Бақыттың газет беттерінде ауыл-тұрмысы, ауылшаруашылық еңбеккерлері, колхоз-совхоз басшылары мен мамандары туралы мақалалары оқырмандарды еліктіріп әкететін.

Бақыттың жазушылық өмірінен қоғамдық жұмысы басым болды. "Солтүстік Қазақстан" газетіне басшылық жасаған ауыр кезеңге тап болды. Газеттің жабылып қалмауына күндіз-түні ойлап, абыржумен болған кездері болды. Кейде менімен де заң жүзінде ұжымды қалай сақтап қалу жайында кеңесетін. Бақыттың облыс жұртшылығына белгілі бірнеше кітаптары өзінің тірі кезінде жарық көрді. Оның кішкентай бүлдіршін балаларға көп әңгімелері "Досыңды шақыр" кітабында жазылған. Осы кітап біздің Әсем атты немереміздің сүйікті кітабына айналды. Бақыт Мүтәллапұлы сонша жұмысқа берілгендігіме жылдағы алатын еңбек демалысына да шала-жарты шығып көбінесе жұмысында жүріп өзінің денсаулығына әсер қалдырды. Оның күлімсіреп кездесіп амандасқандағы жарқын бейнесі оны білгендердің жүрегінде әрқашан сақталады.

Жұмабек ЫСМАЙЫЛҰЛЫ.

АСЫЛ ДОС

"Шын дос үшін ойланбай,
Қатерге тік басыңды.
Айыра біл күн бұрын
Шын досың мен қасыңды", – деген сөздің мағынасы тереңде жатқан сияқты. Олай дейтінім Бақыт пен Еркін егіз баладай бірге өсіп, мектептен бастап студенттік кездерін, еңбек жолдарын қатар өткізді.

Мен Бақытты журналистік практикада жүрген кезінен білем. Ерекеңнің де ол кезде "Қызыл әскер" кеңшарында практикада жүрген кезі еді. Мен институттың бесінші курс студенті едім. Қалаға менімен кездесуге келгенде Бақытты досым деп таныстырды. Байқасам екеуі бір-біріне ұқсайтын сияқты. Мінездері сабырлы, ой-өрістері кең, артық есіріп сөйлемейді.

Бақыт пен Еркін бір жылы үйленді. Мен Дәмелімен танысканнан кейін бір-бірімізді тез түсінісіп кеттік. Солан ұрпақ сүйіп, жолдас-жоралармен араласып, қызығымыз ортақ болып өмір сүрдік. Бақыттың әкесі Баужан, шешесі Гүлсім Еркін екеумізді өз балаларымен тең көріп қадірледі. Ол кісілерді білмейтін адам жоқ шығар деймін, басшы ретінде, адамгершіліктері мол отбасы ретінде.

Жазғы каникул кезі Еркін мені балалармен Тауағашқа әкеліп 2-3 күнге қалдырып, өзі Пресновкаға жүріп кетті. Сол күні түнде шешем қатты ауырып, таңертең Какен деген ағамыз, соғыс мүгедегі өзінің машинасымен Николаевкаға алып барды. Явленкаға ол машинамен баруға болмайды. Інім Сафуан машина жалдаймын деп автобазаға кетті. Сөйтіп отырғанда біздің жанымызға бір бензовоз келіп тоқтай қалды. Мен ол машинаға көңіл аудармай қарап тұрғанда, сол машинадан Баужан ағай шыға

келіп, "ой айналайын бұл жерде неғып тұрсың?" – деді. Шешем қатты ауырып тұр, соқыршекке ұқсайды дедім.

- Ендеше отырыңдар мына машинаға, мен апарам – деді.

- Үшеуміз отыруға жарамайды ғой дегенде. Мұндай өмір мен өлімнің арасында тұрғанда кешірім болады деп мінгізіп алды да, бір сағатқа жетпей емханаға алып келіп дәрігермен өзі сөйлесіп, жедел операцияға жатқызды. Өзі менің жанымда бірге болып, мені жұбатты.

Шешемнің операциясы аман-есен сәтті аяқталды деген дәрігердің сөзінен кейін, бірер сағат тағы тосайық, өзің ішіне кіріп көзіңмен көріп көңілін аулап шық, сонсоң Тауағашқа өзім апарып тастаймын деді.

Міне, осындай ата-анадан тәрбие алған Бақыт пен Дәмелі біздің достарымыз деп мақтанышпен айта алам. 1994 жылы Еңбек орта мектебін бітіргенімізге 40 жыл болып қалыпты. Кездесіп өткен күндерді еске түсірейік деп Еркін, Бақыт, Есләмбек, Сәкен, Ермек Есләмбектің үйінде жиналды. Олармен бірге біз де болдық. Дөңгелек столдың басында балалық кездерін еске түсіріп рахаттанып қалды. Әңгіме әрі қарай студенттік өмірге ауысты. Еркін мен Бақыт Алматыда, Есләмбек, Сәкен, Ермек, Петропавлда оқыған. Сөйтіп жүргенде студенттік шақтан еңбек жолына да жетіп қалыппыз десті. Әрқайсысы өз мамандығы бойынша еңбек етуде. Проблемалар көп, соларды қалай шешу керек екендігі туралы дискуссиялар басталып кетті. Біз де ара-тұра әңгімеге араласып отырдық.

Бақыт 40 жылдан артық уақыт бір орында жауапты қызмет атқарды. Тарыншылық кезде де "Солтүстік Қазақстан" газеті алдыңғы қатардан қалған жоқ. Бақыттың еңбегі, оның шығармашылық қасиетінің ерекшелігі халқына белгілі. Ол асып-тасып мақтанып сөйлемей өңірде, Қазақстанда болып жатқан жағдайларды, жаңалықтарды халыққа жеткізе білді. Әр түрлі тақырыпта Бақыттың еңбектері шығып жүрді. Соңғы кітабы "Таза көңіл"

деген атпен шықты. Кітабын оқып отырған кезде жалықпайсың, тілге бай, көңілге қонымды, мазмұны терең, тәрбиелік мәні зор екенін түсінесің. Өмірдегі болған уақиғаларды көркем сөздермен мәнерлеп жеткізу Бақытқа тән қасиет. Мен мектепте мұғалім болып жүрген кезде талай рет өзі келіп, кейде редакция қызметкерлері келіп менің жұмысыммен танысып, халыққа газет арқылы жеткізіп жүрді. Еркін әрқашанда Бақыттың адамгершілік қасиетін, жұмсақ мінезін, тілге шешендігін, жазушылық өнерін сыйлайтын. Бақыттың асыл сөздері арнап берген сыйдан артық деп масаттанатын.

Ардақты дос! Жазушылық өнерің, асыл сөздерің, адамгершілік қасиеттерің мәңгі есте сақталады. Жайлы болсын жатқан жерің, жұмақтан болсын орының!

Нұрикамал САҚТАҒАНОВА.

Күз келді тағы,
Сағыныштарымды оятып...
Е. Шаймерденов.

ТАЗА ЖАН

Бақыт туралы жазу маған бір жағынан оңай, екінші жағынан қиын. Оңай болатыны: біз бір-бірімізді ұнатып, сүйіп қосылып, жарты ғасырдай бақытты өмір сүрдік, ұл, қыз өсірдік, немере сүйдік. Қиыны - өмірдегі серігіңді, ең жақын адамыңды өткен шақта жазу.

Біз Бақыт екеуміз 1960 жылы «Ленин туы» редакциясында таныстық. Көңіліміз жарасып 1961 жылы тұрмыс құрып, шаңырақ көтердік. 45 жыл, 3 ай, 7 күн бірге отастық.

Алпысыншы жылдардың басында редакция ұжымы университет бітіріп келген жас журналистермен толықты. Олар – ерлі-зайыпты Мырзағали Сеңгалиев, Клара Шәкірова, Абай Қазиев, Дүйсенбі Әуелбеков, Бақыт Мұстафин, Сабыр Сауытбаевтар еді. Бақыт ақын Әли Мұсаханов басқаратын мәдениет бөліміне әдеби қызметкер болып орналасты.

1962 жылы республикалық «Лениншіл жас» газетінің тың өлкесі бойынша тілшісі болып қызметке алынды.

1966 жылдың 1-ші қаңтарынан бастап облыстық «Ленин туы» газеті қайта шыға бастады. Кезінде газет жабылып қалғанда өлкелік газетке Сабыр Сауытбаев екеуі ғана жұмысқа шақырылған болатын. «Ленин туы» қайтадан шаңырақ көтергенде олар бұрынғы газеттеріне оралды. Содан зейнет демалысына шыққанға дейін туған газетінде 45 жылдан аса еңбек етті. Бәкең газеттің барлық баспалдақтарынан өтті. Әдеби қызметкер, бөлім меңгерушісі, жауапты хатшы, редактордың орынбасары,

бас редактор. Қаншама жастарды жазу шеберлігіне үйретті. Осы Солтүстік өңірдегі журналистердің бәрі Бақыт Мұстафиннің «шинелінен» шықты десем асыра айтқандық болмас деп ойлаймын. Өмірінің 45 жылын өзі басқарған «Солтүстік Қазақстан» газетіне арнады. Ыстығына күйді, суығына тоңды. Соңғы 15 жыл бойы газеттің бас редакторы болды. Ол басқарған кез «өтпелі заманға» дөп келді. Нарық дегенің әсіресе қазақ баспасөзіне қырын келді. Газет шығару қиындап кетті. Кейбір көршілес облыстық газеттер қағаздың жоқтығынан шықпай жатты. Ақша жоқ, жалақы, зейнетақы бірнеше айлап берілмеді. Жарық, жылу жоқ. Сондықтан да жұрт баспасөзге жазыла алмады. Газеттің тиражы күрт төмендеп кетті. Соның өзінде газет аптасына 2 рет шығып тұрды. Бас редактор күні-түні баспаханадан шықпайтын, шарқ ұрып қаржы іздеумен болатын. Сол қиын-қыстау кезде газетке көмегін тигізген азаматтарға алғысын арнап жүретін.

Бәріне де кешіріммен қарайтын. Тәуелсіздік алғаннан кейін қазақ газеті қайта бой көтере бастады, тиражы көбейді. Бәкең «заман түзеледі» деп болашаққа зор сеніммен қарайтын еді. Ақыры өзінің бүкіл саналы өмірін туған газетіне арнады ғой.

Бәкең журналистика әлеміне бар дауысымен, өзіндік үнімен жар сала келді. Ол жазған очерктер мен әңгімелер, жалынды публицистикалық толғаулар, уытты сатиралар, әдеби сындар, мөлтек әңгімелер, эсселер облыстық, республикалық баспасөз беттерінде жарқырай көрінді. Ол қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетінде оқып, ұлы Мұхтар Әуезов сынды заңғар жазушыдан дәріс алған. Өзі туып-өскен Солтүстік өңірін өте жақсы көретін. Осы жомарт өлкені өте көп аралап, қарапайым еңбек адамдарының еселі еңбегін, адамгершілік асыл қасиеттерін, бүкіл тыныстіршілігін өз шығармаларына арқау етті. Тың өңіріндегі дала еңбеккерлерін Бақыттан артық жазған очеркист кемде-кем шығар деп ойлаймын.

«Толыққанды очерктердің «Ленин туында» көріне бастауы Бақыт Мұстафиннің есімімен тығыз байланысты. Жас журналистің жақсы желіге, оралымды ойларға, тұшымды тілге, кестелі суреттерге көмкерілген шығармашылық дүниелері очерк жанрының газет бетіндегі көкірегін ашты. «Бақыттың сол кездегі және одан кейін жазылған очерктерінің талай рет Қазақстан Журналистер одағының сыйлығына ие болуы, бірқатар кітаптарының арқауына айналғаны тегіннен-тегін емес шығар» - деп жазады өзінің әріптесі, Жезқазған облыстық газетінің бұрынғы редакторы Сабыр Сауытбаев.

«...Солтүстік Қазақстанда ол білмейтін ауыл, қыстақ және оны білмейтін үлкенді-кішілі пенде жоқ десем асырып айтқандық емес», - дейді республикамызға белгілі ақын Есләм Зікібаев.

Бәкең балаларды жан-тәнімен беріле сүйетін. Сол себептен де өмірінің соңына дейін балаларға арнап әңгімелер жазды. Балаларға арналған «Тәтті сәбіз» және «Досыңды шақыр» деген әңгімелер жинағы жарық көрді. Бақыттың шығармалары бүкілодақтық «Костер» журналында бірнеше рет басылды. «Керемет көктем» атты әңгімесі 2-ші сыныпқа арналған «Ана тілі» оқулығына енді. Оның туындылары республикалық «Балдырған» журналының конкурсында бірнеше рет жүлделерге ие болды. Шығармаларында жас оқырмандарды Отанды сүюге, үлкендерді сыйлауға, ата-анаға, ағайын-туғандарды құрметтеуге, әркашан адал болуға үйретеді. «Балалар үшін жазу қиынның қиыметі, өйткені оларға өтірік айтуға болмайды, олардың сәби көңілін шын жүрегіңмен ұғып жазуын керек» дейтін.

Бақыт қаламы жүйрік журналист, талантты жазушы болумен қатар қадірлі әке, жанұямыздың тірегі, қамқоршысы болды. Екі бала тәрбиелеп өсірдік. Үлкеніміз Сәуле – дәрігер-терапевт. Ұлымыз Бейбіт – мемлекеттік қызметте.

Үлкен немереміз Дәния атасының жолын қуып, универси-

теттің журналистика бөліміне оқуға түсті. Бірақ атасы ол қуанышты көре алмай кетті. Кіші немереміз Дәулет 7-ші сынып оқушысы.

Бәкең қызметтен қанша шаршап келсе де, үйге келгенде ылғи да күлімсіреп кіретін. Немерелерімен шахмат ойнайтын, қызықты әңгімелер айтатын. Немерелеріне деген мейірімі ерекше болатын. Олардың азамат болып, тәуелсіз еліміздің өркендеуіне атсалысуын көрсем деп армандайтын. Бірде бір минут бос уақыты болмайтын. Өмір бойы жұмыс деп өтті ғой. Қара басының қамын ойлаған емес әсте. Даңқ, абырой атақ үшін, шен-шекпен алу үшін ешқашан да ұмтылған жоқ. Ол өз халқына, оқырмандарына адал қызмет етті.

Кей кезде қолы бос болғанда Мұхтар Әуезовтың «Абай жолы», Абайдың қара сөздерін қайталап оқитын, одан қуат, нәр аламын дейтін. Орыс жазушы классиктерден Тургеневті, Чеховты зор ілтипатпен оқитын. Қазіргі жазушылардан Ш. Айтматов пен Ю. Казаковты жақсы бағалайтын. Қазақ поэзиясына өзгеше құбылыс болған Қуандық Шаңғытпаевтың әйгілі «Реквиемін» қайталап жатқа айтатын. Оны оқып отырып, өзі айтқандай «талант құдіретіне» шынымен бас иетін. Бұл «Реквием» «сезімнің күміс қоңырауын сыңғырлатады» деуші еді көзіне жас алып.

Сонымен қатар өмірден ерте өткен талантты ақын Төлеген Айбергеновтың өлеңдерін зор сүйіспеншілікпен оқитын. Ақын туралы, «Ол сыбырлап, сырласа алмайды, кеудесін айқара ашып, бар даусымен атойлап үн тастайды. Дәйім лапылдаумен, жалындаумен жан сырын ақтарады» - деуші еді. Не деген ғажап сөздер десеңізші.

Зейнетке шыққаннан кейін өмірінің ақырына дейін М. Қозыбаев атындағы мемлекеттік университетте филология кафедрасында аға оқытушы болды. Студенттерге журналистикадан дәріс оқыды. «Қазіргі газет жанрлары» деген (оқу-әдіс-

темелік құрал) оқулық жазды. Оның негізгі мақсаты – теория мен тәжірибені ұштастыра отырып, жазу өнеріне үйрету. Жалпы Бәкеңді өз орталарына қуанышпен қарсы алып, ақырғы сапарға зор ілтифатпен «ел ағасы, ел адамы» деп шығарып салған университет басшыларына, тіл білімі институтының директоры Жанар Таласбаеваға, кафедра меңгерушісі Жамбай Қадыровқа, профессор Зарқын Тайшыбайға, институт ұжымына, студенттерге зор алғысымызды айтамыз.

Осы жолдарды жазып отырып бізге қиын сәтте сүйеу болған жақын-туыстарға, жора-жолдастарға, әсіресе көршілеріме, Бәкеңді алыс сапарға аттандыруға келген халқыма шын жүректен алғысымды айтамын.

Өмірінің ақырына дейін қолынан қаламын түсірмеді. Ауырғанын да білдірмеді. Ол сөзге сараң, жұрттың көзіне түсуді ұнатпайтын, іштей қайратты еді. Қандай қиналса да, ешкімнің мазасын алғысы келмейтін. Ұят деген сөзі аузынан түспейтін, ол сөз оның ұранына айналды.

Бәкең жоғары мәдениетті, өте білімді, талантты, жібек мінезді, адамдардан жаның аямайтын, кең пейіл жан болатын. Ешкімге қатты сөз айтып ренжітпейтін, ешқашан қолдан келген көмегін аямайтын.

«... Халқына, өзінің туған жеріне сіңірген еңбегі ерекше азамат, әлдебіреулердей бойын бұлдап, аспанға қарап адасқан емес. Қашанда ізгі қалпында. Абай атамыз айтқандай «ақырын жүріп, анық басқан», тіршілігімен көптің көңілінен шығып, адамгершіліктің асыл үлгісін танытудан танған емес. «Менің білуімше шығармашылық пен ізгілік – Бақыт Мұстафиннің бүкіл болмысын сипаттайтын егіз ұғым» - дейді республикаға белгілі жазушы Ербол Шаймерденов. Бұл айтылған сөздерге менің қосарым да, аларым да жоқ.

Ол өмірге ғашық еді. «Жарық дүниеде өмір сүрудің өзі – шексіз бақыт. Әр адам тірлігіне тәуба еткені дұрыс шығар.

«Бақытсызбын» деудің өзі – жасықтығыңды, жалқаулығыңды және өз бойыңдағы басқа да жаман қасиеттерді мойындау деген сөз. Нағыз бақыт – еңбектен, қыбырлаудан қалмау, яғни дениңнің саулығы деп білген дұрыс» дейтін.

* * *

Міне, сенсіз бір жыл да өтті. Қытымыр қыс та, «Керемет көктем» де, жайнаған жаз да өте шықты. Тағы да өзің аңсап, асыға күткен сарыала күз де келді. Сағына күткен алтын күзді сенсіз қарсы алып отырмыз.

Біз сені әрдайым сағынып еске аламыз. Сенің жасамаған жасыңды, көрмеген қызығыңды балаларың мен немерелерің көрсін. Соларға ұзақ ғұмыр тілеймін. Жаның жаннатта болсын. Иманың жолдас болсын.

Сенің әрқашан күлімсірей қарап тұратын жылы жүзіңді ұмыта алмаймыз. Қазір есік ашылып, үйге кіріп келетіндей болады да тұрады. Сен жаныңның тазалығымен, мөлдірлігімен, кеңпейілдігіңмен, кісілігіңмен, өмірді сүюіңмен айналаңа нұр шашып тұрғандайсың.

Дәмелі Бүркенқызы МҰСТАФИНА.
Қыркүйек, 2007 жыл.

«Кішіпейіл адамдар ақылдысы,
Ақылдылар ішінде тартымдысы.
Бақыт інім осындай абзал еді-ау,
Қарапайым, бауырмал, асыл кісі.

Есінде еді сан қилы айтқандары,
Дана дейтін ағаны дархан жаны.
Әңгімеге әсерлі жүйрік еді,
Тәрбиелі дәстүрге тартқан мәні.

Айтар сөзді сыр шертсе, кестелетті,
Жазғандарын жан сүйер мөлтек етті.
Ол басқарған "Солтүстік Қазақстан"
Газеттердің ішінде төрге жетті,
Әттең, өзі өмірден ерте кетті.» - деген өлең жол-дарын Б. Мұстафинге арнаған еді. Бүгінгі ел жұрты жетпісін тойлап отырған Бақыт Мұстафин қарымды қаламгер, білікті басшы, адал жар, аяулы әке, биік парасат пен пайым иесі болғанын барша қауым біледі.

Жаны жайсаң ағаның арамыздан кеткеніне жылдың жүзі болды. І. Есенберлин туындыларында кездесетін мына бір жыр жолдары орны толмас қайғыны бір сәт серпілтетіндей:

Өлім не? Тыныштық ол тас қамалды.
Кәріден кейде бұрын жасты алады...
Тек қана қаһарманға қара жерден
Ұлы өмір мәңгі өлмес басталады.

Сол қаһарманның бірегейі - халқына қаламымен, таза көңілімен қызмет еткен, тұлғасына даналығы жарасқан Б.Мұстафиннің мәңгі өшпес екінші өмірі басталып та кетті.

Солтүстік Қазақстан облысы, Есіл ауданы, Еңбек ауылынан он жеті жасында Алматыға аттанып, Киров (қазіргі әл-Фара-

би) атындағы Қазақ ұлттық университетінің журналистика факультетін тәмамдаған Бақыт ағаның алғашқы жеке жинағы 1976 жылы «Жайнаған жер» деген атпен жарық көрген еді. «Дикан жыры», «Құрманғали Сұраганов», «Далам - дәулет ордасы», «Адам көркі еңбек», «Жәлел Қизатов», «Тәтті сәбіз», «Досыңды шақыр», «Таза көңіл» сияқты қаламгер туындылары елдің ағасына да, баласына да рухани азық болғанын бүгінде көпшілік мойындап отыр.

Қаламгер аға қазақ балалар әдебиетінің алтын қазынасына өз туындыларын қосып кетті. «Ел боламын десең, бесігіңді түзе» деген заманымыздың заңғар жазушысы М.Әуезов қағидасын есіне берік ұстаған қарымды қалам иесі ұрпақ тәрбиесіне араласып, үлкен істің басынан көріне білді. Тағылымдық, тәрбиелік мәні зор шығармалары бүгінде өзінің кішкентай оқырмандарының көңіл қуанышына айналып отыр.

Журналист атанып елге оралып, жергілікті баспасөзде жауапты қызметтер атқарған Бақыт аға ешқашан ел өмірінен, ұлт мүддесінен сырт қалған емес. Қоғамның өзекті мәселелеріне жедел үн қосып отыруда Б.Мұстафин тартынып қалған жоқ. ДАНАЛЫҚ пен БАЛАЛЫҚТЫ бойында қатар ұстаған аға тұлғасы бүгін де биік, бүгін де тағылымды.

Тұлғаңа жараскан соң
Даналығын,
Еледі соны сайын дала бүгін
Жүзіңе жарастырып заман үнін,

Жүректе-жылы мейір балалығың. - деп Е.Зікібаев өз өлеңінде ағаның асыл қасиетін дәл танығанын көреміз. Тұла бойында тұнып тұрған қарапайымдылық, парасаттылық, мейірімділік, зор мәдениеттілік аға тұлғасын адамдықтың асқар шыңына шығарған еді.

Елі мен жерінің мақсаты мен мұраты үшін төккен маңдай терін ешқашан бұлдамаған Б. Мұстафин өз қатарластарынан

оқ бойы озық тұрғанына біреу сүйсінсе, біреу күйінді.

Жегенің газет қамы, елдің қамы
Таппадым саған әсте тең тұлғаны!
Бой жағынан биіктеу бәз біреулер
Білмейді ау ой жағынан кем тұрғанын!? - деп К. Мұсырман парасатты ағаның пенделіктен ада, адамгершілікке жаға болып отырған келбетін дөп басып жырлаған.

Б.Мұстафин өзінің саналы ғұмырында, жүрек соғысы тоқтағанша шәкірт тәрбиелеуден, артына өзі сияқты еліне адал, қарымды журналист қалдыру ниетінен бір сәт те айныған емес. Өз заманының өзекті де өткір мәселесін сергек қараған табанды қаламгер көп жылғы қажырлы еңбегі арқасында өзіндік журналистік мектебін қалыптастырды.Тұлғалы ағаның шәкірті белгілі ақын, журналист Б.Қожахметов:

Жақсы көріп, еліктедім саған мен,
Сөз-мұхиттан маржан сүзген қаламмен.
Жазғаның да, сызғаның да ғибрат,
Кіргізуші ең әр сөйлемге әманда өң.
Терезеден тысқа бірер қарап ап,
Кететін ой кең дүниені аралап.
Ұстазыма ұқсап бақтым мен-дағы,-

деп тәлімгер ұстазына деген құрметі мен сыйластығын осы бір жыр жолдарына сыйдыра білген.

Шіркін, парасатты аға өмірінің соңғы жылдарында М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің Тіл және әдебиет институты «Журналистика» мамандығының студенттеріне дәріс оқығанда қандай үлкен сенім мен ғибратты ой кешкенін бүгінде біз кеш болса да ұғынатын сияқтымыз. Желкілдеген жас қалам иелерінің бүгінгі нұрлы талабын ұштап, ертеңіне мағыналы тың жол салып беруге өзін жауапты сезінген тәлімгер-ұстаз ғұмырының соңғы сәтіне дейін өз шәкірттерінің ортасынан табылған еді. Б.Мұстафиннің екінші мәңгілік ғұмырының бастауы да осы шәкірттері екені белгілі.

Еліміз тәуелсіздік алған тұстағы газет шығару ісінде көптеген қиындықтар кездескенін көпшілік қауым біледі. Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері, Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Тарихи-мәдени мұра департаментінің директоры Ербол Шәймерденұлы: «Б. Мұстафин – тарихы тоқсан жылға таяп қалған «Солтүстік Қазақстан» газеті эстафетасын жиырма бірінші ғасырға өз қолымен тапсырып, аманаттаған һәм басылымның жаңа ғасырдағы жаңа шежіресінің жаңа парағын өз қолымен ашқан бақытты редактор. Оның үстіне еліміздің солтүстік өңіріндегі тарихы тереңнен бастау алатын бағалы басылымның халқымыздың көп ғасырлар бойғы арманы болған мемлекеттік тәуелсіздігі жарияланғаннан кейінгі тұңғыш редакторы» деп қажырлы қайраткердің ерлікпен пара-пар еңбегіне әділ бағасын берген.

Тұғыры биік перзентін халқы таныды, бағалады. Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен 2001 жылы екінші дәрежелі «Достық» ордені, Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрінің, Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің Құрмет грамоталары ел игілігі үшін аянбай еңбек еткен азаматына берілген халқының алғысы, зор ілтипаты еді.

Б. Мұстафиннің өмір бойы мақтан тұтқаны, құлашын кеңге сілтей отырып, шабыттана жазғаны – туған халқы, өскен елі, еңбекқор, өжет те оптимист замандастарының тыныс-тіршілігі. Асыл азаматын артында қалған ұрпағы, қалың оқырманы, ұстаз мейірін көрген шәкірттері, туған топырағы **Ел-Анасы** ешқашан ұмытпайды, елі үшін атқарған игі істерін қалың елі үзбей жалғастыра бермек.

АҒА РУХЫ СӨНБЕЙДІ, ОНЫҢ АСҚАР АРМАНЫ ӘРҚАШАНДА БІЗБЕН БІРГЕ.

Н. Қ. СМАҒҰЛОВА,
филология ғылымдарының кандидаты, доцент.

МАЗМҰНЫ

1. Алғы сөз 5
2. Абзал азамат 12
3. Бақыт айтқан әңгіме 13

I бөлім

4. Жоқышка исі 16
5. Жылы жаңбыр 20
6. Мөлдір шық 25
7. Қайырлы сәт 29
8. Түнгі жолаушы 35
9. Төрге шық, ұлым 40
10. Бәйшешек 45
11. Оның тәжірибесі 50
12. Кел билейік... 54
13. Қызыл жаға 60
14. Дәмесің қара 66
15. «Ленин туы» туралы мөлтек әңгімелер 71
16. Ауыл этюдтері 77
17. Түнгі оттар 79

Қазақстан Журналистер одағының
сыйлығына ие болған шығармалары

1. Ұзақ жол 84
2. Күміс қоңырау 90
3. Намыс 94
4. Алтын арай 104

«Балдырған» журналының сыйлығына ие болған әңгімелері

5. Керемет көктем 112
6. Алғашқы қадам 114
7. Тәзабек 119
8. Мырзабай 121

II бөлім

1. Ғұлама гибрат 126
2. Халқы сүйген ұлы жазушы 128
3. Жаса, кербез кемеңгерім 139
4. Батыр Баян 149

5. Ақынның көз жасы 157
6. Ыстық жүрек 161
7. Жусан иісі жырында 170
8. Сәлем, уа, ауылым 178
9. Аққуға үн қосқанда 182
10. Құмдағы мұнаралар 187
11. Шуақты жырлар 190
12. Ел деп соққан жүрегі 193
13. Ауыл өмірінің жыршысы 199
14. Өнегесі көп еді 205
15. Құлын 208
16. Елін сүйген жүрекпен 214
17. Мақтаныш 220
18. Классиктерден қалған із 227
19. Бақытты күн 234
20. Қанаты қалың, қамықпа! 238
21. Өмір айнасы 247
22. Думанды дастархан 253
23. Абай елінде 257
24. Түркістан таңы 268
25. Тараз жұлдызы 278
26. Писатель открывающий миры 294
27. Постижение высоты 300
28. «... Слышу голос домбры Биржана» 306
29. Секрет притяжения 309
30. Редкая любовь 313

Рассказы для детей

31. Позови друзей 317
32. Настоящий тулпар 320
33. Белое полотенце 323
34. После ливня 327

III бөлім

Белгілі журналист-жазушы
Бақыт Мұстафин 60 жаста

35. Жазушы Бақыт Мұстафинге 336
36. Қуанышына ортақпын 337
37. Жаза бер, қаламдас дос 337

38. Жедел хат 338
39. Шабытың шалқи берсін, Азамат дос! 338
40. Жазушы, журналист, жайсаң азамат 339
41. Қаламгер туралы сөз 340
42. Бақыттар көп болса 356
43. Өлеңдей өрілген сөздері 360
44. Кемел шақ 365
45. 60 құтты болсын, Бәке! 366
46. Қаламы жүйрік майталман -
47. Бақыт Мұстафиннің мерейтойы атап өтілді 368
48. Ат та болар, шапан да... 370
49. Қаламың мұқалмасын 372
50. Құлагер 374
51. Бақыт досыма 377
52. Бақыт Мүтәллапұлына 378
53. Ақ тілек 379
54. Тәлімгерім 381
55. Өрлей бер, шыңға өмірде 382
56. Құрметті Бәке, туған күніңізбен! 383

IV бөлім

57. Рахатта болсын бір жаның 386
58. Достыққа берік едің 387
59. Аяқты қатар басқызған 387
60. Еске алу – жоқтау 388
61. Туған інімдей еді 390
62. Жүйрікте де жүйрік бар 392
63. Қиыннан қиыстырған журналист 396
64. Замечательный человек 398
65. Азаматтық борыш 401
66. Степная звездочка 404
67. Талант иесі 408
68. Человек умевший дружить 413
69. Интеллигент из аула «Енбек» 420
70. Человек доброго и большого сердца 421
71. Ол көңілі таза жазушы еді 424
72. Слово земляка 427
73. Алдыңғы толқын ағалар 430

75. Біздің Бақыт ағай 437
76. Жарқын бейнесі жадымызда 438
77. Жақсы адам – тәңірдің нұры 441
78. Мол мұра қалдырған 445
79. Қимасым еді 448
80. Көңілден кетпейді 450
81. Асыл азамат 454
82. Қайран дүние 457
83. Жомарт жүректі жан еді 458
84. Адалдықты ту етті 461
85. Жан жолдас 464
86. Жарқын бейне 469
87. Асыл дос 471
88. Таза жан 474
89. Таланты ерен, табиғаты бөлек-ті 480

Б. Мұстафин.
Сарыала күзді сағыну.
2007 жыл.

Редакторы: Жамбай Тұраруұлы
Корректоры: Дәмет Бектасова
Дизайнері: Сәуле Ахмадиева

2007 жылы баспаға тапсырылған.
Офсеттік басылым. Көлемі 30 баспа табақ.
60x84. 1/16. Әріп түрі TimesNewRoman.
Таралымы 1000. Тапсырыс № 8146.
"Полиграфия" АҚ басылды.
Петропавл қаласы,
Қазақстан Конституциясы көшесі, 11

488